



«МӘДЕНИ МҰРА»

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ КІТАП СЕРИЯЛАРЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ НҰРСҰЛТАН
НАЗАРБАЕВТЫҢ БАСТАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

Астана 2012

«МӨДЕНИ МҮРА» ҰЛТТЫҚ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОБАСЫН
ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

Майлыбаев Бағлан, *кеңес төрағасы*
Асқаров Әлібек, *жауапты хатшы*

Абдрахманов Сауытбек
Атабаев Қамбарбек
Аяған Бүркітбай
Әбжанов Хангелді
Әбусейітова Меруерт
Әжіғали Серік
Әлімбаев Нұрсан
Байпақов Карл
Байтанаев Бауыржан
Балықбаев Тахир
Дүйсембаев Еркін
Есім Ғарифолла
Жақып Бауыржан
Жұмағалиев Асқар
Жұмағұлов Бақытжан
Қасқабасов Сейіт
Қозыбаев Ілияс
Құл-Мұхаммед Мұхтар
Құрманбайұлы Шерубай
Мұхаммадиұлы Арыстанбек
Мыңбай Дархан
Нысанбаев Әбдімәлік
Салғараұлы Қойшығара
Самашев Зейнолла
Сұлтанов Қуаныш
Тұяқбаев Қанат
Шаймерденов Ербол
Шеңгелбаев Бақытжан

БАБАЛАР СӨЗІ

ЖҮЗ ТОМДЫК

Күй аңыздар

84 том



УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз-7
Б 12

*Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінің «Әдебиеттің әлеуметтік
маңызды түрлерін басып шығару» бағдарламасы бойынша шығарылды*

**«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының
Фольклортану, әдебиеттану және өнертану секциясының мүшелері:**

Қасқабасов С.А. (*төраға*), Қорабай С.С. (*төрағаның орынбасары*),
Жұмасейітова Г.Т. (*жауапты хатшы*), Өзібаева Б.У., Күзембаева С.А.,
Әлбеков Т., Әлібекұлы А., Қосан С., Мамыраев Б.Б.

**Томды басуға М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
Ғылыми кеңесі ұсынған**

Томның редакция алқасы:

Алпысбаева Қ., Әлбеков Т. (*жауапты редактор*), Күзембаева С.
Қасқабасов С.

Томды құрастырып, ғылыми қосымшаларды дайындағандар:

Әлбеков Т., Қосан С., Оралбек А.,
Байғазы А. (*жауапты шығарушы*)

Б 12 Бабалар сөзі: Жүзтомдық. — Астана: «Фолиант», 2012.
Т. 84: Күй аңыздар. — 432 бет.

ISBN 978-601-292-490-9

«Бабалар сөзі» сериясының 84-томына ҚР БҒМ Орталық ғылыми кітапханасы мен М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының сирек қорларында сақтаулы қолжазбалар мен түрлі жинақтардан алынған күй аңыздар енді.

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз-7

ISBN 978-601-292-490-9 (т. 84)
ISBN 9965-619-60-3

© Әдебиет және өнер институты, 2012
© «Фолиант» баспасы, көркемдеу, 2012

ҚҰРАСТЫРУШЫЛАРДАН

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жарық көретін «Бабалар сөзі» сериясының жүз томдық ғылыми басылымын әзірлеуді одан әрі жалғастырады. Серияның бұған дейін баспаға ұсынылған сексен үш томы ұлттық фольклорымыздың аса бір көркем де көлемді саласы болып саналатын эпостық шығармаларға, қара өлең, ертегілер, жұмбақтар мен мақал-мәтелдер т.б. шағын жанрларға арналды. Дәлірек айтқанда, «Хикаялық дастандардың» он үш, «Діни дастандардың» жеті, «Ғашықтық дастандардың» он бір, «Тарихи жырлардың» он бір, «Батырлар жырының» жиырма, «Мақал-мәтелдердің» бес, «Қара өлеңнің» екі, «Шежірелік жыр-аңыздардың» бір, «Жұмбақтар» мен «Балалар фольклорының» бір-бір томы, «Ертегілердің» бес томы, «Қазақ мифтерінің» бір томы, «Моңғолиядағы қазақ фольклорының» бір томы, «Топонимдік аңыздардың» бір томы, «Шежірелік аңыздардың» үш томы баспаға дайындалып, басылым көрді. Бұл жинақтардың он екі томына Қытай қазақтарының, бір томына Моңғолия қазақтарының фольклорлық мұралары қамтылды.

Күй аңыздары — қазақ мәдениетінің бастауларымен сабақтасып жатқан біртұтас рухани құбылыс. Аңыздардың

түп-тамырына назар аударғанда, олар халықтың рухани әлемінде айырықша орны бар, ғасырлар қойнауынан бастау алатын дәстүрлі мұра екендігін аңғаруға болады. Оған Қорқыт атадан бастап бүгінгі күнге дейін үзілмей келе жатқан күй өнері, олардың шығу тарихына байланысты ауыздан ауызға тарап, кейінгі ұрпаққа жеткен аңыздар айқын дәлел бола алады. Күй аңыздарда халықтығымен қоса, синкретті сипатымен де ерекшеленеді. Бұл арада күй мен күйшінің, күй мен аңыздың, күй тарихы мен оны айтушылардың және күйді орындаушылардың арасындағы ажырағысыз байланыстың барлығын әрдайым есте ұстаған абзал.

Осы жанрды арнайы түрде зерттеген профессор А.Сейдімбек күй аңыздарының пайда болу тарихын бес кезеңге бөліп қарастырады. Алғашқы кезең — жыл санауымызға дейінгі VIII-V ғасырлардан біздің заманымыздың VI ғасырына дейінгі аралықты қамтиды. Бұлар — ислам дініне дейінгі қиял-ғажайып тақырыптарға, атап айтқанда, жаугершілік кезеңдердегі жорық сарындары, атақты қолбасшылар, парасатты арулар, қанатты пырақтар, киелі жануарлар туралы күйлердің аңыздары («Қос мүйізді Ескендір», «Көк төбет», «Көкбөрі», «Аққу», «Сарын» т.б.).

Екінші — Оғыз-қыпшақ кезеңіндегі (VI-XII ғғ.) Қорқыт ата сарындарына қатысты, сондай-ақ «Абыз толғауы», «Саймақтың Сарыөзені», Балжыңгер» сияқты күйлерге байланысты аңыздар.

Үшінші — Ноғайлы кезеңіндегі (XII-XVII ғғ.) күй аңыздар. Бұлардың қатарына «Жошы ханның жортуылы», «Әмір ақсақ», «Қамбар күйі», сонымен бірге Кетбұғаның «Ақсақ құлан», Асанқайғының «Ел айрылған», Қазтуғанның «Сағыныш» сынды күйлері туралы ел аңыздары жатады.

Төртінші топта жоңғар шапқыншылығы кезеңіндегі (XVII-XVIII ғғ.) тарихи деректілігі басым «Қаратаудың шертпесі», «Абылай ханның Майдақоңыры», «Қалмақ биі», «Қалмақтың қара жорғасы» т.б. күйлерге байланысты аңыздар қарастырылған.

Бесінші — XVIII-XIX ғасырлар мен XX ғасырдың басында дүниеге келген халыққа танымал, авторлары белгілі шығармалардың шығу тарихына қатысты аңыздар. Бұл туындылар көлемі тұрғысында да, көркемдік сипаты жағынан да маңызды болып табылады.

Топтаманың 84-томына М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты мен Орталық ғылыми кітапхананың қолжазба қорларында жинақталған Б. Жақыпбаевтың, Қ. Айнабековтің, А. Құдайбердиевтің, А. Бейсенғалиқызының қолжазба мұралармен қатар, А.Жұбановтың «Ғасырлар пернесі» (1975), А.Сейдімбектің «Күй шежіре» (1992), У. Бекеновтің «Күй табиғаты» (1981), Т. Мерғалиевтің «Домбыра сазы» (1972), М. Сатыбалдиевтың «Шарапат» (1973) Б. Мүптекеев пен С. Медеубекұлының «Жетісу күйлері» (1998), Т. Мерғалиев, С. Бүркіт пен О. Дүйсеннің «Қазақ күйлерінің тарихы» (2000), К.Сейдехановтың «Өлген қазан» (1985), «Қазақ музыкасы. Антология: Бес томдық». 1, 3, 4, 5-томдары (2005, 2006), Б. Жүсіповтың «Жиделі Байсын күйлері» (2000), А. Райымбергенов пен С. Аманованың «Күй қайнары. Голоса народных муз» (1990) еңбектеріндегі, сондай-ақ Қытай қазақтарының «Шинжаң халық баспасынан» шығарған «Күй аңыздары» жинақтарының 1-2-кітаптарындағы (2009) күй аңыздар қамтылды.

Томның алғашқы бөлімі «Халық күйлерінің аңыздары» аталып, авторы белгісіз туындылар туралы аңыздар топтастырылған болса, «Күй және күйшілер жайындағы аңыздар» атты екінші бөлімде Қорқыт атадан бергі кезеңдерде өмір сүрген күйшілердің шығармаларына қатысты аңыздар жинақталды. Томды дайындау барысында жоғарыда аталған профессор А. Сейдімбектің жүйелеу тәсілі басшылыққа алынды.

Топтаманың ұстанымдарына сәйкес беріліп отырған мәтіндер ғылыми қосымшалармен қамтамасыз етіліп, реттік санмен нөмірленді. Томның ғылыми қосымшалары: томға енген мәтіндерді жазып алушылар мен жариялаушы-

лар және басылымдар туралы мәліметтер, томға енген мәтіндерге ғылыми түсініктеме, сөздік, жер-су атаулары, мәтіндерде кездесетін тарихи тұлғалар мен күйшілер туралы түсініктерді, пайдаланылған әдебиеттер тізімін және томның орыс, ағылшын тілдерінде жазылған түйіндерін құрайды.

Томның жалпы көлемі — 27,0 б.т.



МƏТИНДЕР



Халық күйлерінің аңыздары

1. «Шақыру»

(I нұсқа)

Есте жоқ ескі заманда ен даланы еркін жайлап, мұңсыз-қамсыз ғұмыр кешкен ел күтпеген бір нәубетке тап болады. Ел шетінен білінген қалың жылан ордасы көзіне көрінген мал-жанға шабуыл жасап, қырып-жоя бастапты. Небір ақ орда үйлерді сақиналап орап алатын жыландар күтірлете сыққанда күл-талқан етеді екен. Алып жыландардың қыспағына түскен атан түйелердің өзі танауынан қаны дірдектеп, аяқ серпуге шамасы келмепті.

Мұндай сұмдықтан дүрліккен қалың ел шошынып, бас сауғалай қашады. Тау-тасты, үңгір-оқапты паналайды. Бірақ жылан нөпірінен сонда да құтыла алмайды. Әсіресе осынау ордалы жыландардың көсемі — қос мүйізді айдаһар тірі жанға сауға таптырмайды. Оның қос мүйізі дем тартып, уытын шашқанда адамдардың еті ағып түсіп, саудыраған қу сүйектері қалады екен.

Әбден айласы таусылған адамдар құрып бітетін болған соң, Тәңіріге жалбарынып көмек сұрайды. Адамдардың зары Тәңірінің құлағына жетсе керек, кешікпей көктен белгі білінеді. Алдымен, аспаннан жолақ жасап жарық сәуле көрінеді. Сонсоң, сол жарық сәулені жол етіп, қос өркеш түйеге теріс қарап мінген Нұртөлі атты бала түседі. Баланың қолында аққу мойын қара қобыз болса керек, небір сиқырлы саз шығарып, күй төге келеді. Жер бетінен күйдің сарыны естілуі мұң екен, қаптаған ордалы жылан шиыршық атуын қойып, сілтідей тынады. Бұрынғы қан құмар обыр мінезін ұмытып, күйдің дауы-

сын ұйып тыңдағандай болады. Осы кезде көктен түскен Нұртөлі қобызын сарнатқан қалпы Қаратеңізді бетке алып жүре береді. Оның соңынан күйді үздіге тыңдаған жыландар да қалмай жылжып, теңіз тұңғиығына бірге кіреді.

Сөйтіп, ен даланы еркін жайлаған халық иықтарынан ауыр жүк түскендей көңілдерін демдеп, қайтадан мұңсыз-қамсыз күйлерімен қауышады.

Адамдарға араша түскен Нұртөлі күні бүгінге дейін Қаратеңіздің астында тоқтатпастан күй төгіп отырса керек. Ал мүйізді аждаһа бастаған жыландар ордасы қобыздың сазды сарынын жалықпай тыңдауда көрінеді.

Нұртөлі қобыз күйін тоқтатпауға тиісті. Егер қобыз көмейінен күй сарыны үзілсе, жыландар ордасы қайтадан жер бетіне шығып, тіршілік атаулыға қырғын таптырмақ.

Нұртөлінің жыландарды күймен шақырып, соңынан ерткен сиқырлы сазын естіген бір құйма құлақ қобызшы кейін «Шақыру» күйі деп жұртқа жайса керек.

2. «Тауқұдірет»

Есте жоқ ескі заманда домбырада жалғыз ғана ішек, тауқұдіретте жалғыз ғана қанат болыпты. Тауқұдіреттің жалғыз қанаты еркегінің оң жағына, ұрғашысының сол жағына бітеді екен. Домбыра не істерін білмей іштен тынады. Тауқұдірет болса күндіз-түні Төңірге мұңын шағып, қалықтап ұша алатын қос қанат сұрап, «құдірет-ау, құдірет» деп жалбарынумен болыпты.

Күндердің бір күнінде тауқұдіреттің аталығына бір ой келеді, «бүйтіп зарлап жүре бергенше, талпынып тірлік етіп көрейік» дейді де, аналық тауқұдіретпен қолдасып ұшуды ойлайды. Бірінде — оң қанат, екіншісінде — сол қанат, екі тауқұдірет бір-бірімен қолдасып, қанаттарын кере серпеді. Сол кезде жерден бауырлары көтеріліп, қалықтай ұшып жөнеледі. Жер беті дөңгеленіп төменде қалады. Қос тауқұдіреттің қанаттарын жел сүйемелдеп, көк жүзінде рақаттана самғайды. Сонда көңілдері шаттанған қос тауқұдірет қуаныштарын жасыра алмай «құдірет-ау, құдірет, мұныға да шүкіршілік!» деп Төңірге ризашылықтарын білдіріпті. Кейін бұл тауқұдіреттерден туған балапандарға төңірі қос қанат дарытып еді дейді.

Осы оқиғадан құлағдар домбырашы «Қос қанат бірігіп еді — ұшты, егер домбырада қос ішек болса ше?» дейді де, екінші ішек тағып көреді. Сонсоң қос ішекті домбырасын тартып көрсе, ғажайып үн шығады дейді. Домбырашының қуанышында шек болмайды. Тіптен, риза болғандығы сонша — ең алғашқы күйін тауқұдіретке арнайды. Тауқұдіреттің алғашқыда қалай қиналғанын, «құдірет-ау, құдірет» деп Тәңірге қалай жалбарынғанын, сонсоң қолдаса ұшып көкке самғағанын күй тіліне салады.

Шынында да, бұл күйді тыңдап отырғанда, көсіп шертетін тұстары «Құдірет-ау, құдірет» деп сөйлеп қоя бергендей әсер етеді.

3. «Шұбар киік»

(I нұсқа)

Ертеде құралайды көзден ататын бір аңшы болыпты. Тәңірінің бұйыртқан несібесін түзден теріп жеп, аң аулап күн көреді екен.

Күндердің бір күнінде сағым шалған сары далада өзегі талып, өкпесі өшіп аң аулап келе жатса, бетегелі белде жайылып жүрген жалғыз шұбар киікті көреді. Иіс шалдырмау үшін ық жағын алып, сайды жалдап, беткейді құлдап, садақ тартым жерге келеді. Баспалап қараса, желіні жер сызған ешкі екен. Аң деген көздің құрты, аңшы сол жерде «сенде жазық жоқ, менде азық жоқ» деп, садағын кезенеді.

«Тұз тағысы табиғатпен тілдес» деген емес пе, бір қатердің төнгенін сезген шұбар киік селт етіп басын көтерсе, садағын кезеп тұрған сұр мергенді көреді. Оқтан жүйрік емес, енді қашып құтылмасын білген шұбар киік көзі мөлдіреп аңшыға қарайды да, жалбарына тіл қатады.

— Ей, Сұрмерген, жаныма сауға сұраймын. Өлі бауыр көтеріп үлгермеген егіз лағым бар еді. Сол панасыз лақтарымды аңсап, жүрегім елжіреп, желінім дертіп келемін. Мені атпа. Тілімді алсаң, «атқан оғың жерге түспесін» деп батамды берер едім. Сонда сен ұшқан құс пен жүгірген аңды құтқармас несібелі аңшы боласың. Өле-өлгенше тарықпай өтесің! Жаныма сауға сұраймын, атпа! — дейді.

Аңшы бұл сөзді тыңдамайды. Күнімен табанынан таусылып, дала кезген аңшы бұл киіктен айырылса, үйіне құр қол ба-

ратындай болады да, садағын тартып жібереді. Сонда киелі киік аңшының көз алдына шұбар тасқа айналыпты дейді.

Осыдан кейін Сұрмергеннің жолы болмайтын болыпты.

Бұл оқиғаны естіген домбырашы «Шұбар киік» деп күй тартқан екен.

4. «Шұбар киік»

(II нұсқа)

Ертеде несібесін түзден терген бір аңшы болыпты. Бір күні аң аулап жүріп, шұбар киікке ұшырасады. Жас лақтаған, желіні жер сызған киік екен, бірақ аң деген көзің құрты емес пе, аңшы «сенде жазық жоқ, менде азық жоқ» дейді де, садағын кезенеді.

Осы кезде шұбар киікке тіл бітіп:

— Ей, Сұрмерген, мені атпа. Әлі бауырын көтермеген егіз лағым бар еді. Жүрегім елжіреп, желінім дертіп келеді. Сен маған мұрсат бер, сол лақтарымды тойғыза бір емізіп, соңғы рет бауырыма алып, мауқымды басқан соң өзіңе қайтып келейін, — дейді.

Аңшы ойланып қалады. Нанбайын десе адамша сөйлеп тұр, нанайын десе басқа кепіл болар ештеңе жоқ.

— Мен сені атпай жіберер едім, бірақ қайтып келетініне кім кепіл болады? — дейді аңшы.

Осы сөздің айтылуы мұң екен, аспан шарт етіп, найзағай жарқ етіп, жерге Мұхаммед пайғамбар түседі де:

— Мен кепіл боламын! — дейді.

Мұнан соң аңшы киікті босатады. Кепілдікке келген Мұхаммед пайғамбар жанында, енді аңшы лақтарын емізуге кеткен киіктің қайтып оралуын күтеді.

Арада біраз уақыт өтеді. Күт батуға айналады. Сол кезде аңшы таңырқап, Мұхаммед пайғамбарға тіл қатады:

— Сіз мені бұйырған ризығымнан қақтыңыз-ау, киік опасыз болды! — депті. Сонда Мұхаммед:

— Сабыр ет, аңшым, он сегіз мың ғаламда мені ешкім алдаған емес! — депті.

Осы сөзді Мұхаммедтің айтқаны сол екен, таңы жарқырап шұбар киік те жетіпті дейді.

Бұл оқиғаны естіген күйші домбырасына келтіріп күй тартса керек.

5. «Жорға аю»

(I нұсқа)

Таудың тарлан тағысы аю бірде баласын ертіп етекке түседі. Етекте күркіреп ағып жатқан ақ жал толқынды өзен бар екен. Аюдың қонжығы өзен ағысын қызықтап жарқабақтан қарап тұрғанда құлап кетіпті. Арыны қатты тау суы қорбаңдаған қонжықты жаңқа құрлы көрмей, қақпақылдап ала жөнеледі.

Көз алдында ақ көбікпен араласып, бір батып, бір шығып ағып бара жатқан баласын қимай аю жанталасады. Құтқаратын дәрмені жоқ, су ішінде қараңдаған баласынан көз алмай жар жағалап жүгіре береді. Бауырын бұтақ жырып, табанын тас тіледі. Бірақ баласына деген аналық сезімі сүлдерін сүйрелеп, қонжығынан қалыспай жүгіре береді.

Осы бір жағдайды көзі көрген күйші домбыра мен сыбызғыға күй етіп салған екен.

Мынау сондағы аюдың жорғалай балпаңдап жүгіргендегісі екен дейді.

6. «Қызылқан»

(I нұсқа)

Көктемде ұшып келіп, күз түсе жылы жаққа қайтатын жыл құстарының ылғи алдын бастап, қарқара тарта ұшып отыратын Қызылқан атты бір құс болыпты дейді. Қызылқан өзінің соңындағы мың сан құсты небір қанат талар шөлден, топшы талар белден өткеріп, оты-суы мол өлкеге бастап келіп жүреді екен.

Бірде моншақтай тізіліп, жылы жақты сағалап келе жатқан қалың құс қарлы боранға ұрынып, жойдасыз шығынға ұшырапты. Сонда, соңынан ерген ұяластарының ауыр халіне күйзелген Қызылқан мұңын шағып Тәңірге барады. Тәңірі Қызылқанның шағымын тыңдап болып: «Е-е, тұз тағысын табиғатпен тілдес етпей болмайды екен. Жарайды, мен сендерге адаспай ұшу үшін аспаннан жол салып берейін!» — деп, көк жүзіне ақ белдеу жол салып береді. Аспандағы ақ белдеу құс жолының пайда болу себебі содан болса керек.

Ұрпағының қамын ойлап, Тәңірімен тілдескен Қызылқан атты құсқа арнап сыбызғышы күй шығарған.

7. «Балжыңгер»

(*І нұсқа*)

Ертеректе байлық-берекесі шалқыған, сән-салтанаты келіскен Байсары деген бай өтіпті. Мекені Өр Алтайдың салқын сабат аясына біткен Марқакөлдің шүйгін жағасы болса керек. «Бірі кем дүние» деген емес пе, Байсарыда тұяқ жалғар, шаңырағына ие болар ұл болмапты. Бірақ, оның есесіне ақылына көркі сай, жұрт аузына ілінген Айымкүл есімді жалғыз қызы бар екен. Жоққа жүйрік жеткен бе, Байсары бай барға қанағат етіп, жалғыз қызы Айымкүлдің тілеуін тілеп, бетінен қақпай өсіріпті.

Жылжып жылдар, сырғып күндер өтіп жатады. Айымкүл айдай толысып бой жетеді. Байсарының ақылына көркі сай қызы туралы тамылжыған тәтті сөз аяқ жетер жерге жайылады. Содан өзіне теңдес өмірлік жар іздеген небір нәнталап жігіттер қыз көруге Байсарының үйіне күн құрғатпай ағылып келіп-кетіп жатады. Батыры бар, байы бар, шешені мен көсем бар, бірінен-бірі мойын оздырған қыз көрушілер Айымкүлді көріп, көңілдері толып, сөз сала бастайды.

Осы кезде Байсары дал болады. Бірінен-бірі иық асырған өңшең мықтыларға не деп уәж айтарын білмей қиналады. Жалғызын құтты орнына қондырып, көңіл орнықтыруды ниет қылған Байсары енді қартайғанда дұшпанымды көбейтіп, артыма зиянымды тигізбесем неғылсын деп уайым етеді. Мұның бәрін іштей ұғып жүрген Айымкүл әкесіне сөз салады: «Ұям үйде болғанмен, өрісім түзде болған соң шара бар ма?! Шара болмағандықтан да, табиғаттың дегеніне көніп, перзенттік өтінішімді білдіруге бел будым. Әкем маған күйеу таңдап қиналмай-ақ, ерікті өзіме берсе екен. Маған атақ-даңқ та, байлық-береке де, сұлулық-салтанат да таңсық емес. Оның бәрі бір басыма бұйырған. Сондықтан әкем аяқ жетер жерге жар салып, хан-қара, битөре демей, күйеу таңдар тойын жасап берсе екен», — дейді.

Байсары жалғыз қызының бұл тілегіне қарсы болмайды: «Тәңірі маған ұл бермеді. Бірақ ұлдан кем емес қыз берді. Оған да шүкірана! Айымкүлім бой жетіп, перзенттік еншісін сұраған екен, бердім ұлықсатымды! Аяқ жетер жерге жар салыңдар! Күйеу таңдар тойға қамданыңдар!» — деп ризалығын білдіреді.

Содан күйеу таңдар тойдың межелі күні де келіп жетеді. Марқакөлдің жағасына жер қайысқандай жұрт жиналады.

Тойға киіз туырлықты жалпақ қазақты былай қойғанда, Ұрым мен Қырымнан, Бағдат пен Мысырдан, Шын мен Машыннан, Үнді мен Хорасаннан үміткерлер келген. Бірінен-бірі асып түскен сән-салтанат көз тұндырады.

Бір мезгілде кернейлер тартылып, дауылпаз қағылып, ортаға әлекедей жаланған жаршылар шығады. Жұртшылыққа алқа-қотан жасатып, еңселілеу орынға алтын тақта қойдырып, Айымкүлге жол ашады. Көрген жанның көңілін үйіріп, көлде жүзген аққудай сызып келіп тақтаға отырған Айымкүл баста деп белгі береді. Жаршылар саңқылдай жөнеледі.

— Уа, халайық, халайық! Ай мен күндей Айымкүлге қарайық. Ұрым мен Қырымнан, Бағдат пен Мысырдан, Шын мен Машыннан, Хорасан мен Үндіден келген қонақ бар. Ен даланың еркін өскен жігіттері және бар. Барлығында бір мақсат — айдай сұлу Айымкүлдің сынынан сүрінбей өту. Бір ғана шарт бар, әркім өзін, елі мен жерін таныстырып, ең басты қасиетін айтып өтсін!

Жаршылардың хабарынан кейін үміткерлер бірінен соң бірі ортаға шығып, қойылған шарт бойынша өздерін таныстырып, ең басты қасиеттерін айта бастайды. Бірі жеті атасынан бері ел билеген әулеттен шыққанын айтады. Екіншісі төрт түлік малына жер қайысқан бай екенін тілге тиек етеді. Үшіншісі алтыны мен күмісін түйеге теңдесе, алды-арты түстік жерге созылатын керуен болатынын көлденең тартады. Келесісі бұл дүниеде қарсыласы жоқ батырлығын айтып, кеуде қағады. Енді бірі жеті қат жер астының, жеті жұрттың тілін білетін ғұлама екенін ескертеді. Тіптен, тағы біреуі қара суды теріс ағыза алатын сиқыр өнерін меңгергенін айтып өтеді...

Айымкүл әрқайсысына ізет көрсетіп қойып, айтылған сөздерді іштей бір сын ғып отырады.

Бір мезгілде қарапайым киінген, есік пен төрдей кер ат мінген бір жас жігіт ортаға шығады. Күнұзынғы сән-салтанатқа көзі үйренген жұрт гу ете қалады. Батырлар менсінбеген, байлар теңсінбеген шырай танытады.

— Ен даланың төсінде еркін өскен елім бар. Сол елдің қатардағы қарапайым бір перзентімін. Есімім — Қастер. Жау алмайтын, жұт шалмайтын дәулетім бар, ол — мен үшін ойланбай жанын қиятын достарым. Қашсам құтылатын, қусам жететін қанатым бар, ол — астыма мінген пырағым — Балжыңгер! — дейді жас жігіт.

Айымкүл ойланып қалады. Ойлана отырып: «Рас-ау, мал өлер, дүние тозар. Сол өлер мал, тозар дүниені қаперіне ілмей, достарын мақтан еткен пейілі қандай кең еді, жүрегі қандай ақ еді!» — деп іштей күбірлейді. Жай ғана күбірлеп қоймайды, назары тоқтаған осы бір кер атты жігітті сынамақ болады. Сынына толса, тағдырдың жазуы осы шығар деп тәуекел етпек.

Сол жерде Айымкүл ақ орамал көтеріп, жұртшылықтан сауға сұрап, кер ат мінген Қастерге шарт қояды: «Сөзің ұнады, жігітім. Енді ісіңді сынағым келеді. Алайда сынаушы жалғыз мен болсам, әділдікке қиянат келтірер едім. Сондықтан істің сыны екеуімізге бірдей ортақ болсын. Мен қазір осынау қауымның көз алдында алтын оқалы, жез түймелі күдері тон тігуге кірісемін. Күдері тон толық тігіліп біткенше астыңдағы кер атпен Марқакөлді айналып шығасың. Егер үлгерсең, мен сендікпін!» — дейді.

«Уәде — серт, мақтан — дерт» деген, сол жерде екі жақ та сертке тәу етиседі. Қастер кер аттың айыл-тартпасын тартып, үзеңгіге аяқ салады, Айымкүл ине-жібін қолына алады...

Содан Балжыңгерге қамшы басқан Қастер Марқакөлді көбелей шауып жөнеледі. Аспанғаудың аңғарына сұғына кірген айна көлді айналып шығу оңай болмайды. Із түспеген шалғынды кешіп, сыңсыған орманнан өтеді. Көлге төне біткен құз-жартастарды басып, қарлы шыңдардан асады. Қара қорыс батпақтарды жалдап, арқырап аққан ақ жал толқынды өзендерден өтеді. Шыға шықса, қарлы боранға оранып, ойға түссе, қара тұманға тап болады. Мұның бәрі аздай-ақ, ормантоғай, тау-тастың арасынан ақырып аю шығады, шабынып жолбарыс кезігеді, күркіреген қабыланмен беттеседі... Осының бәрінде де Қастер мінген Балжыңгер нағыз ерге серік пырақ екенін көрсетеді. Көлді көбелеп, қияны жебелеп, қуса жетіп, қашса құтылып, шапқан сайын шириға түседі. Содан, күн мен түннен жаңылып, батысы-шығыс, шығысы-батыс болғандай бір мезгілде көз ұшынан Байсарының ауылы көрінеді. Шалғынға шашқан жұмыртқадай ағарып, алқа қотан қонған ауылдың қарасы көрінгенде Балжыңгердің белі көтеріліп, созыла шабады. Сол бетінде жұлдыздай ағып келіп, Қастер тізгін тартқанда, Айымкүлдің қадап үлгермеген соңғы түймесі қалса керек.

— Сыныма толдың, Қастер. Егер сенің сыныңа мен толсам, тойынды жасай бер! — дейді Айымкүл.

— Сен де сыныма толдың, Айымкүл! Қадалмай қалған жалғыз түйме — ердің басшы, әйелдің қосшы екенін меззегенің деп білемін! — дейді Қастер.

Сол жерде жиналған жұртқа Айымкүл тіл қатады:

— Ардақты ағайын! Алыстан келген қадірлі қонақтар! Қысқа жіптей күрмеуге келмейтін қыз дәуренімнің қызығына куә болдыңыздар. Ең алдымен кіндік қаным тамған туған жердің атынан, сонан соң алтын бесік елімнің атынан алғыс айтамын. Жеңдім деп желігудің, жеңілдім деп жасудың қисыны жоқ. Мен — жалғыз, сіздер — көпсіздер. Бәріңді бірдей құрметтесем де, біріңді ғана таңдағанымды айтқым келеді. Тағдырымды кер ат мінген Қастерге тапсырдым... «Тойдан — тобықтай белгі» деген, барлықтарыңызға қалы кілем, нар түйе, тай тұяқ бастаған үш тоғыздан сый тартамын. Бәсекелес емес, бауырлас болып тарасаңыздар екен! — дейді Айымкүл.

Айымкүл мен Қастердің сынына да, сырына да жұрт көңілі толып, риза болады. Екі жастың көңіл қосуы ұлан-асыр тойға ұласады...

Осы оқиғаға куә болып, ер жігіттің даңқын шығарған Балжыңгердей пырақты көзімен көрген күйші «Балжыңгер» атты күй шығарады.

Ел ішіне «Балжыңгер» күйінің үш нұсқасы кеңінен тараған. Күйді жете меңгерген, аңызын да жақсы білетін домбырашылар бұл үш нұсқаны бір күй етіп тартады. Күйді тарту барысында мынау «Балжыңгердің аяғы», мынау «Балжыңгердің шабысы», мынау «Балжыңгердің желісі» деп, күйдің сарынын тараулап, жіктеп отырады.

«Балжыңгер» күйінің аңызы ғана емес, әуен-сазы да драмалы тартысты бейнелейді. Бірде мамырлап, бірде ширығып отыратын күй сарыны адам сезімінің күрделі сырына бойлағандай.

8. «Нар идірген»

(I нұсқа)

Ертеде бір кедей шал мен оның ақылына көркі сай жалғыз қызы болады. Кедейліктен басқа міні жоқ, ұжымдары жарасқан, төңірегіне сыйлы жандар екен. Жар дегендегі жалғыз нарын сауып тамақ, мініп көлік етсе керек. Соның арқасында ешкімге көзін сүзіп тіленбей, барды қанағат етіп күн көреді.

Күндердің бір күнінде сауып отырған бекбатша нардың жас ботасы қос кіндік болып ауырып өледі. Ботасын жоқтап сарнаған нар сүтін бойына тартып, иімейтін болады. Сөйтіп, түйе сүтін жалғыз қорегі еткен әкелі-балалы кедей мүлде ас-сусыз қалады. Әсіресе қарт әке жалғыз қызының жаутаңдаған жүзіне қарап, еш қайраны болмай қатты қапаланады. Сонда ақылды қызы жұбату айтып; «Әке, уайымдай беріп қайтесіз, Құдайдың бір жақсылығы бар шығар, шыдай тұрайық» дейді екен.

Әрине, қанша сабыр сақтағанмен, шыдам тамақ бола ма?! Бір күні әбден шарасы таусылған ақылды қыз әкесіне тіл қатады:

— Әке, қыз болып жаралған соң, жатағым төріңіз болғанмен, өрісім түзден ғой. Маған ақ батаңызды беріңіз де, халқыңызға хабар салыңыз. Біздің бекбатша нар тек қана ботасындай боздатып күй тартқан адамның алдында йюге тиісті. Кімде-кім өнерін асырып, нарды иіте алса, мені сол өнерпазға қосыңыз, — депті.

Әкесі қызының сөзін жерде қалдырмай, аяқ жетер жерге жар салады. Ел іші өнерпазсыз болған ба, сұлу қыздан дәмелі күйшілер төңіректен ағылып келе бастайды. Жұрттың етек-жеңі жиналып болды-ау дегенде, төрешілер сайланып шығып, күйшілердің өнерін сынауға кіріседі. Небір саусағынан саз төгілген дәулескер күйшілер сай-сүйегінді сырқыратар сарындарды судай сапырады. Бірақ ботасын жоқтап, көзінің жасы мөлтілдеген бекбатша нар меңірейген қалпы тұрып алады. Тартылмаған күй, шертілмеген мұң қалмайды. Көбелері сөгілгенше күй төккен өнерпаздардың әбден мысы құрып, бірінен соң бірі шеттей береді. Бекбатша нар мұның ешқайсысын шыбынның ызыңы құрлы көрместен түнерген қалпы тұрып алады.

Содан, күйшілердің ішінде іріктеліп-сұрыпталып бір қарт, бір жас домбырашы қалса керек. Кезек қарт күйшіге беріледі. Өзі де бір, күй күйдіріп, сарын сүрлегендей жан екен дейді, нардың алдына қаққан қазықтай болып отырып алады да: «Ал, қарағым, білегінді түрініп, көнегінді оңтайлай бер!» — дейді қызға. Сонан соң қу тақтай, екі ішекті бауырына басып, шерткенде алыс бір қиырдан ботаның боздаған үні естілгендей болады. Алғашқыда елестей елең еткізген сарын бірте-бірте айқындалып, енді бір сәтте ботаның өзі үкідей үлпілдеп, баладай елпілдеп келіп қалғандай әсер береді. Осы сәтті күткен қарт күйші одан сайын қағына тартып, біресе ілме, біресе шалма қағысқа салса, енді бірде тебеген қағыспен тарпып-тарпып

жібергенде домбыра шанағы «көс, көс!» деп сөйлеп қоя береді. Сонда күн ұзын мелшиіп тұрған нардың тұла бойы шымырлап, алпыс екі тамыры босап, емшегі дертіп қоя береді.

Малының сыры иесіне мәлім, нардың ағыл-тегіл иіп бара жатқанын алдымен қыз сезеді де, көнекті көтере түскен қалпы түйенің емшегін қатты қысып, кернеп келген сүтті үрпінен шығармай қояды. Мұның себебі — қыздың көңілі қарттың соңында кезек күтіп отырған жас күйші жігітке еді дейді. Түйенің емшегін уыстай қысып, иінін тоқтатқаны — жігіттің кезегіне іріккендегі қулығы болса керек.

Қарт күйші мұны бірден сезеді де: «Пах, күйім келіскенмен, күнім өтіп кеткен екен ғой!» — деп, кезекті жас жігітке береді. Жігіт домбыраны тарта жөнелгенде, қыз алақанын керіп, уысына сыймай бара жатқан нардың емшегін босатып қоя береді. Ақ саумал көнектің бүйірін тесіп жіберердей саулап жөнеледі.

Бұл кезде осы гәптің бәрін аңғарып, біліп отырған жас күйші іштей намыстанып, бір жағы қызға деген сезімін білдіргісі келіп «Күйдім-жандым» деген күйге салған екен.

Күй бітіп, нар ағыл-тегіл иіп, жұрт мәре-сәре болысады. Сонда төрешілер жағы отырып жаңағы қарт күйшіге: «Төрелікке өкпе-наз, күдік-күмән болмағаны керек, күйім келісті дегеніңді түсіндік, күнім өтті дегеніңнің мәнісі қалай?» — дейді. Қарт күйші: «Оның мәнісі — түйені иіткен менің күйім еді, бірақ қыздың көңілі өзінің теңінде болды да, иіп келген сүтті іркіп қалды. Осы айтқанымның ақиқат екенін білгілеріңіз келсе, мына жас жігіт екеуміз әлгі күйлерімізді қайта тартқан қалпы екі бағытқа жүрейік. Сонда мына тұрған жануар кімге «ботам» деп ергенін көресіздер» деген екен.

Бұл шарт төрешілердің көңіліне қонып, қос күйшіні қайта сынға салады. Сонда, айтқанындай, бекбатша нар қарт күйшінің шалғайын иіскеп, соңынан ере беріпті.

Қыз бетін басып ұялады, жұрт аңырып қалады. Сонда қайтып оралған қарт күйші: «Уа, ағайын, мен бүгін өзім қартайсам да, күйімнің қартаймағанын көріп бір жасап қалдым. Тосылмандар, «тең теңімен, тезек қабымен көрікті» деген, екі жастың бақытын тілейік!» — деген екен. Сөйтіп, кедей шал мен қызының басына бас қосылып, күйеу бала үшеуі ұжымдары жарасқан қалпы, ештемеден тарықпай, келісті ғұмыр кешіпті дейді.

9. «Қос мүйізді Ескендір»

Әйгілі Ескендір патшаның басында қос мүйізі болса керек. Бірақ мұны тірі жан білмейді екен. Себебі шашын алдырған сайын сол шашын алған адамның басын шаптыртып тастап отырыпты. Мұның мәнісі, Ескендірге түсінде бір әулие аян беріп: «Егер шашыңды алушыдан басқа адам мүйізіңнің бар екенін білсе, сол күні жарық жалғанмен қоштасасың!» — деп ескертіпті дейді. Осыдан кейін-ақ сақтық жасап, шашын алдыртқан адамының басын кестірте берген ғой.

Осылайша, Ескендір төңірегінде қолының ебі барлар сирейді. Бір күні шаш алу кезегі патшаның жақсы көретін жақынына келсе керек. Сонда Ескендір сол жақынына шашын алдырып болып былай депті: «Шарт бойынша, менің мүйізімді көрген адам бұ дүниемен қоштасуға тиісті еді. Бірақ мен саған тиіспеймін. Шашымды тек қана өзіңе алдыртып тұрамын. Тек, есінде болсын, мүйізімнің бар екенін екінші адам білген күні басың кесіледі».

Осыдан кейін-ақ шаштараздан маза кетеді. Алдымен, Ескендірдің қос мүйізі жатса түсінен, тұрса есінен кетпей есі шығып жүреді. Бара-бара бұған еті үйреніп, енді өзі ғана білетін жаңалықты жұртқа айтқысы келген бір сезім билейді. Бірақ айтпайын десе, жанынан қорқады, айтпайын десе, ішіне толған құпия сыр шыдатпайды. Ақыры, амалы таусылғандықтан патша сарайындағы жеті жұрттың тілін білетін тәуіпке келіп, өзінің дертті болғанын айтады. Тәуіп болса, әрі-бері қарағаннан кейін: «Дертің ауыр болғанмен, емі жеңіл. Ішіңе толған бір құпия сыр бар екен. Сол сырды сыртқа шығару үшін елсіз-күнсіз бір жерге барып, басыңды ойға қарат та, ішіңе толған сөзді айтуың қажет. Жай айтпайсың, әрине, аузыңнан сілекейің шұбырып, ішің ортайғанша қайталайсың. Тек, даусыңды ешкім естімейтін болсын. Біреу-міреу естісе, басыңа қатер!» — дейді.

Шаштараз тәуіптің айтқанын бұлжытпай орындайды. Елсіз-күнсіз жердегі бір құрғаған құдықты тауып алып, басын сол құдыққа салбырата түсіреді де. «Ескендірдің басында қос мүйіз бар! Ескендірдің басында қос мүйіз бар!..» — деп, жанын жегідей жеген сөзді іші ортайғанша қайталайды. Осылайша, айына екі рет елсіздегі құдыққа келіп, ішіне толған сөзін қайталап, дертін жеңілдетіп жүреді. Жақынының аузы беріктігіне патша да риза, күтпеген кеселден оңай құтылып жүргеніне шаштараз да риза болып жүріп жатады ғой.

Күндердің бір күнінде, шаштараз барып жүретін құр құдықтың басына әлдеқайдан келе жатқан керуен тоқтайды. Ел кезген керуеншілердің ішінде неше түрлі қабілеттің адамдары болатын әдет емес пе. Мына керуеншілердің ішінде де жұрттан асқан бір сыбызғышы бар еді дейді. Сол сыбызғышы ерігіп отырып құр құдықтың түбіне қарайды да, онда өсіп тұрған қамысты көреді. Бұл қамыс, әлгі дертті шаштараздың аузынан ақтарылған сілекейден нәр алып өссе керек. Сол жерде, сыбызғышы жігіт құдыққа қарғып түседі де, бір сабақ қамысты жұлып алып, сыбызғы жасайды.

Ескендір патша құпиясы осы жерде кереметін көрсетеді. Керуенші жігіт сыбызғысын ойнатайын десе, сыбызғысы «Ескендірдің басында қос мүйіз бар!» деп адамша сөйлеп қоя береді. Керуенші жігіт өз құлағына өзі сенбей, сыбызғыны қайта ойнатып көрсе, жаңағы сөз тағы да қайталаанады. Сол жерде басқа керуеншілер де мұндай ғажапқа таң қалса, екіншілері әлемге даңқы әйгілі патшаның сыртынан ғайбат сөз айтылғандай секем алысады.

Тағдырдың бұйрығы бойынша, құпиясы жария болған Ескендір сол күні жарық жалғанмен мәңгілікке қоштасып еді дейді.

Бұл оқиға керуенші жігіттің сыбызғысы арқылы дүниенің төрт бұрышына күй болып тараса керек.

10. «Бегім бер»

(I нұсқа)

Ел аузында «Жанкент жеті рет күйреп, жеті рет көтерілген» деген сөз бар. Соның бірі Шаншар ханның ханымы Бегім-анаға қатысты айтылады.

Шаншар хан Жанкенттің әміршісі болып тұрған күндердің бірінде нөкерлерін ертіп, сейіл-серуен құрып, аң аулауға шығыпты дейді. Шаһардан ұзаңқырап шыққанда ханның есіне садақ ұштайтын егеудің сарайда қалып қойғаны түседі. Оған өкініп жататын хан ба, көзіне көрінген нөкерінің бірін «бар, жылдам алып кел» деп жұмсап жібереді.

Хан сарайына тіке шауып келген нөкердің суыт жүрісінен сарайдағылардың бірі тіксініп, бірі секем алғандай болады. Сыртқа Бегім-ана да шығады. Сонда ханымның ерекше жа-

ралған көрік-келбетіне қайран қалған нөкер есінен танып, аттан ауып түссе керек. Содан бас көтеріп, есін жиғанша біраз уақыт өтеді. Одан кейін мән-жайды айтып, егеуді алып, ханға кешігіп жетеді.

Шаншар хан нөкерден неге кешіккенін сұраған екен, ол болған жайды бүкпесіз айтып беріпті. Сол жерде хан тарс ашуланып, аттың басын кері бұрады. Нөкерді жеті қабат зынданға тастады. Бегім-анаға сенімсіздік білдіріп, оның оң қолы мен бұрымын шорт кестіріп тастайды.

Сол кезде Бегім-ананың аузы дуалы әулие әкесі тірі еді дейді. Бұл оқиға сол кісіге жетеді де, дереу Жанкентке келеді. Әулие қарт Шаншар ханға: «Уа, Шаншар хан, шындық екеуміздің бірімізге зауал келтірсін. Мен сол шындықты білгелі келдім. Егер қызымда күнә болса, сенікі жөн. Ал, күнәсіз болса, ертеңге дейін қолы мен шашы орнына келсін де, өзің зауалын тарт!» депті де сырт айналып кетіп қалыпты.

Әулиенің қатал шарты бүкіл шаһар халқын үрейлендіреді. Ертеңінде үрейлі жұрт Бегім-ананың сарайына келсе, ақ білегі жарқырап, қолаң шашы салбырап орнында тұр дейді. Ал жазықсыз нөкер өзінен-өзі жеті қабат зынданның сыртына шығып қалған екен.

Сол жылы сары ала күз түсе Жанкент шаһарына адам ойламаған зауал келіп, улы жыландар қаптап, жұртшылық дүрліге қашуға мәжбүр болып еді дейді. Осы оқиғаны бір өнерпаз күй тіліне көшіріп, ұрпаққа аманат етіп қалдырса керек.

Бегім-ана — тарихта болған адам. Сырдарияның төменгі сағасына жақын маңдағы Арал теңізінің түбегінде Бегім-ана мұнарасы /бейіті/ күні бүгінге дейін күңгірлеп тұр. Зерттеушілердің анықтауында мұнара IX-XI ғасырда салынған. Бұл кезең түрік-оғыз тайпалары шаңырағын көтерген Салжұқ мемлекетінің заманына жатады. Түрік-оғызының қынық тайпасын билеген Тұқақтың баласы Салжұқ мемлекет басына келген соң, ислам дініне мойын ұсынған. Мұның өзі Сыр бойында моншақтай тізілген қалаларын қыстап, жазға қарай желпіне көшіп жүретін тәңірілік наным-сенімдегі тайпалардың елеулі қарсылығын тудырған. Салжұқтардың 985 жылы Жент қаласын тастап, Нұрата тауына қоныс аударуы Бегім-ана аңызының астарындағы тарихи шындық сорабын аңғартады. Салжұқтың өзі осы Жент қаласында өлген. Салжұқтың ұрпағы Сан-

жар сұлтанның /1118-1157/ тұсында қыпшақ-қымақ одағының қайы деп аталатын тайпасы Жентті қиратып, Сыр бойына тәңірілік рухтағы қалпын қайта орнықтырған.

Енді аңыз бен ақиқаттың үндестігіне қараңыз, аңыздағы Шаншар хан — өмірдегі Санжар сұлтан екені ден қойғызады. Ал аңыздағы Жанкентке қаптайтын ордалы жылан — қайы тайпасы. Өйткені монғол тілінде «қайы» деген сөз «жылан» деген мағына береді. Сондай-ақ Кіші жүздің Жетіру тайпалық бірлестігінің құрамындағы Табын руының бір бұтағы Бегім деп аталатыны да осындайда еске түседі.

11. «Бегім бер»

(II нұсқа)

Баяғыда бір жесір кемпір болыпты. Не малы, не жаны жоқ кемпір қартайған қара басын сақтау үшін бегі /алмұрттың бір түрі/ теріп күн көрсе керек. Күзге қарай әбден толысып піскен бегіні көптеп теріп, баптап кептіріп, келер жылғы терімге дейін талғажау етеді екен.

Сол әдетпен сүрлеп, кептіріп қойған кемпірдің екі қап бегін бірде ұрылар алып қашыпты. Күнелтіп отырған жалғыз ғана тағамын көз алдында алып кетіп бара жатқанын көрген кемпір: «Ойбай, бегім бер, бегім бер!» деп дауыстайды. Сайланып келген ұрылар қартайған кемпірге жеткізе ме, әне-міне дегенше көзден таса болады. Жесір кемпір қатты налып, осындай күйге түсірген Тәңіріне мұңын шағып, зарлапты.

Кемпірдің зарын естіген бір күйші тебірене толқып сыбызғыға салған екен дейді.

12. «Жетім бала»

Ертеде, жаугершілігі мол заман болса керек. Бірде, қаннен-қаперсіз бейбіт жатқан ауылды жау шауып, ойранын шығарады. Ойда жоқта басталған аласапыранда бір балажан ана есейіп қалған жалғыз баласын қазанның астына жасырып үлгереді. Ауылдың қарсыласқандары ажал тауып, қолға түскендері пенде болып, жаудың айдауына кетеді. Содан, қазан астында жасырынып аман қалған бала шаң-шұң басылған соң орнынан тұрып, ойраны шыққан ауылын көреді, тірідей айырылған анасын

жоқтайды. «Айналайын, Құдай-ау!» деп зар төгеді (Осы тұста домбыра «Айналайын құдай-ай!» деген сөздің буын ырғағымен үндес қайғылы сарын шығарады).

Тағдырдың тауқыметінен қашып құтыла ала ма, жетім бала жатағынан түңілген құлындай болып, иесіз жұртты артқа тастап, беті ауған жаққа жүріп кетеді. Қанша жүргені белгісіз, күндердің бір күнінде ерні шөлден кезеріп, әбден титықтаған шағында көз ұшынан қарайған аттылы көрінеді. Жай аттылы емес, соңына ерткен тазысы бар, қолына қондырған қаршығасы бар, қанжығаға байлаған дабылы бар Қошан сері деген аңшы болса керек. Құлазып келе жатқан жетім бала жүгіре дауыстап: «Ағажан-ау, ағажан, атыңның басын тарта тұр!» — деп шақырады (Осы тұста домбыра «Ағажан-ау, ағажан, атыңның басын тарта тұр!» деген сөздің буын ырғағымен үндес қайғылы сарын шығарады).

Сол сәт аңшының алдынан құсы қалың отырған көл көрініп, қолындағы қаршығасы тіленіп ұшып жөнеледі. Қаршығасы кеткен соң, құстың қызығымен балаға қарай алмай, дабылын дүңкілдетіп, аңшы да шаба жөнеледі. (Осы тұста домбыраның үні соғылған дабылдың дүңкіліне, шапқан аттың дүбіріне ұқсап кетеді).

Жетім бала екі өкпесін қолына алып жүгіріп көлге жетсе, аңшы атын көл жағасына қаңтарып тастап, өзі қамыс арасына түскен қаз-үйректі жинауға кетіпті дейді. Жапан тұзді жаяу кезіп жаны қиналған бала аттың тұсауын шешіп, қарғып мінеді де жүріп кетеді. Қошан сері қаз-үйрегін арқалап, қамыстан шықса аты жоқ. Төңірегіне қараса, көз ұшында желе жортып кетіп бара жатқан баланы көреді. Дүние кезек деген емес пе, енді баланың соңынан жүгірген аңшы: «Балажан-ау, балажан, аттың басын тарта тұр!» — деп дауыстайды. (Осы тұста домбыра «Балажан-ау, балажан, аттың басын тарта тұр!» деген сөздің буын ырғағымен шертіледі).

Бала болса, қайтып оралсам қандай ниеттегі адам екенін кім білген, тағы да тентіреп далада қалармын, оның үстіне мендей емес қой, қолында қаршығасы, соңында тазысы бар, деп ойлайды да, тоқтамай жүре береді. Сол бетінде қара үзіп, шығандай ұзап барып, бір тақырға іркілген қақтың басына келгенде тізгін тартады. Аттан түсіп, атының ауыздығын алып, суармақшы болады. Осы сәт күрс еткен мылтық дауысы естіледі де, суа-

рып тұрған аты жалп етіп құлайды. Жетім бала жанына араша болған атының басын құшақтап, еңіреп қоя береді. Сонда үстінде жарғағы, қолдарында мылтығы бар қос мерген келіп баланы жұбатады. «Әттеген-ай, жаңылған екенбіз! Шырағым, құлан ататын мергендер едік. Мына тақырдың қағына құланнан басқа ұшқан құс, жүгірген аң келмеуші еді. Біз байқамай жазым еттік», — деп қос мерген өкініш білдіреді.

Сол жерде жөн сұрасып, жайды біліскен соң қос мерген балаға: «Алаңдар ешкімің жоқ екен. Біздің елдің байының баласы жоқ еді, балшықтан кісі жасай алмай отыр. Сол кісіге бала боласың», — дейді. Жетім баланың бұлданар жайының жоқ екені белгілі, қос мергеннің сөзіне құлақ асып, ауылына еріп келеді. Айтқандай, баласы жоқ бай жетім баланы зор қуанышпен бауырына басып бала етіп, ұлан-асыр той жасайды.

Сонымен, күндер жылжып өте береді. Бойы өсіп, бұғанасы қата бастаған бала жүре тапқан әкесінің үйір-үйір жылқысына бас-көз болып, жылқышылардың қосағасы болады.

Күндердің бір күнінде жетім бала жылқышылардың жайын білуге келе жатса, тау арасынан түгі жетіліп үлгермеген тыптықыр бір құлынды көреді. Бала құлынды қосқа алып келіп, бағуға кіріседі. Кешікпей-ақ, тықыр құлын тез жетіліп, ат болады. Жай ат емес, желсе желдей есетін, шапса құстай ұшатын тұлпар болып өседі.

Бір күні бала атын мініп, әкесіне көрсету үшін үйіне келіп, атын белдеуге байлап жатқанда пысқырып қалады. Сонда бай үйінің түндігі құйын соққандай желп ете түсіп еді дейді. Бай үйге кірген баласынан: «Шырағым, мынауың неғылған ат, мұндай жылқы бізде жоқ еді ғой», — депті. Бала мән-жайды айтады. Бай: «Е, дұрыс-ақ, мінетін атыңды тапқан екенсің», — деп оң шырай танытады.

Бала осы бір сәтті пайдаланып, көптен көкейінде жүрген ойын айтады. «Әке, — дейді бала, — тумасам да туғандай көріп, бауырыңызға бастыңыз. Ол үшін алдыңызда мәңгі қарыздармын. Алайда қазақ «Ер туған жеріне, ит тойған жеріне» демей ме? Ұлықсат етсеңіз, туған жерімді көргім келеді».

Ержеткен азаматты зорлап ұстап бола ма, бай қаншалықты балаға бауыр басып, қимағанымен, ақылға жеңдіріп ақ батасын беріп, ұлықсат етеді.

Бала қуанышы қойнына сыймай жолға шығады. Былай шыға тақыр атына қамшыны басып, талай бел-белестен өтеді.

Бір мезгілде тізгін тартып артына қараса, көз ұшында жалпылдап бай әкесі қуып келеді дейді. Сөйтсе, бауыр басқан баласы енді қайтып келмей ме деп қимай, тұлпарына мініп, соңынан ере шыққан екен. Сонда баланың да жүрегі елжіреп: «Сағың сынар қайт, әке!» — деп дауыстайды. Осы тұста домбыра «Сағың сынар, қайт, әке!» деген сөздің буын ырғағын сұңқылдай қайталап тұрып алады.

Баланың алған бетінен қайтпайтынына көзі жеткен бай: «Қайтейін, қайыр қош, алдыңнан жарылқасын!» — деп, көзінің жасын іркіп, кері қайтады.

Жетім бала сол жүргеннен мол жүріп отырып, күндердің бір күнінде тау қойнауынан бұрқырап ағып жатқан бұлаққа тап болады. Бұлақты өрлеп келе жатып, көңілі тасыған бала әнге салады (Осы тұста домбыра үні жан сергітер әсем сазға ойысады).

Кешікпей-ақ, жетім бала бұлақтың бастау қайнарына жақындап келсе, оның әсем әнін елти тыңдап бір қыз тұр дейді. Жөн сұрасып, тілдесе келе бала қызды ұнатып қалады. Сол жерде бала: «Маған өмірлік жар болсаң, алдыма мінгізіп алып кетер едім», — дейді. Сонда қыз: «Әніңді естідім, тегін жүректен шықпайтын өн екен, атыңды көрдім, қашса құтылып, қуса жететін ат екен. Тағдырдың жазуы осы шығар, айтқаның болсын», — деген екен. Сөйтіп, көңілдері жарасқан екі жас тықыр атқа мінгесіп жолға шығады.

Сол уақытта қыздың артында қалып бара жатқан шешесі мен Ер Көбен деген бір ағасы бар еді дейді. Шешесі күндік жерден жыланның күйсегенін біліп, иісін сезетін қазық аяқ қара кемпір болса керек. Су алуға кеткен қызының кешіккенінен секем алып, тың тыңдап жібереді де, болған жайды біледі. Сол-ақ екен, аттанды салып: «Ер Көбен, әлгі жүзіқара жалғыз қыз көлдененді көк аттыға мінгесіп, күндік жерде кетіп барады, жылдам жете гөр!» — деп байбалам салады. Ер Көбен де намысқа басып, тұлпарына мініп, қуып береді. Келесі күні дегенде қараларын көреді. Сонда Ер Көбен: «Қашпа, батыр, қашпа, тоқта, батыр, тоқта!» — деп дауыстайды (Осы тұста домбыра «Қашпа, батыр, қашпа, тоқта, батыр, тоқта!» деген сөздің буын ырғағына ойысады).

Сол жерде жанындағы жетім балаға қыз: «Біз мінгесіп қашып құтыла алмаймыз, мені түсіріп кет. Ағамның алдынан зорлықпен ілескендей болып шығайын да, «асқар таудай пана

болған ағам-ай» деп, құшақ жайып жылаған болайын. Біраз бөгелер, сонда қара үзіп, ұзап кет», — дейді. Бұған жетім бала: «Е, мен неге қашайын, зорлық-қиянатым жоқ. Ағаң ет пен сүйектен жаратылған адам шығар, мән-жайды айтармыз», — деп көнбейді. Алайда олай болмай шығады. Ашу буып келе жатқан Ер Көбен тықыр атты бір айналып өтеді де: «Ой, өттеген-ай, кінә сенен емес, қарындасымнан болған екен. Сен ісің ақ болған соң қашпаған екенсің. Әйтпесе, атың қуса жетегін, қашса құтылатын жануар екен. Енді өткен іске өкінбей, маған ер. Атыңның төрт тұяғына төрт табақ жамбы берейін», — дейді. Жетім бала: «Алтының маған ат болар ма, ат болса да тықыр атымдай болар ма?!» деп ермейді. «Ендеше өзің біл, мен саған «қыз алып қаш» дегенім жоқ», — деп, Ер Көбен қарындасын мінгестіріп жүріп кетеді. Жетім бала болса: «Берген жомарт емес, алған жомарт. Мен көрдім, ол ерді, сен жеңдің. Қайсымыздың ісіміз ақ екені бір төңірге аян!» — деп жетім бала қала береді.

Содан, есіз далада ер-тұрманын арқалап жалғыз қалған жетім бала тағдырына мұңын шағып, зар төгеді (Осы тұста домбыра ерекше мұңды сазға ойысады).

Есіз далада ұзақ еңіреп, сілесі қатқан жетім балаға бір мезгілде ой келеді. «Қой, мен бүйтіп езіле бергенмен іс бітпес. Әрі жаяу-жалпы қалып, әрі жазықсыз жапа шегіп, сүйгенімнен айырылғаным жараспас. Бір амалын қарастырайын», — деп орнынан тұрады да, Ер Көбеннің ауылын бетке алып жүріп кетеді. Сол бетінде тоқтамай жүріп отырып, түннің бір уақытында ауыл іргесінде жусап жатқан Ер Көбен жылқысының үстінен шығады. Ақырын көз үйретіп қараса, ағаш саясында бір жылқышы қалғып тұр дейді. Жетім бала ешпен басып келеді де, шылбырын тұзақтап жылқышының мойына салып, ағаш бұтағынан асырып тартып тұра қалады. Сонан соң: «Жан керек болса шыныңды айт, жылқы ішіндегі ең жарамдысын ата!» — дейді. Шыбын жанын сауғалаған жылқышы: «Айтайын, айтайын! Ер Көбеннің жұма сайын бөйгеден келетін егіз күрең аты бар. Бірін кеше қинап мінген екен, үйінің жанында таңасып тұр. Екіншісі — мына менің астымдағы ат. Шыным осы!» — дейді жылқышы.

Мұнан әрі жетім бала шылбырды ағаш бұтағына орай тартып, жылқышыны байлап тастайды да, оның астындағы атына мініп алады. Сол бетінде өзін ұнатқан қыздың ауылына келіп,

қыз үйінің тұсынан кешегі бұлақ басында айтқан әніне салады (Осы тұста домбыра үні әсем сазға ойысады).

Әнді естіген қыз бұл әннің кешегі бұлақ басында жетім бала салған ән екенін бірден таниды. Таниды да ойға қалады. «Бұл келіп тұрған жетім бала болар. Жетім де болса сертке берік екен. Сол сертінде тұрған соң, есебін тауып егіз күреңнің бірін қолға түсірген ғой. Қолға түсірген соң маған ат басын бұрып, белгі беріп тұрғаны болар, тәуекел!» — деп, қыз еппен киініп, затын салған қоржынын қарына іліп, сыртқа шығады. Сыртқа шыққан соң алаңсыз болайын деп, есікке қамыттай қара құлып салады. Сонан соң таң асып тұрған күрең атқа мінеді.

Мұның бәрін көз жазбай бағып тұрған жетім бала қызға келіп: «Тағдыр жолымызды оңғарсын! Сен жылқыға барып, айдап кете бер. Мен ағаңмен қоштасып қайтайын!» — дейді. Қыз мұны жөн көреді.

Жетім бала Ер Көбеннің үйінің тұсына келіп: «Ау, Ер Көбен, Ер Көбен! Сен ер екенсің. Кеше қарындасыңды қалыңсыз бергің келмей алып кетіп едің. Бүгін егіз күреңді мінгізіп, бір табын жылқыны алдымызға салып бердің. Мәрттігінде шек жоқ екен, тәңірі жарылқасын!» — деп дауыстайды. Мұны естігенде Ер Көбен: «Өй, мынау не дейді ей!» — деп, орнынан тұра жүгіргенде құлыптаулы есікке соғылып, шалқасынан түседі.

Мұны естіген жетім бала: «Ұрит соқ-соқ!» — деп іштей күліп жүріп кетеді.

Осылайша жетім бала мол жасауымен сүйгенін алып, туған жеріне жетіп, ел болып кетіп еді дейді.

13. «Ақсақ қаз»

(I нұсқа)

Көктем туа жер ананың тас емшегі жібіп, төс емшегі иіген кезде жыл құсының шұбап келіп, дала төсін думанға бөлейтін әдеті. Салқын сабат көлге, жасыл жайлау белге ынтыға жеткен мың сан құс кешікпей-ақ ұя салып, жұмыртқа төгеді. Ұрпағын өргізіп, табиғаттың аялы алақанында мәре-сәре күй кешеді.

Осы әдетпен, жыл сайын қалың шеру құс керуеніне ілесіп келіп-кетіп жүретін қос қоңыр қаз болады екен. Әрине, оның бірі — ата қаз, екіншісі — ене қаз. Келер жолына көзі қанық қос қаздың аңсап келіп қанат бүгетін айна көлі болса керек.

Сол көлдің көк майса құрағын орып жеп, салқын шымына бауырын төсеп, ерке самалына қанатын керіп рақаттанады. Әсіресе, ақ үрпек балапандары апыл-тапыл аяқ басып, үпір-шүпір үйіріліп, құлдыраңдап соңдарынан ергенде қос қаздың көкірегін шаттық кернеп, қоңыр үнін қосарлай созып өмір әніне салады екен. Мұндайда қос қаздың саңқ-саңқ еткен әсем үні сай-саланы қыдыра жаңғыртып, дүние дидарына құлақ түргізгендей ерекше естіледі. Жел тынып, көл беті айнадай жалтырап, гүлқұлақтар сыбдырын қойып — қос қаздың әсем үніне маужырап мүлгігендей қалып танытады.

Күндердің бір күнінде қос қоңыр қаздың шаттық күйі, өмір әні дала кезген сұр мергеннің құлағына шалынады. Тіс қаққан сұрмерген сайды сағалап, көлді жағалап, қамысты паналап келеді де, қаннен қаперсіз жүрген қос қазға садақ тартады. Қапысыз тартылған садақтан жұлқына шыққан жебе жолындағы гүлқұлақтың басын шала заулап келіп, ене қаздың қақ жілігін шорт үзеді. Шошына шыққан ащы үні маужыр көлді селк еткізгендей, қанат біткен дүрлігіп көкке көтеріледі. Ақ қанат балапандар үрпісіп, жаралы анасының бауырына тығылады. Сонда жаралы қаз ақ үрпек балапандарын құтқару үшін қанатымен жер сабап, жалғыз аяғын жанталаса серпіп, бауырлай жылжып келеді де суға ілігеді. Сол бетінде қанын шұбыртып көл ортасындағы аралға балапандарын бастап жөнеледі. Мысы құрып, санын соққан сұр мерген жағалауда қалады.

Жалғыз аяқ-жарым жан болып қалған қоңыр қаздың ендігі өмірі қасіретке толады. Бұрынғыдай балапандарын өргізіп, отын қандырып мамырлап қайтар күн жоқ. Жаз жайлаудың ең бір қызықты күндерін сұлық жатумен өткізеді. Аштан өліп бара жатқан соң, мойыны жетер шөбін орған болады. Суға түсіп сыланбаған соң, желге желпініп таранбаған соң бой жүні қобырап, қауырсыны ыдырай бастайды.

Ол да ештеңе емес екен. Күн өткен сайын балапандары қара қанат болып, сирақтары серейіп, мойындары сораыып ата қазбен бірге ұзап жайылатынды шығарады. Қоңыр қаз төсімен жер сүзе жылжып, балапандарына ілеспек болады. Бірақ дәрмен жоқ. Мұндайда көкірегін шерге толып, көлдің аясын күңіренге зар төгеді. Ене қаздың сұңқылдаған қайғылы үні төңірегін мұңға бөлеп, көл беті уайымнан қабаршып жатқандай болады.

Осымен күндер заулап өтіп жатады. Көлдің суы салқындап, қоңыр күз түседі. Құстар сап түзеп, топтаса ұшып, жылы жаққа қайтуға қамданады. Бұл кезде ене қаздың балапандары да ұлы дүрмекке ілесіп, анасына қош-қош айтқандай айнала ұшады. Сонда, қанатымен жер сабап, ақсаңдай ұмтылған ене қаз бауырын көтере алмай, үйірінен айырылып қала береді. Жай қалмайды, өксігін баса алмай сұңқылдап, қасірет шерін төгеді.

Ақсақ қаздың осы халі күйге айналған.

14. «Сау қаз»

Бұл күйдің аңызы «Ақсақ қаз» күйінің аңызына жалғас айтылып, күйдің өзі де жалғас тартылады.

...Сонымен, сұр мергеннің оғынан жаралы болып, үйірімен бірге жылы жаққа ұшып кете алмай, ене қаз иесіз аралда зарлап жалғыз қалады. Бауырына басқан балапандарынан айырылып, қанаттас серігі ата қаздан көз жазып, қасірет шерін төгеді. Сап түзеп, моншақтай тізілген ұялас қаздардың соңынан телміре қарайды. Қос қанатын кере серпіп ұшпақ болады. Бірақ бауырымен жер соғып, дәрмені таусыла сұңқылдайды.

Осындай шақта ту сыртынан саңқ еткен ата қаздың үні естіледі. Балапандарын қалың құстың легіне қосқан ата қаз қанаттас серігін қимай қайта оралған екен. Ене қаздың ет жүрегі елжіреп, сыңсып жылағандай үн шығарады. Ата қазға жұп-жұмыр мойнын созып, иығына иек сүйейді.

Ата қаз болса кеудесімен демеп, қанатымен желпіп, өзіне ілестірмек болып әлек. Амал қанша, ақсақ қазда дәрмен жоқ. Қанатымен жер сабап, қамыға сұңқылдайды.

Дәрмені таусылған ата қаз да аһ ұрып, қош-қошын айтуға мәжбүр болады. Өмірлік серігінен тірідей айырылып, зар төге алыстай береді...

Осы көріністі күйші домбыраға түсіріп, қос қаздың сезім күйін, тағдыр талайын қос ішекпен сөйлеткен екен.

15. «Бөкен жарғақ»

(I нұсқа)

Ертеде ағайынды екі жігіт болыпты. Әкелерінен жастай айырылып, шешесі үшеуі өмір сүреді екен. Алаңдары болмай өскен

ағайынды екі жігіт жастайынан аң аулауды кәсіп етіпті. Бойлары өсіп, бұғаналары қата бастаған кезде бұлардың аңшылығы төңірегін тәнті ететін болыпты. Әсіресе түздің бөкен сияқты көп кездесетін аңын аулауға машықтанғаны сонша — үстілеріне бөкен терісінен тіккен жарғақтарын киіп алып, түз тағысымен араласып жүріп қалағанын атады екен.

Күндердің бір күнінде ағайынды екі жігіт тізе қосып, әдеттегідей бөкен аулауға шығады. Ен далада сынаптай сырғып жүрген бөкеннің бұрылып келіп су ішер орындарының болатыны белгілі. Сондай бір бұлақтың басына ертерек келген екі жігіт атуға ұрымтал орынға бекінбек болады. Сонда ағасы інісіне ақыл береді: «Екеуміз бұлақтың екі қабағын ала жайғасайық. Қаталап келіп суға бас қойған бөкенді екі жағынан қақпалап атсақ қарық боламыз», — дейді. Інісі ағасының айтқанына көніп, көрсеткен жеріне бекінеді.

Түс мезгілі болып, күн тас төбеге көтеріліп, тірі жанның аңқасын кептіргендей ыстық көтерілген кезде мүйізі жарқ етіп, бөкеннің шолғыншы текесі көрінеді. Іле даланың шаңын шүйкедей созып, артынан кимелей кеуделеген ешкі-лақтары жетеді. Сол бетінде қалың киік айналы астаудай жарқырап жатқан бұлаққа бас қояды ғой. Осы кезде, ұрымтал сәт келген шығар деп, ағасы садақ тартады. Дүр етіп кері серпілген бөкеннің келесі шетінен уәде бойынша інісі де оқ жаудырады. Талай бөкен оққа ұшады. Аң қызығы ағайынды екі жігіттің делебесін қоздырып, одан сайын құныға атады.

Сөйтіп, екі ортада ұйлыға жөңкілген бөкеннің тұяғынан қалың шаң көтеріледі. Әлден уақытта аман қалған бөкендер шаң арасынан сытылып шығып, түзге бет алады. Әлі де болса шаң арасында ұйлыққан бірер бөкенді атып алып қалмақшы болған ағайынды екі жігіт қалың киікті өкшелей қуып, садақ тартады.

Бір мезгілде ағайынды жігіттердің үлкені шаң арасынан бөкеннің ойқастаған сүлдерін көргендей болады. Қылт еткенді құтқармай атып машықтанған жігіт садағын құлаштай керіп тартып жібереді. Бұл жолы да атқаны қапы кетпейді, көздегенін мұрттай ұшырады. Сол бетінде бауыздап ала қояйын деп жүгіріп келсе, бөкен деп атқаны өзінің жалғыз інісі екен дейді. Сол жерде бауырының басын құшып жылаған жігіттің зары кейін ел ішінде «Бөкен жарғақ» деген күй болып тараса керек.

16. «Жамал-ай!»

Ертеде бір байдың қызына есігінде жүрген қойшының баласы ғашық болыпты. Жастайынан бірге өскен жарлының баласын байдың қызы да ұнатады екен. Ер жетіп, бой жете келе екі жастың бір-біріне деген сезімі тіптен арта түседі.

Бұл жағдай бір күні байға белгілі болып, бай тас-талқаны шыға ашуланады да, кедейді басқа жаққа көшіріп жібереді. Енді қайтып ауылының маңынан жүрсе, жазаламақшы болады.

Сонда жүрек сезімін жасыра алмаған қойшының баласы:

Қасың сұлу қағаздың сиясындай,
Мойның ұзын тоғайдың миясындай.
Қайтсем саған қолымды жеткіземін,
Жатқан жерің сұңқардың ұясындай.
Жамал-ай, Жамал-ай,
Болар ма екен амал-ай!

деп өлең етіп өнге салып, күй етіп сыбызғыға салған екен.

17. «Тепеңкөк»

(I нұсқа)

Тепеңкөк әу баста бір байдың қойға салған шабан аты екен. Мың салса бір баспайтын шабандығына бола Тепеңкөк атанса керек.

Күндердің бір күнінде тақымында жүрген Тепеңкөкке жұрттан асқан бір сыншының көзі түседі. Сыншы Тепеңкөктің алды-артына шығып, сұқтана қарап тұрып: «Апыр-ай, осы заманның жылқысы азды ма деп жүрсем, жоқ, менің көзім тозған екен ғой. Мына жануар бүйірімді қыздырсаң, бәйгеден келем деп тұр ғой!» — дейді.

Бұл сөзді естіген қойшы: «Бәрекелді, қойға да жете алмайтын Тепеңкөкке қайдағы бәйге!» — деп күледі.

Сыншы сол бетінде ат басын байдың үйіне тірейді. Сөз арасында сыншы: «Байеке, қырық жылда бір туатын ерен жүйрікті қор қылып, қойға салып қойғаныңыз қалай?» — деп сұрайды байдан.

Бай бұл сөзді көңіліне алып, сыншы келеке етіп отыр-ау деген оймен: «Шын жүйріктің қырық жылда бір туатыны рас болса, сол қырық жылда ортаймайтын дәулетім бар. Менен

жүйрік жылқы көргің келсе, қырық жылдан кейін кел!» — деп қырыс қабақ танытады. Сонда сыншы: «Байеке, көңіліңізге алмаңыз, мен шынымды айтып отырмын. Шыққыр көзім шықпаса, қойшының астындағы Тепеңкөк алдына қара салмас жүйріктің өзі. Тек, бабын білмей жүрсіздер. Тепеңкөк бүйірі қызбай шаппайтын, арқасы қозбай арындамайтын ат. Сол үшін, бәйгеге қосарда екі қоржын басы құм теңдеп алу керек. Әрі-бері шапқан соң құлағының түбінен тер білінер. Тер білінген соң-ақ Тепеңкөктің бауыры жазылып, созыла шабуға тиіс. Сол кезде қоржын түбін өткір кездікпен тіліп жіберіп, құмын төксе, сонан соң аруағын көтере ұрандап, айқайға салып отырса, Тепеңкөк сақпанның оғындай заулар еді!» — дейді.

Сыншының айтқан сөзіне бай құлақ асып, бәйгеге қосады. Жай қоспайды, аяққаптай ала қоржынға құм теңдеп қосады. Айтқанындай, сол жолы Тепеңкөк небір желаяқ жүйріктерге шаң қаптырып, жалғыз қара болып бәйгеден келіпті. Осыдан кейін бабы табылған Тепеңкөк бәйгенің алдын бермейтін болыпты дейді.

Мына күй сол Тепеңкөктің шабысын келтірген, арасында ат үстіндегі баланың ұрандаған айқайын білдіретін күй екен.

18. «Хан жұбату»

Ертеде халқына қайырымды бір хан болыпты. Халқына қайырымды болған соң, ханға төңірегіндегілер де құрметпен қарайды екен.

Ханның бар үміт-тілегіндей жалғыз ұлы болса керек. Сол жалғыз ұлы енді есейіп, ат жалын тартып міне бастаған шағында қайтыс болады. Жалғыз ұлдың мезгілсіз қазасы ханды қатты қайғыға батырып, көз жасы көкірегін жуады. Ақылы құмдай шашылып, қасірет шеккен ханды жұбату үшін аяқ жетер жерден небір ел бастаған көсем, сөз бастаған шешен келіп, көңіл айтады. Қайғыны ақылға жеңдіруін өтініп, сабырға шақырады. Бірақ хан қайғыдан езіліп, тірідей солып, басын көтермей жатып алады.

Сол кезде, ел ішінде жұрттан асқан бір сыбызғышы болады екен. Ханның басындағы азалы халді естіп, арнайы ордаға келеді. Ел болып иіліп, жұрт болып жиылып, ханның қайғысына ортақтасып жатқанда мен де шет қалмайын деп ой-

лайды. Сөйтіп, ханға келіп, сәлем беріп, басу сөз айтады. Хан сол қалпы, сәлемге жауап қатпастан, іштей мүжіліп, өзімен-өзі болып, меңірейіп жатып алады. Сыбызғышы сәлемінің өтпегенін көңіліне алмайды. Төмендеу жайғасып отырады да, құтысынан сыбызғысын шығарып, асықпай сарната жөнеледі. Бұрын-соңды тартылмаған тың сарын естір құлақты елеңдетіп, ғажайып сазымен баурай жөнеледі.

Сыбызғы үні ұзақ сарнап, үілдей өксіп, уһілей күрсініп, шершеменнің бәрін дыбысқа айналдырып жібергендей боздап келіп тоқтайды. Сонда хан төсектен басын көтеріп, сыбызғышымен амандасып, жоғары шығып отыруын өтініп еді дейді.

Сыбызғышы төрге шығып жайғасқанда, ханның қас-қабағын бағып жүргендер күйшінің иығына шапан жабады.

Міне, ханның қайғысын серпіп, басын көтерткен осынау күй ел ішінде «Хан жұбату» болып тараған екен.

19. «Кербез қыз»

(I нұсқа)

Ертеректе бір өнерпаз жігіт болса керек. Ол кезде жігіттің жақсысы жылқы бағып, жүйрік мінеді. Күндердің бір күнінде, сол өнерпаз жігіт саяқ шыққан жылқыларын іздеп жүріп, бір ауылға кез болады. Сол ауылда шеткерірек тігілген ақ боз үй бар екен. Үй сыртынан ат байлар мама ағаш көзге шалынған соң, кісі түсетін «қонағуар үй» боларсың деп ат басын бұрады. Жігіттің ойлағанындай, үй төңірегі тап-тұйнақтай, аяққа шалынып жатқан мүлкі жоқ. Оймышталған сықырлауықты жара ашып үйге кіріп келсе оң жақта бір бойжеткен кесте тігіп отырса керек. Жігіт сәлем береді. Қыз лып етіп орнынан тұрып, сыпайы ғана амандасып, төрге көрпе салады. Жігіт төрге озып, қамшысын сыртына тастап, жайғасқан соң, қысқа-қайырым тілмен жөнін айтады. Қыз: «Е, жоқ іздеп шаршаған екенсіз ғой, сусын, дәм қамдайын, жайғасып отыра беріңіз», — дейді де, шығып кетеді.

Жігіт үй ішіне бажайлап көз салса, жүк аяққа сүйеулі бір сары домбыра тұр дейді. Құлықсыздау қол созып, жай ғана дыңғырлата бастайды. Жол соқты болып келген жігіттің құнығып тартуға зауқы жоқ, әшейін ермек еткен сыңайы байқалады. Мұны сол үйдің бойжеткені біресе қымыз әкеліп, бі-

ресе жастық тастап жүріп байқайды. Жай байқап қоймайды «домбыраның берекесін кетірді-ау» дегендей жымыып өтеді.

— Құрбым күлкі шақырардай қандай қылығымды байқадың? — деп жігіт сыр тарта сауал қояды.

Қыз күлкісін тыйып, кербез қалпымен:

— Жоға, сіздей, елдің шеті, желдің өтінде жүрген жігіттен мін іздеу үйде отырған бізге жараспас. Мін іздегенмен табылмас. Жәй әшейін, сайрап тұрған домбыраның тілінің күрмеліп қалғанына күлгенім ғой, — деп сөзінің соңын әзілге бұрады.

Кербез қыздың қылығына сай есті сөзі, күмістей сыңғырлаған үні бей-жай отырған жігіттің жан дүниесін баурап, дүр сілкінткендей болады. «Аталы сөзге арсыз ғана дау айтады» деген бар. Есті жігіт қыз сөзіне іштей ұйып, еңсесін түзейді де:

— Ә, домбыра тілін түсінер құлақ болса, сөйлетіп көрейін, — дейді де бір күйді бастай жөнеледі.

Қыз сыпайы ғана тізе бүгіп, қос жанары мөлдіреп, кірпік қақпай күйге ден қояды. Уыз өңі құбылып, ақ мандайы керіліп, күйді беріле тыңдаған сыңай байқалады.

Күй тартылып бітеді. Қыздың мамық төсі дірілдеп, жеңіл ғана күрсінеді де:

— Апыр-ай, бұрын естімеген сыры мол күй екен, — дейді.

Сонда жігіт:

— Құрбым, күйді тартушы мен болғанмен, тартқызған өзің, сенің кербез қылығың. Осы дидарласуымыздың бір белгісі деп біл. Күйдің аты «Кербез қыз» болсын, — деген екен. Сөйтіп, екі жастың көңілін жарастырған күй «Кербез қыз» деген атпен жұртқа жайылған.

20. «Кербез қыз»

(II нұсқа)

Бір байдың алақанына салып аялап өсірген жалғыз қызы болыпты. Жалғыз да болса жүзге татитындай ақылына көркі сай болып өскен екен. «Қыз өссе, елдің көркі» деген рас, бай қызының ақыл-көркі аңызға айналып, төңірегіндегі аяқ жетер жерден арнайы ат сабылтып келушілер көбейді. Малына сенген байлар, әліне сенген батырлар сөз салады. Жалғыз перзенті болған соң, бай қызының қас-қабағына қарап, өмірлік жар таңдау еркін өзіне береді. Ал қыз болса анау-мынауға көңілі

толмаған сыңай танытып, «теңім емес» деген жауаппен тойтарып тастай береді.

Сонымен, күндер зулап, жылдар жылжып өтіп жатады. «Кербез қыз» атанған бай қызының көңілінен шығар ешкім кезіге қоймайды.

Әрине, бұл жағдай алдымен ата-анасын алаңдатып, кербез қыздан жеңгелері арқылы шешесі «не ойлағаны бар екен?» деп сыр тартады. Сонда қыз: «Ертеңімді ойламай кергіп жүрген жайым жоқ. Бірақ көрінгеннің етегінен ұстамай, көңілім құлаған біреуге тағдырымды тапсырсам ба деп едім. Ата-анама ризамын, жарық дүние сыйлады, әлпештеп өсірді, еркімді өзіме берді, соның арқасында ел ішіне «Кербез қыз» атым жайылды. Ендігі ойым, менің осы кербездігімді кімде-кім сыбызғы тілінде жеткізе алса, жанымды түсінетініне көзім жетіп, соған барар едім» дейді.

Қыз ниеті ел ішінде тез тарайды. Осыдан кейін-ақ бай ауылына жорға мінген бай да емес, найза ұстаған батыр да емес, енді небір нәнталап сыбызғышылар ағылып келе бастайды. Кербез қызға көпке дейін бірде-бір сыбызғышы ұнамайды. «Жай тақпақ, белгілі сарын» деп жақтырмай қайтара береді.

Содан күндердің күнінде кедейқолдылау киінген қарапайым бір жігіт келіп, «Кербез қыздың көңілін өсірейін, кербездігін сыбызғыма көшірейін» деп күй тартады. Кедей жігіттің күйі қыз көңілінен шығып, екеуі көңіл қосады. Бұған қыздың ата-анасы да риза болып, ұлан асыр той жасайды.

Сонда тартылған осы «Кербез қыз» күйі еді дейді.

21. «Кербез қыз»

(III нұсқа)

Бір байдың үш ұлының ортасында бұлғақтап өскен жалғыз қызы болыпты. Қыздың бір аяғының туа біткен сылтымасы болса керек. Бірақ әке дәулетіне шалқып, үш ағасына арқа сүйеп өскен қыз көкірегін көтеріңкі ұстайды екен дейді. Тіптен, аяғының сылтымасын білдірткісі келмей, кербезсінген қылығына қарап, төңірегі «кербез қыз» деп атап кеткен екен.

Кербез қыздың басы жас, бойы жеңіл кезінде қыз «теңім емес» деп талай жігіттің меселін қайтарады. Осыменен жүргенде қыз біраз уақыттың өткенін байқамай да қалады. Қыз ғұмыры қызғалдақтай келте ғой, қатарының көбі бас құрап,

шаңырақ құрып кеткенде, байдың қызы енді оң жақта отырып қалған кәрі қыз атана бастайды.

Арада тағы да біраз жыл өтеді. Күндердің бір күнінде бұл ауылға бір жігіт келеді. Ауыл-аймақты сөз етіп отырып, байдың кербез қызының әлі ұзатылмағанын естиді. Сөйтсе, бұл жігіттің де бір кездері кербез қызға көңілі кетіп, сөз айтқан екен ғой. Ол кезде көкірегін көтеріп жүретін байдың қызы бұ жігітті «теңім емес» деп, маңына жолатпай жіберіпті.

Сол кезде қыздың әлі оң жақта отырғанын естіген жігіт ойға қалады: «Апыр-ай, бір кездері жастық сезімді өзіне аударып, түн ұйқымды қашырған ғашығым еді. Бірақ менің дәулетімді қорашсынып, меселімді қайтарып еді. Шын бақыттың кілті байлықта емес екенін енді білді ме екен?» — деп толғанады. Толғаныс үстінде отырып, сол сезімін күйге түсіреді. Күйдің бас-аяғын тиянақтап қолын жаттықтырған соң, ауылдың бір өнерпаз жігітіне қолқа салады: «Осы күйімді кербез қызға айнытпай жеткізгейсің. Күйді түсініп, мән-жайыңды сұрай жатса, жасырмай айтарсың», — дейді.

Үдеге берік өнерпаз жігіт кешікпей-ақ кербез қыздың алдына барып, сәлем күйді тартады. Күй құлыншақтай құлдыраңдап мұңсыз-қамсыз әуенмен басталады да, келесі бір орамында қос ішектің асты-үсті қатар үн қатып, қайнаған өмірдің бір қуаныш, бір қайғы сарынына ойысқандай болады. Мұнан әрі күйшінің қолы сағақтан қайтып, бел буынға жеткенде әлде бір өкінішті өксік алқымнан алып, сығымдап тұрып алғандай әсер береді...

Осы кезде кербез қыз «болды, тоқтат» дегендей белгі беріп, күйді үзіп тастайды. Сәлем күйді кімнің жолдағанын сұрап біледі. Сонан соң, еңі бұзылып, қамыға жүдеп көз жасын мөлдіретіп сығып-сығып алады. Әлден уақытта бойын жинап, еңсесін түзеп: «Қайтейін, тағдырдың жазуы сол да, мен кербезсіп жүріп, қадірімді білетін нағыз азаматты байқамай қалыппын, бағалай алмаппын», — деп өкінішін білдірген екен.

Кейін осы күй ел ішіне «Кербез қыз» деген атпен тарап кетсе керек.

22. «Сал жігіт»

Бұл күйдің аңызы «Кербез қыз» күйінің бірінші аңызына жалғаса айтылады.

Ол аңыз бойынша, қыз қылығы мен ақыл-парасатына риза болған жігіт «өзіңе бір белгі болсын» деп «Кербез қыз» күйін тартады ғой. Сөйтсе, кербез қыз өзінің ақыл-парасаты мен көз тартар көркіне қоса дәулескер күйші де екен дейді. Сол жерде өнерпаз жігіттің ықыласын аяқсыз қалдырғысы келмеген қыз: «Ықыласыңа дән ризамын. Халқымыз «Сыйға — сый, сыраға — бал» деуші еді ғой. Менен де бір белгі болсын, «Кербез қыз» күйінің жауабы», — деп, «Сал жігіт» күйін тартқан екен.

23. «Қос келіншек»

(*І нұсқа*)

Бір байдың мәпелеп өсірген егіз ұлы болады. Ата-ананың тілегіне сай егіз ұлдың екеуі де жұрт аузына іліккендей азамат болып өссе керек. Қай істе де екеуінің жұбы жазылмай, біріне-бірі сүйеу болып, бірін-бірі толықтырып, көрер көзді қуантып жүреді екен.

Бір күні бай отырып: «Бұл екеуінің кіндігін Құдай бір егіп жаратқанда, менің айырғаным болмас, екеуіне егіз қызы бар үйге құда түсейін», — дейді. Сол оймен бойжеткен егіз қызы бар үй іздеп құлағдар болып жүреді.

Ел іші болған соң әртүрлі гәп кездесе бермей ме, бір үйден егіз ұл туғанда келесі үйден егіз қыз неге тумасын? Кешікпей-ақ, бойжеткен егіз қызы бар үй белгілі болады да, бай құлшына қимылдап құда түседі. Екі жақтың да ықылас-ниеттері жарасып, құйрық-бауыр жесісіп, төс қағыстырған құда болысады.

Содан уәделі мерзім жетіп, қос келіншек ақ тілеумен босаға аттайды, келін болып түседі. Бір басы екеу болып, екі басы төртеу болып, тілегі орындалған бай неден аянсын, аяқ жетер жерге жар салып, ұлан-асыр той жасайды.

Бірақ, бәрі де жазудан ғой, той қызып, ел мәре-сәре болып жатқанда «аттандай» шауып жаушы келеді. Ел шетіне қарақұрым қаскөй жаудың киліге кіргенін хабарлайды.

Сонда отау үйде мәз-мейрам болып отырған егіз жігіт жұбын жазбастан атқа қонады. Тас-түйін болып бекініп, қатыгез жаудың алдын алу үшін ағайынға ұран салып, қол бастап шығады.

Ал қос келіншек болса әлгінде ғана шырқап отырған шаттық әнін мұңды зарға ұластырып, Төңірге жалбарынады. Ақ тілеумен қосылған асыл азаматтарының аман-есен оралуын,

жаудың беті қайтып, ел ішіне қайтадан тыныштық орнауын тілек етеді.

Естіген жанның жүрегін елжіреткен қос келіншектің осынау зарлы тілегін кейін бір өнерпаз домбыра тіліне түсірген екен. Сол күйі «Қос келіншек» деген атпен жұртқа жайылған.

«Қос келіншек» күйі — тел бұраумен тартылатын санаулы ғана күйлердің бірі. Домбыраның астыңғы және үстіңгі ішектері бір дыбысқа келтіріліп тартылғанда, шынында да үміт-тілегі бір егіз келіншектің қатар шыққан мұң-сырындай әсер береді.

24. «Кәрібоз бен Салторы»

Ертеректе жүйрік атты жазбай танитын сыншы, атбегі болыпты. Оның өзімен бірге қартайған Кәрібоз деген жүйрігі болса керек. Кәрібоздың даңқы құнан күнінен шығып, қашан арса-арса болып қартайғанға дейін небір егелескен жарыста алдына қара салмайды екен. Тіптен, Кәрібоздың даңқы дүрілдеп тұрған кезде талай тойдың бас бәйгесін шаппай-ақ алып жүріпті.

Бірақ, мәңгіні Құдай жаратқан ба, Кәрібоз да әбден шегіне жете қартайды. «Өміріме серік болып, талай қызық күндерді бірге өткізген пырағым едің ғой» деп, иесі Кәрібозды бос қоя береді.

Ақтылы қой, алалы жылқы баққан ел іші жүйріксіз болама, сол кезде Салторы деген бір аттың атағы шыға бастайды. Жүйрік атқа марапат көп, Салторының бітім-қасиеті жұрт аузынан түспейтін болады. Әсіресе, Салторының шыға шабатын ұшқырлығы, сол бетінде алдына тұяқтыны шығармастан мәреге жеке-дара келетіні ел ішіне аңыз болып тарайды.

Күндердің бір күнінде ұлан-асыр той болады. Той иесі ат жарысының бас бәйгесіне қырық тай тігемін деп, дәмелі жұртты қызықтыра жар салады. Ұлы дүбір бәйгеге Салторы бастаған небір жал-құйрығы сүзілген жүйріктер келеді. Мұндай дүбірлі шақты талай көрген Кәрібоз сол күні бір бөлек мінез шығарып, өзінен-өзі тықыршып, үй желкесіндегі ат байлар мама ағашты шырқ айналып, жер тарпып тұрып алады. Бұған иесі онша мән бермейді. «Жануарым, әбден алжып, үйкүшік болдың-ау енді!» дейді де қояды.

Осының бәрін көріп, байқап жүретін бір тазша бала болады екен. Өзі де бір, жыланның күйсегенін білетін зерек болса керек. Сол тазша бала Кәрібоздың иесінің жанына келеді де:

«Ақсақал, Кәрібоздың әлі де бір шабарлығы бар екен, тіленіп тұр ғой, обалына қалмаңыз. Егер тілімді алсаңыз, бас бөйгенің қырық тайы өрісіңізді толтырады. Кәрібоздың шын жүйрікке лайық ең соңғы өнерін көресіз. Ал тілімді алмасаңыз, осы үйден өз сүйегіңізді Кәрібозға артып шығарады», — дейді.

Мына сөзді естігенде шалдың зәресі ұшып кетеді. «Қой, осы баланың аузына Құдай сөз салып тұрған шығар» дейді де, Кәрібозға тазша баланы мінгізіп қоя береді.

Ұлы дүбір бөйге де басталып кетеді. Әдеттегідей, Салторы суырылып алға шығады. Сол бетінде алдына қара салмай, созыла сілтеп келе жатады. Салторының шабысы көрген жанның айызын қандырғандай еді дейді.

Ал, Кәрібоз болса, ә дегенде кәрілігін жеңе алмай кібіртіктеп барып, бірте-бірте бауыр жазады. Содан көмбенің қарасы көрінгенше Салторының артында арқан бойы келе жатады.

Кешікпей-ақ, көмбенің қарасы көрініп, ат қосқан елдің ұрандаған дауысы естіледі. Сол кезде қырқылжың тартқан Кәрібоздың белі көтеріліп, делебесі қозып, Салторыны тықсыра түседі. Салторымен жесісіп келе жатқан Кәрібоздың үстіндегі тазша бала:

«Алыспан да салыспан,
Салторыдан қалыспан.
Салторыдан қалыссам,
Байдың тайын алыспан.
Бұл Кәрібоз әлі де
Қалған емес жарыстан!» —

деп, қамшыны басады ғой. Кәрібоз ышқына шауып, көсіле сілтегенде Салторыны тұсаған аттай артына қалдырып, көмбеге оқ бойы бұрын келеді. Келген бетте пышаққа ілінген екен. Кәрібозды білетін халық мұны да қас жүйрікке тән қасиетке балап, ырым көріп, етін бір-бір жапырақтан пышақ үстінен бөлісіп әкетеді.

«Кәрібоз бен Салторы» күйі үш буынға бөлініп тартылады. Күйдің басын «мынау Салторының шабысы» деп, күйдің ортасын «мынау — Кәрібоздың шабысы» деп, күйдің аяғын «мынау — Кәрібозға тазша баланың қамшы басқан жері» деп тартады домбырашылар. Ел ішінде бұл күйдің аңызы бір болғанымен, тартуға келгенде екі бөліп «мынау — Кәрібоз күйі», «ал мынау — Салторы күйі» деп, бөлек-бөлек тартатын дәстүр де бар.

25. «Ақ Ертіс»

Орта жүз Керей ішіндегі он екі ата Абақтың бір бұтағы — Жантекей деп аталады. Жантекейлер өсіп-өнген іргелі ел. Ол жөнінде ел ішінде «Бір Жантекей ауса бүкіл Абақ-Керейге сыймайды, бүкіл Абақ-Керей ауса, бір Жантекейге сіңіп кетеді» деген сөз бар. Мұнысы, Жантекейлер санының көптігін айтқаны.

Міне, осы Жантекей елінің ішінде елдің қадірлі бір адамына әңдігер ас беріліпті дейді. Аяқ жетер жерге сауын айтылып, Қара Ертістің батыс қапталынан құятын бір өзеннің шүйгін алқабында ас беру белгіленеді.

Межелі күн де келіп жетеді. Көшпелі елдің қуаныш пен қайғыны бөліп көтерісетін қашанғы әдеті ғой, ас беретін алқап ақтылы қой, алалы жылқыға толады. Әр үйден, әр ауылдан арнайы әкелінген еміздікті қара сабалардың сары қымызы быжылдап, өзен жағасындағы салқын шымға қаз-қатар бауыр басады.

Әрине, ас пен тойдың өкпе-назсыз өтпейтін әдеті тағы бар. Осы аста Абақтың ноқта ағасы — Ителі елінің бір адамы «маған арнайы үй тігілмеді» деп жатып ашуланады. Ноқта ағасы рурларға өзгеден бөлектеу құрмет көрсетіліп, алдымен жол беріліп, төрелігіне тоқтайтын дәстүрдің бары рас. Сол дәстүр Ителінің адамына көңілдегідей болып жасалмаған ғой.

Содан бұрқ еткен ашу оңайлықпен басыла ма, Ителінің адамы ашу үстінде өзен жағасында қаздай тізілген қара сабаларды бір-бір төңкеріп, қымыздың бәрін суға ағызып жіберсе керек. Асқа әкелінген қымыздың көптігі сондай — өзен арнасы көтеріліп, ақ толқын көбік шашып еді дейді. Содан бері Қара Ертістің бұл сағасын Ақ Ертіс деп атайтын болыпты.

Осы оқиғаны асқа қатысқан бір өнерпаз күй тіліне түсіріп, оны «Ақ Ертіс» деп атаған екен.

Күні бүгінге дейін Ителі руы Монғол Халық Республикасының Баян-Өлгий аймағындағы Қобда алабын, Ақ Ертіс бойын мекендейді. Ителі өз ішінде Ақбақты, Күйік, Бесшал болып үш атаға бөлінеді. Ұрандары — Бұқарбай, Күйік пен Бесшал ұрпағы осы ғасырдың 30-50 жылдарындағы аласапыран ауыртпалықта Еуропаға ауып кетті. Бірақ ата жұртында қызық дәуреннің белгісіндей болып күй қалды.

«Ақ Ертіс» күйінің ел ішінде айтылатын екінші бір аңызы бар. Бұл аңыз бойынша, төрт түлік малды тіршілік тірегі ет-

кен ел Ақ Ертістің қос қапталына кезек аунап көшіп, мұңсыз-қамсыз ғұмыр кешеді екен дейді. Яғни өзеннің бір беті қыстау, бір беті жайлау болған ғой.

Бір жыл көктем ерте белгі беріп, қар аяқ астынан күрт еріп, Ақ Ертістің суы көтеріліп кетеді де, қалың ел жайлауға шығып үлгере алмай қалады. Қыс бойы аяқты малдың тебiнiнде болған қыстау маңының өрiсiне қамалуға мәжбүр болады. Сол жылы төрт түлік мал қоң жинай алмай біраз шығын болып, елдің берекесі кетіңкіресе керек.

Ел бейғам болмасын, Ақ Ертістің де ақ өркеш толқыны болатынын ұмытпасын деген ниетпен бір өнерпаз «Ақ Ертіс» күйін шығарыпты дейді.

Бұл күйді ел ішінде «Ертіс толқыны» деп тартатындар да бар.

26. «Қара атты мен торы атты»

Арғы, алыс заманда қазақ даласында барымта-сырымта деген болмапты. Ол кезде жауды алыстан күтіп, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарған заман екен. Тіптен, алалы жылқыны барымталау былай тұрсын, біреудің жалғыз атын ұрлаған адамның жанын қиып жіберген қатал тәртіп болған. Беріде ғой, халық ханынан айырылып, хан тағынан айырылған соң, «Үлкені жоқ ауылдың жастары дуана» дегендей, қазекем өзді-өзін түртпектеп, барымта-сырымтаны әуезе етіп алғаны.

Осындай ауыл-үйі аңдысып, барымта-сырымта қабындап тұрған кезде бір ауылдың қарттары екінші бір ауылдың ерулікке шақыруынан қайтып келе жатса, сайтандай сақ етіп ұрылар кездеседі де, қаукерік қарттарды топылдатып аударып тастап, аттарын ала жөнеліпті. Осы жағдайдың үстіне басқа жақтан жолаушылап келе жатқан бір қара атты, бір торы атты жігіт тап болады. Көз алдарында қарттарға жасалған зорлықты көрген қара атты мен торы атты бөгеліп тұрмастан, тақым қаға ұмтылып, ұрыларымен сарт-сұрт ұрысып кетеді. Қара атты мен торы атты екеуі де өз күштеріне сенген жігіттер болса керек, әрі-бері қағысқан соң-ақ басымдық көрсетіп, қарттардың мінген атын алып қалады. Жай алып қалмайды, құрық тиіп елірген аттарды қоғамдап, ұстап береді. Шалдар көүкілдесіп, қос жігітке алғыстарын жаудырады. Қара атты мен торы атты қош айтысып жөндеріне кетеді.

Сонда көрген түстей болған жағдайдан абдырап қалған қарттар, аттарына мініп, өздеріне-өздері келген соң, «ау, әлгі екі жігітті құрғақ алғысқа тойдырып қоя бергеніміз ұят болды-ау, тым болмаса аты-жөндерін сұрап қалайықшы, өздері алты сай етіп бөрік киген екен, керей жігіттері болар» дейді де, сондарынан қуғыншы жібереді. Қуғыншы астындағы атын қамшылай түсіп, «Қара атты мен торы атты, тоқта, керей, тоқта!» деп дауыстай шауыпты дейді.

Осы оқиғаны қарттардың ішіндегі бір өнерпазы кейін ауылға келген соң күйге салып тартса керек.

Қазақтың күйшілік дәстүрінде бұл сияқты күй атауын әуен-ырғаққа салып тартатын күйлер көп. «Қара атты мен торы атты» күйінде де «қара атты мен торы атты, тоқта, керей, тоқта!» деген сөздер күй ырғағына бағынып, адамша сөйлейді. Адамша сөйлей отырып, әуен-сазымен бүкіл оқиғаның жанды суретін елестетеді.

27. «Аңшының зары»

Аңшылықты кәсіп қылған екі ағайынды жігіт әлдебір себеппен елден кетіп, бір таудың шатқалын мекендейді. Күндердің бір күнінде екеуі екі қырқада аң аулап жүргенде, ағасы бір құлан атып алады. Атып алған құланның етін қапқа салып, терісін күнге дегдітіп отырғанда аспанды аяқ астынан бұлт торлап, қалың нөсер бұршақ құйып кетеді. Аңшы құлан терісін тастың бір қуысына күркелеп, соны паналауға мәжбүр болады. Міне, осы бір шақта, бір қырқаға шыға келген інісінің көз ұшында құлан көсіліп жатқандай болады. Ойланбастан садақ тартқан інісі, құланды бауыздап ала қояйын деп келсе, өліп жатқан өзінің ағасы болып шығады. Ағасын келмеске жөнелткен бейбақ ауыр қайғыға душар болып, еңіреп жүріп, ағасын арқалап қосына қайтады. Бірден қосқа әкелуге батылы бармай, сүйекті жақын бір жерге жайғастырып, ағасының қосына келеді. Алдынан шыққан жеңгесі қайнысын қанненқаперсіз қарсы алады. «Кешіктіңдер ғой, ағаң қайда?» деген сұраққа, қайнысы айтарға жауап таппай, жоқ сылтау айтып қосына кіреді. Сол кезде керегеде тұрған қоңыр домбыра қолына түсіп, бір мұңды күй шертеді. Сезімтал жеңгесі: «Ойпырым-ай! Мына күйің бұрын-соңды естілмеген зар ғой! Сен не сұмдықты

бастап отырсың! Осы, ағаңнан айырылып қалып отырғаннан саумысың?» — депті. Сонда аңшының қолынан домбыра түсіп кеткен екен деп аңыз қылады.

28. «Қорамжан»

(I нұсқа)

«Қорамжан» жесір әйелдің жар дегенде жалғыз ұлы екен. Байдың түйесін бағып жүріп, қыстың бір боранды күні адасып, үсіп өліпті. Сондағы қайғылы хабарды естігенде, шешесінің:

«Жалғыз қалған сорлы анаң,
Қайғы мен зарға жаралған.
Ажалың болды бораннан,
Айналайын Қорамжан,
Сорлап қалдым, Қорамжан!
Зарлап қалдым, Қорамжан», —

деп айтқан жоқтауынан туған күй екен.

29. «Қорамжан күйі»

(II нұсқа)

Қорамжан бір кемпірдің жалғыз баласы екен. Қорамжанның «Тепеңкөк» деген жүйрік аты бар екен. Қорамжан алыстағы бір елден қыз айттырып, соған ұрын барып, қалыңдық ойнап жатады. Түнде сол Қорамжан жатқан ауылдың жылқысына жау тиіп, аттандаған айғай естіледі. Қорамжан да аттанды естіп орнынан тұрмақ болғанда, қасындағы қалыңдығы «шаппа, қума» деп қолқа қылады. Қорамжан болмай қаруын алып, Тепеңкөкке мініп, айғай шыққан жаққа қарай жөнелді. Алдыңғы қуғыншыларды қуып жетеді. Бірақ ұзап кеткен жау қарасы көрінбейді. Тепеңкөк бүйірі қызбай, еті терлемей жақсы шаппайды екен. Қорамжан атымның бүйірі қызып тез шапсын, жауға тез жетейін деп екі қап құм теңдеп алып, жауды қуып кетеді. Тепеңкөк терлей бастағанда, қаптағы құмды төге бастайды. Сөйтіп, бүйірі қызған Тепеңкөкпен құйындатып, ұзап кеткен жауға Қорамжан сәтте жетіп келеді. Оны көрген жау батыры жарда бұғып отырып Қорамжанды атып түсіреді. Қорамжан оққа ұшып өледі. Осыны күйшілер «Қорамжанның шешесінің жоқтауы», жас оң жақта қалған «қалыңдығының

жоқтауы», «Тепеңкөктің шабысы» деп, домбыраға тартады. Мұны «Қорамжан күйі» дейді.

30. «Бозайғыр»

(I нұсқа)

Бұл күйді ертеде «Алатау асқан боз тарлан» деп те шерткен екен бабаларымыз, — дейді Бағаналы ақсақал. Тұлғасы кесек жануар бір топ жылқымен бірге жоғалады. Жыл уағына дейін іздеу салынып, табылмаған айғырды «қолды болдыға» жорып қояды. Сонымен жыл уағынан асқанда ел жайлауға қонып жайғасқан күндердің бірінде, биенің екі сауымынан кейін алыстан бір боз жылқы құйындатып келе жатады. Желі басынан көз тіккен жылқы иесі: «Я, пірім-ау! Мынау не жылқы болды екен? Тұлғасы тым кесек қой», — деп тамашалап тұрады. Сөйтсе әлгі көзден ғайып, көңілден ұмыт бола бастаған Бозайғыр болып шығады. Бозайғыр кісінеп кеп, жер тартып желі басына көлденең тұра қалады. Жал-құйрықтан айрылған, көк шолақ болып өзгерген. Басында ноқтаның жұрнағы ғана қалған. Көзінен қанды жас парлайды жануардың. «Құрулаған» иесі де жылап көріседі.

31. «Бозайғыр»

(II нұсқа)

Өткен заманда бір байдың жылқыларының ішінде боз айғыры бар екен. Боз айғыр жылқылардан ұзап алысқа кетпей, шет жағында жүретін. Бір күні жылқыны ұрылар айдап кетеді. Бозайғыр үйірімен бірге ұрылардың қолында үш күн болып, төртінші күні өздерін айдап келе жатқан адамдардың бөтен екенін сезіп, ауылға қарай қашып, үйге келеді. Бозайғырдың үйірінен бұлайша бөлініп келуінің тегін емесін сезген байдың баласы, айғырды жүгендеп, жылқының соңынан қуады. Жылқыға жетіп, алдын орап үйірді кейін қарай қайырады. Ұрылар балаға жан-жақтан лап қойып ортаға алмақшы болғанда, Бозайғыр үстіндегі баланы бір шетке алып шығады. Бала ұрыларға бір бүйірден тиісіп, бір-екеуін құлатады. Ұрылар баланы тірідей ұстап алып, жөбірлегісі келеді. Бірақ олардың бұл ойына бала да, Бозайғыр да көнбей, ұрылардың тағы екеуін

құлатып, кейін қарай бет бұрғанда, ұстай алмасына көздері жеткен ұрылар садағымен баланы атып санынан жаралайды. Бала жаралы санын белбеумен таңып алып, ұрыларға өшіге қайта тиісіп, өзі аттан түсіп, жүруге шамасы келмей қансырап жатады да, атты қоя береді. Бозайғыр босанған бойда ауылға тартады.

Бозайғырды көрген бай қамығып: «Балам өлген екен, енді не болса да ізіне түсіп іздейін» деп айғырға мінгенде, Бозайғыр байға бас бермей, тауда қалған балаға қарай ала жөнеледі. Келсе, шынында, бала өліпті. Баласының өліміне қайғырып, жылап-еңіреп бай далада отырғанда қасында тұрған Бозайғыр оқыранып қоя берді. «Тағы да ұрылар келіп қалған екен», — деп бай зәресі кетіп, орнынан ұшып тұрса, бір салт атты жалғыз жолаушы екен. Ерінің қасында домбырасы бар. Өлгі жолаушыға бай болған жағдайды түгел баяндайды. Сонда жолаушы:

— Шіркін, жануарым-ай! Ат болса осындай, ер болса сенің балаңдай болсын. «Жақсы ат ер сүйегін далаға тастамайды» деген осы да. Балаңның ерлігіне астындағы аты сай екен. «Жақсы ат жаман жігітті де ер етеді» деген бар ғой. Мына жануар дәл соған сай келеді екен, — деп қолына домбырасын алып бір күйді тарта беріпті.

Күй күңірене барып аяқталғанда күйзеліп отырған бай:

— Замандас! Мына тартқаның қайғылы саз болды ғой? Атын не дейсіз? — депті. Сонда күйші:

— Жануар мына тұрған Бозайғырға разы болып, соған арнап тарттым, өйткені бұл айғыр болмаса, сенің балаң қайда қалар еді, сен балаңды қайдан табар едің? — депті.

Осыдан бастап бұл күй ел арасында «Бозайғыр» атанып, таралған көрінеді.

32. «Бозайғыр»

(III нұсқа)

Ертеде тау бөктерінде жатқан жылқыларды ұрылар айдап кетулі. Жылқы ішінде Бозайғыр бар екен. Ол үйірден ұзап алысқа кетпей, шет жағында жайылып жүрсе керек. Ұрылар жылқыларды қуғанда Бозайғырды да үйірімен қоса өкеткен. Жолда үш күн болып, төртінші күні жердің, оны айдап келе жатқан адамдардың бөтен екенін сезген Бозайғыр айнала пысқырынып, ауылына қашып келеді.

Бозайғырдың үйірінен бұлайша бөлініп келуі тегін емес екенін білген байдың баласы, айғырды жүгендеп, ерттеп, қару-жарағын асынып, жылқының соңынан қуады. Жылқыға жетіп, алдын орап үйірді кейін қайырады. Мұны көрген қарақшылар жан-жақтан қаумалап баланы ортаға алып, қолға түсіріп, қорламақшы болады. Бірақ олардың бұл ойын түк шықпайды. Өйткені бала Бозайғырмен бір шетке шығып, ұрыларға тұтқиылдан тиісіп, екеуін құлатады. Қызып алған айғырмен қайта шауып, қарақшылардың тағы екеуін түсіріп, ауылға қарай жылқымен бет бұрғанда, баланың енді ұстатпайтынына көздері жеткен ұрылардың тірі қалғаны оны білтелі мылтықпен атып, санынан жаралайды. Оқ тиген бала бұрынғыдан да бетер өшігіп, тұла бойын ыза кернеп, жаралы санын қыл белбеумен қатты таңып, қарақшыларға қайта тиіседі. Олардың қалғандарын құлатып, жылқыны айдап ауылға қайтады. Жолшыбай бір төбенің етегіне жетіп, ілгері жүруге шамасы келмей қансырап, атынан жығылады. Бозайғыр әрі-бері оқыранып, баланың қасынан кете алмай, ақыры болмаған соң ауылға тартады.

Баланың әкесі Бозайғырды көріп, «балам өлген екен, енді не болса да іздейін» деп жолға шығады. Бозайғыр иесіне бас бермей, тауда қалған балаға қарай оны ала жөнеледі. Келсе, шындында да бала өліпті. Баласының өліміне әкесі қатты қайғырып, жылап-еңіреп отырғанда қасында тұрған бозайғыр оқыранып, кісінейді. Тағы да ұрылар келіп қалған екен деп, бай зәресі кетіп орнынан ұшып тұрса, ерінің қасына ілген домбрасы бар, салт атты жалғыз жүргінші екен. Жолаушы баланың жанына келіп, әкесіне көңіл айтады. Бай болған жағдайды оған түгел баяндайды. Сонда жолаушы:

— Шіркін, жануарым-ай! Ат болса осындай, ер болса сенің балаңдай болсын! «Жақсы ат ер сүйегін далаға тастамайды» деген осы да. Балаң астындағы аты сай екен. Жақсы ат ерге қанат бітіреді деген. Мына жағдай дәл соған келеді, — деп, домбырасын алып, бір күйді тартыпты. Күй күңірене барып аяқталғанда баланың әкесі:

— Замандас! Мына тартқан қайғылы сазыңыздың аты қалай? — деп сұрағанда домбырашы:

— Бауырым, мына тұрған Бозайғырға разы болып, соған арнап тарқан күйім еді, атын «Бозайғыр» қойдым. Бұл айғыр болмаса, балаң қайда қалар еді, сен оның сүйегін қайдан табар едің? — депті.

33. «Бозайғыр»

(IV нұсқа)

Қазақ даласында үлкен жұт болады, даладағы жылқы малы көп қырылады, көп жылқыдан жалғыз бозайғыр қалады. Көкке тойғаннан кейін үйір іздейді.

Бозайғыр әуелі қатты желіп, соңынан шоқытып бар күшімен ағызып таудың басына келіп, шығады да, жан-жағына қарап тұрып, пәрменімен кісінейді, кісінеп-кісінеп болып аяғында бір түрлі үнмен қоңыраудай сылдыратып үзілтіп-үзілтіп кеп тоқтайды, сонда осы Бозайғырдың кісінеген үні адамға бір аянышты әсер ететін еді. Қазақ халқының өмірінің арқауы болған төрт түлік малы, оның ішінде жылқысын халық өте қадірлеген ғой. Міне, Бозайғыр күйі жұттың әсерінен туған.

34. «Бел асар»

Бұл күйді бір ұры шерткен екен. Нөкерлеріне жылқыны айдатып жіберіп, жол-жөнекей бір үйге кіріп, сусындап отырып, ілулі тұрған үкілі домбыраны алып бір күй шертеді де, аттанып кетеді. Домбыраның иесі қыз, қонақ аттанысымен: «Мына күйшінің тартқан күйі «Бел асар» дейді. Ол неғылса да ұры. Жылқыны бел асырып жіберіп, өзі жәй жолаушы болып сусындап алдап отыр» деген екен. Сол қыздың тапқырлығы бойынша ел болып ұрының ізіне түсіп, жылқыны құтқарып, ұрыны қолға түсіріпті.

35. «Ақсақ құлан»

(I нұсқа)

«Саруалының арығы деген жерде үйір-үйір құлан жатыр» деген хабарды естіп Жошы ханның жалғыз ұлы өзінің құралайды көзге атқан мергендерімен жолға шығыпты. Ханның ұлы құланды көргеннен кейін, үстіне қызыл шекпен киіп, қолына қаруын алып, ордалы құланмен жалғыз айқаспақшы болып, басқаларға тоқтау салады. Басқа қу шоқайлы сұр мергендер сай-сайдың тасасымен бет-бетіне аң аулап кетеді. Сол кезде үйір ішінен ханның баласына қарсы шапқан жалғыз құлан жер тартып, пысқырып ханның баласын айнала шауып ойқастап өткендей болады. Жер бетін қара түнек тұман басады. Мергендер бір-бірінен адасады. Сөйтіп жүргенде, бір құдіретті өктем

дауыс: «Қу шоқайлыдан қаша жүрің, қызыл шекпендінің үстін баса жүрің!» — деп жар салып өтеді. Осы өктем үннен кейін лезде қараңғы түнек сейіліп, жер беті жап-жарық болып шыға келеді. Енді мергендер келіп қараса, ойнақ салған құлан да жоқ, онымен айқасқан ханның баласы да жоқ. Мергендердің тапқаны ханның баласының жалғыз шынашағы екен. Сол шынашақты алып, олар аулына қайтады.

Хан өзінің баласының оралмағанына күйініп қаһарына мініп, елге жарлық айтады:

— Менің балам аман-есен оралатын болсын! Баламның суық хабарын естімейтін болайын. Кімде-кім «өлді» деген хабар айтса, көмейіне қорғасын құйғызамын. Баламның бір хабарын естімейінше, азық-түлік беру тоқтатылсын, — деп хабарлап, бүк түсіп жатып алады. Хабаршы болып ханның алдына баруға жан шықпайды. Сөйтіп, қалың ел қатты торығып, күйзеліп тұрғанда Кербұқа деген домбырашы шығып:

— Баласының өлімін домбырамен мен естіртейін, — деп дүйім жұртты өзіне қаратады. Ханның босағасына келіп, тізелеп отырып бір күй бастайды. Бұл күйі құланның жүрісі мен айбар шеккен сәтін суреттейді. Екінші күйін шалады. Бұл күйде хан баласының қаза болғаны анық айтылады. Сонда мұны түсінген хан басын көтеріп:

— Сенің мына күйің «Балаң өлді, Жошы хан» деп тұр ғой, — деп тіл қатады. Сонда Кербұқа:

— Ей, тақсыр! Балаңыздың өлгендігін өз аузыңыздан естіп отырмын, — депті. Сонда, хан қатты қапаланып: «Қап, мен сөзден жығылдым. Қорғасынды домбыраның көмейіне құйыңдар! Домбырашыны айдаһар алдына апарып тастаңдар! Жылан жұтсын» деп бұйырған екен. Домбырашы жыланның алдында да күй тартады. Жылан күйге балқып, бауырын жазып, тұмсығымен, жұдырықтай алтынды күйшінің алдына домалатып әкеп тастайды. Кербұқа өлімнен құтылып, еңіреген елдің батасын алып, олжаға батып, жөніне кетеді.

36. «Ақсақ құлан»

(II нұсқа)

Жошы ханның маңдайына біткен жалғыз ұлы құлан аулауға құмар екен дейді. «Құлан аулау қоян аулау емес, қауіп-қатері

көп» деп хан оны аңға жалғыз жібермейді екен. Күндердің күнінде ханзада әкесінен ұрланып, аңға бір өзі шығып кетеді, бір жерлерге келгенде жайылып жүрген бір үйір құланды көреді. Қуанғаннан екі көзі жайнап, қорамсағынан сұр жебесін суырып алады да, жазықсыз жануарларды қынадай қырады. Қырудың қызығына түсіп кеткен ол, оғының таусылғанын да білмей қалады, ханзаданың қауқарсыз халін сезген көсем құлан оны қос өкпеден қос аяқтап теуіп, айдалада өлтіріп кетеді.

Ұлы хабар-ошарсыз кеткен соң, бір сұмдықты білген хан жаманатты естуге дәті бармай былай деп жар салады: «Кімдекім баламның өлгенін есіттірер болса, аузына қорғасын ерітіп құямын». Мұндай сөзді естіген соң жаман хабарды барып айтуға кімнің батылы жетсін! Ешкім тіл қатып, тіс жармайды.

Бір күні тақта отырған ханның алдына қызметшісі жүгіріп келеді: «Алдияр тақсыр, ханзаданың хабарын білем деп есік алдына бір кісі келіп тұр» дейді ол. Хан: «Кірсін!» деп әмір етеді. Ішке қолында домбырасы бар бір кісі енеді. Хан: «Жолаушым, білгеніңді жасырмай түгел айт!» — дейді. Сонда күйші қолына домбырасын алып: «Менің білгенімді екі шек пен бір тиек айттып береді», — деп күмбірлетіп жөнеледі.

Күйдің алғашқы шумақтарынан шапқан аттың тұяқ дүбірі естілгендей болады. Көзінің қарашығындай жалғызы үй жанына кеп қалды ма деп жүрегі тулап қоя береді. Ханның жүзіне қан жүгіріп шырайлана түседі. Бірақ осы мезетте үстіңгі шектен жан дүниенің әлем-тапырық еткен орны толмас өкініш пен қайғының сұмдық сарыны құлаққа келген еді. Домбыра адамша жылап, адамша егілді. Хан қабағын демде қара бұлт жайлап, еңсесі түсіп қоя береді. Қол созған жақсы үміті көзден ғайып боп, көңілін қапалықтың ауыр мұңы басады. Ендігі сәтте күйші құланды көрген ханзаданың қуана салған әнін, ажал алып зуылдай ұшқан сұр жебенің дыбысын, өлімнен қашқан аңдардың тұяқ дүбірін суреттегенде, ханның ойы отызға бөлінеді. Күй тілін түсінуді бұған несін жазды екен тәңірі! Күй шарықтап шырқау шегіне жетті — кенет арындаған екпін кілт үзілді де, домбыра көмейінен жан тәсілім еткен жанның ақырғы демі естілгендей болды. Ханның өңі сазарып қоя берді де, орнынан атып тұрды. Екі көзіне қан толып, бармағын тістелей берді. Күйші бұл кезде бастапқы қаралы тақырыпқа қайта оралып, күй екпіні әлсіреп, қайраты кеміп, дүниеден көшіп бара жатқан пенденің жете ал-

май кеткен арманын айтып, жанары сөніп бара жатқандай еді. Хан жас жуған жүзін екі алақанымен басып отырып қалды. Бірақ есін тез жинап алды да, өз өмірін екі етпей орындамақшы боп: «Жалғыз ұлымның жапанда мерт болғанын естірттің, жазанды ал ендеше», — дейді де, — «жақсыны да, жаманды да айтпасын, осымен өмір бақи үні өшсін» деп домбыраның көмейіне балқыған қорғасын құйдырады.

37. «Айрауықтың ащы күйі»

Ұлы жүзде Тайлақ деген кісі өтіпті. Тайлақ батыр асқан сыбызғышы адам болыпты. Тайлақ батыр «Айрауықтың ащы күйін» өзінің Шекер мен Барақ дейтін екі ұлына арнап шығарған деседі.

Тайлақ батыр сексенге келіп әбден қартайған кезінде жылқысын жау шауып кетеді. Шекер мен Барақ атты екі баласы қарт әкесін үйде қалдырып, жау соңынан қуады. Сол жолда Шекерге оқ тиіп, қаза табады. Барақ жылқыдан айрылып, жаралы қайтқанда үй сыртында төбеде отырып, күні бұрын осы оқиғаны, жаны сезіп, күңіреніп тартқан күйі екен. Бұл күйді жиналған елі-жұртына тарту арқылы үйде отырған келініне естіртеді. Сонда үйде отырған келіні: «Әкем тартар күй емес, өзім естір күй емес, сақта Құдай, сақтай гөр!» — деп үйден шыға алмай отырып қалады деп аңыз қылады.

38. «Тепеңкөк»

(II нұсқа)

Астындағы жалғыз атынан басқа маңдайында әке де, шеше де, бауыр да, туыс та, мал-мүлік те жоқ бір кедей жігіт бір ұлан-асыр тойда тепеңкөк жүйрігін бәйгеге қосады. Бәйгеден келер аттардың жолын тосып, ол дөң басына шығып отырады да, домбырасын шерте жөнеледі: «Терлігінен тер кешпеген Тепеңкөгім, алыс жолдан алқынбай жет мәреге. Ешкімім жоқ шабысыңды қостайтұғын қиқулап, дем беретін демің біткен сәтінде. Тек өзіңде бар үмітім! Домбырамның үні жетсе құлағыңа, бәлкім ұшқыр қанат бітер тұяғыңа». Күй сарынын естіген Тепеңкөктің бойына тың күш құйылып, не байлардың саңлақ сәйгүліктерін шаң қаптырып, жарыста жалғыз қара боп келген екен дейді.

39. «Тепеңкөк»

(III нұсқа)

— Өткен заманда, бір кедейдің жалғыз көк тұлпары болыпты. Өзі жуас, бірақ жүйрік болса керек. Кедей онымен аңға шығып, күнелтіс етеді екен. Аңда жүргенде қасқыр, түлкілерді тұлпармен қуып, соғып ала береді. Тұлпардың бір қасиеті — тері шықпаса, шаба алмайтын болған. «Аттың сыры иесіне мәлім» дегендей, аңға шығардың алдында екі қанжығасына екі дорба құмды өңгеріп алып, әрлі-берлі аяңдатып, желдіртіп, көк тұлпардың терін шығарып алады екен.

Бір күні елде үлкен той болып, соған жер-жерден әнші-күйшілер, ақындар, палуандар, бай-билер сәйгүлік жүйрік аттарымен келеді. Той басталып, ойындар өтіп, кезек аттардың жарысына қалады. Бәйгіге дайындалған сәйгүліктер көп екен. Бәрі де бірінші жүлдеден үміткер. Осы жарысқа көк тұлпарды да қосайыншы деп, тұлпардың иесі, ат айдаушы келгенше көк тұлпардың терін шығару үшін, қанжығасына құм өңгеріп, тұлпардың тепеңдетіп жортып жүреді.

Көп кешікпей ат шабыс басталады. Бірінші болып көк тұлпар келеді. Бәйгі алғаннан кейін тұлпардың иесі, атына разы болып, жарыс алдында тепеңдетіп, жортқанын есіне түсіріп, «Тепеңкөк» деп күй тартыпты.

40. «Тепеңкөк»

(IV нұсқа)

Ертеде бір кедейдің мал дегенде жалғыз көк аты болыпты. Өзі бәйгеге қосқанда алдына қара салмайтын жүйрік екен. Бірақ бір қасиеті — тері шықпаса, мүлдем шаба алмайды, ал жақсылап тері шықса, қандай жарыс болса да алдын бермейді. Аттың сыры иесіне мәлім демекші, сол елде үлкен ас болып, асқа жан-жақтан небір сәйгүліктер келулі. Аста ат шабыс, жамбы ату, балуан күрестері белгіленіп, озғандарына жүлде тағайындалады. Бұл асқа әлгі кедей де келеді. Көк тұлпарын жарысқа қосу үшін иесі бәйге басталмас бұрын қанжығасына екі дорба құмды өңгеріп, әрлі-берлі желдіртіп, терін шығарып тепеңдетіп келе жатқанда, елдегі бір домбырашы көріп, аттың сұлулығына, жүрісіне көңілі толып «шу, жануар, тепең көк» деп күй тартыпты. Содан бұл күй ел арасында «Тепеңкөк» атанып кеткен.

41. «Тепеңкөк»

(V нұсқа)

Ертеде бір ханның қойшысы бар екен. Сол қойшы ханның жалғыз баласымен бір жаққа барып келе жатса, өзеннің жағасында жылқының басы жатыр екен. Сонда қойшы: «Мені Толыбай сыншының баласы деп кім айтады, сені көкорақ тұлпар деп кім айтады?» — деп жылқының басын құшақтап жылайды. Осы уақиға жайын ханның баласы әкесіне айтып келеді. Мұны естіген хан қойшыны шақырып алып: «Сен сыншы болсаң, менің бес жүз жылқымның ішінен шабатын тұлпар бар ма, айқындап бер», — дейді. Қойшы ханның жылқыларын аралап, ешбір жылқыға көңілі толмай, ханға: «Сіздің жылқыларыңыздың ішінде шабатын тұлпар жоқ», — дейді. Хан қойшыға қаражатын, керек-жарағын беріп, тұлпар тауып келуін сұрайды. Қойшы шаһардан-шаһар кезіп, базарларды түгел аралап, ешбір тұлпар таба алмай, бір қойшыдан жауыр, жүні түскен қотыр тайды сатып алып ханға келеді. Хан қойшыға: «Бір айдан кейін болатын бір бөйге бар, соған осы тайды қосасың», — деп бұйырады. Қойшы «мақұл» деп, тайды бір табын жылқыға қосып жібереді. Асқа он күн қалғанда ханның баласы үйірге барып қараса, әлі сол қалпында, жауыр арық тайды қойшы мініп жүр екен. Қойшыдан: «Ханның бөйгеге қосатын тұлпарын мініп жүргенің қалай?» — десе, ол: «Ханның бес жүз жылқысының ішінде осыдан басқа ұшығына шығатын жылқы көрмедім», — дейді. Содан бөйге болып, тепеңкөк бөйгені алып келеді. Сонда қойшы Тепеңкөкті:

Кекіліңе болайын күлтеленген жібектей,

Сауырыңа болайын, түбі түскен шелектей, — деп еркелеткен екен.

42. «Нар идірген»

(II нұсқа)

Баяғыда бір шал мен оның жалғыз қызы болыпты. Олардың күн көретіні де жалғыз нар екен: ішсе асы, мінсе көлігі. Күндердің күнінде сауып отырған түйесінің ботасы өліп қап, қызы мен әкесі ас-сусыз қалады. Үйлерінде үнем жоқ, аптан өлуге айналады, шал не істерін білмей қатты қапаланады. Ақылды қызы оны жұбатып: «Әке, қайғыра берме, Құдайдың

бір жақсылығы бар шығар, шыдай тұрайық», — дейді екен. Сол айтқан сөзін естігендей күн сәскеге көтеріле кедейдің үйіне екі жолаушы келіп түсіпті. Келген ақсақал қарт кісі де, жанындағы жас жігіт те домбырашы болып шығады. Қыздың әкесі өзегі талып, өлімнің аз-ақ алдында отырған жайын қонақтарына айтып беріпті. Қарт домбырашы екі сөзге келмей «қызыңды маған қисаң, нарынды ботасыз-ақ иітіп беремін» деген. Бұл сөзді әкесі қызына келіп айтады. Сонда қызы: «Бетін қайтарма, әке. Әуелі түйені идірсін, қалғанын көре жатармыз» дейді. Күйші қызға: «Қарағым, көнегіңді алып барып, желінін ұстап дайын отыр» деп, домбырасының құлақ күйін келтіреді. Сосын түйенің жанына барып тарта жөнелгенде, домбыра «қос, қос» деп сөйлеп қоя береді. Бір кезде қыз түйе иіп, емшегіне сүт келе бастағанын байқайды, бірақ шалға тигісі келмеген ол, сүті ағып кетпесін деп үрпісін саусағымен қысып ұстап отырады. «Қалай?» деп ымдаған қарияға әлі сүт келген жоқ деп ымдайды, қыздың жайын қабағынан ұққан жігіт домбырасын алып, енді ол тарта жөнеледі. Сол кезде сүт қысқан желінді қоя беріп еді, сүт көнекке сауылдап төгіле бастады. Қарт домбырашы бұған аң-таң қалады. Отағасы өзінің берген уәдесін орындап нарды иіткен жігітке қызын береді. Сол түйенің сүтін азық етіп, әкесі, қызы, күйеу баласы үшеуі ештемеден тарықпай көзін сапып ешкімге телмірмей, көңілі де, қарыны да тоқ болып өтіпті деседі.

43. «Нар идірген»

(III нұсқа)

Ертеде бір кемпір-шал қызымен елден безіп, аң жортпас, құс ұшпас бір құла даланы мекендеп өмір өткізіпті. Олардың күнкөрісі жалғыз нары екен. Жылдарда бір жыл қуаңшылық жүріп, даланың шөбі қурағандықтан, бір үйлі ғаріптің, бетіне қарап отырған нарының ботасы өліп, нар жүдеп-жадап, суалып кетіпті. Үркердей үш жанның талшығы құрып, тағдырына қауіп төніп, қасірет-қайғыда қалыпты. Бір күндері бір шал мен бір жігіт осы араға пайда болған екен. Жүргіншілер бұлардың мұң-зарын ұққан соң, әлгі шал жанындағы жігіт арқылы кемпір-шалға: «Егер қарымжыға қызын берсе, қазір қара нарды домбырамен иітіп берем!» деген екен.

Бұл сөз сорлы кемпір-шалдың қайғысын ауырлата түсіпті. Қыздарын бейсауат біреуге қолынан жетелете салғанға шыдамапты. Зерделі қыз әке-шешесінің ойын аңғарып:

— Тағдыр басқа салса, мақұлмын, — деп шалға күй шерттірген екен. Үй ішінен бебеулеген күй үнін естіген даладағы қара нар орнынан тұрыпты. Қыз ыдыс-аяқ жақтағы шелекті ала жүріп, шалға лесіп келген жігітке ым қағады. Ол тысқа шықса, қара нар рас иіген екен. Қыз нардың қос емшегін тас қып қысып тұрып, ере шыққан жігітке өз жүрек сырын жанарынан төккен жаспен аңғартып, өзіне көмек сұрапты. Шалға қор болып бара жатқанына қорланып, жалын атқан жүрегі өзіне үміт артып тұрғанын аңғарған жігіт шапшаң басып үйге кіреді де, шын жүрегі өзі деп тұрған қыз көңілінің кілті болған зарлы, мұңлы бір күйді шертеді. Сонда қыз шелегіне сүт бұлақ болып ағады. Қыздың көз жасы да тоқтаусыз сорғалайды. Осы кезде кемпір-шал да риза болып қызын жігітке атап, ақ батасын берген екен. «Нар идірген» сондағы жігіт шерткен күй дейді.

44. «Нар идірген»

(IV нұсқа)

Ертеде бір кедейдің мал дегенде жалғыз түйесі болыпты. Жазғытұрым түйесі боталап, екі күннен кейін ботасы өліпті. Ботасыз қалған жануар иімей, желіні сыздап, күңірене боздайды. Бұл жағдай кедейдің жанына қатты батады. Қарт жалғыз қызымен ақылдасады. Сонда қызы әкесіне:

— Сіз елге хабар салыңыз? Кімде-кім осы маяны иітсе, сол кісіге мен тұрмысқа шығамын, — депті. Мұны естіген адамдар, түйені домбыраның күйімен ғана иітуге болатынын әңгіме етеді. Талай домбырашылар маяны иітуге келеді, бірақ мая иімейді. Нардың оқиғасы сол өңірге тегіс тарайды. Хабар жеткен жердегі домбырашылар қыздан үміткер болып, өздерінің өнер күштерін сынамақшы оймен жан-жақтан келе береді. Осындай топтың ішінде түрліше жастағы домбырашылар болады.

Шарт бойынша, маяны кім иітсе, қыз сол кісіге тұрмысқа шығуы керек. Қыз маяны құдықтың басына әкеліп, бұйдасын мойнына іледі де, шелегін қолына алып, саууға даяр тұрады. Үш домбырашы келісіп, бірінші кезекті жасы үлкен шалға береді. Шал домбыраның үнін түйенің боздағанындай күңі-

ренте тартқанда, маяның алпыс екі тамыры шымырлап ийіп бастайды. Мұны сезген қыз нардың емшегін қатты қысып тұра береді де, ортасынан аса бергенде:

— Иімеді! Домбыраны келесіге беріңіз, — дейді қыз шалға. Бұл шалға бармау үшін қыздың істеген әрекеті екен. Сөйтіп, шалдың тартқан күйі «Нар идірген» өмірге осылай келулі.

Екінші кезекті алған жігіт домбыраны күңдіренте тартады. Қыз өз ісін сол жерде отырғандарға сездірмес үшін, күй біраз тартылғаннан кейін маяның емшегін босатып сауа беріпті. Сөйтіп, қызды жігіт алатын болады.

Үшінші домбырашы балаға кезек жетпейді. Бұған қатты қапаланған бала, қыздан айырылған өкінішіне арнап «Күйдім, жандым» деген күй тартыпты.

Осылайша, үш домбырашы күйлерін тартып болғаннан соң, өзі өнеріне сенімі мол шал қызға қарап:

— Шырағым! Маяны иіткен мен едім, сіз зорлық жасап отырсыз. Егер осы айтқанымды бекер десеңіз, біз әлгіде тартқан күйлерімізді тартып үшеуміз үш бағытқа кетелік. Осы тұрған жануар кімге «ботам» деп еміреніп ерер екен, — дейді.

Қыз маяны иіткен кім екенін біле тұрса да, шалдың талабын орындауға мәжбүр болады. Айтқандай-ақ, мая шалдың артынан қалмай, шапанын иіскелеп ере беріпті. Мұны көрген халық маяны кім иіткенін біледі. Бұл жағдайды жұртшылық тегіс көрген соң шал қайта келіп қызға:

— Қарағым, бұдан былай өтірікке үйір болма, қалаған қосағыңмен бірге қартай, — деп шын батасын беріп, қызды жігітке қосып кетіпті.

Халық күйі «Нар идірген», немесе, кейбір жерлерде «Өрелі мая» деп аталатын күйдің шығу тарихы осылай болған.

45. «Аққабынның толқыны»

(I нұсқа)

Керей руынан шыққан Мұса деген бір кісі қызын күйеуге ұзатарда қалың малына қосып, «мінгізгенім» деп Бурылат деген атын да береді. Жыл өткен соң Мұса қызын көріп қайтайын деп жекжатының аулына келе жатқан екен дейді. Ауылдың қарасын көрген соң, қолына сыбызғысын алып, «Аққабынның толқыны» деген күйді тартқан екен. Дәм-тұзы бөтен жерге

бұйырған Бурылат шалғайдан сыбызғы үнін естігенде құлағын қайшылап, кісінеп қоя береді. Жайылып жүрген үйірінен жалғыз бөлініп шығып, ауылды айналып шаба беріпті. Жастайынан сыбызғы күйін естіп өскен Бурылаттың бұл мінезін қыз «әкем келе жатыр» екен дегенге жориды. Айтса айтқандай, қыр басына қылт етіп шыға келіп, ауылға құлаған атты кісі әкесі болып шығады.

46. «Аққабынның толқыны»

(II нұсқа)

«Аққабынның толқыны» атты күйдің аңызында Бұхтарма атты өзеннің жағасында тұрған, Керей руындағы тамаша сыбызғышы Мұса туралы айтылады. Ол өзінің жалғыз қызын «Марқакөл» көлінің жағасында тұратын бір қазаққа күйеуге ұзатып, оның жасауына өзінің сүйікті атын береді. Жат жерде ақылды жануар сенделіп жүреді. Бір күні Мұса қызының жағдайын білуге «Марқакөлге» бара жатып жолшыбай «Аққабынның толқыны» атты күйін ойнағанда, жасауға берген Мұсаның аты үйірінен бөлініп шығып, кісінеп ауылды айналып шауып жүреді.

Иесіне шын берілген ат, Мұса ауылға келгенінен тыным таппады. Мұсаның ойнаған сыбызғысының үніне дағдыланып қалған ат, иесінің дауысын он шақырым жерден естіп білді. Асыл мінезді жануардың тынышсыздануын білетін Мұсаның қызы мұны көргенде үй ішіне: «Сірә, менің әкем келе жатқан болар, біздің аттың ойнақшып айнала шабуы тегін емес», — дейді.

47. «Аққу»

(I нұсқа)

Баяғы өткен заманда бір жарлы кемпір өмір сүріпті. Оның бар байлығы — жетім сәбилер — немере ұлы мен немере қызы болыпты. Оның ойлағаны соларды бағып өсіру болған. Кемпір көрші ауылдың байының сиырын сауып, кірін жуып, тамағын пісіріп болмашы ғана еңбек ақысын алып отырған. Немерелері де байдың жұмысын істейді: бала қозы бағады, қыз шай қайнатып, анау-мынауын істейді. Осылайша олар үйтіп-бүйтіп өмір көре береді, тағдырға тағар кінәсі де болмайды. Бір күні ойламаған, күтпеген жерден оларға пәле тап болады. Бай аулына

жау шауып, ел бір түн ішінде сапырылысып басқа жаққа көшіп кетеді, аласапыран кезінде жұртта абайсызда бала-шағасы мен кемпір қалып қояды. Оның үстіне көзге түртсе көргісіз дауылды, ала құйын соғады. Таң ата дауыл басылады, жұртта қалған сорлы бейшаралар аң-таң қалады. Олардың ішейін десе асы, баспанасы тағы жоқ. Жұртта жетім болып қалған сорлылар егіліп тек жылай береді. Баланың әкесінен қалған аң ата-тын мылтығынан және оның екі сұрағынан (ашасынан) басқа олардың дымы болмайтын. Ақыры, алдында балаларын ертіп кемпір, басы ауған жаққа жүре береді. Күні бойы жүріп-жүріп, күн батуға таянғанда әбден діңкелері құрып шаршаған олар, бір-біріне жантая жатып, үлкен көлдің жағасында ұйықтап кетеді. Таң сәріде ұйқылы-ояу жатқан бала бір әдемі дауыс естиді. Ояна келсе, төбесінде айнала ұшып, қонғалы жүрген аққуларды көреді. Бала әлден кейін аққулардың көлге қонғанын сезеді. Бала қуанғаннан әндетеді. Бар деген үйінің қымбат мүлкі — мылтығын алып бала көздеп атып жібереді, бірақ кербез құсқа оның оғы тимей кетеді. Аққулар ұшып кетеді, жолы болмай қамыққан бала көл жағасында қала береді. «Үшеуіміз де енді аштан өлеміз ғой» деп ойлайды ол. Біраз уақыттан кейін осы арадан қашық емес тау мен орман арасындағы көлде аққулар паналайды деген аңшылардың сөзі баланың есіне түседі. Әжесіне осыны айтып, оны қарындасына қалдырып, қолына мылтығын алып, аққулар ұшып кеткен жаққа қарай жүріп кетеді. Жүгіріп келе жатып бала әндетеді:

Барар жерің Балқан тау,
О да біздің көрген тау!

Әбден шалдыққан бала қараңғы түсе, Балқан тауының басына шығып, тұңғиықта жалтыраған көлді көреді. Қалың шөпті қақ жарып жоғары қарай тырмысып, бала көлдің жағасына келіп, тәтті ұйқыға сұңгіп кетеді. Ертеңгісін бала тағы да көл үстінде айналып ұшып жүрген аққуларды көреді. Міне, аққу суға қонды. Ешбір қауіпсіз тұмсығын қанатының астына тығып аққудың ұйықтап кеткенін бала бақылайды. Бала аққуды атып тигізеді. Осы кезде баланы күте-күте зарығып, оның әжесі мен қарындасы жылайды. Бұл кезде атып алған аққуын арқалап, бала да өзінің әжесі мен қарындасына келеді. Оны көріп

қуанғандығынан көңілді ән шырқайды. Олар аққудың етін жеп, тәтті ұйқыға шомып кетеді. Ертеңгісін үшеуі көңілденіп, тынығып алғаннан кейін жолға шығады. Кешке қарай олар қатерлі, қауіпті түнде бұларды далаға тастап, көшіп кеткен ауылға келіп қосылып, бұрынғысындай өмір сүре береді. Бала тек мерген болмаған, әкесінен қонған дарынды, жақсы күйші де болған көрінеді дейді. Еліне келіп «Аққу» атты күйін ол қобызда ойнап береді.

48. «Аққу»

(II нұсқа)

Қап тауы деген дүниедегі ең үлкен тау болады екен. Бергі бетіне қыс түссе, ар жағы жайма-шуақ жаз болғандықтан, әлемдегі жылылықты аңсайтын құс атаулы солай қарай арқан тартып ұшатын көрінеді. Солардың қатарында аққу деген киелі құс та бар екен. Қанаты бүтін, топшысы берік, өзі тың болса, сол Қап тауынан әрі асады екен де, ақсақ, қауырсыны қатпаған, әлсіз болса, бергі жағында қалып қояды екен. Кейбірі неше рет өрлеп, неше рет төмендеп, кейде баяу, кейде жылдам ұшып, әрең асады дейді. Сондағы Қап тауын айналып ұшып жүрген аққудың таудан әрең асқандағы күйі мынау...

(Соңында күйші өзін Қап тауына балап, домбыраны аққу қылып, иығынан асырып тастайды.)

... Сол жолда аққуды бидайық құс қуады. Аққу қашып барып суға түсіп, әрі қарай жүзіп барып, қанатын керіп сілкінеді...

49. «Аққудың зары»

Ертеде бір сұлу қыз бен күйші жігіт бір-біріне ғашық болыпты. Күндердің күнінде жігіт алыс сапарға аттанады. Аман-есен оралып, қыздың ауылына келсе, ол осыдан сәл бұрын қайтыс болған екен. Ел-жұрты сүйегін ауыл шетіндегі көлдің қасындағы төбенің басына жерлейді. Жігіт сол жерге барып, домбырасымен қалыңдығын жоқтап, күні бойы зарлана күй тартады. Көлдің ортасында кішкене арал бар көрінеді. Сол аралды аққулар мекендейді екен. Көл маңындағылар аққу жұмыртқалаған кезде үнемі салға мініп барып жұмыртқасын алып кетіп отырыпты. Жігіт сүйгенін жоқтап мұңайып отырса, бала-

пандарынан айырылып сұңқылдап, тынымсыз ұшып жүрген жалғыз аққуды көреді.

— Бұл дүниеде ұшқан құс, жүгірген аңның бәрі де мұңды, бәрі де зарлы екен ғой, — деп әлгі күйші жігіт аққудың зарын күйге қосып тартқан екен...

50. «Қоңыр бұқа»

Халық аңызында ерте уақытта бір ауылдың өзен жағасында жайылып жүрген бір қора сиырларын жау қуып кетеді. Сол сиырлардың арасында көк бұқа болады. Сол көк бұқа жанына ешкімді жолатпайтын сүзеген болады. Сондықтан да ішінде осы бұқа жүрген бір қора сиыр бойлай басқа малдардан бөлек жайылады екен. Бір күні жем іздеп ашыққан қасқырлар осы бір қора сиырға шабуыл жасайды. Көк бұқа қасқырлармен арпалысып, өзiрге ауылдан кiсiлер келгенше бiрде-бiр сиырды қасқырларға жегiзбей қорғайды. Мiне, көк бұқа тынышсыздана бастайды да, басын қорқынышты көтерiп алып, ауыл жаққа қарап, ауаны иiскелейдi. Өз үйiрiн еш уақытта ауылдан еш адам iздеп келмейтiнiн сезген көк бұқа үйiрiн туған ауылына алып келедi.

51. «Шал бүркіт»

Ертеде бір қазақтың жанында жақсы көретін, қасқыр мен түлкіге найзағайдай түсетін аңшы бүркіті болыпты. Ол көп жыл өмір сүріп, ақырында қартайып аңшылыққа жарамайды. Оның қанат жүні сиреп, құйрығының қауырсындары түсіп, ұша алмай, ұшса қайтып жерге қона алмай қатты қиыншылық көреді. Бір күні аспанда өте жоғары самғап ұшып, содан жерге жақындап келіп, жалбарына аянышты ысқырық үн шығарады да, бірақ қонбайды. Ол солай әбден күш-қуаты біткенше ұшып тастай құлдырап жерге түседі. Құстардың қалықтап түсуіне көмектесетін құйрық қауырсынынан жұрдай болған қарт бүркіт өлімге душар болады. Оның аянышты шаңқылын естіген иесі үйінен жүгіріп шығады. Өлім халінде жатқан бүркітке ол ешқандай айла көмек көрсете алмайды, бірақ көп уақытқа дейін есінен де шығармайды.

52. «Жетім қыз»*(I нұсқа)*

Ертеде бір өзеннің жағасында жетім қыз бен бала болыпты. Ол қыз қайықты жақсы еседі екен. Сол маңдағы балалар бұларға келіп қайықпен ойнап серуендейді екен. Бір күні қыз таудан жүзім жинауға кеткенде үйде қалған бала апасының жоғын пайдаланып қайыққа мініп жүзеді. Бірақ ол қайықты есе білмейтін. Ойламаған жерден қатты дауыл жел тұрып қайық үлкен толқынның арасында аударылады, бала суға кетеді. Жанында қалған жалғыз інісінің суға кетіп өлгенін естіген қыз зарлап жылайды.

53. «Жетім қыз»*(II нұсқа)*

Ертеде бір байдың ауылында өте сұлу қыз бойжетіпті. Өлгіні көрген адам көңілі кетіп, үйленуге құмартады екен де, сөз салады екен. Сонда қыз:

— Мен — әке-шешесі жоқ жетім қызбын, — деп қана жауап береді екен.

Мына сөзді естігендер: «Ой, жетім екен ғой!» — деп ынтықтық райынан айнып, қайтып кете береді екен.

Сондағы қыздың:

— Оу, жетім қыз, жетім қыз,
Көрген жанды ынтықтырды бетің, қыз.
Әкесі жоқ жетім қыздың
Кәдесі жоқ.
Шешесі жоқ жетім қыздың
Некесі жоқ.
Ағасы жоқ жетім қыздың
Бағасы жоқ.
Інісі жоқ жетім қыздың
Тынысы жоқ.
Өз-өзіңмен жетіл, қыз,
Сүйгеніңмен кетіл, қыз! —

деп мұңайып, арман қып тартқаны екен...

54. «Бұлғын—Сусар»

Бұрын елден асқан бір күйші аң-құстармен күй арқылы тілдесіп, сөйлесе береді екен. Оны «аңның тілін білген, құстың үнін түсінген» деп жұрт аса ардақтайтын көрінеді. Бірде әлгі күйші тоғай аралайды. Бір-бірімен таласып жатқан бұлғын мен сусар мұны көре сала тұра қашыпты. Жігіт сонда домбырасын ала салып күй шертіпті. Өлден уақытта әлгі екі аң кілт тоқтап, бір-біріне еркелей жақындап, ойнақтап, күйдің ырғағымен билеп ала жөнеледі. Сондағы сол екі аңды достастырған күй екен...

55. «Жеті атан—Ерке атан»

...Бір бай болыпты. Ол кедейленеді. Күндердің күнінде өледі. Артында азын-аулақ мүлкі, бір ұлы және бір түйесі қалыпты. Сол түйе боталайды. Әлгі ұл ботаны сатамын деп жетелеп жүреді. Сөйтіп жүргенде бір байдың қызы есігінің алдына шығып:

— Әй, жігітім, андағы ботаңды сатасың ба? — дейді.

— Сатам, — дейді жігіт.

Сөйтіп, қыз ботаны сатып алып, жеті жасқа келгенше асырап бағады. Тіл үйретеді, адамның тілін білдіреді. Қыз білгіш екен. Түйенің өсе келе қасиетті болатынын алдын ала байқайды. Түйе өте зор, алып атан болған екен. Оны ел «түйенің пілі», ал қыз «Ерке атан» деп кетеді.

Енді қызға біреу дарияның ар жағынан келіп құда түседі. Қызды ұзатар күн келеді. Отыз күй ойын, қырық күн тойын жасайтын болады. Бай қызға қалау салады:

— Қызым, нарға не арттырайын? — дейді.

Қыз айтады:

— Не арттырушы едіңіз, өзіңіз біліңіз, байсыз ғой. Артқы еліңіз күйінгендей, алдыңғы еліңіз сүйінгендей арттырыңыз, — дейді. Сонда бай жеті атанға жүк арттырады. Қыз өзі асыраған әлгі Ерке атанға келіп:

— Сен «қалып барамын» деме. Мен дарияның ар жағына өтті-ау дегенде маған қарай қаш. Қаш та қуып жет. Мен өтіп болғанша сен де жетесің. Сенің соңыңнан қуады. Қуғанда да қара жорғамен қуады. Ол жеткенше сен судан өт, — дейді. Сонымен қызды ұзатады. Жеті атанға «алдыңғы елім сүйінсін, артқы елім күйінсін» деп жасау-жабдық артады.

Олар ұзап кеткенде, әлгі Ерке атан қашады. Соңынан қара жорғамен қуады.

Ерке атан судан өтіп кетеді. Қара жорға барып суға тіреледі де қалады.

Ерке атан аман-есен судың арғы бетіне өткен соң, қыз жүктің бәрін бір Ерке атанға арттырып, жеті атанды қайыра судан өткізіп, соңындағы еліне айдатып жібереді. Сондағы жеті атанның жүгін жалғыз өзі көтеріп, Ерке атанның жолдың жиегіндегі жантақты шалып жеп, желіп бара жатқаны дейді.

56. «Жаңылтпаш сайқал» (бәдік күй)

Ертеде бір қыз бен жігіт домбыра тартысады. Бірін-бірі жеңе алмайды. Бірінің күйін бірі қайыра тартып ұзақ жауаптасады. Ақыры қыздың күйі артыла бастайды. Сонда жігіт:

— Мен бір «Жаңылтпаш сайқал» деген күй тартамын. Соны қайталасаң, жеңесің, — деп күй тартады. Тартқанда саусағымен «сенікі анау, менікі мынау» деп көрсетіп тартады. (*Бұл өзі ұят күй ғой.*) Қыз жұрттың көзінше әлгінің қол қимылын қайталай алмайтын болған соң, домбыраны тастап, бетін басып шығып кетіпті.

57. «Сұр теке»

Баяғыда бір мерген болыпты. Бір күні баласын аңға ертіп шығады. Баласына:

— Сен мына ну тоғай, қалың құрайдың ар жағына өтіп, аң болса бері айда, — дейді.

Бала тапсырманы орындау үшін тонын теріс айналдырып киіп, тоғайды аралап, қалың құрайдың арасымен келе жатқанда, аңдып отырған әкесі «теке екен» деп атып жібереді. Жетіп келсе, баласы өліп жатады.

Сонда: Қалың құрай, сұр теке,
Мені алмадың, қу теке, —
деп зар еңіреп тартқан күйі екен...

58. «Мұңлық—Зарлық»

Ертеде, қылышынан қан тамған қаһарлы ханның жалғыз қызы бойжеткенде бір кедей жігітке ғашық болып, көңіл қосып жүреді екен. Мұны біліп қойған хан жігітті дарға

астырады. Жігіт өлгеннен кейін қыз мезгіліне жетпей бір ұл, бір қыз табады. Көп көзінен, ел сөзінен сескенген хан жаман атқа қалмаудың амалын іздеп, қос бүлдіршіннің көзін жоюды астыртын Мыстан кемпірге тапсырады. Мыстан кемпір өмірге жаңа ғана келген сәбилерді көз көрмес, құлақ естімес жерге апарып, биік өскен жап-жасыл ағаштың басына қызды шығысқа, ұлды батысқа қаратып іліп кетеді. Нәрестелердің көз жасы тамған ағаш бұтақтары суалып, қуара бастайды. Қос жүрек соғуын тоқтатқанда, бәйтерек те өсуін доғарады.

Ел ішіндегі өсек сөз, өтірік-өкпеге шыдамаған патшаның қызы егізін іздеп жолға шығады. Бармаған жер, баспаған тауы қалмайды. Күлкісіз күндер, ұйқысыз түндер, арманмен айлар, жылаумен жылдар өтеді.

Қатты шаршап, діңкесі қатқан қыз әбден қурап, қабығы түсіп, шіруге айналған биік ағаштың түбіне келіп қисаяды. Ұйықтап кеткен соң, оны бір сүйкімді саз, сиқырлы әуен оятады. Құлақ түріп, тың тыңдаса, «ән салып» тұрған қасындағы биік ағаш екен. Қыз күндіз қос бүлдіршінін іздеп, түнде осы «әнші» ағаштың түбіне келіп, неше түрлі әуез естіп, көңіл жұбатып, тынығып жүреді.

Бір күні айналаға көз салмақ болған қыз ағаштың басына шығамын деп оны құлатып алады. Бірақ көп ұзамай самал соғып, «әнші» ағаш қайта зарлай жөнеледі. Қыз оның құпиясын білмек болып, тексереді. Ағаш жуан түбінен басына дейін қуыс екен. Жіңішке басының екі жағында бұтақтан бұтаққа керіліп қалған ішектерді көреді. Бұл — қыздың екі баласынан қалған жұрнақ еді. Батыс жағындағы ішек бостау, ал шығыс жағындағы ішек қатты тартылыпты. Егізінің өлімінен хабары жоқ қыз, енді ағаш неге ән салатынын түсінеді де, өзі де қуыс ағаш жасап алып, манағы екі ішекті соған тағады. Шертіп көрсе, үні жүрегіне жақын, жанына жайлы естіледі. Қыз байғұс бостау тартылған ішекке үні мұңды шығатындықтан, «ұлым — Мұңлық», ал ащы, тым зарлы шығатындықтан, қатты тартылған ішекке «қызым - Зарлық» деп ат қойып, күндіз-түні қолынан тастамай күй шығарып, ел кезіп, егізін іздеп кеткен екен...

59. «Сал күрең»

Ел ішінде әйгілі бір күйшінің жүйрік күрең аты бәйгенің алдын бермейтін көрінеді. Қазақ-қырғыз бас қосқан үлкен аста бүкіл сыншылар барлық тұлпарды сыннан өткізе келіп, күрең аттың қасына тоқтайды:

— Қамыс құлақ, қой жұтқыншақ, үңгір сағақ, қуыс қолтық, құлан жал, бәйгені өзге алмас, сен аларсың, күрең сал, — деп бағалапты.

Бірақ ат күзетушінің көзін ала бере қаскөй біреу күрең аттың табанына шеге қағып жібереді.

Күйші шегені суырып тастап, бәрібір бәйгеге қосады. Топ ішінен ақсаңдай басып шыққан күрең атқа қарап жұрт:

— Әй, ақсақ атты бәйгеге қосқан қай ақымақ! — деп шулайды. Күйші ерегескенде үндемейді. Денесі қыза келе аяғының ауырғанын ұмытқан күрең сәйгүліктердің бірінен соң бірінен озып, ақыры бірінші болып келеді.

Бірақ мәреге жеткен соң-ақ, аяғын баса алмай, сал болып, жүруден қалады. Күйшінің күреңнің сау күнін армандап, сал күреңнің жүрісін салып тартқаны екен...

60. «Жириенше шешен»

(І нұсқа)

Жириеншенің жары Қарашаш қайтыс болады. Өз Жәнібек хан Жириеншеге:

— Әкесі өлген қалай болады? — дейді.

— Әкесі өлгені — асқар тауы құлағаны, — депті.

— Шешесі өлген қалай болады?

— Сарқылмас бұлағының суалғаны.

— Ағасы өлген қалай болады?

— Оң қанаты қайырылғаны.

— Інісі өлген қалай болады?

— Сол қанаты қайырылғаны.

— Апа-қарындасы өлген қандай болады?

— Өрісі тартылғаны.

— Қатыны өлген қандай болады?

— Аһ, дариға! Қарашашым өлген екен ғой, — деп күңіреніпті де, тұрмыстағы қызына барып, шешесінің өлімін күймен естіріпті. Қарашашты жоқтап күй тартыпты...

61. «Жириенше шешен»

(II нұсқа)

Атақты Жириенше алыста жүргенде, жат жұртта ауырып қайтыс болады. Қара тілдің шешені Жириеншенің еліне сөз тауып, жөн біліп естіртуге ешкімнің батылы бармайды екен. Сол ауылда жалғыз жетім бала бар екен:

— Жириенше шешеннің өлімін үй-ішіне мен естіртемін, — деп Жириеншенің ауылына жетіп, үйіне кіріп келеді. Кіріп келсе, төрде бір сұлу қыз отырады.

— Сіз кімі боласыз Жириенше шешеннің? — дейді.

— Мен Жириеншенің қызы Қарлығашпын, — дейді.

— Олай болса, тыңда, — деп жетім бала домбыраны теріс бұрауға салып, «әкең өлді, қарындас» дегізіп, бір зарлы күйді тарта жөнеліпті.

Қабырғасы қайысқан Қарлығаштың көңілін жұбатпақ болып, жетім бала домбыраны оң бұрауға түзеп, сабырлы салмақты тарта келе, өзінің де жетімдігі есіне түсіп кетіп, зарлап қоя бергені дейді.

62. «Батырдың арман күйі»

Қалмақтардың ауылын шауып, малын тартып алып, жылқыларын айдап келе жатқан батырдың алдынан біреу шығып:

— Уа, батыр, осынша жылқыны өзің бағасың ба, балаңа бақтырасың ба? — деп сұрапты.

Сонда батырдың баласының жоқтығы есіне түсіп, күйініп тартқаны дейді.

63. «Алып қара құс»

Баяғыда кемпір мен шал мал бағыпты. Тоғыз ұлы бірінен соң бірі ес біле бастағанда шетіней береді екен. Оныншы ұлы дүниеге келгенде, шілдехананың үстіне құдайы қонақ келіп қоныпты. Қонақ кетерінде:

— Сіздің балаларыңыздың иесі алып қара құс. Сол иесіне жетпей, тіл-көзден өледі екен. Бұл ауылдан жыраққа кетіңдер. Ұлыңыз ер жеткен соң ораласыздар, — дейді.

Кеткен соң «қонақ — қыдыр, айтқаны жөн болар» деп кемпір мен шал бір түнде көшіп, бір тоғайдың шетіне барып үйлерін тігіп, сонда өмір сүре бастайды. Бала үш-төрт жасқа келеді.

Күндердің күнінде шал аңға шығып, жебесіне еш нәрсе ілінбей арып-ашып қайтып келе жатса, аспаннан бір алып қара құс көрінеді. Тырнағына қыстырған қызарғаны бар. Мұны көріп шал:

— Дәу де болса, сен еліктің лағын әкетіп бара жатсың ғой, — деп көздеп тұрып үш мәрте атады. Сонда құс қалықтап барып үлкен дарияның ар жағына құлайды. Шал олжаға кенелдім деп масаттанып, сал жасап дарияның ар жағына әрең өтіп, құсқа жетіп барса, қасында сұлап өзінің баласы жатады. Тасқа ұрылған алып қара құста жан жоқ.

Шал жылап-еңіреп, етегі жасқа толып отырғанда, құсқа жанда, тіл де бітіпті:

— Ей, аңшы, сенің ұлдарыңның көктегі иесі мен едім. Тоғыз ұлыңды елің өлтірді. Соңғы ұлыңды өзің өлтірдің. Мен оны ада-сып келе жатқан жерінен алып келе жатыр ем. Сен оны көктегі иесінен айырдың, — деп өледі.

Сонда барып шалдың есіне баяғы құдайы қонақтың сөзі түседі де, бармағын тістейді. Баласын шекпеніне орап үйіне оралады. Үйінде бәйбішесі жоқ екен. Баланы күндегі жататын орнына жатқызып қойып, домбырасын қолына алып, теріс бұрап отырғанда кемпірі кіріп келеді:

— Ой, құдай-ай, аспаннан алып қара құс көріп, балама бірдеңе болды ма деп өкпемді қолыма алып жүгіріп келмеймін бе? Сен нағып қабағыңды түйіп отырсың? «Таңғы нәсіп тәңірден», «Өлмегенге өлі балық жолығар». Елден, жұрттан айналайын, сәлемдеме беріп жіберді, — дегенде, шал «Балаң өлді, бәйбіше» деп естірту күйін тартқан екен.

Күйді тыңдап бола бере кемпірі:

— Әй, шал, сен мұндай күйді тартпаушы едің. Мынауың суық хабар айтып тұр ғой, — деп, жүгіріп барып шалдың шекпенін көтеріп қалғанда, ұзыннан түскен ұлы сұлық жатыр екен. Сонда қарғап-сілеп, шалдың домбырасын қолынан жұлып алып, «Құлыным!», «Құлыным!» деп зарлап, солқылдап, өксіп күй тарта жөнеледі...

... Кемпірдің күйі тым зарлы, зәрлі, ащы болып, шал да шыдай алмай домбыраны қолына қайыра алып, «Ойбай, ботам!» деп егіле тартады да, соңынан «Жылама, қатын, жылама» деп жұбату күйін шертеді.

... Сөйтіп, кемпір мен шал баланың өлігін көтеріп елге оралыпты. *(Ескерту: Тағы бір нұсқасында күй соңында бала тіріліп, көзін ашып алыпты, — делінеді.)*

64. «Кенесары—Наурызбай»

Орыс әскерімен белдесуге күш жию үшін:

Қамауда жатып хал болмас,

Қасыңа қалың ел қонбас, —

деп, Кенесары соңынан ерген елімен, батырларымен Ілені кесіп өтіп, Шу бойын өрлей көшпеді ме? Сонан Қордайда шапырашты Тойшыбек батырдың ауылына тоқтайды ғой. Атағы жер жарған Кенесары, Наурызбай келді деген соң, ұлы жүз елі қалмай жиналады. Күні-түні Кененің ауылын босатпайды. Дулаттың батыры Сыпатай да, шапыраштының ерлері Саурық, Сұраншы да, қоңыраттан шыққан Байзақ та, төре Рүстем де қалмай келеді. Кенесары екі күн ұдай ешбір адаммен сөйлеспей, маңдайын ұстап, ауыр ойланып, төмен қарап отырып алды. Рүстем төре де, Сыпатай батыр да Кенесары отырған ақбоз үйдің алдынан анадай жерден түсіп, «алдиярлап» қолын қусырып, рұқсат сұраудан басқа бір ауыз тіл қата алмаған. Келгендердің бәрімен Наурызбай ғана сөйлескен. Сонда 19 жасар жас батыр Сұраншы атының басын Кенесары отырған үйге тіреп тұрып, есіктің маңдайшасын көтеріп, былай депті:

— Хан бетін басып, басын тұқыртып, неге төмен қарай береді? Біз ұялшақ қатын көргелі келгеніміз жоқ, ондай қатындар ауылымызда жеткілікті, біз ел бастаған, жау жасқаған батырды көргелі келдік, — депті. Сонда Кенесары басын жұлып алып:

— Уа, ерім екенсің ғой, атыңнан түсіп, жоғары шық, — депті.

Сұраншыға оң тізесін беріпті. Сонан кейін барып Сыпатай, Рүстемдер де «алдиярлап» үйге кірген екен. Бірақ Кенесары олардың бірде-бірімен жылы сөйлеспей, өзінің үйіне баса-көктеп кірген ер жігіттермен ашылып сөйлесіпті.

Он жеті жасар Байсейіт батыр да атымен құйғытып шауып келіп, Кенесарының отырған үйінің дәл табалдырығының алдына тоқтапты. Әкесі Тойшыбек:

— Бұл не бейбастылық, сен ханды басынамысың? — деп шыға келіп ұрысқан екен, Байсейіт кимелеп:

— Мен хан деп келгем жоқ, батыр деп келдім, батырдан батыр қорықпайды, — деп үйге кіре беріпті. Кенесары бұған да оң тізесінен орын берген.

Кенесарыға еріп келген өңкей батырларға Жетісудың кілең айбынды ерлері қосылып, Алатауды сілкінткендей бір қалың қайратты қол құралады...

65. «Бесік күй»

Бір күйші-батыр жортып келе жатса, алдынан жау шауып кеткен жұрттан жалғыз қараша үй шығады. Өлгі үйге жақындаса, іңгөлап шырылдап жатқан баланың үні естіледі. Жақын келіп үйге кірсе, бесікті құшақтаған күйі бір әйел өліп жатыр екен. Анасын жерлеп болғанша бесіктегі бала шырылдап жылауын қоймайды. Сонда күйші-батыр айдалада жалғыз қалған бесіктегі баланы тербетіп тартқан күйі екен...

66. «Сарбарпы бұлбұл»

(I нұсқа)

Сарбарпы — адамның құсқа айналған түрі екен дейді. Баяғыда елден асқан оқымысты адам болыпты. Көктің де, жердің де, судың да, оттың да, құстың да құпиясын біліпті. Бірақ адамзатқа ешбір пайда келтірмепті. Сондықтан Алла тағала оны құсқа айналдырып жіберіпті.

66. «Сарбарпы бұлбұл»

(II нұсқа)

Баяғыда Сарбарпы аталған сайрауық құс болыпты. Өте сұлу Сарбарпы сайрағанда ұшқан құс қонып, жүгірген аң тоқтап, естіген адам ұйып тыңдайды екен. Сондай қасиеттерін — сұлулығын да, сайрауықтығын қызғанған құрлықтағы жылан атаулы бұлбұлдың балапандарын жеп қоя беріпті. Сарбарпы енді ұясын судың жағасына салады. Мұнда су жылан тыныштық бермепті. Көкте қырғи, жерде жылан тұқымын құрта берген соң зар еңірей сайрапты. Оның сайрағанын су тартылып, күн тұтылып, тау шайқалып, дауыл көтеріліпті. Бірақ ешбір аң немесе құс жәрдем жасамапты. Сонда бір аңшы көріп, естіп,

Сарбарпы бұлбұлды әлгі озбырлықтан құтқарыпты. Өзінің үйіне әкеліп, төрінде бағыпты. Содан бастап Сарбарпы бұлбұл адамның айнымас досы, жыршы құсы болыпты...

67. «Нұрғазарын бұлбұл»

Баяғыда Махмұд деген елден асқан әділетті патша болыпты. Оның Асан, Үсен, Хасан деген үш ұлы бар екен. Күндердің күнінде Махмұд түс көреді, түсінде ғажайып құс көреді. Әлгі құс жер мен көктің ортасы, көк перілер шаһарында, тордың ішінде тұрады. Соны қолына түсіруді армандап, күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айрылады. Тіпті, тағынан безіп, көшедегі күлге аунап жатып қалады. Содан Асан мен Үсен әке арманын орындап келуге жолға шығады.

Ең кішісі Хасан да сұранады. Әкесі өрең жібереді. Хасан екі ағасын қуып жетеді. Үшеуі келе жатып үш айрыққа тап болады. Сол жерде тас бар екен, тастағы жазуда бірінші жол — «барса келер», екінші жол — «келер-келмес», үшінші жол — «барса келмес» деп жазылыпты. Хасан жасы кіші болғандықтан үшінші жолға түсіпті.

Әуелі Гүлбаһрам перінің шаһарына келеді. Мыстан кемпір бар екен, ол Хасанды киікке айналдырып жібереді, бірақ Гүлбаһрам оны қайта адамға айналдырып, өзі ғашық болып елу күн, елу түн бірге болады да, Хасанды қимай жолға салады.

Жылдар жүріп биік таудың басына шыққанда, алып ағаш кезігеді. Ағаш басында екі басты Самұрық құстың ұясы бар екен, ұяда балапандары жатады. Сол ұяның астында дем алып жатса, жеті басты айдаһар өрмелеп келе жатады. Хасан қорықпай жеті басты жеті жаққа ұшырып, тыныш демала береді. Әлден уақта күн тұтылып, дауыл тұрып, ағаш ырғалады. Сөйтсе, Самұрық ұшып келіп қонған екен. Хасанды көріп өлтірейін дегенде, балапандары араша болады.

— Сен жоқта бізді жеті басты айдаһар жеп кетуші еді, оны өлтірген сол адам, — дейді.

Самұрық Хасанды қасына алады. Жөн сұрасады. Мән-жайды білген соң:

— Е... е, Хасан, жолың ұзақ. Жеті дарияның ар жағында, көк перісі — Ғайнижамалдың шаһарында ол құс. Пері, жын, диюдың бәрі сонда. Олар тек адам етімен қоректенеді. Сен оған

бара алмайсың, барғанмен аман оралмайсың, кері қайт,— дейді.

Хасан көнбейді. Амал жоқ, Самұрық жетпіс киіктің етін алып, жетпіс мес су алып, арқасына Хасанды мінгізіп, жеті дарияның ар жағына қарай ұшты дейді. Әр дариядан он күнде өтеді екен. Самұрық күніне бір киіктің етін жеп, бір мес суды ішеді екен. Ең соңғы күні Хасан киік етін түсіріп алады да, өз санынан ет кесіп береді.

Жетпісінші күні Ғайнижамал перінің шаһарына жетеді. Келсе, перілердің бәрі ұйқыда екен. Ғайнижамал да ұйқыда. Тек Нұрғазарын бұлбұл ғана ояу. Күлсе, көмейінен гүл төгіледі екен. Хасан жөнін айтып зарлайды. Нұрғазарынға:

— Жүрші әкеме, әкем сенсіз өлетін болды, мен әкемнің алдындағы перзенттік парызымды өтеу үшін сонша азаптан өтіп келдім, сөзімді жерге тастай көрме, — дейді.

Нұрғазарын бұлбұл адамша сайрағанда тілінен бал тамады екен, ақылы адамзаттан артық екен, тек денесі құс екен. Онда да басы лағыл, көзі алтын, кеудесі күміс, қанаты жауһар, құйрығы зүбәржат, әр қауырсыны күн нұрымен шағылысып, көздің жауын алады екен.

Хасанға айтады:

— Жарайды. Сен маған ұнадың. Тек менің айтқанымды орында. Әуелі ұйықтап жатқанда Ғайнижамалға қосыл. Мен некелеріңді қиямын. Өз жүзіңді оған сал, оның жүзігін өзіңе сал, — дейді.

Хасан айтқанын істеді. Нұрғазарынды алып Самұрыққа келді. Самұрық Хасанға айтты:

— Алпыс тоғызыншы күні сен соңғы киікті түсіріп алдың. Сонда маған ненің етін бердің? Сондай тәтті, сондай қуатты болды, — деді.

Хасан айтты:

— Өз санымнан кесіп бердім, — деді.

Самұрық екеуін алып ұшты. Ұясына әкелді. Келген соң:

— Сен маған жақсы дос болдың. Өз етіңді кесіп бердің. Мен саған бір қанатымды беремін. Осыған мініп еліңе жетесің, — деді.

Хасан Нұрғазарынды алып ұшты. Жер перісі Гүлбаһрамға келді. Гүлбаһрам жақсылап қарсы алды. Бір оқ берді.

— Осы оқпен сені киікке айналдырған мыстан періні атып өлтіріп кел, әйтпесе кете алмаймыз, — деді.

Хасан барып Мыстан кемпірді көздемей атты, оқ өзі қуалап жүріп зәлімнің табанынан кіріп, миынан бір-ақ шықты. Сөйтіп, өлді. Гүлбаһрам далада жүрген киіктердің бәрін адамға айналдырып, тіл бітірді. Бәрін де әлгі мыстан оқып тастаған екен. Бәрі де батыр екен. Хасанға ерді. Қалың қол болды. Еліне тартты. Жолда азып-тозып жүрген екі ағасын көрді. Азаптан құтқарды. Бірақ жолда Асан мен Үсен арамдық ойлады. Хасанды құдыққа құлатып, таспен басып кете барды.

Елге келгенде бір күнде аспаннан адам жауды. Сөйтсе, Ғайнижамал мен оның пері, дию, жындары екен. Махмұдқа жолықты. «Нұрғазарынды ұрлаған адамды көрсет» деді. Үсенді шақырды.

— Сен қалай алдың Нұрғазарынды? — деді Ғайни пері. Үсен айтты:

— Атпен барып едім, сіздер түгел ұйықтап жатыр екенсіңдер, ала қаштым, — деді.

Асанды шақырды:

— Желмаямен барсам, перілер ұйықтап жатыр екен. Ала қаштым, — деді.

Ғайнижамал сенбеді. Нұрғазарын бұлбұлға «сайра» деді. Бұл құстың адамша сөйлейтінін Үсен мен Асан білмеді. Нұрғазарын барлық оқиғаны бастан аяқ сайрап берді.

Ғайнижамал Үсен мен Асанның басын алды. Өзінің Махмұд патшаға келін болғанын біліп ұялды. Бір күннің ішінде Хасанды алып келтірді.

Оң жағында жер перісі Гүлбаһрам, сол жағында көк перісі Ғайнижамал, екеуін де қатын қылған Хасан көп кешікпей әкесі ұсынған таққа отырып, әділ патша болды.

Аңыздағы Хасанның ақыл-парасатына тамсанған күйші, «ұл туса, Хасандай боп тусын» деп осы күүді тартыпты.

68. «Жалғыз көзді әулие»

Баяғы өткен заманда бір асқан байдың бар жылқысын жау барымталап алып кетіпті. Бай не істерін білмей қайғырып жүргенде, бір әйел жолығыпты:

— Бай-еке, жылқыларыңның жартысын берсең, мен малыңды түгел қайтарып әкелем, — деген екен. Бай бұл талапты қабыл алыпты.

Ал әйелдің сондағы күйеуі жалғыз көзді әулие екен. Соның жалғыз қара айғыры болыпты. Күйеуін сол қара айғырына мінгізіп, алдына үлкен қарағайды бүрімен өңгертіп, арқанмен таңып, жаудың кеткен ізімен жетелей жөнеліпті.

Жылқыларды айдап бара жатқан жаудың шеті көрінгенде, әйел қара айғырдың жүгенін сыпырып қоя берген екен. Жылқыларды көрген қара айғыр жауға қарай кісіней азынап шаба жөнеледі.

Қара айғырдың шабысы арқасын қоздырған, делебесін оятқан жалғыз көзді әулие қаһарланып жауға жете бергенде, «Тоқта! Тоқта деймін!» деп айғай салыпты.

Азынап шапқан қара айғырды, үстіндегі алпамсадай жалғыз көзді әулиені, алдына өңгеріп алған дәу қарағайды көрген жау «бір сұмдық келе жатыр екен» деп, айдаған жылқыларын тастай салып, жан-жаққа қашып кетіпті.

Жалғыз көзді әулие болса, жауды жеңіп, аман-есен аулына қарай қуана шауыпты.

69. «Бөкен жарғақ»

(II нұсқа)

Баяғыда бір елге оба тарап, оның үстіне ақ сүйек жұт болып, ел түгел қырылып, тек бір жігіт қарындасымен ғана аман қалған екен. Жігіт аң аулап, қарындасы екеуі аңның терісін киіп, етін азық етіп күнелтіп жүріпті.

Шіліңгір шілденің бір күнінде ыстықтамас үшін бөкен терісінен киген киімнің жүнін сыртына қаратып киіп алған жігіт күндегі бөкен аулайтын бөкен жалаққа тартыпты. Ол Бөкен жалақтың маңына таяп барып бөкен аңдып бүк түсіп жатады.

Осы кезде тағы бір аңшы жігіт бөкен ауламақ болып осы маңайға келеді де, бүк түсіп жатқан бөкенді көріп атып қалады. Аңшы жігіт оны бауыздап алмақ болып жүгіріп жетіп келсе, бөкен емес бір жігіттің жайрап жатқанын көреді. Оқыс жазаға жаны ашып кеткен жігіт мұңайып ойға кетеді.

«Бұл жігіт те мен секілді жалғыз ба екен, әлде серігі бар ма екен? Егер серігі болса іздеп келер» деп тосып отырады. Ертеңінде бір қыз келіп жігіттің өлігін көріп зар еңіреп жылайды. Мұны анадайдан көріп отырған жігіт қыздың жанына келіп:

— Ағаңды бөкен деп мен атып едім, әдейі атқам жоқ. Мен де жалғызбын, адам баласын көрмей далада жүргеніме талай жыл болды. Адам екенін білсем, бүйтер ме едім! Ағаңның өліміне мен де арманда қалып бармағымды шайнадым. Бақиға жол алған оралмайды. Ағаң үшін кегімді алам десең, міне құрал, мені ат та кегінді ал. Мен де оның соңынан кетейін, бұл өкініштің куәсі болып артымызда сен қал! — деп жігіт қолындағы қаруын ұсынады.

Көп жылап іші-бауыры езілген қыз, ақылы сабасына түскен соң жігітті өлтіруге қимайды да, жігітпен бірге өмір сүруді жөн көреді және жігітке: «Менің өксік атқан зарымды тарихқа қалдырар өнерің бар ма?» дейді. Жігіт: «бар» дейді де ұзақ толғанып алған соң, домбыраға қыздың оқыс өлген ағасын жоқтап зарлап жылаған қасіретін «Өттең, бөкен жарғақ-ай! Өттең, бөкен жарғақ-ай!» деген күйге айналдырып шертеді екен.

Халық күйі «Бөкен жарғақ» осылай шығыпты.

70. «Жалғыз жігіт»

(*І нұсқа*)

Бір жылы Ертіс өзені өткел бермей Қара айғыр деген жерден ел тосылып, төрт түлік мал неше күн иіріліп күйісі кетеді. Ел ағалары бұлай ширыға бермей ел мен малды судың аржағына өткізуді ақылдасады да, адамды да, малды да қырқарлап өткізе бастайды.

Осы арпалыста астында шолақ торы байталы бар бір жетім жігіт, елден қалмайын деп, байталымен суға түсіп кетеді. Аласұрған ақ бурыл толқын, арық байталы мен жалғыз жігітті ала жөнеледі. Сонда жалғыз жігіт өзінің қылығына өкініп:

Ат сал! Ат сал елім! Ат сал! — деп зар қаққанымен, аранын ашқан ажалға кім бара қойсын, сонда астында көк байталы бар Бейілбай деген тағы бір жарлы жігіт, зар қаққан құрбыласын құтқаруға, «көк байтал жаның үшін жүзерсің» деп, байталымен суға күп береді.

Асау толқын Бейілбайды да ала жөнеледі. Әйтеуір лақтырылған шалмаулардың бірі түсіп, ол зорға құтқарылады. Бірақ әлгі жігіт сол беті суға кетеді. Бейілбай мен Қамади жалғыздық пен жарлылықтан туған мына ойға кейінгілердің есінде жүрсін деп «Жалғыз жігіт» күйін шығарады.

71. «Жалғыз жігіт»

(II нұсқа)

Ертеде ешбір туыс-туғаны жоқ бір жалқы жігіт болған екен. Жалғыздық мұңын ешкімге айта алмағандықтан домбыра мен сыбызғыны ермек етіп, ішкі дертін шығарады екен.

Ол шерткен күйлерінде ылғи бір зардың сарыны білініп тұратындықтан, ел де бара-бара көп тыңдайтын болыпты. Әйтсе де, олар мұңлы-зарлы күйдің нендей күйініштен туғанын білмек болып, жігіттен:

— Бұл немене деген күй? — деп сұрағанда, жігіт:

— Өзім де білмеймін, — деп құтылады екен. Бірақ ол күй шерткенін қоймапты. Ел іздеп келіп тыңдауын тоқтатпапты. Кейін келе ел оның осындай атсыз көп күйлерін тыңдай беріп, ақыры «Жалғыз жігіттің күйі» немесе «Жалғыз жігіт» деп атап кетіпті.

— Мұңлы-зарлы бұл күйлерді ел бірден-бірге таратып кетіпті. Күндердің бірінде бір байдың күйге құмар қызы естіп, әлгі күйші жігітке ғашық болыпты. Уақыт өте келе қыздың ғашық екенін білген жігіт, жалғыз деп кемсітпей ғашық болған қызға ынтық болыпты. Бұл оның жалғыздық мұңына тағы бір қасірет болып қосылыпты. Қызға сөйлесуге жалғыздығы, байға сөйлесуге кедейлігі тұсау болған соң, ол тағы домбыра, сыбызғысымен сол арманын күйге айналдырып, шерлі жүрегінен «Делдал» деген күй шығарыпты.

72. «Көк төбет»

(I нұсқа)

Бір қойшы бір байдың қойын талай жыл бағып, тышқақ лағын да ит-құсқа бермепті.

Өзі өрісте ұйқыдан, түнде күлкіден де ексе емес екен. Мұның сыры күндіз-түні қасынан қалмайтын көк төбетінде екен. Көк төбет қасқырды қойып, аюға да айбарлы екен. Бұған дән риза болған қойшы, кезеңде отырып, «Көк төбет» деген сыбызғы күйін шығарған екен.

73. «Көк төбет»

(II нұсқа)

Ел аузындағы аңыздарда «Көк төбет» күйінің шығуы әртүрлі айтылады. Соның бірі, Алтайды мекендеген Зуқа батырдың ауыл маңына бөтен адам бастырмайтын, атты адамның дыбысын күншілік жерден сезетін, құнан өгіздей көк төбеті бар екен. Зуқаға қатты өштескен үкімет Зуқаның мықты жігіттерінің алысқа, жортуылға аттанып кеткенін, жақын мезгілде қайтып оралмайтынын білген соң Зуқаны ұстауға шерік аттандырған. Осы кезде оның көк төбеті үш күн жатпай үрген. Итте тіл жоқ, болмаса ол бір қауіптің болатынын сезген. Ұдайы үш күн, үш түн үрген ит, үшінші күн таңға жақын дауысы қарылып, жағы талып, үні өшкен екен. Дәл осы кезде Зуқа таң намазын оқуға қамданады. Күндіз қарауылдап, қараңғы түсе ауылды қоршап алған шеріктер дәл осы сәтте оның үйіне басып кіреді. Зуқа не мылтық алып атысуға, не қашып шығуға үлгірмей қалады да, тек қолына түскен кереге басында ілулі тұрған кісенмен мықтысынып алдымен кірген екі шерікті ұрып өлтіреді. Бірақ мұздай қаруланған көп шерік оны осы арада атып жібереді. Дайын тұрғандар жалма-жан басын алып, зыта жөнеледі. Осы оқиғадан бұрын да талай рет Зуқаны ұстауға келген әскерлерді көк төбет алдын ала біліп үргеннен кейін, адамдар дайындық көріп, жаудың сазайын тарттырып, өздері аман қалған. Бұл реткі көк төбеттің үш күн үргенін ескермеген Зуқа ауылы арманда қалыпты, осыны ел есіне салған бір күйші «Көк төбет» күйін шерткен екен.

74. «Ыңыршақты боз»

Жалғыз боз атынан басқа ешбір көлігі жоқ бір кедей болыпты. Оның жайшылықта бұта артар, көшкенде жүк артар көлігі де осы аты екен.

Ол бір күні бар-жоғын боз атына артып, көшіп бара жатса, бір ауылда қалың адам жиналып ас беріп, бөйге қосып, дырдуман болып жатыпты. Олардың тұсынан әлгі адам боз атын жетектеп өтіп бара жатқанда, боз аты бір күрсініп қалған екен, тарту арқаны үзіліп кетіпті. Мұны көрген әлгі кедей: «е, жануар-ай, ішінде өнерің бар екен ғой, сенің де қарызыңнан бір құтылайын» деп жүгін сол жерге түсіріп тастап, аттың

ыңыршағын алмастан, бөйге болып жатқан ауылға барыпты, оған ешкім қарап та қоймапты. Тек аттарды айдайтын кезде кедей: «Атымның арқасы жайдақ мінуге келмейді, ыңыршағымен балам мініп барады», — депті де қалың жүйріктердің соңынан ілестіріп жіберіпті.

Бөйге келеді-ау деген мезгілде аты барлар да, басқалар да кезеңге шығып, шаң көрінген жаққа қараумен болады. Бірі ана ат келеді десе, бірі мына ат келеді деп тұрғанда, жалғыз шыққан боз ат екені анық болады. Аздан соң басқа аттардан көш бұрын ыңыршағын сүйретіп боз ат келген екен.

Үстіндегі баласы жығылып, ыңыршағымен келген атқа, жол бойынша екінші бөйге беріліпті. Осыдан бастап, бұл кедейдің күйсіз көлігі — боз атқа арналып «Біңыршақты боз» деген күй шығарылған екен.

75. «Алшаң қоңыр»

Базарқұл Байынқара деген кісі болыпты. Ол киімді тым сәндеп киетін сәнқой, атты таңдап, баптап мінетін мырза екен.

Бір жолы бір ауылда үлкен той болып, тойдың дыр-думанын анадайдағы дөң басына шығып, тамашалап тұрған ел ағалары, топ арасынан өзімен аты құп жарасқан, атқа отырысы мен дене бітімі келіскен бір жігітке таңырқасып қалады. Бұлардың өзін сөзқып тұрғанын аңғармаған әлгі жігіт қоңыр атты алшаң бастырып көлденеңдей өте берген екен. Мәми Бейсі қасындағыларға:

— Өке-ау, керейден де мұндай келісті азамат, осындай әдемі ат шығады екен-ау?! — депті.

Мұны өз құлағымен естіп Бейсімен бірге таңырқаған бір күйші, әлгі жігіттің қоңыр атының алшаңдай басқан әсем жүрісіне «Алшаң қоңыр» деген күй арнаған екен.

76. «Көк дөнен»

Мұңғұл мен қазақ арасының дау-шары бір кездері асқынып соғысқа айналыпты.

Бұл соғысқа көк дөненин мініп, бала Жәнібек те шығады. Хан Абылай мұны көрсе де, бетінен қақпапты.

Сұрапыл соғыс бастала сала-ақ, қарсы жақтың күші басым келіп, Абылай жақ ығысып қашқан екен. Қалың айғай-сүрен,

у да шудың ішінде жүрген Жәнібек бір кезде Абылайдың арта қалып қойғанын аңғарып, жау жаққа қайта ұмтылыпты да, Абылайды ұтылап, қаумалап жүрген жауға араласып кетіпті. Жаудың бірталайын жер құштырып, бетін бір қайтарып жіберіп, Абылайға келіп, көк дөненін көлденең тартып:

— Қашып құтылыңыз, жаумен мен айқасамын! — депті. Абылай намыс көріп, көк дөненге мінгісі келмеді. Сонда Жәнібек ызаланып:

— Басыңды жауыңа алдырғанша, өзім алайын! — деп қылышын суырып алған екен. Абылай амалсыз көк дөненге мініпті. Жәнібек Абылайдың атымен қайта соғысқа шығып, жауды қанға тоғытып, бетін қайтарыпты.

Жаудың беті қайтқан соң Жәнібек бір кезеңге шығып, атын қаңтарып тастап, демалайын деп ұйықтап қалады.

Қайтып барған Абылай тобының ішіндегі керейдің бір шалы, Жәнібектің қайтып келмегенін біліп, іздеп шығады. Шал Жәнібек жатқан маңға келгенде атын қаңтарып тастап ұйқыда жатқан Жәнібекті көреді. Шал Жәнібекті оятып, ахуалды оған айтады да, топқа бастап кетеді.

Бұл кезде ордадан Абылай да «көк дөненін берген баланы қайта көремін» деп қузау салып жатқан кезі екен. Осы кездің үстіне Қабанбай келіп ханға үш талап қойған екен.

Сондағы үш талабы мынау екен: оң тізесінен орын беру; ол болмаса, асық жіліктің басын ұстатып бала қылып алу; ол да болмаса, қолында ұстап туын беру. Сонда Абылай тұрып:

— Оң тіземе отырғызып уәзір етсем, халық не дейді? Ал асық жіліктің басын ұстатып бала қылып алғаныммен кісі баласы кісіге бала бола ма? Ең дұрысы ешкімнің таласы жоқ, туымды берейін, — деп Жәнібекке қолындағы туын берген екен. (Осы туды Жәнібектің үшінші немересі Зарыққан сақтап келген)

Бұл аңыз елге тарап, ханды жаудан құтқарып кеткен көк дөненді домбырашылар күй етіп, «Жәнібектің көк дөнені» деп шерткен. Осы күй шертілсе болғаны, ел әруақты батыр Жәнібектің ерліктерін еске алады.

77. «Ала айғыр»

Ерте уақытта жылқылы бір бай болыпты. Оның жылқысында бітімі бөлек бір айғыры бар екен.

Бір жылы қарашада осы айғыры із-тозсыз жоғалып, бай тұс-тұсқа жоқшы аттандырды. Жоқшылар қанша сандалса да, бәрі байдың алдына құр оралыпты.

Сөйтіп жүргенде аяқ астынан әлгі жоғалған ала айғыр өзі жылқыға келіп, бай мен жылқышыларды қайран қалдырыпты.

Арқа-басы бүтін, қайта оралған айғырын көрген бай жылқышыларына:

— Ала айғыр үйірін қалай айдаса, сендер де ол жүрген бағытпен жылқыны айдаңдар, ол хайуан да болса қыстың қатаң боларын сезіп, өз үйіріне жер шалып келген секілді, — дейді.

Айтса, айтқандай болып шығады. Ала айғыр өз үйірін айдайды. Жылқышылар да барлық жылқыны оның соңынан салады. Олар осы жүріспен айлық жол жүріп, іздесе табылмайтын бір түнкелі иен далаға барып тиянақтайды. Жылқышылар бір қысты осы жерде өткізіп, жылқысы аман-есен жазғытұрым бай аулына келеді. Қыс орасан қатты болғандықтан, басқа жердегі байлардың жылқылары түгел жұтап қалған екен. Қуанышқа бөленген байдың ауылы ақсарбас сойып той жасапты. Сол тойда бір домбырашы елдің ала айғырға алғысын бейнелеп «Ала айғыр» күйін шерткен екен.

78. «Мұңлы қыз»

(I нұсқа)

Бұрын бір жетім қыз болыпты. Бір күні таңғы алаң-елеңде біреудің тепкілеуімен қыз шырт ұйқыдан шошып ояныпты. Орнынан ұшып тұрып қараса, өгей шешесі екен. Қорқып, дірілдеп тұрған бишара қызға өшіге қараған өгей шешесі:

— Жатамысың, мынаған толтырып бүлдірген теріп кел! — деп аяғымен қауға шелекті қызға қарай теуіп жіберіпті. Қыз шелекті алып тауға кетіпті.

Қыздың әкесі көшетін болған соң, бір күн бұрын жоғалып кеткен екі сиырын іздеп кетіп, сол сиырларын тауып, ертемен үйіне келсе, әйелінің үйін жығып көліктерге артып-тартып жатқанының үстінен түседі. Келе сала көш қамымен болып көшті жүргізеді. Балалары көп болғандықтан әлгі қызын да жоқтамайды.

Олар жаңа қонысқа қонып су әкелуге қамданғанда, шелектің біреуі жоқ болып шығады. Сонан өгей шешенің қылығын білетін қыз әкесі зар илеп жұртқа шабады.

Ал қызы әлгі шелекті түс ауғанда әрең толтырып, аш қарын сүйретіліп үйіне келсе, күлі шашылып жұрты жатыпты. Қыз мұны көріп өгей шешенің қылығын ойлап, өз шешесін сағынып еңіреп жылап отырғанда, астындағы атын қара тер қып әкесі жетіп, аттан домалай түсіп қызын құшақтап, екеуі бірдей егіліп жылайды.

Бір қауымнан кейін әкесі: «Жұр, балам, кетейік» дегенде, жетім қыз жылап тұрып:

— Бармайыншы, әкем-ай, күн көрсетпейді шешем-ай! — деген екен.

Бұны естіген елдің қызға жаны ашыпты.. Бір домбырашы осыдан «Мұңлы қыз» деген күй шығарыпты.

79. «Мұңлы қыз» (II нұсқа)

Қол, аяғы кемтар қыз жастайынан кемтарлықтың бейнетін көріп бұйығы болып өседі. Өзі теңдес балалар қозы жайып, күрке тігіп, өзен бойлай жүгіріп көбелек қуып дегендей балалықтың базарының ортасында жүріп, өскенде тауда кемтар қыз оның біріне де ілесе алмай қапада өмір сүреді. Балалықтың базарына ілесе алмаудан басталған қайғы өскен сайын өсе түспесе ортаймайды. Өз теңдес қыз-бозбаланың бірі тұрмысқа шығып, бірі тұрмыс құрып, өз алдында түтін түтетіп, бала өсіріп отырғанда кемтар қыз баяғы сол күйі от басынан ұзап шыға алмайды, мұңнан сейілмейді. Сол қыздың құрбыларына қызықтай қарап, өз мұңына қапалануын көрсеткен күй деседі.

80. «Мұңлы қыз» (III нұсқа)

Бір байдың алпыс жасқа келгенде жастай отасқан бәйбішесі дүние салып шалқыған дәулетті, жиһазы келіскен үйі иен қалады. Бай төсек жаңғырту үшін бір кедейдің балам дегенде жалғыз қызына құдалық сөйлеседі. «Шал-екең алмайды, мал-екең алады», — дегендей, байдың қалың малға атаған ақтылы қой, алалы жылқысын қимаған қыз әкесі жалғыз қызын байға тоқалдыққа береді. Өкенің қатігездігіне өзегі өртеніп, заманының әділетсіздігіне күйінген қыз ұзатыла жатып: «Қаракер аттың

тоқтығы-ай, жалынан ұзын шоқтығы-ай. Мені малға сатқаны әділеттің жоқтығы-ай», — деп зарлаған екен. Қыз ұзатуға жиылып, қыз зарын естіп тұрған көпшілік «О, мұңлы, сорлы-ай!» — деп өкініседі. О баста қыз ұзату салтанатын күйге қоспақ болған күйші адамның іш-бауырын елжіреткен мына қайғылы халге іштей елжіреп, қыз зарына арнап, «Мұңлы қыз» күйін шертіпті.

81. «Мұңлы қыз»

(IV нұсқа)

Ертеде өз заманында даңқы асқан керейдің бір байы қайтыс болады да, байдың асына ат аяғы жетер жердегі аяқ артар жалғыз аты бар кедей-кепсектен бастап, ұлы көрінің бәрі жиылады. Асқа өзен бойын жағалата өңшең ақбоз үй тігіліп, қатар-қатар жер ошақ қазылады, қоралы қой, үйірлі жылқы сойылып, қымыз сел боп ағады. Аста бүткіл керейге байлығын танытуға талпынған байдың балалары дәулеттерін аямайды. Бірінші болып келген аттың бәйгесіне ат басындай алтынға қоса, тоғыз ақбас атан жетектетіп, атанға бір қыз мінгізіп беретіндіктері туралы бір жыл бұрын сарын айтады. Осы сарын бойынша бірінші атқа жоғарыдағы сыйлықтарын береді. Ат бәйгесіне тігілген жетім қыздың зарына байланысты «Мұңлы қыз» күйі осылай шығыпты деседі.

82. «Беген»

Қосар атпен келіп белдеуге түскен жігітті даяшылар ықылас білдіріп ордаға бастайды.

Ордада жатқан бай есіктен имене сәлем берген жас жігіттің бас-аяғына одырая көз салып:

— Иә, кім боласың? Жол болғай, — дейді қырылдаған дауыспен.

— Тақсыр алты алашқа Қарынбай атанған, тайлағы сансыз, тайы таңбасыз, қойы еңсіз Бегеннің баласымын, — дейді.

Бегеннің аты шығысымен басын көтеріп құрмет білдірген бай, өзіне зор Бегеннің аты аталғанда, бейтаныс қонағына жалт ете түседі.

Жігіт белдеуге байлаған бір атты «әкемнің сізге сәлемдемесі» деген соң, жігітке бай оңаша үй тіктіріп, бірнеше күн күтеді.

Қонақ жігіт асқан домбырашы екен де, бай қызының домбырашы атағын естіп келген екен. Жігіт бай қызына өнерімен жағып қалады. Бірақ қу қыз жігітті бағып, сынаумен болады.

Бір күні бай қызы жігіттің ұйықтап жатқан үйіне келсе, жігіттің аяғы көрпеден шығып жатыр екен. Аяғының әр жеріндегі шақай бауы қиған мойыл көк бунақтарынан оның Бегеннің баласы емесін аңғарып, ендігі жерде бұрынғыдай рай байқатпайды. Ақыры жігіт қайтуға ыңғайланғанда, бұйымтай сұрай келген байға:

— Әкем мені лайық көрсе құда болсам, отауы мен еншісін, күңін қоса бір-ақ жолда әкеліп салып, қалың малын айдап қайтса деген еді, — дейді.

Мал дегенде аңсары ауып, Бегеннің жер қайысқан малының жарымын айдап алуға індіні кеткен бай:

— Ойбай-ау, ол не дегені, Бегеннің лебізін қалай ғана жерде қалдырайын, баламның бас-аяғын бүтіндеп, тоғанақтарыңмен жолға салайын, бірнеше күн аялда, балам, — дейді.

Сезікті қыз әкесіне өз ойын айтып қыңқылдай береді. Бұған көнбеген бай ақыры арттырып, тарттырып қызын ұзатады. Салт бойынша қыздың шешесі ілесе жүреді. Айшылық жолдан асып кеткен соң, жігіт қалыңдығына:

— Бегеннің есігіндегі бір жетім едім, бас құрауды қанша армандасам да қалыңсыз маған қыз қайда, ақыры осы бір әдіспен бір қарпып қалмақ болып өзіңді алып келемін, — деп шынын айтады.

Бұны естіген қыз көш басшыға:

— Тоғанақты түсіріңдер! — деп бұйырады. Отауды тіктірген соң, қыз домбырасын қолына алып, бір сұмдық күйді шерте бастайды. Күй тілімен қыздың ішкі ой дүниесін жігіт те аңғарады. Сонда қыз өзінің өкінішін домбыра тілімен:

Келіп едім Бегенге,
 Бай Беген бар дегенге.
 Тайлағы сансыз, қойы еңсіз,
 Тайы таңбасыз дегенге.
 Қош, аман бол, ата-екем,
 Қош, аман бол, апа-екем.
 Енді маған сай қайда,
 Түсіп кетем тереңге.
 Енді маған сай қайда,

Енді маған сай қайда,
Бай Бегенге қыз беріп,
Қалың малды көп айда! —

деген сөздер айтылады. Қыздың шешесі істің нағына көзі жетіп, ертесі күйеу баласын шақыртып:

— Бегенге сәлем айт, келер жылы осы уақытта қалың малын айдап алуға кісі жіберемін! — деп жол ортадан қайтып кетеді.

Сондағы қыздың шерткен күйі кейін келе, ел ішіне қызды өкіндірген де, байды армандатқан да Беген деп «Беген» күйі атауымен тараған екен.

83. «Сары бел»

(I нұсқа)

Бір ауылда жасы тоқсаннан асқан бір қария болыпты. Ауыл адамдары бұл қарияны қадір тұтып, үнемі алдына барып аман-сәлем жасап, амандық сұрап тұрады екен.

Бір жолы ауыл ағалары барып көңілін сұрап:

— Ақсақал, хал-жайыңыз қалай? — дегенде, төсегінде жантайып жатқан ол басын көтеріп:

— Е, қарғаларым-ай,

Кәрілік келіп қалды кезіменен,

Қарайды келін жаман көзіменен.

Қолындағы көсеумен ұрмаса да,

Ұрғандай боп кетеді сөзіменен, — депті де, төсегінің іргесінде сүйеулі тұрған домбырасын алып:

— Жастықтың жалыны қайтқан, кәріліктің қарымы батқан, сарғайып сары белде отырғаным. Ал тыңдаңдар, — депті де домбырасынан бір түрлі мұңлы, күмбірлі күй төгіпті. Сонан «Сары бел» атты күй тарапты.

Бұл күйді кей білетіндер Отарбай Дүйсекеұлының қартайғанда шығарған күйі деседі.

84. «Сары бел»

(II нұсқа)

Байлардың жемқорлығын өткір тілімен шенеп, сыбызғыдағы күйімен әжуа-сықақ еткен сыбызғышыны елдің игі жақсылары бірігіп алып, көзін құртпақ болады. Оған тұс-тұсынан

қысым жасап, тілін тигізіп, тікенегін қадайды. Ел ішін аралап сыбызғы тартып, әзіл-сықақ айтуды қойып, қаршадай қара күркесінде, бала-шағасының қасында, отынының басында көңілді өмір сүруіне тосқауыл жасап, басқан ізін бағатын аңдушы қояды. Осынау қапас өмірден құтылуды армандаған сыбызғышы таңы рауандап ататын, күні күліп бататын, адамдары ала-құла бай мен кедей болып бөлінбейтін, зәбір-жапасы жоқ елді іздеп жолға шығады. Әділдіктің ордасын іздеп талай елді аралайды, талай жолды басады, талай белден асады. Бірақ ондай елді таба алмай, арман тауы шағылған сыбызғышы арып-шаршап, қара күркесіне қарай қайта оралады. Қайда барса да, еңіреген елді, шерменде болып сорлап, қапас өмірде қан жұтқан кедейді көреді. Бостандықта өмір сүруді армандаған сыбызғышы ұзақ жол жүріп, еліне бет алып келе жатады да, көлбеп жатқан құба белге келіп, сыбызғысын тартып отырып қаза болады. Ел арасында жүрген тағы бір сыбызғышы жігіт жол жүріп келе жатып, құба белде сыбызғысын сүйеу етіп қаза болған жігітке тап болады. Жігіт аттан түсіп қайтыс болған жігітті сол жерге жерлейді. Оның кейіп-кескінінен шаршағандықтан, арманына жете алмаған мұң мен зардың белгісін көреді. Жол-жөнекей ауыр жайға, өкінішті оқиғаға тап болған сыбызғышы жігіт айнала ойлана көз жүгіртеді. Шегі жоқ, шеті жоқ дала. Дала төсінен тіршіліктің жөнкіген дүрбелеңі де, қызған өмір әні де көрінбейді. Тек о жағы мен бұл жағы тұманданып көрініп ыстық демін ішіне тартып жатқан, мынау сияқты қаншама қыршын жасты қапас құшағына алған төңірек сарғыштанып, зілденіп көрінеді. Дәл мына қалпымен жаңбыр жаумаған, шуақ көрмеген, қайғыдан басқаны білмейтін керенаудай сезіледі. Осы тылсым тіршілікке ішқұса болып қайғырған сыбызғышы сары белде отырып, қаза болған сыбызғышыға арнап «Сары бел» күйін тартады.

85. «Көк бұқа»

Мұңғұл-қазақ жауласып тұрған шақтарда, мұңғұл елі қазақтың бір ауылының мал-жанын барымтаға алып кетіпті. Осы барымтаға айдалған малдың ішінде бір қора сиыр кетіпті. Келесі көктемдердің бірінде әлгі бір қора сиырды бір көк бұқа қайта айдап келіпті. Бақса, көк бұқа барымтаға кеткен сиырлардың

біреуінің ішінде бұзау кеткен екен. Жануар мұңғұл жеріне барып туып, бұзауынан бұқаша болғанға дейін ол жерді жерсінбей жүріпті де, өзі құнан бұқаға айналған көктемде бір қора сиырды айдап ежелгі мекеніне жеткен екен. «Көк бұқа» күйі осыдан пайда болыпты.

86. «Балжыңгер»

(II нұсқа)

Кезінде байлығы басынан асқан бір мұңғұл болыпты. Оның жүйрік желмаясы, ісімер бір қызы болыпты. Атқұмар мұңғұл байы сол өңірде Балжың дегенде бір жүйрік ат бар дегенді естиді. Осы атты қолыма түсірсем деп ойлаған бай, Балжыңды шақыртып алып, Желмая мен кер атты үш күндік жолға бөйгеге қосады. Бөйге келгенше әлгі қызына бір кісілік киімді тігіп үлгертпек болады. Егер қыз киімді бітіре алмаса, бөйгеден желмая келмей, кер ат келсе, бай Балжыңға қызын бермек, ал желмая озып, қыз киімді үлгертіп кетсе, кер атты бай алмақ болып келіседі. Келісімнен кейін жарыс басталып кетеді.

Сонымен, «бөйге келеді» дегенде хабаршы байға кер аттың келе жатқанын, желмаяның жолда шөгіп қалғанын жеткізеді. Ендігі сенімін қызынан күткен бай бөйге жетісімен киімнің бір түймесі қалғанын естіп сасқалақтайды. Сонда Балжың өзінің ұтқанына көзі жетіп:

— Менің атым Балжың кер,

Білмеген адам қалжың дер.

Түйме бауы бітпепті,

Былжырамай қызыңды бер, — деп айғайлап шыға келеді. Ақыр көп болып байдың күш көрсеткеніне қаратпай, Балжыңға байдың қызын алып берген екен. Осы кер аттың ерекшелігін сол кездегі аралас отыратын мұңғұл-қазақ ішіндегі Байжігіт күй етіп шерткен екен.

87. «Балжыңгер»

(III нұсқа)

Бұрын Марқакөл жағасын мекен еткен, дәулеті асқан бір бай болыпты. Ол қайда жүйрік бар десе, кейде алдап, кейде зорлап алмай қоймайтын озбыр да екен. Күндердің бірінде бай «Сал-

даман деген кедейде бір ат бар, ол атқа бұл жалғанда ат жете алмайды» деген ел дақыртын естіп, қалай да осы атты қолына түсіруге аңсары ауыпты. Бай Салдаманды атымен шақыртып жұқалаған екен. Салдаман да қу іші сезгендей «кедейлік бағыма біткен әдеттегі жәй ат» депті. Бай Салдаманға:

— Айналасы алты күндік көлді ет пісірім уақытта айналып кел. Егер ет пісірім уақытта келе алмасаң, атыңа алтын ер салып өзім мінем, келе алсаң, саған бір тоғызға жығынды боламын, — деп уәде беріпті. Салдаман атқа сеніп жолға шығыпты. Бай шіне келе қуанып ордаға кіріп, есе сөйлеп, «қанат бітсе де, ет пысқанша аттың жете алмайтындығына» көзі жетіп, еттің көбігін алуға бұйрық бергенше даладан аттың қарасы көрінген хабар келеді. Бұл хабардан шошынған бай далаға шықса, ат тұяқтары жер ойып, ұшқан құстай екпіндеп келе жатыпты. Сонда, өзегіне өрт түскен бай отыра кетеді. Бірақ айтқанынан қайта алмай, амалсыз бір тоғызын беріпті. «Балжыңгер» деген күй осыдан қалған екен.

88. «Майдажал—Телқоңыр»

Алтай бетінде бұрын өткен бір жылқылы бай болған екен. Оның бір түнде екі биесі құлындап, бірінің енесін қасқыр жеп, құлыны қарағанның түбіне кіріп аман қалыпты. Енді біреуі құлынын емізіп тұрады. Содан бұл жетім құлынды тірі қалған биеге теліп, екі құлын бір биені еміп өседі. Ат сыншылары екі құлынды жақсы ат болады дейді екен. Бұл құлынның бірін «Телқоңыр», бірін «Майдажал» деп атапты. Бай көшкенде екі баласына екі құлынды мінгізіп қойып, екеуінің жүрісін күйге қосады екен. «Майдажал», «Телқоңыр» күйі осыдан қалған екен.

89. «Бұлдыр тау»

Ертеде бір ауылдан өзінің сүйген қызын алып қашып келе жатқан жігіт, жол-жөнекей бір үйге сусындауға түседі. Олар түскен үйдің есігі ғашықтардың беталысына қарап тігілген болса керек. Жігіт есіктен сонау көз ұшында бұлдырап көрініп тұрған өз елі мен жерін көріп, арттағы қуғыншылардан құтылып, аман-сау сол бұлдыр тауға жетсем деген арманмен, жүкте

сүйеулі тұрған домбыраны алып: «Бұлдыр, бұлдыр, бұлдыр тау, саған қашан жетем-ау, шу-шу жаным» деп күй шерткен екен. Мұны түсінген қыз да көзіне жас алыпты. Екі ғашықтың бірдей күйзелісін көрген үй иелері «бұ не күй?»—деп сұрағанда жігіт: «Бұлдыр тау» деген күй», — дейді.

90. «Бозінген»

(I нұсқа)

Көктемнің шуағын көріп, қойы төлдеп, қара шаңырақты салар жалғыз інгендері боталап қарық болып отырған үйге түнерген жәй бұлтындай жауыз шапқыншылар лап қояды.

Шапқыншылар үйді ойрандап, өрістегі малға тап береді. Осы қуғын ішінде қыр асып қана жайылып тұрған бозінген де кетеді.

Бозінген басы-көзге сабаланып, зорлықпен жетекте бара жатып, өзінің артта қалған ақ ботасын қимай зар илеп боздап, тостағандай жанарынан жас сорғалайды.

Осылайша зар илеп бара жатқан бозінген бір қолдан босай қалған орайда сытылып кейініне қашады. Қуғыншылар қанша қуғанымен жете алмай, ақыры күдер үзеді.

Неше күндік жолды зар еңіреп ботасына жеткен інгеннің сұлдері қалған екен. Сонда боздап тұрған бота да інгеннің алдынан жүгіріп табысады.

91. «Бозінген»

(II нұсқа)

Қазақтың бақташылық өмірінен туған ғажап ертегілердің бірі — «Бозінген» сюжеті. «Мұндағы Бағланбай малының құты болған Бозінгенді тумады деп, бір шал мен кемпірге бақтырады. Бозінген басы алтын, құйрығы күміс бота туғанда, кемпір мен шал інгенді бір керуеншілерге сатып жіберіп, ботасын алып қалады. Қысқа ғана ертегінің көп жері ботасын жоқтап жылаған Бозінгеннің зарлы даусына құрылған. Бағланбайдың екі баласы Бозінгеннің даусын танып, оны ботасына қосады. Бозінгеннің жоқтауы:

Жаралғаннан жасымнан,
Күйіп, жанып сабылдым.

Тартып беру бала үшін,
Үстіме кілем жамылдым.
Көрер күнім бар ма екен,
Мен ботамды сағындым.

Бұдан әрі өзі жат қолына түскен Бозінген ұшқан құстардан, түнде жортқан жапалақтан ботасының дерегін сұрайды. Иесі түйені құтқарып, ботасына алып келе жатқанда да Бозінген оны көруге асығып, адамша мұңданып, көз жасын төгеді.

92. «Бозінген күйі» (III нұсқа)

Ерте уақытта бір үлкен жұт болады. Елде жөнді мал қалмайды. Бүкіл ауылды жұттан қалған жалғыз бір бозінген асырайды. Көпшіліктің күн көріп отырған бозінгені бір күні иімей қалады, жан сақтап отырған халық қатты сасады. Содан соң, пәлен жерде бір асқан күйші бар екенін естіп, кісі жіберіп, соны алдырады. Егер күйші бозінгенді идіріп берсе, сол ауылда бір сұлу қыз бар екен, соны бермек болады. Күйші домбырасын күйлеп, ағызып тарта жөнеледі. Күйге құлақ салған бозінген иіп қоя береді. Бермек болған қыз түйенің сүт аға бастаған емшегін ұстай алады. Сол арада күйші жап-жас қызды көріп қалады. Бірақ ол жұрттың ұйғарындысына рахмет айтып, рұқсат етеді.

93. «Алакөз аттың жүрісі»

Ертеде Қобда жерінде атақты жүйрік Құбақан кер ат бер дегені естіген байлар ұрыларын аттандырып, осы атты әкелуге жібергенмен кейбірі бос оралыпты, кейбірі ұсталып қалыпты. Ең ақыры бір ұры ұрлап әкелгенімен, Қобданың ұрылары қайта ұрлап әкетеді. Өстіп үш алдырып, үш алдыртқан соң, төртінші рет ұрылар аттың кірпігін жұлып, бір жылдай үйден шығармай бағады. Жыл уағында алып шыққан ат құбақан торылығы болмаса, кірпігі ағарып шығып, шарасы алайған көрер көзге ерсі ат болады. Осы жыл дабыралы ас болады. Осы аста не бір майталман жорға-жүйріктен озып шығыпты. Сонда Қобдадан келген ұрылардың ішінде біреуі өз аттарын танымай, ала көз атқа көзі түсіп, домбыраға оның жүрісін, шабысын күй етіп қосады.

94. «Шыңырау»

(I нұсқа)

Зәулім күз жартасқа ұя салған қыран өзінен ұрпақ көрмей шерлі өтеді. Жылдағы тапқан жалғыз жұмыртқасын ордалы жылан жылда жарып тұқымын құртып кетеді.

Бір жылы тағы да жұмыртқаға өрмелеп келе жатқан сұр шұбардың үстінен тап болған ызалы қандыкөз қыран өткір тұяқтарымен құлақ-шекеден қатты серпіп, зәулім күздан зындан шыңырауға қарай лақтырып жібереді. Осыдан кейін ұяда бір күні шұңғыл көз, ақ үрпек балапан пайда болады. Жұмыртқа жарып жарық дүниеге көз салған балапанын аялап өсіріп, кең әлемге қанат қақтыру үшін алыс-алыс сапарлар шегіп жем тартады. Тянь-Шань асып, Алтай кетіп, Алатау шарлауға тура келеді. Осындай бір алыс сапардан жем тартып келе жатқанда, шыңырау түбінен күзға қарай өрмелеген аждаһар-жыланның бейнесі көз алдына елестеп, қыран өз ұясына жетуге жан ұшыра талпынады. Биік-биік күздарды артқа тастап самғап келе жатқанда, үстінен қалың нөсер жаңбыр құйылады. Көзінен тамшылаған ыстық жас жаңбырмен бірге тамшылайды.

95. «Шыңырау»

(II нұсқа)

Ертеде оңайға өткел бермейтін Көкжал деген өзеннің екі жағалауында Байбол, Тауасар деп аталатын екі ауыл болыпты. Байболдың кіші келіні Гүлбике енесіне ақыл салғаннан кейін, ауылдағы жылқышы баланы шақырып:

— Сен, Тауасар ауылына бар, күйеу жігіт Әзілбек ұрын келіп кеткелі осы ауылдың есігін ашқан жоқ. Бала өзі келеді деп отырсақ, күз келіп, көші-қон болып кететін түрі бар. Сен, бар да күйеу баланы шақырып кел! — жұмсайды.

Жылқышы бала тау асып, тас басып, өткелден ат жалдап өтіп, өзер дегенде Тауасар ауылына барады. Жылқышы бала Әзілбекке биебау басынан кезігіп, келген бұйымтайын оған оңашалап жеткізеді.

Онысызда сағынышпен сарғайып жүрген Әзілбек бұл хабарға қуанады да, қайын жұртына кешікпей баратынын айтады.

Әнші, биші, күйшілердің бір тобын ертіп, Байболдың кіші ауылына Әзілбектер келгенде, ауыл той болып жатқан секілді

өбігер екен. Қонақтардың алдынан шығып ат ұстаған даяшылар бірінен соң бірі келіп, қонақтардың атын алып, ілтипат көрсетеді.

Арнайы орналастырылған үйлерге жайғасқан күйеу жігіт және оның серіктері ауыл азаматтарының «Той бастар», «Күй басы» деген күйлерін тыңдайды.

Әзілбектің өнерлі серіктері әр алуан өнерлерін көрсетіп, ауылды думанға бөлейді. Олар осылай отырғанда, үкілі камшат бөркін шекесіне салған бір топ қыздың ортасында Әзілбектің қалыңдығы Назигүл де топ ортаға келеді.

Жастардың ән-сазы күн батарға дейін толастамайды. Кешкі қызықты да Гүлбике алдын ала орайластырып қояды. Екі-екіден жұптасып, әріптесін тақымдап қуып айтысқандар таңның қалай атып, күннің қалай батқанын сезбей де қалады. Осылай өткен сауық кештер мен қызықты күндердің неше аунап түскенін білгендер болмапты.

Бір күні сәске мөлшерінде шайға отырған Әзілбек Гүлбикеге иіліп келіп:

— Біз қайтайық, ауылдан аттанғанмызға бірнеше күн болыпты, — дейді. Күйеу жігіттің ойын біле қойған Гүлбике де қонақтардың қайту талабын үлкен шешесіне жеткізіпті. Сонда көп ойланып алғаннан кейін, қарт ана Гүлбикеге тесіле қарап отырып:

— Суы құрғыр ағаш басына шығап, сабасынан асып жатыр дейді ғой, балалар абай болсын! — деген екен. Гүлбике күйеуді жолдастарымен аттандыру қамына кірісіпті.

«Тіл астында тіл бар» дегендейін, неше түнге созылған әзілдердің соңы айтылып, бірін-бірі қимаған жүректердің белгісі — кестелі орамалдар қолдан-қолға өтіпті.

Олардың осындай аттанар кезінде, Әзілбектің кенже балдызы келіп, бір домбыра ұсынған екен. Бұл домбыра тоғыз түрлі ағаштан қиылып жасалыпты. Үп еткен салқын самал тигенде екі шегінен сазды үн шығады екен.

Олар аттанғанда, тұрып қалған жеңгесі қайта айналып үйге кіргенде, Назигүлдің өзінің төсегінің үстінде отырғанын көріп: «Жатып, тынықшы», — деп Назигүлді төсегіне жатқызып, шымылдықты түсіріп қояды. Мамық төсекке жата сала көзі ілініп кеткен қыз «Алла!» деп ұшып түрегеледі. Оның шошып оянганын білген жеңгесі «не болды?» деп қасына барғанда, қыз:

— Бір жаман түс көрдім, түсімде Өзілбек екеуіміз бір биік шыңға шығып бара жатыр едік, бір алып айдаһар жолымызды бөгеді. Алдымен оны, артынан мені жұтты. Содан шошып кеттім, — дейді жеңгесіне үрейлене қарап.

Олар дәл осылай сөйлесіп отырғанда бағана Өзілбектер кеткен жақтан аттан сап айқайлаған дауыс бүкіл даланы жаңғырықтырып, жайын отырған ауылды елең еткізеді. Мұны естіген Назигүл мен Гүлбике жүгіріп далаға шыға келсе, Өзілбектің Бәйгеторысына мінген ақ жейделі бала шыр-шыр етіп келе жатады.

— Ой, не болды?..

— Өзілбектің аты су ортасында жығылып... сұраулар мен үздік-үздік жауаптар Назигүлге анық ұғылмады.

Онсызда дымы құрып өрең тұрған арудың бойы бір ғажап қорқынышты жалынға шарпылғандай дір етеді де, не болғанын өзі де сезбей, белдеуде тұрған сандал торыға қона кетіп ұмтылады.

Оның артынан дүркірей шапқан ауыл адамдары келгенде, Сандалторы бір боз талға байлаулы тұр екен. Маңында жан көрінбепті. Тек өзеннің қан жұтып, құтырынып алған асау толқыны айбар шегіп жатыр екен.

Өзеннің екі жағындағы ел екі бірдей есілінен айрылып зар еңіреді.

Күн бесігіне дейін атты-жаяулар өзеннің екі жағын көп қарап, түк таппай тарығыпты. Ақыры жеті дөңбекті салетіп, екі өнерпазды «Қан иірім» деген жерге дейін қарауға шығарыпты.

Бұл екеуі асау толқынмен жағаласып, ақыры тастан-тасқа соғылып быт-шыты шыққан салдан, екі дөңбекке жармасып, «Қан иірімге» жетіпті. Олар иірімдегі бүркіт ұясынан бір нәрсенің елбең еткенін көріп қалыпты.

Қиынның ала қанат қыранын аумен алатын бұл екеуі өмір бойы бүркіт ұясынан осындай жәндік байқамаған екен. Олар бұған қайран қалады.

Мына екі өнерпазға бір ғажап елес көрінеді. Суға иіліп тұрған боз талға Сандалкерді іле салған Назигүл асау ағынға ашына қарап тұрғанда, қанды толқын арасынан Өзілбек елестеп, өзін суға атады.

Ол сұрапыл толқын соңынан жағаласып, «Қан иірімге» келгенде, бауыры Өзілбекке берген домбыра», иірімді бір айналып

барып жағаға шығады. Қыз толқынды жарып барып домбыраны алады да, асау ойдың езгісінен талықсып кетіп, бүркіттің ұясынан бір-ақ шығады. Ол соңында тұрып «Қан иірімнің» түбін бір көргісі келеді.

Тасқа жабысып тұрған екі адамның: «Қарағым, бері кел, құлап кетесің», — деп тұрғанын Назигүл естіген жоқ. Көз жасы құрғаған қатулы қабағын түйіп тұрып, туған ел, өскен жеріне қош айтып, тоғыз түрлі ағаштан құлап жасалған домбыраны үйіріп лақтырып жібереді де, қарын иірімге ыршиды. Оның қызыл сәтен көйлегі көбелектей көлбеп барып, су бетіне қона бергенде, рақымсыз тылсым күш оны лып еткізіп жалмай салады!..

Домбыраны жел аударып кетіп жағаға түсіреді. Домбыраның күйін қойып, өзін жасап жүрген екі өнерпаз осыдан кейін көп ойланып, ғашықтардың арманына, қиуасыздығына кез болған бақытсыздығына толы «Шыңырау» деген күйді шерткен дейді.

«Шыңырау» күйі елге осылай тарап кетіпті.

Осыдан соң бұрынғы Көкжал өзені «Шыңырау» өзені деп атаныпты.

96. «Шыңырау»

(III нұсқа)

Күз жетіп құстар қайтқанда Шыңырау деген торғай да қайтады. Ол жол ортада бір мұхитқа тап болып, шексіз мұхиттың үстінен ұшқанда, қанаты талып, судың бетіне шыққан қамыс бастарына, сал сияқты нәрселерге қонып дамылдапты. Мұхиттың ортасына жеткенде қонуға қамыс жоқ, ұша берейін десе дәрмені жоқ шырылдап тұрған екен. Бір күйші осы жан шырылын күйге түсіріп, күй атын «Шыңырау» деп атаған екен.

97. «Шыңырау»

(IV нұсқа)

Бір торғай бір ағаштың басына ұя салып жұмырқаласа, әр жылы жылан жеп тоқтатпапты. Әбден запы болған торғай, жұмыртқасына өрмелеп келе жатқан торғайды көріп, қайтерін білмей шырылдаған екен. Мұны көрген күйші осы шырылдан «Шыңырау» атты осы күйді тудырыпты.

98. «Шыңырау»*(V нұсқа)*

Самұрық дейтін құс болған екен. Ол үнемі мұхиттың ортасындағы бір үлкен бәйтерекке балапандап, балапандарына жем тасығанда, бір ретте бірер айлық жемін әкеліп тастап кетеді екен. Самұрық тұяғына бес киіктен, он тұяғына он киік іліп әкеледі екен. Ол бір жолы жем әкеле жатып, теңізден өтерде қанаты талып, бірде төмендеп, бірде көтеріле беріпті. Жемді тастайын десе қимай, тастамайын десе дәрмені кетіп шырылдайды екен. «Шыңырау» күйі сол самұрықтың зары екен дейді.

99. «Шыңырау»*(VI нұсқа)*

Шыңсысай өктемдігі заманында, халық мылтық тапсырудың қыл бұраулы қысымына ұшырапты. Осындай жан түршігерлік қысымда үкімет бір азаматты, әншейінде тас бірдемелерді тастап жібергенде, бір-екі минутқа дейін дүңгірлеп дауысы естіліп тұратын шыңырау құдыққа сүйреп апарды да, тамам халықты жиып алып, шешесінің зарлағанына қарамай: «кімде-кім үкіметке қарсы шықса, осылай өлтіріледі!»—деп осы құдыққа тастайды. Кейін осы аянышты жағдайды Шақабай шалап деген адам «Шыңырау» деп күймен бейнелеген деседі.

100. «Шыңырау»*(VII нұсқа)*

Бұрын осы дүниеде бір үлкен көл болған екен. Оның ар жақбер жағы көз жеткісіз, әрі түпсіз шыңырау екен. Сондықтан жұрт оны «Шыңырау көлі» деп атасып кетеді екен.

Осы көлден күзде жылы үйекке қайтатын самұрық деген алып құстың өзі өзер ұшып өткенде балапандарын алып өтуге дәрмені жоқ самұрықтың зары төрт әуенмен шертілетін күй болған.

101. «Шыңырау»*(VIII нұсқа)*

Бір торғай өзінің екі жұмыртқасына иен далада қалған бір жұмыртқаны әкеліп қосады. Үш жұмыртқаны бірдей басып, уақыты жеткенде үш балапан шығарады. Әлгі тауып әкел-

ген жұмыртқадан сүрепеті өз балапанынан бір басқа балапан шығады.

Торғай «Қызылшақа ғой, біраз есейсін байқайық» деп аялдай-аялдай жүріп, бір жолы жем іздеп кетіп оралса, бір балапанының ақ үрпек жүні дода болып жатқанын көреді. Бақса, әлгі бөтен балапанының аузы қан екен. Бірақ бұған тағы сенбей, тағы бір жолы келсе, екінші балапанын да додасын шығарып жеп алып отырған екен. Онымен тынбай өзіне тап беріпті.

Сөйтсе, ол қаршығаның балапаны екен. Сонда торғайдың екі балапанынан айырылғанына, өзінің қас жауын, өзі бағып жетілдіргеніне өкініп опық жеп зарлаған «Шыңырау» деген күй болған дейді аңыздардың бірі.

102. «Тайшынның тарғыл бұқасы»

Моңғол-қазақ жауласқан кезде, Тайшын деген сиыршыны атып кетеді. Иесіз қалған малды қазақтар айдап кетеді. Ертесі айдап келген сиырлар жоқ болып шығады. «Күншілік жерден әкелген мал ешқайда кетпес» деген оймен ізін шалса бір қора сиырды тарғыл бұқа қайырып ауылына таятып қалғанын көреді. «Еңбексіз малды қайта әкелгенмен мал болмас» деп қуғыншылар қайырмайды, десе де, тарғыл бұқаның қасиетін ел көп сөз қылады. Осы оқиғадан «Тайшынның тарғыл бұқасы» деген күй шығады.

103. «Қозыкүрең»

Ертеде бір бай жылқышыларына әр жылы табан ет, маңдай терің бір жабағы тай деп белгіленген екен.

Бай бір жолы жылқыға шығып, жылқыларын сырттай тамашалап жүреді. Сонда қасында аралатып жүрген жалшысы өзінің жылдық ақысын сұрап қалады. Бай оған айғыр үйірінің шетінде тұрған өлі жүні түспеген бір күрең тайды көрсетеді де, соны ақыңа бергенім дейді. Айлар ауысып, жылдар жылжып күрең тай ат болған да, бір ауылда үлкен бір той болып, 300 ат бәйгеге қосылады. Бәйге келгенде бірінші болып қоян сүйек күрең ат келеді. Оны көрген бай аттың иесін, тегін құзай келе өзінің кезінде жалшыға берген жаман жабағысы екенін біледі. Сонда бай өз айғырының тұқымы екенін айтып дау шығарады,

жалшыға күш көрсетеді. Жиылған барлық ұлық бұған белгілі кесім айтпайды. Әділетсіздікке күйген жалшы, кезінде табан ет, маңдай терім үшін өзі берген деп шыжықтайды. Сонда көлденең адам ретінде араға біреу түсіп жалшыға: «Бұл жолғы бәйге өзіңдікі, ал талас болып отырған осы атқа кім жүз жылқы берсе, сол алсын»—деген екен. Отырғандар дуылдасып келісе алмай отырғанда, есік жақта бір азамат домбырадан күмбірлетіп күй шертеді. Үй іші тына қалып, ершімді күйден бүгінгі жүлделі жүйріктің көсіле шапқан шабысын бір көргендей болады.

Күйші домбырасын бәсеңдетіп барып: «Мен екі жүз жылқы атадым. Мына күй бүгінгі Қозыкүреңнің шабысы, мұным — жүз жылқы, енді басынан ұрып жүз жылқы санап беремін»,—деп кеуде ұрады. Ақыры, осы бір жомарт салдың пиғылына риза болған жалшы «Атымның атағы тарихқа күй болып қалғаны үшін елуін алайын, міне, атың», — деп салға атты беріпті.

104. «Байшыбырдың күйі—арман»

Ертеректе аң аулап, күн көретін Байшыбыр деген адам болған. Ол жар дегенде жалғыз ұлы ғана бар, басқа жарлы адам екен. Қақпан салып шиті мылтығымен аң-құс атып күнелтіп жүріпті. Мергеннің қосының маңын да суырдың іні бар екен. Индегі бір жуан суыр қалай аңдыса да, мергенге атқыза қоймапты. Бір күні мерген аңнан қайтып келе жатса, әлгі аңдып алдырмай жүрген суыры іннің аузында отырыпты. Атып алудың орайы енді келген екен деп білген мерген отыра қалып тартып жіберіпті. Жүгіре келсе, атқаны суыр емес, өзінің саржарғақ тонын киіп іннің аузында әкесін тосып ойнап отырған жалғыз ұлы болып шығады. Қанша өкіріп, бақырып өз басын өзі тоқпақтағанмен оққа ұшқан бала тірілер ме?! Осыдан «Арман» күйі қалған екен.

105. «Бүркіттің күйі»

Ертеде Алтай тауын мекендеген атақты құсбегі Тілей деген адам өткен. Өзіне әуелде жалғыз кері биесінен басқа мал бітпеген кедей адам болыпты. Міністен құлындамай жүрген сол биесі бір жылы ішті көрініпті. Иесі жануардын аман-есен

құлындатып алайын деп желіні жетіле бастағанда, жылуатты шөптесін жерге қайырып қарап жүріпті. Бір күні ауа райы аяқ астынан бұзылып, кері биеден көз жазып қалыпты. Таба алмай дағдарған иесі таңертең ізімен қуалап келе жатса, биесі қалың тобылғы арасында құлындап, еркек күрең құлынды емізіп тұрыпты. Қуанышы қойнына сыймаған Тілекең биесін жетелеп енді қайтайын дей бергенде, бір құстың зәу теректің басынан пышақтаған дауысы естіліпті. Қараса, бір бүркіт отырады. Теректің түбіне барып кері биенің шуын берейін деп ағаш басына іліп көтерсе, бүркіт қималдамапты, тас лақтырса да, қозмалмапты. Анықтап қараса, қанатына қалың мұз қатып ұша алмағандай көрініпті. Бұл тәңірдің маған берген киелі құсы болмасын, ала кетіп, күрең құлынмен бірге мәпелеп бағайын деп, бүркітті ұстап алып, тонына орап, үйіне әкеліп бағады. Құсты үш жыл ұдайы бағып, күзде қайырып, түлкіге салса, үш жыл бойы түлкі алмай қойыпты. Құсбегі сонда да қоя беруге қимапты. Күрең құлынмен бірге бағып, бірге кәртейтейін, түлкі алмаса да, бағып қағайын деп баға береді.

Бір күні Тілейдің үйіне алыстан жолаушылап келе жатқан ақ сақалды бір адам келіп қонақ болады. Әңгіме үстінде әлгі адамға бүркіттің жағдайын баяндаған екен, жолаушы бүркіттің күміс құймалы томағасын тартып, жемсауын, тегеурінін, сан етін ұстап көріп:

— Сенің бұл құсың Нарынның сары шегірі екен. Мұның алдына құс өтпейді. Асқан қыран. Бірақ қазір құстың әлі екі түлеуі кем екен. Енді үш түлетіп, қар бір жауғанда аңға шық, көзіне не көрінсе, соны алар. Қыстай қынадай қырып алады да, ел жайлауға шыға құсты өз бетіне қоя бер. Күзде өзі қайтып келеді. Құсың нағыз жау жүректің өзі екен. Бұл түспейтін жан иесі болмайды. Сақ болмасаң, ашуы қайтпағанда адамға түсер. Құсты өлгеніңше қолыңнан шығарма. Күрең атты осы құсты алып жүруге мінсең болады. Бұл сенің шаңырағыңа қонған «бақыт құсы», — дейді екен.

Жолаушының айтуы бойынша Тілей сары шегірдің басына күміс құймалы томаға кидіріп, үш қайырып, түлкіге салған екен. Көзіне көрінгенін құтқармайды. Жазда құсын суырдың етімен бағып семіртіп, түлетіп, күрең атына мініп, аңға шыққанда қасқыр, түлкі, арқар, құлжа дегендерді қырып салыпты. Сонымен Тілей тез байып, қорасына қой, өрісіне жылқы салыпты.

Келер жылы ел жайлауға шыққанда, құсын қоя берсе, күзде қайтып келеді екен. Сөйтіп, Тілейдің сары құсы шаңырағына қонып кеткен үйге ырыздық еніп, дәулет бітіпті.

Бір күні Тілей құсын қолына қондырып, күрең атына мініп, қағушысын ойға тастап өзі бір биікке шыққан екен. Сарышегірі «қоя бер» деп тілепті. Томағасын тартқан бүркіт лақтырған зақпының тасындай зымырап көкке шығып, бір уақытта бір қыраттың астына қарай түйіліп оқша жөнеліпті. Артынан шауып жетсе, Сарышегір бір тайыншадай қасқырдың арланына түскен екен. Бұрын талай қасқырды алдырып жүрсе де, дәл мынадай жойқын көкжалды Тілей көрмепті. Сарышегір бір аяғымен таңнан алып, енді бір аяғымен кеуілжірін ноқталай ұстап, бүктеп астына басқанда, қасқырдың езуінен түйреп кірген бір тегеурінін қасқыр шайнап жіберген екен. Сонда долы қасқырды онан ары бүре түсіп, Тілейге де бермей, кеудесін тесіп жіберіп шыңғырта тартып қасқырдың өкпесін жұлып алады. Сонан соң бүркіт тік көтеріліп аспанға шығып көрінбей кетеді. Әдетте, иесі келгенде олжасын тастап, бір шетте отыратын Сарышегірдің мына мінезіне қайран қалған Тілей, екі көзін аспаннан алмай қарап тұрады. Таңырқайды. Бір заманда құс зеңгір көктен Тілейдің өзіне тіке қарай зымырайды. Бұрын қапысыз қыранның аяғын шайнатып алғанына ашуының басылмай келе жатқанын көрген Тілей әлгі жолаушының «ашуы қайтпаса, адам алар» деген сөзін есіне алып, қатты қауіптенеді. Зымыраған бүркітке құлақ түріп, көз тіге күрең аты кісінеп, жер тарпып шиыршық атады. Сонда:

— Әй! әй! Кәрі жолдасым, қыраным, қилы құсым, көкә! — деп екі қолын бүркітіне созғанда, қыран сәл тайып барып бір төбеге қонады. Тілей бүркітін үйіне әкеліп, аяғын емдеп сылап-сипап, ашуын басып, әбден сауықтырып, арада бірнеше айды өткізіп, арқар алдырайын деп аңға тағы да шығыпты. Бір төбеге шыққанда бүркіт тіленіп ұшып бір қыратты асып зымырап кеткен екен. Тілей артынан шауып жотаға шықса, сайдың басынан аузына дейін алты арқарды, тақыр шаптан бір-бір есіп тастап, біреуінің тамағынан сығып, басына қонып отырыпты. Қыранына бір кесек қызыл жұтқызып, томағасын кигізіп отырғызып қойып, өзі арқарларын бауыздап союға кіріскенде қыран тағы да ұшамын деп тіленіпті. Көкте бір айналып топшысын жазып, шабыттанып жадырап қайтсын деп томағасын тартып қоя беріп,

өзі арқарларды союға кірісіп кеткен екен. Алты арқарды сою аз жұмыс па, кеш батып, көз байланыпты, бірақ қыраны қайта оралмапты. Кейде, Сарышегірдің Тілейден бұрын үйге барып алатын әдеті де болады екен. Үйге төте тартқан болуы керек деп қайтып келсе, құсы келмепті. Қайта атына міне шапқан Тілей, бір жотаға шығып, «кә-кәласа» ештеме көрінбепті. Бір заманда төменгі бір адам баспайтын шатқалдан жарық-жұрық еткен сағым, будақталған шаң шығыпты. Бүркіті келмегеніне алаң болып, түнімен көз ілмеген Тілей, ертесі ерте тұрып, әлгі жерге келсе, қалың бүргенді жапырып, құлдап кеткен ізге жолығады. Ізбен тағы да жүрсе, анадай да жарқыраған бір үлкен нәрсе жатады. Қараса айдаһар екен. Сарышегір айдаһарды басынан ұстаған екен. А дегенде оның көзін шоқып шығарып жіберіпті де, содан дәу айдаһар, дүниені талқан қылып осы жерге келгенде, төбесін тесіп жібергендіктен миы шашылып, өлген екен, Құстың тұла бойы жарақаттаныпты. Осыдан соң, Тілей қатты ауырып жатып қалыпты. Ауруының аужәйін түйген Тілей туыс-туған, көрші-қолаңдарын шақырып алып:

— Бұл аурудан жазылмаспын. Мен өлгеннен кейін Сарышегірімді қоя беріңдер. Енді оның бабын ешкім білмейді. Өзімді ауылдың батыс жағындағы жазыққа қойып, айнала қорған жасаңдар, күрең атымды да қоя беріп, жылыма сойып, ас беріңдер. Күрең ат сойылған күні, Сарышегір де келіп қалар. Күрең аттың бір жақ қазысын соған беріңдер!— деп өсиет қалдырыпты.

— Айтып айтпай, Тілей қайтыс болыпты. Жыл уағы толғанда, Тілейдің күрең атын асына сойып жатқанда, Сарышегір аспанда пайда болып, Тілейдің шаңырағын үш айналып, онан соң Тілейдің бейітіне келіп қонған екен. «Күрең аттың қазысын өзіміз жемей, алжыған бүркітке береміз бе» деп есер біреулер аттың жарым өкпесін лақтырып берген екен, Бүркіт өкпені іліп алып, ауылды бір айналып ұшып, қиян көкке самғап шығып кетіпті, бір уақытта, ысылдаған дауыс шығып, бүркіт оқтай заулаған беті өзін Тілейдің бейітіне бір-ақ ұрып, күл-талқан болған екен. Сөйтіп, Тілейдің Сары құсы өзімен бір қорғанда қалыпты. Міне, осы осы хикмет оқиға ел арасында аңыз болып таралып, күні бүгінге дейін сыбызғыдан аңырап, домбырадан төгіліп, «Бүркіт күйі» аталып келеді.

106. «Құр ойнақ»

Құр ойнақ күйінің таралуы туралы көриялар екі түрлі әңгіме айтады. Қайсысы рас, қайсысы өтірік, ол беймәлім. Бірақ екі әңгімеде «құр» деген ойыншыл құс туралы. Бірінші әңгіме: Құр деген құс ойынға әуес екен. Топтала жүріп, ойынның қызығына бір еніп алса, таңның атқанын, күннің батқанын білмесе керек. Құрдың осы ойын құмарлығына таң қалған күйші «Құр ойнақ» күйін шығарыпты. Екінші әңгіме: Тобымен жүріп кешке дейін ойнайтын құрдың ойынына қызыққан байдың бір баласы үйде де көріп отыру үшін оның ойнайтын жеріне тұзақ құрады. Сүйтіп, құрды бір-бірден ұстап, үйіне әкеле береді. Бірақ ешбірі қолға үйренбей өле береді. Ұстаған құрдың бәрі өліп, ұсталмаған жалғыз ақ құр қалады. Бала оны да ұстап үйіне алып келеді. Ол қолға тез үйренеді. Жемін жеп алғаннан кейін, байлап қойған жерінде ойнап отыра береді. Осыған таң қалған ауыл арасының күйшісі «Құр ойнақ» деп атапты бұл күйін.

107. «Арман»

(I нұсқа)

Ерте замандарда Асан деген баланың жеті жасында әкесі қайтыс болып, анасы Жаңыл екеуі жетім қалады. Күн көрістің қиындығынан анасы Жаңыл сол елдегі Тахир деген ханның аңға шығатын иттерінің күтушісі болады. Ал Асан болса кішкентайынан ханның қозысын бағады. Осылайша, талай жылдар өтеді. Ауыр жұмыс Асанның анасы Жаңылды әбден қажытады. Оңашада бір мұңды әуенге салып:

Ит өмірде итшілеп,
Итпен бірге үйшігім.
Иттің де бар иесі,
Иттен де жаман біздің күн.
Ит өмірден құтылып,
Жарылқайтын күн туып,
Жақсылық көрер ел барма,
Бөйшешегі құлпырып.
Кедейліктен жаман жоқ,
Кентай құрлы бағам жоқ.
Басар тау барар панам жоқ,
Бізді ескерер адам жоқ,

Егілсін зарлап мұңлы күй,

Одан басқа шарам жоқ, — деп ылғи да әндетіп отырады. Естігенін ұмытпайтын қағылез болып өседі. Хан сарайында болып жатқан сауық-сайранда шырқалған ән, тартылған күй көкірегіне тоқыла береді. Ұзақты күн қой соңында жүрсе де, қарап жүрмей, қурайдан әдемі үнді сыбызғы жасап алады. Ол сыбызғымен өзінің естіген ән-күйлерін тартып үйренеді. Асан тартқан сыбызғының тамаша сазына егіз лағы бар елік келіп, үнемі билеп асыр салып ойнайды екен. Олар сыбызғы сазына үйренгені сондай — Асаннан да қорықпайды, еттері үйреніп бауыр басады.

Күндерде бір күн мұны естіп білген Тахир ханның ерке баласы егіз лақты «елікті маған ұстап бер» деп Асанды қатты қинайды. Қамшының астына алып сабаса да, Асан лақтарды ұстап бермейді. Әбден долданған хан баласы бұл жайды әкесіне айтады. Тахир хан Асан мен Жаңылды шақыртып алып: «Ертең елікті лақтарымен алып келіңдер. Менің сарайымда билеп тұратын болсын. Орындамасаңдар, бастарыңды аламын», — дейді. Тахир ханның қаһарынан зәруелері ұшып қорыққанынан Жаңыл мен Асан елікті егіз лағымен хан сарайына әкеліп береді. Хан сарайдағы сыбызғышыны шақырып сыбызғы тартады. Бірақ еліктің лақтары билемей, мелшиіп тұра береді. Ашуланған хан бұл сыбызғышының басын алдырады да, екінші сыбызғышыны алдырады. Еліктер ол сыбызғышының тартқанына да қозғалмай тұра береді. Әбден қаһарына мінген хан, үшінші сыбызғышыны шақыртады. Жанынан түңілген сыбызғышы Асанның сыбызғысының сиқыры бар деп, соны сұратып алады. Еліктер оған да селк етпейді, сол баяғы мелшиген қалпы, сілейіп тұра береді. Хан бұл сыбызғышының да басын алғызады.

Солелде ұзақ жасаған кәрі сыбызғышы бар екен. «Солай да, солай! Хан еліктің лағын билете алмаған сыбызғышылардың басын алып жатыр» дегесін қаусап отырса да, амалсыз әрең басып, ханға келеді. «Тақсыр хан, бұл еліктің лағын билетер сыбызғының сарынын білсе, сол Асан деген бала біледі, соның өзін алдыртыңыз», — дейді. Кәрі адамның сөзін кері қайтара алмай хан Асанды алдыртады да, қолына сыбызғысын ұстатады. Асан не бір сұлу сазды күйлерді, таңғажайып сырлы үнмен құйқылжыта тартқанда еліктің лағы билеп ала

жөнеледі. Сыбызғының әдемі сазына өзі де елітіп, беріле ұйып тыңдайды. Асанның өнеріне риза болған хан: «Мен, кәрімді төксем жоқ қылам, мейірімім түссе, жарылқаймын! Қане айт! Не тілегің бар?» — дейді Асанға. Асан ханға басын иіп, рахметін айтады да: «Маған ештеңе де керек емес, менің анам Жаңылға, өзіме бас бостандығымызды берсеңіз, елікті лақтарымен босатсаңыз болды. Тілегім осы», — дейді. Тахир хан дүйім елдің алдында берген уәдесін кері жұта алмай, Асанның тілегін орындайды.

Ғасырлар бойы сыбызғыда тартылып келе жатқан сұлу сазды «Арман» күйінің тарихы осылайша баяндалады.

108. «Сырым сазы»

Сырым батыр, сөзге шешен, би ақын, күйші, елдің елдігін, халықтың бостандығын армандаған бүкіл саналы өмірін соның жолында күреспен өткізеді. Сырым туралы ел жадында әдемі аңыздар, қызықты сөздер көп болған. Солардың бірі былай айтылады: Сырымның арғы атасының аты Шопан екен. Жорықта жауға жалғыз шауып, ылғи жеңіске жететін оны басқалары күндейтін көрінеді.

Күндерде бір күндері қалың әскер шөлге тап болып, оларды бұдан құтқарудың амалын ойлаған Шопан жапан түзде, жапан даладан шыңырау құдық қазады да бір тайды бітеу сойып, оның терісінен үлкен мес жасайды. Сосын қасындағыларға қарап: «Ал, жігіттер, енді біреулерің құдықтың ішіне түсіп, меске су толтырып тұрыңдар. Біз мына жақтан мал мен жанды суара берейік» дейді. Сол екен, мұның көзін құртудың сағатын күтіп аңдумен жүрген біреулер: «Міне, сәті енді түсті» деп қуанып кетеді. Сөйтіп, әлгілердің бәрі бірдей: «Ойбай-ау, Шопан жан-ау, оған жүрегі барып өзіңнен басқа кім түседі» деп шулап қоя береді. Оны қалғандары да қостайды.

Сөйтіп, Шопан құдықтың түбіне түседі. Мал мен жанды әбден суарып қандырады. Енді оның арқан тартып, құдықтан шығар кезінде сырттағы тұрғандар бірін-бірі азғырып Шопан-да құдық түбіне қалдырып кетуге келіседі. Мұны сезген Шопан құдық түбінен дауыстап: «Ал, жігіттер, мені тастап кетіп бара жатсыңдар, ендеше ағайындарға сәлем айтыңдар, мен шығарда әйелім ауыр қалып еді, ұл туса атын Дат қойсын» дейді. «Шо-

пан жау қолынан қаза тапты» деп елге жалған хабар әкелген әлгі қаскөйлер Шопанның құдық түбінде тұрып айтқан сөзін көзін жұмғалы жатқанда бізге айтқан аманат арызы еді» деп жеткізеді.

Сонымен, дүниеге ұл келеді, оның атын ағайын Дат қояды, Даттан Сырым туады. Сырым сазы күйі көне сазға құралған, өзіндік табиғаты бөлек әдемі күй, күйде Сырымның жорықтары суреттеледі.

109. «Қазақ пен қалмақтың күйі»

Қазақ пен қалмақ арасындағы жаугершілігі көп заманда екі елді егестірген мәселенің түйіні ұдайы найзаның ұшымен, қылыштың жүзімен ғана шешіліп отырмаған. Найзадан өтімді сөзге тоқтаған, қылыштан өткір уәжді тыңдаған кез де аз болмаса керек.

Бірде екі жақтың әскері сендей сіресіп, мұздай қаруланып келіп, үлкен бір қантөгіс шайқас басталғандай екен. Сонда елдің қамын ойлап белі бүгілген бір қарт тұрып: «Уа, ағайын! Арадағы түйін-түйткілді қан төкпей шешейік!» деп сөз бастайды.

Сол кезде тіресіп келген екі ел әскерінің ішінде бірінен-бірі асқан дәулескер қос күйші бар екен. Сол екі күйшіні күй сайысына түсіріп, қай жағы жеңсе, сол жағының талабын орындауға уәде етіседі.

Сонда қамалдай қаумалаған қалың әскердің ортасына ақ киіз жайылып, үстіне қос күйші шығарылады. Алғашқы кезекті қазақ күйшісі алып тартқан екен.

Екінші кезек қалмақ күйшісіне тиеді.

Күй біткенде екі жақтың түнеріп тұрған әскері соғыспақ ниеттерін ұмытып кеткен екен дейді.

110. «Қағытпа»

Өзі күйші, өзі сері бір жігіт жұрт қарағандай жорға атын жоғалтып, іздеп жүріп бір ауылға тап болады. Бейтаныс ауыл болған соң үй таңдап жүрсін бе, шеткерірек тігілген бір үйге ат басын бұрады. Сәлем беріп үйге кіріп келсе, бойжеткен қызы бар үй екен. Төрге жайғасып, аман-саулық сұрасады. Үйдің үлкендері көрші ауылға қонақтап кетсе керек.

Үйге қонақ келген соң бойжеткен қыз кіріп-шығып дәм қамдайды. «Сырт көз—сыншы» деген емес пе, жас қыздың қылық-қимылын бағып отырған сері жігіт бойжеткеннің шалбарының балағында шоқ түсіп күйдірген ойықты көзі шалып қалады. Шалбар ойымынан қыз балтыры ағарып көрініп, көз арбайды.

Сонда, мырс етіп күлген сері жігіт іргеде сүйеулі тұрған домбыраны ала салып, бір тосын сарында шертеді. Домбыра үні сылқ-сылқ күліп, әлдебір сөзді қоймай қайталағандай болады. Бойжеткен қыз ши ішінен құлақ түріп тыңдаса, «жалаң бұттан жалт-жұлт, жалаң бұттан жалт-жұлт» деп сөйлеп отырғандай әсер береді. Жігіттің нені меңзеп тартып отырғанын сезген қыз «қап, мына көлденеңді көк аттыға келеке болдым-ау, берген асты ішіп жөнімен келіп, жөнімен кетпей ме!» деп іштей намыстанады. Бірақ сыр бермейді, кіріп-шығып дәм қамдап дастархан жаяды. Ал, сері жігіт болса, домбыра тіліне оралған әзіл сарынды қызықтап, сұңқылдай қайталап қоймайды.

Жігіттің мұнысына әбден намыстанып, шыдай алмаған қыз бір айлы сәтте: «Бәрекелді, тәрізі күйші ауылдың баласы болдыңыз-ау, мынауыңыз бұрын естімеген сарын екен. Кәне, мен қайталап көрейінші, былай тарттыңыз ба?» деп, домбыраны қолына алған беті сарынын өзгертпестен басқаша сөйлетіп, қарымта жауап қайтарады. Сонда қыз тартқан домбырада «Жөніңе жүр, жолаушы, жөніңе жүр, жолаушы!» деген қарымта жауап естіледі. Қыздың зілсіз қарымтасын жігіт те жазбай танып, өнеріне сүйсінген екен дейді.

Сөйтіп, бұл күй қыз бен жігіттің қалжыңын бейнелейтін болғандықтан, ел ішіне «Қағытпа» деген атпен тарап кетсе керек.

Күй сарыны бір орам әзіл сөздің буынын қайталауға құрылғандықтан тартуға оңай, содан да болуы керек. Ойын-тойда екі жар болып отырған жастар «Қағытпа» күйін жиі тартып, бір-бірін тың сөздің ырғағымен қағытып, сонсоң бір-біріне күй тілінде не деп әзілдегенін жорытып, мәз-мәйрам болысып жатады. Мұндайда домбырашының емеурін еткен сөзі күйі сарынының буынына сыймаса, күйді құбылта байытып, соны ырғақ қосып, түрленте шертетін де дәстүр бар, мұның өзі тартушы мен тыңдаушының күй тілінде түсінуін шыңдап, өнердің өрісін ұзартатын дәстүр.

111. «Ноғайлының зары»

Орманбет би өлген күн,
Он сан ноғай бүлген күн.
Айқай, айқай, айқай күн,
Айқайлап жауға тиген күн.

Қара ноғай босып көшкенде, оның Орманбет би деген үлкен басшы ақсақалы дүние салады. Сонда: «Ақылгөйсіз, басшысыз қалған ендігі күніміз не болады?» деп қайғырған халықтың мұңын Қарт ноғай деген күйшісі күй етіп тарса керек.

112. «Бұлды құс»

Қанша тырбанса да, еңбегі еш, тұзы сор болған, тіршілігі барған сайын кері кеткен бір кедей жігіт, ауыл-үйін тәрік етіп, өзінің бақытын іздеп жолға шығады. Келе жатып қақпанға түскен бір суырға кездеседі. Затында жүрегі жұмсақ, мейірбан пақыр, қақпанның езуін ашады да, суырды босатып қоя береді. Сол кезде тылсымның күшімен суырға тіл бітіп адамша сөйлеп береді. Ол: «Ей адамзат, сен маған үлкен жақсылық қылдың. Бағыма орай сен кездеспегенде, бүгін менің терім тұздалып айырға керілер еді. Біле-білсең, мен суырлардың патшасы Ай-дананың үлкен ұлымын. Екеуміз көзір жердің астына түсеміз. Менің әкемнің алдына барамыз. Сол кезде менің әкем жақсылығыңның өтеуіне осылардың ішінен «қалағаныңды ал, қалағаныңша ал» деп бүкіл қазына-мүлікті ашып тастайды, жер қайысқан малын аралатады. Бірақ сен оның ешқайсысын алма. Бұлды құсты сұра. Ол құсты қайдан білесің десе, білсем болды емес пе, тақсыр, қалағаным осы деп сұрап тұрып ал», — дейді.

Жігіт суырдың айтқанын істеп, Бұлды құсты сұрап алып қайтады. Бұл құстың кереметі — ол кәдімгі арпа бидай, тары жеп алтын саңғиды екен. Сөйтіп, белшеден батқан қарыздан құтылып, өзін ғана емес, рулы елін де дәулетті, бақытты қылған екен.

113. «Бегім салы»

Бір орта жастан асқан адам мен, бір жас жігіт жол жүріп келе жатады. Екеуінің де тіршілігі құбатөбел, мінген көліктері шардақ екен. Күн түске тырмысқан шақта бір белден асып

түскен жолаушылар қайран қалып тұрып қалады. Алдарында мал тұяғы тимеген, шүйгін жайлау, көк саздың қақ ортасында тоғыз қанат оқ орда тігулі тұр. Мінезі жеңілтектеу жас жігіт «апыр-ай, бұл кімнің ауылы екен, бұл жерге ешкім қонбаушы еді ғой» дей бергенде көргені көп қарасақал: «Сабыр ет балам, бұл тегін үй емес, не де болса, барып көрейік», — дейді. Екеуі де қазақы ескі әдетпен аттан түсіп, аттарын жетелеп ауылға жаяу келеді. Үйдің тұсына келгенде ересегі: «Шөлдедік, сусын келтіріңіз», — дейді. Сол сәтте сықырлауық айқара ашылып, ішінен бір жан иесі шығады. Бір қолында көн шелекке құйылған қой сүтінің айраны, екінші қолында сүйретпе толы қысырақтың қымызы екен. Асығыс қимылдайтын жас жігіт көн шелекті қағып алады да, мұздай айранды басына бір-ақ көтереді. Ал ересек асықпай сүйретпенің аузын шешіп, қойнынан тостаған алып, соған құйып бір тостаған қымыз ішеді. Сонда сусын алып шыққан үйдің иесі жас жігіттің бетіне қарап тұрып: «Сабырсыз неме! Қойлы болады екенсің», — дейді де, үлкен адамға бұрылып, «Ал сіздің жылқыңыз көп болады екен», — дейді. Былай шыққаннан кейін жігіт жолсерігінен: «Бұ не керемет, мына тұрған үй не, үйдің иесі кім?» деп сұрайды. Серігі — «үндеме, құдай жарылқады, бізге Бегімсалдың өзі жолықты», — дейді. Көп ұзамай осы екі адам жер қайысқан мал иесі болып шығады.

114. «Жетіген»

Ерте заманда бір көпті көрген көне көз қарттың жеті ұлы болыпты. Жетеуі де елге қорған, жұртқа пана болғандай атпал азаматтар еді дейді. Ол бір, жаугершілігі көп, тынышсыз заман болса керек. Күндердің бір күнінде алаөкпе болып жаушы жетіп, ел шетіне дұшпан әскерінің тұяқ іліктіргенін хабарлайды. Содан, көне көз қарттың жеті ұлы мұздай сауыт құрсанып, жаудың алдын алуға аттанады.

Сайланып келген жаудың жасағы мықты, жарағы берік болатын әдеті. Дұшпан жасағымен арада қанды шайқас басталады. Ел ішінен қол жинап, жауға қарсы шыққан жеті жігіт иықтаса жүріп ұрыс салып, жойқын ерліктер көрсетеді. Жаудың бетін қайтарады. Бірақ, шығынсыз соғыс болған ба, осы шайқаста ағайынды жеті жігіт те ерлікпен қаза табады.

Қаралы хабар қарт әкеге жетеді. Жеті боздағынан бірдей айырылған қарттың қайғысында шек болмайды. Еш жұбаныш таппай, жаны мүжіле береді. Арада күндер, айлар өтсе де, жеті ұлының қылық-қасиеті санасында жаңғырып, жанын жегідей жеумен болады. Әбден шарасы таусылып, шыдамы үзілген қарт күндердің күнінде бір аспап жасайды да, жеті ұлының рухына арнап жеті ішек тағады. Сонсоң, әр баласының қылық қасиетін елестетіп отырып жеті күй шығарады. Сол жеті күйді перзентіндей тербеп, қалған өміріне жұбаныш етіп өтеді.

Жетіген аспабы осылайша дүниеге келсе керек. Ал, қарттың жеті ұлына арнап шығарған жеті күйі ел ішіне «Қарағым», «Қанат сынар», «От сөнер», «Бақыт көшті», «Күн тұтылды», «Құса», «Шамырқан» деген атпен тарап еді дейді.

115. «Қос ішек»

Ертеде бір аңшы жігіт болыпты, деп айтылады «Қос ішек» күйінің аңызы. Сол аңшы жігіт биік таудың қиясын, қалың қарағайдың арасын тұрақ еткен бұғы-маралды аулап, кәсіп етсе керек. Бірде жолы болып, биік таудың қиын қиясынан теңбіл марал атып алады да, маралды етекке түсіру үшін ішек-қарнын ақтармалап алып тастайды.

Содан, арада айлар өткенде, аңшы жігіт аң атуға ұрымтал жер еді ғой деп, баяғы теңбіл маралды атқан жерге соқса, құлағына бір ызындаған дауыс естіледі дейді. Барлап қараса, өткенде атқан маралдың ішегін қарға-құзғын іліп ұшқан болу керек, қарағайдың бұтағына қос тін болып керіліп қалғанын көреді. Ызындаған дыбыстың сол ішектен шығып тұрғанын аңғарады. Қарағайдың бұтақтарына керіле кепкен ішекті сәл ғана жел тербесе ызындап, жанға жайлы дыбыс шығарады. Оның өзі бірде уілдеп, бірде сарнап, енді бірде сыңсып жылағандай болып, аңшы жігітті алуан түрлі күйге түсіреді.

Сол жерде аңшы жігіт «қой мына қос ішекке тіл бітейін деп тұр екен, бір амал жасайын» — деп, ішекті үйге алып келеді де, бір аспап жасап, соған қос ішекті тағады. Содан тартып көрсе, шынында да қос ішекке тіл біткендей сұңқылдап қоя береді. Бұл үн аңшы жігіттің ғана жанын жадыратып қоймайды, тыңдаған жанның бәрін ұйытады. Осылайша, домбыра көптің сүйіп тыңдайтын аспабына айналады.

116. «Ақсақ құла»*(I нұсқа)*

Ертеде біреудің құла тұлпары болыпты. Сол тұлпардың тұқымын көбейтемін деп, тұлпардың қасына бие қосып, екеуін теңіздің ортасындағы адам жүрмейтін аралға апарып тастапты. Тұлпар қасқырға да, адамға да алдырмайды екен.

Арада біраз жылдар өтіп, тұлпардың тұяғы көбейіп, бір үйір жылқыға жетеді. Осы тұлпардың аралда деген хабарын естіген ұрылар Құланы үйірімен алып кетпекші болып аралға барады. Әуелден мінезі тентек, оның үстіне көп жылдан бері адам көрмей жатырқап қалған тұлпар ұрыларды көре сала шабуылға шығады. Алдына келгенін тістеп, артына келгенін теуіп, ұрыларды жолатпайды. Айғырмен арпалысып, әбден шаршаған ұрылар алдырмайтынына көздері жетіп, тұлпарды амалсыздан садақпен атады. Оқ құланың аяғынан тиіп, ақсатады. Жараланған Ақсақ құла бұрынғыдан да қатуланып, ұрыларды тапауға шығады. Әлсіреген қарақшылар бір шұңқырға түсіп жан сақтамақшы болады. Мұны көріп ашуланған Ақсақ құла айғыр өзінен өрбіген бір үйір тұқымын бастап ұрылардың үстінен тапап өтіп, оларды жаншып кетеді. Сөйтіп, тұлпар үйірімен жауын талқандап, тыныш өмір сүріпті, — деседі.

117. «Шұбар ат»

Ертеде Мәмбетәлі деген жігіт бір күні нағашысының ауылына қыдырып бара жатып, жолшыбай шұбаған көшке кездеседі. Мәмбетәлі көш бастаушы қарттан амандық сұрасып, өзінің беталыс жолын айтады. Бұлар да сол бағытқа қоныс аударып келеді екен. Біраз жүрген соң, көштің жетегінде келе жатқан ала бие құлындайды. Сонда қарт:

— Шырағым! Жолдан қосылған қонақ едің, мына бие де далада құлындады, жолымыз болар, саған берген сыйым болсын, — деп, шұбар құлынды Мәмбетәліге беріпті. Мәмбетәлі жас құлынды шапанына орап, нағашысының үйіне алып келеді де, аз ғана уақыт бағып, үйірге қосып жібереді.

Арада біраз жылдар өткенде Мәмбетәлінің мініп жүрген аты орға құлап мертігіпті. Енді жаяу қалған Мәмбетәлі нағашысының жылқысына келіп, таңдаған жылқысына құрық салады. Бірақ құрық бұрыннан өзіне белгілі кербез торыға дары-

май, шұбардың мойнына түсе береді. Ақыры Мәмбетәлі Шұбар атты үйіне әкеліп үйретеді. Шұбармен аңға шығып, талай рет қасқыр, түлкілерді соғып алады. Баяғы жолда туған құлын бұл күндегі Шұбар ат, оны, әрине, Мәмбетәлі бәйгеге шабады деп ойламайды, жарыстарға да қоспайды.

Бір күні көрші ауылда той болып, оған Мәмбетәлі де барады. Тойға шабатын аттарды көріп, «Шұбарды да сынайыншы» деген оймен Мәмбетәлі жүйріктердің қатарына Шұбарды байлап, өзі шеткері тұрады. Бәйгіге қатысатын сәйгүліктерді көруге келге сыншы:

— Осы жарыстың жүлдесін анау тұрған шұбар алады. Өзі көрі ат екен. Ең болмаса, өлерімнің шағында бір рет топқа түспедім-ау, деп тұрған сияқты. Сол жануардың жанын қинамай-ақ, байрағын беріңдер, — дейді.

Бұрын бірінші орын алып дәнiккен, осы жолғыдан да үмiткер билер сыншының бұл айтқанын жақтырмайды. Ат айдаушы бәйгіге шабатын сәйгүліктерді бөлек шығарып, ертең таңда көмбеден жіберілетінін хабарлайды. Мәмбетәлі сол жерден Есен деген баланы Шұбарға мінгізіп, топқа қосып жібереді.

Таңғы салқынмен қаз-қатар жіберілген аттар ілгері қарай лап қойғанда, шұбар ең соңында қалады. Жол ұзаған сайын жүйріктердің аралары ұзап, бір-бірінен алшақтай түседі. Артағы Шұбар біраз шапқан соң денесі қызып, бауырын жаза бастайды. Алдындағыларды біртіндеп қуып жетіп, ілгері аса береді. Осылайша, Есен соңғы қарақшыға келіп: «Алда кім бар?» деп сұрайды.

— Бірінші болып бара жатқан Ақбақай мен Қаракер жаңа ғана өтті, — дейді қарақшы.

Мұны естіген Есен Шұбармен ілгері ұмтылады. Қызып алған Шұбар жер танабын қуырып, Ақбақай мен Қаракерді ілезде қуып жетеді. Біраз тізгінін тежеп, қатарласа шауып, ел қарасы көрінген шамада Шұбар жеке алға шығып, құлдырай жөнеледі. Сөйтіп, Ақбақай мен Қаракерден бір төбе ұзап алға кетеді. Аттардың келуін асыға күткен халық көз ұшынан көрінген жалғыз қараны: «мынау келе жатқан, бұрын жарыстың алдын бермейтін Ақбақай ғой» деп тұрғанда, шұбар ат болып шығады.

Шұбардың бірінші келгеніне сыншыдан басқа адам сенбейді. Әсіресе, Ақбақайдың иесі, би:

— Шұбар көмбеге бармай, жолдан қосылған, сондықтан бәйгі менікі, — деп жеңістік бермей тұрғанда ат айдаушы келеді. Халық оны ортаға алып: «Шұбар атты көмбеден көрдің бе?» — деп сұрайды. Сонда ат айдаушы:

— Барлық ат бірге кеткенде шұбар ең соңында қалып қойған еді, — дейді. Мұнан соң ылажы қалмаған билер шұбар аттың бәйгісіне қарсылық ете алмайды. Мәмбетәлі бәйгіні алып Есеге береді де, өзі үйіне қайтады. Сол шұбар аттың шабысына жиналған ел разы болады. Әсіресе осы жиынның ішінде болған бір домбырашы шұбарға көңілі толып: «Қараның бір аты, бидің мың атына тұрады», — деп, «Шұбар ат» күйін шығарыпты.

118. «Сары өзен»

(I нұсқа)

Бір байдың қызын ұзатқанда қыздың мал-мүлік жасауына қосып бір кедейдің домбырашы жалғыз қызын күң ретінде шаңыраққа мінгізіп береді. Бай билігіне қарсы тұрар дәрмен жоқ, ата салтын бұзарға қақысы жоқ, сорлы қыз жылай-жылай күндікке кетеді. Қыздың «қамқорым, сүйенішім» дейтіні — жалғыз ағасы екен. Күндікке аттанып бара жатқан қарындасымен жылап қоштасып тұрып:

— Тәңір салған тауқыметті көрмеске лажымыз жоқ. Екеуіміздің бір жүргенімізді де көп көрген екен. Бірақ «кебенек киген келеді» дегендей әлде де үмітім бар. Барған еліңнің игі жақсылары бас қосып отырған бір сәтті пайдаланып ұялмай, именбей рұқсат сұра да, «Сары өзен» деген күй шертіп бер. Сәтті болса осыдан ыңғай білінер. Күйді туған жерің «Сары өзенге» арна, зарыңды қос. Жан тебірентер күй шығару қолыңнан келеді, — дейді ағасы. Қыз күң атанады да жат ел, жат жерге барады. Көргені мехнат болады. Байдың отымен кіріп, күлімен шығады. Сары уайым, бітімі жоқ көп күйбең, жігерін жегідей жеп, жүрегін мұңға толтырады. Өстіп жүрген қапастағы күндердің бірінде, ол елдің игі жақсыларының басы қосылып, бай үйіне жиылады. Өзінің мұң-зарын, туған жерге деген сағынышын екі ішекті домбырада сөйлетіп қойған қыз, рұқсат сұрап игі жақсылар отырған үйге кіреді. Сары қымызды суша сапырып күні бойы ішсе де, тойымдық таппай бөртіп отырған игі жақсылар қыздың жаңа күйімді шертіп берейін дегенін естіп елең етиседі.

Қыз күйін шерте жөнелгенде күннің өнеріне таңданған игі жақсылар бас шұлғысып, тұс-тұстан қолпаштап даурығысып қалады. Күйді тыңдап болғаннан кейін қыздан кімнің күйі екендігін сұрайды. Сонда қыз: «Тағдыр маған тұмай жатып мекнат сыйлады. Етегіне жармасып әке артына ергем жоқ, ана сүтін тоя емгем жоқ, қос бөйтерегімнен жастай айырылып, жетім қалдым. Бай есігінде күн кештім. Енді көзімді ашып, жан-жағымға қарап отырғанда көріп отырғаным мынау. Шаңыраққа мініп кеп күң атандым. Артымда көз жасымен өңірін жуып жалғыз ағам қалды, бірге өскен мұңдас құрбыларым қалды, мөлдір суын сіміре ішіп, кірімді жуған «Сары өзен» қалды. Осыларды ойласам, өзегім өртеніп қайғы басады. Өзегімді сары уайым жайлады, соларға деген сағынышым еді. Күй атын «Сары өзен» атадым», — дейді.

Игі жақсылар қыздың өнеріне разы болып күндіктен босатып еліне қайтарды.

119. «Ертіс толқыны»

Мал шаруашылығымен күн өткізген қазақ халқының Ертіс бойын мекендейтін бір тобы құнарлы өлкені құтты қонысқа балап, ұзақ жылдарын сол арада өткізеді. Ертіс бойының шөбі құнарлы, суаты мол болғандықтан одан алыстап кете алмай, күнгейін қыстап, теріскейін күзеп-жайлап дегендей күндерді өткізе береді. Күзеу мен жайлау өзеннің бір жақ аңғарында, қыстау бір жақ аңғарында болады да екеуін бөле ағып Ертіс жатады. Ертіс — енді, суы ауқымды өзен. Қыстаудан жайлауға бару үшін өзен суы тасымай тұрғанда өтіп алмаса, ұсақ мал түгіл, атты кісіге жол бермейді. Жыл сайын бір мезгілде көшіп дағдыланып алған ауылдар бір жылы күтпеген жерден қиыншылыққа тап болады. Ел бейқам отырғанда жаз ерте шығып, сай-саланың қары еріп, өзен арнасынан асып-тасып кетеді де, дүйім ел өткел таба алмай қамалып қыстау жақ арнаны жайлап қалады. Қыстаулық өріс қанша дегенімен тарлық істейді де жер көңілдегідей көктемейді, тебіндеген көкті мал жеп тауысады.

Мал жаздан да жарасымдық семіздік ала алмайды. Бұл аздай-ақ, сол жылы қыс қатты болып, қар қалың түседі. Осылайша ию-қиюы сәйкеседі де, ел-жұрт көптеген малын жұтатып алады.

Малдың жұтауын, жайлауға өте алмай қалғанын ел өзіміздің бейғамдығымыздан болды демейді. Ертістің толқынынан болды, — дейді. Қыруар шығынға ұшыратқан Ертістің ақ өркеш толқындарын күйге қосады.

120. «Телқоңыр»

(I нұсқа)

Қазақпен моңғол жауласып тұрған ерте кезде екі жетім бала болыпты. Екі жетімнің үлкені ештемемен шатағы жоқ жуас екен де, кішісі пысық, ән құмар, әрнеге әуес, домбырашы екен. Талапты жастың той-томалаққа барып өз өнерін көрсетуіне қолы қысқалық ете беріпті. Ауылдас бардам адамдардан бірер тайдың терін сұраса да, алмайды екен. Бір күні ол ағасына:

— Біз бүйтіп жүре бермейік, үйде көміліп отырғанша, Алтайдың арғы бетіне барып, бұтартар тауып келейік! депті. Ағасы да бұған мақұл болып, екеуі Алтайдың арғы бетіне жол алыпты. Екі жаяу жол бойы ел қыдыра ұзақ жүріп он бес күн дегенде, Саржайлауда жатқан қалқа еліне барыпты. Олар бір төбенің басына шыға келсе, құнан шаптырым жерде жазыққа қатар тігулі екі үй тұрады. Үйдің бірі алты қанат ақ боз үй де, енді бірі отау үй екен. Екі үйдің ортасына тартылған кермеде екі жылқы байлаулы тұрады. Екеуі әлгі жылқыны алуға торуылдап, көз байланар шақта ағасын әлгі төбеде қалдырып, інісі үй маңына барса, кермеде басына шылдырмақты ноқта салынған, аяғы ақ кісенмен кісенделген бір-бірінен айыра танығысыз, қамыс құлақ, алма мойын екі қоңыр ат байлаулы тұрады. Кісендеулі атты алып кету мүмкін болмағандықтан, інісі ақыры ағасын ертіп отау үйге жайын ел аралап жүрген адам бейнесінде баруға жақындайды. Олар үй сыртына келіп жабықтан баспалап қараса, үй ішінде екі бойжеткен қыз «Телқоңырдың жүрісі олай емес» деп, таласып отырғанын көреді. Үйде бас көтерер үлкен адамның жоқ екенін білген екеуі, не болса да осы қыздармен тілдесейік, тел қоңырды қолға түсірудің орайы туылар ма екен деген үмітпен: «Ассалаумағалайкум!» деп үйге кіріп келеді. Сонда от басында отырған қыз аңырып отырып қалады да, біреуі қолындағы домбырасын жүкке сүйей салып, қазан жақтағы сырлы сүйек төсекке шығып отырады. Екеуі ибадатпен төрден орын алады, үсті-басы жұтаң, жүздері жүдеу екі бозбалаға сәнді

киінген кербез қыздар көз қырын сала қоймайды. Сөз тартып жауап ала алмаған екі бозбаланың бірі жүкте сүйеулі тұрған үкілі домбыраны қолына алып құйқылжыта жөнеледі. Қыз күй сарынына іштей қатты ынтығып, ұйып тыңдап қалады. Әсем күй көңіл көбелегін қалықтатқан қос бойжеткен, ақыры қос бозбаланы іштей ұнатып қонақ етеді. Олардан: «Ертесі аттануды, осы түнді күймен аттыруды» өтінеді. Бұған жігіттер мақұлдық береді, таң шеті сөгіле бастағанда екі қыздың көзі ұйқыға кетеді. Осы сәтті тосқан екі бала кереге басында ілулі тұрған кісеннің кілтін алады да, кермедегі Телқоңырды босатып алып, ноқтасымен жайдақ мініп Алтайдың бергі бетіне бір-ақ тартады. Қыздар төтті ұйқы құшағында қала береді.

Отау үйдің қасындағы үлкен үйде ат иесі ақ сақалды шал бар еді. Байлығы мен салтанаты асып тұрса да, ұл баласы болмаған шалдың бар бақыты екі қызы мен тайынан баптап өсірген тел қоңыр аты екен. Шалдың ендігі арманы осы тете өскен қызын тел қоңырға мінгізіп, тете өскен екі жігітке қосу болатын. Сондықтан шал қыздарына құда түсе келгендерге: «Осы шартым орындалса, қыздарымды қалыңсыз беремін», — деп сөз береді. Бірақ мұндай жер шыға қоймайды. Ағайынды жігіттер келген кезде шал қыздарына бөлек үй тіктіріп, өз алдарына сауық құрдырып қойған екен. Қыздар кейде тел қоңырмен саятқа шығып тұрса керек. Осы күні шал ерте намазға шыққанда, кермеде жаратулы тұратын тел қоңырды көре алмайды, үйге бейсауыт екі баланың келгенінен хабар тапқан шал:

— Е, Телқоңыр барар жеріне барып болған екен, бұйрығы болса кетпес, бұйырмаса келмес, алдырар күні жаздырар деген осы, енді Телқоңырды ұры әкеткенін елге дабыра етпей, хабарын үйден тосыңдар. «Сабыр түбі сары алтын», екі қызым қолымда тұрса, Телқоңыр қайта айналып қазығын табар, — деп бойын кеңге салып жата береді.

Жел тақым балалар желдей ескен жүйріктерімен ара қонып ауылына келіп те үлгеріпті. Сол кезде атақты бір байдың асы берілетін болып, төңіректің төрт бұрышына сауын айттырып «Он атқа бөйге беремін, бас бөйгенің ауыздығына ат байлап, шабандозына асылдан шапан жабамын» деп хабар таратады. Екі жігіт тел қоңырларын осы бөйгеге қосуға баптайды.

Күншілік жерге айдалған бөйгенің келетін уағы болып, ел төбеге топталып жолға телмірумен болады. Бір кезде қатар

шыққан екі қара көрінеді. Өркім әртүрлі жорып, ел іші гулесіп жатады. Осыдан кейін байлар мен билер тел қоңырға ер-азаматтың құнын беріп сатып алмақ болады. Бірақ екі жетім тел қоңыр:

— Телқоңыр басымызға келген қонақ, нағашымыздың бәсіресі, сата алмаймыз, — дейді. Сөйтіп, қоңырдың бәйгесімен қорасына қой, өрісіне жылқы сала бастайды. Өстіп жүргенде ұлы той болып айтулы ат бәйгесі болады екен, бас бәйгесіне бес жүз қой атапты деген хабар таралады. Даяшы жігіттер оларды алдарынан шығып шеткері бір үйге түсіреді. Олар бәйгенің ертең айдалатынын айтады. Бірақ тел қоңыр мама ағашқа да тыныш тұрмайды. Екі жігіт аттарының бұл қылығына қайран қалады, ауаша байламақ болып шешіп алғанда, Телқоңыр оларды сүзе сүйреп, ауыл ортасындағы үлкен ақ боз үйдің белдеуіне бірақ барып тоқтайды. Төр алдын құралай отырғандарға құймалы сырлы тегенедегі сары қымызды шыбар қайыңнан жасалған қос басты ағаш шығырықты ожаумен көтере-көтере сапырып құйып отырған қара торы жігіт қана бір-бір шыныдан қымыз ұсынады. Отырғандардың ішінен аласа бойлы біреу жантайған қалпы басын көтерместен, есіктен кіріп-шығып жүрген той басқарушыға:

— Мына екеуі қай атаның билері екен менімен дастарқандас болатын, білгім келіп отыр? — дейді кекесінді пішінмен мысқылай сөйлеп. Сонда үйдің қақ төрінде отырған орта бойлы би басын көтеріп:

— Киімі жаман болғанымен кеспірі түзу жігіттер екен, қайдан білесің, өнері ішіндегі біреу ме? Дәм айдап дастарханымызға келген шығар, оларға да кезек беріңдер! Көрсетсін өнері болса, — дейді кезекпен ән шырқап, домбыра шертіп сыбызғы тартып отырған өнерпаздарға қарап. Қолдан-қолға өтіп отырған домбыра ең соңында екі жігітке де тиіпті. «Қолыма домбыра бір тисе» деп бағанадан шыдамы таусылып отырған жігіт домбыраны құлақ күйіне келтіріп алып, бірде құйғытып, бірде шымырлата баяулатып, бірде шалқыта әуелетіп күйге басқанда, отырғандар дән риза болып, оларға қымыз ұсынып «бәрекелді» айтыпты. Күмбірлете әуелеткенде бағанадан ел аңысын аңдап төсекте жатқан ақ мақтадай көрия:

— Ой, қайран тел қоңырым-ай, қайта айналып қазығыңды тапқан екенсің ғой, Құдай айдап белдеуіме қайта байланған екен ғой! — деп басын жастықтан жұлып алыпты. Сонда отырғандар:

Тегінде, Телқоңырды екі бала алып кетіпті деген сөз бар еді ғой, мына екеуі солар болар болып жүрмесін. Айтыңдаршы растарыңды, өздерің қай ауылдан не ғып жүрген азаматсыңдар? — деп енді екеуінің жөнін сұрауға көшіпті. Өздерінің Телқоңырды қалай алып кеткені жайындағы бар болмысты баяндап, көриядан кешірім сұрайды. Сонда көрия:

— «Алдыға келсе, атаңның құнын кеш» деген екен атаң қазақ, кештім күнеларыңды. Осы ауылға неге келгендеріңді де біліп отырмын, тілеген тілеуім орындалды. Үлкен қызымды үлкеніңе, кішіңе кіші қызымды атастырып, ақ батамды бердім сендерге, той үстіне той болсын! — деп, алақанын жайып батасын берген екен. Міне, осы күй қазірге дейін осылай «Телқоңыр» атанып келеді.

121. «Телқоңыр»

(II нұсқа)

Дәулеті шалқыған, елге беделі артқан бір ұлықтың төскейді жайлаған қаптаған қалың жылқысының ішінде мәпелеген қоңыр тұлпары болыпты. Қоңыр ат қамыс құлақ, тік бақай, бөкен қабақ, сіңірлі, алыс адымды зор денелі аттың сұлуы атанады. Ұлық қоңыр жүйрікті кермеге байлап сылап-сипап, мәпелеп күтуші қойып, түнде күзеттіріп бақтырады. Тұлпарды ауыл арасында емес, ел ішінде бас қосатын ұлы дүрмекке ғана мініп, ру-руды қамтыған үлкен тойларда бөйгеге қосады.

Ел ішінде жылқыға арнап тартылып жүрген күйлердің бірде-бірін қоңырдың жүйріктігіне тең көрмеген ұлық: «Қоңыр аттың жүрісін күйге түсірген домбырашы болса атан түйе жетектетіп, ат мінгізіп, киіт кигіземін», — деп бүкіл елге жария шашады. Талай күйді тамылжыта шерткен күйшілер хал-қадарінше күй шығарады. Бірақ күйшілердің ойланып-толғанып шығарған күйлері ұлық көңілінен шықпайды. Ел ішіне аңызға айналған бұл оқиғаға құлақ құрышы қанған көршілес рудың ұлығы қоңыр жүйрікті ұрлап алмақ болады. Бір қу жігіттің қасына асқан шебер домбырашы қосып, қоңыр жүйрікті ұрлап әкелуге аттандырады. Ұзақ жол жүріп шаршаған екеуі ел шетіне келгенмен мақсаттарына жете алмай дал болады. «Онда не бар дейсің тәйірі! Аламыз да қайтамыз», — деген ойлар құр үміттің бұлаңы болады да шығады. Ұлық ордасының

қасындағы кермеге байлаған қоңыр жүйрік күндіз-түні күзетулі. Күндіз күтуші басы-қасынан ұзамайды. Түнде қой күзеткен қыз-келіншектер айнала қоршап алақанда ұстайды. Қу жігіт пен домбырашы әлденеше күн торып ала алмайтындарына көзі жетеді. Қасындағы төмен қарап мұңайып отырған домбырашыға қу жігіт өзінің ойлап тапқан әдісін айтады.

— Бөтен ел бөтен жерде бүйтіп не марқаба табамыз. Ел жатып, қыз-келіншектер қой күзетіп шыққан кезде сен ауылдың ар жағында дөңге шығып домбыранды шерте бер. Ет-жүректі елжіретіп сезімді баурап алатын тәтті күйге құмартқан қыз-келіншектер сенің қасыңа баруы мүмкін. Жолымыз болып, олар сені қоршаса, әдемі күйлермен айналдыр. Осы кезде мен күзетсіз қалған қоңырды жетектеп алып шығайын. Екеуі осыған келіседі де, ел ұйқыға кеткенде бөлінеді. Қой күзетіп қысыр әңгімемен таңның атуын күткен қыз-келіншектер күтпеген жерден төгіле шығып бойды тербеп алған домбыра үніне құлақ түреді. Бірінен соң бірі үзіліс таппай шертілген күй даусына елегізген қыз-келіншектер жарыса тұрып, домбырашының қасына барады. Домбырашы: «Көршілес ауылдың жігітімін, жол қарап шығып ем, жолым болмай торыққан соң домбырамен сырласып отырмын», — дейді де, күйді шерте береді. Қолайлы сәтті пайдаланған қу жігіт еппен келіп кермеде байлаулы тұрған қоңыр жүйрікті жетекке алып межелі жерге тартады. «Енді алып үлгерген шығарсың», — деп топшылаған күйші домбырасын қолына ап, қыздармен қош айтысып жолға түседі. Манадан тәтті күйден нәр алған қыз-келіншектер оралса, кермедегі қоңыр жүйрік жоқ. Маужыраған тыныш түнде ұзақ ұйқыда жатқан ұлық та, ауыл адамдары да «қоңыр жүйрік жоқ», — деп айнала жүгіріп шулаған қыздардың дауысымен оянады. «Қайтып айырылдыңдар?» — деген сұрауына қыздар болған оқиғаны айтып береді.

— Домбырашы қандай күй шертті? — дейді ұлық.

— Домбырашы мынадай күй шертті, — деп күйді ұғып алған бір қыз шерте жөнеледі.

Алып қашқан ат жүрісін, сұлу шабысын суреттеген күй тыңдаушыларды баурап алады. Беріле тыңдап егіліп тұрған ұлық күй біте бергенде басын көтереді де, зор үнмен: «Қоңыр аттың шабысы мен сұлулығын аумаған қалпында қос шекте ойнатқан домбырашы бар ма еді бұл елде?! Бар болса баяғыдан

қайда жүрген ол. Бұл елдің күйшісі емес. Көршілес руда бөлен деген төренің асқан шебер домбырашысы бар деуші еді. Мынау соның күйі. Атты ұрлатқан сол төре. Талай рет сұратқанда бермеп едім, егескен екен», — депті де отыра кетіпті. Ұлық күйініп аз отырады да, сенімді екі жігітін шақырып алып:

— Атқа қоныңдар да, сол төреге барыңдар. Ат басындай жамбы төреге сәлемдемем. Қолекі тапсырып сәлем беріңдер. Қоңыр жүйрікті сұрамаңдар, берсе, алмаңдар, — дейді.

Төре екі жігітті құрметті қонақ етіп, ұлықтың сәлемдемесін қуана алады. Екі жігіт жүрерде төре бұйымтайларын сұраса олар: «Ұлығымыз сәлем деді», дегеннен басқа ештеңе айтпады.

Өш-араздығы, алым-берімі жоқ, бірақ қоңыр жүйріктің қолды болғанына қынжылмай сәлем жолдаған ұлыққа риза болған төре, қоңыр жүйріктің қасына одан аумайтын тағы бір қоңырды қосып береді де: «Ұлықтарыңа сәлем де! Айыбымды кешкен екен, мен де аяғына жығылдым. Егіздей көрінетін екі қоңыр екеуімізде тұрмай, біріне-бірі сән беріп сонда тұрсын!» — деп қос қоңырды жетектетеді.

Сөйтіп, бір қоңыр ат екеу болып оралады да, ұлықтың ордасының қасындағы кермеге байланады.

Бір-бірінен аумайтын қос қоңырдың пішініне, сымбатына, жүйріктігіне құмартқан күйшілер «Телқоңыр» күйін шығарады.

122. «Кербез қыз»

(IV нұсқа)

Бір байдың жалғыз өскен ерке тотай қызы болыпты. Өмір тақыршылдығын көрмеген. Мол дүниенің кең ортасында шалқып өскен қыздың сұлулығына кербездігі сай келіпті-мыс. Сұлу қызға дүйім елдің талай байының кербезсіген ұлдары, ел ішінің сұлуы атанған жігіттері сөз айтқанымен қыз оның бірде-біріне ықтиярлық бермейді. Теңім емес деген жауап қайырады. Сөйтіп жүріп қыздың жасы бірталайға келеді. Ол сонда да ешкімді ұнатпайды. Қыздың бұл қылығына «қызым отырып қала ма» деп шешесі қауіптенеді де, қыздың жеңгелерін жұмсап сырын сұрайды. Сонда қыз: «Мен бір үйдің жалғыз қызымын, әкешем барын менің алдыма тосты, тотыдай тарап өсірді. Соның арқасында кербез қыз атандым. Менің осы кербездігімді кім сыбызғыда тартады, теңім сол, соған барамын», — дейді.

Қыздың сөзі ауыздан-ауызға тарап елге жайылады. Енді қызға жорға мінген үкілі жігіттер емес, сыбызғышы жігіттер келе бастайды. Қыз олардың да ешбірінің күйін жақтырмайды. Сөйтіп жүргенде, бір күні жалбыр шапанды сыбызғышы жігіт келіп: «Сенің кербездігің менің мына күйімнен артық қандай еді?!» — деп күйін тартады. Кедей жігіттің күйіне риза болған қыз соған қосылатынын білдіреді. Әке-шешесі отыз күн ойын, қырық күн тойын жасап, қызын сүйген жігітіне қосып аттандырады. Сондағы жігіттің тартқан күйі осы «Кербез қыз» күйі екен дейді.

123. «Кербез қыз»

(V нұсқа)

Құба жонда жылқы бағып жүрген жылқышы жігіт жақын маңдағы ауылдардың біріне қыдырып барса, үйде тұлғасы көз тартып, көңілді бауарлықтай, ақ тістері тізілген, алма мойны үзілген, қос бұрымы өкшесін соққан бір қыз отырады. Қыздың көркіне мінезі сай. Жылқышы жігіттің аман-сәлеміне ашық-жарқын үнмен жауап қайтарады да, орнынан тұрып, от жаға бастайды. Жігіт төр алдына жайғасып, отырады да, жүкке сүйеулі тұрған домбыраны алып, ақырын ғана шерте отырып, екі көзін қыздан аудармайды. Қыздың мүсіні қандай сұлу болса, қимылы да сондай сұлу. Кербез қимылдап от тамызып, шөйнек асады, қолына түйір кіршік жуытпайды, ыдыс-аяғы да мұнтаздай. Дастархан дайындап тұрған қыз жігіттің шертіп отырған бірдің басы, бірдің аяғы араласқан берекесіз күйін естіп мырс етіп күліп жібереді. Мұны көзі шалған жігіт талғамсыз шертіп отырған домбырасын қоя салып қыздан:

— Неге күлдің, құрбым? Мазағың болдым-ау, — деп өкінеді.

— Қыран ғана мекендеген асқар тауда жүрген жігіт талғампаз болмас па еді. Қайран домбыраның қор болып, сөйлей алмай, не айтарын біле алмай тілі күрмеліп отырғанына жаным ашығаны да. Сіздей жігітті неге қорлайын? — дейді өзілдеп.

Қыз сөзінен ұтылған жігіт білегін түріп, домбырасын көктейді де, жаңа бір күйді шертіп ала жөнеледі. Жігіттің тартқан күйін қыз ұйып тыңдап, күй аяқталғанша қозғалмастан мелшиіп тұрып қалады. Күйді бітіп қыздың шын беріле тыңдаған мына тұрысына разы болған жігіт: «Күй сырын ұққан адам

сендей-ақ болар! Сыртың сұлу, қимылың кербез бе десем, нағыз сұлулық пен кербездік ішінде екен. Сол кербездігіңе тартқан сыйым осы күй «Кербез қыз» күйі болсын», — депті.

124. «Бұланжігіт»

Бұланжігіт басында күйші емес екен. Ол талапты, батыр боламын, елді жаудан қорғаймын деген ойы бар жігерлі жас жігіт екен.

Бір кезде Абылай хан қалмақтан барымта алдыруға батырларды жинап, екі жүздей кісіні іріктеп, ауылдың сыртындағы дөңде кеңес құрып отырады. Сол кезде, жиырма жас шамасында Бұланжігіт Абылайға келіп, осы жорыққа баруына рұқсат сұрайды. Абылай рұқсат етеді.

Аздан соң, ауылдан желек бүркенген бір жас келіншек шығып, отырған топтың шетіне таяп келеді. Оны көрген Абылай келіншектің айтатын арызы бар шығар деп біреуді жібереді. Келіншек жіберген кісісі арқылы Абылайға арызын айтады:

— Ханға айтыңыз: осы жолға Бұланжігітті жібермесін, егер жіберсе, ол аман қайтпайды, мерт болады. Мен ол туралы жаман түс көрдім, менің тілімді алмай кетті, — деп келіншек қайтып кетеді.

Ол Бұланжігіттің сол жылы түскен келіншегі екен. Хабаршы келіншектің арызын айтып келген соң, Абылай Бұланжігітке:

— Осы жолға сен бармай-ақ қой, кейінгі жорықта барарсың, — дейді.

Бұланжігіт әйелдің тілін алып, «желкілдеген тудан, жер қайысқан қолдан, кезенген жолдан» қалғанымнан өлгенім артық деп, көнбей, сол қолмен бірге аттанып кетеді.

Батырлар Алатаудың асып, қолмақтың жылқысына қас қарая тиіп, айдап шығады. Алдарына салып алған жылқыны айдаушыларға қудырып жіберіп, іріктеліп бірнеше батырлар арттарынан келе жатқан қуғыншыларды бөгеуге қалады. Сол тосқауылшылардың ішінде Бұланжігіт те болады. Бұлар қуғыншылардың беттерін басқа жаққа бұрмақ болып, бытырай әр жаққа бет алып, қаша соғысып жүргенде, асу аузындағы қазылған орға кез келіп, Бұланжігіт орға түсіп қалады. Басқалары жылқыны алып, құтылып кетеді.

Бұланжігітті қалмақтар байлап алып, ханға әкеп тапсырады. Бұланжігітті аяғына кісен салып, түнде керегеге керіп бай-

лап, күндіз кісенімен бие сауғыздырып, құдық аршыттырып, су тасыттырып қояды. Абылай артынан іздетпей, Бұланжігіт бір жыл қалмақ қолында азапта болады.

Қалмақтың ханының Қаракөзайым деген бір сұлу, есті қызы бар екен. Бір күні Қаракөзайым қолға түскен қазақтың батырын көрейін деп келсе, ыстықта Бұланжігіт кісенімен жүріп, бие сауғызып, асау құлындармен алысып жүр екен. Бір жыл бейнет көргеніне қажып, жасымай жүргеніне таңырқап, әрі жастыға жаны ашып, әрі сүйіп аяйды.

Түн болғанда керегеге таңулы тұрған Бұланжігітке қыз келіп: «Сені босатсам қайтер едің?» — дейді. Бұланжігіт: «Бос кетпей, еліңнен жылқы алып кетер едім», — дейді. Қыз: «Жылқы алсаң және қолға түсесің, өйткені екі ел әлі барымта қайтарысқан жоқ. Сондықтан ел арасында қарауыл бар. Мен сені босатайын, астыңа ат берейін, жылқы алмай, жамбызбалап еліңе қайт. Жігіт болсаң, бір іздеп табарсың», — дейді.

Сөйтіп, қыз Бұланжігітті босатып, белдеудегі суытып қойған бір бөйге атты әкеп беріп, амандасып қала береді. Содан Бұланжігіт қыздың айтқанын істеп, көзге түспей, шекарадан өтеді. Бұл ел жайлаудан жаңа қайтқан кез болады. Бұланжігіт ессіз жайлаудағы ата-бабаларының молаларына келіп дұға етіп отырғанда, бір жас қабырға, ол қабырдың басына шаншылған қарқараға көзі түседі. Ол өзінің келіншегінің қарқарасы екенін таниды. Сол жерде оның көңлі босайды. Келіншегінің жорыққа барма дегені, келіншегін жақсы көретіні, қолға түсіп азап шеккені, артынан Абылайдың іздетпеуі ұласып келіп, одан бір зар шығарады. Моланың басында зарлай отырады. Сол зарын мұңлы үнмен сарын етіп шығарады. Сөйтіп, Бұланжігіт батырлықты тастап, сыбызғышы-күйші болған екен. «Бұланжігіт күйі» деген сондағы әйелі қойылған қабырдың басында айтқан зары екен деп, домбырашылар тартатын еді.

125. «Ақсақ Темір мен домбырашы»

Атақты Ақсақ Темір бір ауылға келгенде, сол жердегі домбырашылар түгел жиналыпты. Домбырашылар түрлі күйді шертіп, төтті әуендерді төгілдіре тартса керек. Солардың бәрін таратып жіберіп, тартқан күйлеріне өте риза болып, Ақсақ Темір бір күйшіні алып қалыпты. Ақсақ Темір күйшіден:

— Сенің атың кім? — деп сұрапты.

— Менің атым Дәулет! — депті күйші. Ақсақ Темір:

— Шіркін-ай, Дәулет те соқыр бола ма екен? — десе керек.

Сонда Дәулет жұлып алғандай:

— Тақсыр-ау, Дәулет соқыр болмаса, Ақсақтың үйіне барар ма еді! — депті.

126. «Жалғыз жігіт»

(III нұсқа)

Ертеректе бір кедейдің баласы болыпты, сол кедей жігіт әкесімен бірге байдың малын бағып, жалшысы болады. Байдың да, кедейдің де жалғыз-жалғыздан ғана ұлдары болса керек. Ақ патшаның әскеріне қызмет ету үшін, бай өз баласының орнына кедейдің баласын әскерге жіберетін болып кедейге айтқаны:

— Сенің балаң менің баламның орнына барып келсін. Балаң келгенше менің қорамның шетінде отырып малымды бағып, отынымды жарып, бірді-жарым сауынды сиырымды сауып, ескі-құсқымды киіп жаныңды бағып отыра бер. Балам аман-есен оралып келіп жатса, мен саған берген дүниелерімді сұрамаймын, — депті. Амалсыз кедейдің баласы байдың баласының орнына кете барады. Сондағы жігіттің әке-шешесімен, қарындасымен қоштасқан күйі.

127. «Майдажал»

Ертеде бір бай болыпты, байдың мыңғырған көп жылқысының ішінен не жорға, не жүйрік шықпапты. Содан ақ ордасын жайлауға тігіп қойып, қалың құлынды үйге келер жолды айналдыра желі тартып бие байлапты. Оның ойы: «Келе жатқан сыншылар, құлындарды сынап өтіп үйге келгенде, өз сынын айтады» деген үміт. Сөйтіп жүргенде бір сыншы бала құлындарды жағалап келе жатып, бір құлынды екі-үш айналып шығып әрі қарап, бері қарап, сәлем беріп үйге кіреді. Сонда бай: «Сен бір құлыңға ұзақ қарадың ғой, жүйрік пе, әлде жорға ма?» — деп сұрапты. Сонда бала: «Жүйрік шығады» деген екен. «Олай болса, сол құлынды сен өзің бағып-бапта» депті бай балаға.

Бала өзі баптап өсірген құлынын, ат болғанда үлкен бір тойдағы ат жарысқа қосыпты, аты сол бәйгеден жеке-дара озып

келген екен. Шапқанда аттың сұйық жалы желге желкілдеп келе жатса керек, сол атқа арнап сыбызғышылар күй шығарып, атын «Майдажал» қойған деседі.

128. «Қыз алып қашқан»

Жалғыз қызы бар бір бай мен жалғыз ұлы бар бай екеуі құда болады. «Екі жарты бір бүтін болсын, сән-салтанаты келіскен түтін болсын! Біреуіміз келінім демейік, біреуіміз күйеуім демейік. Екеуіміздің ортамыздағы, екеуімізге ортақ отау болсын», — деп келіседі. Берік сөз байласқан екі байдың бесікте құдалық сөйлескеннен кейінгі қарым-қатынасы күн өткен сайын нығая береді. Екі бай іргелес жайлап, іргелес қонып, екі ауылдың ортасына дәнекер боп тігілетін сәнді отауды асыға күтеді. Қыз бен бала бірге ойнап, біте қайнасып өседі. Сәби жүрек бірінің-біріне құдалық жолымен таңылғанын да сезбейді. Олар күні ертеңгі бір-бірінен бөлінбес бір бүтін болғандықтан емес, балалық жетелеуімен ойын қызығына ерумен де тату өседі. Ұл ер жетіп, қыз бой жеткеннен кейін аралары алыстай бастайды. Қолаң шашты салиқалы қыз жігіт жүрегі баурап, жүрегіне от тастағанымен, қыз жігітті сүймейді. Жігіттің ештемеге икемі жоқ дәрекі қимылы, шөп басып сындырмайтын еріншектігі, дүңк мінезі қыз сезімін аулақтата береді. Бірақ бесіктен құда боп, қысқа арқан, тар тұсау сап қойғанын естіген жігітті қыздың жақтыртпағанымен шаруасы да болмайды. «Отау қамытшылығы бітіп, той дайындығы әзір болса, ақ төсіңді аймалармын» дейді де, жүре береді. Бай да қыз жайын естігенде, «балалықтың әсері де» деп етегін жимайды. «Аруақ жолын сыйламай, ата жолын бұзып, ақ басты ана мен ақ сақалды әкенің қолынан шығып, қайда барады дейсің» деген тұжырымға келеді. Өстіп құда да тыныш, құдағи да тыныш жатқан бір күні той істеу қамытшылығы бітіп, ақ отау әзір болған күні «қыз қашып кетіпті» деген суық хабар дүңк ете түседі. Байдың тоғышар ұлын ұнатпаған қыз жылқышы жігітке ереді де, тайып тұрады.

Қашып келе жатқан қыз бен жігіт ауылдан алыстағаннан кейін бұтаның арасын паналайды. Осы кезде қыз жігітке өзінің сырын айтады: «Дәулеті мен әулеті сай, салулы төсек, тігулі үй дайын бай баласынан неге қаштым? Оның себебі, ол — тоғы-

шар. Бір күн мал шетіне шығып көрген жоқ, оның қолынан келер де жоқ. Шоқпардай үкі тағып, күмістеген белбеу буынып, жорға мініп жортқанды ғана біледі. Сен еңбекке құштарсың, еңбектің балын жеген өмір—нағыз өмір. Екіншіден, сен—сыбызғышысың. Өнер өлмейді. Сондықтан сені сүйдім. Осы жүрісімізді сыбызғыға қосшы, асықпай тыңдайын»,—дейді. Жігіт сыбызғысын тарта жөнеледі, қыз бойы балқып тыңдайды. «Қыз қашып кетті» деген хабарды естігеннен кейін екі жақ бірігіп тұс-тұсқа қуғыншы аттандырады. Ат сабылтып, үзеңгі қағыстырып келе жатқан бір топ қуғыншы сыбызғы даусын естиді де, шілік ішінде сайрандап отырған қыз бен жігітті қолға түсіреді. Ашу кернеген топ жігітті өлмеші қып сабап, сол жерге тастайды да, қызды өңгеріп ауылға алып келеді. Жігіттің қыз тілегі бойынша тартқан күйі «Қыз алып қашқан» атанады.

129. «Қалажан қашқан»

Ертеде біреудің Қалажан деген келіншегі болады. Қалажан көрікті, сымбатты болса керек. Ол тұрмысқа шыққаннан кейін қосағына көңілі толмай, ауыл арасының Кит деген жігітімен күйеуінен жасырын көңілдес болады. Қалажанның күйеуі үйде жоқта Кит келіп-кетіп жүріп, екеуінің көңілі одан әрмен жақындаса береді. Ақыры екеуі қашуға келісіп, келісімді күні Кит келсе, Қалажанның күйеуі тағы да жоқ екен дейді. Киттің жетектей келген атына Қалажан мініп, Кит өз атына мініп қашады. Екеуі ауылдан шыға бере үйге жеткен күйеуі қашып бара жатқан екеуін көреді де, есік алдындағы бақанды ала сап арттарынан қуады. Қашып бара жатқан жолдарында әжептәуір терең өзен бар екен. Егер өзеннен аман-есен өтіп кетсе, онда бұларды ұстай алмайды. Екеуі өзенге келеді де, тіреліп қалады. Не де болса өту керек болады. Қалажан атына қамшы басады да, өзенге түсіп кетеді. Аты малтып отырып аман-есен ар жаққа өтіп, артына қараса, Кит әлі тұр екен. «Қуғыншы кеп қалды, тез өт»,—деп дауыстайды. Бірақ Кит өтуге батпайды. Өстіп тұрғанда қуғыншы келіп Китті ұстап алады. Жүрексіз Кит Қалажанның күйеуіне де күш көрсетіп, қарсыласа алмайды. Күйеуінен безіп, қолынан ұстап ере қашқаны Киттің әлсіздігін көрген Қалажан іштей күйіп, қайта өтіп келеді де, қолы байлаулы жатқан Китке қарап: «Абыройымды айрандай төгіп,

жылы орнымды суытып ере қашқаным Кит пе десем, Ит екен ғой», — деп бетіне түкіріпті. Қалажанның күйеуі сыбызғышы екен, менсінбей қашқан әйеліне арнап осы күйді тартып, «Қалажан қашқан» атапты да: «Аңсағаның Кит болса, арам өлерсің, осыңмен-ақ кете бар», — ауылына қайтқан дейді.

130. «Арбиян-қоңыр»

Арбиян қазақ қызына үйленгеннен кейін, бір балалы болады. Баласы көз тартарлықтай көріктеніп өсіп келе жатқан кезінде, бір күні Арбиян аң аулауға кетеді. Осы кезде суға міне құлап жатқан қарағайдың үстінде жүгіріп ойнап жүрген баласының аяғы тайып кетіп, суға кетіп өледі. Арбиян аңнан келгеннен кейін баласының қайтыс болғанын естіп, бүк түсіп отыра қалады да, сыбызғысын алдырып, қоңырлата тарта жөнеледі. Бұл күй әйеліне жұбатуы және ұлының өліміне деген еңіреген зарын білдіргені екен дейді.

131. «Ойбай, бегім бер!»

Бай баласы мен кедей баласы серіктесіп бек теруге шығады. Ішер ас пен мінер көлікке қысылып көрмеген бай баласы ертұрманы келіскен атқа мініп шығады да, аяқ арттары жоқ кедей баласы жаяу шығады.

Бірақ бай баласы артынан еріп жаяу салпақтап, болдырып келе жатқан кедей баласына байлығы мен салтанатын көрсеткендей ат үстінде шалқалай отырып, оны мінгестіріп те алмайды. Туғаннан тақыршылық азабын көріп өскен кедей баласы аттылы бай баласынан қалыспай жүріп отырып бек теретін жерге де жетеді.

Туғаннан шөп басын сындырып көрмеген бай баласы маңдытып бек тере алмайды, кедей баласы одан әлдеқайда артық бек теріп алады. Даяр тұрған бекті теріп алудан ерінген бай баласы кедей баласының дорбасындағы бекке көзін сүзіп қарайды, соны олжалаудың амалын қарастырады. Бек теріп болғаннан кейін екі бала келген ізімен қайтады. Залым бай баласы кедей баласының бегін алудың жолын ойлап, дорбадағы бегін көтеріп жаяу келе жатқан кедей баласының бірде соңынан еріп, бірде қатарласып аяңдайды да отырады. Жол ортасынан асқан

кезде жаяу баламен қатарласып келе жатқан бай баласының бегін іліп алады да, атын тебініп қап, шаба жөнеледі. Біршама жер жүріп шаршаған кедей баласы оның артынан «Ойбай, бегім бер», — деп айқайлай қуады. Аттылы жаяуға қайдан жеткізсін. Бай баласы бекті сол күйі алып қашып кетеді. Кедей баласының: «Ойбай, бегім бер», — деп айғайлағанын естіген күйші бала зарын бейнелеп, осы күүді шерткен екен дейді.

132. «Тоқта баяу»

Әке мен шешеден жастай айрылған екі бала байдың қозысын жайып, тезегін теріп, қалған-құтқанын жеп, ескісін киіп күн көреді. Халық аузындағы қай дастан, қай әңгіме-аңызда болсын байлар қатыгез болады. Олар үшін бір баланың қарны ашып, киімі жыртылып, көз жасының сел боп ағуы бір тоқтының маңырағанындай әсер етпеген. Керісінше, тоқты-серкеш маңыраса, жүрегіне шаншу боп қадалып, қолына қамшы ұстатқан. Екі жетім де байдың осы қатыгездігін көріп, жігері құм боп өседі. Өлі таяқ өршіл жүректі өкпедей езіп, жас өмірді жасық өмірге айналдырады.

Шілденің аптап ыстығында байдың ауылы көшеді. Баяғы әдетімен бай екі жетімге қозыны тағы да жаяу айдатады. Көш жеткен күндік жолда қозы айдаған екі бала әбден шаршайды. Ересегі буыны құрып, табаны таусылғанын інісіне білдірмесе де, інісі шаршағанын жасыра алмайды. Шөлден діңкесі құрыған кішісі қозы айдаған ағасына ілесе алмай жылайды, жылап келе жатып «тоқта баяу», «тоқта баяу», — деп жалынады. Баланың сол жалынышын сыбызғышы сыбызғыда осылай тартқан екен.

133. «Қос келіншек»

(II нұсқа)

Бір бай өзінің екі ұлына елдегі қыздарды түгелдей таңдап жүріп, баламның теңі осы болар-ау деген екі қызды келін ғып түсіреді. Байдың қос келіні де байдың өзі дәрежелес дәулетті адамдардың қызы болады. Жасынан өмір тауқыметін көрмеген қос келіннің дене бітімі, жүріс-тұрысы, мінез-құлқы да бір-бірінен аумайды, бір қалыпқа соққандай, бір анадан туып, бірдей тәрбие алған адамның баласындай болып сәйкеседі.

Қос келін қимыл-әрекеттерімен, ашық-жарқындығымен байдың салтанатын толықтырып, сәніне-сән, абыройына атақ қосады. Қос келінді көрген әркім-ақ таңдай қағып тамсанады, аузының суы құрып мақтап қызығады, сүйсіне қарайды. Бір-бірінен бөлінбестей ұқсас қос келінді таңдап тапқан байдың тапқыштығына дән риза болады. Дүйім елдің назарын аударған қос келін боз балалардың да жүрегіне шоқ тастап, сезімін қытықтайды. Қос келінге деген ынтызары ауған бозбалалардың сонда да жолы болмайды. Күндіз жолығып, тіл қатудың орайы келгенмен, түн жастап жолығудың сәті түспейді. Сезімнің ыстық лебімен жүрегін жалын шарпып келіндеріне деген бөтен қолдың созылып, жат құшақтың ашылуынан күдіктенген бай, қабаған ит ұстайды. Қабаған ит есіктердің құлыбы, келіндердің күзетшісі іспетті болады. Күндіз атты кісіні аттатпайтын иттер түнде ауыл маңына ешкімді де жолатпайды. Қос келіншекке созған қолы жетпеген жігіттер олардың сұлулығын мақтап және оларға деген арман-сағынышын білдіріп, «Қос келіншек» күйін шығарыпты.

134. «Жорға аю»

(II нұсқа)

Бір аю аралға апан салған екен. Бірде ол қонжықтарына жем іздеп тауға шығып кетіпті. Сол уақытта нөсер жаңбыр жауып, сел жүреді. Тасқын су аюдың апанын құлатып, күшіктерін шайып әкетеді. Судың бетінде қалқып кетіп бара жатқан қонжықтарын көрген аю таудан жорғалап түсіп, оларды құтқарып алып қалады. Содан аю жорға боп шыққан екен дейді.

Бұл күй сондағы аюдың жүрісін бейнелейді.

135. «Қызылқан»

(II нұсқа)

Жылда көктемде, солтүстікке құс келетін уақытта, көп құс шөлден жол таба алмай, қырылып қалады екен. Содан құс өміршісі — Қызылқан деген қаз жаратушы төңірге барып, аспаннан жол салып беруін өтінеді. Төңірі құстарға аспаннан жол салып береді. Осы күнгі аспандағы құс жолы содан қалған екен деседі.

136. «Жаралы ақ бөкен»

Құралайды көзінен атқан мерген жігіт аң аулауға шығады. Не кезіксе құтқармайтын, нені атып алам деп аттанса, соны қанжығалап келетін мерген бұл жолы ақ бөкен атып әкелу ниетімен шығады екен. Ол жол-жөнекей кезіккен басқа аңдардың ешбіріне оқ шығармай неше күн сарылып тек ақ бөкен іздейді. Ақ бөкеннің терісі саудагерлер үшін табылмайтын қазына, қалта толтырар байлық болса керек-ті. Жігіт неше күн сарылып іздеп жүріп жонда жайылып жүрген бір топ ақ бөкенге тап болады. Қанжығам майланды, табан терім ақталды деп ойлаған мерген баспалап келіп ақ бөкеннің біреуін нысанаға алып, өлер жерің осы деп басып қалады. Бөкендер үрке жөнеліп қыратты асып кетеді. Мергеннің жықтым-ау деп атқан ақ бөкен де ақсаңдай басып топ бөкеннің артынан еріп, қашып қырқаны асып кетеді. Жігіт артынан қуса да, бөкенге жете алмайды, жаралы ақ бөкен өлімнен құтылып кетеді. Мергеннің оғы қалт тиюін бөкеннің киесінен деп ойлаған күйші, ақсақ бөкеннің жүрісін қосып осы күйді тартыпты-мыс.

137. «Өрелі көк»

Ертеде бір кедей бай аулында болатын бәйгеге жүйрік көк атын қосуға келеді. Түнде өрелеп қоя берген атын әлдекімдер ұрлап кетіпті. Таңертең кедей байғұс ауыл адамдарынан «Өрелі көк көрдіңдер ме?» деп сұрастырса, ешкім көрдік деп айтпапты. Сонда маңдайға басқан жалғыз атынан айырылған әлгі байғұс қолына сыбызғысын алып зарлапты. Сол бір кедей зарын халық «Өрелі көк» күйі деп атап кетіпті.

138. «Өрелі кер»

(I нұсқа)

Бай есігінде күн көрген бір кедей жігіттің шапса да, жорғаласа да алдына ат салмаған кері аты болады. Мал мен дәулет бермесе де, елге атағын жайған әрі жүйрік, әрі жорға ат берген тәңірге жігіт іштей риза. Қайда думан, қайда той болады, қайда бәйге мен жорға жарысы болады, сол топ алдымен кері атқа көз сүзе қарап, сәйгүлік деп осыны айт десіп таңданады. «Ер қанаты ат» дегендей, кедей жігіттің

маңдайына біткен жалғыз атқа көзінің құрты түскен талай бай мен әкім қолқа салады. Жігіт оның ешқайсысына көнбейді. Жігіттің бұл «сараңдығына» ішқұса болған әкімнің бірі тартып алуға бел буады да: «Шаңырағын шағып, өзін шабыңдар да, кері атты тартып әкеліңдер», — деп үкім береді де, бір топ сойылсоғарларын аттандырады. Шаш ал десе, бас алған сойылсоғарлар іргелі жаумен шайқасып, ел кегін қайырардай-ақ қаһарланып, атқа қонады.

Келе жатқан сойылсоғарлардың хабарын естіген біреу қалыңдығына ұрын келіп жатқан кер аттың иесіне суық хабарды жеткізеді. Әкімнің сойылсоғар ұрдажықтарына қарсы тұрар дәрмені жоқ жалғыз жігіт, тек қашып құтылуды ойлайды. Әділеттігі жоқ қараң заманның надан биінен құтылудың басқа жолын таба алмай дал болады.

Тарыққан жігіт атын іздеп шықса, бекітіп қойған аты жоқ. Ауыл маңындағы сай-саланы тінтіп, өрелі керін іздеп діңкесі құрыған жігіт қойшыға кезігіп:

— Ой, қойшы-ау?! Өрелі кер көрдің бе, өрелі кер көрдің бе? — дейді жалынышты үнмен. Қой соңына түсіп ұзақты күн далада жүрсе де, қойдан басқаға назарын салмаған қойшы:

— Ой, жезде-еке-ау! Өрелі кер көргем жоқ, өрелі кер көргем жоқ, — дейді ағынан жарылып. Өрелі керін таба алмай дал боп жүрген жігіттің алып ұшқан көңіліне: «Үй деймін! Өрелі кер мұнда тұр, өрелі кер мұнда тұр», — деп дауыстаған қалыңдығының үні сабыр береді. Сөйтіп, жаяу жүгіре-жүгіре тұралап шаршап, алқына ентіккен жігіт екі етегін қайырған күйі атына келсе, үркіп аты ұстатпайды. Сонда «так-так жаным, так-так» деп атын шыр айнала жүгірген екен.

Жігіт атын ұстап алады. Қуғыншылардың будақ-будақ шаңы көрініп, таяп қалғандықтан, жігіт атының өресін алуға да сабыр қылмай қалыңдығын мінгестіріп, өрелі кермен қашады. Шапса алдына ұшқан құс түсірмейтін кер ат қуғыншыларға жеткізбей, аман құтылады. Жау қарасы алыстаған соң жігіт пен қалыңдық аттан түсіп дем алып, аттың өресін босатып, қайтадан ілгері құйғытып, еліне келеді. Өрелі кердің осы жүрісіне риза болған күйші «Өрелі кер» күйін шығарады.

139. «Өрелі кер»*(II нұсқа)*

Бір байдың өріс тола жылқысын жау айдап кетеді. Жаудың шапқыншылары қалың жылқыны қораға айдап келгенде байдың көзі ең алдымен қамыс құлақ кер атқа түседі. Бай жалқұйрығы сүзілген, басқа жылқылардан зор кер атты ұстатады да, шідерлеп бөлек баққызады. Күндердің күнінде кер аттың аяғындағы шідердің бір тиегі ағытылып кетеді де, кер ат өресімен қалады. Өрелі кер ат қалың жылқы үйіріне келеді де, жылқыларды бастап еліне жетеді. Жау қолында кеткен қалың жылқысын неше рет шапқыншы жіберіп ала алмаған бай кер атқа риза болады да, ел ішіндегі күйшілерді жиып кер ат туралы күй шығаруды тапсырады. Күйшілер күй атын «Өрелі кер» деп қояды да, жаңа күй шығарады.

140. «Өрелі кер»*(III нұсқа)*

Байдың жылқысын шауып алған бай кері атты шідерлеп бөлек бақтырады. Жылқы соңынан қуа келген жылқышылар жылқыны тартып алғаннан кейін кер аттың жоқ екенін біледі. Сөйтіп, екі жігітті байдың ауылын торып, кер атты алып келуге жібереді. Екі жігіт ел ішінің адамы боп ел қыдыра жүріп, байдың ауылының малын байқастап кері аттың шідерлеулі тұрғанын көреді де, ымырт жабыла атқа келеді. Кер атты жүгендеп, енді шідерін ағыта бергенде байдың қуғыншылары шу көтеріп, бұларға қарай құйғытып келе жатады. Шідерді ағытуға шамалары келмей сасқалақтаған екі жігіт шідердің бір тиегін ағытады да, өрелі керге мінгесе қашады. Өрелі кер өресімен шапқанда қуғыншыларға жеткізбейді. «Өрелі кер» күйі осыған байланысты шығарылыпты деген аңыз бар.

141. «Бейжін сары»

Ертеде малмен ғана күн өткізген қазақ халқы тіршілікке қажетті басқадай заттарды алу үшін басқа елдермен саудасаттық жасап тұрған. Басқа елдерге малдардың даяр өнімдерін бергенде ол елдерден әртүрлі бұл шай, қант сияқты заттар

алған. Сондай сауда-саттық жүргізген қалаларының бірі Бейжін (Пекин) болса керек. Бейжінге дейін түйемен барып қайтатын болған. Сауда-саттық жасау ниетімен аттанған бір топ керуен талай шөлді, талай белді басып ұзақ жол жүреді. Адамдар да қажиды, мал да қажиды, бөтен жерді жерсінбеген мал жол-жөнекей бірлеп-екілеп өліп те отырады. Қажыған керуен жол ортасынан астық-ау деген мөлшерде тағы тынығады. Керуеншілер түйені матап-байлап, жүктерін жиып тастайды да, өздері ұйықтайды. Керуеншілер жол бойында артына жиі-жиі қарап, ұзақ жолды боздаумен өткізген сары атанды «осы қашып кетуі мүмкін» деп ойлайды да, жүгімен қойып, мұрындығынан қазандай тасқа байлап тастайды. Түн ортасы болған мезетте сары атан байлаған тасты тісімен көтеріп, жүгімен қашады. Өскен жерін сағынған сары атан осылайша туған жеріне келеді. Түйе екеш түйенің туған жерге деген сағынышына таңданған сыбызғышы осы күйді шығарыпты.

142. «Ат келді»

Бір тойда түс-тұстан келген халық атпен бірге бәйгеге Көгалай дегеннің көк аты қосылады. Көк ат ұзақтан келген екен де, той істеген елдің ешкімі оның сырын білмейді. Сондықтан оған назар да аудармайды. Қазақта тойдың сәні жүйрік пен жорға болғаны мәлім. Ат кеткеннен кейін қайтып оралғанға дейінгі әңгіме тек ат туралы болады. Біреу ананы, біреу мынаны айтып елпілдеген халық еліре сөйлеп алдыңғы аттың кімнің аты екенін білмейді, бірақ көк ат екенін толық айырып, сыбызғымен «көк ат келеді, көк ат келеді» деп күй шертіледі. Көмбеге бірінші боп Көгалайдың көк аты келеді де, сыбызғышының күйі «Ат келді» аталады.

143. «Жеті атым»

Өзі кедей, өзі сыбызғышы Делдал деген адам болыпты. Делдалдың бірінен-бірі өтетін жүйрік жеті аты болады. Бір күні жеті ат ұры қолына түседі де, жеті жүйрікті ұрылар алып кетеді. Жеті атын іздеп шыққан Делдал бүкіл елді араласа да, жеті атын таба алмайды, қай жақтан келген ұрыларға қолды болғанын да білмей тарығады. Жүре-жүре дымы құрыған Дел-

дал иен далада жалғыз торығып отырады да, беліне қыстырған құрай сыбызғысын қолына алып, өзінің осы өкінішті қалін сыбызғыға түсіреді. Тағы да ел аралап аттарын іздейді, енді сыбызғысын тартып, жаңа күйін көпшілікке естірте жүріп іздейді. Ел аралап бейсауат жүрген, сыбызғыдағы зарлы күйін тоқтатпай тартып, торығып жүрген Делдалдың әрекетіне таң болған төре сырын білу үшін шақыртып алып, жайын сұрайды. Делдал барлық жағдайды айтады. Сыбызғышының мүсәпір халін көріп жаны ашыған, өнеріне рахмет айтқан төре жан-жаққа кісі аттандырып, оның атын ұрлағандарды тауып әкелуді бұйырады. Жан-жаққа аттанғандар елді аралап жүріп жеті атын ұрлаған ұрыны тауып, атпен қоса алып келеді. Төре жеті атты Делдалға қайтарып береді. Сол Делдалдың жеті атын іздеп жүргендегі күйі «Жеті атым» деген күй екен.

144. «Күй сандық»

Жаугершілік заманында бір ақсақал адам торғауыттардың қолына түседі. Торғауыттар оны ауылына әкеліп, аяқ-қолына кісен салып тастайды. Сол кезде ауылға бір сыбызғышы келеді. Ауыл адамдары жиналып, сыбызғы тыңдайды. Сыбызғышы «Күй сандық» күйін тартқанда тұтқын шал: «Мен осы күйге билейтін едім», — дейді. Кісенді шешіп, шалды билетеді. Шал шебер биші екен. Оның өнеріне сүйсінген торғауыттар басына бостандық береді және алтын тон сыйлайды. «Күй сандық» торғауыттардың би күйі екен.

145. «Жаяу дел-дал»

Ертеде бір сыбызғышы бай болыпты. Сыбызғының назды қоңыр үнін ести-ести жылқылары да сыбызғы даусына әбден үйреніп алыпты. Бай сыбызғы тартқанда өрісте жатқан жылқылары шұрқырап қораға келеді екен. Күндердің бір күнінде ұрылар тобы келеді де, байдың жылқысын айдап кетеді. Бай ұры айдап кеткен жылқыларының ізіне түсіп артынан қуады. Бірақ көзіне ештеңе шалына қоймайды. Жылқысының қарасын көре алмай торыққан бай бір төбенің басына шығып алады да, дағдысына басып, сыбызғысын тартады. Ұры қолында иіріліп айдалып бара жатқан жылқы сыбызғы даусын

естіп ұрылардың қайыруына бой бермей, қайырыла қашып сыбызғы тартып отырған байдың қасына келеді. Таң-тамаша болған ұрылар жылқының соңынан қуа келсе, қалың жылқы байды қоршап тұрғанын көреді. Ашуланған ұрылар байдың қолын байлап тастайды да, сыбызғысын бөліп лақтырып жіберіп, жылқыны айдап жүре береді. Қолы байлаулы бай жүріп отырып үйіне келіп, дел-дал боп отырып осы күйді тартыпты-мыс.

146. «Ақсақ қаз»

(II нұсқа)

Жазғы жасыл жайлаудың көз құртын тартар сәнінің бірі — көл жағалай, өзенді бойлай жүретін, жайлау төсін думанға бөлеген қаз болса керек. Ақ қанат балапандарын артынан ертіп, өзіне тән үнімен өмір әнін шырқаған бір топ қазға ат мініп, ел қыдырудан басқа шаруасы жоқ мергенсымақ жігіттің көзі түседі. Ол бейғам жүрген қаздың шырқын бұзып, шырапатын шығаруды ермек санайды, ерлік көреді. Қазды атып олжалауды армандаған жігіт, бір күні мылтығын алады да, көл жағалай бірі ұшып, бірі қонып өз қызығына масаттанып жүрген қаздарға бет түзейді. Қамыс жиегін паналай келген мергенсымақ қазға оғым дариды-ау деген межелі жерге тоқтайды да, бір топ балапанын артынан ерткен ене қазды қарауылға алады. Балапандарының тәй-тәй жүрісін қызықтап тұрған қаздың тұрысы жігіт дегбірін қоздырады. Мылтық даусы тарс ете түседі де, ойында қуаныштан басқа ештеме жоқ ене қаз қанатын қағып-қағып жіберіп, ұшарға дәрмені жоқ екенін білгеннен кейін көлге түсіп жүзе жөнеледі. Жаңа ғана қанатын қомдап жүрген балапандар шулай ұшып аралға өтіп кетеді. Ене қаз да аралға ілінеді. Қазды қанжығасына байламаса да, оғы тигеніне масаттанған жігіт атына мініп, ауылға тартады. Балапандарын ертіп аралды мекендеген, ұшарға дәрмені жоқ ақсақ қаз уайыммен солады. Күн артына күн келіп, күз болады. Құс қайтады. Барлық құс сәнді сап құрып, өн маржанын төгілтіп, оңтүстікке бет алғанда, бейшара болған ақсақ қаз ғана мұң мен зарын төгіп үйірінен айырылып аралда қала береді. Күйші ақсақ қаздың осы мұңын күйге қосқан екен дейді.

147. «Ақсақ қаз»

(III нұсқа)

Баяғы өткен заманда шал мен кемпір болады. Олардың ақсақ қазы бар екен. Мал дегенде жалғыз өгізі болады. Кедейшілік, жоқшылықтан әбден жауыр болады. «Ұлынабалы-Ысынабалы» деген жер екен, жаугершілік кеп қалып көшіп жатқан ел екен. Жау кеп қалып, жалғыз өгізіне қараша үйін, керекті мүлкін артып, шал кетейін десе, кемпірі мен қызы қалады, кемпірі мен қызын алайын десе, баспанасы қалады. Сонымен, жансауғалап, өгізге мініп шал кетіп қалады. Жұртта қалған қызы: «Енді көрген күніміз не болады, беу-беу, құдай-ай?» — деп жылап жатқан кезі...

Осы кезде бір тылсым күш көк бұқа ретінде келіп, кемпірдің көз алдында тұрады. Кемпір сол зарымен көк бұқаға отырған сәтте жау да төніп қалады. Бірақ көк бұқа ешбір жеткізбестен кемпірді аман-есен шал мен қызына қосқан екен.

148. «Еркеатан күйі»

(I нұсқа)

Баяғыда бір шал мен кемпір болған екен. Олардың Еркетай деген жалғыз қызы бар екен. Еркетайдың ботасынан өзі ақ ірімшік беріп, еркелетіп, үйретіп асыраған тайлағы бар екен. Еркетай оған Еркеатан деп ат қойған екен. Еркетай Еркеатанның шудасына маржан тізіп, айдарына, екі өркешіне үкі тағып, басына сылдырмақты ноқта кигізіп, жібектен өріп бұйда таққан екен. Қыз оны көзінен таса қылмай бағып жүреді екен. Еркетай Еркеатанымен ойнап, ермек етеді екен. Шал мен кемпір елсізде отырады екен. Бір күні қыз үйінде кесте тігіп, алданып отырып қалыпты. Өлден уақытта Еркетайдың Еркеатаны есіне түсіп, далаға шықса, көз көрімде Еркеатан көрінбейді. Қыз қарап таба алмай, жез өкшелі кебісін қолына алып, алдындағы таудың басына жүгіріп шығады. Сол кезде суға жығылып жатқан Еркеатанын көріп қасына келеді. Бірақ батбаққа батып қалған Еркеатанды қыз тұрғыза алмайды. Қайта жүгіріп тауға шығып, әкесіне: «Еркеатан суға жығылды, арқан әкел, әкеле!» — деп, қыз айғайлайды. Алыстағы әкесі ести қоймайды. Сөйтіп тұрғанда қыздың көзіне қара атты, торы атты екі жолаушы түседі. Енді қыз соларға: «Қара атты мен торы атты,

тоқта, тоқта!» — деп айғайлайды. Міне, қыздың осы айғайлап айтқанын домбырашылар күй етіп тартады. Мұны «Еркеатан күйі» дейді.

149. «Еркеатан»

(II нұсқа)

Баяғыда шал мен кемпір болады. Олардың жалғыз қызы, мал дегенде, боталаған түйесі бар екен. Қыз бала ерке атанға бауыр басып, әбден үйренісіп кетеді. Күндердің күнінде қыз бой жетіп, оған құда түсіп, қыз ұзату рәсімі басталады. Ол уақытта қызға: «Не қалайсың?» — дейді екен. Сонда қыз: «Кішкентайдан бірге өскен ерке атанды қалаймын», — дейді. Бірақ, әкесі «малымның басы» дей ме, әйтеуір, атанды қимайды. Сонымен, қыз әке-шешесін, елін, жұртын тастап сыңсуға салып кете барады. Қызға әбден үйреніп, бауыр басқан ерке атан қыздың көшінің артынан жүгіріп бара жатып дарияға түсіп кетеді. Сүйікті жануарына жаны ашыған қыз: «Әке-ке-ау, әке-ке-ау, ерке атан кетті, қайтейін», — деп жылайды.

150. «Ортеке»

Аңшы Құламерген таутекені көп атқан екен. Құламергеннің анасы баласы әрбір саяттан қайтқан сайын бір жапырақ етті кесіп қыл арқанға кигізіп қояды екен. Күндердің күнінде арқан етке толады. Сол күні оған түсінде аян болады. Таутекенің киесі қыз бейнесінде келіп «О, ана, сенің балаң неге бізді сонша есепсіз қырады? Тәңір оның ісіне ырза емес. Адам өзінің керегінен артық алуға қақысы жоқ. Құламергенге сәлем айтыңыз, оның шелегі толды. Енді бір тамшы қан төксе, қарғысқа ұшырайды», — дейді. Шошып оянған анасы баласына: «Қарағым, сен арқан үстіне шықтың, ендігі жердегі саят жақсылыққа апармайды. Садағыңның бауын шешіп, аңшылықты тоқтат енді», — дейді. Алайда таутекенің терісін саудагерлерге сатып, пайдаға құнығып алған Құламерген анасының айтқан сөзіне құлақ аспай, тағы да аңшылыққа шығады. Сол күні күн бұлт болады. Тау ішіне кірген Құламерген бірде-бір текені таба алмайды. Әбден шаршап шөлдеген аңшы бір тастың тасасына от жағып, шай-су ішпек болады. Осы кезде жанынан бұрын көрмеген

сүттей аппақ, мүйізі алтын бір теке көлденеңдеп өте береді. Өккі Құламерген садағын жұлып алып, қандыауызға жебені салып жіберіп, шірей тартып жібереді. Жалп етіп құлаған текені дереу бауыздап жіберіп, етін мүшелеп бұзады. Терісін тұздап орап, бір асым етті қазанға салып демалуға отырады. Сол отырған бойы қалғып ұйықтап кетеді. Бір уақытта дүрс еткен әлдебір дыбыстан шошып оянады. Қараса, бағанағы өзі бұтарлап тастаған ақ теке түк болмағандай, оққа ұшпағандай, сойылмағандай қарсы алдында бүп-бүтін тұр екен. Көзінен от шашқан теке қатты қорыққан Құламергенді үш рет айналып басынан бір қарғиды да, жайылып кете береді.

Ертеңіне Құламергеннің аты үйіне бос қайтады. Аңшының анасы атты ары-бері айналып қайран қалады. Ертоқым бүтін, қару-жарағы аман, тек Құламергеннің өзі жоқ. Білгір әйел атты зерлей қарап жүріп оның бауырының күйгендігін байқайды. Байқайды да: «Балам арасанға түскен екен» деп жорамалдайды (арасан — қайнап жатқан ыстық бұлақ). Атқа мінген ана өзі білетін арасандарды аралап жүріп біреуінің ішінен әбден пісіп, сүйегі езіліп кеткен баласының мәйітін табады. Осы хикаяны естіген бір домбырашы: «Бұдан былай аңшылар жөн-жосықты бұзбасын, керегінен артық алмасын», — деп осы өнеге күйді шығарған екен.

151. «Кәрібоз»

Бұрын біреудің Кәрібоз деген жүйрігі болыпты. Кәрібоз құнанынан бастап қартайғанға дейін рулы елдің ішінде болған ірілі-уақты барлық тойда алдына ат салмаған жүйрік аталады. Кәрібозды көріп талай той иесі бәйгесін шаппай беріпті. Кәрібоз қартайып, алжыған шағында Салторының атағы жайылады. Салторы көмбеден ат шыққан жерде-ақ, суырылып алдына шығып, сол күй шаңын көрсетпестен көш бойы бұрын келеді екен. Кәрібоз қырық жасқа келіп, жүрісінен жаңылып, қырқылжың тартқанда бір үлкен той болып, бәйгеге Салторы қосылады. Сағымдай сылаңдап, шұлғып басып, ауыздықпен алысып кетіп бара жатқан бәйге аттарын көрген Кәрібоз өрістену шапқан күйі иесінің үйіне келеді де, жабыққа басын салып, тықыршып тұрып алады. «Қасиетті жануарым алжыған екен», деп ойлаған иесі Кәрібоздың тықыршығына төзе алмай: «Тағы

бір шауып келгісі келіп тұр ма?» дейді де жүгендеп, бір баласын мінгізіп, бөйгеге кеткен қалың аттың соңынан қоя береді. Үйден шыға құйғыт жөнелген Кәрібоз ілезімде-ақ бөйге аттарды қуып жетіп, қатарға қосылады. Аттар межелі жерге барғаннан кейін қайтарылады. Салторы дағдылы әдетімен ә дегеннен-ақ оқ бойы атылып шығып, көпке дейін алдына ат салмайды. Осы сәтте:

— Мен бекерге жарыспан,
Мен қалғам жоқ жарыстан.
Алыспан да, салыспан,
Салторыдан қалыспан, —

деп Кәрібоз да топ ортада келе жатыпты. Қыза шыққан Кәрібоздың қадамы қарыштай түседі. Сөйтіп, көмбелі жерге Кәрібоз Салторыдан бұрын келеді де, келе сап пышаққа ілінеді. Тойға жиналғандар «Қасиетті жылқы еді», — деп Кәрібоздың етін бір-бір жапырақтан бөліп алады.

152. «Майдажал»

Қазанғап деген адамға мыңдап жылқы бітсе де, соншама жылқының ішінен небір жүйрік, небір жорға бітпепті. «Ат шаппайды, бап шабады. Қаз мойынды жүйрігі, жол жұмсатар жорғасы жоқ. Барға бағымы, малға қыры жоқ адам», — деседі екен қариялар Қазанғап туралы. Қариялардың айтқанына іштей күйінген, әрі алдына жан салмас жорға мен жүйрікті армандаған Қазанғап уайымдайды да қояды екен. Сөйтіп жүргенде бір күні оған «Ел мені мал танымайды деп сөгеді. Мал танитындарды әкеп таңдатайын, қалың жылқының ішінен бірі болмаса, бірі табылар» деген ой келеді де, ат таниды-ау деген білгіш атаулыны ертіп кеп, жылқысын жиып бір-бірден көрсетеді. Бірақ қанша адамға көрсетсе де, жорға мен жүйрік шықпайды. Қазанғап шынымен-ақ жорға мен жүйрікті маңдайыма жазбаған екен деп, торығып отырған бір күні ауылға жалбыр шапанды жігіт келе қалады. Бай үйінен орта құрсақ тамақ ішкен жігіт бай әдейілеп сұрамаған соң, нендей шаруамен келгенін де, қайдан келгенін де айтпайды. Тысқа шыққан баймен ере шығып желі басына барады. Мама бие, жалды айғырлар мен желідегі құлындарға тесіле қарап тұрған жігіт бір мезетте байдан бөлініп шығып, желінің орта шенінде байлаулы тұрған сары құлынның қасына барып, ар жақ, бергі жағына шығып, көп қарайды да,

байдың қасына келеді. Жалбыр шапанды жігіттің бұл әрекетіне таңданған бай одан құлынға неге қарағанын сұрайды. Сонда жігіт: «Жорғаның жорғасы болатын жануар екен», — дейді. Бай қуанып кетеді де, жігітті үйіне ертіп келеді, қойын сойып құрметті қонағы болдырады, құлынның жорға болатын қандай белгілері барын, күту жолдарын сұрайды. Жігіт барлығын да асықпай отырып айтып береді. Бай сары құлынды сол күннен бастап жігіттің айтуы бойынша баптап бағады. Сары құлын тай болғанда майда жалы жер сызады, құнанынан бастап, өле-өлгеніне дейін алдына шаң түсірмеген жорға болады. Қазанғап жорғасын «Майдажал» атайды. Майдажалдың жорғалауына таңданған домбырашы оны мақтап осы күйді шығарады.

153. «Жалқы жігіт»

Қоралы жылқы біткен жалғыз жігіт жылқысын бағып жүргенде, тосыннан келген жау жылқысымен қоса өзін де қолға түсіреді. Жау қолынан құтылудың амалын таппай, торыққан жігіт жаудан жылқысын аралатуды өтінеді. Жаулар жанына бірнеше бақылаушы ертіп беріп, жылқысын аралауға ұлықсат береді. Қолы байлаулы жаяу жігіт жылқыларын аралап жүріп, өткен өмірін ойлап толғанғандағы толғанысы екен дейді. Бұл күй жалғыз ұлы жау қолына түскенін естігенде шешесі мен келіншегінің зарлауы да бар мұнда.

154. «Жетігеннің жетеуі»

Жұрт әртүрлі ауруға, аштыққа жиі-жиі ұшырап отырған өткен заманда қаһарлы қыстың қақаған аязды күндерінің бірінде жұттан мал қырылып, ел қатты күйзеледі. Сол заманда өмір сүрген бір қарияның жеті ұлы болыпты. Көп қайғысының бір шеті қарияның шаңырағына да жетеді. Балалары бірінен соң бірі дүние салады, қайғы басқан қария кепкен қу ағашты ойып, аспап жасайды. Әр баласы қайтыс болған сайын аспаптың бетіне жылқы қылынан бір ішек тағып, сазды мұңға толы жоқтау әнін салады. Осы жеті түрлі әуенді шығарып, әр баласының мінез-құлқын, жүріс-тұрысын суреттегендей болады.

Үлкен ұлы Қани қайтыс болғанда шал «Қарағым» деген күйін шертеді. Екінші баласы Төреалымға — «Қанат сынар»,

үшінші баласы Жайкелдіге — «Құмарым», төртінші Бекенге — «От сөнер», бесінші Қауасқа — «Бақыт көшті», алтыншы баласы Жұлзарға — «Күн тұтылды» деген күйлерді арнайды. Қарт ең кіші баласы Қияс қайтыс болғанда ақырғы, жетінші ішегін тағып, ұзақ тартылатын соңғы күйін шертеді. Шалдың балаларына арнап шығарған жеті күйі одан әрі дамытылып, ел арасына «Жетігеннің жетеуі» деген атпен тарап кетеді.

Күй және күйшілер туралы аңыздар

155. ҚОРҚЫТ /IX ғасыр/ (I нұсқа)

Қорқыттың кіндік қаны тамған ата мекені Қараспан тауы еді дейді. Ол дүниеге келерде анасы құлан етіне жерік болып, құрсақтағы баласын үш жыл тоғыз күн көтерген екен. Сол үш жылдың әр жылында толғақ қысып, дүниеге нәресте келетіндей қамданып, Қорқыттың анасы бөбеу қаға қиналатын болған. Бірақ бірінші жылы да, екінші жылы да бала тумайды.

Содан үш жыл тоғыз күн дегенде Қорқыттың анасын шын толғақ қысады. Бұл жай толғақ болмайды, дәл сол күні Қорқыттың анасымен бірге бүкіл дүние қоса толғатып қиналғандай, көк жүзін түнерген қара бұлт торлайды. Күн күркіреп, найзағай ойнап, дауыл соғып, дүниенің астан-кестені шығады. Мұның бәрін дүниеге келер нәрестенің киесіне жорыған жұрты үрей билейді.

Бұл жөнінде ел есінде сақталған мынандай сөз бар:

Қорқыт туған кезінде
Қара аспанды су алған,
Қара жерді құм алған.
Ол туарда ел қорқып,
Туғаннан соң қуанған!

Шынында да, Қорқыт туысымен жел тынып, бұлт ыдырап, күн шығып, дүние тіршілік маужыр күйге түседі. Жұртшылық мұны да жақсы ырымға балап: «Бұл бізді қорқытып дүниеге келген бала болды, есімі Қорқыт болсын!» — деп, құлағына үш рет айқайлап, атын Қорқыт қояды.

Қорқыттың дүниеге келуі қандай бөлек болса, оның өмірі де сондай ерекше болады. Жастайынан ұшқан құс, жүгірген аңға,

соққан жел, жауған жауынға ден қойып, табиғатпен тілдес болып өседі.

Күндердің бір күнінде, бойы өсіп, бұғанасы қатқан Қорқыт түс көреді. Түсінде ақ сақалы беліне түскен, ақ таяғы көк тіреген әулие қарт аян береді: «Уа, Қорқыт, тұр! — дейді әулие. — Сен бір аспап жаса. Аспабың алты жасар нар атанның жілігіндей болсын, шанағы қара бақырдай болсын, көні аруананың бауыр терісінен болсын, тиегі ор текенің мүйізінен болсын, ішегі бесті айғырдың құйрығынан болсын. Аспабыңның аты қобыз болсын. Сол қобыз қиялыңа қанат, жолыңа шырақ, жаныңа араша болар!»

Қорқыт осы сөзді өңінде естігендей болып оянса, көкірегі күйге толып, көмейінен сөз саулағандай халде екен дейді. Сол бетінде қобыз жасауға кірісіп, әулиенің қойған барлық шарттарын орындайды. Сонан соң қобызды қолына алып, құлағын бұрап, қияғын шалып көрсе, сарнап қоя береді. Әлгі көкірегін кернеген күй қобызына көшіп, аспан асты сазды сарынға бөленеді. Ұшқан құс, жүгірген аң, ескен жел — бәрі сүттей ұйып, қобыз күйін тыңдайды.

Қорқыт тартқан көп күйдің бір қайырымы осы екен.

156. «Қорқыт»

(II нұсқа)

Қорқыттың қырық жыл ғана өмір сүретіні аян болады. Осыдан кейін Желмаясын желдей ұшырып өлімнен қашады ғой. Қашқанмен Жаналғыш алдын орап, қайда барса Қорқыттың көрін қаздырып жатады. Бірақ көпке дейін Жаналғыш Қорқыттың жанын алуға бата алмай, құр босқа төңіректеумен болады.

Ақыры, бір күні Жаналғыш алтыннан сандық соқтырып, Қорқыттың жанын алуға бел буып, сайланып шығады. Мұны күні бұрын болжап білген Қорқыт ажалдың тұзағына түспеудің амалын ойлайды.

Күндердің күнінде Жаналғыш ақыры Қорқытпен бетпел келіп: «Кір мына сандыққа!» деп бұйырады. Қорқыт болса күні бұрын ойластырған амалына салып: «Кіруін кірер едім, бірақ мына қалпымда сандыққа қалай сиямын? Алдымен өзің кіріп көрсет, сонан соң дегенің болсын!» — дейді. Сол жерде Жаналғыш сандыққа кіріп көрсетпекші болғанда Қорқыт оны

тарс жауып, аузын ашылмастай бекітеді де, дарияның суына ағызып жібереді.

Жаналғыш сандыққа қамалған қалпы ағып кете барады. Сөйтіп, халық көпке дейін өлім дегенді білмей, шат-шадымен ғұмыр кешетін болады.

Сол кезде дарияның аяғында ауы бос шықпайтын керемет бір ақжолтай балықшы болады екен. Бірде Жаналғыш қамалған сандық әлгі балықшының ауына түседі ғой. Балықшы «бұл неғылған сандық» деп аузын ашқанда, сандық ішінен долдана ақырып Жаналғыш шығады. Ашу үстінде көзіне көрінген балықшының жанын алады. Сонан соң, Қорқыттың жанын алу үшін кектенген қалпы іздеп кетеді.

Ал Қорқыт болса бұл кезде Жаналғыштың өкшесіне түскенін есіне алып, «аңдыған жау — алмай қоймас!» деп мұңайып, сол көңіл-күйін қоңырлатып қобызына салған екен.

157. «Қорқыт»

(III нұсқа)

Жаналғыш Қорқыттың жанын алмақшы болып, өкшелей қуып қоймайды. Сонда Қорқыт тағы да бір амалын келтіріп, өзінен аумайтын қырық сурет салады да, қырық бірінші болып қатарына өзі отыра қалады.

Сонан зәрін шашып, қаһарын төгіп, Қорқыттың жанын алмаққа Жаналғыш жетіп келеді ғой. Келсе, қаздай тізіліп бір-бірінен айнымайтын қырық бір Қорқыт отыр дейді. Жаналғыш әрі қарап, бері қарап қайсысының Қорқыт екенін айыра алмай амалы таусылады.

Жаналғыш шын түйіліп келген бір жолғы қаһарынан Қорқыт осылай құтылып еді дейді. Осыдан кейін бұрынғыдан да жабырқап, қара қобызынан мұңды қоңыр күйлерді азыната төгетін болады. Қорқыттың қоңыр күйлерінің тартылу мәнісі осы болса керек.

158. «Қорқыт»

(IV нұсқа)

Қазақ халқы Қорқытты саз құдіреті, оның ішінде қобыздың атасы деп атайды. Адам жанының ең асыл сыры қобыз үнін-

де деп біледі. Сондықтан да өз кезінде бойларындағы құпия қуаттың сипатын жұртқа жария ету ісінде ел ішіндегі бақыстар қобыз сарынын пайдаланып отырған. Қобызды дәріптеп, киелі саз құралы санатында жұрттың санасын ұйытып, жүрегің елжіреткен. Қобыздың сиқырлы қасиеті жалынды жырмен бейнеленген.

«Қарағайдың түбінен
Қайырып алған, қобызым.
Ақ қайыңның безінен
Айырып алған, қобызым.
Үйеңкінің түбінен
Үйіріп алған, қобызым.
Өзегінен еменнің
Ойып алған, қобызым.
Ақ ырғайын қиянның
Құлақ қылған, қобызым.
Қыл құйрығын құланның
Ішек қылған, қобызым.
Тәутекенің мүйізін
Тиек қылған, қобызым.
Тобылғының шыбығын
Қияқ қылған, қобызым».

Осылайша бұрқырата жыр төгу арқылы қобызбен күңірен-те күй шерте отырып, Қорқыт атаның жарық дүниеге құштарлығын, өмірде жақсылықты асыру жолындағы арманын, қажыр-қайратын аңыз қып айтады. Бабаның ұлы мұратының желісін қобыз сарынымен ел жүрегіне жеткізіп, ой-сананы тербейді, жанын елжіретеді. Сарнаған қобыз үні құдірет болып сезіледі. Ал домбырада шертілетін «Қорқыт» күйінің ырғағы да, желісі де өзгешелеу. Мұңды күңіреніс сарыннан гөрі толғаныс, бұрқаныс бунағы басым. Қасиетті бабамыздың басынан кешкен уақиғалар мен көңіл-күйін ашып, адам ойына ұлылықтың ұрығын себуге арналған сыңайы бар. Осыған орай, аңыздар да сол мұраттан тарамдалады.

Қорқыт ата желдей жүйткіген желмаясымен қалың қатпарлы таулардың сай-саласын аралап, есілте жортып келе жатады. Жайқалған жасыл нуға бөленген таудың бір жотасына шықса, екі жағы жалама жартасты шұңғыл аңғардың ішінде қиян-кескі соғыс жүріп жатыр екен. Қирай сұлаған адам

өлігінен аяқ алып жүргісіз, өлі тірі қалғандары бірін-бірі най-залап, қылыштап, таласқан итше шайнасады. Біреуді-біреу парықтамайды. Көздерін қан жапқан, әкесі қарсы келіп қалған баласын, ағасы інісін соққылайды.

Ақыл-есінен адасып, құтырғандай арпалысады. Тағы аңша жұлқысып, бірін-бірі жүндей түтеді. Осы арада Қорқыт ата төбенің басына отыра қалып, қобызын күңіренге сарнатады. Сиқырлы, зарлы сарын тау-тасты жаңғыртады. Зарлы үнге балқығандай тау шайқалып, жер теңселеді. Ес-түссіз алысып жатқан адамдар төлтіректей теңселіп барып, сұлай-сұлай кетеді. Қан жоса боп жатқан өліктер қорғасындай балқып ериді де, әрқайсысы домалаған қой тастарға айналып кетеді.

Күйін безілдете сарнатқан Қорқыт атаның жаны күйзеліп, ойы шалқиды. Мына тайпалардың адамдарына мына ұлы таудың құшағы тарлық етті ме? Туыстығынан бездірген обырлықтың кесірінен бір-бірінің жаулығы соның салдары ма? Неге түбін ойламайды бұлар? Мынандай қанды қырғын халықты құрдымға құлатпай ма? Жалпақ әлемнің құшағынан құлашты еркін жаятын жер табылар-ай. Ал адам баласын ақылға келтіретін, өлімді тиятын шара бар ма? тәңір сормандай пенделеріңе өзің жар бола гөр!.. ендігі өмірімді, ақыл-ойымды осы жолға жұмсайын...

«Құлпырып тұрған қамқа тон,
Шүперек болар тозған соң.
Бүрлеп тұрған бөйшешек,
Қурай болар солған соң...»

Елінің қамын ойлаған Қорқыт атаның жүрегі қан жылайды. Тайпаның тағдыры жанын күйзелтеді. Жердің желінін ембей, желкесінде ойнақтаған асау тайпаның күйреуі — қайғысы болады. Осы қасіретті тебіреніспен Қорқыт ата желмаясына мінеді де, тынысы кең, тарпығы жоқ, өлімді білмейтін жер іздеу үшін дүниені шарлап кетеді. Ұзақ жол тартады. Бір күні қалың орманның шетіне шығып, жалпақ жазыққа көз салып тұрады. Айналасына қараса, орманның шетінде біреу жер қазып жатады. Бұл күннің батысына барған кезі екен. Өлгі жер қазып жатқан адамның қасына келсе, жас жігіт екен. Қорқыт ата жөн сұрайды:

— Бір адамның өмірі өшкен екен-ау, бұл кімнің көрі? Жігіт жолаушыға қадала қарайды да:

— Бұл Қорқыттың көрі, — дейді.

Мұны естіген Қорқыт ата өзінің де қартая бастағанын сезеді. Бірақ адам баласын өлімнен құтқарып, бақытқа кенелтемін деген ойы жебейді. «Мен әлі мұратыма жеткен жоқпын, арманымды орындамай өлмеймін». Осы оймен артына бұрылады. Қатпар-қатпар құм кешіп, аңызғақ ескен жол басып, асқар-асқар таулардан асады. Таудың етегіне түскен кезде жер қазып жатқан біреуді көреді. Дене бітімі шомбалдай жігіт ағасы екен, жөн сұрайды. Ол да сұсты көзбен қарап, Қорқытқа көр қазып жатқандығын айтады. Алдынан шырадай жайнап шығып келе жатқан күнді көреді де, солға бұрылады. Қалың орман, қатпар таулардан, адырлы өлке, батпақты саздардан өтіп, жайқын теңізге жетеді. Теңіз жағасында тасты ойып, жер қазып жатқан орта жастағы адамға кезігеді. Ол да Қорқытқа көр қазып жатқандығын айтады. Қорқыт ата өзінің қуаты қайта бастағанын сезеді. Тағы да бөгелместен жылжып оңға бұрылады. Көлдерді жағалап, айдыңды өзендерден өтеді. Жалпақ даланы шарлайды. Алдынан айнадай жарқырап жатқан жалпақ өзен кезігеді. Өзеннің жар қабағында бір шал жер қазып жатады. Шаршап-шалдығып жеткен Қорқыт ата:

— О, қадірлі қария, бұл кімнің көрі? — деп сұрайды. Шал қамыға қарайды да:

— «Өзекті жанға бір өлім», одан қашып қайда барып құтылмақсың, Қорқыт? Бұл сенің көрің, енді осыған кір де, тыныс ал! — дейді.

Қайда барса да өзіне қазылған көрге тап болған Қорқыт атаның көзіне өлім нышаны елестейді. Аппақ құдай сақалы желбіреп, сол арада жүгіне отыра қалады. «О, жарық дүние, қадірінді білмеген адам баласына ақыл бер, қамқор бол! Жердің көркі елмен, елімді емірентпек едім, ол ойымды асыруға уақытым жетер емес. Жалғыз өзімнің қолымнан келмейді екен, соны білмеппін. Көп біріксе, көл емес пе, соны ойламаппын. Сол күйімді қолдай көр...».

Қорқыт ата сол арада жарық дүниеге тілегін айтып, өзінің ақырғы қоштасу күйін шерткен екен...

Осы арман домбыра үнімен берілетін «Қорқыт» күйі мұңды да, зарлы да емес, теңіздің толқынындай ширатыла бұралған дауылды бұрқаныс, домбыраның бунақты үні, күмбірлеген дүмбірлі сарынмен өне бойды шымырлатады. Жүректі

тебіреніп, ғажайып сырлы ойларға батырады. Адамның санын шайқап, жігерлі сенімге баурайды. Күй ырғағындағы тебіреніс ойға бөлеген толғаныспен құшағы кең әлемге жетелейді. Бауырмалдықтың, тіршіліктің сырын ұғуға баулиды. Жаныңды жайнатып, туыстық сезімді жетілдіреді. Қырқыс қиянаттан жирендіреді.

159. «Аққу»

(III нұсқа)

Ажалдан қашқан Қорқыт дүниенің төрт бұрышын шарлағанда жанынан сауғаны өзінің кіндік жұрты Сырдың суынан тапқан ғой. Желмаясының жабуын су үстіне төсеп, оған жайғаса отырып алып, қара қобызын бебеулеткенде аңдыған ажал маңайына жолай алмаған.

Қорқыт қобызды тынымсыз тартқан. Ол қобыз тартқанда су ағысын тоқтатып, жел тынып, жан-жануар анталап келіп ұйып тыңдайды екен.

Бірде Қорқыт әдеттегідей күй сазын сарнатып отырса, көкте ұшып бара жатқан бір топ аққу естіп, айнала ұшып, ақыры қанат бүгіпті дейді. Аққулар мұңлы күйдің дауысына елтіп, қара қобызға үн қоса бірге сұңқылдасып, Қорқытпен бірге мұңайған екен.

Көңіліндегісін күй етіп шалатын Қорқыт құстың төресі аққудың мейірімді қасиетін қобызына салады.

Ұрпақ есінде «Аққу» күйі болып сақталған күй сол еді дейді.

160. «Желмая»

(I нұсқа)

Қорқыт есейіп, бәсіре байланар жасқа келгенде Қыпшақ еліндегі нағашыларына барыпты. Нағашылары Қорқытқа «таутайлақтың» тұқымынан өркені түскен бота сыйлайды. Қорқыт ботаны нәрестедей мәпелеп, тіл-көзден қорғаштап, сылап-сипап өсіреді. Тірсегі бекіп, табаны қата келе бота Қорқыттың соңынан қалмай ілесіп, бір сәт көз жазса боздап мазасы кетеді екен. Тайлақ болып, танауы тесілген соң да не келеге қосылмай, не бөтен адамды маңайына жолатпай, тек қана Қорқытқа бауыр басып өседі. Тайлақтан кейін құнанша, одан әрі буыршын

болған шағында жүрісіне тұяқ біткен шыдамайтын, табаны мұздан таймайтын, жеті күн, жеті түн от оттап, су ішпесе, мыңқ етпейтін, тықыр бұйра Желмая болып шыға келеді.

Қорқыттың «Желмая» күйі осынау қанатты көлігіне, сенімді серігіне арналған екен.

161. «Желмая»

(II нұсқа)

Халықтың айтуына қарағанда, Қорқыт деген аттың қойылуы кездейсоқ емес көрінеді. Қорқыт туған кезде жиналған жұрт бала орнына пішінсіз «құбыжықты» көріп, қорқып қашады. Анасы бала туғанын сезіп, пішінсіз «құбыжықтың» қабығын жарып жібергенде, жылаған баланың даусы естіледі, әлгі қорқып қашқандар қайта келіп, бұл баланың атын «Қорқыт» қою керек деседі.

Бір заманда біреулер түсінде Қорқытқа: «Қырық-ақ жыл жасайсың!» — деп аян беріп кетіпті, содан кейін Қорқыт желден жүйрік Желмаяны жазылап мініп, мәңгілік өмір іздеп шығады. Әлемнің бүкіл елдерін аралап, бәрінде де өлім бар екенін көрген соң, Сырдарияға қайтады. Желмаясын құрбандыққа шалып, өзі судың үстіне кілем төсеп отырып, Қорқыт қобызымен өмір өнін шығарыпты. Осы ән айтылып тұрған кезде өлім Қорқытқа жақындай алмайтын болыпты. Қалжыраған Қорқыт бір мезет қалғып кеткенде, ажал оны жылан болып шағып, өлтірген екен. Бірақ Қорқыт күйі ажалмен айқасын тоқтатқан емес. Күй тартылған жерге ажал бара алмайды-мыс. Сол заманнан бастап Қорқыт бейнесі өмір үшін өлімге қарсы күреспен байланысты.

162. «Елім-ай, халқым-ай!»

Қорқыт қолына қобызын алып, Желмаясын желдіртіп, дүниенің төрт бұрышын кезіп жүрген шағында елінің тағдырын қырық жыл бұрын болжап, неше түрлі сәуегейлік ойлар айтады екен. Халқының бақыты мен тыныштығын аңсап, қара қобызын аңырата толғайды дейді. Ел-жұрттың қолынан найзасы, иығынан сауыты түспейтін, аттың жалы, атанның қомында өмір өткеретін жаугершіл заманын елестетіп мұңға батса керек.

Осындайда қасиетті қара қобызын шамырқана толғап:

*Мұнан соң қилы-қилы заман болар,
Заман азып, заң тозып жаман болар.
Қарағайдың басына шортан шығып,
Балалардың дәурені қараң болар!—*

дейді екен.

Қорқыт атаның сол сарындары ел ішінде «Елім-ай, халқым-ай!» деген күй болып тартылады.

163. «Сарын»

(I нұсқа)

Қорқыт жиырма жасқа толғанда ақ сақалы беліне түскен, ақ таяғы көк тіреген өулие келіп, тағы да түсінде аян береді: «Уа, Қорқыт, бұл жарық дүниеде саған қырық жыл ғұмыр маңдайыңа жазылған, одан артық жүрмейсің!» дейді. Ояна келсе түсі екен, өулиенің айтқан сөзі өңіндегідей құлағында қалып қояды.

Осыдан кейін-ақ Қорқыт қатты тіксініп, өлмеудің амалын іздеп, Желмаясына мініп, дүниені кезіп кетеді.

Күндердің бір күнінде Қорқыт дала кезіп келе жатса үпір-шүпір болып жер қазып жатқан бір топ адамға ұшырасады. «Ау, бұл қазып жатқандарың не?» — деп жөн сұраса, әлгілер: «Қорқыт өулиенің көрін қазып жатырмыз!» деп жауап береді. Мұны естіген Қорқыт Желмаясын бұрып, келесі бір қиырға бет түзейді. Бірақ шаршап-шалдығып, енді бұйда тартып тынығам дегенде алдынан тағы да көр қазушылар ұшырасады. Жөн сұраса келсе, олар да Қорқыттың қабірін қазушылар болып шығады. Осылайша, Қорқыт өлімнен қашып, дүниенің төрт бұрышын шарлағанымен, алдынан өзіне арнап көр қазушылар кездесе береді. «Қайда барсаң — Қорқыттың көрі!» деген ескі сөз осыдан қалыпты дейді.

Содан әбден тарығып, титықтаған Қорқыт жер ортасына жетсем, жаным қалар деп, өзінің туған жері Сырдың жағасына жетеді. Сол жерде Желмаясын сойып, оның терісімен қаңсыған қара қобызын қаптайды. Сонан соң судың бетінен көр қазылмас деп, Желмаяның жабуын Сырдың суына жаяды да, соның үстіне жайғасады. Сол жерде осындай халіне қамыға отырып, қара қобызын мұңды сарынға салған екен. Осы сарынның бір қайырымы ұрпақтардың есінде сақталған ғой.

Қорқыт Сыр суының үстінде жүз жыл бойы өмір сүріпті дейді. Бұл уақыт ішінде қобызын тоқтаусыз сарнатып, ажалды маңайына жолатпапты дейді. Қорқыт қобыз тартқанда жел тынып, су ағысын тоқтатып, жан-жануар ұйып тыңдайтын болса керек.

164. «Сарын»

(II нұсқа)

Қорқыт өлімге мойын ұсынбай, Сыр суының үстіне Желмаясының жабуын төсеп, қобызын толассыз сарнатып отырады екен дейді. Қара қобызын сарнатып отырғанда ажал маңайына жолай алмапты. Қобыз дауысы жеті күндік жерге жетіп, дүниенің бәрін сүттей ұйытса керек.

Күндердің күнінде қиян шалғайда жатқан Арқадағы бір ауылдың серуен құрып жүрген қырық қызы Қорқыт қобызының дауысын естиді. Естулері мұң екен, қырық қыздың тұла бойы қорғасындай балқып, қобыздың талып жеткен үніне ынтыға құлақ түріп, өзге дүниені ұмыта ынтығады. Сол халде жеті күндік жерден талып жеткен қобыз дауысын бетке алып жүріп кетеді. Жүрген сайын үні айқындалған қобыз сазы қырық қызды одан сайын баурап, үздіге шақырғандай болады.

Қобыз дауысын ынтыға ұмтылған қырық қыз күн жүреді, түн жүреді. Жүрген сайын күйдің алапаты асқақтап, құдіреті артып, одан сайын баурай түседі. Қамсыз шыққан қырық қыз сол беттерінде Бетбақ деп аталатын елсіз-күнсіз шөлге тап болады. Табандары тілініп, еріндері кезеріп, жол азабынан гөрі шөл азабы жандарына батады. Бірақ қыр астынан естілгендей сарнаған қобыз үні қыздардың сұлдерін сүйреп, сұңқылдай шақырады.

Ақырында қырық қыздың отыз тоғызы Бетбақтың шөліне шыдамай, әбден титықтап, шөлден өледі. Тек бір қыз ғана таңдайы кеуіп, табанының ойылғанына қарамастан, Сырдың жағасына жетіп, Қорқыттың қарасын көргенде ес-түссіз құлайды.

Қорқыт ақсақ қыздың аузына су тамызып, басын сүйеп, мән-жайды сұрап біледі. Басқа қыздардың шөл азабын тартып, жолда қалғанын естіп пұшайман болады.

Кейін жаңағы Арқадан арып-ашып жеткен ақсақ қызбен Қорқыт көңіл жарастырып, соған үйленген екен.

Арқадағы қырық қызға талып жеткен Қорқыт қобызының сарыны ұрпақтан ұрпаққа «Сарын» деген күй болып жетеді.

Күні бүгінге дейін Арқада, Ұлытаудың батысында, Дулығалы Жыланшық өзенінің сол жақ жағалауында «Сарын жеткен» деген шоқы бар. Жергілікті халық бұл шоқыны «Сарын тауы» деп те атайды.

Ал Қорқыт көңіл қосқан ақсақ қыздың бейіті Қорқыт бейітінің солтүстігінде, Арқа жағында күні бүгінге дейін бар. Жергілікті халық бұл бейітті «Ақсақ қыздың мұнарасы» деп атайды.

Бұдан да өткен қызығы — Сарын тауынан шығып, Сырдың жағасындағы Қорқыт бейітіне тура жүргенде, Арыс құмының батыс жақ өкпе тұсынан «Қыз қалған» деген жерді кезіктіруге болады. Бұл жер шынында ұшқан құстың қанатын талдыратын, жүгірген аңның тұяғын тоздыратын қу медиен құла дүз.

Міне, туған жердің төсінде ата-бабамыздың шежіре сыры осылай сақталып келеді.

165. «Тарғыл тана»

Қорқыттың Желмаясы астында, қара қобызы қолында үнемі ел аралап, адасқанға жөн сілттеп, аңырғанға ақыл беріп, сәуегейлік құрады екен. Төңірегіндегі көзі көріп, көңілі түскенді қобызына күй етіп қосып, алдағыны қырық жыл бұрын болжайтын болыпты.

Күндердің бір күнінде ақ сақалы беліне түскен, ақ таяғы көк тіреген бір әулие Қорқытқа түсінде аян береді: «Уа, Қорқыт, сен өлімді аузыңа алмасаң, саған еш уақытта өлім жоқ!» — дейді. Қорқыт осы сөзді өңінде естігендей болып оянады да, «Төңірінің бұл да бір сыны болар» деп көкейіне түйіп алады.

Содан жылжып жылдар, сырғып күндер өтеді. Ақ сақалды, ақ таяқты әулиенің айтқан өсиетін естен шығармай, өлім туралы сөзді аузына алмай, қобызын тартып, ел аралап жүріп жатады.

Бірде Желмаясының бұйдасын тартып, бел жазып отырса бір ауылдың тайлы-таяғы қалмай жабылып қашаған өгізді қайыра алмай жүргенін көреді. Сол жерде Қорқыт Желмаясына міне салып, қашаған өгізді қайырып бермек болады. Бірақ өгіз Қорқыттың Желмаясына да бой бермейді. Қуа-қуа әбден титықтап шаршайды. Сонда Қорқыт: «Қап, саған өлсем де жетпей қоймаспын!» — деп Желмаясын тебіне түседі. Осы сөзді айтуы мұң екен тарғыл тана тасқа айналып, қатып қалады. Тасқа айналар алдында тарғыл танаға тіл бітіп:

*Менің өзім қара едім,
Қарадан туған ала едім.
Туған жерім—Қазалым,
Мына тау болды-ау ажалым!—*

деп дөңбекши ыңыранған екен.

Сол жерде өлім туралы сөздің аузынан шығып кеткеніне Қорқыт қатты өкініп, мұңға батады. Бірақ болар іс болды, енді тағдырдың жазуынан қашып құтылудың амалын ойлайды. Сөйтіп, Желмаясын желдіріп, дүниенің төрт бұрышын кезіп кетеді.

Осы оқиға Қорқыттың қобызына «Тарғыл тана» деген күй болып шалынған екен.

166. «Ұшардың ұлуы»

Бір жесір кемпірдің жұрт аузына іліккен жалғыз баласы болыпты. Ол кездегі жақсының әдеті — жүйрік мініп, ит жүгіртіп, құс салатын. Кемпірдің баласының да бір жүйрік аты, Ұшар деген құмай тазысы бар екен. Әсіресе Ұшары қара жерден із кесетін аңсақ, иесіне адал қағылез, қанжығаның қанын құрғатпайтын жолды ит болса керек. Астындағы аты, соңындағы тазысы келіскен соң, жігіт жиі-жиі аңға шығып, саятшылық құрады екен.

Күндердің бір күнінде жалғыз жігіт тосын дертке шалдығып, дүние салады. Ел аза тұтып, арулап қояды. Сонан соң бұрынғы-соңғының дәстүрі бойынша, өлік шыққан жұртты ауыстырып, ауыл қонысын өзгертіп, жаңа жұртқа аунап қонады.

Жаңа жұртқа келген соң, жесір кемпір «жалғызымның көзі ғой» деп, тазыны іздесе жоқ дейді. Содан көңілі алаң болып, тынши алмай ескі жұртқа келсе, Ұшар жас қабірдің басында иесін қимай ұлып отыр дейді. Үшкір тұмсығын көкке қаратып ұлып, иесін жоқтап сарнаған Ұшардың дауысын естігенде жесір кемпір:

*Жалғызымнан айырылдым,
Қанатымнан қайрылдым!
Ұшар, Ұшар, кә-кә!—*

деп дауыс қойып, аңырап қоя береді. Ескі жұртта жалғзынан айырылған сорлы ана мен иесінен айрылған жетім тазы қосыла күңіренеді.

Осы бір қайғылы халді Қорқыт қобызына күй етіп шалған екен.

167. «Әуппай»*(I нұсқа)*

Арқадан іздеп келген ақсақ қыздан Қорқыт бір перзент көріпті дейді. Бірақ күндіз-түні ажалды аластап, қобызын сарнатқан Қорқыт баласы мен зайыбына көңіл бөле алмайды. Ал баласы мен зайыбы Сырдың жағасында өмірлерін өткеріп, Қорқыттың тілеуін тілеумен болады.

Содан бала есейе бастағанда апасының бағып-қағып, алдандырғанын місе тұтпай, қобыз тартып отырған әкесіне талпынуды шығарады. Ұыздай білегін созып, бұлқына ұмтылып, неше түрлі қылық көрсете бастайды. Бұған Қорқыттың да жүрегі елжіреп, бауыры аяғының басына түскендей күй кешеді. Бірақ, амал жоқ, қобызын тоқтатып, жағалауға шықса, ажал тұзағына ілігетінін біледі. Сонда Қорқыт баласына телміре қарап, көзі көріп тұрса да, еміреніп иіскей алмай, бауырына қысып, мауқын баса алмай мұңаяды. Мұңая отырып, баласын алдандыра жұбататын «Әуппай-әуппай» деген күй тартады.

Осы көріністің куәсіндей болып, ұрпақ есінде «Әуппай» күйі сақталған.

168. «Әуппай»*(II нұсқа)*

Бұл күйдің де өзіндік сыры бар. Қорқыт қасиетті кілемін төсеп, су бетінде отырғанда, Сырдарияның жағасына бала көтерген бір әйел келеді. Өзі арып-ашқан әйелдің емшегінен сүт шықпай, аш бала уанбай жылай береді. Ол дарияның ортасында ағып келе жатқан Қорқыттан көмек күткендей телміре қарап, баласын: «Әуппай, әуппай», — деп жұбатып тұрады. Сонда қолынан келер қауқары, жәрдем берер халі жоқ күйші:

Айналайын балам-ай,

Жас балаңа алаңдай,

Аш болсаң да, ойыңда

Аман сақтау балаңды-ай, —

деп тебіреніп, ананың перзентіне деген ыстық махаббатын күй тілімен сөйлеткен екен.

169. «Башпай»

Атадан балаға жеткен қария сөздің айтуында «Башпай» Қорқыттың ең соңғы тартқан күйі еді дейді. Қырық жыл

өлімнен қашқан Қорқыт ақырында Сырдың суынан сауға тауып, дарияның бетіне Желмаясының жабуын төсеп, соның үстінде күндіз-түні қобызын сарнатып, ажалды аластап отырады ғой. Сол күндерде Қорқыттың Ақтамақ атты қарындасы дарияны кешіп, тамақ алып келіп тұрады екен.

Бірде Қорқыт қарындасының алып келген дәмін татып отырғанда алай-дүлей дауыл соғып, толқын тұрып, бұлардың берекесін алады. Сол бір аласапыран шақта Қорқыттың башпайы қарындасына тиіп кетеді. Байқаусызда болған осы жағдай өле-өлгенше Қорқыттың есінен кетпей, өзін күнәлі сезініп, пұшайман болады екен.

Күндердің күнінде, дарияның бетінде жүз жыл бойы ажалды жолатпай өмір сүрген Қорқытқа қапысын тауып ажал шіркін жетіпті дейді. Сол күні әдеттегідей Ақтамақ ағасына дарияны кешіп тамақ алып келеді. Тамақтан соң Қорқыт маужырап, қалғып кетеді. Дамылсыз сарнаған қобыз үні бір сәт толса тауып, қарындасы ағасының оянуын күтіп отырады.

Осы кезде қобыз үнінің тынған сәтін пайдаланып, дәм салған қоржынмен бірге ілесіп келген сақиналы зәрлі жылан өрмелеп келіп Қорқытты шағып алады. Қорқытты жүз жыл бойы аңдыған ажал осылайша жылан болып келіп, қапысын тауып еді дейді.

Айтқанша болмайды, Қорқыттың бойына ажал уы жайылып, өлімге бой ұсына бастайды Сонда, көз алдында дәрменсіз шырылдаған қарындасымен арыздасып, қоштасып, көптен көкейінде жүрген соңғы тілегін айтады. «Ажал шіркін қапыда тұзаққа түсірді. Бір өкінішім — осы. Екінші өкінішім — баяғыда Сырдың бетін дауыл шалғанда өзіңе башпайым тиіп кетіп еді. Кешілмейтін күнәм сол. Қасиетті Сыр-ананың жағасында маған арналған мола қазулы тұрған болар. Мені жерлегенде екі башпайымды ашық қалдырыңдар. Өміріме серік болған қасиетті қара қобызымды өзіммен бірге көміңдер. Мен өлсем де, менің атымды атап, ұрпағымның есіне салып жатар. Хош жарығым! Жылама, жылама, жылағанмен бола ма?!» — дейді Қорқыт. Қарындасы: «Аға, ағатай, асқар тауым, алтыным!» — деп еңіреп қоя береді.

Сол жерде Қорқыт соңғы күшін жиып, қобызын қолына алып, қарындасын жұбатқандай болып, бірер қайырым күй шалған екен.

Қорқыттың осынау соңғы күйі «Башпай» деген атпен ұрпақтарының есінде қалыпты. Ал қара қобызы болса Қорқыт

өлгеннен кейін моласының ішінен «Қорқыт, Қорқыт!» деп күңіренген дыбыс шығарып жататын болыпты.

170. «Байлаулы киіктің зары»

Қорқыт жер бетіндегі жан-жануарлардың барлығының тілін біледі екен. Бір күні Желмаясымен келе жатса, бір киіктің маңыраған даусы құлағына шалынады. Ол: «Қос лағым жетім қалады-ау, шөпке ауызданбаған сорлылардың күні не болмақ? Тым болмаса, соңғы рет емізіп, иіскеп, мауқымды басып та қала алмадым», — деп зарлайды. Қорқыт жан-жағына бағдарлап қараса, бел астында тігулі тұрған қараша үйді көреді. Киік сол үйдің алдында көгендеулі тұр екен. Киікке жаны ашыған Қорқыт үй иесіне: «Мына жазықсыз жануарды жібер, өз бетімен тамақ тауып жеуге ауызданбаған егіз лағы бар екен, обалына қалма», — дейді. Қорқыттың бұл сөзіне құлақ аспайды.

— Онда мен киікті босатқаның үшін ақысын төлейін, — десе, үй иесі:

— Жоқ, мен мұның сүтін сауып ішіп отырмын, кешке сойып жеймін, — деп оған да көнбейді. Басқа амалы қалмаған Қорқыт:

— Болмаса киіктің орнына мені кепілдікке ал, оны босат. Лақтарын тауып алып, емізгеннен кейін қайтып келеді. Егер сол кеткеннен оралмаса, менің Желмаямды сойып же, — дейді.

Үй иесі киікті босатып жібереді. Киік байлаудан босана салысымен, тау-тасты кезіп жүріп лақтарын тауып алады. Оларды емізгеннен кейін, қас қарая қайтып келеді. Осы оқиғадан кейін Қорқыттың «Байлаулы киіктің зары» күйі дүниеге келген екен. Бұл шығармасында күйші қаталдық пен мейірімділік, жауыздық пен қайырымдылық жайында толғанады.

КЕТБҰҒА /XIII ғасыр/

171. «Ақсақ құлан»

(III нұсқа)

Атының тұяғы жеткен жерге әмірін жүргізген әйгілі Шыңғыс ханның Жошы деген ұлы болған. Жошы да хан боп өткен. Даңқты әкесінен тиген еншісі — Ұлытау мен Азау теңізінің

арасында керіліп жатқан байтақ далада алғаш Алтын Орда мемлекетінің шаңырағын көтерген. Құландай жөңкілген көшпелі елдің басын қосып, өмірін жүргізген.

Шыңғыс ханның Қоңырат руының қызы Бөртеден көрген алғашқы перзенті осы Жошы хан екен. Бөртеден мұнан басқа Шағатай, Үгедей, Төле деген ұлдар көріп, оларға да өз алдына енші бөліп беріп, бөлек-бөлек ел еткісі келгені шежіреден белгілі. Бірақ тақтың буы туғанына қарата ма, Шыңғыстың көзі жұмылысымен-ақ балаларының арасындағы иеліктері арадара болып, шілдің қиындай ыдырап кеткен ғой.

Өз кіндігінен тараған балаларының ішінде Шыңғыс ханға ертерек серік болып, талай-талай қанқасап соғыстарда жеңіс туын желбіреткен сүйеніші Жошы хан болса керек. Бірақ Шыңғыс ханның жанын жегідей жеген бір түйткіл мәңгілік жүрек түкпірінде шемен болып жататын еді дейді. Онысы — ертеректегі бір соғыста келіншегі Бөрте меркіттердің қолына тұтқынға түсіп, кейін Шыңғыс хан құтқарып алғанда осы Жошы хан іште келіп еді деген әңгіме. «Шешенікі — хақ, әкенікі — нәркүмөн» деген емес пе, осы жағдай Шыңғыс ханды мәңгілік күмөн құрсауында өткізген ғой. Алайда Жошының қалтқысыз перзенттік көңілі мен жойқын ерлігі, әскери шалымды өнері мен адалдығы әкесінің әлгіндей күмөнді ойларын ұдайы сейілтіп отырады екен.

Содан, әкелі-балалы Шыңғыс хан мен Жошы ханның арасына сызаттың түсетін кезі — Сыр мен Әму бойына шабуыл жасайтын тұс еді дейді. Оның себебі — Қызылқұм мен Қарақұмды қыстап, жазға қарай шашырай көшіп-қонып жүрген көшпелі елдің ішінде қоңырат тайпасы да болған ғой. Ал қоңыраттардың Жошыға нағашы жұрт екені белгілі. Сонсоң да, Жошы нағашы жұртына іш тартып, аяусыз қан төгуден тартынады екен. Тіптен, қанша күші жетіп, құдіреті асып тұрса да, Жошының Үргеніш қаласын алты ай қоршап, мәмілеге шақырып жатып алуының бір сыры осы екен. Әрине, мұндай нәуетек, жалпақ-шешейлік Шыңғыс ханның табиғатына жат, әрі бетіне шіркеу. Міне, әке мен баланың арасындағы қырбайлық осылай басталады. Тіптен, бара-бара Жошы хан әкесінің қанқұмар жорығынан жалыққандай шырай танытып, батыс пен оңтүстік елдеріне жасауға тиісті шабуылдан тартыншақтай береді. Оның орнына сахараның көк шалғынды самалды белдеріне ордасын

қондырып, төңірегіне әнші, күйші, саятшы, батыр, балуан жігіттерді жинап, серілік құрып, сайран салуды әдетіне айналдырады. Сары қымызды сапырып, бір мезгіл жез таңдай әнші, айыр көмей ақындар мен дәулескер күйшілердің өнерін тамашаласа, енді бірде Сарыарқа мен Сырдың арасындағы сайын далада құлан аулап, оның айнадай жалтыраған өзенкөлдеріне қыран құстарын жабады екен. Жошы ханның тек қана томағалы бүркітінің, қоңыраулы қаршығасының, сақиналы сұңқарының өзі сегіз жүзден асушы еді дейді. Сонда, күз айларында Құланөтпес, Сарысу, Атасу өзендерінің бойында қыранның қияғы мен сұңқардың тұяғы жебедей суылдап, қылыштай жарқылдап, аспан астында қанды шайқас болып жатқандай әсер береді екен. Мұндайда Жошы хан ерекше мағұрланып: «Әкемнің жеңілуді білмейтін әскерінен гөрі, менің қырандарымның соғысы қызық!» дейді екен.

Әрине, арқасүйер ұлының бұл қылығы Шыңғыс ханға жетпей жата ма? Онда да, жай жетпейді, қырық құбылып, сан саққа жүгірген өсек сөз шындыққа бергісіз болып жетеді. Өзін аспан астының әміршісі санайтын Шыңғыс ханға мұндай қауесет ұнамайды. Жай ғана ұнатпау емес, баяғы іште шемен болып қатып жатқан күдік-күмөні қозып, алқымына запыран ашу болып кептеліп, аласұртады ғой. Оның үстіне Шыңғыс хан мәнжайды әбден білгісі келіп, Жошыны бір-екі рет шақыртқанда, қызық-думанмен жүріп құлақ аса қоймайды. Жошының бұл мінезі Шыңғыс ханды біржолата ширықтырып, ашу үстінде аяусыз жазаға әмір береді ғой.

Шыңғыс әулетінің жазасы белгілі. Айыптының белін қайырып, омыртқасын үзіп өлтіру керек. Осы ниетпен Шыңғыс ханның жасырын жасағы Жошының аң аулап жүріп, оңашаланатын сәтін бағады.

«Аңдыған жау алмай қоймас» деген, күндердің бір күнінде аз ғана серігімен құлан аулап, шығандап жүрген Жошы хан аңдушылардың құрсауына тап болады. Талай қан майданда туы қисаймай шыққан Жошы хан оңайлықпен берілмейді. Бүкіл серіктері қырылған соң да жалғыз өзі жойқын ұрыс салады. Бірақ сайланып шыққан күші басым қарсыласы шыдатпайды. Алдымен бір қолын қылышпен шауып түсіреді. Осыдан кейін қансырап, ат жалын құшқан Жошының омыртқасын қайырады.

Сағымды далада Жошы ханның жаны кеудесінен шығаршықпаста көкжиекті шаңдата жосылтқан хабаршы көрінеді. Бұл Шыңғыс ханның сауғасын, кешірімін жеткізуге асыққан хабаршы еді дейді. Жай ғана сауға емес, «Жошының өлімін ескерткеннің көмейіне балқыған қорғасын құйылсын!» деген қарғыстай жарлығы қоса жетеді.

Енді қайтпек керек? Болар іс болып қойды. Қандай құдірет болса да қайтып Жошыны тірілте алар ма?! Сол жерде қанды қол тобыр «ханның ұлы құлан аулап жүріп мерт болды!» деген сылтауды желеу етіп, Жошы ханның жансыз денесін ордасына алып қайтады.

Енді Шыңғыс ханға қалай естірту керек?! Жұрт қиналып, сеңдей соғылысады. Жанын қиып, суырылып шығар ешкім болмайды. Ал жаман хабарды жасырып қоя ала ма?! Онда да, Шыңғыс ханнан мүмкін емес. Осылайша, ел есеңгіреп, дал болады.

Сол кезде Шыңғыс ханның оң тізесін баса отыратын, Найманнан шыққан Кетбұға деген жырау бар екен. Жұрт амал таппай қамалып тұрғанда, Кетбұға суырылып шығып хан ордасына беттейді ғой. Табалдырықтан аттай бере Кетбұға:

— Уа, хан ием, саған Тәңірінің рахметі жаусын һәм сенің қол астындағы барлық жанға тыныштық болсын! — дейді.

Өз жарлығы өзіне шаншудай қадалып отырған Шыңғыс хан түнерген қалпы:

— Саған не керек! — десе керек.

Сонда Кетбұға жырау:

— Хан ием, мен бүгін бір жаман түс көрдім. Сол түсімнен көкірегіме қайғы-шер толып, өзіңе ғана мұңымды шаққалы келдім! — дейді де, қолындағы домбырасын бебеулете жөнеледі.

Алғашқыда мың сан тұяқ дала төсін дүбірлетіп, делебені қоздыра еліктіргендей болады. Бұған бір сәт селт етіп, көңіл бөліп үлгермейді, домбыра шанағынан азынап өрген азалы үн Шыңғыс ханның еңсесін қайта басады. Сол азалы үн үдей өксіп, орны толмас өкініштің лебіндей шегін тарта сарнайды. Әлгінде ғана желдей жүйткіген мың сан тұяқтың дүбірі енді қаралы хабар жеткізген бейбақтың ширыққан зарындай жонын шымырлатады.

— Япыр-ай! — дейді Шыңғыс хан. — Бұл не ғажап! Тап Жошы өлгендей жүрегімнің егіліп қоя бергені қалай!

Шыңғыс ханның аузынан осы сөздің шығуы мұң екен, сыртта қамалып, дағдарып тұрған халық «Хан иемнің өзі айтты, Жошыдан айырылды!» — деп ұлардай шулап, еңіреп қоя береді. Болған істің шындығына енді көзі жеткен Шыңғыс хан сол жерде бармағын шайнап, екі иіні селкілдей еңіреді.

Осы кезде Кетбұға жырауға да тіл бітіп, домбырасын бебеулетте қағып, былай дейді:

«Уа, иеміз, Шыңғыс хан!
Домбыра не деп жырлайды,
Сарнап бір дауысын қырнайды,
Құлағың сал осыған...
Ақсақ құлан, қу құлан,
Қияннан қашқан ту құлан,
Қиырсыз құба далада,
Аңда жүрген балаңа
Кез болып бір қашыпты,
Белден белге асыпты.
Ақсақ құлан, Жошы хан,
Елсіз құба далада,
Қат-қат бұдыр салада,
Мекендеп өрген өрбісіп,
Ордалы құлан жосыған.
Қуып ақсақ құланды,
Мінгені тұлпар құнанды,
Ордалы үріккен құланға
Құйғытып ойнап қосылған,
Өлім деген Тәңір ісі,
Желіккен құлан әңгісі,
Құлан мен тұлпар еліккен,
Жосыған құлан желіккен,
Балаңды шайнап өлтіріп,
Жұлмалап, жалмап кетіпті
Ордалы құлан шошыған.
Жұрттың аузы бармаған,
Сөзді айтып жырлап зарлаған
Домбыраның балаңды
Естірткені осы, хан!
Өзгеге артпа жалаңды,

Еліктірген балаңды
Сол қу құлан, ту құлан,
Балаң өлді — Жошы хан!
Нансайшы, ханым, осыған!»

Хан жарлығы екі болмайды, сол жерде Кетбұға қолындағы домбыраның қалақ бетін ойып, жаман хабарды естіртуші ретінде шанағына балқыған қорғасын құйылады. Домбыра бетінің ойық болуы содан қалып еді дейді.

Қаралы хабар жеткен соң, Шыңғыс хан өзін-өзі іштей қажап, өкініштің уына белшесінен батып, үш күн, үш түн дөңбекшиді. Ешбір басу сөзге жұбанбай, қайғы өзегін өртеп, құмыға береді.

Сонда Шыңғыс ханның бәйбішесі, ақылы кемел Бөрте алдымен ес жиып, болған іске беріктік танытып, күйеуіне былай деген екен:

— Хан ием, сен қайғырып жатқанда халқың ғау-ғау көтеріп, бүлік шығарғалы жатыр!

— Е, менің халқым бүлік шығаратындай не болыпты?! — дейді Шыңғысхан.

— Сенің халқыңды екі дай етіп, егеске түсірген дау бар көрінеді, — депті Бөрте, — оның себебі, бір бай өзінің ықыласы ауып, көңілі жарасқан тамырына ат басындай алтын сыйлаған екен. Сәті түсіп, орайы келгенде қарымтасын қайтарар деп ойлайды бай. Бірақ арада біраз уақыт өтсе де, тамыры қарымта қайтаратын шырай танытпайды. Сонда бай ренжіп, өз алтынның қайта сұрайды. Тамыры бермей, дау болып, төрелету үшін биге жүгінсе, билер де әділдік қылмай, жартысы «бергенін қайтарсын» дейді, жартысы «қайтармауға тиісті» дейді. Осымен елдің арасы екі дай болып тұр.

Мұны естігенде Шыңғыс хан ренжіп:

— Ах, бұлары қалай! Билік әділ болмаған екен. Сыйды ала білген кісі, бере де білсе керек емес пе! — депті.

Бөртенің де күткені осы болса керек:

— Хан ием, сабыр қыл! Тәңірім саған бала беріп еді, оны уақыты жеткенде өзі алды. Құдіреттің ісіне көну керек. Тәңірі саған Жошыны сыйлап еді, енді сол сыйын мерзімі келгенде сен де қиналмай қайтара біл! — деген екен.

Шыңғыс хан Бөрте бәйбішенің осы бір басу сөзінен кейін есін жиып, еңсесін көтереді.

Сол кезде Шыңғыс ханның Домбауыл деген адал берілген құлы бар екен. Бала кезінен көз алдында өскен Жошыға деген Домбауылдың көңілі алабөтен болса керек. Жошының өлімінен кейін Домбауыл ант суын ішіп, жер бетінен құлан тұқымын құртпақ болады. Сөйтіп, байтақ даланың шығысын орап Тарбағатай тауынан Іле өзеніне дейін құлан өте алмайтын ор қазады. Батысында Құланөтпес, Терісаққан өзендерінің арнасын тереңдетеді. Сонан соң Қабанқұла, Әңкей, Бөкен деген үш тұлпарды баптап, құлан аулауға шығады ғой. Батысы мен шығысы орланған құландар үйір-үйірімен Бетпақтың шөліне жөңкіледі. Домбауылдың күткені де осы. Шөлге шығандатып, шалдыққан құландарды Домбауыл аяусыз қырады. Бетпақтың байтақ даласы қан сасиды.

Содан, күндердің бір күнінде Домбауылдың салған сүргінінен бес құлан сытылып шығып, Шу өзенінен әрі өтіп кетеді. Шудың табанына жете бере Қабанқұла шөлден ұшып өледі. Әбден титығына жетсе керек, кешікпей-ақ Әңкей де зорығып өледі. Кейін, жаңағы аман қалған бес құланнан тұқым тарап, кең дала қайтадан құланға толған екен дейді.

172. «Ақсақ құлан»

(IV нұсқа)

Қылышынан қан тамған Шыңғыс хан шолғыншы ұстайды екен дейді. Дүниенің төрт тарабындағы жаңалықты сол шолғыншылар хан ордасына жеткізіп тұрады екен. Күндердің күнінде шолғыншылардың бірі әдеттегідей көргенін айтып келеді. «Осындай, «Саруалының арығы» деген жерде болдым. Ордалы құланның мекені екен. Маңайына ешкімді жолатпайды. Маңына келгенді теуіп, таптап, шайнап өлтірердей. Әйтеуір, атымның жүйріктігінен өзер қашып құтылдым», — дейді.

Сонда Шыңғыс ханның қасында отырған Жошы деген баласы: «Ой, ақсақал, адамды құлан теуіп өлтіреді дегенге сенбеймін», — депті де, өзінің сенімді деген қырық жігітін қамдап, құлан ордасына бармақшы болыпты. Қырық жігіт: «Бармай-ақ қойсаң қайтеді» деген екен, оған хан баласы көнбейді.

Содан, Жошы қостанып қырық жігітін ертіп аттанып кетеді. Шолғыншының айтқанындай, Саруалының арығы құлан ойнағына айналған екен. Аң деген көздің құрты ғой, сол жерде

Жошы жеңілдік үшін қызыл шекпенін киіп, қобылы садағын алып, құлан ордасына қарай қасқайып тура жүреді. Ал, қырық серігі болса жүрексініп, жабынды тасаны баспалай ілесіп отырады.

Жошының қарасын көрген құлан ордасы шоқтай болып иіріледі де, ішінен бір ақсақ құлан бөлініп шығып қарсы жүреді. Сол бетінде осқырына одағайлап келіп, жерді тарпып жібергенде жер бетін сасық қара тұман басып кетеді. Осы кезде Жошының қырық серігі енді қайттік деп аңырып тұрғанда: «Қырық жігіттен қаша жүріңдер, қызыл шекпенді баса жүріңдер!» деген дауыс естіледі. Сөйткенше болмайды, аспан астын дүсірлеген көп тұяқ кернеп, алағай да бұлағай болып кетеді.

Бір мезгілде тұман ашылады. Қырық жігіт андағайлап қараса, құлан да жоқ, хан баласы да жоқ. Тек қана, жердің астын үстіне шығарғандай болып, қалың құланның шұбырынды ізі жатыр. Қырық жігіт үш күн бойы сол шұбырынды ізді тінте қарап жүріп хан баласының шынашағын ғана тауып алады. Шынашақты жерлеп, хан баласына лайық күмбез тұрғызады.

Содан, қырық жігіт қайғырып елге оралады. Болған істі айтуға ешқайсысының жүрегі дауалмайды. Шыңғыс хан болса жігіттердің келгенін естіп: «Менің балам аңнан оралғанда маған соғып өтуші еді ғой. Япыр-ай, балам жазым болған-ау!» — деп уайым шегеді. Жазғырар ешкімді білмей аласұрып: «Кімдекім баламның жаман хабарын жеткессе, көмейіне балқыған қорғасын құйылады!» — деп жар шашады. Бірақ жарлық ханға бала бола ма, сол қалпы жүрегі жамандықты сезіп, қайғырып жатып алады.

Ол кездің дәстүрінде қандай қаза болса да, жетісіне дейін естірту қажет екен. Жошының жетісі тақалған сайын халық не істерін білмей ұйлығады. Сол кезде Найманнан шыққан ұлы жыршы Кетбұға деген домбырашы: «Қой, хан баласының өлімін естіртпей болмас, домбыраға тіл бітіргенім рас болса, мен барайын!» — деп, Шыңғыс ханның ордасына келеді. Келсе, хан қайғыға қамалып, теріс қарап жатыр. Кетбұға орданың ортасына тізе бүгіп, домбырасын тарта бастайды. Бұл күй «Құлан ойнақ» деп аталады. Ел ішінде «Құланның жүрісі» деп тартатын домбырашылар да бар. Әп дегенде лепілдеп, екпіндеп естілген тың сарынға Шыңғыс хан елең етіп құлақ түреді. Домбыра одан сайын лепіріп, ұлы дүбірге ұласқан сәтте Шыңғыс ханның көзі

жайнап, әлдебір үміт күші сілкіп тұрғызғандай басын көтеріп отырады. Домбыра үні оның көз алдына баласы Жошының арындап, құланды қойдай қайырып жүргенін елестетеді. /Осы кезде домбыра құлан үйірінің құйындай ұйтқып жөңкілгенін, мың сан тұяқтың дүбірін білдіргендей серпи қағылады/.

Шыңғыс ханның басын көтеріп алған Кетбұға енді домбырасына шымшымдап бөлек сарын, бөтен дыбыс қосып екінші күйін бастайды. Бұл күйі «Естірту» деп аталады. Әлгінде ғана аңның апшысын қуырған елес әп-сәтте сейіліп, ханның құлағына бір хабар еміс-еміс жеткендей болады. Бір уақытта домбыраға тіл біткендей: «Уа, иеміз Шыңғыс хан, балаң өлді — Жошы хан!» — деп сұңқылдай сарнап қоя береді.

Сол кезде Шыңғыс ханның дауысы саңқ етіп: «Тоқтат, сенің тартар, менің естір күйім емес екен. «Балаң өлді — Жошы хан» деп түр ғой!» — дейді.

Кетбұға болса сабырмен: «Ай, тақсыр, балаңыздың өлімін өзіңіз естірткеніңіз не болғаны» — деп уәж айтады. Сонда Шыңғыс ханның мысы құрып: «Қап, мынау ауырлықты өзіме аударып кетті-ау!.. Жарайды өз жарлығымды өзім аттамай-ақ қояйын. Бірақ жаман хабардың аузымнан шығуына себепші болғаның үшін жазаланасың! Сені Айдаһарлы тауының алқымындағы айдаһар үңгірінің аузына алып барып тастайды!» — деп, нөкерлеріне әмір береді.

Сол жерде хан бұйрығын қаза қылмайтын нөкерлер Кетбұғаны дедектетіп алып жүріп, айдаһар үңгірінің аузына топ еткізіп тастап кетеді.

Айтқанша болмай, адам иісін сезген айдаһар ширатыла серпіліп үңгірден шығады да, лебімен тартып Кетбұғаны жұтуға оңтайланады. Сонда, басқа шарасы қалмаған Кетбұға жүрелеп отыра қалып, домбырасын көкелете сұңқылдатып, бір күйді тарта жөнеліпті дейді. Бұл күй «Айдаһарды арбау» деп аталады. Кейбір күйшілер домбыраға «көке-көке» деген сөздің ырғағын келтіре тартатын болғандықтан, бұл күйді «Көке-көке» деп те атайды.

Күй сарыны естілуі мұң екен, айдаһар сұлық түсіп, иегін жартасқа сүйеп, қимылсыз қалады. Бір мезгілде күй бітеді. Сонда айдаһар манаурай қимылдап, ініне қайта кіреді де, кешікпей ат басындай алтын алып шығады. Алып шыққан алтынын «уф» деп үріп, Кетбұғаның алдына түсіреді.

Осылайша, ханның қаһарынан, айдаһардың айбарынан аман қалған Кетбұға домбырашы мұратына жеткен екен.

«Ақсақ құлан» күйіне қатысты үшінші аңыз Қазақстанның шығыс өңірінде айтылады. Күйдің сарын-сазы да бөлек.

Бұл аңызда да баласы Жошының өлімін естіп Шыңғыс ханның ширығуы баяндалады. Ашу үстінде «қайтсеңдер де, баламды өлтірген ақсақ құланды қолға түсіріңдер!» деп әмір етеді.

Содан құланды қамалап ұстау үшін Тарбағатай тауынан бастап, Іле өзеніне дейін ор қазылады. Қалың әскер ақсақ құланды қаумалап, орға тықсырып келгенде, қазулы ордан қарғыш өтіп, Бетпақтың даласына шығандай шығып кеткен екен дейді.

173. «Ақсақ құлан—Жошы хан»

(*V нұсқа*)

Ертеде Жошы деген ханның үлкен баласы аңға шығып, құлан атуға барғаннан қайтып оралмапты. Баласын біраз күндер күтіп, ақыры келмеген соң, оның тірі емес екенін сезсе де, жаман хабарды естігісі келмеген хан:

— Кімде-кім, менің баламның қайғылы хабарын естіртсе, соның көмейіне қорғасын ерітіп құямын, — деп халыққа жар салыпты. Халық ханның баласын құлан теуіп өлтіргенін біледі, бірақ әкесіне айтуға батылдары бармайды.

Күндердің күнінде ел аралап жүрген бір домбырашы бұл хабарды естіп, ханның ордасына барыпты. Бірақ күзетшілерінен асып ордаға кіре алмай далада, қақпа алдында отырып, домбырасынан бір күйді күңіреніп тарты беріпті. Кешқұрым саңқылдап шыққан домбыра үні сол маңайды тегіс шарлап, орда ішіндегі ханның да құлағына шалынады. Тақта мүлгіп отырған хан сәл басын көтеріп:

— Мынау ненің үні? Барып біліңдерші! Егер менде шаруасы бар адам болса, мында алып келіңдер! — деп уәзірлерінің біріне әмір етеді. Уәзір әлгі домбырашыны ханның алдына алып келеді. Хан оған:

— Қайдан жүрген адамсың, мында келу мақсатыңды айт! — дегенде домбырашы:

— Тақсыр! Көптен көңілімде жүрген бір күйім бар еді, соны сізге сынатқалы келіп едім, — депті.

— Е, олай болса домбыраңды тарт! — депті хан.

Бұл сөзді естуі-ақ мұң екен, күйші домбырасының бұрауын қоңыр дауысқа салып, әрбір қағысын салмақпен қағып, бір күйді тарта беріпті. Күйдің алғашқы дыбысынан басталған қатал үн, бірте-бірте қоюланып, «мені естідің бе хан ием, қайғылы хабар айтамын» дегендей, алдын ала негізгі тақырыбынан, айтпақ ойынан хабар береді. Домбыраның күңіренген үнінен сезіктенген уәзірлерінің бірі:

— Тақсыр! Мынау не дегелі отыр өзі? — дегенде, хан айнала отырғандарға, домбырашыға қарап:

— Мына бастағаның, сенің тартатын, менің еститін күйім емес екен. Бірақ әдейлеп келген екенсің тарт, тарт! — депті. Ханнан ұлықсат алған домбырашы күйін боздата тартқанда, домбыраның көмейінен:

Ақсақ құлан шошыған,
 Қырда еркін жосыған.
 Тынышын бұзып құланның,
 Оқ атты сіздің ұлыңыз,
 Опат болды осыдан.
 Хабарын соның айтуға
 Арып-ашып алыстан
 Келіп тұр мынау домбыра.
 Болған істің барлығын
 Қалдырмай түгел баяндар.
 Үніне оның құлақ сал,
 Қаумалаған, халайық,
 Хан бастаған жарандар!

— деген қайғылы үн күңіреніп естіледі. Әсіресе домбыраның әрбір буынында: «опат болды, опат болы», — деген сөздер адам айтқандай ап-анық естіліп, қайталанып тұрады. Мұны естігенде төрде отырған хан егіліп жылайды. Ханның шешесі мен әйелі, қызы қатты қапаланып зарлайды. Домбыраның «сиқырлы сазы» мен қайғылы үнінен есі кетіп әлсіреген хан:

— Ұстандар мына күйшіні! — деп, уәзірлеріне әмір етіпті. Сонда күйші ханға қарап:

— Уа, тақсыр! Мен аузымды ашып, ештеме де айтқаным жоқ еді ғой, жазығым мына домбыра емес пе? — депті. Хан осы жерде сөзден жығылып, берген жарлығын орындау үшін «кім болса да бәрібір, қаралы хабар әкелгеннің үні өшіп, жазасын алсын», — деп домбыраның көмейіне қорғасын ерітіп құйдырыпты. Содан бастап домбыраның көмей тесігі пайда болған екен деседі.

БАЙЖІГІТ /XVI-XVII ҒҒ./

174. «Қайың сауған»

Ол кезде иісі қазақтың қысқа қарай ірге түйістірер жері Сырдария, Шу өзендерінің бойы болса керек. Арналы өзендердің қос қапталы сыңсыған нар қамыс жиде, жыңғыл, сексеуілі ұйысқан тоғай, қыс бойы дым тисе болды оты бөртіп шыға беретін қалың қыртыс құмдауыт бұйраттар. Осынау құнарлы өңір көшпелі елді жаз шыға өргізіп, қысқа қарай кең қанатымен қымтайтын киелі мекен болған. Сол киелі мекенді керейлер де қыстап, жаз жылт етісімен Арқаның апайтөс даласын дендей өтіп, шырқай көшіп жайлайды екен. Сонда, көкірегі шежіре құйма құлақ қарттар: «Сырдың суы тәтті, Арқаның шөбі шүйгін. Бірақ қалың керейдің кіндік жұрты — Қара Ертістің бойы мен Алтай, Тарбағатайдың қолтық-қолаттары. Заман дауылы сол жерден іргемізді көтергенде бір дуалы ауыз батагөй дана айтқан екен «жеті ұрпақ алмасқанда ата қоныстарыңа қайтып ораласыңдар» деп сол дананың айтқаны келер болса, жетінші ұрпақтың да төбесі көрініп қалды-ау», — деп отырады екен.

Дуалы ауыз дана айтса айтқандай, ата қоныстан кіндік үзген керейлердің жетінші ұрпағы төбе көрсеткен жылдардың бірі өзгеше болып басталады. Табиғат жарықтық ашөзек шақтан бастап-ақ апшыны қуырып, қырыс қабақ танытады. Көктем шуағы жер құйқасын жібіте алмай, тамыр біткен жер астына бұғып қалады. Шөп буыны ерте қатып, төрт түліктің бауыры тартылады. Бастау біткеннің көзі тарылып, суының дәмі бұзылады. Селдіреп жеткен жыл құстары балапандарын ерте өргізеді...

Осының бәрін қалт жібермей бақылап жүрген есепші Байымбет іштей бір нәубеттің жақындағанын кезеді. Атар таңды үмітпен қарсы алғанымен, айналасынан көңілге жұбаныш болар нышан таппай дал болады. Жаз бойы көктен нәр тамбай, байтақ дала тері сүйреткендей бедеу тақырға айналады. Күнімен бүйір соғып шаң жұтқан жылқы шілденің күнінде ықтап жусайтын әдет шығарады. Байымбет бұрынғыдан бетер мазасызданып, төсегінен безінеді. Күндіз-түні табиғаттың қасқабағына қарап, ақсүйек жұттың жақындап қалған демін сезгендей мазасызданады. Ел-жұртының ертеңгі қасірет шегер ауыр азапты күндерін елестетіп дал болады.

Сөйтіп жүргенде күз демі білінеді. Бір күні Байымбет жолға қамданады. Жанына ат-көлігі сай алты жігіт ертіп, саркідір сіңірлі атанға қос артады да, жолға шығады. Ауыл-ел адамдары бар үмітін Байымбетке артып, оң сапар тілеседі.

Байымбет ел шетіне ұзап шығып, ауыл-елден қара үзген шақта тізгін тартады. Атанды шөгеріп, қосын тіктіреді? Не ойлағаны бар? Байымбеттің жанындағы серіктері тықақтап жөн сұраса, жаман ырым болар деп бой тартып, мазаламайды.

Күндер өтіп жатады. Байымбеттің бар бітірері ерте тұрып, атына мініп, бел асып кетеді. Содан түс ауа қайтып оралады. Бұрынғыдан бетер тұйықталып, бұрынғыдан бетер мазаң күй кешкендей.

Бір күні Байымбет әдеттегідей ерте тұрып, атына мініп, бел асып кетеді де, көп кешікпей қайта оралады. Жүрісі суыт, жанарынан үміт сәулесі ұшқындап, өңіне өзгеріс енгендей. Келе қосты жықтырып, жолға қамдайды. Жанындағы серіктері аңтаң.

Сөйтсе, қос тіккен жердің шығысында көлбеп жатқан қыр астында бір қасқа бұлақ болады екен. Бұл өңірдегі аяқты аңның таңдай жібітер жалғыз мекені осы қасқа бұлақ болса керек. Байымбет сол бұлақтан із кесіп, жұттан ауған аңның бетін білгісі келіп жүреді екен ғой. Ал жалғыз аттанатыны — көп болып жүріп аңға иіс алдырса, түз тағысы шошынып, бағытын өзгертер деп сақтанғаны еді дейді.

Байымбет жанындағы серіктеріне мән-жайды айтып, кешікпей-ақ қасқа бұлақтың басына келеді. Келсе, тұяқты аңның шұбырынды ізі жосылып жатыр. Ішінде саздауытқа тереңдеу батқан бір із мәрдей болып көзге түседі. Сол жерде Байымбет: «Мен іздеген қырдың қоңыр құлжасы осы еді, енді мұнан көз жазып қалмайық», — дейді.

Содан, Байымбет бастаған жеті атты қоңыр құлжа бастаған түз тағысының шұбырынды ізіне түсіп, ілеседі де отырады. Аңды қуып жетіп үркітпейді де, қара үзіп кейін де қалмайды. Осы қалыппен күн жүреді, түн жүреді. Арада апталар өтеді. Қоңыр құлжа бастаған аңның ізі шығысты бетке алып, үдере тартып барады. «Иә, сәт!» деп қойып, Байымбет те қалыспай ілеседі.

Күндердің бір күнінде қиырдан зорая көлбеп жатқан ақ бас тау көрінеді. Қоңыр құлжаның ізі осы ақ бастаудың теріс-

кейіне қарай бөктерлей тартады. «Көрінген таудың алыстығы жоқ» деген, кешікпей-ақ ақ бас тауды алқымдап, теріскейіне қарай Байымбеттер де өтеді. Сонда, қарсы беттен мұнарта көрінген көкшіл таудың баурайында керіліп жатқан кең алқап жолаушылардың көзін тұсағандай болады. Бір жағында көз қарықтыра жарқыраған Мұзтау. Қарсы бетте көгере мұнартқан Көксүн. Арасы керіле созылған ирек адырлы апайтөс алап. Апайтөс алаптың ащылы-тұщылы оты ұйыса біткен.

Жерұйыққа тап болғандай сұқтанып келе жатқан жолаушылар бір бел асқанда, иек астында қоңыр құлжа бастаған тұяқты аңдарды көреді. «Түз тағысы табиғатпен тілдес» деген емес пе, іздеген жерұйығымен сағынысып табысқандай, шөбі шүйгін алапқа кенедей қадалған. Неше күн бойы үдере тартқанда іздегені осы өңір сияқты. Енді бұл жерден дабыл қағып қусаң да кетер емес.

Сонда есепші Байымбеттің ақ сақалы желбіреп, көрі жүрегі елжіреп тұрып: «Міне, біздің жанымызға араша, малымызға пана болар құт мекеніміз осы!», — деген екен. Содан бері бұл өңір Сауыр атанып еді дейді.

Сөйтп, түздің қоңыр аңы бастап келген шүйгін өңірді көріп, көңілдері толып, Байымбет жанындағы серіктерімен елге қайтады. Елге келісімен ағайын-туғанның басын қосып, қабағы қату жұттың жақындап келе жатқанын ескеріп, жаңа жұртқа қоныс аударудың жайын ортаға салады. Әрине, күл төгіп үйренген мекеннен кіндік үзіп, қотарыла көшу қалың елге оңай емес. Әрі ойлап, бері ойлап келгенде жаңа жұртқа тебін малын ғана қостап қыстатып шығуға пәтуаласады. Одан әрі тағдырдың бұйырған жазуы ретімен бола жатар дейді.

Содан, Байымбет ақсақал өзі араласып жүріп, сайдың тасындай атпал азаматтарды іріктеп алады да, қарашаның қарлыжаңбырына ұрынбай тұрып тебін малын айдап жөнеледі. Төрт түлік малды тіршілігіне тірек еткен қалың ел ақсарбасын шалып, ақ тілеуін тілеп қала береді.

Есепші Байымбеттің айтқаны айдай келіп, сол жылдың қысы қылышын сүйрете келеді. Күздің соңын ала көк иық етіп жауған жауынның аяғы сақылдаған сары аязға ұласады, Жер бетін көк кіреуке тоң буып, қыс басталмай жатып-ақ қыспаққа алады. Мұнан әрі қаңтары қырланып, ақпаны ақырып, біресе ат құлағы көрінбес ақтүтегімен, біресе қарып түсер қызыл шұнақ

аязымен апшыны қуырады. Әйтеуір ел-жұрт қамсыз емес, қолдағы малының қоңы қайтпай тұрғанда сойып алып, келер күннің бұйыртар сыбағасын күтумен болады.

Бұл кезде Байымбет есепші бастаған ел азаматтары отар-отар қойын, табын-табын жылқысын, келелі түйелерін Сауырдың шүйгін қорығына салып, ащылы-тұщылы отын сары майдай кертіп жеп жатады. Өзі де бір аязы жұмсақ, қары күрпек, ықтасыны мол, шөбі жұғымды құт мекен екен. Тебін малы қуырған бидайдай бөргіп, табан аудармай құныға жайылып, құндыздай құлпырып алады. Барлық уайымдары артта қалған ағайын-туғанның жай-күйі ғана болады. Әсіресе, не боларын болжап біліп отырған есепші Байымбет ел-жұрттың жайын ойлағанда құмығып, уайымнан шөгіп кетеді. Жылт етіп шығар көктемді тықырши күтіп, қыс құрсауында қалған ағайын-туғанға тезірек қол ұшын бергісі келеді...

Содан, аңсай күткен көктем де жетеді. Малдың алды төлдей бастайды. Қыстан дилы шыққан малдың төл төгіні де жеңіл болады. Аз күнде бауыр көтеріп, аяқтанып шыға келген төл өрісті толтырады.

Байымбет есепшінің көңілі сонда да күпті. Енді тезірек елге бет бұрып, қыстан тарығып шыққан ағайынның аузын аққа тигізуді арман етеді. Кешікпей-ақ, мыңғырған малды жая айдап, елге жетуге асығады.

...Қарт есепші жаңылмапты. Сол жылдың қысында Сыр мен Арқа алабында ақсүйек жұт болады. «Бір үй ашықса, бір ауылды жұтатады, бір ауыл ашықса, бүкіл елді жұтады» деген емес пе, алты ай қыстың ауыр нәубеті тірі жанды тұралатып-ақ тастаса керек. Елдің алды ашығып, амалы таусылған соң, бүр жарған қайыңның бүйірін тіліп, шырынын іше бастаған екен. Бұл жұттың «Қайың сауған» атануының себебі де осы еді дейді.

Ел-жұрт осындай халде жүргенде дала төсін ырысқа толтырып, бір басы екеу болып, жанындағы жігіттерімен есепші Байымбет те жетеді. Сөйтіп, үміт жібі енді үзіледі-ау деп отырған ағайынның айы оңынан туады.

Осыдан кейін қалың керейдің алды қона жылжып, түп атасының кіндік қаны тамған киелі жұртына қоныс аударған екен.

175. «Көкбалақ»

Кербалақ пен Көкбалақ даңқы қатар шыққан тұлпарлар екен. Кербалағы сұлу мүсінді, ойнақтаған қызу қанды, мінезді ат болса керек. Ал Көкбалақ ондай емес, селт етпес сабырлы, бірақ, ұлы дүбірде тегеурін танытатын лақпа жүйрік болыпты. Екеуі де иесіне екі түрлі қызық-қуаныш сыйлап, бірі сән-салтанатымен күйшінің көңілін өсірсе, екіншісі сенімін орнықтырып, жанын марқайтады екен. Бұл екеуін күйші де мәпелеп бағып, «бірінің бағын біріне байлатпайыншы» деп, бәйгеге қатар қоспайтын көрінеді.

176. «Қоңыр қаз»

Байжігіт күйші ер жетіп, бұғана бекітіп, оң-солын таныған кезде Ақсұңқар деген ақылына көркі сай қызға ғашық болады.

Ақсұңқардың әкесі Ағиық ақсақал көпті көрген, өмірдің парқы мен нарқын бажайлаған, төңірегіне сыйлы, өзіндік дәулет иесі болса керек. Ел-жұртқа күйшілігімен даңқы жайылып кеткен Байжігіттің Ақсұңқарда көңілінің барын Ағиық ақсақал іштей сезіп, орайлы сәттерде дәмелі жігітті сынап жүреді.

Ал Ақсұңқар болса, «Жас-жастың тілегі бір, жібектің түйіні бір» деген емес пе, жұрт мақтаған жігітті қыз жақтайтын әдетке бағып, ол да Байжігіт күйшіні ұнатады. Бірақ ол кезде қалыңсыз қыз, жабусыз нар болған ба, жеме-жемге келгенде жоқшылық Байжігіттің қолын байлап, шарасын тауысады.

Содан күндердің бір күнінде өнерін тал бойына тірек еткен Байжігіт сүйген қызы Ақсұңқарға шарт қояды: «Егер қалыңмалыңның кесімін әкеңнің өзіне айттырып, кәдеге қанағат еткізсем, маған қосылар ма едің?!» — дейді. Ақсұңқар болса: «Әрине, әке көңіліне қарап, ата салтын аттай алмай жүр емеспін бе, ата-анамның мақұлдауын естісем, мен сендікпін!» — деп ағынан жарылады. Екеуі сол жерде қол алысып, төс қағысып, уәде байласады.

Сонымен күндер өтіп жатады. Бірде, Байжігіт жолаушылап келе жатқандай болып Ақсұңқардың үйіне түседі. Қыз әкесі Ағиық ақсақал: «Иә, балам, ерден — ергенек, жерден — ебелек деген, сұқбат көңіл ашады, сұқбатсыз көңілді кір басады, атың жауыр болса да, атағың тәуір, қарап отырмай көсеуінді көсеп, отынды маздата отыр», — дейді. Әке сөзіне іштей мағұрланған

Ақсұңқар да Байжігітке сынай қарап, болар-болмас езу тартқандай болады.

Сонда, Байжігіт аз аяда арқаланып, мұндай орайлы сәттің кездесе бермейтінін көңіліне түйіп, томағасын сыпырған қырандай шабыт алып шыға келеді. Кешікпей-ақ, іргеге сүйей салған домбырасын алып, құлақ күйін баптайды да, бұрынсоңды шиырламаған тың сарынды сырғыта жөнеледі. Айдын көлге ақ төсін басып, сыза қалқыған қоңыр қаздың үніндей бір сыршыл әуен біресе сыбырлап, біресе сыңқылдап «әп» дегеннен буынға түсе баурайды. Бара-бара әлгі қоңыр қаздың көкірегінен мұң төгілгендей, сабыры сырға, сыңқылы мұңға ұласқандай болады. Сырын айтып, мұңын шаққан сайын тыңдаушысын өз тағдырына ортақтастырып, сол мұң мен сырға ілестіріп жөнелгендей. Сол бетінде қоңыр қаз сыбырлап-сыңқылдайды, мамырлап-мұңаяды, қамығып-қаңқылдайды, сарғайып-саңқылдайды. Естір құлақтың құрышын қандырғандай, сезер жүректің шерін тартқандай болады. Сөйтіп, қоңыр қаздың мұңы мен сырының төрешісі етіп тыңдаушы жұртты ұйытып тастаған күй мамырлап барып тынады.

Ағиық ақсақал түйіле тұнжырап отыр. Бәйбіше дәрменсіз халге түсіп, шөгіп кеткендей. Ақсұңқар болса жанары боталап, жасқа толып қалған. Бәрі де күйдің тілін жазбай танып отыр.

Үнсіздікті Ағиық ақсақал бұзып, Байжігітке оң шырай береді: «Шырағым-ай, мынауың қалыңсыз қыз беруге тұратын күй екен. Жұрттың сөзі рас болды, бармағыңа бақ қонышты. Жалғызбын деп қамықпа, сенің өнеріңе көз қиығын салмас, көңіліне алмас, ниетін бермес қыз болмас!» — деп еңсесін тіктегенде, қызына көзі түседі. Сонда Ақсұңқар әкесінің ойын ұштап, «Сөзіңізге құлдық әке! Ата сөзі — парыз, ана сөзі — қарыз, байлауы шие сертім бар еді, түйінін өзіңіз шештіңіз. Мен бір қоңыр қаз едім, қияннан іліп, қияға қонатын қаршығаға олжа еттіңіз. Менің бағамның парқына бойлап, нарқын айттыңыз. Өзіңіз танын пішіп, қалыңын бердіңіз. Енді тойыңызды қамдаңыз!» деген екен.

Болар іс болған соң, Ағиық сөзге келмепті, Тәңірдің жазуы осы шығар деп, өз қолымен той-томалағын атқарып, жасау-жабдығын қамдап, қызы Ақсұңқарды Байжігіт күйшіге қалыңсыз қосышты дейді.

Байжігіттің бұл күйі ел ішіне «Қоңыр қаз» деген атпен жайылған. Белгілі күйші Өшімтайдың да «Қоңыр қаз» атты күйі бар.

177. «Қосбасқан»

Халқымыздың салты бойынша, ең ауыр қылмыс, кешірімсіз күнә — қос басу. Салт бұзу жаман ырымға саналса да, қос басып, жылқы барымталау кездесіп тұрған. Бірде көршілес халықтың бір топ суық қол сұғанақтары ел тонап, қос басу емес, қыз басу, олжа салуға дейін барып, екі елдің арасын шиеленістірген қырғын болыпты. Шырық бұзып, ырық кетірген тоңмойындардың қылығы екі елдің де шыдамын тоздырып, төзімін тауысыпты. Шыдай алмаған екі жақтың көрегендері бас біріктіріп, күнәһарларды жазаға тартуға бекінеді. Төреліктің бір жақ тізгінін — Тума би, екіншісін Сона би ұстапты.

Төреліктің төріне, топтың алдына құныкерлер мен күнәһарларды шығарады. «Шырақтарым кім еді, көзін тігіп, арыңа тиген, намысыңды жер еткен, жүрекке жара салып, ақ жүзінді қорлаған. Тап басып таны да, дәл көздеп көзінен ат кіріптардың. Жебең тиіп көзі шықса, қолы сынып, басы жарылса, жүректен өтіп, демі бітсе — арыңның садағасы. Жаза басып мүлт кетсең — жаныңның садағасы. Күрмелген жіп, күйінген жүрек жарасының шешімі, төрелігі сол болар, шырақтарым, садағың берер жазасын...» — деп, Сона төреліктің төрінде тұрған он екі қызға қорамсақты ұсына берген кезде, кек кернеген ызалы қыз Гүлсана суырылып алға шығады. Болған жағдайды шұбыртып айта келіп, ашу қысып булыққан ол садағын шірене тартып, ұзын сойыл ұр да жық қара дойырды мұрттай ұшырып түсіріпті. Күй атасы атанған Бәжең осы оқиғаның желісін, оның күйінш-сүйінішін, төрелігін «Қосбасқан» деп ат қойып, домбыраның көмейінен осылайша күй сөйлетіпті.

УӘЛИҰЛЫ АБЫЛАЙ ХАН /1711-1780/

178. «Жетім торы»

«Жауға барсаң, бәрің бар, дауға барсаң, бірің бар» дегендей, рулы елден шығатын батыр әдетте жалғыз-жарым болмаған. Алдағыға еліктеп, арттағыға үлгі-өнеге болатын үрдіс, әсіресе жоңғар шапқыншылығы кезінде игі дәстүрге айналған. Сол дәстүрдің бір айғағындай болып, Қанжығалыдан қарт Бөгембай шыққанда, оның өкшесін басқан батырлар да аз болмаса керек. Қанжығалы руының Жантай, Үйсінбай, Арқандар

атты ағайынды үш батырының жойдасыз ерлігі кезінде иісі қазақтың қайратын жаныған. «Жолбарысты ердің ері алады, болмаса ағайынды екеу алады» деген рас сөз. Қанжығалының үш батыры тізе қосып ұрыс салғанда, қамалдай болып қарсы келген жауды қоғадай жапырушы еді дейді. Әсіресе өңінің сұстылығына орай «Қарабұжыр» деген қосақ аты бар Жантай батырдың ерен ерлігі аңыз болып тараған. Жантайдың жойқын батырлығына Абылай хан ерекше сүйсініп: «Елдің шетіне, желдің өтіне, жаудың бетіне тұтқан қорғаным, қайраулы қара қылышым!» — деп отырады екен. Шынында да, Қанжығалы Қарабұжыр Жантай әлекедей жаланған бес жүз қолды бастап, үнемі алғы шепте, тоспада жүретін болыпты. Жаугершілік заманда жаудың алдын торып жүру оңай емес. Айламен алып, қайратпен жеңетін қатал міндет. Бірақ Жантай жаудан жалтаруды білмесе керек. Қандай қиын-қыстау кезде де қалмақтың қарасынан көз жазбай, қопарыла қозғалар болса, алдымен Жантайдың қолы тоспаға шығып отырған.

Жантай сияқты даңқты ағасын Үйсінбай мен Арқандар арқа тұтады. Арқа тұтқан соң да қалмақтың қосынын қорықпай то-руылдап, шеттеп қонған күреңінен олжа түсіріп қайтып жүреді екен. Сол әдетпен бір күні Үйсінбай батыр үш-төрт түйе олжамен оралыпты. Ауылға жете бергенде қарсы ұшырасқан інісі Арқандар еркелеп «Сауға» десе керек. Сонда інісін қайрағысы келген Үйсінбай: «Сауғам жоқ, қалмақта не көп — түйе көп, денің сау, қол-аяғың бүтін, өзің барып ал!» — деп жүре беріпті.

Ағасының әзіл сөзін көңіліне алып, намысқа булыққан Арқандар жанына серігін ертіп, жауға аттанады. Сол бетінде, қалмақ күреңінің қарасы көрінгенде тізгінді бір-ақ тартады ғой. Баспалап қараса, желдеп жайылып шыққан бір келе түйені көреді. Күреңнен қара үзіп, ұзады-ау деген кезде түйе келесін сырғыта қақпалап айдап жөнеледі.

Жаугершіл кездің көзі қырағы емес пе, қалмақтар түйесіне жаудың тигенін сезіп қалып, қуғыншы шығарады. Өкшелеп келіп қалған қуғыншыны көрген Арқандар серіктерін оздырып жіберіп, өзі тоспада қалады. Алғашқыда, жалғыз-жарым қуғыншы болса бетін бір қайырып тастайын деп қарсы алған Арқандар жау қарасының көп екенін көреді. Арқандардың төуекелге бел буып, қуғыншыны жалғыз қарсы алудан басқа айласы қалмайды. Сарт-сұрт ұрыс басталып кетеді.

Бұл екі арада, қуғыншының күшінің басымдылығын байқап қалған Арқандардың жеті серігі түйелерді тастай салып, көмекке ұмтылады. Бірақ бұлар жеткенше, саны көп қалмақ Арқандарды қаумалап қоршап, найзамен шабақтап кетеді...

Жақсы көретін інісінің ойламаған жерден мерт болуы Жантай мен Үйсінбайды қатты күйзелтеді. Морт мінезді Жантай: «Не өлемін, не жаудың қанын ішіп, Арқандардың кегін қайтарамын!» — деп бес жүз қолымен атқа қонады. Бұл жорыққа Жантайдың ер жетіп қалған баласы Тоқыш пен інісі Үйсінбай да қосылады.

Жантай батырдың інісінің өлімі аяқсыз қалмайтынын білген қалмақтар да дүрлігіп, оң мың қолмен қарсы алады. Осы жолы, ашу үстінде шолғыншы серіктерінің бірі: «Жақа, жаудың қарасы көптеу екен, арттан келер күшті күтсек қайтеді», — десе керек. Сонда Жантай түнерген қалпы: «Жаумен санап соғыспас болар!» — деп қынаптан қылышын суырған екен. Қалмақтың мұздай құрсанған он мың қолына Жантайдың бес жүз сарбазы жанынан түңіліп қарсы шабады.

Бұл соғыс қазақ пен қалмақтың бірдей жанын түршіктірген, қан қақсап қырғын болған. Соғыстың дәмін татып жүрген Жантай батырдың сарбаздары ұрыс басталғаннан-ақ бас-басына жиырма қалмақтан келетінін бірден болжайды. Мұндайда, түйілген жұдырықтай болып, араға жауды кіргізбей соғысу қажет. Мұны жақсы білетін сарбаздар қоралана тұрып, құжынаған қалмақтың баса-көктеуіне мүмкіндік бермей, кезекке қойып соғысқандай діңкелетеді.

Жан алып, жан берген соғыстың қанқызу бір сәтінде Үйсінбайдың қарнын қылыш сойып өтеді. Сонда тілінген қарнын шалғайымен басып, бір қолымен ұрыс салып жүрген Үйсінбай ағасына: «Жантай батыр, қарын жарылса, тірі қалуға бола ма?» — деп сұраған екен.

Ұзақты күнге созылған шайқас Жантай батыр сегіз серігімен қалады. Оның біреуі Жантайдың баласы Тоқыш болса керек. Соғыстың аяқталуына көзі жеткен Жантай батыр астындағы торы тұлпарына баласы Тоқышты мінгізіп: «Тоқыш балам, мыналар болмады ғой, енді кегімді алар ешкім қалмас, бұзып шық та, елге жет!» — депті. Содан, қолынан қылышы түскенше қалың жаумен жалғыз арпалысқан Жантай жойдасыз ерлік көрсетсе керек.

Осы соғыста әбден селдірей сиреген қалмақ жауынгерлері еліне жеткенде «Қазақтардан жеңіліп қалдық!» деп келіп еді дейді.

Қарабұжыр Жантай батырдың қалай мерт болғанын естігенде Абылай хан: «Тасқа шапса, кетілмейтін қайраулы қара қылышым-ай!» деп күйіне қайғырған екен.

Содан, Абылай ханның өзі бас болып, Жантай батырды арулап қояды. Батырдың әруағы риза болу үшін торы тұлпарын тұлдап, жал-құйрығын күзеп, жылында соятын етіп бос қоя береді.

Қайғыны қайратқа жеңдіретін жаугершілік заман емес пе, аласапыран күндер бірінен соң бірі өтіп жатады. Талай рет дабыл қағылып, талай рет шаңды жорыққа шығып, талай ерлер шәйт болып, талай рет жеңіс туы желбіреді. Күндердің бір күнінде Абылай хан ордасына қосын жиып, шеру тартып, кезекті бір жорыққа аттанбақшы болады. Жорық алдында әйгілі батырлар хан ордасына жиналып, пәтуаласқан сөздер айтылады. Ереуіл аттары кермені сүзе тартып, ерлерді қан майданға асықтырғандай тықыршиды.

Осындай шақта орда сыртынан ат дүбірі шығып, іле күмбірлей кісінеген дауыс естіледі. Хан ордасына атпен келу рәсімде жоқ. Абылай хан бастаған батырлар мен билер елең етісіп, сөздерін тыяды. Сол екі арада, әлденеге елегізгендей үнмен тағы да кісінеген дауыс естіледі. Төлеңгіттердің бірі ордаға кіріп: «Хан ием, Жантай батырдың тұлданған аты ғой, жорық дүбірін сезіп, иесін іздеп жүрген сияқты», — деп тіл қатады. Осы кезде Жантай батырдың торы тұлпары құйрығы сабаудай болып, орданың алдынан ойқастай өтеді де, батырлардың аты байланған үйреншікті кермеге барып тоқтайды. Сонсоң ішін тартып тағы бір қоңыраудай күмбірлеп кісінейді.

Күтпеген көрініс ордадағылардың есіне Жантай батырды түсіріп, мұңайтып тастайды. Сонда Абылай хан да көзі боталай мұңайып: «Қайран Жетім торы, иесін сағынған екен ғой... Бізге де керек ер еді-ау!» — деген екен.

Абылай ханның «Жетім торы» атты күйінің дүниеге келуіне осы бір оқиға себепші болып еді дейді.

179. «Дүние қалды»

Абылай хан осынау фәни жалғаннан өзінің көшетінін білгендей, дүние салатын жылы қазақ даласының оңтүстігін

аралап қайтуға шығады. Жалаң сейіл, жай серуен Абылай болмысына жат, жолға шығар алдында үш жүздің батырларына хабар беріп, Түркістанда тоқайласуға пәтуаласады. Ондағы ойы, орыс пен қалмақтың бір жайлы болған толасын пайдаланып, оңтүстіктегі қалың қазақтың іргесін орнықтырып қайту болса керек. Әсіресе Шымкент, Сайрам, Тәшкент, Қоқан, Бұхара, Үргеніш жағындағы қазақтарды сарттарға түрткілетпей, біртұтас елдік айбарын танытып қайтуға бел буады.

Бұл кезде, кеше ғана қалмақтың қаһарлы қолын жайратып, қытай мен орыстың бетін бері қаратқан Абылай ханның айбары Орта Азияның ұсақ хандарын ықтырып отыратын. Абылай хан оңтүстікке келген соң Түркістанға өз баласы Садық сұлтанды, Талас пен Қызылкөл маңына баяғы Қытайға кепілдікке беретін баласы Әділді ие етіп қояды. Шымкент пен Сайрамға Ғабдырахман деген сартты, Тәшкентке Мырзахмет деген сартты әкім етеді. Сонсоң, қалың қосынына шеру тартқызып, Самарқанды бетке алады ғой. Жолда Жиренше шешеннің жеңгесінің атымен аталған Жұпар қорығына жеткенде, тізгін тартады. Әулиелі адам еді деп, бір қонып өтуді ниет етеді де, шатырын құрғызады.

Сол күні Абылай хан батыр-билерімен түннің бір уақытына дейін әңгімелесіп отырып, жатар алдында Бұқар жырауға:

— Не тілеулі жолға аттанып барамыз, нысанаң бар еді ғой, бүгін сәуе көріп бер, — дейді. Сонда Бұқар жырау:

— Қарап жатпаспын, сен хансың ғой, өзің де болжай жатқайсың, — депті.

Оңтүстіктің қоңыр салқын түні қандай, бір мызғып кетсең, ұйқың қанып, құр атқа мінгендей боласың. Оның үстіне керіліп жататын уақыт па. Торғай шыр еткенде Бұқар жырау сыртқа шықса, Абылай хан да тұрып, шатырының маңында жүр екен. Бұқар жырау жақындап келіп, сәлем берген екен, Абылай хан:

— Иә не көрдің? — деп сұрайды.

— Ештеңе көріп-білмегендей болғанша, өзің көргенінді айт! — депті Бұқар жырау.

Абылай ханның жыраудан жасырар сыры жоқ. Бірауық түнере толғанып отырып, көрген түсін бастайды:

— Түсімде бір жолбарыс келіп, шатырымның алдына сұлап жатып алды. Бұл не қылған жолбарыс деп көз тоқтатып қарап едім, жолбарыс дегенім аю болып шыға келді. Апы-

рай, жаңа ғана жолбарыс еді ғой, аю болғаны қалай деп қайта қарағанымда, көкжал бөрі болды. Мұнан соң түлкіге айналды. Одан кейін қоян болып кетті. Осы кезде оянып кеттім, көрген түсім осы, — дейді.

Бұқар жырау да ханға тура сөйлеп, қадірін арттырған адам. Көп бөгелмей Абылай ханның түсін жориды:

— Шатырыңның алдына келіп шөккен жолбарыс — өзіңсің. Жолбарыс болып көрінген сенің бақ-талайың, алыс-жақынды ықтырған айбарың. Шатырыңның алдына келіп, бас көтермей сұлап жатып алғаны — сенің жетіп жығылған жеріңнің осы болғаны. Мұнан арғы көксегеніңді бақ-талайың көтермейді. Енді «есіл Абылай баяғыдан бері жүріп-жүріп, сарттан өліпті» дегізбей, аман-есеніңде осы жерден қайта ғой... Ақырыңның не боларын да айтайын. Көз алдындағы жолбарыстың аю болғаны — өкше басар ұрпағың аюша алысып өтетін заман туады екен. Аюдың көкжал бөріге айналғаны — келесі ұрпағың бір-бірімен ит-құсша ырылдасып өтер. Ит-құстың түлкі болғаны — одан кейінгі заман ұрпағыңды түлкіше бұлаңдатар. Сонсоң көргенің қоян болса, қоянша қорғалап, бас сауғалайтын заман да келер, — депті Бұқар жырау.

Абылай хан түйіліп отырып қалады. Өлден уақытта Бұқар жырауға қарай ошарыла бұрылып, әлденеден үміт еткендей:

— Енді өз көргеніңді айт! — дейді. Сонда Бұқар жырау іркілместкен:

— Мен көргенімді айтсам, күннің көзі, жердің жүзіндегі әулиелер «Абылай хан өлді, соның жаназасын шығарысуға Түркістанға бара жатырмыз!» деп құмдай құйылып, жындай жиылып жүр екен. Енді амаңыңда қайтқаннан басқа жол жоқ! — деген екен.

Абылай хан жыраудың болжамына құлақ асып, Самарқанға елші жөнелтіп, «соғыспақ ниетім жоқ еді, әулиелерге зиярат қыла келдім, елдің қадірлі қарттары қонаққа келсін» деп сәлем айтқызады. Онымен де тынбайды, Орта жүз бен Кіші жүздің батырлары бастаған қалың қосынды елдеріне қайтарады. Бірақ Абылай ханның көрген түсі есінен кетпей, өзінен-өзі оңашаланып, іштей құмыға толғаумен болады.

Осындай бір толғаныс кезінде домбырасын қолына алып «Дүние қалды», «Қайран елім» деп күй тартқан екен дейді.

180. «Абылай ханның Майдақоңыры»

Абылай ханның жорғасы болыпты. Өлгі бір жорғалағанда үш алуан — кейде арындап, кейде ақырындап, кейде аяндап жорғалайды екен. Содан оның жорғасын «майдақоңыр» атап кетеді. Осы жүрісін домбыраға салады. Бірақ «тіл болады» деп ешкімге көрсетпей айдалаға барып тартады. Сонда қой жайып жүрген қойшы ғана көріп, күйді қолындағы таяғына түсіріп алады да, ауылға келгенде:

— Абылай хан жорғасының жүрісін былай салды, — деп таяғымен тартып көрсетіпті. Күй содан елге тарапты.

181. «Сары бура»

Қазақтың дәстүрлі наным-сенімінде, алапаты артық туған адамның желеп-жебеп жүретін киесі көмекке келіп, дұшпанның десін басып, көзге көрінеді екен дейді. Мәселен, қиын-қыстау сәттерде Қаз дауысты Қазыбек биді аузынан от шашқан аю жебеп жүреді екен. Тарақты Байғозы батырдың киесі ақиық бүркіт болса керек. Жарылқап батыр Алтайдың қызыл түлкісіне сенеді екен. Өйгілі Кемпірбай ақын өз бойының киесін көк үйрекке балайтын болған.

Міне, осы сияқты қиын-қыстау кезінде желеп-жебеп жүретін кие хан Абылайда да болыпты. Ат үстінде өмірі өткен хан Абылай қиын сапарға, қанды жорыққа аттанарда, жолы болып, ойына алғаны сәтімен орындалар болса, сары бура жолға маңдайын беріп жатады екен. Егер жорық сәтсіз болатын болса, сары бура Абылайдың бұл сапарын теріс көргендей болып, сырт беріп жатады екен. Абылай ханның киесі болған сары бура алдымен Бұқар жыраудың түсіне енген екен. Бұқар жырау сары бураның жатысына қарап, болжау айтатын болған. Қиын-қыстау кезде желеп-жебеп жүретін сары бураға арнап Абылай хан күй шығарыпты дейді.

БОҒДА /шамамен 1765-1845 жж./

182. «Жем суының тасқыны»

Арқасында домбырасы бар Боғда Жем өзені тасып жатқан кезде, бергі беттегі ауылға өтейін деп, өткелге атын салады.

Өзеннің ортасына жеткенде дарияның асау ағысы Боғданы атымен бірге ағызып әкетеді. Бір жарға соғылған аты суға кетеді де, өзі өлдім-талдым дегенде домбырасын арқалап, жиекке шығады. Боғда демін алып, киімін кептіріп отырып: «Япырмай, мынау табиғаттың күші керемет құдірет екен-ау. Бұл менің атымды ағызып алып кетті, өзім өлім аузынан қалдым. Өмірдің өзі де осы қатты ағыс сияқты емес пе?» — деп, Жем өзенінің тасқынын, оның дүлей күшін, күймен бейнелепті. Сол Жем суы былай ағады екен.

183. «Бозтөбе»

Өткен ғасырда Қазақстанның батысында бір жылы ашаршылық болып, мал көп қырылыпты. Ашыққан халық күнелтіс іздеп, жан-жаққа кете барады. Сол жылы Нарынның батыс жағындағы Боғда тауының етегіне қоныстанған ел де аралап жүрген домбырашы Боғда, осы бір уақиғаның куәсі болып, сол төбенің басында отырып, «Әдірә қалған Бозтөбе» деп күй шығарыпты. Сөйтіп, Боғданың бұл күйі кейіннен «Бозтөбе» аталып, халық арасына кеңінен таралыпты.

ЖАНТӨРЕ /XVIII-XIX ғғ./

184. «Шалқыма»

Ертеде, ел Жайық өзенінің күншығыс бетін қыста қоныс етсе, күн батыс бетін жаз жайлауы етіп пайдаланған кездері де болған.

Осындай бір жылдары көктем ерте шығып, мыңғыраған төрт түлік малмен, қаптаған қалың ел жылдағы әдетінше Жайықтан өтіп жатады. Жылдың төрт мезгілі: қыстың аты — қыс, жаздың аты — жаз, күздің аты — күз, көктемнің аты — көктем. Әсіресе көктем айларында: маңыраған қозы, кісінеген құлын, мөңіреген бұзау, боздаған бота — далада ұлы думан той жасап жатқандай көрінеді. Көктемде ауылға жан бітіп, жарқын-жарқын өзіл сөздер айтылып, қыз-келіншектердің сыңғырлаған әдемі күлкісі дала қызығына айналады. Ұлы дүрбелең. Айнала жасыл желек, көк майса шалғын шөп. Мазанды алып, делебеңді қоздырады. Біреуді-

біреу аңсап іздегендей күй сезімге түсесің. Мұндайды суреттеуге тек ақынның ғана сезімтал жүрегі, күйшінің күмбірлеген күйінің ғана құдіреті жетеді.

Қора, қора қой жатыр,

Қарын, қарын май жатыр.

Түйе, түйе жүк жатыр,

Ауыл, ауыл ел жатыр,

—десе ақындар, күйшілер небір әдемі күйлерді домбыраның көмейінен төгілткен.

Дәл осындай бір жылдары Жантөренің ауылы да көктемде Жайықтан өтіп, келесі жақтағы беткейге қонып жатады. Сол кездегі әдет-салт бойынша елдің игі-жақсылары бас қосып, Жайықтың арғы бетіне елден бұрынырақ шығып қарап тұратын. Жантөре де қасына жиналған төре ауылының игі жақсыларымен бірге арғы бетке өтіп алды. Айналасы тегіс көрінетін, биіктеу жар төбенің басына қалы кілемдер мен текеметтерді төсетті де, өзі төңірекке қырағы көзімен көңілі толып қарап тұрды.

Сол кездегі дәстүр бойынша: Жантөре жастайынан өте зерек, сөзге ұста, әрі шешен, он саусағынан күй төгілген ақынжанды адам еді. Көз алдындағы көктемгі даланың ғажайып осындай көрінісі көңіл-күйін тасытса керек. Төре жанында тұрған қаптаулы қарағай домбырасын қолына алып беті-жүзі алабұртып, бір керемет сазды әуенді құйқылжыта төгілтті дейді. Бұрын-соңды мұндай сазды естімеген ағайындары, қасындағы ел жақсылары, домбыраның үніне елтіп, берілген күйі тым-тырыс отыр. Бір кезде Төре күйін бітіріп, домбыраны қасында жатқан көпшікке сүйей салды. Басын көтеріп жан-жағына жалт қарады. Айнала үнсіз. Қапелімде не болып қалғанын, алғашқы сәтте төренің өзі де түсінбей қалды. «Бұлары несі?» — деп ойлады сезіктеніп. Бір кезде көптің ішінен бір ағайыны: «Төре, жаңағы күйіңіз бұрын-соңды біз естімеген, керемет саз болды!» — дегенде ғана мән-жайды енді түсінген Жантөре: «Е, е, е! Ол мынау төгіліп Жайықтан өтіп жатқан еліме қарап, көңілімнің шалқып кеткені ғой!» деген екен.

Сөйтіп, «Шалқыма» күйі Жантөренің кеудесінен қарлығаштың балапанындай ұшып шығып, қазақтың кең даласын аралап кеткен дейді айтушылар.

САРША /XVIII-XIX/**185. «Бозінген»***(IV нұсқа)*

Бір кедейдің маңдайына бітіп, таңдайына талшық етіп отырған мал дегенде жалғыз «Бозінгені» бар екен. Жазғытұрым сол Бозінген боталайды. Бір айдан кейін Шу өзені тасыған кезде бота жардан құлап мерт болады. Ботасын іздеген Бозінген күндіз-түні боздап күңіренгенде, зарлы даусы бүкіл ауылды басына көтереді.

Жануардың боздаған даусына қапа болып, көңілі босаған Сарша: «Жар басындағы жантақты жанынан кешкен нар жейді» дегендей, жануар, әбден қиналдың-ау!» — деп қолына домбырасын алып, «Бозінген» деген күйін шығарыпты.

БЕЙСЕНБІ ДӨНЕНБАЙҰЛЫ /1803-1872/**186. «Жеке батыр»**

1817 жылы көктем, Бейсенбі ауылы қазіргі Қаба ауданына қарасты Қостай талдысы деп аталатын қоныста отырған еді.

Рулық қақтығыстың жолын қуып жүздерін суыққа бұрған бөгде рудың бұлаңшы тобы талтүс кезінде қанаттас отырған дәрігер (байкісі) ауылының бір топ түйесін, ауыл адамдарының қарсылығына қарамай, алдына сап айдап жөнеледі. Ауылдағы бала-шаға «бұлаңшы» деп ұлардай шулады. Әсіресе малмен көз ашып, малды жанының тірегі еткен ауылдағы аналар зар иледі. Аналардың «ойбай, құрыдық, күнге қарап ұлыдық, жұртта қалып құрыдық, бұл не сұмдық, бұл не басынғандық, бізден ұл тумап па еді?» деген зар-заласы тау-тасты жаңғыртты. Ауылдан Дөненбай шаңырағын да шайқалтты.

Ер жүрек Дөненбай мына қорлыққа шыдамай, атына дереу ер салды. Қатарлас отырған ауыл азаматтарын аттанысқа келтіріп, бұлаңшылардың өкше ізіне түсті. Бұлаңшылар жер түбіне барса да, қуып жетіп, түйелерді қайтарып әкелмек. Осы мақсат-тілек мінген атына қамшы бастырды, бұлаңшыларды састырды. Тебінгі терге көміліп, тұлпар талыққан кезде басқалардан бұрын жеткен Дөненбай түйе бұлаушыларымен жалғыз айқасты. Апыр-топыр айқаста бұлаңшылардың алтауы аттан құлап, қалған екеуі қаша соғысты. Сойыл жетпес

аралықтан Дөненбайға зуылдатып садақ жебесін жұмсады. Дөненбай сауыт-саймансыз от кеуделі жүрегін садақ оғына тосып, сол майданда жан үзді. Осы бір шайқас болашақ күйшіні сормаңдай жетім етті. Бекең әке арманына арман қосып, бір жаңа күйдің көзін ашты. 14 жасында «Жеке батыр» атты күйін әкесі Дөненбайға арнады.

«Жеке батыр» күйінде әкесінің ел тілегі жолындағы ерлігіне, өзінің әкеден жас қалған жетімдік көңіл-күйі қосыла күм-бірлеп, бізге жетті.

187. «Кербез сылқым»

Әйми сұлу басы Таласта тұрғанда, менің бұрынғы күйеуімнің руында мені әменгерлікке аларлықтай жігіт туған жоқ деп қарысады.

Ал Бейсенбі ел намысын өз намысым деп біледі. Ол кезде жесір кету ел-жұрт үшін үлкен қорлық саналады. «Осы ғұрлы өңмендейтін, жесірің кетті ме» дейтін сөздер де бар. Әймидің керейде мені алатын жігіт жоқ деуі білген адамға намыс қозғайтын іс еді. Бұған шыдамаған Бейсенбі: «он бірінен ассаң да, он екісінен аса алмайсың» деп қалады. Осыны аңдып отырған сұңғыла әйел: «он екі керейдің қай бегзатын танимын. Көз алдымда өзіңіз тұрсыз, сізге мақұлмын, сіз мақұлдық берсеңіз, басымды ашам», — деп күшейді. Осы кезде қиналыста қалған Бейсенбі қасындағы жолдасы Мыңжанға: «Кербез сылқымға сөз ұстатып алғаным-ай!» — деп өкінді. Мыңжан: «жаңылмайтын жақ, сүрінбейтін тұяқ болмайды, он екі керей кеңесінде болады» деп ақыл берді. Кейін Әйми Бейсенбіге аяулы жар болып, ел қадіріне бөленген кезде, Мыңжан би: «әуелгі сөз рахым деген, кербез сылқым көңіліңізден, домбыраңыздан ұмыт қалмасын», — деп ескертті. Жақсы жардың жағымды қылығы, нәзік сезімі «Кербез сылқым» күйін тудырып, біздің заманға ұрпақ жалғады.

188. «Арман»

(II нұсқа)

Керей атаның келіні Әйми, күйеуі өліп, жесір қалған соң, төркініне отауымен көшіп барып қоныстасып қалады. Жесірді

ерден кетсе де, елден кетірмеуді қарастырған жесір иелері бұл жұмысты Бейсенбіге тапсырады. Сол заманда «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» жолы бойынша тұл әйелдің ер таңдау құқығы болады екен. Кеңеске қатысқан билер Әймиге ер таңдау құқығын береді. Билерді барлай қараған асқақ сұлу «Керейде мені алатын жігіт жоқ» деп қарысады.

Билер кеңесі Әймиге: «Сен керей жесірісің, көзің түсер еріңе, аяғың жетер жеріңе тоқта, керейдің бірінен ассаң да, он екі керейдің біріне тоқтайсың» деп кесім жасайды. Ақша жүзінде нұр ойнаған сұлу Әйми: «тұл әйелдің ер таңдау құқығы өзінде болса, осы топтағы билер қауымына құлдық ұрайын, керей жесірі екенім рас, керей биі Бейсенбіні таңдадым», — деп қол қусырып, басын иеді. Мына қойылған орынсыз талап Бежеңе оңай болған жоқ. Абақтың бір жесірін дауға түсіп, ақырында өзі алса, қандай әділет болмақ. Бұл іс билер кеңесінің сарабына салынып, «тұл әйелдің ер таңдау құқық заңы бойынша, әйелдің талап-пікірі орындалуы тиісті», — деп шешім жасалды. Әймидің талабы орындалмаса, «билер заң бұзды» деген халық наразылығына қалар еді. Осыдан соң билердің кесім жасауымен, жесір иелерімен ақылға келіп, тиісті қалыңмал бодауын төлеп, Бежең Әймиді әйел үстіне алып, жар етті.

Әйми ақыл-парасатты, ел-жұртқа жағымды, берекенің адамы болды. Әйми өзінің зерделі, ұнамды іс-әрекеті, ақжарқын, меймандос, сауықшыл өнерімен жұртқа да, Бежеңе де ерекше ұнады. Ол ұстаған үй түгел түсетін, белдеуінен ат кетпейтін, Бейсенбі бидің ардақты шаңырағына айналды. Осыны көре алмаған күндесі қызғаныш тудырды. Өзінің жақындарын, ырқына көнетін адамдарын Әймиге қастандық жасауға айдап салды. Осы қатігез, қараниет қайшылық жағдайында Әйми солардың қолынан қаза тапты. Бұл кезде Бейсенбі тағы бір съезге кеткен еді. Ұзақ жолдан ат соғып, суыт келген Бежең жар өліміне қатты күйзелді. Жүрегі тілініп, қабырғасы сөгілді. Ел-жұрт, ақсақалдар ақыл-кеңес бермесе, Бежең де құсаға бұлығып, тіршіліктен уаз кеше жаздады. Осы күйікті шер «Арман» атты күй болып бізге жетті.

189. «Қара құлақ ат»

Бейсенбінің ұлы Оспан (Алтайда Қара Оспан аталады) атастырған қалыңдығы Рәбиғаны алар жолында өзінің тума аты қа-

ра құлақ атты мініп, күйеу жолдастыққа Байтарақ, Жақсыбай деген адамдарды ерте барған. Осы тойда ат бәйгесі болып, құдалардың арнаулы баптап әкелген жүйрігі болмағандықтан, күйеу жігіт Оспан қара құлақ атты баптамай бәйгеге қосқан. Бапсыз сәйгүлік қара құлақ ат бәйгеден келіп, Байтарақ балуандықта жығып, Жақсыбай Айжан деген қызбен айтысып жеңіп, құдалар жақ өнердің әр түрінен жеңістік алған. Сол замандағы Жақсыбай мен Айжанның айтысы, өзіндік айтыс салтын сақтаған қалпымен ауыздан-ауызға тарап, ел арасында қазірге дейін сақталуда. Осы келін түсіру барысындағы қуаныш Бежеңе шабыт қозғап, «Қара құлақ ат» күйін туғызған.

190. «Көк шыбар ат»

Бейсенбі билік басында болған жылдардың бірінде қазақ ортасында болған съезге өзінің тума жылқысы ішінен шыққан таңдаулы көк шыбар атын мініп барады. Бежеңе есесі кеткен бір адамдардың айдап салуында, аттың сыртқы тұлғасына қызыққан екі жортуылшы ұры, көк шыбар атты оңашада бөгенайлап көреді. Сонда көк шыбар аттың тілінің астында дөңгелек қара қалы, ауыздығының тыртығы барын байқайды. Дәл осы белгілерді куә етіп, атқа таласу ойына келген жалақор шідерде тұрған аттың мойнына асылып жылайды: «Қайран жануарым-ай, дөненінде асаудан үйреткен едім, сонда езуін ауыздық қиған еді. Алты жасында жоғалған еді», — деп зарлайды. Съездегілер: «Бұл Бейсенбінің аты еді, мұнысы қалай болды?» — деп тамсанады. Бежең өзінің тума малы екендігі шындық деп айтса да, ана екі ұры белгіміз бар дейді. Екі жақтан сұралып аттың ерекше белгісі сарапқа салынады. Бежең сыртқы тұлғасын, жасын айтқанымен нәзік белгілерін нақты айта алмай қалады. Ал екі жалақор көріп алған белгісін айтып, нақ шындықтай етіп сөйлеп, құстай қондырып, оқтай төндіреді. Ат тілінің астындағы қара қалы, езуінің жыртылуы сияқты белгілер бойынша ат жалақорларға тәуелді болады. Өз басының жалаға ұшырап, әділетті істің әділетсіз істің алдында жеңіліс тапқанын әрі аттың нәзік белгілерін біле алмағандығына Бежең қатты ызаланады. Атты ұрыларға жетектетіп жатып: «Жанаттың шыбарын жегеннің жаны желінеді» деген ел арасында тараған тәмсіл бар еді. Менің шыбар атым емес, елім

жанаттың шыбар аты еді, жаның желінбесе болды, мен бір тайдан кедей болмаспын, сендерге бақ па, сор ма? оны болашақ белгілесін», — деп қалады. Айтушылар аңызына қарағанда осы съез ақырласпай-ақ, әлгі екі ұрының бірі ауырып, өлім халіне келеді. Жан үзер алдында: «Керейдің киелі биінің атын жаламен алған едім, жанаттың шыбарын жеймін деп жаным желінді, ол дүниеге алып кетпейін, атты иесіне тапсырыңдар», — деп өсиет айтыпты. Атты қолына алған соң, Бежең осы оқиғаға байланысты «Көк шыбар ат» деген күй жаратқан екен.

191. «Майдақоңыр»

Бейсенбінің әлеуметтік істерге араласып, өсіп-жетілуіне Маман би үлкен жебеуші болды. Сол дәуірде Маман би әділ, турашылығымен ел көзіне түскен. Айтса сөзі, қолқаласа бет-беделі өтетін үлкен билердің бірі еді. Жас болғанымен Бейсенбінің әділқазылығы мен ақылдылығына қызыққан көзі қарақты қарт би Бейсенбіні өз жанына ертіп жүріп баулиды. Жас Бейсенбі Маманға еріп талай топты жиынға, думанды ас-тойға, қазақ ортасындағы толып жатқан келелі кеңестер мен дау-шарларға қатысады. Бұл сапарлар Бейсенбіні өмір тануға, қалың халықтың күйін байқап, әділет жолын қууға ұмтылдырады. Бейсенбі билік басына байлығымен не ру шонжарлығымен емес, қайта әділдігімен, сөзіне жұрт ұйыған шешендігімен халыққа іс көрсетуімен танылып шыққан адам. Оның әділділігі мен шешендігі, алымдылығы жөнінде ел аузында мадақталып келе жатқан талай аңыз-әңгімелер бар. Соның бірі «Көк бесті дауын» шешкен әділ билігі болып табылады.

Бейсенбінің жастау кезіндегі бір аста өткізілген ошақ бәйгеде алдымен келіп, жүлделі болған көк бестісі үлкен бәйгеде қастандыққа ұшырап мерт болады. Көк бесті абақ керейдікі, уақ — жауапты жақ екен. Екі тайпа елдің арасында осыған бола үлкен дау туылып, ұзаққа дейін шешілмейді. Уақтың Еркөкше биі: «Ел арасын берекелестірsem, өлгенде артыма дау қалдырмай бітіріп кетsem», — деп ойлап, абақ керей мен уақтың сөз ұстар билерін кеңеске шақырса керек. Кеңеске абақтың жанат руы жағынан Маман би қатысады.

Қасына жас Бейсенбіні ертіп барады. Ол Еркөкше биге амандаса барғанда, Еркөкше би:

— Мына балаң кім? — деп сұрайды. Санда Маман би:

— Інім, Дөненбай батырдың баласы, тізгін ұстатарым, — деп таныстырды.

Кеңес басталып, екі жақтың даугерлері дауын айтып, талабын білдіргеннен кейін, қарт Еркөкше би даудың төрелігін айтуға Бейсенбіні көрсетіп:

— «Кәрінің сөзі төтті, ісі сәтті, жастың жалыны қатты» деген сөз бар. Жас биім, осы даудың билігін сен айтшы, — дейді.

Екі арыс елдің арасындағы ескі дауға тұңғыш рет кезіккен Бейсенбі:

— Бестінің құны — бес кесік, біткен жөн екі жақ елдесіп, жүрмелік қан кешіп, құн кесіп, бұл жолы бас бөйге — 500 қой көк бестінің сыбағасы еді. Бір кесік соған, бір кесік абақ елінің ұранына, ал қалған үш кесік ел ара берекелік ісің ғой, — деп тақпақтай жөнеледі.

Ұзаққа созылып білтеленген ескі даудың шиесі шешілгендей болады. Екі жақ Бейсенбінің билігіне айрандай ұйыйды. Абақ керей жағы 200 қой алып, 300 қойды кешірім етеді. Бұған дән разы болған Еркөкше би Бейсенбіге өзі мініп жүрген қоңыр жорға атын тарту етеді. Аттың түр-тұлғасы мен жүрісіне көңілі толған Бейсенбі домбыра шанағына «Майда қоңыр» атты әсерлі күй туындатады.

192. «Телқоңыр»

(III нұсқа)

Бежең төменгі Алтайдың «Кешім қызыл үйеңкі» деген жерінде найман-керейдің бітім дауына қатысады. Жиын топ тарқамастан бұрын «бәйбішенің ауыр науқастанып қалды» деген хабар жетеді. Күн кешкірген шақ болса керек. Бір бардам адамның телқоңыр деген атын мініп қатты жүріп, Буыршын өзенінің жағасындағы Шыбар тал деген жердегі үйіне түнделетіп жетеді. Әйелінің ауру беталысы оңалған соң, қайта жиынға барады. Телқоңырдың осы сапардағы алымды жүрісі, жолының жақсылығы Бежеңе әсер жасап, «Телқоңыр» күйін тудырады.

Екінші бір аңыз дерек былай айтылады: Бежең алғашқы атқа міну сапарын жылқы қостарында бастаған. Өзіне қарасты жылқыдағы қоңыр биеден ылғи жақсы ат туады екен. Қоңыр

бие құлындаған жылдардың бірінде бір қоңыр құлын туады. Енді бір биеден тағы да бір қоңыр құлын туылса да, құлыны өліп қалады. Сонымен Бежеңнің қоңыр биесінен туған қоңыр құлын өз енесі мен құлыны өлген биені қатар емеді. Келесі жылы өз енесі қысыр қалып, қоңыр құлын тайынан құнанына дейін арда емеді. Бежең осы қоңыр құнанды жастай өсіріп, бас үйретіп, жуасыған соң, өз мінісіне алады. Осы қоңыр ат жарысса, озатын, қуса, жететін, неше түрлі әсем жүрісті, сурет тұлғалы ерекше жылқы болады. Телқоңырына ерекше разы болған Бежең «Телқоңыр» деген күйін арнайды.

193. «Көк иірім кеңес»

Айтушылардың аңызына қарағанда, Бейсенбі Көк иірім кеңесіне екі рет барған. Бірінші рет барғанда найман-керей ортасындағы жер талас бітімін найман билерімен келісіп, бітіріп қайтқан екен. Келесі жылы жер талас қайта өршіп, үлкен төбелес шығып, екі жақтан адамдар сойылға жығылып, бас жарылып, көз шығып, қол-аяқ мертігіп, бұл істер бітімсіз дауға айнала бастаған.

Әсіресе керей жақтан бір жігіттің басы айырылып, өліп қала жаздаған. Наймандар жағы керейдің жаралы адамын қолына салсақ, ауыр жарақатын көрген ызақор туыстарының бірі көзін жойып, кісі құнына қалармыз. Онан да қолымызда бағып, өлсе де, тірілсе де, көзбен көрелік дескен. Ал керей жағы адамымызды өлтіріп, тығып тастадыңдар деп жарғы жазып, мал қуып алған.

Бұл ушыққан істі бітіруге найман жағы съез ашуды талап еткен және керей биі Бейсенбіні шақыртқан. Бежең екінші рет барғанда, ол жердегі керей ауылдары қыс қатты болып, малы жұтаған. Аштық-жалаңаштық жайлаған. «Жұт жеті ағайынды» дегендейін сарысүзек ауру жүріп, адамдардан өлім-жітім көбейген. Бежең ауылдарды аралап көріп, барын жоғына теліп, ақыл-кеңес айтып жанашырлық жасаған.

Әсіресе өткен жылы жер бөлісін мұқият істемей, екі жаққа да көңілшектік істегеніне қатты өкінді. Бұл жолы қатаң келіп, жерді әділ бөлді. Екі жақты жақсы келісімге келтірді. Керейдің сойылға жығылған жаралы адамын туған-туыстарын ертіп апарып, көзімен көрсетті. Қарсы жақпен ақылға келіп, дәрігер шақыртып, сойылға жығушылардың бағып-қағуына өткізді.

Екі жақтың ерегесін тоқтатып, еліне қайтты. Алайда Бежең өзінің дәрменсіз күйде екенін сезіп, көп ой толқынына түскен. Өзара береке-бірлікте болып, ірге бөлмей, алтыбақан алауыз болмай, оқу-білімге ұмтылып, өнер үйренсек, мұндай ауыр жағдай тумас еді деп армандаған. Осы арман сапарында «Көк иірім кеңес» туған.

194. «Танысаңшы»

Бейсенбіге бұрыннан таныс бір домбырашы, нағашысының ауылына жолаушылай бара жатып, жол-жөнекей өрісте жатқан жылқыларды тамашалап, аралап жүрсе, сырттай күзетіп отырған ауыл адамдары одан сезіктеніп ұстап алады да, билердің алдына сұраққа апарады. Әсілі, жылқылы ауыл оның нағашыларының жамағайындары болса керек. бұл кезде Бейсенбі де осы ауылда екен. Сұрақ үстінде Бейсенбі ұрыға баланып отырған домбырашыны қиын жағдайдан құтқару үшін, шабытта-на қолына домбыра алып, бір түрлі қоңыр ырғақты күй төгеді. Өлгі домбырашы күй әуенінен «танысаңшы» деген ырғақты айқын ұғынады. Сонымен ол жалт беріп: «нағашыларымның ауылына келіп отырмын, бұлардың әр қандай жақсы ісі менің мақтанышым, арғымақ жылқыларын көргенде қуанғаннан көз алмай қарай бердім. Менің жақсы ниетімді жаманға жору жарамас» дейді. Сонымен ол сөзден ұтып, құтылып кетеді. Осылайша, ел ішіне Бейсенбінің «Танысаңшы» күйі тарап кетеді.

195. «Ой, дүние-ай!»

(I нұсқа)

Бежеңнің Алтай тауындай абыройын көре алмаған күндес жаулары, керей ішінен Бежеңді жоғалтып, елін бодан етуді ерте ойластырған. Сонымен бір съезде Бейсенбіге жасырын қастық жасалып, мекені Буыршынға әрең жетіпті дейтін аңыз бар. Хал үстінде жатқан күйші арғы-бергі жағдайды ойлап, сүйегін иенге, ешкім білмес жерге жасырып жерлеуді тапсырып өсиет айтқан.

Ажал қармаған азапқа қайрат көрсетіп, күй шабытын бойға жинап, елі мен жеріне, қормал дос-жарандарына өткен өмір, тәтті армандарына, ұрпақтарына қош айтып, «Ой, дүние-ай»

деген күйін шығарған. Осыдан соң пәни жалғанның жарығымен мәңгілік қош айтысқан.

196. «Ерке бұлан»

Ертеректе Алтай тауларында бұғы тектес аша тұяқты, күйіс қайыратын, тұр-тұлғасы көркем, шоқтығы биік, түсі кер қызыл бұлан деген аң болған. бір кезде Бежең ауылының жігіттері Қанас өзенінің бойынан осы аңның бір бұзауын ұстап алып қолға бағады. Аңның зәбірсіз момын, тұқым жақтан сирек, киелі қоңыр аң екендігіне көзі жеткен Бежең осы аңды үйіріне қосып қоя береді. Осының артынан ұзақ толғаныс арқылы «Ерке бұлан» күйін шығарады. Күй өте әсем болады. Бежеңнің өз ұрпағынан Мақаш деген домбырашы көп шертеді екен. Кейін ауылдастары оны Мақаш демей «Ерке бұлан» дейді екен.

197. «Құс қашқан»

Бейсенбінің тұсында керей атаның жантекейінен шыққан Тікен деген құсбегі адам болыпты. Алтайдың белгілі бір жерінен қансонарда қара құсынан айырылып қалады. Құсынан айырылған Тікен назаланып, көп күндер үйінен шықпай құсаланнады. Мұны естіп-білген Бейсенбі Балбағайдағы Қожамжар төреге адам жіберіп, бір қыран құсты Тікенге алдырып береді. Қазақ ұлтының кең сахарарадағы құсбегілік өнерін жоғары бағалаған Бежең осы туралы ойланис жасайды. Аспандағы құстың тілін біліп, қолына қондырған адамның да қыран құстай қырағылығы бар-ау, бұл сахара мәдениетінің сайыпкер салты ғой. Қыран құс қуанышты да, қайғыны да иесіне сыйлайды екен, осыған да күй тудыру қажет деп тебіренеді. Осы деректен «Құс қашқан» күйі туындайды.

198. «Әйми»

Әйми керейдің шеруші руынан туған біреудің жалғыз ұлына айттырған найман руының қызы екен. Қалың малы беріліп болып алғалы отырғанда, бақытқа қарсы күйеу жігіт қайтыс болады. Жігіттің жылы өткеннен кейін «қызға біреулер құдаласқалы жатыпты» деген хабар керей жағының құлағы-

на тиеді. Керей жақ алатын жігітін қосып, қыз жаққа адам жібереді. Бірақ қыз барған жігітті жаратпайды. Құда жақ: «Қалың малды қайтарамыз» деп жат ниет білдіреді. Жігіт жақ бұл ақуалды орыс жерінде съезде жүрген Бейсенбіге хабарлайды. Сол дәуірдің ережесінде қызды айттырған жігіт өлсе, қыз сол елдегі өзінің таңдаған жігітіне барады. Егер ол жігіт алмаса, яки алуға жағдайы жар бермесе, қалың мал салауат болады. Қыздың талабына лайықты жігіт шықпаса, қыз жақ қалың малын қайтарып беріп, қыздың бас еркіндігін алады екен.

Бежең қайтар жолда келіп құдалармен сөйлесе, олар қалың малды қайтарамыздан басқаны айтпайды. Бейсенбі: «Қалың мал қайтару қашпас, мен қыз лебізін өз құлағыммен естісем, — деп Әймиді шақыртып алып, — құдаласқан жігітің бақытқа қарсы қайтыс болды. Бұл — тағдырдың ісі. Атамыз қазақта «жесір ерден кетсе де, елден кетпейді» деген салт бар. Мына жігіттерден көңілің сүйгенін таңда, көңілің толмаса, бүкіл керейді таңдауыңа да болады», — дейді.

Ат-атағы елге әйгілі Бейсенбіні Әйми де сырттай білуші еді. Бұл рет Бейсенбінің көз тартарлық тұлғасы мен көңіл толарлық келбетін көргенде Әймидің іштей ғашықтық сезімі қозғалып, Бейсенбіге: «Керейден өзім таңдаған жігітіме баруыма бола ма?» — деп сұрайды. Бейсенбі: «Ел салған жол, жалғасып келе жатқан салт қой, неге болмайды? Болады!» — дейді.

Өжет Әйми: «Ондай болса, мен өзіңді таңдаймын, басқаңа бармаймын», — дейді. Бейсенбі бір жағынан өзі айтқан сөзінен бұлтара алмайды, енді бір жағынан Әйми сынды сымбатты, сұлу, өжет аруды өзі де шын жүрегінен сүйеді. Осылайша, Әйми өзінің тамаша мінез-құлқы, ұнамды іс-әрекеті, ақ жарқын, меймандос, сауықшыл ерекшелігі және зейінді зерделілігімен жұртқа да, Бейсенбіге де ұнайды. Бежеңнің ақылына ақыл қосып, дау-шарларға билік айту, елді береке-бірлікке шақыру істеріне де араласады. Ел алдында зор беделге ие болады. Түсетін түсел, келетін қонақ Әйми отауына ауады. Әймидің осындай іс-әрекетіне сүйінген Бежең өзінің көңіл-күй, ой-өрнегін «Әйми» атты күй қылып қалдырады.

199. «Көш келді»

Бежең үлкен ұлы Қара Оспанға қалыңдық айттырып, келін түсірер кезде, ырым жасап баласын қайнына аттандырады.

Құда жақ қыз ұзату тойын жасап келінді аттандырыпты деген хабар жетісімен, тұңғыш келінінің қуанышты тойын асыға күткен Бежең, келін келуге бір күн қалғанда, ауыл іргесіндегі төбеге кілем салдыртады да, ауыл ақсақалдарымен бірге ағылта өңгіме соғып, төгілте күй шертіп отырады. Келесі күні түстен кейін қыз ұзатқан құда-құдағилар көші ауылға жақындағанда ата салт бойынша келінді аттан түсіріп, ауылға жаяу бастайды. Кежімдеген келін атын мінген бойжеткен мен көш тосып жүрген балалар «көш келді!», — деп шүйінші сұрай ауылға келеді. Ауылдағы ақ самайлы әжелер мен Бежеңнің бәйбішесі салт бойынша келіннің атына шашу шашып, балаларға шүйінші беріп риза етеді. Қуанышқа бөленіп сезім шаттығы шалқыған Бежең көсілте күйге басады. Торқалы той, думанды қызықпен жалғасып таратады. Алыс жерден келіп, екшеліп қалған ерекше күтімдегі құда-жұрт, сыйлы қонақтар қош айтып, еліне қайту үшін Бежеңнің үйіне келеді. Бұлардың ішіндегі қадірменді қарт құдасы, қаратай руынан шыққан әйгілі би Мәметек те бар еді. Бежең алыс сапардан келген сыйлы қонақтарын жібермей, тағы бірнеше күн жатқызып, дыр-думанды сауық-сайран ұйыстырып береді. Мәметек би: «Бежең құда, сен қатынасқан ұлы дүбірлі бас қосулардың бірде-бірі күйсіз басталып, күйсіз аяқталып көрген емес еді ғой! Қане, балаңның торқалы тойына арнағаның болса, біз соны естісек» дейді. Қаумалай отырған қалың жұрт бұл пікірді құптай жөнеледі.

Бежең домбыраның құлақ күйін келтіріп алады да: «тойға арнаған екі күйім бар еді. Бірі — шүйінші сұрай келген қуанышты хабар шабытымен туған «Көш келді» атты күй; енді бірі тұңғыш ұлымның думанды тойы басталғандағы қуанышты сезімнен туған «Той бастар» күйі дейді де, құйқылжыта күйге басады. Айшықты жасалып, айызды шертілген осы бір тәтті күйлерден жан семіртерлік ләззат алған Мәметек би: «шіркін, атызатына сай ершімді-ақ күйлер екен қарағым, Тәңірім қол-аяғыңа дерт бермегей, отауың құтты, балаларың бақытты әрі ұрпақты болсын!» деп ақ батасын беріп, ақ тілегін білдіріп аттанады.

200. «Екеуім-екеуім»

Бежеңнің Әйнеп, Зәйнеп деген екі қызы болған екен. Арасы бір жасар тетелес өскен екі бала Бежең үйінде болса, қасынан шықпай еркелеп, әкелерінен екі елі айырылмайтын болыпты.

Екі баласының мейірі Бежеңе ауған екен де, Бежеңнің жаны осы екі баласының үстінде екен.

Белгілі бір жылы Бежең сапарға шығады. Бірде дем алып жатып ұйықтап кетеді де түс көреді. Түсінде өз үйінің төрінде отырса, үйінде баққан екі кептер бар екен, бір қаршыға киіз үйдің шаңырағынан ұшып кіреді де, әлгі екі кептерді тең іліп алып, есіктен шығып кетеді. Бежең орнынан тұрып кептерді арашалап алып қалайын деп қозғалғанда өзі оянып кетеді. Осыдан кейін көңілі қобалжып, үйіне қайтқысы келіп, жұмысын тез бітіріп үйіне қайтады. Бежең келгенше екі баласы жұқпалы қызылша ауруына шалдығып, екеуі де бір күнде тең қайтыс болады. Балаларды енді ғана оң жаққа жатқызып болған кезде, Бежең де үйіне келіп түседі. Балаларының ежелгі дағдысы бойынша алдынан жүгіріп шықпағанынан күмәнданады. Бежең үйіне кірумен зарлы көріс басталады да, шаңырақтан өлім шыққаны мәлім болады. Бежең тағат қыла алмай оң жақтағы шымылдықты ашып қараса, екі бала қатар жатқан. Ол шыдап тұра алмай екі баласын құшақтап бауырына басып, «қос жанарым, екеуім», «екеуім, екеуім» деп егіле еңірейді. Үй толы адам бірге жылап, бүкіл үй күңіренеді. Қатарға қосылып, көзге көрініп қалған екі бірдей баланың бір күнде тең қайтыс болып, оң жақта сұлап жатуы Бежеңді ауыр қайғы теңізіне батырады. Қос балапанын өлімге қимаған ол, қараша айында киіз үйдің іргесін түргізіп тастап, балаларын шығартпайды. Өзі де нәр татпайды. Ақыры Құлбек бастаған ел ақсақалдары келіп Бежеңе жұбату айтып, иландырып балаларды қойдырған екен. Балаларының өліміне қатты қайғырып назаланға Бежең «Қос жанарым, екеуім», «Екеуім, екеуім» атты қайғы-қасіретке толы зарлы күүді шертіп, шерін, мұңын тарқатады екен.

201. «Бодау кеңес»

Шыңжаң аймағында ғұмыр кешкен белгілі би, әйгілі күйші Бейсенбі Дөненбайұлының (1825-1898) «Бодау кеңес» деп аталатын күйі бар. Осы күүдің аңызын ақын Нүкеш Бөдіғұлұлы былай баяндайды:

«Алтайдағы абақ-керей елінің бодаусыз кеткен дау-шарын бітіру үшін үлкен жиын болады. Қаба деген жердегі Алқабек өзенінің көкорай шалғынына ақшаңқан үйлер тігіледі. Бұл

оқиға 1853 жылы болып еді дейді. Бодау кеңесіне арғын, найман, керей, уақтың тізгін ұстаған игі жақсылары шақырылады. Ең бір еңселі ақ ордаға арнайы шақырылған аға сұлтан Құнанбай Өскенбайұлы келіп түседі... Керейдің Маман биі өзі баулып жүрген жас жігіт Бейсенбіні ертіп келеді. Мұндай бас қосуға Бейсенбінің енді-енді араласа бастаған жаңа талап кезі болса керек.

Уәделі мерзім болғанда билікке араласатындар Құнанбай түскен үйге жиналып, еселі орындарына жайғаса бастайды. Жасы кіші Бейсенбіге босаға жақтан орын тиеді. Межелі кісілердің басы қосылды-ау дегенде, Құнанбай отырып:

— Кәне, дау-шарды неден бастаймыз? — деп сауал тастайды.

Керей жағынан дау иесі болып отырған Шау би айнала отырған билерге салмақ салып, «сөз бастаңдар», — дейді. Алайда, аға сұлтан Құнанбайдың мысы басып, ешкім суырылып шыға қоймайды. Сонда, босаға жақта отырған Бейсенбі еңсесін тіктеп, жүгіне отырып тіл қатады:

— Сұлтан аға, біз сөзді қалай бастаймыз? — дейді Бейсенбі, — арғын, найман біздің ағамыз еді. Алайда әрідегі Сыр бойынан ауғанда арғын ағаның қамшысының жуандығынан, берідегі Қалбадан ауғанда найман ағаның қамшысының жуандығынан қоныс теппей келіп едік. Содан, ортамыз ойылғандай, ордамыз бұзылғандай болып, мекен қуып жүрген елміз. Қоныс аударып келген жеріміз қалың дүрбіт пен ұраңқайдың ортасы. Бұлардың бесік белгісі, төсек үлгісі жоқ ел, алса — бітім, берсе — итім дегенді ғана біледі екен. Сондықтан кеуделеуді көріп, ортасы ойылмаған, саудалауды көріп ордасы бұзылмаған, жаны бір, заңы бір ағаның баласы өзі сөз бастамай ма?

Жаңа талап, жас жігіттің өр мінез, өжет сөзі, қиыннан қиыстырған орынды уәжі отырған жұртты өзіне ошарылата қаратады. Қос жастықты шынтақтаған әрі паң, әрі асқақ аға сұлтан Құнанбай да басын көтеріп, Бейсенбіге барлай бір қарап алады. Сонан соң сөйлеп кетеді:

— Болар, болар! — депті Құнанбай. — Өзі де болғалы тұр екен ғой! Аузының жұрт иланар киесі, көмейінің жау жасқанар дуасы бар жігіт екен... Ау, ағайын, жиын өзі де басталып кетті емес пе?! Бала жігіт жөн сөз айтып отыр: сендер білгелі жуандардан басымдық көріп елден шеттедіңдер, жерден айырылдындар. Оған мен қамықпасам, қуанбаймын. Керейден сендей баланың

туғаны исі қазаққа мақтаныш. Бұл реттегі биліктің тізгінін осы балаға беріп, біз тыңдаушы ғана болайық!

Құнанбайдың оң шырайы отырғандарды жадыратып, тілеу-қор ниеттерді тоғыстырғандай болады. Сол жолғы бодау кеңесте Бейсенбі төбе би болып, дау түйінін қалдырмай шешім айтды. Ағайын арасы келісімге келіп, жарасым табады. Мұның бәрін қалт жібермей сыннан өткізген Құнанбай жиын тарқар кезде Бейсенбіге «көмейінен бітімді сөз ақтарылған шешен, билігіне ел тоқтайтын көсем, аузы дуалы, ойы киелі жігіт екен» деп баға беріпті.

Сонда, Бейсенбі осы бас қосудың ұрпаққа үлгі болар бір белгісі болсын деп, өзінің «Бодау кеңес» атты күйін шерткен екен.

ҚАЗАНҚАПҰЛЫ ТӘТТІМБЕТ /1815-1860/

202. «Нар шөккен»

1841 жылдың қысы қылышын сүйрете келіп, ақсүйек жұттың нышаны белгі бере бастайды. Мал сүмесімен күн көріп отырған Арқа қазақтары абыржыңқы күй кешеді. «Жұт жеті ағайынды» дегендей, қардың қалыңдығына, малдың өлім-жітіміне, ит-құстың молаюына, ұры-қарының білінуіне қоса терістіктен тұрған үскірік жел жыландай ысқырып басылмай қояды. Мал мен жанның апшысын қуырған қарлы боран Алшымбайдың да көп жылқысын ықтырып, көрші рулардың қорық-теппесіне алып келеді ғой. Аштық атасын таныта ма, Алшымбайдың ыққан жылқысы қорықтарды талап, тақырлағаны былай тұрсын, ауыл-ауылдың үстін басып, арық-тұраққа деп жинаған көпен-шөмелелеріне ауыз салады.

Алшымбайдың жылқысы екенін білсін-білмесін көз алдында бөтен малдың аяқасты болып отыра ма, ауыл адамдары ығып келген көп жылқының алдын жасқап, бұрып жібереді. Сол бетінде ыққан жылқы Қарасор көлінің бықылдап жататын сорына тіреліп, біразы шығын болады ғой.

Мұны естіген Алшымбай «жылқыларымды әдейі бақастықпен сорға түсірді» деп, көрші ауылдардан өлген малын өндіріп алу үшін төңіректің би-болыстарын жинап, салмақ салады. Берсе — қолынан, бермесе — жолынан алатын, өктемдігін жүргізіп қалған Алшымбайға ешкім қарсы келе алмай,

қиналған көпшілік араша сұрағандай, елдің жаңа талап жас биі Тәттімбетке кісі жібереді.

Көптің сәлеміне құлақ асқан Тәттімбет келгенде Алшымбай би елдің апшысын қуырып, би-болыстарды ықтыра сөйлеп отырса керек. Тәттімбет Алшымбайдың жасының үлкендігін сыйлап, сөзін бөлмей шеткерірек отыра кетеді.

Сонда Алшымбай дегенін арындататын үкім сөзін бітіре бергенде Тәттімбет:

— Дат, Алшеке! Үкіміңізге қосарым бар! — дейді.

— Айт датыңды! — деп Алшымбай ошарыла бұрылады.

Сонда Тәттімбет:

— Алшеке, жалғыз Айбике емес, жапсар жатқан Шаншар да, қала берді Қарқаралы, Қуды ен жайлаған иісі Қаракесек сізді төбесіне көтеріп, дуалы ауыз, тура би деп біледі. Дуалы ауыз, тура би деп танып, тағдырының тізгінін қолыңызға ұстатып отыр! Ол ол ма, ықпалыңызға жүргізем десеңіз, Қарқабат анасын ұрандас кеткен бір шоғыр Қаракесек былай тұрсын, қырық сегіз болыс Майқы-Бошанға, одан асып Арғынға айтқаныңыз өтеді. Япырау деймін, осынша билікте отырып, неліктен терістіктен соғар үскірікті алдын ала болжамадыңыз! Қалайша жұрттан асқан құдіретіңізбен болжап, өз малыңыз ғана емес, төсекте басы, төскейде малы қосылған ағайынға қамқор бола алмадыңыз. Біле білсеңіз, мұндай үлкен міндет елдің сіздей үлкеніне лайық емес пе еді. «Тас түскен жеріне ауыр». Сіз білмегенді сіздің панаңыздағы қара халық қайдан білсін?! Боранның соғарын, жылқының ығарын, ыққан жылқының сорға түсерін болжап, біліп отырудың жолы Сіздікі емес пе?! Менің қосарым — боранда ығып, сорға түскен жылқыны осы ел бөліп төлесін-ақ. Ал осынау қалың елдің биылғы жұтта өлген жылқысын, жұттың боларын болжамағаныңыз үшін сіз төлеңіз. Ол болмаса үкім бұзылсын! — деген екен.

Алшымбай өзінің белден басып, артық кетіп отырғанын мойындап, Тәттімбеттен тосылған екен дейді.

Бұл Тәттімбеттің жұт жылы басынан өткен бір сәттік қана оқиғасы. Ел басына түскен ауырлықта Тәттімбет мұнан басқа да көп қажыр көрсетеді. Ел атынан Омбыға барып, аштыққа ұрына бастаған елдің ес жиюына ерекше ықпал етеді.

Кейін осы оқиғаны есіне алып, төрт түлік малдың төресі нарды шөктірген ауыр жұт туралы «Нар шөккен» деген күйін шығарып еді дейді.

203. «Көкейкесті»

(I нұсқа)

Күйдің қалай туылғандығы туралы мынадай шежіре бар. Есімі ел көңілінде ұялаған күйші көрер тірлігін де ақырластырып қалады. Өмірінің соңғы кезінде ауру азабын шегіп, үзілер соңғы дәмін күтіп жатқан күйшіге күллі қазақтың бірталай жердегі игі жақсылары жиналып барады. Көңілін сұрап, жақсы жұбатуларын айтып отырған топқа әлден уақытта Тәттімбет, ауру төсегіне сүйеулі тұрған жан серігі — домбырасын алып, ғажайып бір күй шертеді. Күй аяқтала сала отырған топ бұл күйдің қайсы күй екендігін сұрап білгілері келеді. Сонда күйші, бұл күйімнің аты «Көкейкесті» болсын дейді. Күйшіні күзетіп, сусын беріп, ажалмен таласып отырған шәкірті әрі інісі Жақсымбет күйші табанда бұл күйді жатқа алады. Күй осылай туылып, кейін Жақсымет арқылы елге тарап, заманымызға жатады.

204. «Көкейкесті»

(II нұсқа)

Тәттімбет өмірінің соңғы жылдары болса керек. Бірде күйші қатты науқастанып қалады. Сонда ол өзінің басынан кешкен өмірін еске алып, халқының алдында өтелген-өтелмеген парызын ой таразысына салады да, өзінен-өзі мұңға батады. «Көкейде жүрген арманымды толғай алмай кететін болдым-ау» деп ширығады, жанарына ыстық жас үйіріледі. Мұңдас-сырлас дос-жарандарының хал-жайын ойлайды. Сөйтіп, толғанып жатқанда елдің бір азаматы келіп көңілін серпілткісі келеді. Тәттімбет күйлерінің ел арасына кең таралғанын, мұрагер шәкірттерінің көбейіп келе жатқанын әңгімеге арқау етеді. Бірақ Тәттімбет өз арманының әлі орындалмағанын ойлап, іштей назаланады. Осы тұста күй толғағысы келіп, домбырасына қол созады. Отырғандар жүкке сүйеулі тұрған қоңыр домбырасын қолына ұстатады. Тәттімбет жастығын биіктетіп, домбыраны кеудесіне сүйеп, шалқалап жатып, сыры терең, толғанысты бір күй тартады. Күңіренген күй әуені отырғандардың сай-сүйегін сырқыратады. «Бұл күйіңізді жаңа естіп отырмыз, қандай күй болды екен?» — деп сұрайды. Сонда, Тәттімбет: «Көкейкесті» болсын, — деген екен.

205. «Бес төре»*(I нұсқа)*

Тәттімбет танымал күйші ғана емес, тұтас Қаракесекте сөз ұстаған сері, шежіре-шешен болған кісі екен. Сонысынан болса керек, бір жолы ол Қаракесектің белгілі бір биі — Алшынбай бидің атынан Омбыға жіберіледі. Тәттімбет бұл сапарында Шыңғыс Уәлиханов, Мұса Шорманов, Ыбырай Жайықбаев сияқты бірталай би-төрелермен сапарлас болады. Би-төрелердің жол бойы байқатқан озбырлығына, местігіне, елге танытқан суық рай зорекерлігіне іштей ызасы түсіп, ұнатпай келе жатқан күйші төрелер бір ауылға түсіп, мәжіліс құрып отырғанда, тыңнан бір күй шертеді. Бөгенайы бөтен бұл күйді байқап қалған төрелер: «Мынау қайсы күй екен?» — деп сұрап қалады. Сонда Тәкең:

Күйдің аты «Бес төре»,
 Бесеуі де мес төре.
 Санаң болса кеудеңде,
 Жұмбағымды шеш төре.
 Өз еліне қасқырдай,

Мұнша неге өш төре?» — деп жауап қатып, күйді тағы қайырып бір шертіп жіберген екен. сөйтіп, күйшінің әйгілі «Бес төре» күйі осы Омбы сапарынан туған екен.

206. «Бес төре»*(II нұсқа)*

Тәттімбет Омбыға барған сапарында Шыңғыс Уәлиханов, Мұса Шорманов, Ыбырай Жайықбаев, тағы басқа бірталай би, төрелермен сапарлас болады. Кейбір шонжарлардың жол-жөнекей елді қатты шығынға ұшыратып, қыспаққа алған озбырлық, зомбылығына төзбей «Бес төре» күйін шығарыпты. Іштен тынып жүрген күйші бір ауылда мәжіліс құрып отырған азулы төрелер арасында тыңнан бір күй тартады. Бұл күйдің жайын сұрағандарға:

Күйдің аты «Бес төре»,
 Бесеуі де мес төре,
 Санаң болса кеудеңде
 Жұмбағымды шеш, төре.
 Өз еліне қасқырдай,
 Неге мұнша өш төре? —

деп жауап берген екен.

207. «Былқылдақ»

Есіл бойында күйшілік, әншілік өнерімен елге танылған, кедей де болса өз ортасында асау көктің тұқымындай сый-сыяпат, қошаметке бөленіп жүрген бір қыз бар деп естіген Тәттімбет, өнер десе өмешегі үзіліп, алтын қарағандай ентелеген күйші, сол қызды көруге аттанады.

Айтса айтқандай, өнері мен бағы өрлеп тұрған қыздың күйшілік құдіретіне Тәттімбет айырықша сүйінеді әрі оған құмарлығы артып, оның әр қылығын күндіз-түні бақылайды. Оның кедей қызы болған соң үйіне көмектесіп, бастаудан су таситын жәйтін байқайды.

Бардам бай балаларына кеудесін алдырғысы келмейтін кедей қызы әсем киініп, кербез басып, төкәшпар, паң мінезбен су көтерсе де, әсем қылықпен басатынын көрген Тәттімбет қыз жүрісінен «Былқылдақ» деген күй шығарған екен.

208. «Жылқыда»

Арқа бойында бір жылдары қыс тым қатты болып, тұтас жатқан адырларды қасаттанған қар алып малға жайылым бермейді.

Осындай жұт белгісін сезген жылқышы Тәттімбет көршілес найман елі отырған өңірге жылқы салып, өзі ел аралап сауық-сайранмен болады. Еліне осындай өнерлінің келіп, өнерімен мәз еткенін найман елі де теріс көрмепті. Жылқысын құмай, өзін қадірлі қонақ ретінде қарсы алады.

Жылқысы жұт көрмей, өзі қысты сайранмен алған Тәттімбет ел мен жерге риза болып, «Жылқыда» атты күй шығарған екен.

ҚҰРМАНҒАЗЫ САҒЫРБАЙҰЛЫ /1818-1889/

209. «От жалын»

Бір күні Махамбет Жәңгірдің он екі биімен бірге далада келе жатса керек. Сонда астындағы қара қасқа аты алды аяндап, арты желіп, билердің алдында оқ бойы озып отырыпты. Сонда бір би тұрып: «Ей, Махамбет! Қазақта атты адамдар қатар жүреді, сен немене, тазы итке ұқсап жұрттың алдын бермейсің!» десе керек.

Сонда Махамбет артына қарап, екі бүктеп ұстаған бұзау тіс он алты өрме бөкейлік қамшысын тақымына тіреп, бір жағына қисайыңқырап отырып: «Е, неменесі бар, мен қарғылы қара тазы болып, алдарыңда оқ бойы шығып отырсам, артымнан он екі төбет дүңкілдеп ере алмай келе жатса, дүниенің қызығы сол емес пе!» деп билердің жағын қарыстырған екен дейді. «Қайран от ауызды, орақ тілді ақыным-ай», — деп Құрманғазы сол арада: «Исатай мен Махамбет, өкіне ме екен өлдім деп!» деген жолдармен басталатын өлеңін жайлап термелеп айтып келіп, аяғында бір күй тартып жіберген екен дейді. Күйдің аты «Жалын» болмасын, «От жалын» болсын деп отырғандар толықтаған екен.

210. «Маната»

Күндердің күнінде күйші Үстіртке келіп, оның жоғары көтерілер жердегі құз-қиясын көріп тамашалайды. Қарсы келе жатқан керуеннен асудың сырын сұрап, әңгімеге біраз қанады. Ақ сұр аттың айыл-тартпасын қатты тартып, өмілдірік-құйысқанын мықтап алып, «Қара түйе — Манатаның» шыңына көтеріледі. Бұл шың туралы ел ауызында небір қызықты аңыздар барын бұрыннан да білетін. Енді, міне, ертегідей болып естілген асуды өз көзімен көріп, өз аяғымен басып келеді. «Қара түйе — Манатаның» жоғары қарасаң, бөркің түсетін, төмен қарасаң, басың айналатын үстірттің текше-тегіс үстіне шығады. Ақ сұр аттың айыл-тартпасын босатып, аз уақыт желге қаратып, қаңтарып қойып, шылбырынан ұстап отырып, біраз ойға кетеді. Бұл шыңның басына шықса да, төмен түссе де, аман-есен өткендіктеріне мал сойып, садақа беріп жататын керуеннің істегенін істейтін қауқары жоқтығын есіне алады. Дегенмен бұл да ел ауызында бар жер екен деп, асудың асқарларын домбыра дыбысымен жаңғырта «Маната» деп күй шығарады. Біреулер бұл күйді «Маната тау» деп те атайды. Сөйтіп, үстіртке асатын асу — «Қара түйе — Манатаның» басын жылдар бойы садақа шалған мал етінің исі мен жер ошақтың түтіні ғана шалса, ол құздарды Құрманғазының қолынан шыққан күйдің сиқырлы толқыны да шалып өтіп, шың-шыңды қуалап кетті.

211. «Қайран шешем»

Құрманғазы Орал түрмесінде жатып қалады. Бұл түрменің Орда түрмесіндей емес, мықты екенін көріп, Құрманғазы біраз

налиды. Бірнеше күн ешкіммен кеңеспей, өзімен-өзі болып, қалың уайым теңізіне батады. Бір күні қысқа серуен кезінде Лавочкин деген орыс тұтқынымен танысады. Ол «ақ патшаға тілі тигені үшін» қамалған орыс жұмыскері болып шығады. Өзі қазақ арасында көп болып, қазақшаны судай білетін болады. Ол Құрманғазыны жұбатып, көптеген ақыл айтып, өзінің өмірінен біраз шежіре айтады. Екеуі енді айырылмас дос болып, сырласып, ақылдасып отыратын болады.

Құрманғазы Лавочкинге өзінің осы жолға шығардағы басынан кешкен бір әңгімесін баяндап береді:

«Ақбаевтің атарман-шабармандары ұстап алып, көк арбаға тіркеп, енді жүргізейін деп тұрғанда шешем Алқа келе жатқанын көрдім. Әлпештеп өсірген анама әлі күнге бір қызмет ете алмай, оны үнемі қауіп-қатерде, жоқшылықта ұстап келгенмін. Енді, міне, көп жылдан соң келгенде тағы да оны пұшайман етіп кетіп бара жатқаным ойыма түсіп, шыдай алмай көзімнен бір тамшы жас шығып кетті. Сонда, қайран шешем менің қасыма келіп: «Мен ұл таптым деп жүрсем, жаман, жасық неме екен ғой, туғаным. Кімнің алдында көзіңнің жасын шығарып тұрсың?!» деп жағымнан шапалақпен тартып-тартып жіберді. Сонда ғана мен антектік жасағанымды сездім. Анама күле қарап қош айтыстым», — дейді.

Құрманғазының бұл әңгімесі Лавочкинге үлкен әсер етеді. Ол өзінің шешесінің талай мейірбанды істерін есіне алып, біраз әңгіме етеді. Құрманғазы болса шешесінің жас кезінде қандай сотқарлығы болса да кешіріп, қандай тентектігі болса да Сағырбайдан арашалап, қалай да Құрманғазыны қақпайламай, бірбеткей етіп өсіруге тырысқанын, ондай тәрбиенің Құрманғазы өмірінде үлкен рөл ойнағанын күйші қайта-қайта есіне түсіріп, небір еркеліктерін көз алдына елестетіп, көрер таңды көзімен атырады. Қатар жатқан Лавочкин де өзімен-өзі сырласып, ол да аунақшып ұйықтай алмай шығады.

Ертеңінде Құрманғазы ойланып-толғанып, қолына домбырасын алып, қолы хат білмесе де, ардақты анасының айта қалғандай «жазасын» қағаз бетіне түсіретін мүмкіншілігі болмаса да, домбыраның қос ішегінде бір ескерткіш қалдырайын деп күй шертті. Оны Лавочкинге тартып бергенде екеуінің ерлігі де бір сәт кейінгі пыланға шыға тұрып, кішкене көз жастарын төгіп алды. Бірақ өмірдің небір өткел бермес асуларын, асқар

белдерінен өткен қайратты жігіттер тез өздерін-өздері жинап алып, күйді қайта-қайта орындап, тыңдап, оның ішінде тек сағыныш ноталары ғана емес, күш-қуат барын, тіпті сартылдап қашып бара жатқан аттың тұяғының сарыны барын естігенде, бірін-бірі тілсіз түсініп, ол сарынның арман даусы екенін біліп қойды. Ақылдасып келіп күйдің аты «Қайран шешем» болды.

212. «Түрмеден қашқан»

Қазақ музыкасымен жете таныс болмаса да, қазақтың әншілерін, күйшілерін көп тыңдап, біраз көзі ашылып қалған Лавочкин, күй тыңдап болғаннан кейін Құрманғазыға өзінің сезгенін, алған әсерін айтады. Досының өз ойынан шыққанына Құрманғазы да риза болады. Олай дейтініміз — күйдің ортасында келетін ат шабыс ырғағы күйшінің анасына деген барлық жылылығымен бірге, қашу да ойында барлығын меңзегендей болады. Екі тұтқын музыка тілінің мұндай өткірлігін тағы біраз әңгіме етіп, күлісіп те алады. Жаман домбыраның біраз қолқабысы тигенін де айтып, музыканың адамды рухтандырып жіберетін қасиетіне тоқталады. Осы кезде түрме қараушылардың бірі Лавочкинге оның шешесі келгендігін айтады. Ол түрме бастықтары рұқсат еткен бөлмеге барып шешесімен көріседі. Шешесі пісіріп алып келген тамақтарын баласына береді. Бір нанның ішінде болат ара барын ыммен білдіреді. Шешесі қоштасып кеткен соң, Лавочкин тамақтарды камераға алып келіп, болған жайды Құрманғазыға баяндайды. Екеуі қашу жоспарын жасап, ол ойларын өздерінше іш тартып жүрген, баяғы домбыра алып келіп берген күзетшіге білдіреді. Ол бұларға жәрдемдесуге уәде береді. Бір түнде екеуі болат арамен кісендерін кесіп, қашуға дайындалады. Қашу жоспары әбден піскен соң, Құрманғазы көңілденіп: «Бұл оқиғаны да ескерусіз қалдырамыз ба?» — деп тағы күй шертеді. Бұл күйді тыңдаған Лавочкин Құрманғазыға: «Е, нағыз қашатын күй мынау ғой, әкімдердің біреуі естіп, ойымызды біліп қалар, жетер», — деп күліп тоқтатады. Сонымен күйдің аты «Түрмеден қашқан» болып кетеді.

Шынында да, «Түрмеден қашқан» күйінде басынан аяғына дейін тынымсыз атшабыс ырғағы бар. Екпіні еш уақытта әлсіремейді. Баса қуғаннан аяғына бірақ шығады. Күйдің жыл-

дамдығы сондай — жеке домбырада тартатын шеберлердің бәрі бірдей өз екпінінде «Түрмеден қашқан» күйін аяғына шейін тартып шыға алмайды. Ал оркестрде өз екпінінде таза тарту тіпті қиын.

Айтушылар Құрманғазы осы күйді тартып отырғанда, түрменің тұсынан бір шенеунік өтіп бара жатыр екен. Ол тұра қалып күйді басынан аяғына дейін тыңдап болып, басын шайқап: «Мына бір қазақтың домбыра тартысы маған ұнамайды, қашып кетіп жүрмесін, мықты болыңдар!» — деп түрме бастықтарына айтып кеткен екен дейді. Осы хабарды әлгі достасып жүрген күзетші арқылы Лавочкин естіп барып, Құрманғазыға қалжыңдаған деседі. Ал «Түрмеден қашқан» күйінің қандай жағдайға арналып шығарылғанын айтпаса да, музыканы түсінетін адамдар оның дыбысынан тарсылдаған тұяқ дыбысын естиді.

213. «Лауішкен»

Құрманғазы мен Лавочкин сол түні түрмеден қашып кетеді. Айналаны шарлап тастаған. Күйші небір жыра-жықпылды тауып, сәтте-ақ қараларын көрсетпей алыстап кетеді. Оның үстіне жәрдемдескен күзетші де құғыншылардың маңдайын басқа жаққа бұрып жіберіп, бұларға біраз уақыт ұтқызады. Иен далаға шыққан соң, бұлар еркінірек жүреді. Бір күн, бір түн жүріп, таң ата Лавочкиннің бір таныс балықшысының үйіне келіп дем алып, тамақтанады. Бірнеше күн тыныққан соң, Құрманғазы түрме досына өзінің еліне қайту керектігін, онда қалған ата-ананың хал-жайын білу керектігін айтады. Лавочкин қимас досымен айырылудың керек екенін білсе де, біраз уақыт тағы отырып әңгімелеседі. Құрманғазы қолына домбырасын алып, тағы бір күй шертеді. Ол күйдің бұрынғы өзі естіп жүрген күйлерге ұқсамайтынын, күйшінің тағы бір шығармашылық жаңалығы екенін Лавочкин сезеді де, ешнәрсе демей тыңдап, үлкен ойға батып отыра береді. Күйді аяқтаған соң, Құрманғазы Лавочкинге қарап: «Ананың бәрі де — ана, қай тілде сөйлесе де, олардың балаға деген мейірбандықтарының тілі әркімге де түсінікті, мына менің жалпыға тілі түсінікті күйімді сол орыс анаға — Лауішкенге арнаймын», — дейді. Құрманғазының «в», «ч» дыбыстарына тілі келе бермейтін. Сондықтан күйшінің өзі

айтқандай, халық арасында бұл күй «Лауішкен» атанып тарап кетті. Досының мұндай сый тартқанына Лавочкин қатты риза болып, өзі домбыра тарта алмайтынына қынжылып, бірақ: «Сенің қолыңнан бұл күй халыққа жайылады ғой, шешеме көргенде айтармын» деп уәде беріп, құшақтасып қоштасып, екеуі екі жаққа жүріп кетеді.

214. «Ақбай»

Ақбайдың Әубәкірі Құрманғазының торы аты жөнінде хабар естиді. Торының құнан күнінде-ақ бәйге бермегенін жеткізушілер үлкейткізіп аңызға айналдырады. Өзімшіл Әубәкір: «жалаң аяқ Құрманғазыға ондай ат қайдан бітті дейсің, біреуден ұрлап алған шығар, барып тартып алып келіндер, іздеп келсе, көресіні көрсетерміз ол қарақшыға», — деп екі кісі жібереді. Құрманғазы екеуін екі ұрып аттан түсіріп, босқа арам тер болып старшынның сойылын соғып жүргендерінің ұят екенін бетіне басып: «Көрген-білгендеріңді Әубәкірге айта барыңдар», — деп қоя береді. Құрманғазы Әубәкірдің өзіне өштесіп қалғанын, оның тағы да соңынан жарық алып түсетінін біледі. Дос-жарандарын шақырып алып, старшынның мына шексіз зорлығын әшкерелей, масқаралай шығарған жаңа күйін таратады. Күйдің басында біраз қайғылы хәлдер суреттеледі. Ол қайғы тереңдеп кеңейіп, ыза-ашу ноталарына айналады. Кенет Құрманғазыға тән тағы күн жапқан бұлттың ыдырағанындай жасық дыбыстар қала тұрып, күй көңілденіп, шырқап, домбыраның сағасына қарай сырылып, аттың дүрсілі естілгендей тыңдаушыға құлақ түргізеді. Осы бір күш, қажыр суретті қайталап тағы күшейеді. «Үмітсіз сайтан ісі» дегендей алдан жақсылық күнін күткендей жаймашуақтанады да, тағы кенет ауыр ой, терең қайғыға көшеді. Бұл ауыр жағдай да ұзаққа созылады. Домбыраның сағасына барып біраз «мұңын халқына шаққандай» тақырып пернелер арқылы өтіп, сол кейіп, сол үнінде жайлап, асықпай кейін қайтады. Бастағы ауыр жайды суреттейтін шырқаған, зарлаған тақырып қайта бір көрініп, күй аяқталады. Жиналған жұрт көп уақытқа шейін томсарып отырып қалады. Біраздан кейін бастарын көтеріп, күйдің аса терең мазмұндылығын әңгіме етеді. Күйшінің анасы Алқа тұрып: «мұның аты — бізге күн көрсетпей қойған Әубәкірдің

әкесі Ақбайдың атымен аталсын. Сенің әкеңнің көп жылдар бойы бермеген ақысы үшін, сені талай жәбірлегені үшін, халқыңа Ақбайдың арам атын әйгілеу үшін домбырадан ғана өшiңдi аларсың» дейдi. Жиналған жұрт бiр ауыздан күйдiң атын «Ақбай» қоялық дейдi.

215. «Аман бол, шешем, аман бол»

Көпшілік тараған соң, Алқа баласына өзінің көптен ойлап жүрген бiр ойын оңашалап айтады. Ол Құрманғазының жасы болса келе жатқанын, ендi Әубәкiрдiң әбден жауласып алғанын, күйшiнiң бұл арадан тағы бiраз уақыт тасалана тұрмаса болмайтынын айта келiп, өткен жазда төркiнiне бара жатқанда Есенқұл берiш Игiлiктiң үйiне түсiп, қызы Әуестi Құрманғазыға атастыру жөнiнде Игiлiкпен сөйлескенiн, малдан жарлы болса да, баласының өнерi бар екенiн, халық ауызында тек жақсылық сөздерiмен ғана айтылатынын, әкiмдердiң «ұры», «қарақшы» деп жүргенiнiң шын сырының неде екенiн айтқанын баласына баяндайды. Әзiрше қолда бар үш-төрт қарасын берiп, Құдай қосқан құда болатынын тұжырыңқырап айтып та салды. Әкесi Сағырбайдың жасы келiп қалғанын, ендi өзiнiң де немере көретiн кезiнiң жеткенiн қосып қояды. Ардақтап, ақ сүтiн берiп өсiрген анасының сөзiне Құрманғазы «үндемеген — ризалықтың белгiсi» дегендей пiшiн көрсетедi. Iштей бәрiн түсiнген Алқа жаз шыққандай жадырап табанда Сағырбайға айтты. Қарт әке де қуанып қалды. Бiрақ баласының тағы да жиһан кезiп кететiнi әсiресе анасының дегбiрiн қашырды. Соңғы бiрнеше түн Алқа ұйықтай алмайды. Торы атты ерттеп жолға жиналған Құрманғазы үйден шығар алдында домбырасын қолына алып, қадiрлi анасына қоштасып, бiр күй тартады. Шығарып салуға жиналған достары күйдiң атын сұрамай-ақ бiлдi. Өйткенi бұл күйдiң басындағы бiрiншi бастамасының өзi «аман бол, шешем, аман бол» деп қақсап тұр едi. Күйде жабығу кейпi атымен жоқ болатын. Құрманғазының бұл күйi жайбарақат басталып, тiптi қайнына аттанып бара жатқан күйеудiң шабытындай көтерiңкiлiк жағдайда едi. Тек кейбiр жерлерiнде күйшi аздап кiдiрiп қалып, дыбыстарды нақтағанда ата-анасын, алтын босағасын қимағандық кейпiндегi дыбыстар ғана шығып, көп ұзамай баяғы «аман-есен оралармын, ешнәрсе ойламаңдар» де-

ген сияқты болашағына сенім бар еді. Айтушылар Құрманғазы осы жүрер алдында «Ертең кетем» деген күй шығарған екен. «Ертең кетем» күйінде домбыра кәдігімгідей «ертең кетем» деп сөйлеп тұрғандай дейтін.

216. «Қыз Данайдың қырғыны»

1850 жылдардың басында Құрманғазы жоғарыда айтылғандай күй арқылы қоштасып, тағы да Жайық өзенінің сол жақ бетіне қарай кетеді. (біреулердің айтуынша, Құрманғазы Игіліктің қызы Әуесті алып келіп, ауылда аз болып, үй ішін Жәлел дейтін жамағайынға тапсырып кетеді). Ол Жем өзенінің бойындағы Төремұрат, Нарынбай, Өтен деген батырларға барғысы келеді. Олар етжақын болмағанымен Құрманғазының үлкен әкесінің нағашыларының руынан шыққан болады екен. Бірнеше күн жүріп, Жайықтан, Жемнен аман-есен өтіп Төремұрат, Нарынбай ауылына келеді. Батырлар үйде жоқ, басқа бір ауылда жиын болып, соған кеткен болып шығады. Құрманғазы батырлар кеткен ауылдың шамасын сұрап біліп, онша алыс емес дегесін солай қарай кете береді де, әлгі ауылды тауып келеді. Батырлар өздеріне арналып тігілген үйде екен. Аттарын белдеуден түйіп тастапты. Найзаларын үйге сүйеп қойыпты. Құрманғазы көп найзаның бірін алып, жерге шаншып, соған атын байлай сала үйге кіреді. Күйшінің берген сәлемін ешкім елең қылмайды. Үй ішіндегілер бір әңгіменің қызу жерінде отырса керек. Өлден уақытта Нарынбайдың көзі есік жақта әлі күнге түрегеліп тұрған Құрманғазыға түсіп кетіп: «Уа, жігіт, қайдан жүрсің? Төрге шық!» — дейді. Құрманғазының шөлдеп, түтігіп ерні кезеріп тұрғанын көріп, саптаяқтан қымыз құйдырып береді. Құрманғазы бір зере қымызды көтеріп тастап, тамағын кенеп, домбырасын тақпақтап, өзін өлеңмен таныстыра сөз бастайды:

«Нарын еді жайлауым,
Қиқу салған құсы бар.
Қамысы қалың көлдерім —
Бәрі қалды артымда.
Бала жастан бір жүріп,
Асық ойнап алысқан,
Қатар өскен теңдерім.

Қайран туған топырақ,
Барлығынан уаз кешіп,
Маңдайға түскен тәуелмен,
Төремұрат, Нарынбай,

Іздеп келген ерлерім!» — дей бергенде, Төремұрат: «Сөзің жақсы екен, арғы жағын айтпай-ақ қой, таныса жатармыз, іздеп келсең, іні бол!» — деп Құрманғазының сөзін тоқтатып, шақырып қасына отырғызады. Сол кезде осы күйді шығарған екен.

217. «Алқа»

Құрманғазы жаяулап ел шетіне келіп, бірақ ауылына баруға бата алмай, Жәлел деген досының үйіне келеді. Жәлел Құрманғазыны қойнын ашып қарсы алады. Бірақ күйшінің үй ішінің аман-саулығын айтқанда аздаған әңгімесінің кірбіңін Құрманғазы сезіп қалады. «Ел аралаған сыншы болады» дегендей, Құрманғазының қырағы көзіне ол кірбең ілініп қалады. Сол жерде Құрманғазы тұрып: «Сенің әңгімеңнің түбінде айтылмай тұрған бір жай бар ғой. Несін жасырасың, айт! Біздің үйде бірдеңе болып қалған ғой» дейді. Жәлел біраз уақыт кібіртіктеп, ақыры болған оқиғаны кезегімен баяндайды. Ол күйшінің әкесі Сағырбайдың осыдан екі ай бұрын қайтыс болғанын, осыдан үш күн бұрын Әуес пен емізулі баласы Қазиды Орынбордан солдаттар келіп, қашып кеткен күйшінің орнына «залек» деп алып кеткенін айтады.

Құрманғазы ұзақ уақыт басын көтере алмай, күрсініп отырып қалады. Басынан ауыртпалықтың кетпей қойғанына налиды. Бірақ «уайым түбі — теңіз, батасың да кетесің, тәуекел түбі — қайық, мінесің де өтесің» дегендей, әрең тамағынан өткен асты ішіп болғасын, тұжырымды шешімге келеді. Ол шешмін досына айтып, өзі сол түні шешесіне көңіл айтуға, аман-есен келгенін білдіруге, алған шешімін айтып естіруге үйіне кетеді. Алқа аңырап қалғанын баласына шағып, қанша мықты болғанмен қапелімде бір үйлі жаннан жалғыз өзі ғана қалғанына қатты күңірөнді. Бірақ жақсы көрген баласы Құрманғазының төбесін көргесін көңілі біраз жұбанып, баласының Әуестің соңынан қуу жоспарын мақұлдайды. Тек Құрманғазының енді ешкімге қолын тигізбеуін, басқа қауіп төніп бара жатса,

ешкімге ұрынбауын тілек етеді. Барлық өмірдегі қуанышы мен реніші, сүйінгені мен күйінгені күй арқылы сыртқа шығып барып көңілі бір жерге тоқтайтын Құрманғазы, осы арада тағы рухани жолдасы домбырасын алып, толғанады. Әкесінің өліміне, Алқадай анасының аңырап қалғанына арнап күй шертеді. Бұл күй кейін халық арасында «Алқа» атанып кетеді.

218. «Бұқтым-бұқтым»

Жәлел ауылына жалғас отыратын бір байдың жылқысынан екі атты ұстап алып, бірін мініп, бірін жетелеп, Құрманғазы Әуесті алып кеткен солдаттарды қуады. Көрген кісілердің айтуынша Құрманғазы төтелейді. Ал солдаттар болса жолдан шықпай, бұраңдап жерден ұтылады. Үш күн өткеннен кейін Құрманғазы бір малшылардың айтуы бойынша, отрядтың қоналқыға тоқтайтын жеріне жақындайды. Сайды, жыраны қуалап отырып, солдаттардың қонып жатқан жерінің үстінен шығады. Солдаттардың әбден ұйқыға кеткен кезін аңдып, қос атты ылдиға байлап тастап, өзі жаяулап, айдың астын ала солдаттарға келеді. Олар мылтықтарын ешкінің мүйізі сияқты етіп қалқайтып, бір-біріне сүйеп қойып, шырт ұйқыда қаннен-қаперсіз жатады. Әуес шетіректе алдына баласын алып, еңкейіңкіреп отыр екен. Құрманғазы абайлап ысқырып белгі береді. Әуес Құрманғазының белгісін танып, жыламасын деп Қазидың аузына емшегін салып, қара шапанды бүркеніп, еңкейіп жүріп отырып Құрманғазыға келеді. Құрманғазы Әуесті аттарын қалдырған жаққа жіберіп, өзі «керек болады» деп мылтықтың біреуін алып, аттарына келеді. Сонымен, Құрманғазы Әуес пен Қазиды алып кетіп қалады.

Солдаттар ертемен бір-ақ оянып, Әуестің жоғын көріп, айналадан іздейді. Таба алмағасын қолдарын бір сілтеп кете береді. Орынборға келіп: «Құрманғазының әйелі кішкене емізулі баласымен далада қонып жатқанымызда қашып кетіпті. Біраз жерді шарлап іздедік, таба алмадық, қасқыр жеп қойған болуы керек», — деп ақпар береді. Мылтықты бұл оқиғаға араластырудан қорқып: «бара жатқанда суға түсіріп алдық» дейді. Құрманғазы болса аман-есен ауылына келеді. Солдаттардан Қазиді мен Әуесті ұрлап алып келгенін айтып, Құрманғазы бір күй бағыштайды. Ол күйдің аты «Бұқтым-бұқтым» болады.

219. «Бұлбұлдың құрғыры»

1860 жылдардың басында қызылқұрт, ноғай руларын Дәулеткерей билейді. Әкесі Шығай болғанымен, Дәулеткерей ел билеу жұмысын жақсы көрмейді. Тек «ата заңы» бойынша аз уақыт бұл дәрежеге ие болады. Бірақ Дәулеткерейдің бұл руларды билеуі Құрманғазыға жаман тимейді, өйткені осы жылдарда екі күйші танысады. Бірі — Исатайға бүйрегі бұрған, қызылқұрттан шыққан Құрманғазы, бірі — Бөкейдің кіші інісі Шығайдан туған төре Дәулеткерей болып кездесіп, өмір жағдайында көзқарастары алшақ жатқанымен, оларды жақындастыратын үлкен күш пайда болады. Ол күш — өнер күші, күй күші болып шығады. Бірінші көріскенде бір-біріне қоңыр салқын болғанымен, аз уақытта-ақ бейтаныстық мұз еріп, екі күйші жалпы тілді тез тауып кетеді. Олай дейтініміз — Құрманғазы отырған, жүрген жерлерінде үнемі Исатайдың, Махамбеттің әңгімелерін көп айтады. Қалай дегенде ондай әңгімелер Дәулеткерейге ұнай бермейді. Бірақ кейін Дәулеткерейдің қитығына тие бермейін деп, Құрманғазы ол отырған жерде «бас жаққа» бара бермейді.

Қызылқұрттың жер дауымен бір күні жақсы көретін шәкіртінің бірі Көкбаланы алып, Папастың ауылына келеді, Папас би күйшіні жақсы қарсы алады. Құрманғазының келген жұмысын бітіріп, қызылқұрттың пайдасына мәселені шешіп береді. Әуелі Папас бір күй тартады. Күй Құрманғазыға қатты ұнайды. «Мынау не деген күй еді, тым сайрап тұр екен?» дейді Құрманғазы. Папас күйдің атының «Бұлбұл» екенін айтады. Құрманғазы сол арада бір күй тартады. Енді күйдің атының не екенін Папас сұрайды. Құрманғазы: «Бұл менің бұлбұлым еді» дейді. Сонда Папас тұрып: «Жоқ, аға, мынау бұлбұл емес, бұлбұлдың құрғыры ғой», — дейді. Содан келіп бұл күй «Бұлбұлдың құрғыры» атанып кетеді.

220. «Айда бұлбұл, Айжан-ай»

Дәулеткерей өзінің әкімшілік жұмысын жиып қойып, енді біраз уақыт Құрманғазымен бірге ел аралап, күй тартып жүреді. Бір осындай сапарда екі алып сол өңірге атағы шыққан Айжан қыздың үйіне барады. Ол өзінің көпке жайылған «Айжан қыз» атанып кеткен күйін тартады. Құрманғазы Айжанның тар-

тысына риза болып кетіп, қолына домбырасын алып, бір жаңа күй шертеді. Папас тұрып: «Құреке, мынауыңыз бұрын-соңды естілмеген күй екен, аты не болады екен?» дейді. Құрманғазы: «Бұл мына Айжан бұлбұлға шығарғаным ғой!» — дейді. Сол арада Папас: «Онда бұл күйдің аты «Айда бұлбұл, Айжан-ай» болсын», — деп күйге ат қойса керек. Құрекеңнің күйіне риза болған Айжан сол арада домбыраға түсіріп алады. Осы жүргенде Құрманғазы Папастың «Жігер» күйін әлденеше рет естіп, аса риза болады. Бірақ творчестволық кезеңнің ең бір көңілді тұсына келгеннен бе, Құрманғазы «Жігерге» еліктеп, өзі бір күй шығарады. Ырғақтық жағынан Құрманғазының «Жігері де» Папас вариантына ұқсайды. Бірақ күйдің динамикалық құрылымы мүлде басқа болады.

221. «Назым»

Құрманғазының соңғы жылдары табылған «Назым» атты бір күйі бар. Күйді бізге берген адам оның шығу тарихы жөнінде ештеме айтпады. Дина бір әңгімесінде былай баяндаған: «Құрекең Көкбаламен екеуі бір жақтан келе жатқанда бір моланың басына жиналған көп қараны көреді. Келсе, ол адам тобы екен. Ол адамдар осыдан бірнеше сағат бұрын ғана кететін өлген бір адамды көмгелі жатыр екен. Сұрастыра келгенде өлген қыз болып шығады. Ол күндіз бір асау аруананы сауамын деп, көнек қойған тізесін көтеріп, оң жақ қолын нардың артқы аяғынан орай бергенде, ол қызды тақ жүректен теуіп қалады. Қыз шалқасынан құлап, содан кейін есі кірмейді. Денесі суып, демалысы білінбейді. Ата-анасы зарлап «о, дүниеге кетті» деп көр қаздырып, жаназа оқып, бейіт басына алып келіп көмгелі жатқаны осы болып шығады.

Құрманғазы түрмеде неше түрлі адамдармен кездесіп, «өлудің» неше алуан кезеңі болатындығынан хабары бәрі есіне түседі. Ол әсіресе қазақ ауылында талып қалған не қатты ұйқыға кететін жайларды білмей, күтпей көме салудың барын біледі. Сондықтан жиналған топқа қарап:

— Бір-екі сағат тоқтай тұрыңыздар, мүмкін бұл қыз өлмеген болуы керек, асығыстық дұрыс болмайды, — дейді. Тұрғандар бұл сияқты бұрын-соңды естімеген «сұмдыққа» сеніңкіремей бастарын шайқайды. Әсіресе араларында тұрған молда:

— О, кештен, бұ кешке шейін өлген жанның қайта тірілгені жоқ, ондай сөз айтып күпір болмаңыз! — деп жолатпайды. Құрманғазы ашуланып молдаға:

— Сірә, сен бірдеме алып қойып, соны қайта құсамын ба деп қорқып тұрған шығарсың, амандық болып қыз тірілсе, сол бергенді қыздың садақасы деп сенен алмай-ақ қояйық! — деп молданы тоқтатады. Қыздың ата-аналары:

— Алыс сапардан келе жатқан жолаушылар екен. Көпті көрген адамдар шығар, аялдай тұрыңдаршы! — деп көздерінің жасын тағы бір төгіп алады.

Осылай көпшілік тоқырап тұрған кезінде кебін қозғалғандай болады. Құрманғазы жүгіріп барып жүрегін басып, тыңдап: «Шүйінші, жаны бар!» — деп айқайлап жібереді. Өзі жанындағы торсығынан қыздың аузына су тамызады. Қыз біртіндеп дүниеге ене бастайды. Баяғы молда: «Астапыралла, Астапыралла!» — деп топты айнала жүгіріп, ақыры ауылға қарай қаша жөнеледі. Басы Құрманғазы мен Көкбала болып, молданың жағдайына біраз күліп алады. Бұл кезде қыз да әлсіз түрде көзін ашып, аң-таң болып айналаға қарайды. Әке-шешесі «қорыққан мен қуанған бірдей» дегендей, тағы да біраз жылап, тостағандарын жуып алады.

Қызды ауылға алып келіп, туысқандары үлкен той қылып, ат шаптырып, балуан түсіріп бір жетідей мерейлейді. Қыздың әке-шешесі Құрманғазы мен Көкбаланы бірнеше күн қонақ етіп қатты сыйлайды. Көптеген күй тыңдап мәз болады. Кетерінде қыз Құрманғазыға: «Сіз менің екінші әкем болдыңыз, сіздің арқаңызда мен екінші рет дүниеге келдім, өмірбойы сізді ұмытпаймын», — деп құшақтап жылап жібереді. «Менің көзімдей көріп жүріңіз», — деп өзінің ең жақсы көретін сары ат деген арғымағын Құрманғазыға жетелетіп жібереді. Ал Құрманғазы оған арнап күй шығарады. Айтушылар сол қыздың аты Назым екен дейді. Мына қыз сол «Назым қыз» болып та аталатын еді дейді. Бір әңгімеде Құрманғазы қызды көміп кеткен бойда келіп, бейіттен бір дауыс шыққандай болып, жаңа салған топырақты күшті қолмен қазып, қызды көрден алып шығып тірілтеді делінеді. Әрине, бұл сияқты аңызға айналған әңгіменің бұтақтары көп болады емес пе, оның бәрін бірдей келтіріп жатпадық.

222. «Бозшолақ»

Құрманғазы алпысыншы жылдардың ортасы ауғанша Жиделіде жүріп қалады. Оған себеп болған күйшінің Папаспен достасуы болады. Уақытша советке қадірлі Папас үндемесе де оның төреден шыққан туысы, ақсүйектігі Әубәкір сияқтылар бата алмайтын қорған болады. Бірақ Құрманғазының соңынан қалмайтын Әубәкір күйшінің тағы бір жақсы атты болғанын естіп, адамдарын жіберіп бір түнде сары атты ұрлатып алдырады. Атын іздеп барған күйшіні Әубәкір сөгіп: «саған жақсы ат неге керек? әуелі анау құрым киіз жапқан үйінді неге ағартып алмайсың, Құрымбай мырза!» — деп кемсітеді. Онымен қоймай қарсыласар ойы да жоқ тып-тыныш тұрған Құрманғазыны қапылыста жігіттеріне ұстатып, сілейтіп сабап, естен тандырып тастайды. Түн ортасында ғана көзін ашқан Құрманғазы үсті-басы көк ала қойдай болып үйіне келіп, қалай кегін алуды ойлайды.

Әуелі бейбіт жолмен көрейін деп, Құрманғазы Әубәкірдің сыйласы дегенмен, Шыман төренің баласы Жаншаға барады. Құрманғазының ойынша, Жанша өткен оқиғаны есіне алмас, бұл жасы келіп, дәрежесі көтеріліп тұрған кезінде мейірімі түсер дейді. Бірақ Жанша сау күніндегі әдетіне басып, Құрманғазыны балағаттап қуып жібереді. «Бай байға құяды» деген осы екен ғой деп, Құрманғазы қайтып бара жатып, Шыман әулетінің жылқысынан іріктеп елу атты қуып кетеді. Бұхараның ашуынан қорқып қалған, көлеңкеде өскен ақсүйектер Құрманғазының соңынан батып қуа да алмайды. Бірақ «Жараның ауызына тұз сеуіп қайтемін», — деп Құрманғазы Шыман тобының аттарын ауылының қасына алып келіп, қуып тастап, өзі біраз желшініп өшін алғандай болады. Кейін Әубәкірдің қойған аты «Құрымбай» есіне түсіп, «қанды ауыздан шыққан сөз екен, ізсіз қалмасын» деп өлең шығарып:

Сұрасаң менің атым Құрымбай-ды,
Жайықтың суы маған жұрындай-ды.
Шыманның елу атын бір айдадым,
Құрымбай жай адамға ұрынбайды» дейді.

Құрманғазының бұл өлеңі халық арасына кең таралып кетеді. Шыман әңгіме болған жерде осы өлең айтылмай қалмайды екен деседі.

Әубәкір досы Жаншаны бір тізе бүктірген күйшінің бұл ісіне қатты ыза болады. Құрманғазыны қалайда тыныш жүргіз-

беуге уәде береді. Өзінің пікірлес бір старшынымен бірігіп: «Құрманғазы қоғамға қауіпті адам» деп сол кездің жек көретін адамына қолданатын қаруы — «бейбіт үкім» жасап, күйшіні Үркітке айдататын болады. Оны естіген Құрманғазы тағы амалсыз тасаланады. Әубәкір жиырма старшынға боблік шашып, Құрманғазыны табылса, ұстау керегін білдіреді. Бірақ старшын біткеннің бәрі де «Құрманғазы біздің қарауымызда жоқ» деп хабар береді. Олардың ішінде орта дыбыс станцияның депутаты Бердінов, Бекболат Ұстыбаев, Жантілесов, Наурызәлин тағы басқалардың аттары аталады.

Күндердің күнінде Әубәкір Құрманғазыны ұстатып айдатады. Күйшіні Саратовқа дейін жай арбаға мінгізіп алып келеді. Арбаға шеккен Бозшолақтың еріксіздік жағдайын тақырып етіп алып, Құрманғазы күй шығарады. Күйдің аты «Бозшолақ атты боқ дүние» болады. Кейін күй «Бозшолақ» атанып кетеді. Құрманғазы бұл күйде Бозшолақтың жүрісінен бастап, өзінің еріксіздік халін суреттейді.

223. «Терезеден-есіктен»

Құрманғазы Үркіт түрмесінде біраз жатып қалады. Бұрын әлденеше рет қашып кеткені жазулы болғаннан ба, күйшіні мұнда тіпті қатты ұстайды. Басқасын былай қойғанда оның не істеп отырғаны үнемі аңдулы болады. Терезеден де, есіктен де сығалап қарап, мінез-құлқының бәрі қарауылшылардың алақанында болады. Құрманғазы күзетшінің біреуі әкеліп берген ескі домбырасын икемдеп алып, тағы күй шертеді. Өзін күндіз-түні терезеден-есіктен аңдыған адамдардың мінезіне арнап «Терезеден-есіктен» деген күй шығарады. Құрманғазының домбыра тартысы тұтқындарға ұнайды, бәрі жабылып түрме бастығымен сөйлесіп, Құрманғазының домбыра тартуына рұқсат алады. Осының бәріне жәрдемдескен Сергей деген орыс досы болады. Ол Құрманғазының өмірбаянын сұрап, күйшінің шатпақтап айтқанымен шет жағасын болса да түсінеді. Сергейдің іштартқаны бірден Құрманғазыға сезіледі. Сол күннен бастап Құрманғазы Сергейден сырын жасырмайды. Бір күні батылы жетіп, Сергейге өзінің қашуды ойлап жүргенін айтып, одан ақыл сұрайды. Даладан жұмыс істеп кешеуілдеп қайтып келе жатқанда серігі Құрманғазыны есебін тауып кейін қашырып жібереді.

224. «Қазижан»

Құрманғазыны тағы бір ауыр оқиға күтіп алады. Жалғыз баласы Қазиды қатты ауырып жатыр екен. Бұл жағдай күйшінің жанын қозғайды. Баланың уайымымен үйінде астың жоғын, тұрмысының қиындығын да елемейді. Бірақ Құрманғазының тілегі болып, Қазиды көп уақыт төсек тартып жатып, әйтеуір беті бері қарайды. Әбден арықтаған бала енді тез оңалып кету үшін жақсы тамақ керек болады. Оның үстіне көп уақыттан бері күйшісің сағынған ел адамдары, достары ағылып келе береді. Баласына да, келген-кеткен қонақтарына да Құрманғазы тамақ, қонақасы тауып бере алмайды. Өйткені, Алқа мен Байғазының жиған-терген қара-құрасын баяғы Әуесті құғанда Құрманғазының мініп кеткен екі атының иесі, бай сыпырып алады. Сөйтіп, күйшінің үй-іші тек өлместің күні ғана болып күнелтіп отырады. Басқасынан бұрын Құрманғазыға қонақтарын, достарын разы қыла алмағаны батады. Пәлен жасқа келіп ақ-қараны, өмірдің небір соқпағын да, тоқпағын да көріп, қаншама ыстық-суыққа көмпісті болғанымен, мына бір жағдай күйшінің жанын қаттырақ тербетеді. Қонақтары кеткесін Қазидың жанына жайлап, ыңырсып:

— Сұрасаң менің атым Құрманғазы,
Құтқармас қашса қоян құмнан тазы.
Үйіңе досың келіп құры аттанар,
Қайтейін кедейшілік малдың азы.

Күреңнің тобығынан тарттым таңба,
Бай менен бас имедім биге, ханға.
Арықтап сары аурудан тұрғаныңда,
Ас тауып бере алмадым Қазижанға.

Айтайын айт дегенде өлеңімді,
Білемін бір күн барып өлерімді.
О да бір маған берген бақыт шығар,
Кетейін жайып жұртқа өнерімді.

Қүрекең ұшқан құсқа мылтық атқан,
Жігітке жараспайды үйде жатқан.

Кешегі буырқанған кезеңімде,

Байларды қабан едім зар жылатқан, — деп домбырасына қосылып әндетеді. Күй тартады. Бұл күй ел арасында «Қазижан» атанып кетеді.

225. «Павескі»

Жетпісінші жылдардың аяғы жақындайды. Бұл кезде бұрынғы Құрманғазының соңына түсіп жүргендердің бірқатары өледі. «Біреулері Құрманғазы енді осы жолдан келер деймісің», — деп күдерлерін үзіп, жәйбарақаттанып қалады. Осындай жайлардың нәтижесінде Құрманғазы кәдімгідей тыныштық дәрежеге енді шындап енгендей болады. Үй іші де тынышталып, жадыраңқы өмірге жаңа енгендей, «ұһ» деп демдерін алғандай болады. Қазидың дерті де әбден айығып, әкешешесін қуантады. Өмір бойы бұл үйдің төбесін бүркеген бұлт ыдырап, күн көзі көріне бастағандай сезім үй іші адамдарының бәрінің де басында болады. Осындай жайма-шуақ күнде кенет тағы да дауыл тұрып, Сағырбайдың қараша үйін тағы да қобалжытады. Бір старшын ойда-жоқта Құрманғазыға бір қағаз алып келеді. Ол қағаз Астрахан генерал-губернаторы кеңесінің Құрманғазыны шақыртқан қағазы болады. Павескіні алып, бармай қоюға қорыққан кісідей болармын деп, Құрманғазы тағы жолға жиналады. Кетерінде әдетінше қолына домбырасын алып, күй тартады. Тыңдаушылар сұрауына Құрманғазы: «Бұл күйдің аты «Павескі» (повескі) болсын», — дейді.

226. «Саранжап»

Халық арасында әңгімелер бойынша, Құрманғазыны генерал-губернатор түрмеге жауып тастайды. Түрмеде күйші қалмақтың батыры Саранжаппен танысады. Саранжап өзінің ру басыларына бір нәрседен жазып қалып, оны осы араға алып келген екен. Екеуі ақылдасып көп ұзамай есебін тауып, Астрахан түрмесінен қашып кетеді. Олар Астраханнан 50 шақырым жердегі Ерғали Есжанов деген адамның үйіне келіп паналап, екі айдай жатады. Ерғали аздап оқығаны бар, орысша білетін көзқарақты адам екен. Өзі дарынды домбырашы Ерғали Құрманғазыны бұрыннан сырттай-ақ ұстаз ететін. Бақытсыз-

дық жағдайымен үйіне келген Құрманғазыны әкесіндей күтеді. Осы бір кезеңде шыққан көптеген күйлерін үйретеді. Саранжап та күйшімен бірге болып, аздап тыныққасын еліне кететінін айтады. Құрманғазы сол арада: «Мынау саған арнап шығарған күйім еді. Екеуіміздің бірге болғанымыздың естелігі болсын», — деп бір күй тартады. Ел арасында ол күй «Саранжап» атанып кетеді.

227. «Төремұрат—Нарынбай»

Төремұрат айналаға қарауыл қойып, көптеген мал сойдырып «Қызданайды екінші рет алғанымның тойы» деп, үлкен той жасайды. Тойдың көптеген бәйгелерін тағы Құрманғазы алады. Кешке ойын басталғанда баяғы киік атыста, алтынқабақта жеңіліп жүрген батырлардың жігіттері қорлығы өткен Құрманғазыдан өш алмақ болып, Шөкен деген қызды азғырып, оған бір-екі ауыз өлең үйретіп, Құрманғазыға қарсы айттырады. Ойында ешнәрсе жоқ күйшіге қылымсып Шөкен қыз келіп: «Жиен аға, айтысайық!» — дейді. Құрманғазы қарсы алмауға арланып, «болсын» деуі-ақ мұң екен, кезек те сұрамай, Шөкен бастап кетеді:

Байлардан қазық қалады қонған жерде,
Түлкінің еті қалады сойған жерде.
Ішкен ас, сый-құрметті олжа көріп,
Жүресің төбет иттей тойған жерде.
Сен жүрген бір «боз қаңғыр» біздің елде,
Шет жерде әлін білмей әлек болған,
Сөзім шығын болады-ау сендей кемге», — деп

өлеңдетеді.

Құрманғазы бұл әңгіменің түбінің қайдан шыққанын сезеді. Қыздың өз қара басынан мұндай ауыр сөз шығатынының ешбір реті жоғын біледі. «Жетім бала — кекшіл» дегендей, қыздың сөзі өңменінен өткендей болады. Домбыраға қосылып, қалайда жауап беру керектігін ойлап, шырқап кетеді:

«Шыға алмай жаман жүреді туған жерде,
Қайда да ер жүреді сыйған жерде.
Сайрандап сары даланы кетсем кезіп,
Өнерпаз атым шықты сіздің елде.
Теңедің кемітем деп мені итке,

Адасқанның өзіне алды жөн де.
Азғырған біреулердің тіліне еріп,
Құрбыжан тілім тисе, артық көрме.
Қонақ көрген көргенді елдің қызы,
Ауылыңа келген жұртқа «тиістің» неге?» —
дей бергенде Нарынбай сезіп қалып, айдап салып отырған жігіттерді алдына шақырып алып, қамшының астына алады. Ойынның қызығы бүлінеді. Төремұрат, Нарынбай, Қызданай үшеуі Құрманғазыны үш жағынан жұбатып, ақыл айтқанымен, күйшінің көңіліне бір түйін түсіп, ойынды қалай қыздырамын дегенімен, бұл кеште Құрманғазы сырттай ғана жарқылдап, іші түтін болады. Нарынбайдың ашуынан зәресі ұшып кеткен Шөкен қыз қаша жөнеліп, енді ойынның қарасын да көре алмайды. Ойын тараған соң, Құрманғазы жатқан үйіне келіп, көрер таңды көзімен атқызады. Ертеңінде батырлардың алдында тағы бір күй тартып, оның атын «Төремұрат — Нарынбай» атайды. Қоштасып, батырлар берген арғымақ атты жетекке алып, Бөкейге қарай жол тартады.

228. «Амандасар»

Құрманғазының Төремұрат — Нарынбайға баруын біреулер басқаша айтады. Ел ауызындағы нұсқа бойынша, Құрманғазы жоғарыда айтылғандай басқа ауылдан батырлар тауып алып, сәлем беріп кіріп барғанда ешкім назар аудармаған соң, қолындағы домбырасын алып, тізерлеп отыра қалып, бір күй тартады. Домбыраның даусы шығып бастағанда-ақ, дуылдап отырған көп тына қалады. Құрманғазы да оларға қарамай, күйдің ырғағына жаны билегендей өзімен-өзі болып кетеді. Күйде неше алуан сыпайы үндер, оның арасында жалғыз атты жолаушының салған әні секілді дыбыстар кезектеседі. Құрманғазы күйді аяқтаған кезде Нарынбай тұрып: «ау, жаным, қайдан келдің? өңгімемен байқамалпыз ғой, жоғары шық», — депті дейді. Құрманғазының сол арада тартқан күйін көпшілік сұрап болмаған соң, қайта орындап, күйдің аты «Амандасар» еді десе керек.

229. «Боз қаңғыр»

Құрманғазы кенеттен кетіп қалғанымен жолшыбай батырларды сағынады. Олар жөнінде бала Ораз ақынның:

«Төремұрат, Нарынбай,
Өте дегдар ерлерім.
Сол ерлерім барында
Қолдан намыс бермедім,

Құлшылыққа көнбедім...» — деген толғауын айтып, біраз уақыт жақсы өткен күндерін есіне түсірді. Бірақ баяғы Шөкеннің «боз қаңғыр» дегені көкейінен кетпейді. Бір жерге тоқтап демалып, ойланып, домбырасын алып күй шертеді. Қаншама қадірлі болып жүргенімен бір шөпжелке сөзінің мұншама ауыр тигені деп, өзінше осы оқиғаны да ізсіз тастамайын дегендей тағы бір шытырманды дүниеге келтіреді. Ол күйдің атын өзі «Боз қаңғыр» қойды. Кейінгі кездерде бұл күйді ойнағанда күйдің туар тарихын айтып отырады екен.

230. «Арба соққан»

Осы кезде өздерінің жоғалған бір бөлек аттарының іздері Бөкейге қарай кеткені үшін, баяғы шыққан қызылқұрттың ұрылары алған болуы керек деп, елдің қазақ әскерлерінің жіберген қарулы отряды қызылқұрттың көп жылқысын қуып кетеді. Ондай бұзақылыққа шыдай алмаған Құрманғазы інісі Байғазы және басқа жеті-сегіз кісіні алып, Гилинин мешітінің азаншысы болып тұрған бұрынғы қазақ-орыс Сейтқұловтардың тоғыз жылқысын қуып кетеді. Бұл жөнінде Сотник Черноморсков рапорт түсіріп, Құрманғазының істері шекаралық комиссия уақытша совет және Орынбор генерал-губернаторлығының араларында жүреді. Бұл 1857 жылы болатын, бірақ архивтік деректердің бірінде, бұл іс сол кездегі Орынбор генерал-губернаторы Перовскийдің бұйрығы бойынша қысқарады.

Ауызша деректер бойынша, Құрманғазыны осы сапарда тағы ұстап, айдап Орынбор түрмесіне салады. Жолда кетіп бара жатып Құрманғазы «Арба соққан» деген тағы бір күй шығарады. Бұл күйде сырттай аты «Арба соққан» болғанымен, онда арбаның салдыры, ат тұяғының тасырлы, дауысы, талған куердің дыбысын бермейді. Мұнда күндіз-түні ағаш арбаның үстінде шаршап, езіліп, еріксіз елінен айырылып, тағы айдауға кетіп бара жатқан адамның жан дүниесінің ауыр жайы бар.

231. «Қызыл қайың машина»

Халық ауызында Құрманғазының «Қызыл қайың» күйінің шығуы да осы кезеңге жатқызылады. Аңыз бойынша, Құрманғазы осы қашып келе жатқан сапарында иен далада жалғыз өскен қызыл қайың бұтағын жамылып отырып, қуғыншылардан аман қалыпты дейді.

Кейін: «Менің елім де, жерім де, ағашым да, бұтағым да пана екен, анадай қойнын ашып жапырағын жауып паналатқан қызыл қайыңға арнап едім» деп орындаса керек.

Күйшінің осы сапарында туған шығармасының бірі — «Машина».

Қазақтың құлазыған кең даласымен салыстырғанда, қаланың өмірі ритмді қозғалысы, у-шуы, әрине, мүлде басқаша, міне, қыдырман Қазының «Машина» күйі осы айтылған қала өмірінің суретін береді.

Арбаның доңғалағындай сырғып, тез өтіп жатқан қала өмірін, Құрманғазы машинаның доңғалағының айналуындай тез жүріс ырғағымен береді. Әрине, күйде біз айтқан турасынан-тура сурет жоқ. Бірақ кідіріссіз қозғалыстың кейпі бар. Даланың асықпайтын баяу өмір сазына қарсы келетін, қозғалыс кейпі бар.

232. «Адай»

Құрманғазы жолаушылап келе жатып бір Адайдың үйіне түседі. Үй ішінде шал мен кемпір болады. Қай жерден, қай елден келе жатқанын, толық аты-жөнін Құрманғазы ашық айтып бере қоймай, қазақ әдетіндегі «сүйрей салмамен» жүрген жерінің иттен, құстан амандығын, басқа «алды-салдының» естілмегенін, ат-көлігінің аман екендігін, «Құдайы қонақ» екендігін айтумен тоқталады. Бір кезек үй иелері шаруалары болып далаға шығып кетеді. Осы кезде Құрманғазының көзі керегенің басында ілулі тұрған үкілі сары домбыраға түседі. Домбыраның үкісі — оның иесінің не қыз, не сал мен серінің бірі екенін ескертеді. Қаншама ұзақ жол жүріп шаршап келгенімен, домбыраны көргенсін, оны ұстап қарағысы келіп, қолына алып, бір-екі қағып, әдейі «теріс бұрап», бұрынғы орнына апарып қайтадан іліп қояды.

Біраз уақыт өткеннен кейін кемпір мен шал, он жеті-он сегіз жас шамасындағы қыз кіреді. Қыздың аты Ақмаңдай екен. Ол келісімен-ақ, төрде отырған қонаққа көзінің қырын да сал-

май, бірден керегенің басындағы домбырасын алып, тартуға айналды. Бір-екі қаққансын-ақ, домбырасының бұрауының өзгергенін сезіп:

— Мынаған кім тиген? — деп әке-шешесіне қарайды. Олар не дерін білмей, «жазықты осы болар-ау!» дегендей төр алдындағы күйшіге қарайды. Ақмаңдай енді қайталап сұрамай домбырасын бұрынғы өз бұрауына түсіріп, бір күйге кірісіп кетеді. Ақмаңдай күйдің аяғына шыққан кезде Құрманғазы қызға қарап:

— Шырағым, күйдің шоғын тартпай, боғын тарттың ғой! Домбыраны бері берші! — дейді.

Күтпеген жерден мұндай әңгіме есіткен Ақмаңдай, екі көзі күйшіде болып, домбырасын Құрманғазыға қалай ұсынғанын сезбей де қалады. Кемпір мен шал аң-таң болып, «бұл өреде Ақмаңдайдың домбыра тартысы жөнінде ешкім бір ауыз сөз айттып көрген жоқ еді, бұл «жер астынан екі құлағы тік шыққан қандай жік» екен дегендей біріне-бірі қарай береді.

Құрманғазы бір күйді тартып болған кезде үй адамдары біріне-бірі сыбырлап, бұрын-соңды бұл айналада Ақмаңдайды домбырадан сүріндірмей келгендерден емес-ау, тартыс шоқтығы тым биік екен дегендей, бір жағынан жұмбақ қонақты шырамытқандай, баяғы ашудан тыс жылы шыраймен күле қарап:

— Шырағым, домбыра тартысың біздің бұл араның тартысына ұқсамайды. Қызылқұрт Құрманғазы деген бар деп еді, сен соның өзі емеспісің, «аяқ алысың» әләй екен тым, — дейді.

Құрманғазы мұртынан күліп:

— Болсақ, болармыз, — деген екен.

Енді үй-іші болып қолқалап, Құрманғазыға қайтадан домбыра тарттырып, бірнеше күн жатқызып қонақ етіп, сый-құрметпен аттандырады.

233. «Ақсақ киік»

Көпке белгілі Құрманғазының «Ақсақ киік» күйі де осы сапарда шығыпты деген аңыз бар. Төремұрат, Нарынбай ауылында жүріп киік атуға шыққанда үшінші киікке оқталарда Құрманғазы: «Киіктің қай жерінен тигізейін?» — деп сұрапты дейді. Сонда батырдың жолдастарының біреуі осы тигізе қояр деймісің дегендей: «Аяғынан» дей салыпты. Сонда Құрманғазы киіктің артқы аяғынан тигізіп, киік үш аяқтап ақсаңдап,

қаша жөнелсе керек. Қожаңдап «қуамын» деген жігіттерге Құрманғазы ұлықсат етпейді. Өзі домбырасын алып сол арада бір күй шертеді. Құрманғазының сырына әбден қанған Төремұрат күйшінің қасына ешкімді жібермей, әбден домбырасын аяқтап болғанда ғана өзі барып: «Жиенжан, бұл арада тағы бір нәрсе туып қалды білем, атын қойдың ба?» — деп сұрайды. Сонда Құрманғазы біраз кідіріп, қуанған емес, күйінгендей келбетпен:

— Нағашыке, жаралының бәрі жаралы, жанның бәрі бірдей, өмір үшін күресте кімге оқ дарымайды? Біздің тұсымызда жаралы жан жалғыз киік пе? Атпайын-ақ деп едім, сіздің мына бір жігіттеріңіздің қыздырма сөзімен аттым. Анау ақсап кеткен киіктей жаралыларға арнадым бұл күйімді. Аты — «Ақсақ киік» депті дейді.

234. «Балқаймақ»

Құрманғазы Жем бойынан қайтып келе жатып бір қараша үйге түседі. Үй жапан далада жалғыз болады. Үйдің қасында бір саулы інген боздап жүреді. Құрманғазы үйге кіргенде, бір бойжеткен қыз ибамен сәлемдеседі. Күйші алыстан келе жатқан жолаушы екенін, қатты шөлдегенін айтады. Қыз жалма-жан мосы ағашын көтеріп, күйе басқан қара шәйнекті асып, от жағады. Шайы қайнағанша далада жүрген інгенді көс-көстеп шақырып алып, сауады. Інген сүтін құйып қыздың берген шайы Құрманғазыға аса ұнайды. Шөлдеп келген жолаушы бір өзі бір шәйнек еңсереді. Әбден өзіне-өзі келгенсін Құрманғазы қолына домбырасын алады. Қыз да қонағының тыныға бастағанын біліп, енді бір таза ауа жұтсын дегендей іргенің көлеңке жағын түреді. Құрманғазы күй шертеді. Аяқтап болған кезде қызға қарап: «Сіздің берген шайыңыз әншейін шай емес, маған балқаймақтай болды. Осы күйімді сізге арнадым. Балдан тәтті шай бергеніңіз үшін күйдің атын «Балқаймақ» қойдым», — дейді.

235. «Кедей зары»

Арқадан Жем-Сағыз арқылы еліне қайтқан Құрманғазы жолшыбай бір ауылға соғады. Ауыл шетіндегі қараша үйдің жанына келіп, сырттан дыбыс береді, бірақ іштен ешқандай

жауап болмайды. Қайта қамығып, зарлап жылаған қайғылы үн естіледі. Бұл не жағдай екенін білмекші болған Құрманғазы үйге кірсе, егіліп жылап отырған кемпірді көреді.

Құрманғазы әлгі кемпірмен амандасып, хал-жағдайын сұрайды. Сонда кемпір:

— Жалғыз балам бар еді. Оған еліміздегі биіміз «атымды ұрладың» деп жала жауып, шабармандарына дүре соқтырып, сойылға жықты. Сол балам ақыры қамшының зардабынан қаза тапты. Енді осы үйде жалғыз қалып, зарлап отырған қу баспын, шырағым, — дейді. Ананың қайғысына ортақтасып:

— Жыламаңыз, шеше, жылағанмен кеткен адам қайта келмейді. Ел, жұрт, ағайын аман тұрса, сіз де қиыншылық көрмессіз, — деп Құрманғазы оны жұбатады.

Қарт ананың қайғысын өз көзімен көрген күйші:

— Сорлы болған кедей, бөрінің де күйі осы ғой, — деп, «Кедей зары» атты күйін толғана тартыпты.

236. «Көбік шашқан»

Жаздың тамылжыған ыстық күндерінің бірі. Аңызактан шөліккеген Құрманғазы бір ауылға кездесіп, ауыл ортасынан шеткері, көгалға тігілген ақбоз үйге қарай атының тізгінін бұрады. Үй сыртына жақын келіп, ішке дыбыс береді. Үйден осы ауылдың түйешісі Жиенәлі шығып, Құрманғазыға амандасады. Құрманғазы оның сөзінен бұл Әділеке төренің отауы екенін біледі де:

— Шөлдеп келе жатырмын, сусындап шығуға рұқсат болар ма екен? — дейді. Сонда Жиенәлі:

— Жарайды, ханымға барып айтайын, — деп үйге қайта кіргенде, төрде отырған ханым:

— Үйдің қожасы жоқ, түсуге болмайды! — дейді дауыстап.

Сыртта тұрған Құрманғазы бұл сөзді естігеннен кейін ауылдың батыс жағына жағалай қонған кедейдің қараша үйлеріне қарай жүре береді. Бір үйдің жанына келіп, «осы ауыл үйінің төрін бермесе де, көлеңкесін беретін шығар» деп атынан түсіп, киіз үйдің көлеңкесіне отырады. Үй иесі жарлы болса да, өзінің шамасына қарай күйшіні күтіп алады.

Құрманғазы біраз тыныстап, енді кетпекші болып сыртқа шыққанда бие сауынынан қайтқан байдың қыз-келіндерін кө-

реді. Қолдарында бір-бір шелек толы сүт, көбігі бұрқырап, төңселген жүрістен жерге төгіліп келеді. Мұны көзі шалған Құрманғазы домбырасын алып, бір күйді төгілте тартып жібереді. Домбыраның бұлбұлдай сайраған әсем сазын үй иесі де, шуылдасып келе жатқан қыз-келіншектер де ұйып тыңдай қалады. Құрманғазы күйін бітіргенде қасында тұрған үй иесі:

— Қонағым, бұл тартқаныңыз қандай күй? — деп сұрайды.

— Ой, ағатай-ай! Бұлар байлыққа белшесінен батып, иті май жемей отырса да, сұрағандарға сүт түгіл, бір жұтым су да бермейді. Олар сүт пен қымызды сіз бен біз секілділердің ішкенінен көрі, жерге төгілгенін жақсы көреді. Анау, сүтті жерге төгіп келе жатқан байдың ақылсыз қыз-келіндерін мазақтап, қайран қор болған қымызға шығарған «Көбік шашқан» атты күйім, — депті Құрманғазы.

237. «Құрманғазы»

Құрманғазы бір байдың аулына қыдырып келіп, оның үйіне түспек екен. Байдың қызы Құрманғазы келгенде бие саууға шығып кетіп, келгенсін, Құрманғазы қолына домбырасын алып, «Бие сауған» деген күй тартқан екен. Қыз да домбырашы екен, түсініп қалады да, ол да домбырамен күй тартады. Екеуі де бірнеше рет күй тартып жеңісе алмай отырғанда, Құрманғазы жата қалып, башпайымен күй тартып қызды жеңеді. Бай Құрманғазыға жақсылап қонағасы беріп, ат-шапан беріп, сол ауылда бірнеше күн болып, домбыра тартып басқа ауылға аттанған екен.

238. «Қашқындық жолы»

Құрманғазы отыз орыс өлтіріп, хан оны «Құрманғазы жүрген жерінде ұсталсын» деп бұйрық берген екен. Құрманғазының руы қызылқұрт екен. Содан Құрманғазы қашып жүріп бір күні Төремұрат батырдың үйіне келіп, оған қызметке жүргісі келетінін айтқан. Төремұрат жүруге ұлықсат еткен. Сонда қызмет істеп жүре береді. Оның кім екенін білмейді. Төремұраттың жолдасы аңғарғыш адам екен, Құрманғазының тегін жүріспен жүрмеген адам екенін біліп бір күні Төлемұратқа:

— Батыр, осы қараңнан (Құрманғазы арық, ұзын қара кісі екен) қорқам, тегін адам емес, осының оңайын сұрап, ұлықсат

бергенің мақұл, өйткені бір кесірі тиер, — дейді. Төлемұрат бір күні Құрманғазыны шақырып алып:

— Ал, шырағым, сен қайдан жүрген кісісің, жөніңді айтшы? — дегенде: — Менің атым Құрманғазы. Отыз орысты өлтіріп, қылмысты болып қашып жүрмін. Хан «ұсталсын» деген еді, соған қашып жүрмін. Сізге паналап келдім, — дейді.

— Ол айтқаның дұрыс. Мен сені қолымнан келгенше паналатамын, бірақ ханға күшім жетпейді. Өлім деген руда екі батыр бар. ... Сол екеуі осы күнге дейін ханға дұрыс бағынған жоқ. Хан да оларға бата алмайды. Сол екі батырға бар, солар паналар, — дейді.

Құрманғазы күрең атына мініп, сол екі батырға келіп: «Сіздерге қызметке жүрейін деп едім», — дейді. Батырлар келісіп жылқы бағуға жұмысқа алады. Құрманғазыға «арық қара» деп ат қояды. Сөйтіп жүргенде Кіші жүзде бір той болып, соған сауын айтады. Соған екі батыр екі көк мойнақ ат жаратады. Және Құрманғазыға:

— Арық қара, мына күрең атыңның мүшесі тәуір екен, бәйгіге қоспайсың ба? — дейді. Сонда Құрманғазы:

— Қоссам қосармын, — дейді де жүре береді. Айтылған уақытында той болады. Екі батыр жаратқан екі атын алып барады. Хан да жүйрік екі-үш атын жаратып әкелген екен Құрманғазы да күрең атын алып келеді. Аттарды бәйгіге де жібергенде Құрманғазыға:

— Е, арық қара, атыңды бәйгіге қосасың ба? — дейді әзілдеп.

— Қосамын, — дейді.

— Е, қалай қоспақшысың, жаратқан жоқсың ғой, терін алған жоқсың. Тоқ ат шаба ма?

— Ой, терін ауырлаған ат бола ма? — дейді де, күреңнің үстіне қырық жастағы бір адамды мінгізіп, аттың сырын айтып, бәйгіге жібереді. Бәйгі он көштік жерден болады. Күрең ат бәйгінің алдында жалғыз, үстіндегі кісі басын тарта алмай өкпесі қысылып, әрең келеді. Күрең ат бірінші бас бәйгіні алады. Енді балуан күресі болғанда хан «түйе балуан» деген, денесі адамға бітпеген бір зор адамды шығарады. Бай екі батырға:

— Ал, батырлар, балуаныңды шығарың, — дейді. Батырдың балуандарынан бірі де шықпайды. Сөйтіп тұрғанда бір батыр Құрманғазыға:

— Қалай, арық қара, күресіп көресің бе мына балуанмен? — дейді. Құрманғазы:

— Жарайды, — деп ортаға қарай шығып, шешінбестен үстіндегі күпісімен жүре береді. Батырлар:

— Тоқта, қайда барасың? Шешінсейші, — дейді. Құрманғазы:

— Ей, киімін ауырлаған балуан балуан бола ма? — дейді де күреседі. Күресте ханның түйе балуанын жығады. Сол уақытта екі батыр қуанып «арық қараны» құшақтап:

— Әй, сен Құрманғазы емессің бе? — дегенде:

— Ай, ағайлар, мені өлтірдіңіз ғой, мына хан мені ұстап алады ғой, — дейді. Сонда екі батыр:

— Жоқ, шырағым, енді екеуіміздің біреуіміз өлмей сені ұстап бермейміз, — дегенше болмайды, ханның әскерлері қоршап алады. Екі батыр ұрысып алдыртпай кетеді. Артынан екі батырға кісі салады. «Құрманғазыны бізге ұрыссыз бер, егер ұстап бермесең, ұрыс болады» деп келген кісіні кейін қайтарады.

— Беретін кісіміз жоқ, ұрысса ұрысқанша, төбелесе төбелескенше тұрамыз, — дейді. Артынан екі мыңға жуық әскерімен екі батыр ұрысып, тағы жеңеді. Бірақ бірі ауыр жараланып қайтады. Содан кейін қалған бір батыр Құрманғазыға:

— Ал, шырақ, екеуіміздің біреуіміз өлмей ұстап бермеймін деп едім, әлде де өзім өлмей сені ұстап бермеймін. Бірақ, енді сен басқа жерге кеткенің тәуір болар еді. Жалғыз күшім жетпес, — дейді. Құрманғазы «мақұл» деп күрең атына мініп қашқындық жолмен кете барады. Сөйтіп, жүргенде көптеген жылдар өткесін, Құрманғазыны ұстап түрмеге салады. Артынан шешесі іздеп барғанда, ауыз-ауыз жолықтырмайды. Сонда жатып «Қайран шешем» деген күйді шығарады.

АБЫЛ ТАРАҚҰЛЫ /1820-1892/

239. «Абыл»

XVIII ғасырдың соңын ала Кіші жүздің көптеген рулары Жайықтан арғы алап пен Еділ бойы сияқты атақонысына тұяқ тигізуге зар болады. Табын, тама, жағалбайлы сияқты рулардың біраз бөлігі орта жүздің ханы Абылайға салмақ салып, Сары Арқаға көшіп кетеді. Осы кезде үстірт үстіне қарай ығысқан қалың адай тайпасы XIX ғасырдың бас кезінде Маңғыстау

түбегіне деңдей орнығады. Мұндай қыспақты бір жағы Иран шахынан, екінші жағы Ресей патшалығынан түркімендер де көреді. Сөйтіп, тағдыр тауқыметі қазақтар мен түркімендерді үстірт үстінде тоқайластырады. Шыңырау құдықтың бір жұтым суы ағайын екі елді алакөз етеді.

Осындай бір қырбай шақ болса керек. Бірде жоқ қарап жүрген Абыл күйші түркімендердің қолына түсіп қалады. Саны көп, күші басым түркімендер Абылды сөзге келтірмейді. Сарт-сұрт қағып, қолын артына байлап, атқа көлденең салады. Сол бетінде салақтатып алып келіп ауыл иесінің үйінің алдына сылқ еткізіп тастай салады.

Бұл кезде ауыл иесінің үйінде қонақтар бар екен. Қазақтың қолға түскенін естігенде даурыға гу-гулесіп, «алып кел, көрейік» дейді. Кешікпей-ақ қолы артына байланған Абылды келекелеп, қазақтарды бір ауыз қыжырта сөз етіп алады. Содан бірте-бірте басқа әңгімеге ойысып, тіптен орталарында тұтқын қазақтың отырғанын да ұмытып кетеді.

Абыл көз қиығын салып қараса, төрде екі жағына ұстара жанығандай бір қара сұр жігіт ағасы есіп әңгіме соғып отыр дейді. Өзге жұрт «о, бақшы, о, бақшы» деп әлгі қара сұрды көтермелеп қойып, әңгімесіне құлақ түреді. Қара сұр одан сайын екілене есіп: «Бүйтіп тартып едім» деп дутарын бебеулетте шертіп қояды дейді.

Содан әлде уақытта қара сұр түркімендерді бір жайлы қылып, енді қазақ арасында болғанын, небір дүлдүл күйшілермен сайысқа түскенін, тіптен қазақ-түркіменге аты жайылып кеткен Абыл күйшінің өзін көргенін айтады. Отырған жұрт: «Апыр-ай, Абылдың өзін көрдім дейсіз бе?» — деп таңырқаса, әлгі қара сұр одан сайын лепіріп: «Көргенің не, өз қолынан күй үйрендім», — деп соғады.

Бір кезде әлгі қара сұр «Абылдың сондағы тартқан күйі еді», — деп бір күйді бастайды. «Аңқау елге арамза молда» деген, қайдағы бір ауыл арасынан естіген жыр-терменің сарынына салып, сүректете жөнелсе керек.

Осы кезде босағада отырған Абыл күйші әбден төзімі таусылып, мінез көрсетеді. Күйдің біткеніне қарамайды. Дутарды төпеп отырған қара сұрға: «Әй, бақшы», — дейді, — «Абыл олай тартпайды, тоқтат басты ауыртпай!» — дейді. «Ұрының арты қуыс» дегендей, қара сұр сап тиылады. Үйдегілер оша-

рыла бұрыла Абылға қарайды. Содан соң, о жер, бұ жерден «е, сен қайдан білесің?», «Абылды танушы ма едің?», «осының өзі күйші болып жүрмесін?» деген дабыр сөз естіле бастайды.

Сонда үй иесі өмір көрген, бір орнықты адам болса керек, «жә, шуламан-дар, бұл қазақтың қолын шешіндер, Абылдың қалай тартатынын өзі көрсетсін!» дейді.

Айтқанынша болмайды, бір жігіт лып етіп орнынан тұрып, Абыл күйшінің қолын шешеді. Екінші біреуі дутарға қол жалғайды.

Абыл аз-кем қолын жазып, дутарды алады да, құлақ күйін келтіре бастайды. Дутардың ішегі шаңылтырланып шертіп тұр екен, босата бұрап, үйірінен адасқан сыңар қаздың үніндей қоңыраулатып алады да, қаға жөнеледі. Жаңағы бір даңғаза бопса желік әп-сәтте ғайып болғандай, үйдің ішін сабырлы саз жайлайды. Сабыр болғанда немкетті бейжай халық емес, сырты түйіліп, іші егілген, сырты бүтін, іші жалын бір сиқыр отырғандарды лебімен тартып, сол ішкі ағынға ілестіріп үйіріп әкеткендей дейді.

Күй бітеді. Жай бітпейді, үйдегілердің еңсесін басып, тәубесіне келтіріп, мына дүние тіршіліктің алдын-артын алақанға салғандай көз алдына келтіріп тынады. Онымен де қоймайды, түйінін өзі шешіп, байлауын өзі айтып тастағандай.

Түркімендер өзгеге тоқтамаса да, күйге тоқтайды. Күй тілін түсініп, күйге күңіреніп, күйге жұбана алатын ел. Отырғандар тұғжыңдап төмен қарайды. Бетке шіркеу, беделге көлеңке түсетін бір іс жасап алып, тығырыққа тірелгендей.

Үнсіздікті үй иесі бұзады: «Жарқыным, осы сен Абылдың өзі болмасаң игі еді?» дейді. Абыл: «Болсақ болармыз», — деп сабырмен тіл қатады.

Осыдан кейін-ақ, Абыл күйшінің иығына шапан жауып, жарылып төрден орын береді. Содан соң үй иесі: «Ал, шырағым Абыл, көңіл кірі айтса кетеді деген, сөйлет домбыранды», — дейді.

Сол күні шер тарқайтындай күй тартылады. Одан ары адайлар мен түрікмендер арасындағы кикілжің ұмыт болып, ағайын елдің дәм-тұы жарасады.

«Абыл» күйі туралы осындай әңгіме адай мен түркімен арасында күні бүгінге дейін айтылады.

ШЫҒАЙҰЛЫ ДӘУЛЕТКЕРЕЙ /1820-1887/**240. «Бұлбұл»***(I нұсқа)*

Әйгілі күйші Сағырбайұлы Құрманғазы бір даудың салдарынан істі болып, сол кездегі Бөкей Ордасының әкім сұлтаны Шығайұлы Дәулеткерейдің алдына келіпті дейді. Құрманғазының күйшілік даңқына Дәулеткерей сыртынан қанық екен, ықыласпен қарсы алады. Ауыл-елдің амандығы сұралып, сыйқұрмет көрсетілген соң, Құрманғазы келген шаруасын айтады. Сонда Дәулеткерей: «Құрман аға, бір ғана базына шартым бар. Теріс дау болса да пайдасын сізге шешейін, тек бір-бірімізге айтар сөзімізді күймен жеткізіп көрсек қайтеді», — деп, ашық шыраймен күтпеген қолқа салады.

Құрманғазы үшін көкірегін кернеп келген мұң-сырын күймен жеткізу жеңіл. Сондықтан да, іркілместен келісім береді.

Дәулеткерей: «Олай болса, сіз қонақсыз ғой, күйді мен бастайын», — деп, бір күй тартады. Бірден сергек басталған күй Құрманғазының жүрегін баурап, іш-бауырына еніп, буын-буынына түскендей жанына жағады. Күй біткенде Құрманғазы: «Апырай, мынауың бұрын естімеген тамаша күй екен, бұл не күй?» — деп сұрайды. Дәулеткерей болса сәл жымиып алып, «Біз күй тілімен сөйлесуге тоқтадық емес пе, егер күйім шынымен-ақ сізге ұнаса, онда мұның аты «Бұлбұл» болсын», — дейді.

Сонда Құрманғазы да домбыраға қол созып, аз-кем толғаныстан кейін бір күйді бастай жөнеледі. Өлгінде ғана жүрегін шарпыған ыстық сезімді өкшелей қуып, ізін суытқысы келмегендей домбыраны лекіте қағады. Тың сарын қат-қатымен түсіп, қыранның қауырсынындай жымдасып, мүдірмей төгіледі. Бір мезгілде домбыра сағағын қақтай сауып, таңдайы тақылдап, өліп-өшіп, әлденені қадалып айтқандай болады да, іле кері серпіліп, сабасына түскендей, сыбырлап-сыңқылдап барып тынады.

Дәулеткерей де әсерін жасыра алмайды: «Тамаша екен, бұл не күй?!» — деп сұрайды. Енді Құрманғазы жымия күліп тіл қатады: «Тілдің емес, күйдің айтқышын бұлбұлға теңеген өзің емес пе, менің күйімнің де аты «Бұлбұл», — дейді.

241. «Ақжелең»

Дәулеткерейдің аулына жақын жерде домбыра тарту шеберлігімен де, көріктілігімен де көзге түсіп, жақсы атағымен ел аузына ілінген Ақбала атты қыз бар екен. Аң аулап жүріп, сусындауға түскенде сұлу қыздың өнеріне таң қалады. Ақбала бір Ноғайлының (Байұлы руының бір атасы) бұла өскен жалғыз қызы болса да, ата-баба жолынан аттап, әдепсіздік көрсете қойған жоқ. Бірақ өзін қашан да төкаппар ұстайтын әдеті еді. Тіпті, көңілім жақын деп жүрген жігіттердің өзі жеме-жемге келгенде тайсақтап, қыз алдында тілі күрмеліп қала беретін. Ақбалаға Дәулеткерейдің жылы ұшырағаны — ол өзі «ежелден келе жатқан тәртіп бойынша ел билеу үшін жаратылған» ақсүйектер тұқымынан шыға тұрса да, өз домбырасын жанындай сүйетін күйші, өз ортасынан ғана емес, өзге ортадан асыққан өнерпаз әріптестерімен де тіл табысып, шүйіркелесіп жүре береді екен. Дәулеткерей де «Ақжелең» аттас күй шығарып, оны сол қызға арнапты.

242. «Ысқырма»

«Ысқырманың» шығу тарихы да айта қалғандай. Дәулеткерей төре тұқымына лайықсыз болса да, атын мінбей, ауыл сыртында жаяу серуендегенді тәуір көреді екен, сондай серуенге шыққан бір күні келе жатып бірдеңе деп күбірлегендей болады. Қасындағы серігі «о не?» деп елең ете қалып еді, күйші басын шайқай, «үндеме» дегендей ишарат білдірді. Дәулеткерей сосын балалар құсап ысқыра бастады. Бұл қылық, әрине, «Шыңғыстың әулетіне» тым ерсі еді. Оның үстіне қазақтар ысқырған әдепсіздік белгісі деп санайды. Дәулеткерей қасындағы серігінің абдырап қалған түрін көріп жымиды да, бірдеңеге қуанып асыққан адамша үйіне қарай тез-тез адымдай жөнелді. Серігі ештеңеге түсінбеген қалпы иығын бір қомдады да, соңынан еріп жүре берді. Үйге келіп Дәулеткерей қолына домбырасын алды да, жаңа күйді шерте жөнелді. Музыканы жақсы түсінетін құймақұлақ жолдасы күй сарынынан бағана әдептен аттап, айдалада ысқырып салған үзік-үзік әуеннің сазын бірден айырған. Зердесіне келген күйден үйге жеткенінше айрылып қалмай пернеге түсіргеніне қуанған Дәулеткерей, бұл күйге «Ысқырма» деп ат қойдым дейді жолдасына.

243. «Жұмабике»

Масқар руынан шыққан Жұмабике деген қыз әсем дауысы сол атырапқа әйгілі, асқан енші, ақындық өнері де бар адам екен. Малға сатылып, сүймеген адамына кетіп бара жатқанын Уақытша совет председателінің алдына кіріп өлеңге қосып, мұңын шаққан еді деседі. Сонда қыздың даусының да, әні мен сөзінің де кереметтігі сонша — отырғандар оның тағдырына қатты аяушылық білдіріп, көздеріне жас алған екен. Атастырған жігіті асып тұрған ақылды да, кісі сүйсінерлік көркі де жоқ көптің бірі еді дейді. Уақытша совет Жұмабикенің тілегін орындап, өзі қаламаған күйеудің құрығынан құтқарады.

244. «Топан»

Дәулеткерейдің Топан атты аңға салатын қыран бүркіті болыпты деседі. Бір күні сол құс ұшты-күйлі жоғалып кетіпті. Дәулеткерей келеді деп, екі көзі төрт болып, күте-күте, келмеген соң, аяғы жеткен жердің бөріне де сұрау салады. Ешқайдан сыбысы шықпайды. Күндердің күнінде үйінде шалқалап жатқан күйі қолындағы домбырасына қапа көңілін қосып жатса, шаңырақтың ар жағында, шыңырау көкте қалықтап ұшып жүрген Топанды көреді. Қуанғаннан тап сол жерде «Топан» деген күйді тартқан екен.

245. «Көрұғлы»

(I нұсқа)

Дәулеткерейдің Көрұғлы күйінің аңыз-әңгімесі Орта Азия халықтарының арасында кеңінен таралған әйгілі «Көрұғлы» дастанының оқиғасымен тамырлас болғанымен, күйдің шығу себебі күйші өмірінің бір сатысымен байланыстыра айтады.

... Бірде ауыл аралас, қой қоралас жатқан, төсекте малы, төскейде малы қосылған түркімен ағайынға Дәулеткерей қонақтап барып қайтыпты дейді. Сонда ауылдастары алдынан шығып, ел ағасының олжасын қызықтамақ ниет білдірсе керек. Бұған оң шырай танытқан Дәулеткерей: «Уа, ағайын, сөзіме құлақ сал! — депті, — түркімен ағайынның көңілінде көлеңке жоқ екен. Мал беріп еді, өледі деп алмаған едім. Бірақ құр қол қайтқаным жоқ. Осы сапардан бір белгі болсын деп, өлмейтін,

тозбайтын күй шығарып қайттым!» депті. Сондағы күйі осы «Көрұғлы» екен.

246. «Көрұғлы»

(II нұсқа)

Қазақта «Ақыл-ауыс, ырыс-жұғыс» деген әдемі сөз бар. Бұл көрші жатқан елдердің бір-біріне рухани ықпалының болып отыратынын, қоңсылық қайырымды меңзеген сөз.

Қазақ пен түркімен жапсар жатқан елдер. Сондықтан да, рухани орталық, өнер жолындағы өзара ықпал етушілік қашаннан орныққан дәстүр. Бұл дәстүрден Дәулеткерей де шет қалмаған. Ол түркімен тақырыбына арнап «Нар иген», «Тәштит», «Көрұғлы» сияқты күйлер шығарған.

Дәулеткерейдің «Көрұғлы» күйінің аңыз әңгімесі Орта Азия халықтарының арасында кеңінен тараған әйгілі «Көрұғлы» дастанының оқиғасымен тамырлас болғанымен, күйдің шығу себебі күйші өмірінің бір сәтімен байланыстырла айтылады.

...Бірде, ауылы аралас, қойы қоралас жатқан, төсекте басы, төскейде малы қосылған түрікмен ағайынға Дәулеткерей қонақтап барып қайтыпты дейді. Сонда ауылдастары алдынан шығып, абыройлы ел ағасының олжасын қызықтамақ ниет білдірсе керек. Бұған оң шырай танытқан Дәулеткерей: «Уа, ағайын, сөзіме құлақ сал! — депті. — Түркімен ағайынның көңілінде көлеңке жоқ екен. Мал беріп еді, «өледі» деп алмадым, дүние беріп еді, «тозады» деп алмадым. Бірақ құр қол қайтқаным жоқ. Осы сапардың бір белгісі болсын деп, өлмейтін, тозбайтын күй шығарып қайттым!» — деген екен.

Сондағысы, осы «Көрұғлы» күйі еді дейді.

ҚОЖЕКЕ НАЗАРҰЛЫ /1823-1881/

247. «Бұлбұл торғай»

(I нұсқа)

Қожеке Мұқыр, Жырғалаң деген жерлерді мекендеп жүрген екен. Бір күні Қасымбай деген ұстамен бірге Мұқырдың қалың орманынан отын алуға барады. Таңертеңгілік мезгіл болса керек. Ағаш бұтағына қонып отырған бұлбұл торғай құйқыл-

жытып сайрай жөнеледі. Бұлбұлдың сан құбылтып сайраған әсем үніне еліткен бұлар алатын отындарын ұмытып, әуенге қызыға тыңдап отырып қалады. Өлден уақытта Қасымбай:

— Шіркін, мына бұлбұл дауысының жағымдысын-ай. Үнін домбыраға салып алар ма еді? Түсіре аласың ба? — деп сұрайды Қожекеден.

— Домбыра болғанда, түсірмей несі бар? — дейді Қожеке.

— Ондай болса, домбыраны мен жасап берейін, — деп, Қасымбай орманнан қураған қарағай ала қайтады да, үйіне келген соң домбыра шауып жасайды. Қураған қарағайдан қақпақ салады. Тау ешкісінің ішегінен ішек есіп тағады. Қожеке сол домбыраны қолына алғанда, көкейіне таңдағы сайраған бұлбұл торғайдың құйқылжыған үні оралыпты.

248. «Қамбархан»

Баяғыда елдің мұңын мұңдап, жоғын жоқтаған Қамбархан деген бір аңшы жігіт болыпты. Қамбархан бір күні атып алған аңын сойып болып, ішегін ағаш басына қарай лақтырып жіберсе, шұбатылған күйі бір бұтақтан бір бұтаққа ілініп қалыпты.

Күндердің күнінде Қамбархан әлгі жерден өтіп бара жатса, құлағына ерекше бір жағымды әуен, құйқылжыған үн, үзілмейтін сарын естіледі. Жан-жағына қараса, бір бұтақтан бір бұтаққа керіліп қалған қос ішекті көреді. Жел соқса, ішек ызыңдап қоя береді екен. Қамбархан әлгі ағашты кесіп алып, шауып, жонып, домбыра жасапты да, күй шертіпті. Қамбарханның бұл жаңалығы бүкіл қазаққа аңыз болып таралыпты.

Осы аңыз желісіне Қожеке «Қамбархан» атты күй шығарған. Оның бізге бірнеше нұсқасы жеткен.

249. «Шалқайма»

Ресей отарлаушыларының қысымына шыдамаған Қожеке қоныс аударуға мәжбүр болады. Қарқарада отырғанда ауылдастарын шақырып алып:

— Қотаныңнан шыққаның — Отаныңнан шыққаның емес. Іленің арғы жағы да біздің бабаларымыздың ата қонысы. Соған көшелік. Қытайдың көзі қысық болғанымен, өзі пысық,

сөзге түсінеді, — дегенде, бірсыпыра ағайын келіспей, шалқая тыңдап, теріс пікір білдіреді.

Сонда Қожеке жаңа бір күй тартады.

Тыңдап болғанның бірі:

— Көке, бұл қай күйіңіз? — дейді.

— «Еңкейгенге еңкей, ол — адамның құлы емес, шалқайғанға шалқай — ол Құдайдың ұлы емес», күйдің аты «Шалқайма» — депті.

Сонда барып біраз ағайын Қожекенің сөзіне тоқтаған екен.

250. «Кертөлғау»

Өткен ғасырдың соңына қарай Шыңжаңдағы ұйғыр, дүңген, қырғыз халықтары сияқты қазақтар да жергілікті үкімет билеушілерінің езгісіне ұшырайды. Қашанда ел басындағы ауырлық тауқыметтің ел еңсесін көтерер азаматтардың иығына түсетін әдегі. Іле бойындағы Садыр палуан бастаған көтерілістен кейін, ел ішінде тыңшы молайып, бірін-бірі түрткілеген жағдай көбейді. Бұл билеуші өкімет орындарына ұнамайтын адамдардың көзін жою үшін қолданатын ежелден белгілі тәсіл.

Міне, осындай аласапыран кезде орыс отаршылдығының қыспағына шыдамай Қарқара мен Нарынқол өңірінен Текес бойына көшіп барған қалың албанның бас иесі, әйгілі күйші Қожеке Назарұлына жала жабылады. Ол кезде өкімет орындарына ең қолайлы адал берілген қызметші және ел ішінен мол дерек сүзіп қайтатын тыңшы ел кезеген саудагерлер болған. Әсіресе, туысы бөлек, ұлты бөтен саудагерлер бас көтерер азаматтарды аяусыз көрсетіп отырған. Оған елдің өз ішіндегі көркеуде, шолақ ойлы, іші тар пенделер қосылғанда, өсек пен жала өрттей қаулап, елдің берекесін кетірген. Осы тұзақ Қожекенің де мойнына түседі. Текес бойына келген татар саудагерінің керуенін Дәркенбай деген көнтақым ұры тонайды. Ертеңінде өкімет адамдары елдің апшысын қуырып, ұрыға іздеу салады. Сол кезде өр албанның Дадай деген болысы Қожекемен дәм-тұзы жараспай, қырбай болып жүреді екен. Ұрымтал сәтті пайдаланып, үкімет адамдарына «керуенді тонатқан Қожеке» деген куәлік бере қояды. Өктемдік жүрген жерде кісілік бола ма, Қожекенің ауызын ашуға шамасын келтірмей ала жөнеледі. Болған оқиғаны даланың «ұзын құлағы» әп-сәтте Текес бойына

жайып жібереді. Сол кезде төңірегіне ықпалды Рабат төре мен Мамырбек төре дереу атқа қонып, өздерінің сыйлас-сыралғы досы Қожекені үкімет адамдарынан бір жылға кепілдікке сұрап алады. Бір жыл ішінде шын ұрыны тауып бермек болып уәде береді.

Бірақ ізін жасырып үлгірмеген ұры оңайлықпен таптыра ма. Уәделі мерзім жақындайды. Нақақ жала Қожекенің жігерін құм етіп, шарасын тауысады. Қожекенің адалдығына шығар күндей сенетін ағайын-туыс та сендей соғылысып күйзеледі.

Бір күні Рабат пен Мамырбек төрелердің ауылда жоқтығын пайдаланып, баяғы арызқой Дадай болыс Қожекені тағы да қамауға алдыртады. Бұл жолы Қожекенің баласы молла Ыбырайым қоса тұтқындалады. Оларды алды-артына қаратпастан Күре қаласындағы түрмеге қамайды. Бұл сол кездегі саяси тұтқындарды қамырдай илеп, азаптың небір сорақы түрлерін ойлап табумен даңқы шыққан зұлымдықтың ордасы сияқты орын болатын.

Күре түрмесінде Қожекенің небір азапты көреді. Азаптаудағы мақсат белгілі, жапқан жалаға мойындату. Бірақ Қожекенің шындықтан басқа ештеңке айтпайды.

Бұл кезде Қожекенің қадірлес досы Рабат төре де қол қусырып отырмайды. Ақша жұмсап, адам салып, Қожекені босатып алу үшін жоғарғы жақты айналдырады. Ақырында Қожекенің өлім жазасының кесіліп қойғандығын біледі. Оны бұзудың еш мүмкіндігі болмаған соң, Рабат төре өз басын кепілдікке тігіп, ел-жұртымен қоштастыру үшін бір аптаға сұрап алып шығады. Бірақ бұл жағдайды Қожекенің өзіне білдірмейді.

Содан, елге келіп, ағайын-туғанымен қауышып, сағынышын басқан соң, үлкендер оңаша үйге жайғасады. Сол кезде Рабат төре майдалап сөз бастайды: «Е, Қожекенің, өмірге келген пенде бір-біріне қонақ деген рас екен. Өзіңнен көз жазғалы құлаққа ұрған танадай болып, қоңылтақсып қалдық. Домбыраңды ұста, сенің де көкірегіңе біраз сыр жиналған болар. Ертең не болары Төңірдің еркіндегі заман ғой. Шығар көкірегіңдегіні, сөйлетші домбыраңды!» — дейді.

Қожекенің өзінің аз уақытқа кепілдікке шыққанын сонда ғана біледі. Біледі де, бір ауық түйіліп отырып тіл қатады: «Өлместі Құдай жаратпайды, тозбасты ұста соқпайды, өлімнен қашып жан сауғалар жайым жоқ. Төңір алдында арым таза, бір ғана

жағдай жанымды қинайды, Рабат! Өзің сияқты қадірлі азаматпен мәңгілік қоштасу қиын екен!» — депті. Бұл сөзді естігенде Рабаттың иығы бүлкілдеп, көзіне жас алады.

Ал, Қожеке болса, тұғырдағы шәулідей дүр сілкініп, еңсесін түзеп, қолына домбырасын алады. Сонан соң көкірекке кептелген мұң-шері «Кертолғау» күйі болып ақтарылады. Қожекенің «Таскөмір шоғы алдында», «Тас көмір шоғына қарылу» күйлері де тартылады.

Арада бір апта өткенде Қожекені қайтадан Күре түрмесіне қамап, көмір шоғына қақтап өлтіреді.

ҚАЙРАҚБАЙ ШӘЛЕКЕНҰЛЫ /1828-1877/

251. «Еміл толқыны»

Ертеректе Қара Ертісте мұз қатысымен, ел өтіп аржағына қыстайды екен. Бабақан би бастаған бір зәңгі ел, ежелгі әдеті бойынша көшіп, мұздан өтпек болады. Бабақан бірнеше адаммен мұздың аржағына өтіп, аттарынан түсіп, мұзға таңырқай қарап тұрады. Көшкен ел мұз ортасына келе бергенде, мұз ойылып, бір зәңгі ел мұз астына кетіпті.

Бабақан — 80 жаста, онбалалы адам екен. Бірнеше баласының отауы да бар екен. Бұлар тұтас мұз астына кетіпті. Басқалар Бабақан биге тоқтау айтса да, елі-жұртын, бала-шағасын ойлап қайғы-зарға батып жүреді екен. Бұл хабарды естіген Қайрақбай бір сыбызғы күйін тартып, Бабақанға тоқтау айтыпты:

— Еменнің иілгені сынғанмен тең, сен еменсің, иілмейсің, қайғыға майысып сынасың, бірақ Еміл толқиды, иілмейді. Қайғы адамды толқытады, адам шыдамды болу керек, — деген екен.

Сондықтан бұл күйдің атын «Еміл толқыны» деп қойған екен.

252. «Қоңыр жел»

Қайрақбай Тарбағатай жайлауынан ойға түсіп, бір мезгіл тұрып жайлауға қайтып бара жатқанында, қоңыр жел соғып рахаттандырған сықылды. Сонда Қайрақбай омырауын ашып қоңыр желге төсеп: «Oh, шіркін, қоңыр жел-ай!» деп, жасыл жайлауды желпіген қоңыр желді сыбызғыға түсіріп бір күй тартып, атын «Қоңыр жел» қойған екен.

253. «Молқоңыр және Майдақоңыр»

Бұл екі күй ежелден елге таныс, Қайрақбайдың күйі. Дене салмағына байланысты Қайрақбайды төрт-бес ат ғана көтере алады екен. Соның бірі — жал-құйрығы мол, денесі соған лайық қоңыр аты болған екен. Бұл қоңыр ат өрге келсе, қайыспайтын, еңіске келсе, қолтауламайтын ат екен.

Тағы бірі — Майдақоңыр деген аты болыпты. Ол жүргенде шыныға құйған су шайқалмайтын майда жүрісті ат екен. Бұл күйлерді Заманбек топ ортасында көп шертіп, содан ел ішіне кең таралған.

254. «Бұтабайға арналған кеңес»

Қайрақбай заманында Бұтабай деген кісі аға сұлтандыққа сайланыпты. Бірақ Бұтабай ағайынның қадірін, алаштың құрметін ұмыта бастаған кезінде, ауыл ақсақалдарымен бірге Қайрақбай да барып «құтты болсын» айтып, елдің береке-бірлігін, тілегін ұмытпауды түйін етіп, бір кеңес күйін тартқан екен. Қазірге дейін Тарбағатай өңірінде осы күй «Бұтабайдың кеңес күйі» деп аталып кеткен. Ал Бұтабай домбыра тартқан адам емес, тек күй оған арналғандықтан осылай аталған.

255. «Ой толқыны»

Өз кезінде Қайрақбай орта жүздің бір жиынына барғанда, рулар арасындағы алауыздықтың салдарынан билердің басы қосылмауға айналыпты. Бұл жағдайды білген Қайракең көпшілікке ой тастау үшін табанда бір күй тартыпты. Осы күйдің әсерімен съезсәтті ашылған екен. Үлкендер: «бәрімізге ой салған Қайрақбайдың осы күйі болды. Бұл күйдің аты «Ой толқыны» болсын деп, сол жерде-ақ күйдің атын тұрақтандырған екен.

ШОҢМАНҰЛЫ ТОҚА /1830-1914/

256. «Саржайлау»

Тоқаның «Саржайлауының» дүниеге келуіне қатысты ел ішінде екі-үш түрлі әңгіме айтылады.

Біріншісі, қырғыз манабы Шәбденнің асымен байланысты айтылатын әңгіме. Алатаудың қазақ-қырғыз болып тең

жайлаған апайтөс алқымында Шәбденнің әйдіңгер асы беріліп, оған қазақтың жеті уезінен игі жақсылар шақырылады. Арқаның Ақтау дуанынан Сайдалы Сары Тоқа бастаған бір топ адам келеді. Тоқа құр қол келмейді, Шәбденнің асының жөн-жоралғысы деп елу меңсіз қара жылқы айдап келеді. Бұған қоса әнші-күйшісін, сұңғыла шежірешісін, жауырыны жер иіскемес балуанын, үкілеген бәйге атын, қысқасы, тамақсау мешкейіне дейін жанына ертеді. Содан Алатауды теңселткендей айтулы ас беріледі. Аста Тоқаның Тайқасқа деген аты аламан бәйгеден бірінші келіп, Бақа деген балуаны белдескенін жығып, өзі қырғыз-қазақ домбырашыларын аузына қаратып, үш бірдей жеңіске ие болады. Сол жеңістердің жүлдесі ретінде мың сом ақша, үкілеп кілем жабылған жеті арғымақ, жеті тайтұяқ алтын Тоқаның алдына тартылады. Сонда Тоқа: «Бұл дүние мені пейішке енгізер деймісің, салдым ошаққа, жеті уезд елінің басы бүйтіп күнде қосыла бермес, қылдай етіп бөліп беріңдер!» — деген екен.

Содан, Шәбденнің асы тарқап, абыройы аспандаған Тоқа серіктерімен елге қайтып келе жатқанда: «О, шіркін, біздің Арқа елі осы кезде бой жазып, жайлауға шашырап қонып жатыр-ау!» — деп, туған жеріне деген сағыныш сазындай бір күйді ат үстінде шертеді. Тоқаның әйгілі «Саржайлауы» осылай шығып еді дейді, ел ішіндегі әңгіменің бір парасы. Бұл дерек бойынша, «Саржайлау» күйінің алғашқы тыңдаушылары Жетісу жұрты болған.

257. «Төрт толғау»

(I нұсқа)

Тоқаның қартайған шағында ел-жұртқа қадірлі болып танылған Жалмағамбет дейтін үлкен ұлы қырық алты жасында дүние салыпты. Сол жылдың қары қалың түсіп, көктемде Жалмағамбеттің бейіті су астында қалса керек. Бұған Тоқаң қатты күйініп, ұлының сүйегін қайтадан дөңес жерге қоюды ниет етсе, ауылдың молдасымақ діндар адамдары: «Жаназа шығарарда «Аманат!» деп жерленбеген мұсылман баласының мүрдесін қазу күпірлік, кітап сөзінде орнынан қозғалған пенде о дүниеде бейіштің қарасын көре алмақ емес», — деп наразылық білдіріпті.

Тоқаның әйгілі «Төрт толғау» дейтін күйі осы бір қасірет шектірген оқиғаға орай шыққан. Жай шықпаған, көкірекке кептелген шер тарқамай, қайта-қайта толқи лықсып, төрт күй болып шыққан. Ер жетіп, елге қадірлі болған баласының өлімі — бір қайғы, төңірегіндегі күйреп қалған ет жақындарының қасірет шегуі — екінші қайғы, күтпеген жерден Жалмағамбеттің деген топырағының суға қарық болуы — үшінші қайғы... Қысқасы, әрбір күйзеліс сәтінде Тоқа домбырасына ғана мұңын шағып, домбырадан ғана күйзелген жанына жәрдем тілеп, «Төрт толғау» атты тізбекті күйін дүниеге әкелген. Бұл күй өз ішінде «Естірту», «Арнау», «Ана жүрегі», «Немере зары» деген бөлек-бөлек атауларымен белгілі.

Осы жолы қожа-молданың қарсылық жасағанына қарамай, Тоқа Жалмағамбеттің сүйегін дөңес жерге қайта жерлеткен. Өзінің жанын түсінетін ел азаматтарына арқа сүйеп, соларға жүрек азабын шағым еткендей, сауға сұрағандай: «Дүниенің тұтқасы «Аманат» деген жалғыз ауыз сөзде тұрса, қылша мойным талша, көтердім бәрін де. Болмаса көктем шыққан сайын баламның су астында қалғанын көріп, пенде болып отырмай-ақ қояйын... Уа, ағайын, Жалмағамбетімнің басына барыңдар... жерді жырып су ағызыңдар... бесікшесін қайта ашыңдар... өлгеніне көнгенде, өзгесіне көнбейтін несі қалды, егер Жалмағамбетімнің денесі бұзылмаса, маған сүйінші сұрап хабар беріңдер!» — деген екен.

Қыста жерлеген мәйіт бұзылмайды ғой, ұйықтағандай болып жатқан Жалмағамбетті Тоқа мен бәйбішесі Көрік келіп көреді. Сол жерде Көрік дауыс салып, былай деп жоқтау айтыпты дейді:

Айналайын Құдай-ау!
Қапалық салдың басыма,
Толтырып көзді жасыма,
Боздағымнан айырып,
Қабырғамды майырып,
Қамалдым қайғы қосына,
Көресім менің осы ма!

Қара бір таудың алқымы-ай,
Болғанда қаңтар салқыны-ай,
Жаннатқа жаның қонсын деп,

Жатағың жайлы болсын деп,
Жауып ед торқа топырақ.
Жылаулы болған халқың-ай!

Құданың ісі жөн болар,
Жылаусыз күнім кем болар,
Наурыздың туған айында
Сел ағып сала-сайында,
Жамбасыңа су тисе,
Көкірегіме шер толар!

Бұл істі салса Құдайым,
Ақсарбас тағы сояйын,
Көзімді жаспен ояйын,
Ағарған шашты жаяйын.
Торқа деп қойған жеріңнің,
Топан су алса маңайын
Қалай да ғана шыдайын!

Осы жоқтау өзінің ерекше сазды, мұңды сарынымен күні бүгінге дейін ел арасында айтылады. Көз көрген қарттардың айтуында, Тоқаның ақындық шалымы да ешкімнен кем болмаған. Жаңағы жоқтау мен оның мұңды сарынын бәйбішесіне Тоқаның өзі шығарып беріп еді деген сөз бар.

«Төрт толғау» күйінің соңғы «Немере зары» деген бөлігі Тоқаның немересі, Жалмағамбеттің баласы Хамитке қатысты. Сол кезде Хамиттің есі кіріп қалған кезі екен, әкесінің суық тәнін мүрдеден шығарып, қайта жерлерде «көкелеп!» өліктің үстіне құлап, үлкен-кішінің сай сүйегін сырқыратып еді дейді. Бұған Тоқа да бейтарап қарай алмай, кейін «Немере зары» деп атап күй толғаған.

258. «Төрт толғау» (II нұсқа)

Бір жылы Тоқа мал жайылатын құнарлы жер іздеп, Иманақ тауының етегендегі Исен дейтін шұрайлы жерге барыпты. Сол жерден ауылдың қонатын орнын белгілеп, жанындағы жігіттерге құдық қаздырып, оларға: «Елді көшіріп келіңдер,

біз осында күтеміз», — деп, жанында жеті жасар баласы бар Тоқа әлгі жерде қалып қояды.

Тоқа атының ерін алып жайылысқа жібереді де, көгалға тоқымды төсеп, айнала табиғаттың сұлу көркіне қызықтап қарап біраз отырады. Сәл тынығып, қолына домбырасын алып бір мезет күй тартады. Күйге берілгені сонша — тіпті, жанында жүрген баласын ұмытып кетеді. Домбырасын тартып болып, баласы есіне түсіп шақырса, бала көрінбейді. Айналаны шарқ ұрып іздейді, таппай, сілесі қатып шаршаған Тоқа тамағы кеуіп шөлдеп, су алып ішейін деп құдыққа келсе, судың бетінде қалқып жүрген баланы көреді. Баласын құдықтан шығарып, өзі отырған жерге әкеліп жатқызады да, бетін жауып қояды. Өзі қатты қапаланып, қайғырып, үкілі сары домбырасынан күңіренге бір күйді тарта береді. Сол мезетте ауыл да көшіп келіп, жаңа коньсқа үйлерін тіге бастайды. Бірақ Тоқа баласының өлімі жайлы ешкімге тіс жарып ештеңе айтпайды, жұртқа сездірмейді. Ал сұрағандарға:

— Ойын баласы ғой, балам шаршаған шығар ұйықтасын, — дейді. Ел үйлерін тігіп, түгел орынға отырып жайғасады. Мал сойып, кешкі тамақ ішіліп, жұрт жата бастады-ау деген кезде, Тоқа домбырасын алып, күңіренген бір күйді тарта береді. Тоқаның күйлері құлағына қанық отбасы, мына тартқан күйінің бұрын естілмеген жаңа екенін бірден сезіп, әйелі:

— Мынау бұрын тартылмаған, естілмеген зарлы күй ғой, қайдан шықты? Не пәлеге бастадың? — деп сұрайды. Бірақ Тоқа бұларға ешқандай жауап қатпай күйін жалғастырып тарта береді. Күйдің тіліне түсінген Тоқаның әйелі:

— Құртқан екенсің ғой жалғызды. Домбыра қақсады ғой, жалғызым, — деп жылай бастайды. Сол кезде Тоқа:

— Тоқтатындар жылауды! Ел жаңа қонысқа келіп, қуанысып жатқанда, түн ішінде дауыстап жылап ауылды дүрліктірмеңдер. Кетер бала, кетті. Жылағанмен қайта келмейді. Бізге қазір дауыстап жылауға болмайды. Домбырамен ғана жылайтын күніміз болды бүгін. Менің әлгі тартқаным «Естірту» күйім еді, — депті Тоқа.

Тоқа «Естірту» күйін тартып болып, енді мына тартатыным балама арнаған «Арнау» күйім, — деп бір күйді күңіренге тарта беріпті. «Арнау» күйдің бітуіне әрең шыдап отырған әйелі:

— Әкелші бермен домбыраңды! Ішім жанып барады, құлыныма мен де бір зарлап күй тартайын, — деп домбыраны алып «Зарлау» күйін тартып, күй аяқтала бергенде, талып жығылады. Бұл жағдайды естіп отырған Тоқаның шешесі күңірене келіп:

— Әкелші домбыраны! Мен де құлыным деп жоқтап жіберейін немеремді, — деп, «Жоқтау» күйін тебіреніп тарта беріпті.

Сонымен Тоқаның «Төрт толғау» күйі өмірге осылай келген екен.

САРЫМАЛАЙ /1835-1885/

259. «Сансызбай»

Сарымалайдың сыбызғышылық өнері ауыл арасына ғана емес, төңірегіндегі Орда, Орынбор сияқты қалаларға да кеңінен мәлім болған. Мұндай орындарда Сарымалай қолдан қолға тимей, жұртшылықтың ыстық ықыласына бөленеді екен. Тіптен сыбызғышының асыл өнеріне тәнті болғандар астына ат мінізіп, үстіне киіп кигізіп, зор құрмет көрсететін болған.

Бірде Сарымалай ел аралап жүріп, Сансызбай деген байдың ауылына тап болады. Сансызбай өзінің кең ордасында әйгілі сыбызғышыны қолқалап отырып, ұзақ таңға күй тартқызады. Тіптен, күйшінің жол соғып шаршап келгеніне де қарамай, әр күйдің аңызын айтқызып, беріле тыңдайды.

Содан, таң алдында дем алуға сыртқа шыққан Сарымалайға ауыл жігіттері: «Апырай, біздің байекең алуға жомарт, беруге сараңдығын сізге де көрсетіп, тұла бойыңыздағы күйді сауып алды-ау!» — деп әзіл айтады. Сансызбайдың сараңдығын Сарымалай үнсіз ғана ішіне түйіп алады.

Ертеңінде Сарымалай жол жүрмекші болады. Ауыл жігіттері айтса айтқандай, Сансызбай мыңғырып мал айдаған байлығына қарамастан, Сарымалайға ешқандай жөн-жоралғы жасамай, сұлу-сыпайы қоштасады. Сонда Сарымалай сыбызғысын алып, кешегі күйлерінен мүлде бөлек бір күйге салды дейді. Сол жерде күй тыңдап отырғандардың бірі: «Мынау бір тың сарын ғой, бұл күйіңіз не деп аталады?» — деп сұрайды. Оған Сарымалай: «Бұл күйімді басқаға сараң болса да, тыңдауға жомарт Сансызбайға арнадым», — дейді.

Мұны естіген Сансызбай қызара ұялып, бір жағынан сараңдығын жұртқа жайып жіберер деп қысылып, сол жерде әйгілі күйшіге ықылас көрсетеді. Сарымалайды қолқалап отырып қайтадан төрге шығарып, «сыбағаң» деп қой сояды, «жолың» деп иығына шапан жабады.

Бірақ өнер шіркін өлетін мал, тозатын дүниенің шылауында жүрмейді ғой. Соның бір айғағындай болып, бүгінгі күнімізге «Сансызбай» күйі жеткен.

260. «Ақсақ құла»

(II нұсқа)

Кіші жүздегі он екі ата Байұлының бір бұтағы Адай болғанда, Адайдан тарайтын іргелі рулардың бірі Қырықмылтық деп аталады. Сол Қырықмылтықтың бір тармағы Мұқалдың ішінде Қарабас деген қадірлі адам өткен. Қарабас дүние салғанда үш жүздің бір-бірімен құлақтас адамдары тегіс күйзеліп еді дейді.

Қарабас балалары әкесінің асын Алшынның жуан ортасы деп Құмауытта өткізіпті. Үш жүзге сауын айтып, бас бөйгеге елу түйе, екі жүз елу қой тігеді.

Қарабастың асында үш жүздің небір нәнталап ығай-сығайларынан басқа, қатысам деген үміткерлердің де бетін қақпайды. Сондай үміткерлердің бірі Табын ата елінен келген Жұбан деген жігіт екен. Мініп келген құла қасқа атының қолдауы түсіп, сылти басып келгеніне қарамай бөйгеге қосатынын білдіреді. Жұрт ішінде Жұбанды қыжырта кемсітіп, әжуа етушілер де болады. Жұбан мұның бірін елемей, құла қасқасын тәуекел деп бөйгеге қосады.

Ұзын саны алпысқа тарта бөйге аттарының ішінде Жұбанның Ақсақ құласы жалғыз қара болып бірінші келеді.

Осы оқиғаны көзімен көріп, көңіліне тоқыған Сарымалай сыбызғысына күй етіп тартқан екен.

261. «Жорға аю»

(III нұсқа)

Ертеде бір аңшы аю аулауға тауға кеткенде, кішкене баласы әкесінің артынан ілесіп қалмайды, әкесі ол баланы аңғармайды. Қалың тоғайға кірген соң, бала әкесінің қарасынан көз жа-

зып, жолдан адасып, жалғыз өзі беті ауған жағына жүре береді. Осы уақытта ол балаға аю шабуыл жасап, өлтіреді де, оны жерге көміп жатады. Бір кезде осы аюдың ізіне түскен аңшы, баласын жайғастырып көмгелі жатқан азулы аңның үстінен шығады. Аңшы аюды атады, бірақ оқ аюдың бір аяғына тиеді. Жараланған аю үш аяғымен қашады. Аюдың сондағы шабысы жорғаның жүрісін елестетеді. Екінші рет атқанда аюды құлатады.

БАЙСЕРКЕ ҚҰЛЫШҰЛЫ /1841-1906/

262. «Жекпе-жек»

Мүйізді Өтеген батыр еліне жайлы қоныс, шұрайлы мекен іздеп көп нөкерімен жолға шығады. Шығысында Бежінге дейін барып, батысында Еділге дейін жол тартады. Талай азапты басынан кешіреді. Ақтөбе деген жерге бет алғанда таң бозында алдарынан алып айдаһар шығып, кес-кестеп тұра қалады. Нөкерлерінің бәрі жанынан шошып кейін шегінгенде, Өтеген өзі жеке шығып айдаһармен алысыпты дейді. Батырды жеңе алмаған айдаһар кейін шегініп, Өтегеннің керуеніне жол беріпті дейді. Осы жекпе-жекті Байсерке күй тілімен бейнелесе керек.

263. «Төрт қарға»

Шу өзенінің бас жағын мекендейтін Ұлы жүзден шыққан орта шаруасы бар бір адам мұқтажсыз өмір сүріпті. Ақкөңіл, қолы ашық болғандықтан ауылдастары оны «Жомарт» атап кетіпті. Бірақ баласы болмай, соған қатты ренжиді екен. Жасы елуге аяқ басқан соң мұрагерлерден де үміт үзіп, Құдай салғанды көріп, жата береді. Жұбайы да қарапайым, жолдасының айтқанын екі етпей, тату-тәтті өмір өткізеді.

Қоян жылы келгенде үлкен жұт болып, елдегі мал біткеннің бәрі қырылып, халық ашаршылыққа, босқыншылыққа ұшырайды. Мұндай жағдай Жомартқа да жақсылық әкелмейді. Көктемге салым оның да қысып ұстап отырған бірді-екілі тұяғы шөбі болмағандықтан опат болып кетеді. Ол бала орнына жас малды: бұзау, қозы, бота, құлындарды бағып-қағып күтеді екен. Енді мал орнында оның қыстауында әрнемені шұқып,

қарқылдаған төрт қарға қалады. Қарғалар шалдың жалғыз екенін сезгендей, бір орыннан екінші орынға секіріп жүріп, бір уақытта онсыз да қайыр сұрауға, болмаса өлуге бел байлаған жалғыз шалдың қасына келеді. Тіпті, олар да жалғызсырады ма, кім білсін, шалдың артынан ілесіп қалмай қояды. Шал бір нәрсесін ұмытқан кісідей сәл ойланып тұрып, жүгіріп үйіне барып, домбырасын алып шығады. Көктем лебін әкелген самал желдің ызыңына қосылып тұрып домбыраның шегіне қол соғады.

Шал ескі бір күйді ойнап кетті. Домбыра халық басына түскен ауыр қайғыны сезгендей боздай жөнеледі. Күйде көңілсіз әуен тақырыбы өтіп жатыр, бірде аттың желісін бейнелейтін саз да естіліп қояды. Сонан кейін басын төмен салып, бір кез өзін-өзі ұмытқандай шал күйді өте бір нәзік сезіммен шерте жөнеледі. Үздік-создық дыбыстары барған сайын баяулап, әлсіреп барып күй аяқталады.

Жан-жағына байқап қарайды. Төңіректе ешкім көрінбейді. Тек жаңағы төрт қарға ғана дөңгеленген көздерімен қарап қалыпты. Барлық жерде өлген мал, жандардың қалдықтары көрінеді. Жомарт домбырасын қайта қолға алып қарғалардың қарқылдаған үніне еліктетіп бір күй тартты. Домбыра төрт қарғамен қарғаша сөйлесіп кетті. «Сендерден басқа менің ешкімім жоқ, мені тастап кетпей-ақ қойыңдар, маған ештеңе қалмаса да, сендер үшін жететін азық мол», — дейді.

ЕСБАЙ /1842-қ.ж.б./

264. «Айда бұлбұл, сайра бұлбұл»

Ел әңгімесіне қарағанда Есбай бұл күйді бозбала шағында домбырамен алғаш әуей болған кезінде шығарған екен. Жетімдіктің тақсыретін ерте көрген, сынық көңіл бала жігіт оңашаға барып зираттардың арасында отырып күй тартатын әдет шығарады. Бірде, күй тартып отырған кезінде төбесіне бір жалғыз бұлбұл құс келіп, үйіріліп тұрып алады. Келесі күні сол көрініс айна-қатесіз қайталанады. Үшінші күні де солай болады. Екеуі бір-біріне әбден үйреніседі. Бұлбұл көкте, Есбай жерде, әрқайсысы өзінің мұңлы жырын толғап жүре береді. Кейіннен өзінің жалғыз мұңдасына арнап бозбала Есбай осы күйін шығарған екен.

265. «Үш атаның тартысы»*(I нұсқа)*

Кіші жүздің төресі Қаналы үлкен бір мәжіліс ұйымдастырып, оған дүйім жұртты шақырады. Мәжіліс үстінде көптеген ойындар көрсетіледі, өнер сайысы болады. Ақырында күй тартысы басталады. Тартысқа үш кісі түседі. Олар: Байұлынан — Есбай, Әлімнен — Тоғызбай, Жетірудан — Наушақызекен. Бірінші кезек Науша қызға тиеді. Наушаның тартқаны «Шилеме, шегелеме» күйі. Аңызда Науша бұл күй жайында былай депті-міс: «Бірде далада «Ақсүйек» ойнап жүргенде, шоңқаймамды тасқа соғып, өкшесін сындырып алдым. Сонда бір құрбы жігіт, ұсталығы бар еді, айдың жарығында шоңқаймамның өкшесін кәдімгі шимен шегелеп берді. Сондағы құрбымның өнеріне разы болып шығарған күй еді».

Қазақ өнері — Шығыс өнерінің бір саласы, мұнда астарлап айту, символ мен ырым көп орын алады. Мысалы, бұл күйде өңгіме мүлдем ұста жігіттің өнері жайлы емес екені аңғарылады. Немесе ашып айтсақ, Науша қыз көңілділік жайын меңзеп, емеурінмен жеткізген.

Келесі кезек ата жолы үлкен Тоғызбайға тиеді. Тоғызбай «Қызыл қайың — Мамыт» деген күйді тартады. Бұл күйдің өңгімесін Тоғызбай былай деп түйген екен: «Бір жігіт бір қызбен көңілдес болады. Бірақ өзінің олақтығынан, келген сайын иттерді шулатып, елге жария болып қалады. Содан кейін бірде, әсіресе белсене шауып жүрген бір қайың-қаптал итті манағы жігіт айдалада қуып жүріп, әбден сабап, бір аяғын сындырып қоя береді. Міне, сонда, «итті алдай алмаған жігіт қызбен не сөйлеспек?» деп шығарған күйім еді», — депті.

Науша мен Тоғызбайдың арасында әлденедей, келісім, ұғысымның барын байқау қиын емес. Науша, қыздың көңілін таба білген епті жігіт жайын айтса, Тоғызбай жұғымы жоқ олақ, ебедейсіз жігіт жайын айтып отыр. Сол жиында отырған қыз-бозбалаға өнеге ғой бұл.

Үшінші кезек Есбайға тиеді. Есбай сол жерде отырған халыққа қарап: «Уа, жарандар, мына екі домбырашы бұрыннан дайындап келген күйлерін тартты. Ал мен осы арада, табан астында шығарған күйімді тартамын. Және бұлар оң қағып тартса, мен теріс қағып тартамын», — деп, «Теріс қақпай» күйін тартады.

Атырау өңірінде Есбайдың шертісіне тәнті болмайтын адам болмаған. Жұрт: «Па, Байұлының домбырашысындай күйді ешкім шала алмас. Тазбала жеңді», — десіп шуласып кетеді. Сол кезде Қаналы төре: «Халықтың аузына Байұлының атын Құдайдың өзі салды ма, әлде Есбайдың бағы ма, білмеймін. Қош! Байрақ Есбайдікі», — дейді. Сонда елде болмаған бір оқиға болыпты. Айрандай ұйыған жұртты селк еткізіп, Науша қыз: «Дат», — дейді. Қазақта тіл кеспек, сөзін жұтқызу деген жоқ. Қаналы төре: «Айт!» — дейді. Науша қыз былай дейді:

— Уа, алдияр! Мен бірінші кезек өзіме тигенде сасып қалып, қолыма ілінген күйді тарта салып едім. Ендігі тілек — осы жиынға арнап, әкелген күйімді тартсам деп едім. Маған байрақ керек емес. Жұрт күйімді тыңдаса болды.

Халық та, төре де құп көреді. Науша қыз өзінің «Бұлбұл» атты әйгілі күйін тартады. Жұрт Наушаның саусақ алысына қайран қалып: «Апырмай, Байұлы бізді қолын олай сермеп, былай сермеп алдап кеткен жоқ па осы? Мына Наушаның қолы ілме күйге шебер екен», — дейді. Біреулер тіпті «Байрақты Науша алсын!» — деп қалады. Қаналы төре: «Ау, халайық, төре екі сөйлемейді. Бір тойда екі жоралғы болмайды, өздерің Есбайды жақсы дедіңдер. Мен «хош» дедім. Ал енді мына сөзің қай сөз? Қысқасы, төре бір-ақ байрақ береді. Ауылдың атынан сый-құрмет берсеңдер — оны өздерің білесіңдер», — дейді.

Осы кезде Есбай сөз алады:

— Уа, халайық! Осы жасқа келгенше талай тартысқа түстім. Осы уақытқа дейін өзім білген домбырашы менің алдымды кеспеп еді. Ешкім менен кейін күй тартпап еді. Ал енді Науша қыздың мына тартуын менің заманымның өткені деп білдім, — дейді. Дейді де, мұңайып отырып: «Өттің дүние» күйін қозғайды.

266. «Үш ананың айтысы»

(II нұсқа)

Әйгілі күйші Есбай Балұстаұлы (1842-1910) тартқан «Үш ананың айтысы» атты тармақты күйдің аңызын толық қалпында келтіре кетудің артықтығы жоқ.

«Кіші жүзге аты мәлім Қаналы деген төре 1903 жылы сарыала күзге қарай әкесіне ас береді. Шежіре сөздің қисыны

бойынша, Кіші жүздің он екі ата Байұлы, алты ата Әлім, жеті ата Жетіру тармақтарының түпкі аталары бір болғанымен аналары бөлек болған соң «Үш ананың балалары» деп атайтын дәстүр бар. Сол үш ананың балаларына Қаналы төре сауын айттып, үш арыс елдің кіндік ортасы деп, ас беру үшін Сағыз өзенінің «Терісаққан» деген сағасына киіз үй тіктіреді. Қапысыз таңдалған шымдауыт, қияқты алапқа тігілген үй саны 900 болыпты. Үй бас сайын Хорезмнен алдыртқан ұнды бір-бір қаптан үлестіріпті. Мұның сыртында, келген қонақтарға сыбағасы деп үй ара бір тайдан, жолы деп үй бас сайын бір қойдан сойылады.

Ол кезде астың көркі — ат бөйгесі, балуан күресі, өнер сайыстары. Сол дәстүр бойынша, алдын ала сауын айтушылар ат жарысының бас бөйгесіне өңшең бір өңді елу айыр інгеннің тігілетінін, бас балуанға бір үйір қысырақтың бұйыратынын, сондай-ақ осы аста үш ананың күйші-домбырашылары өнер өрелестіретінін, жеңімпазға үш жасар бұқа беріліп, иығына оқалы жібек шапан жабылып, құрметіне ту көтерілетінін хабарлайды.

Межелі уақытында Кіші жүздің жақсысы мен жайсаңы бас қосқан ас басталады. Асты Қаналы төренің өзі басқарады. Ат бөйгесінде, Адай, оның ішінде Мұңал, оның ішінде Әли атасынан Нұрымның Тауаны деген байдың шұбар аты бірінші келеді. Тауан бай Қаналы төреге әрі құда, әрі қайын болса керек, «маған атағы да жетеді» деп, бас бөйгеге тігілген елу айыр інгенді ошаққа қалдырып кетеді. Сөз арасында айта кетуге болады. Тауан бай 1926 жылы қайтыс болып, келесі 1927 жылы ас берілген. Бұл ас Адай арасындағы ең соңғы ірі ас дейді көз көргендер.

Қаналы төре берген астағы балуан күресінде Жетірудың жігіті бас балуан атанып, бір үйір қысырақты еншілейді.

Содан, түздегі қызықтың солығы басылып, шөліркеген жұрт бір-бір сусындап алған соң, кезек үш ана домбырашыларының күй сайысына жетеді. Нәнталап күйшілер Қаналы төренің он екі қанат сары ала ордасына шақыртылады. Байұлынан аттай алпыс мүшеліндегі Балұстаұлы Есбай келеді. Әлімнен қырық жастағы Тоғызбай күйші көрінеді. Ең соңында Жетірудан әйгілі Алтынай күйшінің шәкірті он сегіз жасар Науша қыз жетеді. Күйшілерге Қаналы төренің өзі сарапшы болады.

«Уа, ағайын! — деп Қаналы төре сөз бастайды. — Үш ананың бетке шығар күйшілері алдымызда отыр. Бұрынғы-соңғының дәстүрімен бұларды қара тартысқа, қала берді түре тартысқа салсақ, онда апталап тыңдауға тура келеді. Сондықтан бір-бірден күйлерін тыңдап, «Теңіз дәмі тамшысынан белгілі» дегендей, төрелігімізді айталық».

Отырғандар Қаналы төренің уәжін қабыл алады. Сол жерде «жолы жіңішке» деп, бірінші күй тарту кезегі Науша қызға беріледі. Ол кезде тартар күйінің бөгернайын танытып, мәнжайын айтып алатын дәстүр бар. «Бұл күйдің шығуына себепші оқиға басымнан өтіп еді, — дейді Науша қыз. — Бірде, айлы түнде ауылдың қыз-бозбаламен бірге ақсүйек ойнап жүріп етігімнің өкшесін тайдырып алдым. Сонда ақсүйекті бірге іздесіп жүрген жанымдағы жігіт етігімнің өкшесін ай жарығына қаратып отырып, шимен шегелеп бергені. Сол жігіттің өнеріне риза болғаннан шығарған күйім еді».

Науша қыз осылай дейді де, «Шилеме-шегелеме» деген күйін тартып шығады.

Келесі кезекті «атасының жолы үлкен» деп, Тоғызбайға береді. «Менің күйіме де өз басымнан өткен бір оқиға себепші болып еді, — дейді Тоғызбай. — Жапсар ауылда Мамыт деген қыз болды. Өзіліміз жарасып, сөзіміз үйлескен жандар едік, ертелікеш бара қалсам, Қызылқайың деген иті күрпілдеп үріп алдымнан шығады. Қабаған ит қызды ауылға жолатпай діңкемді құртты. Содан бір күні қолыма таяқ ұстап, сайланып шықтым. Әдеттегідей алдымнан үріп шыққан итті қатты жасқап едім, жайына кетті. Мен де мұратыма жеттім. Сонда көңілім өсіп қайтқан соң шығарған күйім еді».

Тоғызбай жорғадай сыдыртып күйін тартып шығады. Мұнан әрі күйдің кезегі Есбайға тиеді. Сонда Есбай: «Бұлар күйді оң қақты ғой, қайталау болмасын, мен теріс қағайын» деп, сол жерде «Терісқақпай» деген күйді шығарып тартады.

Күй біткен кезде тыңдаушылар ду ете қалады. «Ойпырм-ай, бұл Есбайға дауа жоқ екен... Түрткені де, шерткені де күй ғой... Табан астында тыңнан шығарып тартты-ау» деседі. Көптің қолдауына Қаналы төре де қосылып, «Бөйгенің иесі — Есбай» деп айтып салады.

Сол жерде Науша қыз уәж айтады: «Қадірлі ағалар, — дейді, — кезек тосын тиген соң, қолым үйренген күйді тартқа-

ным рас еді. Болмаса, шығарып тарту біздің де қолымыздан келеді. Маған бәйгенің де, байрақтың да керегі жоқ. Осынау асқа құр қол келмейін деп, құлағын шығарып келген жаңа күйімді тартып берейін».

Науша қыздың уәжін Қаналы төре бастаған жұрт қабыл алады. Іле Науша сарыны тың, қағысы тосын бір күйді лекілдете жөнеледі. Отырғандар жаңа күйге сүттей ұйып, құлақ түреді. Әсіресе, Қаналы төренің Күнтай атты бәйбішесі ұмсына түсіп құлақ түргенде жаулығы сырылып, шашының көрініп қалғанын аңғармайды. Күй делебе қоздыра құлдыраңдап барып бітеді. Күнтай бәйбіше апыл-ғұпыл жаулығын түзейді. Мұны байқап қалған Науша қыз күліп: «Менің күйіме ең беріліп тыңдаған адам Күнтай апамыз сияқты, сондықтан бұл күйдің аты «Күнтай» болсын», — дейді. Ақылды қыздың қылығына риза болған Қаналы төре қабақ серпіп, Науша қыздың алдына «зер бұйымыңды салып жүр» деп күміс сандықша қойдыртады.

Осы кезде Есбай отырып тіл қатады: «Апыр-ай, менен кейін күй тартылмаушы еді, дәуренім өтейін деген екен-ау!» деп, сол жерде «Өттің дүние» деген күйін тартады. Күй тереңнен толғап, күңірене дөңбекшіп, отырғандардың ойын сан-саққа жүгіртеді.

Сонда Тоғызбай күйші: «Сабыр, Есаға, сабыр! Өлмейтін өнердің алды-артында дүбірі қалың болмайтын ба еді. Мұндайда шүкірлік еткен жарасар», — деп, сол жерде «Әләйлім жалған» деген күйін шертеді.

Күй біткен кезде аңтарылған жұрттың ішінен біреу сөз бастайды: «Ау, ағайын, осы біз мына Байұлының қолын олай-бұлай сермегеніне алданып қалған жоқпыз ба?» — дейді. Бірінен-бірі өткен күйдің әсері суымай отырған жұрт дабыр-дұбыр болып қалады. Бірі — «Наушаның қолы шебер екен», келесісі — «Жоқ, Тоғызбайдың сарыны сұңғыла болды» деседі.

Өршіп бара жатқан дауға Қаналы төре басу айтады: «Жә, ағайын, дейді, — бұл бір айта жүретін өнер сайысы болды. Осы жерде тегін тартылған күй жоқ, бәрі де кісіліктің сойылын соғып, жөн-жобасымен тартылды. Олжаның үлкені сол болса керек. Дегенмен, кесім айтылып қойды. Енді мені екі сөйлетпей-ақ қойыңдар. Жеңіс Есбайдікі, құрмет туын көтеріңдер! Ал, Науша мен Тоғызбай болса, олар да сый-құрметке әбден лайық екен. Риза етіп аттандыру мойнымызда болсын».

267. «Жалды қара»

Тұржанның айтуы бойынша, «Жалды қара» күйінің тууы былай болыпты:

Домбырашы Есбайдың тұсында Таз руында Көпен деген халыққа беделі бар, ауқатты адам болыпты. Көпеннің отыз жылқысы, бес түйесі, 40-50 қойы болса керек. Бір жылы қыс қатты болып, мал түгел боранға ұшыраған. Сонда Көпеннің де малы өліп, жалғыз қара айғыры ғана тірі қалады.

Жалы тізесіне төгілген қара айғыр, жазғытұрым үйірін іздеп, қолды-аяққа тұрмай, бекітсе — бекітуге, байласа — байлауға көнбей, кісінеп, ауылды айнала шауып жүреді. Мұны көрген Есбай:

— Шіркін, жануарым-ай, жалғыз қалып зарыққан екен, — деп күй шығарады. Содан халық арасына Есбайдың «Жалды қара» күйі болып таралып кетіпті.

ДҮКЕНҰЛЫ ЫҚЫЛАС /1843-1916/

268. «Айрауық»

Ықыластың бұл күйіне де өткен заман оқиғасы арқау болған.

Ертеректе Ақшахан деген хан болған екен. Айналада анта-лаған жауы көп, ат үстінде күн кешер жортуылы мол заман болса керек. Күндердің бір күнінде ел тағдыры сынға түскен, ердің басы бәйгіге тігілген ұлы сүргін, жаугершілік болыпты. Сонда жауды жеңіп, жалауы желбіреп қайтқан Ақшахан көзге түскен батырлардың басын қосып, той жасап, сый-сияпат көрсетеді. Осы бас қосуды Айрауыққа айрықша ықылас көрсеткен хан: «Айрауық сен — ел еркесісің, қашан көзім жұмылғанша бетіңнен қақпаймын», — деп, жұрт алдында жария етіп еді дейді.

Сол кезде Ақшаханның бой жетіп, толықсып отырған жалғыз қызы болады екен. Айрауықтың осы қызға көңілі кетеді. «Жұрт мақтаған жігітті қыз жақтаған» деген емес пе, Айрауықты қыз да ұнатса керек. Сөйтіп, Айрауық пен хан қызы бір-бірімен көңіл жарастырған соң Ақшаханға сөз салады.

Ақшахан болса: «Жалғыз қызымның ұнатқан адамы Айрауықтай батыр болса, Айрауықтың қалағаны менің қызым болса, екі жастың қалауы болсын!» — деп, ұлан-асыр той жасайды. Сонан соң, хан қызына лайық жасауын келістіріп, қырық нарға жүк артып, Ақшахан жалғыз қызын ұзатады.

Содан, Айрауық батыр хан қызын алып, нөкерлерін ертіп, көшкен елдей болып, көңілдері тасып еліне қайтып келе жатады. Сол кезде, есесі кеткен жаудың ел шетін торып жүрген жасағы бар екен, бір күні аңдып жүріп Айрауықтың көшіне тұтқиылдан шабады. Айла тауып, ақыл тоғыстыруға мұрша болмайды, арсы-күрсі айқас басталып кетеді. Қапыда соққан жау қоя ма, аз сәтте Айрауықтың жанына ерген жігіттерін баудай түсіреді. Айрауық жалғыз өзі қаша ұрыс салып, жауға теңдік бермейді. Сөйтіп жүргенде садағының адырнасы үзіліп, бойында басқа қаруы қалмаған Айрауықтың амалы болмай бір төбенің басында тұрып қалады.

Ақшаханның ару қызын мол жасауымен қолға түсірген жау мәз болып, көшті бұра тартпақ болады. Осы кезде Ақшаханның қызы сауға сұрайды: «Некелеп қосылған қосағым еді, бұйрық осы шығар, енді тым болмаса бір ауыз тілдесіп, қоштасып айырылысуға ұлықсат етіңдер», — дейді.

Мерейі үстем болып тұрған жау ару қыздың тілегін қабыл алып, Айрауыққа қарай алып жүреді. Сонда, Айрауыққа жақындап келген Ақшаханның қызы: «Ей, Айрауық, мұнша неге есің шықты, тарыққанда талғасын деп, қанжығаңа мейіз түйіп едім ғой», — депті.

Сөйтсе, алдын болжайтын ақылды қыз «заман қандай болады» деп, түйе сіңірінен ширатып жасаған садақтың тарамыс адырнасын ерінің қанжығасына байлаған ғой. Жаңағы «тарыққанда талғажау етсін деп, мейіз түйіп едім» деп тұрғаны сол адырнаны меңзегені еді дейді.

Бұл емеурінді Айрауық түсініп, садағына адырнасын тағып алып, жауға «жекпе-жек, жекпе-жек!» деп қайта шабады. Қаруы келіскен Айрауық дес бермейді, қапысыз атып, қынадай қырып шыдатпай, ақыры жауды түре қуады. Сөйтіп, сүйген жарына қайта қосылып, аман-есен еліне келіп, мұратына жетіпті дейді.

269. «Бозторғай»

Бір жылы ел жазылып жайлауға шығып, төрт түлік мал Арқаның апай төсіне тұяқ іліктірген кезде Түсіпбектің үйіне әдеттегідей Әулік пен Нақып бастаған Дәулеттің ағайындары келеді. Қадірлі қонақтарына Түсіпбектің үй іші жайылып

жастық, иіліп төсек болып, жандары қалмай күтеді. Түсіпбек қобызын сирек ұстайтын адам екен. Бірақ сыйлы қонақтарының көңілі үшін қобызын алдырып, әдеттегідей інісі Ақынбайға құлақ күйін келтіртеді, шайырын жаққызып баптатып алады.

Түсіпбек қобыз алдыртқаннан-ақ үй төңірегіндегі балашағаның дабырын тыйып, үй ішіндегілер тиісті орындарына жайғасып тыныштық сақтайды. Тек қана босаға жақта тұғырда отырған бүркіт «қияқ-қияқ» деп шақырып, тыныштықты бұзғандай болады. Ақынбай кіржің етіп: «Қолбала емес, түзден алған құс еді, қайыруға көнбей қойды, қайсар екен», — деп, қонақтардың алдында ақталғандай шырай танытады.

Үйдің ши жағында Түсіпбектің Шәмшиядан туған Шырын деген қызы ши түбіндегі қара сабаның сылдырмақты піспегін қызықтап тұрады. Жаңа қаз басуға жарап қалған Шырынның үстінде қызыл көйлегі болса керек.

Содан, Түсіпбектің қобызды қолына алғаны сол екен, босағадағы бүркіт дүр сілкінгенде тұғыр басына орай салған балақ бауы босап кетеді. Аяғының босағанын сезген асау бүркіт тұяғымен сарт-сарт ұрып, томағасын сыпырып түсіреді. Томаға түсісімен жанары жарқ-жұрқ етіп, үйдің ішіндегілерді жұтып жіберердей бір шолып шығады да, көзін саба түбінде селтиіп тұрған қызыл көйлекті Шырынға қадайды. Іле лып етіп тұғырдан қарғып түскен бүркіт балпаң-балпаң басып теріс қарап сылдырмақпен ойнап тұрған Шырынға қарай жүреді.

Үй ішіндегілер сілтідей тынып, аңырып қалады. Себебі, тұз тағысының мінезі аян, дәл қазір тосын қимылды сезсе болды, көз алдындағы қызылды қызғанып тұяқ жұмсауы мүмкін. Бүркіттің шалт қимылы жай оғындай жылдам екенін, сол жерде жат қимылмен жарысып тұяқ жұмсаса, баланы майып қылатынын әсіресе құсбегі Түсіпбек жақсы біледі. Жақсы білгендіктен де, Түсіпбек тығырықтан шығар шешімді өзі табады.

Үй ішіндегілер «енді қайттік!» деп булығып отырғанда Түсіпбек қолындағы қара қобызын сыза жөнеледі. Қиян дала, қиыр шеттен талып жеткендей бір тосын сарын үздіге сұңқылдап келіп, ширыға шырылдайды.

Сонда, қызыл көйлекті баланың ту сыртына төніп келген бүркіт мойнын қылқыңдатып, ашық тұрған түндіктен зеңгір көкке көзін төңкере қадап тұрып қалып еді дейді. Бүркіттің қобыз үніне алаңдаған сәтін пайдаланған Ақынбай лып етіп

орнынан тұрып, тұз тағысын тік көтеріп әкеп тұғырына қондырады.

270. «Жалғыз аяқ»

Бағаналы Сандыбайдың Ерденінің баласы қайтыс болғанда БҚылас өзінің «Ерден» деп аталып кеткен жұбату күйін тартқан. Сол жолы БҚыластың арқалы өнеріне тәнті болған Ерден Тамалардың барымталанған жылқысының қайтарылуына себепші болған ғой. Оған қоса БҚыластың алғаш рет алыс-жақындағы бас көтерер білікті адамдарға танымал болатыны да осы кез. Тама руының игі жақсыларына олжа салып, өз ағайындарының арасында да зор беделге жеткен.

Осы сапар БҚыластың қанатты өнеріне тәнті болған Ерден сый-құрмет көрсетіп, астына ат мінгізеді, иығына шапан жабады.

Содан Ұлытаудағы Ерден ауылынан көңілдері көтеріңкі аттанған Тама елінің адамдары Сарысу бойындағы қонысына ертерек жетуге асығып, суыттау жүрсе керек. Сол суыт жүріске шыдамай, БҚыластың Ерден ауылынан сыйға мінген аты ақсап, қолдауы сөгіліп қалады. Бұл топтың ішіндегі ең жасы БҚылас болған соң үлкендер жағы әзілдеп: «Әй, БҚылас, осы сенің қобызыңның дауасы күшті болып тұр. Жалғызынан айырылып, жер бауырлап жатқан Ерденнің қайғысын сейілтп, басын жерден көтерттің. Ол аз дегендей, Ерденнің көнтақым ұрылары әлдеқашан сіңіріп кеткен малымызды қайтарттың. Енді мына Ерденнен мінген пырағыңның жанын қинамай, сол қобызыңның өнерін тағы көрсетіп, бір шипа келтірмейсің бе», — дейді. Ұзын жолда ерігіп келе жатқандарға ермек керек, басқалары да әлгі сөзді қолдап, кеу-кеулеп кетеді.

Сонда БҚылас жасы үлкен ағаларының сөзін әзіл де болса жерге тастамай, ат үстінде келе жатып қобыз тартады. Сарыны да, ырғағы да бөлек соны саз әлгінде ғана әзілдеп келе жатқан үзеңгілестерін елең еткізеді. Күй еркелей толқып, сырғи созылып барып аяқталғанда тыңдаушылары: «Әй, мынауың тың сарын болды ғой!» — деп таңданыс білдіреді.

Сонда БҚылас бағанағы әзіл сөзге әзілмен жауап қайырып: «Енді қайтейін, иен далада ерімді арқалап жаяу қалар жайым жоқ. Мына ақсақ атыма шипа болсын деп тартқан күйім ғой!» деген екен.

Кейін бұл күйі ел ішіне «Жалғыз аяқ» деген атпен тарап еді дейді.

271. «Жезкиік»

Көктемнің шуақты күндері бел алып, Арқаның Бетпақ-даламен жапсарындағы Ақтау, Ортау, Қызылтау деп аталатын сілемді таулары ерекше шұрайланған кез екен. Ел жазылып жайлауға шыққан, көңілдері көтеріңкі, мәре-сәре.

Осындай бір табиғат пен адам қауышып, жайлаудың қызық күндері басталған шақта дәулескер күйші Сайдалы Сары Тоқаның үйінде Арқаға даңқы жайылған күйші-домбырашылардың басы қосылып қалса керек. Олар: «Сары Тоқаның інісіндей» болып кеткен қобызшы Ықылас, ән мен күйді тел меңгерген Дайрабай, домбыраға тіл бітіретін Қыздарбек. Бұлардың бәрінің де ауылдары Сары Тоқа ауылына жапсар. Сонсоң да, Тоқаның жасының үлкендігін сыйлап, ел жайлауға шыққан кезде арнайы келіп сәлем беруді әдет еткен.

Орайы келген сәтте бас қосу, сырлы сұқбат, кезек-кезек тартылған әсем күйлер бұлардың көңілін көтеріп, шабыттарын шалқытады. Осындай бір шақ болса керек, көгалға сары ала сырмақ төсетіп, сары қымыз сапыртып, сұхбат құрып отырғанда ауыл іргесіндегі жоннан асып төгілген алтындай болып қалың киік көрінеді. Ғажайып көрініс әркімді-ақ қайран қалдырады. Сонда, қашаннан ұшқыр ойлы, шалт мінезді Тоқа отырып: «Мынау бір, көз алдыңнан кетпесе деп тілейтін сұлу сурет екен. Шыныменен сұлулықты дыбыс етіп саусақтарыңа ілгендерің рас болса, осы суретті күй етіп көріңдерші!» — дейді ғой.

Табиғаттың еркін өсіп, желмен жарысқан ерке киігін тамашалап отырғандардың ішінде Тоқаның әлгі өтінішіне алдымен Ықылас елеңдеп, аз-кем абыржи толқып отырады да, қара қобзына қол созады. Іле қыл қияқты құшырлана шалып, әлгі бір сұлу суреттен бірде кем емес сырлы сазды құйқылжыта төгеді. Күй бір тыңдауға ойнақы болып көрінгенмен, осынау даланың мұң-сырын тұяғына ілестірген арман-киіктей болып, азаттықты дәріштейді.

Күй де бітеді, қалың киік те қыр асып, көзден таса болады. Сонда, көкірекке қуаныш өксігі болып кептеліп, жанары жасаурап отырған Дайрабай алдымен тіл қатады. «Апыр-ай, Ықам-

ай, адам жанын айтқызбай түсінетін жампоз екенсіз ғой! Тусаң ту! Өлгі сырлы саз қырдың қызыл киігін қиялдағы жез киікке айналдырып жіберді-ау!» — деген екен.

Сол жерде «Жезкиік» деген атпен тұсауы кесілген күй кешікпей-ақ байтақ қазақ даласына тарайды...

Бұл — қазіргі Жезқазған облысына қарасты Жаңаарқа ауданының жерінде қыз бұрымындай Көктал деп аталатын өзеннің бойында 1880 жылы жаз айларының бір мамыражай шағында болған оқиға.

Ел ішінде «Жезкиік» күйіне қатысты мұнан басқа да бір аңыз айтылады. Ықыластың үлкен әкесі Алтын бармағы майысқан зергер болыпты дейді. Сол кезде тамалармен жапсар Қоңыр төренің ауылы отырады екен. Бұл — әйгілі Құдайменде төренің бел баласы. Құдаймендеден Қоңыр, одан Бегалы, Жаналы деген екі бала болған. Бегалыдан Жәңгір туған. Осылардың қай-қайсысы да төрелігіне қоса төңірегіне байлығымен де даңқы жайылған, жуансіңір шонжарлар болған.

Бірде Қоңыр төре өзінің бой жетіп отырған қызының жасауын келістіру үшін Алтын зергерді арнайы шақыртып, жаз бойы зер бұйым жасатады. Алтынмен бірге ер жетіп қалған немересі Ықылас еріп келеді. Жай еріп келмейді, жасы ұлғайып қалған атасының бірде көрігін басып, бірде көмірін тасып, қолқабыс тигізеді. Қоңыр төренің қызы өзіне арнайы зергер бұйым жасалып жатқан соң, күн сайын ұстаханаға келіп, бірде саусағын, енді бірде білегін өлшетіп кетіп жүреді. Сөйтіп, жүріп Ықылас екеуі жақын танысып, сөздері жарасып, бір-біріне көңілдері құлайды. Әсіресе, Ықылас тұңғыш рет бозбала сезіммен құлай беріліп, жан дүниесі жалынға оранғандай күй кешеді. Оның үстіне Қоңыр төренің қызы атастырған жігітіне салқындау болса керек. Бұл да Ықыластың қабырғасын сөккендей жүрегін сыздатады. Аз уақытта танымастай өзгеріп, мұңая тұйықталып жалғыз ғана қобызымен сырласқандай ертелі-кеш күй шалады.

Мүнің бәрін зерек атасы Алтекең сезіп жүреді. Немересінің уыз сезімін аяп, іштей күйзеледі. Бірақ амал бар ма?!

Содан, күндердің күнінде төре қызының зер бұйымдары да жасалып бітеді. Қоңыр төре мейлінше риза көңілмен: «Алтеке, қолың құтты болсын, мынау қол майың», — деп, алдына екі үйір жылқы салады.

Сонда Алтын алғысын айта отырып: «Көңілің зерек, құлағың түрік төресің ғой, баламның күйін тыңда», — деген екен. Мұнысы, төремен сүйек боламын деп дәмесін зорайтпаса да, екі жастың бір-біріне ынтық сезімін емеурін еткені еді дейді.

Қоңыр төре бұл емеурінді түсінеді. Түсінбегенде ше, атасы иек қағуы мұң екен Ықылас жаз бойы жас жүрегіне жұбаныш болған күйін лекіте шалып жөнеледі. Сырты сұлу тың сарын естір құлақты елең еткізіп, жүрдек ырғағына еліктіре үйіріп жөнелгенімен, күй астарындағы мұңлы сезім жүректі шымырлатып сығымдағандай болады.

Сонда, Қоңыр төре де іштей мүжіліп, өзінен-өзі шөгіп, үн-түнсіз отырып қалған екен...

Кейін, арада жылдар өткенде Ықылас жолаушылап келе жатып қалың қорым, моланың арасынан әлдекімнің мұңлы даусын естіп, ат басын бұрады. Жақындап келсе үсті-басы өрім-өрім, ағара бастаған шашы ұйысқан, есі кірерлі-шығарлы бір бейбақ әйелді көреді. Бұл баяғы Қоңыр төренің Ықылас ғашық болып, өзінің әйгілі «Жезкиік» күйін арнаған қызы еді дейді.

Ықыластың әйгілі «Қоңыр» күйі осы Қоңыр төреге арналып еді деген сөз бар.

272. «Ерден»

(I нұсқа)

Бірде Ерден жапсар жатқан Таманың Қазы деген әлдісімен қырбай болып, қыр көрсету үшін алалы жылқысын ойсырата айдатып алады. Жылқышылар дереу із кесіп, ұрланған жылқылардың Бағаналы еліне тірелгенін анықтайды. Кешікпей-ақ, Ерубай би бастаған Байзақ қажы, Берден, Иманмырза, Есеншора батыр, Барлыбай, Тіленші, Құлтас қатарлы Таманың игі жақсылары Ерденнің алдына өту үшін атқа қонады. Берсе, ақдал малын айдап қайтып, бермесе, бетін біліп қайтпақшы болады.

Сол кезде Дүкенұлы Ықылас жиырмаға әлі тола қоймаған жігіт екен. Өз еліне қобызшылығымен танылып, тіптен өз жанынан күй шығарып, жұрт аузына іліге бастаған кезі болса керек. Ерденнің ауылын бетке алған Таманың игі жақсылары Ықыласты да атқосшы етіп ерте жүреді.

Содан, Таманың жоқшылары Ерденнің ақ ордасына келіп ат басын тірейді. Сол жерде осыдан бір күн бұрын Ерденнің

Әйменде деген ұлының қайтыс болып, қаралы күйде екенін естиді. Маманың игі жақсылары аза үстіне тап болған соң иба сақтап, Ерденге көңіл айтудан арыға бармайды. Ерден болса жұбату сөздердің бірде-біріне селт етіп мойын бұрмастан, ах ұрып теріс қарап жатып алады.

Ерденнің бұл сияқты қайғы жұтып, қасірет шеккен халі тек қонақтарды ғана емес, бүкіл Бағаналы елін дағдартады. Сөз біледі, жөн біледі дегендердің көңіл білдіріп, басу айтуы Ерденнің басын жерден көтерте алмайды.

Сонда Бағаналы елінің Шоқай /Құлжабай деп те айтады/ деген шешені келіп былайша басу айтаса керек:

Ассалаумағалейкүм Ерден!
Кеткенің бе кердең.
Мен Шоқай аған,
Алыстан көңіл айта келген,
Кел, кәне, көріселік,
Басыңды көтер жерден!
Басыңа бақыт құсы қонып,
Жасыңнан орын алдың төрден.
Жаратқан пұлсыз беріп, құнсыз алды,
Нең бар еді Құдайға берген?!
Сенің шикі өкпе балаң түгілі
Әкең Сандыбай да өлген.
Оны мына мен көзімнен көргем,
Қолымнан көмгем.
Өлген қайтып келмен!
Ауырды жер көтереді,
Жерді жел көтереді,
Қазаны ел көтереді,
Қайғыны ер көтереді.
Қарадан туған хан емес пе едің,
Айырдан туған нар емес пе едің?
Кеше әкең Сандыбай өлгенде,
Қасында мен бар емес пе едім?
Сен сонда жалаңаяқ бала емес пе едің?
Жаманның басына іс түссе, бойлай береді,
Көтер басыңды,
Қарсы ал досыңды!
Босатпа беліңді,
Жасытпа еліңді! —

деп сөз тастайды ғой. Сонда ғана Ерден:

— Е-е, бастасым келген екен ғой! — деп, жастықтан басын көтеріп отырады. Бірақ қайғыдан есеңгіреп, ешкімге назар салмастан еңсесі түсіп отырып қалады. Тек, анда-санда құмыға уһілеп, тұсында сүйеулі тұрған қара қобызын сипап қойып, шерін босатқысы келгендей шырай танытады дейді. Қобызды сипай отырып, «Жазғызым, құлыным!», — деп булығы күбірлейді.

Осылайша қара қобызына Ерден әлденеше рет қол созады. Кеудесін кернеген зарды сыртқа шығарар сарын тілегендей болады.

Ерденнің басындағы осындай қайғылы халге босаға жаққа тізе бүккен Ықылас та куә болып отырады. Өлімнің жолы ауыр ғой, ол да іштей егіліп, Ерденнің басындағы қайғыны қобыз тілімен сарната сөйлеткісі келеді. Бірақ осынау азалы шаққа қаншалықты араша түскісі келіп отырса да, төрге баса-көктеп шығып қобызға қол тигізуге батпайды.

Осындай күйде үш күн, үш түн өтеді. Әймендені арулап қойып, өліктің үшін береді. Көңіл айтшылардың алды соңғы басу сөздерін айтып аттана бастайды. Ерден болса сол өзімен-өзі болып, тіс жармаған қалпы қара қобызына мұңая қарап қойып отырған қалпынан танбайды.

Ал Таманың игі жақсылары болса үн-түнсіз аттанып кетуді жөн көрмей, «өлгеннің артынан өлмек жоқ, тірі адам тірлігін ісейді» деген қисынды сөздерін айта отырып, келген шаруаларын емеурін етеді. Сол жерде Ерден бір-ақ ауыз сөз қайтарады:

— Өз малым иесіз қалып жатқанда өзгенің малын қайтемін! — деп келте қайырады да, орнынан тұрып, сыртқа шығып кетеді.

Ерденнің бетін білген соң Таманың ер-азаматтары қайтуға жиналады. Осы кезде неше күндей қобызға ынтық болып, бірақ мынандай қаралы шақта қол созуға батылы жетпей булығып отырған Ықылас төрдегі қара қобызды ала салады да, шалып-шалып жібереді ғой. Жай шалмайды, үш күн бойғы Ерденнің «беу, жалғызым, құлыным!» деп күрсіне егілген сөзін сөйлете сызады. Сол қалпы Ерденнің көкірегіне кептелген зарды аңырата созып бір қайырады да, қобызды іргеге сүйей салады.

Осы кезде сырттан ентіге басып Ерден кіреді. Көзі жасаурап, иегі кемсеңдеп, омырау ашылып кеткен. Кірген бетте үй ішіндегі Таманың жоқшыларын бір шолып өтеді де:

— Апыр-ай, біреуің қобыз тарттыңдар ма, жоқ әлде, менің кеудемді кернеген қайғы сыртқа шыққысы келді ме?! Бір сарын сұңқылдап есімді алғандай болды-ау! — депті.

Сонда үй ішіндегілер Ерденнің толқып, бұзылып тұрған өңінен қаймығып, жерге кіріп кете жаздап еді дейді. Тек бір қарт отырып:

— Ау, Ерден, сабыр-сабыр! Мұнша неге боркемік болып кеткенсің. Мына бір бала балалық жасап, қобызыңа қол тигізіп қойды, — деп Ықыласты көрсетеді.

Осы кезде Ерден екі иығын басқан зіл батпан жүкті алғандай, еңсесін түзеп келіп орнына отырады. Сонан соң басын көтеріп, қабағын ашып, Таманың жоқшыларына мойын бұрып тіл қатады:

— Уа, Таманың жақсы-жайсаңдары! Тай-тайлақты екiнiң бiрi ұрлайды. Рас, мен сендерден мал ұрлап едiм. Ал сендер менен адам ұрлапсыңдар! Неше күннен берi менiң қайғымды қызықтағанша, сол қайғыма араша түсер адамның барын айтсаңдар болмай ма?! Издегендерiң мал болса табылар, қайғымды сейiлтер күй табылмас... Бел шешiп жайғасыңдар, қобыз тыңдайық! — деген екен.

Неше күн бойы азалы ортада толқумен болған Ықылас қолына қара қобыз тиiсiмен тың сарынды сыза жөнелiптi. Қобыздың қоңыр үнi «бе-еу, жалғызым, жалғызым!» деген шерлi сөздi жоқтау айтқандай азынай созып бастап, «айналайын қарағым-ай, үйбай-ай!» деп күңiрене толғап, күрсiне қайырады. Қыл қобыз iшегiн тарта жылап, азалы жанның зарын төгедi. Өтпелi өмiр, опасыз жалған туралы тұңғыық ойларға батырады...

Сонда Ерден:

— Пай-пай, мұндай да жорға болады екен ғой! Десе десiн-ау, десе десiн-ау! — деп, қайғыдан сейiлгендей шырай танытқан екен.

Сөйтiп, осы жолы Таманың игi жақсылары Ықыластың қобызының арқасында ұрлаған малдардың көзi барына көзiн алып, көзi жоғына төлеуiн алып, ат-шапан айып үшiн алдарына қосақ салып, арттарына тiркеу ертiп, абыроймен елге қайтады. Ал Ықыласқа арнайы сый-сияпат жасап, иығына оқалы шапан жабады, астына ат мiнгiзедi.

Ықыластың осы жолы Ерден алдында тартқан көңiл айту күйi ер арасына «Ерден» деген атпен тарап едi дейдi.

273. «Ерден күйі»

(II нұсқа)

Ықыластың туған жері — Тама әкімшілік тұрғысынан ол кезде Ақмола уезіне бағынатын. Ояз бастығы, басқаша айтқанда «дуанбасы» Ерден деген біреу болады. Ол ешкімнен, ешнәрсемен санаспаған ниеті қара, қатал жан атанады. Ол әсіресе негізгі тұрғындары Арғын руы болып саналатын бұл жерге ауып келген Тама руына тым қыспақтық жасайды. Екі руды таластырып, Ерден өзінің бас қамын ойлайды. Бір күні Тама руының өкілі жинаған алым-салыққа мүсе тұтпаған Ерден, Арғындармен шектес отырған Тамалардың жылқысын қуып әкелуге өз шабармандарын жұмсайды. Таманың адамдары «абыройлы, беделді» Ерденге келіп ешбір жазықтарының жоқ екенін, тиісті алым-салықтарын тиісінше төлегендерін айтып, мал-мүліктерін қайтарып беруін өтінеді. Олардың сөздерін құлағына ілмеген Ерден, тіпті «түрмеге айдаймын» деп қорқытады. Тіпті, ол ол ма, Ерденнен көңілі қалған оның бір атшабарманы Ықыласты қамшымен сабалап бөлегаттап оның жалғыз атын тартып алады, қобызын тағы сындырмақшы болады. Ашуға булыққан Ықылас жаяу болса да Ақмолаға барып «дуанбасына» өз көзімен көрген атшабарман әділетсіздігін айтуға бел буады. Бірақ ауылдастары Ықыластың бұл ойын мақұлдамайды. Ерден ол ойлағандай ақкөңіл емес, ол қайта біздің жылқымызды қайырып беруді өтінген ақылды азаматтарымызды дымсыз қуып жіберген, «ол, сені, Ықылас тіпті кісі құрлы көрмейді» дейді олар.

Бірақ Ықылас ауылдастарының бұл ақылын тыңдамайды. Жолда ол «Жалғыз аяқ» күйін шығарады. «Егер би бір ауылды ғана билесе, — дейді Ықылас, — менде жүрегі таза, ар-ұяты бар адамдарды билейтін күш бар, менде, менің өтінішімді «жарым патшаның» өзін тыңдауға мәжбүр ететін қобыз бар».

Жолда — Ақмолаға жақындағанда, Ықылас Ерденнің сүйікті ұлы Айменденің өліп, оның ауыр қазаға ұшырағанын, Ерденнің кеңсесінде сирек болатынын естиді. Қолтығына қобызын қысып, Ықылас Ерден үйіне келеді. Алдынан қарсы шыққан Ерденнің малайы «дуанбасының» үйде екенін, бақсыны қабылдауға құштар екенін айтады. Ол кезде қобыз ұстағанның бәрі бақсы атанатын. Басын төмен түсіріп, Ықылас төр үйге кіреді. Қайғысына ортақтасқандай болып, ол қысқаша дұға оқиды да,

өзінің қобызын ала салып қайғылы-қазалы күйін ойнай бастайды. Күйдің музыкасына шыдай алмаған Ерден мен оның үй-іші ұзақ жыласады. Қайталап тағы және тағы ойна дегендей Ерден Ықыласқа басын изеп белгі береді. Көңілі толған Ерден Ықыласқа жақсылап қонағасын беріп, кетерінде: «Қандай өтінішің бар еді?» — деп сұрайды. «Менің бір ғана өтінішім бар, егер мүмкіндігі болса, Тама руының жылқысын қайтарып бергізуіңізді сұраймын», — деді Ықылас. Ерден бұл өтінішін орындайтынына уәде береді, Ықыластың тағы бірнеше үйінде жатып, өзінің қобыз ойнап, үй ішінің көңілін аулауын өтінеді. Ерденнің ұлы Айменде өліміне арнап шығарған Ықылас күйі халық арасына «Ерден күйі» атанып тарап кеткен.

274. «Қазан»

«Қазан» күйіне қатысты ел ішінде мынадай бір сөз бар. Ықылас өз кіндігінен Түсіпбек, Мақұлбай, Ақынбай деген үш ұл көрген. Үшеуі де әке өнерін шашпау шығармай, бойларына дарытқан қобызшылар болған.

Осылардың ішінде үлкені болған соң ертерек шаруаға араласып, ағайынға бас-көз болғаны Түсіпбек. Еті тірі Түсіпбектің қотанына мал бітіп, саудасы сәтімен жүріп, әжептәуір дәулет иесі болған адам.

Бір жылы Арқа байлары мен серіктесіп Ірбіт жәрмеңкесіне кіре тартады. Өзімен бірге «әрі серік боласындар, әрі ел-жер көресіндер» деп, әкесі Ықылас пен інісі Мақұлбайды ертіп алады.

Ірбіт жәрмеңкесінде саудасы сәтімен жүрген Арқа байлары іргеде тиіп тұрған Қазан қаласының қазыналы дүкендеріне соға жүруді ниет етеді. Бірге келіп, бөлек қайтудың қисынын таппаған Түсіпбектер де амалсыз Қазандатып қайтпақ болады. Осы сапар Қазан қаласына жеткенде Мақұлбай тосын бір дертке шалдығып, дүние салады.

Сонда Ықылас:

«Қазанға мен барғаным,
Мақұлбайдан қалғаным!..» —

деп, өзінің жоқтау күйін тартып еді дейді.

Бұл күйі кейін ел ішіне «Қазан» деген атпен тарайды.

275. «Ханшайым»

Бір жылы Кенесары қалың қолымен Арқаның Бетпақдала жақ жапсарындағы Болат, Тайатқан, Шұнақ, Мұңлы, Қулы тауларын тұрақ етеді. Бұл жерлер Шұбыртпалы, Тарақты, Тама руларының іргелес қонып жайлайтын мекені.

Сол жылы Кенесары інісі Наурызбайдың жанына қырық жігіт қосып, Кіші жүздің Тілеуқабақ деген ірі байына аттандырып, жасағына жұмсайтын мал алдырмақ болады.

Наурызбайдың от пен судан қайтпай жалындап тұрған кезі. Оның үстіне қаһарлы ағасына арқа сүйейді. Сонсоң да батыл қимылдап, Үшбурыл өзенін қиып өтіп, Тілеуқабақтың үш қос жылқысын айдап, жөнелсе керек. Сол кезде Тілеуқабақтың ер жеткен Әлі, Мұса деген екі ұлы, Қаншайым атты ақылына көркі сай қызы болады екен.

Қолды болған малының соңына түскен Әлі мен Мұсаны Наурызбай жалғыз өзі қарсы алып, екеуін де қуып тастайды. Сонда, намысқа шыдамай Қаншайым атқа мініп, Наурызбайды жекпе-жекке шақырады. Күш-қайратына сенімді Наурызбай қызға қол көтеруге намыстанып, Қаншайымды сөзге тартады. «Қол көтеріп қарсыласатын емес, құшақ ашып жар ететін жан екенсің», — депті Наурызбай. Сонда Қаншайым: «Құшақ ашып жар етсең, басыңа басым тең, Наурызбай! Бірақ ата салтынан үлкен емессің, өлетін мал мен тозатын дүниенің жолында аруаққа шет болмағайсың!» деген екен.

Сол жолы Наурызбай Қаншайымның ақыл-парасатына төнті болып, көңілі құлай беріліп, жылқыны өз өрісіне кері айдатады. Сонан соң Тілеуқабаққа кісі салып, құдалық сөйлесіп, ақыры Қаншайымды алып қайтады.

Қаншайымның келін болып түскен жері Болат, Тайатқан, Шұнақ тауларының Бетпақдала жағындағы Майтөккен деген жер. Кенесары соңынан ерген жалғыз інісінің бас құрауына ұлан асыр той жасайды. Көп мал сойылып, ақ май ағып, майлы сорпа көп төгілген осы жұрт кейін Майтөккен аталып кеткен.

Наурызбайдың үйлену тойы дүрілдеп өткен соң, екі жасқа арналып алтын үзікті ақ отау тігіледі. Ел-жұрт Наурызбай мен Қаншайымға ақ тілеу айтып, оң аяқпен босаға аттатады.

Жортуылда жүрген елдің ұйқысы сергек, етек-жеңі жинақы болатын әдеті ғой. Бірде, Наурызбай ерте тұрып, жасақ қосын аралауға кетеді.

Сонда, сыртта жүрген Кенесары отау үйдің жанынан өтіп бара жатып жабықтан қарап еді дейді. Бұл кезде Қаншайым отау ортасына қойылған жез леген үстінде суға түсіп тұрса керек. Кенесары өңі жылып, жымия күлген қалпы бұрылып кетеді.

Ханның осынау тосын қылығын байқап тұрған бәйбішесі «мұның не?» деп сұрағанда, Кенесары: «Бір шүйкебасқа бола құр қол келгені қалай деп пұшайман болып жүр едім, Науанымның қосағы үш қос жылқыға тұрады екен!» — депті. Бұл сөзді естігенде ханның ырымшыл бәйбішесі: «Апыр-ай, көзің жаман еді, сұғың өтер ме екен, түкір, түкір!» — деп шырпыр болады.

Айтқанындай, арада үш күн өткенде ару Қаншайым аз сәтте қарайып дүние салады.

Ел-жұрт күні бүгінге дейін Қаншайым сұлуға Кене ханның көзі тиіп еді дейді...

...Осы оқиғаны бала кезінде жалықпай тыңдап өскен Ықылас есейген шағында күй етіп тартып, оны «Қаншайым» деп атаған. «Қаншайым» десе дегендей, күй мейлінше нәзік сырлы, сұлу бітімді. Қарапайым ғана қайырымдары тыңдаушы көкірегіне тез қонақтап, біреу толғамда тез жатталып, күй тынған соң да әсем сарыны қайта жаңғырығып соңынан қалмайды. Әсіресе, жалқы ішекпен сыза қайыратын тұстары Қаншайымдай арудың ойлы мұңға батқан парасатты тұлғасын санаңа ұялатқандай болады.

276. «Қасқыр»

Ықыластың жастау кезінде әкесі Дүкен өзімен бірге Қоянды жәрмеңкесіне ертіп барыпты дейді. Онысы, ел көріп, жер танысын деген әкелік қамқорлығы болса керек.

Арқадағы Мұңлы, Құлы тауларын жайлап отырған тамалардан шыққан жолаушы Қоянды жәрмеңкесіне бару үшін жолай сайдалы, тоқа, тарақты, карсон, керней руларының жерін басып өтеді. Бұл жерлерді Желтау, Ақтау, Ортау, Қызылтау, Бұғылы, Тағылы деп аталатын Арқаның сиыртаңдай, қатпарлы таулары алып жатыр. Алыстан жатаған болып көрінгенімен, бұл таулардың қолтық-қойнауы аңғарлы, тал, терек, қайың, мойыл сияқты ағаштары ұйыса біткен, қалтарысы мол. Мұның

өзі сол заманның жол торыған ұры-қарысына, барымта-сарымтасына таптырмайтын мекен болғандай.

Содан, Дүкен мен Ықылас әкелі-балалы болып, Қоянды жәрмеңкесінен ырғалып-жырғалып қайтады ғой. Жолай Бұғылы, Тағылы тауларының терең шатқалды сайларын қуалап, «мұнан өтсек, өзіміздің Қызылтау, Ақтаудың да сілемі көрінер» деп келе жатады. Бір мезгілде жалғыз ғана асуы бар кезеңнен өте бергенде сойылдары шошаңдаған бес-алты аттылы «Таста! Таста!» деп, тап береді. Ес жиып болмайды, Дүкен мен Ықыласты сойылмен жасқап, ат сауырындағы қоржындарын іліп әкетеді. Базаршылап бауды күйттеп жүрген Дүкен жоқ, балашаға қолға қарар деп алған болмашы қант-шайдың ұрыларға олжа болғанына өкінбейді де.

Сөйтіп, карсон, кернейдің ұрыларына қоржындарын ғана алдырғанына риза болып, Дүкен мен Ықылас елге келеді. Елге келген соң, ағайын-туған, көрші-қолаңмен жүздесіп болған соң, Ықылас көптен ұстамай сағынып келген қара қобызын қолға алады. Шайырын жағып, құлақ күйін келтіріп болған соң, сарыны мүлде бөлек бір күйге салады. Күй деуге де келмейтін, қасқырдың ұлығаны, қаншықтың қыңсылағаны сияқты тосын дыбыстар шығады. Енді бірде, даланың бір үйір аш бөрісі қосылып ұлығандай ұзақ сарын азынап тұрып алады.

Қобыздың көкжал бөрі болып ұлыған тосын үнінен ауыл үйдің иттері шошынып, шабалана үріп, азан-қазан болады. Сонда Дүкен: «Шырағым-ау, мұның не?» — дегенде, Ықылас: «Көке, танымай отырсыз ба, кешегі Бұғылы, Тағылының ішінде кездескен қасқырлар емес пе!» — деген екен.

Ықыластың тырнақалды күйлерінің бірі болған осы сарын кейін ел ішінде «Қасқыр» деген атпен тараған.

277. «Саржан төре»

Оқиға 1833 жылдар шамасында Арқа тамаларының ру басы Итемген би мен Кенесарының ағасы Саржан төренің арасында болған.

Абылай заманында Еділ, Жайық бойынан ығысып келген Таманың Жөгі, Шақа деп аталатын бұтақтары Бетпақдаланың Арқа жақ пұшпағынан қоныс алған. Шөбі сұйық, суы кермек қуаңдау жерден қоныс тигеннен бе екен, Тамалардан мыңды

айдаған мыңғырған бай шыға қоймаған. Оның есесіне елінің есесін жібермейтін еңіреген ерлер мен дуалы ауыз билер, мінген атын шәйі жібекпен тұсаған сал-серілер мен біртуар өнерпаздар шығып баққан. Әсіресе, Таманың шеберлері соққан сырлы күмбездер күні бүгінге дейін сағымды белдерде суреттей болып көзіңді тұсайды.

Міне, осынау қатал табиғат ортасында, қатал заманда өзін-өзі қағып оттатқандай болып отырған бейбіт руға бірде Саржан төре кісі салып, жасаққа жұмсар мал сұратыпты дейді. Сол кезде Тама жұртының ақыл сұрар ақсақалы Сеңгірбайұлы Итемгеннің жасы тоқсанды алқымдап, екі көзі көруден қалған кезі екен, Саржан төренің кісілерін құр қол қайтарыпты.

Содан, күндердің бір күнінде Қарсыадыр мен Манадырдың арасындағы Ботақан көлін жайлап, ханнан қаперсіз отырған тамаларға «Саржан төре бастаған мың қол елді шапқалы келе жатыр» деген хабар жетеді. Суық хабардан үрпиісіп, не істерін білмей абдыраған ел Итемгеннен ақыл сұрайды ғой. Сонда Итемген мың түйе шығартып, олардың өркешіне тымақ кигізіп, бүйіріне сырық бойлатып, Манадырдың керме иық жазығына шығартады. Таманың Араб, Қоңырбай, Дүйсенбай деген үш батырына мың түйені қоғамдап іріп тұруды тапсырады. Сонсоң жау келер беттегі еңселі шоқының басына сырмақ төсеттіріп, Итемгеннің өзі жайғасады да, «Енді тырп етпей күтіңдер» деп ақыл береді.

Кешікпей-ақ даланың шаңын шүйкедей созып Саржан төренің қалың қолы көрінеді. Елеуреп, екпіндеп келе жатқан қалың қол Манадырдың қайқаңына іліккенде күтпеген көріністен тосылып, амалсыз тізгін тартады. Өркештеріне тымақ кигізіп, бүйіріне сырық байлаған мың түйе Саржан төре үшін жер қайысқан қолдай болып көрініп еді дейді.

Сол жерде Саржан төре: «Мал ашуы — жан ашуы, Тамалардың қабағы қату екен, текке шығынға ұшырамайық», — деп, қалың қолымен кері қайтып кеткен екен.

Кейін осы оқиғаны Тама ішінің бір ақыны:

*«Өз болған Итемгеннің екі көзі,
Кітаптан кейін емес айтқан сөзі,
Шапқалы мың кісімен Саржан келіп,
Қорқытқан кереметпен жалғыз өзі», —*

деп өлең шығарады.

Ел ішінде жиі айтылатын бұл оқиғаны Ықылас қобыз тілінде сөйлетіп, «Саржан төре» атты күй тартылғанда ши жылаушы еді», — деп отыратын.

278. «Шыңырау»

(IX нұсқа)

Ықыластың бұл күйінің шығуына да ел ішінде айтылатын аңыз әңгіме себепші болса керек. Сол аңыз әңгіменің бір нұсқасы былай айтылады.

Ертеде қанаты туырлықтай Шыңырау деген самұрық құс болыпты. Шыңырау адам аяғы жете бермейтін жапан түзде өсіп тұрған алып бәйтерекке ұя салады екен. Сол ұясында жұмыртқа басып, екі жылда бір рет жалқы балапан шығарып жүреді. Балапаны қара қанат болып, жетіле бастағанда төңіректің аңқұсы жанынан безіп жоғалып кетеді екен де, самұрық құс қомағай балапанына айшылық алыс жерлерден шеңгелдеп жем тасиды екен. Бірақ, амал қанша, айшылық алыс жерлерден таңын созып, топшысын талдырып, өліп-өшіп жеткенде балапаны ылғи ұяда жоқ болып шығады. Сөйтсе, сол төңіректі мекен еткен бір әбжылан Шыңырау жем іздеп кетісімен бәйтерекке өрмелеп шығып, балапанды лебімен тартып, жұтып кетіп жүріпті.

Осы оқиға жыл сайын қайталана беріпті. Содан, Шыңырау әбден зәрезап болып, қасірет шегіп, қиян шеттен жем алып келе жатып, бауыр етіндей балапанын ойлағанда ағыл-тегіл жылайды екен. Сонда, Шыңыраудың көз жасы жерге нөсер жаңбыр болып құйылады дейді. Енді бірде, туырлықтай қос қанатын құшырлана серпіп, балапанына жетуге асығып ұшады екен. Ондайда, жер бетінде жойқын дауыл тұрып, жел екіленіп, екпіндей соғады дейді.

Күндердің күнінде Шыңыраудың топшысы ағарып қартаяды. Бұл өмірден енді ұрпақсыз өтем-ау деп, уайымдап жүргенде тағы да бір жұмыртқа көріп, балапан басып шығарады. Кешікпей-ақ, балапаны басы бақырдай қара қанат құс болып, өсіп жетіледі. Көзіне көрінгенді алмап-жалмап, қақшып жұтып, төңіректің ұсақ-түйек аңқұсына тоймайтын болады. Сол кезде Шыңырау жалғыз балапанына жем іздеп, қинала-қинала тағы да алыс сапарға ұшып кетеді.

Сол заманда елдің шетінде, желдің өтінде, жаудың бетінде жүріп, ел-жұртына қорған болған Айдос атты бір батыр болады

екен. Бірде, Айдос батыр жол жүріп келе жатып, мидай далада елді торыған жаумен соғысып жүріп елсіз-күнсіз қиян шөлге шығып кетеді. Ай жүріп, апта жүріп, астындағы аты шөлге шыдамай ұшып өледі. Сонда Айдос батырдың өзегі талып, көзі қарауытып келе жатса, мидай далада бір алып бәйтерек өсіп тұр дейді. Сол жерде батыр бәйтеректің көлеңкесін саялап, дем алуға тізе бүгеді. Дем алып отырса, бәйтеректің ұшар басынан шырылдаған балапан дауысы естіледі. «Бұл неғылған балапан?» деп қараса, бәйтеректі бірнеше сақина етіп ораған бір әбжылан ұядағы балапанды арбап, жұтуға оқталып тұрғанын көреді. Сол жерде, Айдос батыр селебесін қынынан суырып, әбжыланның басын шауып тастайды. Балапан болса, адамша сөйлеп, Айдос батырға алғысын айтады, жай-жапсарын түсіндіреді.

Осы кезде, аяқ астынан дауыл тұрып, алып бәйтеректі сықырлата ырғайды. Бұған балапан қуанып, Айдос батырға бұл дауыл шешесі Шыңыраудың қанатынан ескен желдің екпіні екенін айтады. Өлден уақытта шүмектеп жаңбыр жауады. Балапан одан сайын қуанып, мына жаңбыр жақындап қалған шешесінің көз жасы екенін айтады. Сонан соң Айдос батырға: «Менің шешем алыс жолдан шаршап, уайым шегіп, ашуланып келе жатыр ғой. Келген бетте көзіне түссең, жазым етуі мүмкін. Ашуын басқанша менің қанатымның астына жасырына тұр», — дейді. Айдос батыр балапанның айтқанын істейді.

Айтқанындай, кешікпей-ақ самұрық құс та жетеді. Сықырлатып ағаш басына қонады. Балапанының амандығын көріп шексіз қуанышқа бөленеді. Бауырына қысып мауқын басады. Сол кезде ғана секем алып, балапанынан: «Адам иісі шығады ғой!» — деп сұрайды.

Балапан шындықты жасырмай, болған оқиғаны бастан-аяқ айтып береді. Сонда самұрық құс балапанының қанатын көтеріп: «Ей, адам баласы, аспан астында менен күшті жоқ қой деуші едім. Қателеседі екенмін. Жер бетінде сенен ақылды, сенен күшті, сенен бақытты тіршілік иесі жоқ екен. Құдіретіңе құлдық, қолымнан келген жақсылығымды аямайын, қалауыңды айт», — дейді. Айдос батыр шөл далаға ұрынып, еліне жете алмай келе жатқанын айтады. Содан, самұрық құс Айдос батырды қанатына отырғызып алып, әп-сәтте еліне жеткізіп салған екен дейді.

Біқылас күйші осы оқиғаға тебіреніп, қобызына салған ғой. Шынында да, күйдің басы қанатынан дауыл есіп, көзінің жасы

жаңбыр болып, балапанының амандығын ойлап, уайым етіп келе жатқан Шыңырау атты самұрық құстың шамырқанған мінезін білдіреді. Сонан соң, балапанын көргеннен кейін сабырлы қуаныш, шүкірлік сезім тәтті мұңға ұласып, қобыз тілінде жүрек шымырлата сарнайды.

«Шыңырау» күйінің ел арасында мұнан басқа да аңыздары бар. Соның бірі, Шыңырау деген үлкендігі торғайдай ғана ақ құс екен деседі. Сол құс жылы жаққа ұшып келе жатып, жолай шет-шегі жоқ дарияға тап болады ғой. Алған бетінен қайтпай ұша берген екен, бірақ жағалау оңайлықпен жеткізбейді. Ақыры қанаты талып, титықтайды. Қанат бүгіп тыныс алар бұдыр болмай қалжырап, шыбын жанын қоярға жер таппай шырылдайды.

Түпсіз дария мұны жұтатын ажалдай болып көрінеді. Содан, дәрмені бітіп, енді суға құлаймын-ау деп келе жатқанда дарияның бетінен жоны шығып жүзіп бара жатқан алып балықты көреді. Сол жерде қанатын бүгіп, балықтың жонына қонып тыныс алады да, дарияның келесі шетіне аман-есен ұшып жеткен екен дейді. Ал дария үстіндегі Шыңыраудың қанаты талып, шырылдаған сәтін домбырашы күй етіп тартыпты дейді.

«Шыңырау» күйінің келесі аңызы да құс туралы. Шыңырау деген бір құс биік шыңға ұя салса керек. Бірде ұядағы аш балапандарына жем алып келе жатса, шыңның басын бұлт шалып тұрса керек. Ұяға тезірек жетсем деп заулай ұшып келе жатқан Шыңырау жартасқа соғылып, етекке құлайды. Қайта көтеріліп ұшайын десе, топшысы сынған, дәрмені болмайды. Осы кезде құз жартастың басындағы аш балапандардың шырылдаған дауысы Шыңыраудың құлағына жетеді. Сонда, амалы таусылған Шыңыраудың көзінен шерлі жасы сорғалаған екен.

Осынау қайғылы оқиға күй тіліне түскен ғой.

279. «Шыңырау»

(*X нұсқа*)

Ықылас қобызшы жол жүріп келе жатып, бір өзеннің жағасындағы жалғыз ағаштың түбіне тоқтаған екен дейді. Астындағы атын отқа қоя беріп, ағаштың көлеңкесінде дем алмақ болған. Кенеттен шырылдап бәйек болып, ағашты айнала ұшып жүрген торғайға көзі түседі. Ықылас ағаштың басына көз жіберсе, әлгі ағаштың бұтағында ұя бар екен, содан бас-

тары қылтиып-қылтиып тұрған балапандар көрінеді. Олар да жанұшыра шырылдайды. Сөйтсе, ағаштың бойымен ұяға қарай жылан өрмелеп бара жатыр екен. Балапандарға жаны ашып кеткен, Ықылас қамшымен жыланды ұрып өлтіріп, суға тастайды. Сол кезде құс та ұясына жетіпті. Сонда Ықылас: «Жыртқыштың аты жыртқыш деген осы-ау. Адам да, жылан да өзінен әлсізге зорлық қылады. Өмірдегі осындай қарау-қиянаттың қасіретін қобыз күйімен халыққа жеткізсем» деп ойлаған екен.

280. «Шыңырау»

(*XI нұсқа*)

Бір батыр немесе жолаушы ұзақ жолдан шаршап келе жатып, күн ыстықта жапандағы бір өсіп тұрған алып бөйтеректің көлеңкесіне келіп демалады. Маужырап ұйықтап кеткен ол бір кезде тынымсыз шырылдаған дауыстан оянып кетеді. Бұл не екен деп басын көтеріп жоғары қараса, бөйтеректің жоғарғы жағында шырылдап зар қағып ұшып жүрген шыңырау құсты көреді және бөйтеректің басындағы шыңыраудың ұясында балапандардың шырылдаған даусын естиді. «Бұларға не болды» деп тағы да айналасына қараса, төменде оларды жеуге өрмелеп бара жатқан үлкен әбжыланды (немесе айдаһарды) көреді. Шыңырау құс оны ұясына жібермеу үшін арпалысып жүр екен. Жаңағы адам дереу қынабынан қылышын суырып алып жыланды шауып өлтіреді. Сөйтіп, құстың балапандарын ажалдан аман алып қалады. Осыдан кейін шыңырау құс батырмен мәңгі дос болуға уәде береді.

281. «Шыңдау күйі»

Ұлы жүздың бір тарауы Сиқым руынан шыққан батыр Тайлақ, тек күшімен емес, сондай-ақ асқан сыбызғышы ретінде танылған батыр болған. Бір күні Тайлақтың аулына мезгілсіз кезде шапқыншылар келіп, жылқысын айдап әкетеді. Тайлақтың Секер және Барақ атты екі ұлы шапқыншыларды қуып кетеді. Барақ соққыдан қаза табады, Секер жауын жеңіп, аулына оралады. Секердің қаза болған ағасын алып келе жатқанын алыстан көрген сексен жастағы әкесі сыбызғысын қолына алып ойнай бастайды, оның ойынынан:

«Секер менен Барағым,
Айналайын қарағым,
Біреуіңнен айрылып,
Бүгіле жерге қарадым», —

деген Тайлақтың зарлы жоқтауы естілгендей. Сыбызғының үнін естіген Барақтың әйелі бір жамандықтың болғанын сезеді. «Сыбызғы үні құлағымға келмесе екен» деп ол қапаланады. Сыбызғының жоқтауына жиналған жұрт, Тайлаққа көңіл айтады, бірақ ол ойнай береді, ойнай береді. Әлден уақыттан кейін қалжыраған Тайлақ, есінен айрылып, құлап түседі. Ықылас бұл күйді жаңа бояумен нақыштап қобызға салады.

МЕРГЕНБАЙ ЕРДЕНЕҰЛЫ /1843-1929/

282. «Арман»

(III нұсқа)

Мергенбай он алты жасында батыр атаныпты. Ол былай болған екен.

Текес өзенінің ар жағында отырған қалмақтар бер жағындағы қазақтардың малын шауып, қыздарын ұрлап, қайта-қайта мазасын ала беріпті.

Ердене асқан бай екен. Жылқысы Сырт жайлауда жататын көрінеді.

Бес жүз кісі қол жинап, қалмаққа шабуыл жасамақ мақсатпен сол Сыртта ат үйретіп, ұрыс, шабыс, атысқа дайындалады. Солардың ішінде Мергенбай да бар екен. Әкесі оны сырт көзден тасада ұстапты. Тілден, көзден сақтағаны болса керек. Бірақ бала Мергенбай әкесінің рұқсатынсыз бес жүз адаммен бірге қалмаққа аттанады.

Әуелі ежелгі ұрыс әдісі бойынша жекпе-жекке жол беріледі. Алғашқыда бес жүз кісіден қырық адам алға шығады. Соңында сол қырық адамнан екі-ақ адам суырылып жеке қалады. Екі адамның бірі Мергенбай, Екіншісі кіші әкесі Шыңғысбай батыр екен. Шыңғысбай батыр айтады:

— Балам, бірінші кезек көпір қалмақтыкі. Босқа мерт боларсың. Жолды маған бер, — дейді.

— Жоқ, әке, — дейді Мергенбай, — шынымен ұл деп танысаңыз, жекпе-жекке мені жіберіңіз, — деп көнбей қояды.

Шыңғысбай амалсыз көнеді. Найзаның ұшында отырғандай дегбірі қашып, ұлының амандығын тілеп, әруаққа сыйынып, Құдайға жалбарына береді. Бірінші кезек қалмақтыкі екен. Алғашқыда білтелі қара мылтығымен атпақ болғанда, от алмай қалып, кезек Мергенбайға тиеді. Ақшалақ бірдеңке деген мылтығымен алып қалғанда, қалмақтың тұмағын ұшырып әкетіпті. Бұдан кейін семсерлесу басталады. Мергенбай жастық шапшаңдықпен а дегенде-ақ қарсы келе жатқан қалмақтың жарты басын жарып өтеді. Қалмақ ат жалын құшып құлайды. Мергенбай енді әрең дегенде аттан аунатып жерге сұлатып, семсерін көтеріп басын шабайын деп жатқанда, батыр қалмақ жарты басын көтеріп:

— Әй, батыр, жас екенсің. Сілтеуді білсең де, кесуді үйренбепсің. Шабуылды білсең де, шабуды білмепсің. Семсерің тағы қата тиер. Мә, кесер болсаң, өзімнің семсеріммен кес, — деп Мергенбайдың қолына ұстара жүзді семсерін беріпті.

— Сенің атың кім? — дейді Мергенбай.

— Бадыма, — дейді қалмақ батыры.

— Мен — Мергенбаймын! — деп көзі қанталаған Мергенбай семсерді көтере бергенде, Шыңғысбай:

— Балам, әлі жассың, мойныңа қан жүктеме. Нағыз ер екен. Өлсе, енді өз ажалымен өлсін, — деп тоқтатыпты. Сол жолы қазақтар қалмақты шауып, ендігәрі тиіспейтіндей етіп үлкен олжамен оралыпты.

Сонда Ердене ұлының ерлігін естіп, алдынан шығып:

— Сендей ұлды берген Алладан айналайын. Арманым орындалды. Құдайға мың да бір шүкір, — депті.

Сонда Мергенбай қалмақтың батырлығын айтып:

— Нағыз дос болатын-ақ жігіт екен, әттең... — деп арман қылыпты. Өмірінің соңына дейін сол арман көкейінен кетпей, ылғи «Арман» күйін тартады екен.

ШАЛ МЫРЗА /1850-1934/

283. «Жалтаң қарға»

Жапан далада өлексеге қонып, жемтік шоқыған қарға балапандарына ақыл айтыпты, деп басталады аңыз. «Балапандарым, мен қартайдым! Үш жүз жасқа келдім. Өмірде көпті

көрдім, көптеген нәрселерге куә болдым. Ал енді сендерге айтар ақылым: әрдайым сақ болыңдар. Жейтін жемтіктеріңді екі шоқып, айналаға бір қараңдар», — дейді. Сонда анасына қосылып жемтік шоқыған қарға балапандарының бірі дереу басын көтеріп алыпты.

— Ләббай, қамқоршы ана! Айтқаныңның бәрі мақұл, қабыл алдық. Бірақ біз екі шоқып, айналаға бір қарағанша, бір шоқып, айналамызға екі қарасақ, қалай болар екен, — депті-міс.

284. «Мұңлы қыз»

(III нұсқа)

Бұл күй халық арасында «Әуппәли, бөпем-ай», «Жетім қыз», «Мұңлы қыз» деген атауларға ие. Көп тараған аты — «Мұңлы қыз». Күйдің де, аңыздың да бірнеше нұсқалары бар. Сол аңыздардың бірінде былай делінеді:

Бір жігіт әкеден жастай жетім қалып, шеше тәрбиесінде өседі. Тентек атанып өскен ол бетіне ешкімді келтірмепті. Шешесінің «мүмкін, тоқтар» деп үйлендірген ниетінен ештеңе шықпайды. Әйелі ұл бала туады, бірақ тоқтауына ол да септеспейді.

Ақыры сол елдің ауқатты әулеттерімен сыйыспай, елден шеттеп кетеді. Маңайына адам топтап, байларға бөрідей тиеді. Бір күні өзі жоқта елін қарақшылар шауып, ауылды аяусыз масқаралап, қырып-жояды. Қан сасыған ауылда жігіттің қарындасы мен жалғыз баласы ғана тірі қалыпты.

Ағасының жас баласын арқалаған қыз, жігіттің бекінген жеріне келіп, ағасына шешесі мен жеңгесінің, бүкіл ауыл азаматтарының қазасын естіртіпті. «Жігіт кек алу жолында атқа мінеді», — деп аяқталады шежіре-сөз. «Әуппәли, бөпем-ай» немесе «Мұңлы қыз» күйі өмірге осылай келіпті.

285. «Тәнтән қыз»

«Тәнтән қыз» тарихын айтушылар «Мырза бұл күйді бір үлкен тойда шығарған екен» деседі. Жаздың күні, ми қайнатқан шілде айы. Көрші ауылдың үлкен жиынында бас қосқан ел сауық құрды. Мырза ақ орданың туырлығын түргізіп тастап, күй дариясын тасытты. Кенет күйшінің көзі бөпесін жұбата алмай жүрген өрімдей қызға түседі. Мырза тани кетеді.

«Жақында ғана шешесі өлген жетім қыз Жібек қой...» — деп іштей күбірлейді.

Қыз қолындағы бөпесін жұбата алмай: «Әушпәли, бөпем-ай, әушпәли, бөпем-ай» деп, мұңлы әуен ырғағына қосылады. Мырадан жанындағылардың бірі: «Бұл кіміңіз еді, танысыңыз ба?» — деп сұрайды.

— Ой шырақтарым-ай! Бұл бір шешесі өліп, қамкөңіл болған Жібек атты жетім қыз еді. Қолындағы көтерген бөпесі — анадан жастай қалған өзінен кейінгі сиңілісі. Мына — халық жиналған жиынға келейін десе, қолындағы бөпесінен келе алмай, келмейін десе, үйде жалғыз отыра алмай, енді міне, екі ортада тән-тән болып жүрген ғой, — деп күрсінеді Мырза.

286. «Раздасу»

1925 жылдар шамасында «Ойыңду» деген алқапта қыз ұзату тойы өтеді. Бұл — қазіргі Қазалы ауданы, Құмжиек елді мекенінен он шақырымдай жер.

Шал Тілеубай деген кісі шобан төртқара Жәрішке Зада деген қызын ұзатады. Тойға әдейілеп Мырза шақыртылып, халыққа өнер көрсетеді. Ел-жұртын қимаған қыз аужар айтып, көңілі босайды. Осындай көріністерден көкірегіне ой түйген Мырза «Қыздың ел-жұртымен арыздасуы» деген күйін тартады.

287. «Ташауыз»

Мырза Ташауыз жерінде базар аралап келе жатады, — деп баян етеді күйдің ұзын-ырға тарихы. — Халық жиналған жаймада бір түркімен жігіті дутар тартып, өнер көрсетіп отырады. Түркімен жігітінің тартып отырған күйінің аты «Ташауыз» екен. Бұл қандай күй дегендерге: «Мына Ташауыз көпірін салған ерлердің құрметіне арнаған күйім», — деп, дутарын тарта береді. Азғантай уақыттан соң, жігіттің қасына бір қыз келіп, тиісе сөйлейді:

— Аға, күйді жақсы тартады екенсіз. Әйткенмен, мына тартқан күйіңнің бір қайырмасы қалыс қалғаны-ай, — деп, түркімен жігітінің тартқанын місе тұтпай, қыз бұл күйді қайта тартады.

Күн ұзақ жиналған халық арасында елеусіз тұрып, бір күйге таласқан екі өнерпаздың өнерін тамашалаған Мырза, қызға былай дейді:

— Шырағым-ай, күйді сен де әсерлі шертеді екенсің. Дегенмен, сенің де бір қайыруың қалыс болды ғой, — деп салалы саусақтарын домбыра шанағына созады. Осы жерде Мырза қыз бен жігіттің күйін қорыта келе өз жанынан жаңа бір әуен ырғағын төгілте жөнеледі. Кейін бұл күй халық аузында «Ташауыз» атанады.

288. «Қара жорға»

Байдың жылқысын бағып, шаруасын күйттеген жалшы жігіт байдың жалғыз қызына ғашық болыпты. Қыз көңілі жігітте болғанымен, жалшыға тиюіне қыздың ағайын-туыстары ырзашылық бермейді.

Күндердің күнінде қыздан жігітке хабар келеді. «Әкем мені сүймеген адамыма атастырып, жақында тойымды жасап ұзатқалы жатыр. Егер уәдеңнен таймаған болсаң, ебін тауып, мені алып қаш», — депті. Не қыларын білмей, ақылы алпыс бөлінген жігіт ауылдың беделді ақсақалымен ақылдасып, жөн-жоба сұрапты. Жігіттің сөзін түгел тыңдап болып, ақсақал жауап қатады:

— Шырағым, талабың оңғарылсын! Бірақ біз ол байдың қызын байлықпен ала алмаймыз — дәулетіміз жетпейді. Батырлықпен де ала алмаймыз — күшіміз жетпейді. Тек, асқан ақыл-айла жұмсап қана ала аламыз депті. Сонда жігіт:

— Ақсақал, ол қандай айла? — деседі.

— Байдың Қаражорға деген атақты жорғасы бар. Егер сол жорғаны қапысын тауып қолға түсіре алсақ, жорғаның өзі де келеді, өзіне қоса қызды да әкеледі. Қыз өз еркімен келген болады. Біз сонда ғана бар жаласынан аулақ боламыз, — дейді.

— Мақұл, ақсақал. Айтқаныңызға көндім. Бірақ сол Қаражорғаны қолға түсірудің жолын айтыңыз. «Ер серігі — тәуекел», көрейін белді байлап, — дейді жігіт.

— Олай болса, қалыңдығыңа хабар айт. Ұзамай баратындығың жөнінен бір ауыз ишарат білдір. Бірақ ол сен барған күннен бастап төсек тартып жатып қалсын. Науқас адамның кейпінде болсын. Жағдайын сұраған жеңгесіне жауап бермей,

тек шешесіне тілдесіп, бір ауыз тілек айтсын: «Мен жат жұртқа кетерімді біліп, құса болып жатырмын. Әкеме айт, кетерімнен бұрын туған-туыс аралап, қатар-құрбыммен көңіл көтеріп қалғым келеді. Маған, мінуге Қаражорғасын берсін», — десін. Және бұл әңгімені шешесі ауылдың қадірлі деген адамына айтқызсын. Әйтпесе, бай көнбес. Қаражорға әйел түгілі, ер адамның да тақымына берілмейтін қасиетті жануар еді, — деп қауіп айтады. — Ал Қаражорға тақымға тигесін қыз аттың басын бірден ауылға бұрмасын. Әуелі аттың табанын қыздырып, әбден бусандырсын. Өзің ілгері жүре бер де, ақырын күт. Қалғаны тағдыр-талайыңнан белгілі болар, — деген екен.

Жігіт ақсақалдың айтқан ақыл-кеңестерін түгел орындайды. Қыздың шешесі де әкесін көндіріп, ақыры Қаражорға қыз тақымына тиеді. Әрі-беріден соң табаны қызып, бауырын жазған Қаражорға маңдайын Тасқұдыққа беріп, бағыт алып жөнөп отырады.

Жолшыбай жігіт қалыңдығын тосып алып, елге сүйіншіге шабарман жібереді. Жігіттің тілеуін тілеп, жолын тосып тұрған ел-жұрт алыстан ала шаңның ішінен қарауытып ерекше көзге түскен Қаражорға ақыры бай қызының еншісі, дүниесінің басы болып, келген жеріне сіңіскен екен деседі.

ТІЛЕПБЕРГЕНҰЛЫ ҚАЗАНҒАП /1854-1927/

289. «Балжан қыз»

Балжан деген қыз қарақалпақтар ортасында туып-өскен қазақ қызы екен. Ақылына көркі сай, қылығына өнері сай, жұрт аузына іліккен ару бойжеткен болса керек. Қазанғап жер көріп, ел танып, өнер іздеп жүрген кезінде Балжан қызбен танысып, тұңғыш рет бозбала сезімі оянады. Ойын-тойда сөздері жарасып, өнерлері үндесіп, біраз күн жұптары жазылмай бірге болады.

Содан Қазанғап қайтар кезде Балжан қыз арнайы қоштауға келіп: «Ал, Қазанғап аға, тілеуі жолыңызда жүретін бір қарындасыңыздың барын ұмытпаңыз, қыз ғұмыры қызғалдақтай келте екенін білесіз ғой, жыл ұзатпай келіп тұрыңыз!», — деп ішкі сезімін емеурін етеді. Қазанғап та қимас көңілмен тіл қатып: «Уәде — Құдайдың аты, жыл ұзатпай арнайы келемін», — деп сөз береді.

Қазанғап ұзақ жол жүріп, еліне келеді. Елдегі жағдай белгілі. Жоқшылықты серік еткен ата-ана қартайған. Баяғы қоңыр үйдегі тірлік. Қарт анасы Қазанғапқа мұңын шағып, қолқанат болар келін көргісі келетінін білдіреді. Тіптен, көрші ауылдағы көз көрген қатарларымен сөйлесіп, Жәми атты қызға құда түсіп қойғандарын айтады. Тіршіліктің темір қамыты дегеніне көндірмей қойсын ба, Қазанғап әрі-бері ойланып, ата-ананың тілегіне бас иеді. Жәми қыз да тәрбие көрген ару болса керек, Қазанғаптың көңілі толады. Ата салттың рәсімінде «Қалыңсыз қыз болса да, кәдесіз қыз болмайды» деген жөн-жоралғы бар. Қазанғап бас құраудың қам-кереметіне кіріседі. Кедейдің ойға алғаны қай бір оңайлықпен орындала қойған, бірі кем дүниенің кетігін бүтіндейін деп жүргенде арада бірер жыл өтіп кетеді. Күндердің бір күнінде аяқ астынан Жәми қыз дүние салады. Қазанғап күйзеледі. Күйзелгенмен өлген қайтып тірілмейді. Тірі адам тірлігін жасау керек.

Қазанғап тәуекелге бел буып, баяғы қарақалпақ арасындағы Балжан қыздың ауылын бетке алып, жолға шығады. Ойы Балжанды өмірлік жар етіп, алып қайтпақ.

Бұл жазмыш дегенді қойсайшы, Қазанғап Балжан қыздың ұзатылу тойының үстіне түседі. Қыз көңілі өңі түгілі түсіндегіге сеніп, дұғадай ұйыйтын әдеті ғой. Балжан қыз Қазанғаптың баяғы уәдесінен көп үміттеніп, күтудей-ақ күткен екен. Бірақ араға екі жылдың жүзі түскенде, амал жоқ күдер үзе бастайды. Күдер үзген соң да сөз салып жүрген бір жақсы жердің баласына келісім береді.

Ақылды ару Балжан қыз бота көзі мөлт етіп, көзінің жасын ішіне жұтады. Сонан соң болған іске болаттай беріктік танытып, болашақ күйеуі мен жолдас-жорасына естіртіп ашық шыраймен тіл қатады: «Қазанғап аға, тағдырдың бұйрығы осылай болды. Менде жазық жоқ, сағынышты серік етіп, уәделі мерзімді екі еселеп күтіп-ақ едім. Кінә өзіңізден, енді арамызда өкпе мен өкініш қалмасын. Ақ тілеулі тойымды өзіңіз басқарып, уәдеде тұра алмаған айып-шамаңызға өмір бойы маған күй арнап өтіңіз!» — деген екен.

Бұл сияқты ақ жүрек, адал көңілге көлеңке түсіруге бола ма, Қазанғап сол жерде Балжан қыздың кісілігі мен бүкпесіз ашық көңіліне риза болып: «Дегенің болсын!» деп бас иеді.

Сөйтіп, Қазанғап өмір бойы Балжанға сұлулық пен ақыл-парасаттың төңіріндей табынып, күй шығарып өтеді. Ол күйлері «Балжан қыз», «Қыз он бесте», «Балжанның он жетісі»,

«Балжанның келін болып түсуі», «Сен кеткенде, мен қайтем», «Балжанның екі мықынының бүлкілдеуі», «Балжан қатын» деген атпен күні бүгінге дейін тартылады.

Міне, осыдан кейін өмірді өнердің мәңгілік ететініне күмән келтіріп көріңіз.

290. «Көкіл»

(I нұсқа)

«Көкіл» күйіне қатысты ел ішінде аңыз-әңгіме көп. Соның бірі Қазанғап пен Үсен төренің алғаш кездесуіне байланысты айтылады. Бірде Қазанғап ел аралап жүріп Қарақамыста отырған Үсен төренің үйіне түседі. Үсен төре үйінде жоқ екен. Қазанғап сусын ішіп, шөлін басқан соң, төрде сүйеулі тұрған төренің домбырасына қол созады. Үсен төренің дәулескер домбырашылығын сырттай еститін. Төренің даңқына домбырасы сай екен, Қазанғап қызығып кетіп бірер күй тартады.

Осы кезде үйіне Үсен төренің өзі де келіп қалады. Төрінде домбырасын тартып отырған бейтаныс біреу. Төре бел шешіп жайғасқан соң, жақтырмаған шырай танытады.

— Құдайы қонақ екеніңе сөз жоқ, бөлінбеген еншің әзір. Бірақ құдайы қонақтың еншісіне үй иесінің домбырасы да бұйырады дегенді естімеп едім. Домбырама ұлықсатсыз қол тигізген ендігі айып өзіңнен. Төрелігін тартқан күйің танытар, көрсет өнеріңді, — дейді Үсен төре.

Қолына домбыра жағып отырған Қазанғап «Көкіл» күйін сұңқылдатып қоя береді. Күй бітер-бітпестен Үсен төре еңсесін тіктеп, ошарыла бұрылып:

— Апырай, бұл төңіректе домбыраны бұлай сөйлететін ешкім жоқ сияқты еді. Күйің жан-жүрегімді баурап, буыныма түсіп кетті ғой. Осы Ұлықұмда жалғыз атты Қазанғап деген күйші бар деуші еді, жарқыным, сол сен емессің бе?! — дейді. Сонда Қазанғап:

— Болсақ, болармыз! — деп жымыған екен.

Алғаш осылай танысқан Қазанғап пен Үсен төренің арасында үлкен кісілікті қарым-қатынас орнаған. Қазанғап Үсен төреден домбыра тартудың небір шеберлік шалымдарын үйренген. Кейін екеуі додалы күй сайысына түскен соң да бір-біріне деген сый-құрметінен айнымаған.

Міне, «Көкіл» күйінің адам танытар құдіреті осындай.

291. «Көкіл» (Көкейге түскен Көкілжан)

(II нұсқа)

Бірде Қазанғап оңтүстік өңірінен астық алып қайтпақшы болып, сауда керуеніне ілесіп жолға шығады. Қарақамыс аулының тұсынан өтіп бара жатып, белгілі күйші Үсен төремен танысып, сәлем бере кетпек оймен ат басын бұрады.

Үсен төре жол жүріп кеткен екен. Қазанғап сусын ішіп тыныққан соң, Үсен төренің домбырасын келінінен алдырып, тарта бастайды. Әлден уақытта сырттан үйге кірген Үсен төре домбырасын тартып отырған бейтаныс адамды көріп:

— Домбырамды менің рұқсатымсыз алып тартуға батылы жеткен неткен жансың? Ал енді көрсет өнеріңді, егер дұрыс тарта алмасаң, осы жерде айыбыңды төлейсің? — дейді.

Қазанғап өзін таныстыру үшін «Көкейге түскен Көкілжан» атты жаңа бір күйін шертеді. Күйші домбырасы басынан уайым-қайғы арылмаған кедей қауымның ауыр өмірі, жанына батқан мұқтаждығы жайында күңірене жөнеледі. Сай-сүйекті сырқыратқан күй сазы Үсен төрені қатты толқытады. Қазанғаптың домбырашылық шеберлігіне таң-тамаша қалған ол орнынан еріксіз ұшып түрегеліп:

— Япырым-ай, түр-тұлғаңа қарасам, алыстан келе жатқан адам тәріздісің, шырағым. Бұл өңірде мен көрмеген, домбырасының үнін естімеген күйші жоқ еді. Сенің домбыраңнан төгілген мына күй жан-жүйемді босатты ғой. Өмірдің талай қиындығын басыңнан өткеріп, мұқтаждықты көп көрген жан екенсің. Ұлықұмның бойында Қазанғап деген кедей, жалғыз атты тамаша домбырашы бар деп естуші едім, сол сен боларсың. Қазанғап болсаң, жоғары шық, төрге оз, — дейді.

— Болсақ, болармыз, — деп Қазанғап төрге шыға берген екен.

Белгілі күйші Үсен төре мен Қазанғап осылайша танысады.

292. «Торы жорғаның бөгелек қақпайы»

Қазанғаппен сыйлас, қадірлес Бүркітбай деген бай болған. Мал тегін адамға бітпейді ғой, Бүркітбай төрт түліктің тілін білетін, шаруаның ығын тапқыш, табиғат сырын танығыш зерек жан болса керек.

Бір жылы жаз ортасы ауғаннан-ақ шөп буыны ерте қатып, құс ерте қайтып, жылқы малы ішін тартып, алдағы қыстың

қолайсыз болатын сыңайы байқалады. Табиғат сырына зерек Бүркітбай ширақ қимылдап жүріп, ұсақ малы мен қара малын базар шығарып, ақшаға айналдырып үлгереді. Ал жылқысын сенімді жігіттерге тапсырып, Аралдың Құланды деп аталатын құрақты, қамысты қорығына айдатады.

Бүркітбай қателеспеген екен, қылышын сүйретіп қыс келеді. Қара күзден бастап көк иық етіп ұзақ жауған қара жауынның аяғы сақылдаған сары аязға ұласады. Дала төсін көк сауыт мұз құрсайды. Жерден қылтанақ теріп жей алмаған төрт түліктің аз күнде жілік майы үзіліп, ақсүйек жұт болады.

Әбден, күйзеліп көктемге «шықпа, жаным, шықпа!» деп әзер жеткен ел бар үмітін Құландыдағы жылқыға артады. Содан, көктем жылт етіп шығып, ел-жұрт біріне-бірі сүйеніп, жайлауға тұяқ іліктіргенде Бүркітбайдың қалың жылқысы да көрінеді. Жай көрінбейді, бір басы екеу болған көп жылқы шұрқырап, сұлық жатқан дала төсіне жан бітіреді. Жер қайысқан жылқының алдында Бүркітбайдың малының басы Торы жорға айғыр, жал-құйрығы жер сызып, кекілін сілки шұлғып, үйреншікті жайлауын бетке алып келе жатса керек.

Осынау көрініске сүйсініп, іштей шүкірлік еткен Қазанғаптың қолындағы домбырасынан тың сарын лекілдей төгіліп қоя берген екен. Сонда жаңа күйге елең ете қалған Бүркітбай да қуанышын жасыра алмай: «Қазанғап-ау, мына күйің сонау көрінген торы жорғаның бөгелек қақпайы сияқты ғой!» — депсе керек. Қазанғап болар-болмас жымыып қойып: «Болса, болар!» — деген екен.

Ел қуанышын өз бағына балайтын Қазанғаптың бұл күйі кешікпей-ақ «Торы жорғаның бөгелек қақпайы» деген атпен дүйім жұртқа тарап еді дейді.

293. «Домалатпай»

Бір жылы Қазанғап ел аралап жүргенде Адай ауылындағы Ботақара деген байдың үйіне барады. Үйде бойжеткен қыз ұршық иіріп отырады. Жанында сүйеулі домбырасы тұрады. Ол — Ботқара байдың жалғыз қызы және сол жерге аты шыққан белгілі домбырашы екен. Қазанғап үйге кіріп, жайғасып отырғаннан кейін, үнсіз отырған қызы сөзге шақыру үшін, өзінің киіз қаптағы домбырасын алып күй тартады. Қыз домбыра-

ның көмейінен шыққан күй сазына еріксіз мойын бұрып, күйді зейін қоя тыңдайды. Қазанғаптың орындаушылық шеберлігін көрген қыз, күйшіні сынау үшін:

— Сіз мықты домбырашы болсаңыз, мына ұршыққа күй шығарыңызшы? — деп қолындағы ұршығын кілем үстіне домалатып жібереді...

Мұндай тосыннан қойылған сұраққа сезімтал күйші жақсылап жауап беру үшін, сәл ойланады да, ұршық домалап барып тоқтаған жерге көз тастап, бір күйді тарта жөнеледі. Баяу, бірқалыпты дамыған күй үні, оның әсем сазы қыздың сезімін оятады. Қазанғап тартқан күйдің «сиқырлы» үніне шырмалған қыз, бір сәт басқа дүниені ұмытқандай, екі көзі күйшінің саусақтарында, құлағы күйде болып, біраз ұйып қалады. Күй самғап, шарықтап барып біткенде демін ішіне тартып, үнсіз отырған қыз күйшіге қарап:

— Мына тартқан күйіңіздің аты не болды? — деп сұрайды. Сонда Қазанғап:

— Шырағым, қазақта «жастың талабын қайтарған күнәға батады» деген сөз бар, сондықтан сенің талабыңды қайтармайын деп айтқан сауалыңа арнап шығардым, бұл күйдің аты «Домалатпай» болсын, — депті.

294. «Бұраңдама, келіншек!»

Қазанғап күйшінің өнері шартарапқа тарап белгілі бола бастаған шағы болса керек. Қайда барса да, елі құрметтеп қарсы алған ғой. Жылда жазғытұрым ауыл-елді аралап, күмбірлетіп күйін тартып, майын тамыза, әңгімесін айтқанда, күйді ұйып тыңдап отырған жұрт, өздерін таңғажайып сырлы дүниенің ішінде жүргендей сезінетін еді. Күйші әрбір ауылды жылда осылайша аралап шығатын. Әр сапарында сол ауылға жаңа күй, жаңа саз әкелетін. Бір жылы бұрынғы әдетінше аралап жүргенде ел шетінен алыстап, өзге өңірге шығыңқырап кетеді. Алда ел шығар, не де болса жүре көрейін деп ойлайды. Астындағы Бозжорға да өндіре аяңдап, жер апшысын қуырып келеді. Бір мезгілде, күн сөске түс болғанда алдындағы төбенің баурайынан екі-үш ақ шаңқан киіз үй көрінеді. Өзі де, астындағы Бозжорға да шөліккеп шаршай бастаған еді. Сол ауылға түстенуді ұйғарды.

Ортадағы әдеміше келген киіз үйдің сыртына тоқтап, қа-зықбауға атын байлай бергенде үйден алты-жеті жасар бала жүгіріп шығады. Қазанғаптың қасына келіп аман-саулықтан кейін, үйге қарай бастап ала жөнелді.

Қазанғап ашық тұрған киіз үйдің есігінен «Ассалаумағаликум!» деп кіріп келді. Үйде отыздар шамасындағы келіншек бар екен. Сәл жымыып, «төрге шығыңыз» дегендей ишарат білдірді.

Қазанғап төрге жайғасып отырғаннан кейін, таңдайы құрғап тұрғанын сезді де, келіншекке қарап: «Жүргінші жолаушы едім, сусыныңыз болмас па екен?» — деді. Келіншек сәл-пәл жымыды, сол жақта тұрған қоңыр күбінің бетін ашып, пісіп-пісіп жіберді де, ағаш аяқты толтыра құйып Қазанғапқа ұсынды. Күйші сіміріп жіберді де, кесені бірақ төңкерді. Шөлдеп келгендікі ме қымыз керемет тәтті болып көрінді. Келіншек кесені алды да тағы құйды, бұл жолы бағанағы кішкене балаға қарап, «Мына қымызды ағаға апарып бер», — деді. Бейтаныс жолаушыға қызықтай қарап отырған бала ұшып тұрып, қымызды алып берді. Балаға «рахмет» деді де, қымызды бір-екі ұрттады. Келіншекке қарады да: «Қарындасым, қымызың балдай тәтті екен, шәлімді су сепкендей басты. Рахмет!» — деді. Келіншек сәл жымыды да: «Жолаушы болсаңыз, хош келдіңіз! Жолдан шаршаған шығарсыз. Демалыңыз. Мен шай дайындайын», — деді де сыртқа шығып кетті. Қазанғап тысқа шығып, Бозжорғаны суытты да, үйге қайтып келді. Көпшікке қисайып еді, ұйықтап кетіпті. «Аға, шайға тұрыңыз» деген дауыстан оянды. Алдында құман ұстап қолға су құйайын деп бағанағы бала тұр. Сонда білді, ұйқысы қанып, тынығып қалыпты. Қонақ демалсын деп шайды әдейі кешуілеткенін түсінді.

Үш-төрт кесе шай ішіп, маңдайы жіпсіп, көңіл хошы келіп, рахаттанған Қазанғап жөн сұрасты: қай ауыл, қай ел екенін білді.

«Шайыңыз бағана берген қымызыңыздан да дәмді екен, қарындасым», — деп Қазанғап өзін таныстырып өтті.

Бұл келген қонағының әйгілі Қазанғап күйші екенін келіншек бағана-ақ білген. Көрші елде Қазанғап күй тартып, өнер көрсетіп жүр екен деп естіген-ді. Ел аңыз етіп айтатын осындай атақты күйшінің өзінің ақ дастарханында қонақ болып отырғанына дән риза, келіншек өзі де өнерден құралақан емес-ті.

Қазанғап өз халқының тұрмыс-салтын өте терең білетін сұңғыла зерек кісі еді. Айнала көз тастады, үй-іші аса бай болмаса да, жып-жинақы сәнді екен. Керегеде екі домбыра ілулі тұр. Біреуі кішірек домбыра. Осы үйде жүгіріп жүрген, сүп-сүйкімді мына баланың домбырасы боларсың-ау деп ойлады. Байқайды, дастарханда әжептәуір сыйлы қонақ келгенде беретін тағамдар қойылған екен. Мұндай сый-құрметке көңілі толған Қазанғап, енді назарын келіншектің өзіне аударды, нағыз қас сұлудың өзі десе де болады екен. Өзінің әлі үйленбей жүргені есіне түсті. «Шіркін, осындай жарым болса», деп ойлады. Тап бір осы шақта ішкі сырды біліп қойғандай Қазанғаптың ойын келіншектің сөзі бөлді.

— Күйші аға, сіздің ел аралап жүргеніңізді естіп едік. Біздің жаққа келмейсіз. Жақсы өнерге біз де құмармыз. Айып етпесеңіз мына кішкентей да сіздің күйіңізді тыңдағысы келіп отыр, біз де өнеріңізді тыңдалық, — деді. Күлімсірей жымыып, наздана қарап, қолқа салды.

Көңілі толып, әбден риза болып отырған күйші қолына домбырасын алып, күй толқынын бірінен кейін бірін ал кеп ағытты дерсің. Ақжелеңдердің небір сұлулары бұлақ суындай асып, төгіліп жатты. Тұла бойын шабыт кернеген Қазанғап қанша уақыт күй тартқанын өзі де сезбеді. Бір сәт күй толастағанда келіншек: «Ой-бой! Шоғым сөніп қалған екен ғой!» — деп сыртқа қарай бет алды. Шығып бара жатып, артына күлімсірей қарап: «Пай-па-ай, шіркін, дүние-ай! Осындай да саусақтар болады екен-ау!» — деді. Киіз үйдің сықырлауығы екі жаққа айқара ашылып қалды. Келіншек ошақ басына қарай бұрала басып кетіп барады. «Былқ-сылқ еткен жүрісі қандай әдемі еді», — деп ойлады Қазанғап. Сіз он саусақтан өнер тамған күйші болсаңыз, мен осы ауылдың қас сұлуымын, күйші болсаң, суретте осыны деп тұрғандай.

Келіншек ошақ басында әр нәрсені түрткілеп, күйшінің көз алдында көлбеңдеп жүріп алды. Біраздан кейін қып-қызыл шоғын алып, қайтып келді. Сонда күйші қапелімде төгілген шабыт толқынын тоқтата алмай сол көрініске арнап: «Қарындас, мынау: «Бұраңдама, келіншек» деген күйім болсын», — деп сол бойда әдемі бір сұлу күй шығарып тартқан екен дейді.

295. Қыз Ақжелең мен Қазанғап

Қарашаның үйіре соққан бораны айналаны ақтүтек етіп жіберген.

— Қарашада соққан боранды алғаш көруім. Сірә, биыл жұт болмаса игі еді, — деді екі аттылының егделеу келгені.

Жолаушылар бұйрат құмның желкесіне шыққанда, таяқ тастам жерден жылтыраған от көрінді. Іңір қараңғылығы жаңа түсе бастаған шақ еді. Екі жолаушы қазақ дәстүрі бойынша сәлем беріп, киіз үйге кіріп келеді.

— Жем бойын бетке алып шығып едік, мына құтырына соққан бораннан жүрісіміз өнбеді, жолай алдымыздан көрінген соң, осы үйге түсіп, қонып шығайық деп келдік, ныспым Қазанғап, мына қасымдағы қосшым Ержанның Кәдіралысы, — деді жолаушылардың үлкендеуі бойлары жылынып, алдарына шай келген кезде.

Үй иесінің кесесі қолынан түсіп кете жаздайды.

— Апыр-ау, сенейін бе, сенбейін бе? Кәдімгі домбырашы Қазанғап па? Апыр-ау, емшегі беріш боп қатып қалған бесті нарды күйімен идірген Қазанғап па бұл?

— Жолыңыз құтты болғай, лайым! — Қазанғаптың көзі кішкене терезе алдына сүйеп қойылған тоғыз пернелі қара домбыраға түсіпті. Орнынан тұрып, әлгі домбыраны алады да, түрегеп тұрған күйі қағып-қағып жібереді.

— Тартыңыз, Қазеке, — деп үй иесі домбырашының кідіріп қалғанын көріп.

— Жоқ, бұл домбыраның иесі бар екен, оның рұқсатынсыз тартуға болмайды. Құлақ бұрауынан иесінің өнерпаз екенін көріп тұрмын.

— Апыр-ай, Қазеке, тегін емессіз-ау! Оның иесі өзіміздің Ақжелең ғой. Жан дегенде көрген жалғыз балам. Ұлым да, қызым да сол. Айтып ауыз жиғанша болған жоқ, бозбалаша киінген, жасы он төрт-он бестердегі жас өспірім қыз сәлем беріп, үйге кіріп келеді. Ақжелең осы еді.

Шай ішіліп, дастарқан жиылған соң, кезек домбыраға келді. Ақжелең қос бұрымын арқасына қарай серпіп тастайды да, домбыраның ішегін бір-екі қағып жібереді.

— Көке, мына домбыраны біреу ұстапты ғой, — деді ол сосын жұлып алғандай.

— Күнім, әлгінде мынау Қазанғап ағаң байқап көріп еді. Қазанғап сонда байқады— қыз солақай екен, домбыра теріс бұралыпты.

— Балам, жасым үлкен болғанмен, әуелі өзің тарт, домбыраның бабын бұзбайын, — дейді Қазанғап қыз өзіне домбыра ұсынған кезде, Ақжелең домбыраның сағақ пернесін басып тұрады да, безілдете жөнеледі. Сүйріктей саусақтары бірте-бірте жоғарылап, біресе бәйгеге қосылған аттың шабысы, біресе жорға бүлкілдің жүрісі естілгендей болды. Енді бірде сол қолдың аты жоқ саусағы ортаңғы пернелердің бірінде дірілдеп тұрып алып, екпіндеп келген күй кілт үзіліп еді.

— Бәрежелде, талабың таудай болсын! Бұл күйің не деп аталады? — дейді мына тартысқа арқасы қоза бастаған Қазанғап.

— Сізге жайылған ақ дастарқанның үстінде туып отыр, бұл күйдің атын әзір өзім де білмеймін, — дейді қыз.

— Ата өнерін қадір тұтқан өнерпаз қыздың өзінің атымен аталсын, «Ақжелең» болсын, — дейді күйшінің серігі Кәдіралы.

Күй кезегі Қазанғапға келгенде, Кәдіралы денесімен күйшіге бұрыла қарады. Құдіретті саусақтардың ізін аңдып, көкейіне тоқып отырғандай. Қазанғап күйін кейінгі ұрпаққа жеткізсем деп құштарлық тұла бойын билеп алған... Өте бір аянышты, зарлы әуен отырғандардың еңсесін түсіріп жібереді. Күйші саусағы сағаға барған кезде Ақжелеңнің көзінен бір тамшы жас тамып кетіп еді.

— Ойпыр-ай, Қазеке, сіз тартқанда домбыра сөйлейді деуші еді, рас екен, елді тағы бір аласапыран оқиға күтіп тұрмаса болар еді?.. — дейді отырғандар.

— Биылғы жылдың бастауы жаман. Айтуға аузым бармай, осы домбыраға ғана ерік беріп отырмын, бұл көптен көкейімде жүрген «Көкіл» еді, — деп Қазанғап төмен қараған күйі ләммим деместен едәуір уақыт отырып қалады.

Сол жылы елде жалпақ жұт болыпты деседі.

296. «Кіші Қаратөс»

Ел арасында Қаратөс атанған Аймағамбет деген атақты домбырашы болыпты. Қаратөстің жасы Қазанғаптан үлкен екен. Қазанғап Қаратөспен кездесіп, күй тартысады. Бірақ бірін-бірі

жеңе алмайды. Қазанғаптың домбырашылық өнерін көрген Қаратөс оған:

— Мен ауылда домбырашы Қаратөс атанған едім, енді сені көріп, ізімді басар іні барына қуанып отырмын. Сен әлі жассың, талабың алда. Менен кейін сені көрген адамдар «мынау екінші Қаратөс» екен дейтіні анық. Мен саған шын ниеттен батамды бердім, өнерің өрлеп, өсе берсін, — деп риза болыпты.

Қаратөстің өнерін бағалағанына, ағалық тілегіне разы болған Қазанғап сол жерде бір күй тартып, «атын өзіңіз қойыңыз» деп Қаратөске қолқа салыпты. Сонда ол аз ойланып:

— «Ізіңді басар іні болса, еңбегіңнің жанғаны» деген екен бұрынғылар. Бұл күйдің аты «Кіші Қаратөс» болсын, — дейді.

— Ал, жарайды, бұл тартқаным «Кіші Қаратөс» болса, мына күйдің аты «Үлкен Қаратөс» болсын, — деп Қазанғап Қаратөске арнап күй тартады. Інісінің мұндай құрметіне аса разы болған Қаратөс домбырасын жас күйшіге сыйлапты.

ЕРАЛЫҰЛЫ МӘМЕН /1859-1931/

297. «Ақшолпан»

(I нұсқа)

Мәмен «Ақшолпан» күйін өткен заманның атадан балаға жеткен бір аңыз әңгімесін естігенде шығарып еді дейді.

Қазақтың бүйіріне шаншудай қадалған қалмақ заманы болса керек. Ол кезде әйгілі Төле, Әйтеке билер тірі екен. Күндердің бір күнінде Ұлы жүз бен Кіші жүздің жапсарындағы ауылдардың арасында кикілжің болып, Кіші жүз жағының жігіті жазым болады. Содан, арада біраз уақыт өтсе де, Ұлы жүздің ауылы теңдік бермей, өлген жігіттің арты «бір арысымыздың құны сұраусыз қалды-ау» деп, пұшайман болып жүреді екен.

Осы жағдай Кіші жүздің Әйтеке биінің құлағына шалынады да, «қой, ағайын елдің арасында көлеңке болмасын, бітістіріп қайтайын» деп жолға шығады.

«Тура бидің дүбірі күншілік жерден естіледі» деген сөз рас болу керек, бір күні Ұлы жүздің Төле биіне «Әйтеке би құн даулап келе жатыр» деген хабар жетеді. Биге деген құрмет — елге деген құрмет. Төле би ауылы жұртын жаңғыртып, көк майсаға арнайы үй тіктіріп, Әйтеке биді құрметпен қарсы алады.

Әйтеке би әбден жайғасып, бірер күн тыныққан соң, сөз орайы келгенде Төле би: «Иә, Әйтеке, жолаушының көргені көп болады, көргені көптің айтары көп болады, сөйлеп отыр», — дейді.

Сонда Әйтеке де осы сөзді күткендей: «Е, Төке, иісі қазақтың қамын жеген ағасысың, еліңе алтын тонның жағасысың. Көпті көргеннің айтарының да көп болатыны рас. Көргенімізді айту бізден болсын. Көргеннің бәрін айту шарт емес, түйгенді ғана айтқанға не жетсін. Менің түйгенім, ел болудың кепілі — тірімен танысып, өліге болысып отыру екен», — депті.

Қашанда жөн сөздің жағында болатын Төле би ризалық білдіріп: «Уа, Әйтеке, біздің басымыз бір жағаның, білегіміз бір жеңнің ішінде емес пе?! Қызметіңе дайынбыз, артық-ауыс іс болса оған да қайылымыз. Қолыңды қағып, жолыңды шалар ешкім жоқ. Қылышың болса, мойын басық, құшағың болса, қойын ашық», — дейді.

Би ағасының ұлағат сөзіне риза болған Әйтеке де жадырап, жылы шыраймен: «Би аға, сөзіңізден садаға, бұйрық сізден болса, жабдық бізден болсын!» — деп сөзін түйіндейді.

Осымен әңгіме бітеді. Әйтеке бидің жанындағылар ештеңе түсінбей аңтарылып қалады. Содан бой жазуға сыртқа шыққан бір сәтте Әйтеке биден жанындағылардың біреуі: «Келген шаруамыздың сөз болмағаны қалай?» деп сұраса керек.

Сонда Әйтеке би: «Келген шаруамыз сөз болып қана қойған жоқ, шешімі де айтылды. Төле би бізге жасаулы қыз беретін болады», — дейді.

Айтса айтқандай, Әйтеке би осы жолы Ұлы жүзге қадірі артқан Назар деген кісінің Ақшолпан есімді қызын жасауымен алып қайтады. Кейін осы Ақшолпаннан әйгілі Өтебас би туыпты дейді.

Міне, ілгері буынның осы сияқты ірі істерін естіген Мәмен қатты тебіреніп отырып «Ақшолпан» күйін шығарған екен.

298. «Ақшолпан»

(II нұсқа)

Бірде Мәмен күйші жолаушылап келе жатып, Шолпан атты қыздың ұзатылу тойына тап болады. Шолпан атына заты сай, төңірегіне ақыл көркімен ұнаған аяулы ару болса керек.

Сонсоң да ел-жұртқа еркін, ерке болып бой жетіп еді дейді. Той үстінде, бір жағы сол еркелігі бар, бір жағы қимастық сезімі бар, Шолпан қыз төңірегіндегі құрбы-құрдастарына бір базына айтады: «Қадірлі көз көрген құрбы-құрдастарым, қыз дәурені қызғалдақтай келте екен, бауыр басып, бой жеткен ел-жұрттымды қимай, көңілім алабұртып отыр. Менің осы бір көңіл-күйімді күй тілінде сөйлетер кім бар?!» — депті.

Ойын-тойдың өнерпазсыз болмайтыны қашанғы әдеті емес пе, сол жерде аққу мойын домбыра қолдан-қолға көшіп, небір әсем күй күмбірлей тартылады. Бірақ бұл күйлердің ешқайсысы Шолпанның көңілінен шықпайды. Бәрі де бұрын талай тартылып, талай естіліп жүрген күй болса керек. Шолпанның нәзік жүрегі жаңа саз, тың сарын тілеп, қазіргі көңіл-күйіне үндесер күй іздейді.

Осы кезде домбыраға Мәмен қол созады. Отырғандар алғашқыда көлденеңді көк аттының үйреншікті қонақкәдесі болар деп мән бере қоймайды. Бірақ Мәмен домбыраны баптап алып, лекіте қағып жөнелгенде үйдің іші сілтідей тынады. Күй сұлу сазына қоса мұңды сырымен жан тербейді. Сол қалпында қызуы басылмастан лекілдеп келіп тынады. Шолпан қыздың жанарына таңғы шықтай мөлдіреп жас іркіледі. Ризашылығының белгісіндей, Шолпан орнынан тұрып, өз қолымен Мәменнің иығына шапан жабады.

Осы жолы тартылған күй ел ішіне «Ақшолпан» деген атпен тараған екен.

ЕРНАЗАРҰЛЫ ДАЙРАБАЙ /1860-1937/

299. «Дайрабай»

(*І нұсқа*)

Дайрабайдың жамағайыны Көбен деген бай жалғыз ұлына Қанжығалы жағынан қыз айттырса керек. Ата салтында құда мен құданың бастары сай келіп, сөздері жарасқан соң, болашақ күйеу бала жөн-жоралғысымен қыз көруге барады. Сол салтпен Көбен байдың баласы да қыз көруге шығады ғой. Бұл өзі, ата дәулетімен алшандап өскен, өмірдің ыстық-суығын көрмеген бос белбеу, боркемік жігіт болса керек. Сонсоң да, Көбен бай сырмінез баласының жанына сол кездің өзінде-ақ өнерімен ел-

жұртқа мойын бұрғызып, сал-серілігімен танылған Дайрабайды қосады.

Көбен байдың баласы мен Дайрабай Ереймен тауын ен жайлаған Қанжығалы еліне келіп түседі. Көруге келген қызы сол елдің қадірлі бір байының мәпелеп өсірген жалғызы екен. Есімі Ажар болса керек. Ажар десе дегендей, атына заты сай ару еді дейді.

Мұндайда қыз беруші жақтың да, қыз алушы жақтың да бір-біріне сын көзбен қарайтын әдеті. «Қоянның түрін көріп, қалжасынан түңіл» дегендей, Көбен байдың баласын алғаш көргеннен-ақ Ажардың көңілі толмайды. Бас қосқан отырыстарда әрі-бері сөйлесіп, қылық-қасиеттерін байқаған соң, тіптен түңіле түседі. Оның есесіне, күйеу жолдас болып келген Дайрабай өзінің түр-тұлғасымен, ақыл-парасатымен Ажардың ықыласын аударады. Әсіресе аста-төк арқалы өнерін көргенде Ажардың нәзік жүрегі бұлқына соғып, жастық сезімнің жалынына шарпылады. Дайрабайға қарап жүзі нұрланса, Көбен байдың баласына қарап мұңаяды. Іштей тағдырына налып, оңашада көз жасына ерік береді.

Ажар қыздың жан бұлқынысын Дайрабай жазбай таниды. Жай танып қана қоймайды, бұл да Ажардың ақыл-көркіне сүйсініп, сұлу сезімге бой алдырады. Әсіресе Ажар қыздың жан жадыратар әзіл-назы, жүрек елжіретер ерке қылығы, енді бірдегі қиялға қанат бітірер сыршыл сұхбаты Дайрабайды айрықша арқаландырып, шабыт тұғырына қондырғандай болады.

Міне, осындай бір шақта Дайрабай өзінің сезім күйі мен Ажар қыздың қылық-қасиетін домбыраға салып еді дейді. Бұл күйі ел ішінде «Дайрабай» деген атпен тарайды.

300. «Дайрабай»

(II нұсқа)

Дайрабай мен Көбен деген жамағайын байдың арасы жақсы болмапты дейді. Мұндай қырбайлыққа себепші Көбеннің шолжың болып өскен жалғыз баласы болса керек. Көбен бай өзімен иықтас Қанжығалы байының Ажар дейтін қызын баласына алып берген. Қыз аларда болатын жөн-жоралғыда Дайрабай күйеу жолдас болып барады. Көбен байдың бос белбеу, болбыр ұлындай емес, еті тірі Дайрабайдың Ажар қызбен әзіл-қалжыңы жарасса керек. Оның үстіне Ажар өнерге іңкәр, сезімтал қыз

екен. Дайрабайдың әсем сазды күйлеріне ынтығып, жанынан шықпай қояды. Кейін, келін болып түскен соң да, Дайрабайды аузынан тастамай, орайы келсе, арнайы шақыртып, өнерін тамашалап жүреді.

Осының бәріне Көбен байдың баласы іштей қызғаныш жасап жүреді екен, бір күні Дайрабайдың көзінше Ажарды таяққа жығады. Мұндайға шыдайтын Дайрабай ма, әрі-бері ара түсіп, басу айтқан екен, болмаған соң мытып-мытып жібереді ғой. Бұған қорланған бай баласы байбалам салып, «өз үйімде сабап кетті» деп даурығып, онымен қоймай, «Ажар мен Дайрабай ашына екен» дегендей қауесет таратады.

Көбен бай баласының жайын біледі. Бірақ өз қолын өзі кессін бе, ашу үстінде заң орындарына жүгініп, іс жүргізіп, қаттатып-шоттатып дегендей, ұлықтарға малын шашып, Дайрабайды Ақмоланың түрмесіне түсіреді. Мұнымен де тынбайды, Дайрабайдың өзі баптап, құлын кезінен бауыр басқан жүйрік көк аты болады екен, Көбен бай оны да иемденеді. Дайрабайдың інісі Шақабай ағасының көк атына таласып, қарсылық көрсеткен екен, Көбен бай кеудемен қағып, жеңістік бермейді. «Айыбын жуып, түрмеден шыққан соң, өз қолымнан алады» дейді.

Сөйтп жүргенде Нұра бойында үш жүздің басы қосылған бір әйдіңгер ас болып, Дайрабайдың көк аты бірінші келеді. Бірақ Дайрабайдың есімі ауызға алынбайды. Жұрт «Бәйгеден Көбеннің көк аты келді» деп біледі. Шақабай «жарайды, атағы ауылға ортақ қой» деп, дау шығармайды. Мұның қадірін білетін Көбен бай бар ма, көк атың бәйгесіне алған қыруар сыйсияпаттан Шақабайға сабақты жіп бұйырмайды.

Міне, осы оқиғаның бәрі жіп-шырғасы шықпастан түрмедегі Дайрабайға жетіп жатады. Дайрабай болса ызаға булығып, шыдай алмай, ақыры есебін тауып түрмеден қашып шығады. Сол бетінде бой тасалап інісі Шақабайдың үйіне жетеді. Сонсоң, ес жиып, өзіне-өзі келіп алған соң, Көбен байдың иелігіне айналған көк атын түнделетіп ұрланып барып мінеді де, Тоқырауын бойында Тобықты Құбылтай деген үлкен нағашысы /Дайрабайдың әкесінің нағашы жұрты/ болады екен, солай қарай тартып отырады ғой. Жолай қалың Қаракесекке қоныс болған Қызылтаудың сай-саласын қуалап жүріп отырып, бір бұлақты алқапқа келгенде тізгін тартады. Сол жерде Қызылтаудың

қалың қыртыс сай-саласында жол баққан ұрыларға тап болып, Дайрабай аяулы көк атынан айырылады. Содан шыбын жанын олжа көріп, жүдеп-жадап, нағашысы Құбылтайдың ауылына жетеді.

Нағашы жұрттың көңілінде көлеңке бола ма, бейнет шегіп, қорлық көріп жеткен Дайрабайды алақандарына салып қарсы алады. Есін жиып, өзіне-өзі келген Дайрабай кешікпей-ақ өнерімен төңірегіне жағып, Тоқырауын бойындағы елдің қадірлі қонағына айналады. Оның үстіне бұл өңірдегі Қыздарбек, Итаяқ бастаған дәулескер күйшілермен танысып, небір шер тарқатар сұлу сұхбаттар құрады. Қанатты өнерлерін ортаға салып, күйқұмар қауымның құлақ құрышын қандырады.

Осындай бір, шабытқа тұғыр болған бас қосуда Дайрабай өзінің арттағы өмірін есіне алып, іштей шамырқана толғанып бір күй тартады. Бұрын естімеген, әсем сазды тың сарынға елең еткен тыңдаушы жұрт «Бұл не күй?» дегенде, Дайрабай: «Бұл менің басымдағы гәп қой, күйдің атын «Дайрабай» десе де болар», — депті.

Тоқырауынның құйма құлақ домбырашылары сол жерде «Дайрабай» күйін қағып алып, қолдан-қолға тарата тартып кетіп еді дейді.

Дайрабай осы жолы Тобықты ішіндегі Кәмшат деген қобызшы қызбен көңіл жарастырып, бас құрайды. Содан ауылы іргелес жатқан Көбен байдан сескеніп, бой тасалау үшін оңтүстікке қарай кеткен. Дайрабайдың қалған өмірінің Қаратау өңірінде, Шу алабы мен Сыр бойына өтуінің себебі осы еді дейді көне көз қарттар.

301. «Дайрабай»

(III нұсқа)

Көбен байдың қиянат-зорлығымен түрмеге түскен Дайрабай бір күні орайын тауып, қашып шығады ғой. Сол бетінде, бой тасалау үшін Қорғалжын көлінің қалың қамысын паналайды. Ну қамысқа бойлай еніп, аралап келе жатып, бір қасқалдақтың ұясына тап болады. Ұяға үңіліп қараса, екі-үш сары үрпек балапан аузын ашады дейді. Дайрабай осынау қорғансыз тіршілік иесін ес көріп, сол жердің құрағына тізе бүгеді. Суылдаған қамыс, шырылдаған балапан үні, шет-шегі жоқ кең дүние,

алды-артының ұшығы жеткізбес уақыт... Балапандар үстін көлеңке шалса болды, шырылдап аузын ашады. Анасынан жем күтеді... Ал көкте жалпылдап жапалақ ұшады, жалтылдап тұрымтай қалықтайды. Қарайғанның бәрінен қайырым күткен балапандардың кез келген сәтте жапалақ пен тұрымтайға жем болуы оңай...

Сонда бұл балапандар осынау жарық жалған, кең дүниеге не үшін келді?! Не көрді?! Не тындырды?! Дайрабай өз өмірін ұядағы сары үрпек балапандармен салғастырады. Панасыз бейбақ балапандарға мұңдасындай елжіреп қарап, жан дүниесі құлази толғанады...

Кейін осы көрініс, осы бір сезім Дайрабайдың есіне қайта-қайта оралып, ақыры күй тіліне түсіп еді дейді.

302. «Дайрабай»

(IV нұсқа)

Дайрабай — әңгімеге шебер, әзілге ұста, ашық-жарқын адам болыпты. Өзі әнші, күйші, сері атанған, жалғыз атты кедей екен. Бір күні Дайрабайды Алтайдағы Тобықты Құбылтай деген нағашысы шақырады. Бірақ ел арасына өзінің өнерімен аты шыққан Дайрабай, қолы тимей, бұл шақыруға бара алмайды. Сөйтіп жүргенде елде үлкен той болып, сол жердегі Көбен деген бай ағайыншылап, Дайрабайдың жалғыз Көкбесті атын өзімсініп, бөйгіге қосады. Ал Дайрабайды күреске шығарады.

Досбай, Көлбай еліндегі тойдың осы ат шыбыс жарысында Дайрабайдың көкбестісі бірінші болып келеді. Дайрабай белдескенін жығады. Бірақ бұл бөйгінің бәрін Көбен бай өзі алып, Дайрабайға ештеңе бермейді. Той бітіп, ауылға келген соң, Көбен Дайрабайдың көкбестісін тартып алып, өзін елден қууға әмір етеді.

Көбен Көкбестіні кісендеп, қасына төрт кісі қарауыл қояды. Дайрабай — өз атын қалай да қайтарып алу үшін күнде кісенде тұрған атты аңдумен болады. Ақыры сәті түсіп, бір күні Дайрабай ат күзеткен қарауылдардың үшеуін ұрып жығып, атқа ұмтылғанда басқа адамдар келіп қалып, ол өз басы зорға қашып құтылады. Мұнан кейін Дайрабайдың соңына қуғыншылар түсіп, жан-жақтан іздейді. Олар қанша іздегенімен, халық өздері сүйген өнер иесін ұстап бермейді, қайта жасыра түседі.

Аттан айырылып қаламын ба деп қорыққан Көбен бай енді көкбестіні қараңғы түнекке құлыптап ұстайды. Сол ауылдағы Дайрабайдың тілеулестері Көбен байдың атты жасырған жерін Дайрабайға хабарлап, оған көмектесуге әзір екендіктерін білдіреді. Бір күні Дайрабай жігіттердің жәрдемімен үйдің төбесінен түсіп, аттың аяғындағы кісенді сындырып, үйдің қабырғасын бұзып, көкбестіні алып қашып кетеді.

Дайрабай сол кеткеннен Алтайға асып, баяғы өзін шақырып жүрген Құбылтай нағашысына бет алады. Жолшыбай бір ауылда болып жатқан тойдың үстінен шығып, осы тойда Кәмшат деген қобызшы қызбен танысады. Ол қыз да Тобықтыға жиен екен.

Тойда Кәмшат қобызбен, Дайрабай домбырамен өз мұңдарын шертеді. Бұлардың тартысын халық қызыға тыңдайды. Бірақ не айтып, қандай сыр шертіп отырғандарын жете түсінбейді. Сол күні Дайрабай — өзінің жалғыз екендігін, кедейліктің салдарынан байлардың қысымына шыдамай осы жаққа кетіп қалғанын баяндаса, Кәмшат — өз әкесінің жоқтығын, жетімдік өмірін айтады. Осылайша, екеуі музыка тілімен бір-бірін ұғысып отырғанда, бозарып таң да атады. Ертемен Кәмшаттың өгей әкесі сауда істеуге базарға кетеді.

Сол күні Дайрабай Кәмшатты алып нағашысының ауылына қарай қашады. Бұлардың артынан қуғыншылар шығады. Алтай жеріне жете бергенде Дайрабай мен Кәмшатты қарақшылар ұстап алады. Ұрылар бөрі жабылып Дайрабайды ұрып-соғып, үлкен қара тасқа матап байлап, Кәмшатты алып кетеді.

Дайрабай сол жерде екі күндей байлаулы жатып, әрең дегенде ретін тауып босанып, жаяулап нағашысының үйіне жетеді. Нағашысы жиенін көріп қуанып, елін жинап той жасайды. Осы жиында Дайрабай бастан кешкен оқиғасын түгел баяндай отырып, домбырамен бір күйді екпіндете тарта беріпті. Күйді беріле тыңдаған Алтай елінің адамдарының ішінен бір қарт:

— Шырағым-ай! Адамның жан-дүниесін қозғаған мына тартқан сазыңның аты не еді? — дегенде, Дайрабай:

— Өздеріңіз де сезіп отырсыздар ғой Дайрабайдың жайын, бұл күйді «Дайрабай» десеңдер де болады, — депті.

Сөйтіп «Дайрабай» күйі дүниеге осылай келген екен деседі.

303. «Дайрабай»

(*V нұсқа*)

...Дайрабай Алтай руынан Сармантай елінен екені рас, ол аса мықты балуан жігіт болған. Әрі әнші, әрі домбырашы, бірақ өте кедей болған. Оның жамағайыны Көбен деген бай кісі болады. Ол әрі мақтаншақ, атқұмар сараң да болады. Дайрабайдың жалғыз биесінен туған Қара көк бестісі аса жүйрік болады. Оны Көбен толық құнын бермей алып бәйгеге қосады. Көк бесті алдына жылқы салмаған жүйрік болып, бүкіл Арқа елін адақтағандай, үздік аты шыққан жүйрік болады. Арқада бір үлкен ас болып, көк ат бәйге алады. Сол жолы Дайрабай бас балуанға түсіп жығады. Бар бәйгені Көбен жиып алады. Дайрабайға түк бермейді де, Дайрабай алыс бір елде нағашысы бар екен, соған барамын деп Көбеннен ат сұрайды. Көбен бермейді, соған өкпелеп Дайрабай бір күні көк атты ұрлап алып шөлге қашады.

Алтай ішінен шығып Қаракесек ішінде Карсон, Керней ауылдарына келеді. Сонда бірнеше күн жатып, аса бір жақсы күй тартады. Бұл күй ер жігіт елімен, туысы өскен жерімен қоштасуындай өте мұңды да, өршеленген ерлікте түйдектеліп айтылып жатқандай болады.

ӨСКЕНБАЙ ҚАЛМАМБЕТҰЛЫ /1860-1925/

304. «Жаңылтпаш»

Өскенбайдың өскен ортасы қашаннан түркімен ағайындармен жапсар жатқан соң да, дос көңілді аралас-құраластық үзілмеген. Әсіресе, ер азаматтар арасында біліштік-тамырластық қарым-қатынас орнығып, оның өзі алыс-берісі, әзіл-қалжыңы жарасқан дәстүрге айналған.

Ер жігіт елдің елдік дәстүрінен шет бола ма, Өскенбай күйшінің де түркімендер ішінде Құлыбай, Сапар-Мәмбет, Өдеулі сияқты күйші достары, Сейіт-Мұрат, Қош-Мұрат деген ағайынды біліш-тамыры бар екен. бірде жанына ерткен бір топ жолдастары бар Өскенбай аң аулап жүріп, жолы болып, екі құлан атып алады. Құлан атқан жері біліш-тамырлары қоныс еткен Ұлықұдық, Сауқұдық деген жерлерден алыс болмаса керек. Өскенбай «неде болса тамырларымды бір қуантайын» деп қос құланды жетегіндегі атына теңдеп, Сейіт-Мұрат пен Қош-Мұраттың ауылына ат басын бұрады.

Сол бетінде ауылға келсе, үй сыртында сіресіп бірнеше ат кермеде тұр. Үй ішінен гу-гу дауыс естіледі дейді. Өскенбай дыбыс берген екен, ішінен Қош-Мұрат тамыры жүгіріп шығып, шұрқыраса амандасады. Сылқ еткізіп құланды түсіріп мәз болып қалады.

— Ау, неғып дуылдасып жатырсыңдар? Мына аттыларың кімдер? — деп Өскенбай жөн сұрайды.

— Пай-пай несін сұрайсың! өзіңнің жездең Мәмбет-Пана болыс, Нәубет старшын, Үдімбет-Салық бастаған игі жақсылар бүкіл Хиуаны ауызына қаратқан Құлыбай бақшының өнерін тамашалап, ду-ду болып жатыр! — дейді Қош Мұрат тамыры.

Өскенбай сыртынан даңқын білетін Құлыбай-бақшының атын естігенде «апыр-ай, қалай болар екен!» — деп сәл бөгеледі де, тамырынан:

— Құлыбайды сырттай естігенім болмаса, көрмеп едім, домбыра тартысы қалай екен? — деп сұрайды.

— Ойбой, несін айтасың! Оның жанында сен домбыра ұстауға ұяласың! — деп Қош-Мұрат тамыры Өскенбайдың намысына шоқ тастап жібереді.

Айтқандай үйге кірсе, Мәмбет-Пана бастаған жақсы-жайсаңдар төрге жайғасқан. Орталарында Құлыбай-бақшы ұзын мойын домбырасының пернелерін құлаштай құалап, күй төгіп отыр дейді.

— Ә, балдыз екен ғой, кел төрлет! — деп Мәмбет-Пана басын көтеріп отырады, — Кел балдыз, сенің де бірдеңе тыңқылдататының бар еді ғой, мына Құлыбай-бақшыдан өнеге үйренетін болдың!

Мәмбет-Пананың жездесініп айтқан әзіл сөздері Өскенбайдың жаңағы сырттағы сезімін одан сайын қоздырып, намыс буа түскендей болады. Бірақ сабыр сақтаған қалпы төрге озып жайғасқан соң:

— Біздің қазақ «жақсы күй — жан азығы», «жақсыны көрмек үшін» дейді. Құлыбай-бақшының даңқын сыртынан естуші едім, енді, міне, көз көргенге қуаныштамын! — деп сұлу, сыпайы тіл қатады.

Бірақ жездесініп отырған Мәмбет-Пана иықтап қоймайды:

— Ау, балдыз, сен өйтіп сынықсыма, бұл жерде саған бұйыратындай қыз жоқ, онан да Құлыбай-бақшының мысы басып, жауыр аттай маймаңдап отырмын десейші! — деп қусыра түседі. Сонда Өскенбай, мұнан ары шыдай алмай:

— Апыр-ай, жездеке-ай, болмадыңыз ғой! Тәуекел, қазақ пен түркіменге бірде жеңіп, бірде жеңіліп, бірде жығып, бірде жығылып жүрген қашаннан жарасушы еді. Азар болса, Құлыбай-бақшы Хиуаны ауызына қаратқан шығар. Ал Кіші жүздің үш тақтасын ауызына қаратқан алты науайының бірі мен боламын! Бері бер дутарыңды! — дегенде Өскенбайдың жоны шымырлап, арқасы қозып, өңі алабұртып кетсе керек. Құлыбай-бақшы дутарын ұстата берген екен. Сол жерде дутардың үнін де құбылтып, өзінің қимылын да құбылтып, бұрын-соңды қазақ, түркімен естімеген ойнақы сазды құйқылжыта тартып шығады да, дутарды Құлыбай-бақшыға тастай салады. Өскенбай да іркілмейді, тура алғашқы өз күйінің сыңарындай, қитұрқы қағысы мол екінші күйін бұландата қағып шығады. Осы кезде Мәмбет-Пана:

— Ал, ағайын менен бір сауға болсын! Бұл жолы біреудің жеңуін көруді мұрат тұтпай-ақ қоялық. Екеуі де шалғыш екен, төрелік тең болсын! — деп күй айтысын тоқтатқан екен.

Өскенбайдың осы жолы тартқан екі күйі де ел ішіне «Жаңылтпаш» деген атпен тараған.

БӘЗҒАЛАМ /1860-1932/

305. «Молқоңыр»

Өткен ХІХ ғасырдың соңғы жылдары болса керек, арғын, найман, керей, уақ елдеріне сауын айтқан төре Мамырбек Үкірдайұлы Тұрысбекке және көзінің тірісінде өзінің асын қосып беріп, Майлының Қоңыроба сазы жайлауында айға жуық сән-салтанат құрады. Сол асқа арғы бет қазақтары да топ-тобымен келіп, әсіресе сол жақтан Сары төре бастап келгендердің сән-салтанаты, күтімі айырықша болады. Жорға, жүйрік, балуан, шешен, шежіре, әнші, күйші өнер саңлақтары арқылы өзінің атақ даңқын шығарып, Сары төреден асып түсуді ойластырған Мамырбек төре Жайырдағы уақ еліне қос атпен кісі жіберіп, Бәзғаламды алдырады. Күйшілер кезекпен күй тартып отырғанда Сары төренің домбырашысы домбыраның құлағын оң бұрауға өзгертіп, өзгеше бір күй шертеді. Күй аяқтай бергенде Бәзғалам сол құлақ күйімен әлгі өзгеше күйді өз әйеліне қайта шертіп береді. Сонымен күй сайысы басталып, шет елден

келген сыйлы қонақ болғандықтан, алдыңғы кезек Сары төре жақтан болып, Бәзғалам сол шерткен күйлерді үстінде қайта шертіп отырады. Осылай күй шертісу бір күнге жалғасады да, бір мезетте Бәзғалам қисынын тауып, кезек алып күй бастайды. Сары төренің домбырашысы да Бәзғалам шерткен күйлерді қайта шертіп беріп отырады. Бір сарынмен кете берсе, өзгеше өнер парқы болмайтындықтан, тың бір өнер арқылы көзге түспекші болған Бәзғалам домбыраның құлағын оң бұрауға өзгертіп алып, оң аяғындағы мәсіні шешіп тастап, бақайымен шертіп, қолымен перне басып, ерекше айыз қандырап бір күй орындайды. Дәл осы кезде қос жастықта шынтақтап жатқан Мамырбек басын жұлып алып: «Ау, Бәзғалам, бұл не күй? Ағаштан басқа баққаның бар ма сенің?» дегенде, Бәзғалам: «Төре тақсыр, Жайырдың жоны — Қызыл жон, Қара жон болып екіге бөлінеді. Қату тауынан басталып, етегі Шөгей мен Орқыға тірелетін өңірді Молқоңыр дейді. Біздің елдің көктеу, күзеу, жайлау, қыстауы сол Молқоңырдың қойнауында екенін өзіңіз білесіз. Бұл күйдің аты сол киелі мекеніміз — «Молқоңыр». Арқасын жауыр, құйрығын шолақ қылмай ағаш бақтым десем де болады», — деп жауап қайтарыпты. Сонымен Сары төренің домбырашысын жеңіп, Мамырбек Үкірдай оған төтенше разы болып, жаға-жеңі зерлі шапан жауып, ат мінгізіп қайтарған екен.

306. «Жолаушы»

Бәзғаламның әкесі Айқынбаймен бірге туысқан Қажыке молланың кенже ұлы Ергенбай оқытқан дін сабағына қанағат етпей, 1919 жылы үлкенірек ғұламадан дін оқуын оқымақ болып Дәрбілжін ауданына барады да, сұрастырып жүріп Мүсейінбай деген ұйғыр молланы тауып соған жалданады. Оқып жүргенде Тұрпаннан бір топ саудагерлер келеді. Ергенбай олардан «Тұрпанда жеті әулие» деген үлкен медіресе бар екендігін ұғады да, қожайынымен келісіп, сол медіреседен оқу үшін соларға ілесіп жолға шығады. Туыстарының жібермей қоюынан алаңдап, елден ұзап кеткен соң, Дәм өңірінен өткенде кезіккен бір ел адамынан ағасы Ерданға хат жазып, өзінің оқу іздеп Тұрпанға кеткенін хабарлайды. Содан үш жыл өткенде оқуы бітіп, сол жерге мұғалім болып қалғандығын хабарлап

хат жазады. Өтеп руынан шыққан Лақ рубасы бұдан хабар тауып, игі жақсылар бас қосқан бір жиында бұл жайды айтып, уақ елінің зәңгісі Темірхан бастаған ел ағалары Ергенбайды елге алып келуге ағасы Ердан молланы аттандырады. Ол наурыз айында аттанып, үш-бес күн дегенде Тұрпанға жетеді. Інісі атын Омар қариаға өзгертіп, үйленіп алған екен. Сол медіресені басқаратын Нияз деген шаңяға жалынып жүріп, әйелінен ажыратып алып қайтады. Жолай Сауан ауданына жеткенде оларға Нұрпай батыр кезігеді. Батыр таныса келе екеуіне екі ат мінгізіп қайтарады. Екеуі Шөгей өңірінде Рақадыл деген ауқатты ауылдың қорасында етік тігіп, өрімшілік істеп отырған немере туысы Бәзғаламның үйіне келеді. Бәзғалам әңгіме үстінде: «Біздің туыстардың ішінде сен екеуіндей ұзақ әрі киелі жол басқан жолаушы жоқ, сондықтан көптен бері ойлаған бір күйім бар еді», — деп «Жолаушы» күйін арнайы шертіп берген екен.

307. «Сабазым-ай»

1917 жылдар уақ елі екі зәңгі ел болып, Дәрбілжін ауданына қарайды екен. Қату тауындағы Дәрбіті өзенінің бойындағы Кеңтүбек деген қойнауға біреулер апиын егіп кеткендігі байқалып, сол кездегі өкімет адамдары Шәуешектегі дутыңға мәлімдейді. Дутың: «сол өңірге жауапты мәнсаптыны ұстап әкеліндер» деп бұйрық түсіреді. Ол уақ алты қасымның бірі Өтептің бес ұлының Қожаннан тараған Бөрібайдың немересі ел ауызына ілініп жүрген Жайырбай Ботақанұлы еді. Үкімет адамдары бұйрық бойынша Жайырбайды Шәуешекке апарып қамап тастайды. Бұл істен хабар тапқан мәмбет елінің үкірдайы Жалбағай, дөртуілдің үкірдайы Көксеген, мәметек қошқарбай елінің үкірдайы Еңселер ел жиып кеңес құрып, дутыңға арызданады. Жайырбайдың күнәсіз екеніне елден факт жияды. Сонымен бұған мойынсал болған дутың Жайырбайға ақ зоң шапан кигізіп, қасына жеті шерік ертіп жақын туысы Ергенбайды хатшылыққа тағайындап, төрт үкірдай елді аралатады. Жайырбайдың аталмыш қылмысын естіген жамағат оның ақ зоң шапанына «жазықсыз адам жазаланбасын» деп қолдарын қояды. Сонымен, ол ақталып аман қалады. Бәзғалам Жайырбайға арнап «Сабазым-ай» деген күйін шығарады.

НҮРПЕЙІС КЕЛІНІ ДИНА /1861-1955/**308. «Бұлбұл»***(II нұсқа)*

Ел іші ойын-тойдан, қызықты бас қосудан құр алақан болмайтын әдеті. Ерулік, сыбаға, соғым басы, қымызмұрындық, шашыратқы, сіргежияр, уызқағанақ, ұйқы ашар, бастаңғы, сірне, ұлыстың ұлы күні, асар, шілдехана, бесікке салар, тұсау кесер, сүндет тойы, тоқым қағар, қыз ұзату, келін түсіру, ас беру, міне, мұның бәрі де — адам өмірі, тек қана адамның мейір шуағына бөлену арқылы бақытты болатынын білген елдің өмір салты. Осындай бас қосулардың бірінде Дина өзі қатарлы Балым атты бір қызбен танысады. Табиғаттың жомарттығында шек бар ма, Балымның ақылына көркі сай, аяулы ару болса керек. Әсіресе сызылтып айтқан әндері, сылқылдатып тартқан күйлері Динаға ерекше әсер етеді. «Япырай, бір адамның бойына осынша қасиет біте береді екен-ау!» деп қайран қалады.

Осы бір, жалғыз сәт қана бас қосып, дәмдес болған Балым қыз көпке дейін Динаның есінен кетпей жүреді. Қыз баланың өрісі алыстан бұйырған соң ба, жоқ әлде жыл құсындай шашырай көшіп-қонып жүрген ел болған соң ба, әйтеуір, Балым қызға Дина қайтып кездесе алмай жүреді.

Уақыт сырғып өтіп жатады. Бұл кезде толықсып бой жеткен Балым қыз бір төреге тұрмысқа шығады. Балым болашақ күйеуіне құлықсыздау болған екен, бірақ төре төрелік мысымен, малының күшімен алса керек.

«Жібекті түте алмаған жүн етеді, аруды күте алмаған күн етеді» дегендей, төре Балымға жайсыз болады. Балымды бұлттың көлеңкесінен қызғанып, басынан таяқ айырмайды. Әсіресе ән айтып, күй тартуына тыйым салады. Өнерді өміріне серік етіп өскен Балымды мұндай жағдай құсалыққа ұрындырады.

Бір күні күйеуі үйде жоқта Балым көршіден домбыра алдырып, күй тартады. Көптен аңсаған сырласына іштегі шерін ақтарғандай, домбыраны беріле тартып отырады. Қас қылғандай, осы жағдайдың үстіне күйеуі кіріп келеді. Мұндайға төзетін төре ме, шаңырағымды жынның ұясына айналдырдың деп, Балымды оңдырмай сабайды. Осы оқиғадан кейін булығып жылаудан болды ма, жоқ әлде, төренің шолтаңдаған қамшысы тиді ме, әйтеуір Балымның екі көзіне бірдей ақ түседі. Жалғанның

шырағындай жанарынан айырылып, аяқ жолын тауып жүру мұң болады.

Балымды ару кезінде қадірлей алмаған төре, енді көзіне ақ түсіп, кіріптар болғанда тіптен керексіз етеді. Ақыры, күндердің бір күнінде, тотыдай тарантып алып келген Балымды тоқымдай сүйретіп, төркініне апарып тастайды. Осыдан кейін Балым өмір бойы тағдырына налып, Тәңіріге мұңын шағып өтеді. Көкірегінен небір зарлы әндер ақтарылып, төңірегіне «Соқыр қыздың әні» деп таралып жатады.

Бұл өнердің сарыны, ән мен күйге құлағы түрік жүретін Динаға да жетіп жатады. Бірақ «Соқыр қыздың» бір кездегі, ауыл-аймақты аузына қаратқан Балым екенін білмейді. «Япырай, әні қандай мұңды еді, сазы қандай есті еді» деп, таң қалып жүреді.

Бір күні ауыл-аймақтың әдеттегідей бас қосуында Дина сырттай ынтығып жүрген «Соқыр қыздың» өзін көреді. Мұндайда сырттай мүсіркеп қоя салатын Дина ма, бақытсыз бейбақтың көңілін аулау үшін жанына барып, қолын алып, күйін тартып, сырласады. Өңгіме үстінде «Соқыр қыздың» баяғы Балым қыз екенін біледі. Мұнан соң Дина тіптен тебіреніп, өз басына түскен нәубеттей күйзеледі.

Әрине, қанша тебіреніп, күйзелгенмен күйректікке салыну Динаның табиғатында жоқ. Сол жерде есін жиып, бойын бекітіп, замандас құрбысы Балымға тіл қатады: «Балым, шүкірлік еткенің жөн, ата-анаңның әлпештеген бұлбұлы болып өсіп едің, енді, міне халқыңның ардақтаған бұлбұлы болып жүрсің», — дейді. Жай ғана сөзбен жұбатып қоймайды, кейін Балымға арнап «Бұлбұл» атты күй шығарады.

309. «Кербез»

Бұл күйді Дина «Кербез» деп атайды. Динаның абысыны шынында да сұлу, өткір, ашық адам болғандықтан туысқандар арасында беделді болады. Дина сияқты ол да феодалдық ауылдың салт-санасынан жоғары адам екен, оның даусы күшті болмаса да, нәзік, құлаққа жағымды болыпты. Жаздың кешкі майдақоңыр самалында, ауылдың у-шуы басылған кезде, абысыны Динаға келіп, оның тамаша тартатын домбырасын, ұлы ұстазы Құрманғазының өмір оқиғаларын, анасы Алқа жөнінде-

гі әңгімелерін тыңдайды. Ал Кербез қазақ қыздарының малға сатылатыны, бақытсыздығы жөніндегі қайғылы әндерді ақырын сызылта айтады. Ол өлеңмен Динаға мұңын шағып, шерін тарқатады, ал соңында жастықтың, ғашықтықтың серпілінді әндерін айтып, Динаның көңілін көтереді. Кербездің күйеуі ол келіншек болып атасының босағасын аттаған соң, бірнеше айдан кейін өледі. Жесір қалған Кербез екінші күйеуге шыққысы келмейді. Кербездің едәуір малы болады. Бірақ ол мал-дүниеге жанын салмай, күн көруге жетерлік мөлшерінде ғана шаруасына қарайды.

310. «Көгентүн»

Ауылда қозыны алғаш рет көгендегенде балаларға енші береді, соны көгентүн дейтін.

«Менің Бапас абысыным — Кербездің бір қора қойы болатын, ол қозылардың ізінде жылқышының кішкентай баласы жүретін. Бірде, көктемде қой жаңа қоздап, қозыны жаңа ғана көгендеп жатқан кезде, салт бойынша Кербез жас балалардың біреуіне арнап бір қозыға ен салуы керек еді, қозышы бала үнемейін сызылтып, бір мұңды әнді айтып жүреді дегенді естігенмін. Кербез менің айтқанымды істейді. Бала менің айтқанымды сезгендей, алдымен маған, сонан кейін барып Кербезге алғыс айтты. Баладан мен жалғыз жүргенде айтатын өлеңін айтып беруді өтіндім. Аз ғана уақыт ұялып тұрды да, бала өлеңін айтуға кірісті. Ол бала жақында қайтыс болған шешесінен өткен жылы естіген «Ақ қозы» деген әнді айтып жүреді екен. Өлеңнің аты мазмұнымен жымдасып жатыр. Бұл өлеңде шешесін қасқыр жеген жетім қозы жайлы айтылады екен. Бала өзін сол ақ қозыдай, ал байларды қасқырдай көріп, өлеңді ерекше сезіммен айтты. Баланың әні көкейімде қалды. Мен кедей балаға арнаған «Көгентүн» деген күй шығардым».

311. «Қара қасқа ат»

Кенже сүйікті қызы Динаны ұзатқанда қызының басқа жасауларына қоса, үш болысқа аты шыққан, «Қарақасқа» деген жүйрік ат береді. Кенже сияқты, Нұралының атқа құмарлығы болмаса да, атасының берген киітін құрметтеп, баптап бағады.

Ал Динаға Қарақасқа ат өзінің жас кезін, бақытты шағын еске түсіретін ескерткіш сияқты болады. Кенже Динаны Нұрпейістің үйіне ұзатқан соң, бірнеше жылдан кейін қайтыс болады. Динаға Қарақасқа ат та тұтқынға түскендей, өз ауылын сағынып тұрғандай болып көрінеді. Ат Динаға сүйікті әкесінің көзіндей көрінетін. Кенже қызының ерлердің ісін істегенін (домбырашы болғанын) қуаттаушы еді. Бірде Қарақасқа ат ауырады да өліп қалады. Дина өзінің бақытты жастығының тілсіз куәсіндей Қарақасқа аттан айырылғанына қайғырып, оған арнап күй шығарады. Күйдің басынан аяғына дейін ерекше жақсы көргендік, жан жылылығы айқын суреттеледі...

312. Композитор Дина мен өнерпаздар

Ертеректе белгілі ақын, өнер иесі Динаның үйіне екі-үш жас жігіттер келіпті. Ойлары Динаның алдында күй тартып, өнер сайыспақ. Аман-саулықтан кейін Динаның ілулі тұрған домбырасын алып тартуға лұқсат сұрапты. Дина:

— Алыңыз, жаным, тартыңыз! — деп ризашылық білдіріпті. Қайткенде де, өнер адамының жаңалыққа жаны құмар емес пе? Сонда жігіттер бар өнерін салып екі-үш күй тартыпты. Кезек Динаға келгенде Дина сол күйлерді қайта тартып беріпті. Шамасы орындау техникасы шебер болса керек, жігіттер Динадан: «Не күй тарттыңыз?» — деп сұрапты. Сонда Дина:

— Ал, сендердің тартқандарың қандай күй? — деп қайтара сұрағанда, жігіттер:

— Біздің тартқанымыз «Бозмұнай», «Бозшолақ» деген күйлер! — депті. Дина:

— Сендердің тартқандарың «Бозшолақ» болса, менің тартқаным «Өз шолағым» деген екен.

СЫБАНҚҰЛ ҚАЛБАСҰЛЫ /1865-1945/

313. «Аққу»

(IV нұсқа)

Баяғы өткен заманда Қазығұрт тауының етегінде айдын көл болыпты. Сол көлге бір аққу келіп амалсыз тұрақтап қалады да, жыл сайын балапандайды. Балапандарының қанаты

қатая бастағанда ерінбей-жалықпай сонау аспанмен таласқан Қазығұрт тауының басына шығарып, аққуларды өздерінің атамекеніне қарай ұшырып жібере береді екен. Жас аққулар сөйтіп атамекеніне қайтатын көрінеді.

Балапандарын ұшырып жіберген аққу Қазығұртта біраз әл жинау үшін аялдап қалады. Көп ұзамай атамекенін, балапандарын сағынады. Сол сағынышпен елге оралып ұшып келе жатқанда, жол торып жүрген бидайық құс қуа жөнеледі.

Бірақ бидайық құс қанша қуса да, аққуға жете алмапты. Жолда бар қиыншылықты көріп, арып-ашып еліне оралып, өз балапандарын аймалапты.

314. «Қос келіншек»

(III нұсқа)

Ел жайлауға шыққанда бір өзеннің екі жағында екі келіншек өмір сүріпті. Екеуінің де аты Шәрипа, екеуі де домбырашы екен. Екеуі өзеннің екі жағында отырып күйімен амандасып, сырласады екен. Содан біреуі «Күнгей Шәрипа», біреуі «Теріскей Шәрипа» аталып кетіпті. Бір жылы жайлаудан түскенде екеуі де бір мезгілде қайтыс болыпты. Сол оқиғаға орай, қос келіншекке арнап домбыраны тел бұрауға салып тартқаны.

315. «Тәжінің Бозайғыры»

Бекмырзаның Тәжісі жылқылы бай екен. Желісінен құлын, кермесінен тұлпар, қысы-жазы сабасынан қымыз арылмайтын көрінеді. Сол жылқылардың төлбасы Бозайғыр екен.

Өзі бай, өзі жомарт, саятшы, құсбегі, мәрт, елге істеген жақсылығы көп, мектеп, медресе аштырған парасатты Тәжі бір күні Сыбанқұлды арнайы ат жіберіп алдыртады. Неше күн күй тартқызып, сый-сияпат көрсетеді. Замандасының көңілін тапқан Сыбанқұлды ауыл адамдары бірінен соң бірі шақыртып қонақ етеді. Тәжі қасына ертіп аң, құс аулауға апарды. Аңшылықта жүріп те Сыбанқұлға неше түрлі сиқырлы күй тартқызады.

Сондай көңілді бір сәттерде Тәжі:

— Сыбанқұл, сенің атыңды күй шығарады, ал менің атымды не шығарады? — дейді.

Сонда Сыбанқұл:

— Сенің атыңды мың жылқының басы Бозайғыр шығарады, — депті. Шындығында, мойнына құрық салдырмай өткен Бозайғырдан мың құлын тарайды. Көртайғанда алжып, үйірінен айырылып, көрінген жылқы сай-сайға қуалап тастаса, ашынған Бозайғыр айдалада тұрып азынайды екен.

Соны көрген Сыбанқұл Тәжінің алдында тұрып күй тартады.

— Мұның атын аташы, — дейді Тәжі.

— Бұл — «Тәжінің Бозайғыры», — депті Сыбанқұл.

316. «Саңдық ашты Сарыөзен»

Бір күні күйші Сарыөзен деген өзенді бойлай өрлеп келе жатады. Өзен тасып, толқындары төңкеріліп, тынбай тулап, тасқа тигенде қайта қайырылып, сандықтың аузын ашқандай ақтарылып жатады. Осы көрініске қызыға қарап келе жатқанда, артынан атпен бір жігіт жақындап:

— Ассалаумағалейкүм! — дейді.

Сыбанқұл үндемей жүре-жүре бір кезеңді асқанда барып жігітке бұрылып:

— Уәликсалам, — депті.

— Ой, ата мен сізге сайдың аяғында сәлем беріп едім, басына келгенде жауап қатқаныңыз қалай? — деп сұрайды жігіт.

Сонда Сыбанқұл күйші:

— Сен, балам, ренжіме. Мен бағанадан бері «Сандық ашты Сарыөзен» деген күй тартып келе жатыр едім, — деп домбырасын қоржынынан алып, сол жерде әлгі күйін тартқан екен.

ТАУДАНБЕКҰЛЫ ДӘУІТБАЙ /1873-1937/

317. «Арна»

Қиын кезде ел қамын ойлап, түрлі амалын қарастырып, ат үстінен түспейтін азаматтың бірі күйші Тауданбекұлы Дәуітбай болған. Бір жылы ерте көктемде Боғда үкіметінің жандайшаптары қимылын ширатып, елді дүрліктіре бастайды. Осындай қиын шақта Дәуітбай күйші жанына бір жолдасын ертіп, Қобда сыртындағы елге хабар беруге келе жатса, өзеннің қызыл суы жүріп, сең бұзыла бастапты дейді. Қамсыз отырған елге

қалайда хабар беру шарт. Сәт сайын сарқырап-күркіреп ағасын күшейтіп бара жатқан Қобданың асау мінезі тіптен асықтыра түскендей болады. Сонда Дәуітбай: «Әй, мұндайда аяған жан кімге шікірә!» — дейді де, астындағы атты тартып-тартып жіберіп өзенге қойып кетеді. «Дәуітбайдан жаным ардақты ма!» деп, жанындағы жолдасы да күмп береді.

Содан Қобданың ақ көбік шашқан асау ағысы екі жігітті жанқадай қалтылдатып ала жөнеледі. Тақымға басқан аттары иектерін көтеріп, парылдай жүзіп жан таласады. Бірақ дүлей күш туырлықтай сеңдерімен соғып, келесі жағалауға маңайлатпай қояды. Дәуітбайдың аты бір-екі рет су қауып, өзінің де бойынан қауқар кеткендей көзі қарауытады...

...Әлден уақытта, ес кетіп, жан шықты дегенде бірдеңе сарт етіп иығына тигендей болады. Сөйтсе, жағалауға бұрын шыққан жолдасы қыл арқан лақтырған екен. «Суға кеткен тал қармайды» деген, жан-дәрмен арқанға қолы тиіп, аман-есен Дәуітбай да жағалауға шығады-ау.

Сол күні ауылға келіп, ағайынның ықыласына бөленіп отырып, Дәуітбай әлгінде ғана көрген азабын күй тіліне түсіріп еді дейді.

Бұл күй ел ішіне «Арна» деген атпен тараған.

СОҚЫР ЕСЖАН /XIX ғ. II жартысы/

318. «Соқыр Есжан»

Өткен ғасырда Есжан деген атақты күйші болыпты. Есжан бала жасынан әділетті, бірбеткей болып өскен. Кішкентайынан өзінің еңбегімен күн көріп, азаптың ауыр жүгін арқалайды. Бірақ он саусағынан өнері тамған домбырашы-жігіт халық алдында қадірлі болады.

Бір күні Есжан байдың ауылына келіп, одан еңбегінің ақысын сұрайды. Әңгімеге құлақ қою былай тұрсын, бай сөзге келместен, нөкерлерін шақырып, Есжанды қызыл жон етіп сабатады. Таяқ етінен өтіп, салы суға кетіп қайтқан Есжан қалайда кегін қайтаруға бел байлайды. Араға біраз айлар салып, бір күні жаңағы байдың жылқысынан бір жақсы атты ұстап мініп кетеді. Бұл қылығы үшін бай Есжанды ұстатып, екі жылға соттатады.

Екі жылдан соң Есжан еліне қайтады. Жаздың аңызағында тілі аузына сыймай, сусап келе жатқан жаяудың алдынан бір ауыл кездеседі. Бір ақ үйдің есігін ашып кіріп келсе, үйде жан жоқ екен, сабадан өзі бір зерек қымызды құйып алып ішеді. Кепкен таңдай жұмсап, көзі шырадай ашылған кезде жан-жағына қараса, керегенің басында ілулі тұрған домбыраға көзі түседі. Есжан домбыраны алып бірнеше күй шертеді. «Би келіп қалған екен» деп даладан асып-сасып үйге бөйбіше мен бикеш келсе, на-шар киімді бөгде адамның домбыра тартып отырғанын көреді...

— Бидің домбырасын рұқсатсыз неге аласыз, қандай адам едіңіз, енді ол мына бізді де, сізді де жазалайды, — деп екі әйел зар қағады. Есжан үнсіз ғана «жаздым-жаңылдым» дегендей ишарат білдіріп, үйден шығып кетеді. Көп ұзамай үйіне оралған би домбырасының бұрынғы орнынан қозғалғанын сезіп, қолына алып қағып көреді де:

— Мына домбыраны кім ұстады, әлде бөтен біреу келді ме? — дейді.

Бөйбіше мен қыз оқиғаның шынын айтады. Би дереу шауып-келдерін жіберіп, ауыл шетіндегі қараша үйде отырған Есжанды сүйрелеп алып келеді. Жолшыбай Есжанды қамшының астына алып сабаумен болады. Бірге-бір келгенде есесін жібермейтін Есжан, бұл жолы да шабарманның біреуін қағып жібереді. Бірақ осы арпалыстың кезінде бидің екі сойыл соғарының сілтеген қамшыларының ұшы Есжанның бір көзіне тиіп, содан көрмей қалады. Би де көріне мініп отыр екен, Есжанды көрген соң бұрынғыдан жаман қатуланады. Есжан өзінің белгілі домбырашы екенін, бір жаламен екі жыл түрмеде болып, содан күні бітіп шығып келе жатқанын, онда домбыраны, әнді, күйді сағынғанын айтып, бидің домбырасын байқаусыз ұстағанына кешірім сұрайды. Би бұрынғысынан босағандай болып:

— Осы айтқандарың бәрі рас болса, маған бірнеше күй тартып бер, сонда ғана сенемін, — деп домбырасын Есжанға ұсынады...

Домбыраны сағынған саусақтар перне бойлап жорғалайды. Қаншама қатулы болғанымен, күйді түсінетін би, мына домбырашының тартысының ерекше екенін сезеді. Домбырашы жаңа күйге көшкен сайын ол екі көзі Есжанда, құлағы күйде болып, басқа дүниені ұмытқандай болады.

Есжан өнер иесі адам екенін би білген соң, оған өзінің істеген озбырлығы үшін кешірім сұрайды. Есжанды қонақ етіп

сый көрсетеді. Оны өз қарауына қалдырғысы келеді. Бірақ би қаншама жалынғанмен, күйші байдың ауылында қалғысы келмейді. Қанша жибиін дегенімен, мына бір түскен өмірлік таңба, оны келісімге келтірмейді, бидің құл домбырашысы болып жүруді ар көреді. Есжан соқыр көзін бидің қызының берген жібек орамалымен таңып, қош айтысып, Жайыққа қарай жол тартады...

Есжан сол жүргеннен жүріп отырып Жайыққа жетіп, ардақты анасы, сүйікті қарындасымен көріседі. Күйшінің еліне оралуы бұл аймаққа тез тарайды. Халық бұрынғысындай жиналып, оның күйін тыңдайды. Алыс сапардан, ауыр жолдан қайтқан Есжан енді бұрынғы күйінің үстіне күй қосады. Айдау, түрме, байдан жеген таяқ, биден көрген қорлық, туған жер, ұшқан ұяны сағынған жүрек — бәрі қосылып, домбыраның көмейінен күй болып төгіледі. Қаумалап отырған әлеуметіне Есжан:

— Елге аман-есен оралғаныма қуанамын, сендерді көріп, алдарыңа күй тартқаныма мақтанамын, өмірдің талай тас өткелін кештім, талай ауыртпалықты да бастан өткіздім, сендерден кеткенде Есжан едім, енді бір көзді бидің ашуы алып, «Соқыр Есжан» болдым, оған налымаймын, халқым тұрғанда, он саусақтың өнері тұрғанда Есжан әлі де Сіздермен бірге болады, болаттай бір күй шығып та қалып еді, соны тыңдаңыздар, — деп домбырасын тарта жөнеледі. Сондағы Есжанның сол сапарда шығарғаны — «Соқыр Есжан» күйі екен деседі.

319. «Айнам қалды»

Күйші Соқыр Есжан жас кезінде көрші ауылдағы бір байдың Ақбикеш деген қызына ғашық болады. Ақбикеш те Есжанды ұнатқанымен екі жастың қосылуына әлеуметтік жағдай кеселін тигізеді. Ақбикеш — өнер иесі, өз ауылындағы белгілі домбырашылардың бірі. Ол Есжанмен ойын-тойда кездескенде бір-біріне домбырамен ғана сыр шертиседі екен.

Арада екі жыл өтіп, түрменің уақытын бітіріп, еліне қайтқан Есжан жолшыбай Ақбикештің ауылына соғады. Онда үлкен той болып жатады. Бұл Ақбикештің ұзатылар тойы екенін Есжан білмейді.

Есжан бір үйде жиналып отырған ауыл жастары мен қарттарының үстіне барады. Бұлар — «Ақбикеш аулымыздағы он

саусағынан өнері төгілген домбырашымыз еді, енді ол бізден кетіп, сіздерге барғалы отыр, ең болмаса, соңғы рет Ақбикештің тартқан күйін тыңдап қалалық, қызымызға рұқсат етіңіз», — деп, құдалардан рұқсат алып, оңаша үйде Ақбикешке күй тарттыру үшін жиналып отырғандар екен.

Ақбикеш біраз күй тартып, домбырасын тізесіне сүйеп, қол орамалымен маңдай терін сүртеді. Осы кезде Есжан да үйге кіріп, босағадан отыра кетеді. Ақбикеш тағы да күй тартуға ыңғайланып, үйдегілерді көзбен бір шолып өткенде есік алдында отырған Есжанға көзі түседі. Есжанның жүдеу сиқына қапаланып, мұңайған Ақбикеш:

— Келесі күй «Айнам қалды» аталады, — деп домбырасын тарта беріпті. Күйді беріле тыңдап отырғандардың бірі:

— Мына домбыраның үні шынында да «айнам қалды, айнам қалды» деп қақсап тұрған сияқты. Осыншама көп жасау дайындағанда қол ұшындай айнаны сандықтың бұрышына тастай салуға болмады ма екен? — дейді жанында отырған екінші бір кісінің құлағына сыбырлап. Сонда Ақбикештің әлгіндегі қимылын сезіп қалған екінші қарт:

— Жоқ, олай болмас. Менімше, осы отырғандардың ішінде Ақбикештің ұнатқан жігіті, айнасы қалып бара жатқан болар. Қыздың соған арнап, домбырамен айтып отырған назы шығар, — дейді.

Шынында да, бұл күй Ақбикештің Есжанды көріп мұңайып тартқан, ескерткіш есебіндегі «Айнам қалды» атты күйі екен дейді халық арасында.

СЕЙТЕК /XIX ғ. II жартысы/

320. «Бұлбұл Айша»

(I нұсқа)

Сейтек Элиста маңындағы қалмақ ауылдарында да болып, күйшінің өзі айтпақшы, бірнеше би күйлерін үйреніп қайтады. Астрахань губерниясынан қайтар жолда екеуі бір ауылға тап болады. Төбелері көрінгеннен алдарынан шығып, бұларды аттан түсіріп, аяқтарын жерге тигізбей оқшау тігілген айдынды ақ отауға алып келеді. Жұрт абыр-сабыр, гу-гу, қошемет. Сақаман күліп Сейтекке: «Әй, осылар дәу де болса бізді біреумен

шатастырды» деп еді, ол жайбарақат: «Саспа, әліптің артын бағайық, біздің неміз кетіп барады?» деп жауап береді. Өлден уақытта ең үлкен ақ отаудың иесі Құмар келеді. Ат үстінен түспей жатып, ауылдастарынан: «Не болды, құда мен күйеу бала келді ме?» деп сұрап жатыр. «Қайдам, екі кісі келді, жік-жапар боп қарсы алдық. Бірақ қайсысы күйеу екенін біле алмай отырмыз», — десті жұрт. Бұлардың айтуына қарағанда, ауылға әкеп түсіргендері кездейсоқ бір жолаушылар боп шықты. Шамалы уақыт өткен соң шын қонақтардың өздері де келді. Оларды қол қусырып күтіп ап, Сейтек пен Сақаманнан жоғары отырғызады. Құмар енді Сейтек пен оның серігіне көңіл аударуды қойып, біресе құдасымен, біресе күйеу баласымен әжін-гүжің әңгімелесіп кеткен еді. Мұнысын көңіліне дық алған Сейтек өзін танытудың бір орайын іздеп отырды. Күн кешкіріп ойын-сауық басталды. Сейтек домбырасын алып, бірнеше күй тартып өтті. Жұрт назары енді бұған ауды. Үй иесі менсінбеген сыңаймен: «Сейтек деген осы сен емессің бе? Домбыра тартуың аз-мүз соған ұқсайды екен», — деп ернінің ұшымен сұрай салды. Сейтек «менмін» деп басын изеді де қойды. Құмар әуелі сыр білдірмесе де, «өзі бір тентек деуші еді, қара басымды қадір-лемедің деп сойқан салып жүрер» деп артынан сескеніп қалды.

Сол арада қалыңдықтың домбырашы екені де анықталды. Қыз домбырасын алып күй тарта жөнелді. Сейтек оның домбыра шертісін ұнатып қалды да, «қарағым, домбыраң бұлбұлдай сайрайды екен» деп сол Айша атты қызға арнап табанда бір күй тартады. Ел арасына ол күй «Бұлбұл Айша» деген атпен тарап кетеді.

321. «Бұлбұл Айша»

(II нұсқа)

Жайық бойында отыратын дәулеті шалқып, ырысы артқан Байғұмар деген кісінің домбыра шертіп, күй шығарып аты шыққан ақылы мен сымбаты сәйкескен Айша деген өзі зерек, өзі сұлу қызы болған екен.

Айшаның атын естіген күйші Сейітбек деген жігіт оны іздеп барып, қызбен өнер сынасып көңіл береді, бірақ Байғұмар қолында қу домбырасынан басқа ештеңесі жоқ Сейітбекті жақтырмайды. Бұл қорлықпен өртенген Сейітбек қос ішектен мың

түрлі құбылтып сайраған бұлбұлдың әуенін шығарып, «Бұлбұл Айша» деп атап күй шерткен екен.

322. «Бес қыз»

(I нұсқа)

Сейтек қалмақ елін аралап жүріп, бір үйге түседі. Үй ішінде бес қыз үйді басына көтеріп, әңгіме-дүкен құрып отыр екен. Келген қонақтың домбырасы бар екенін көргенде: «Сіз күй тартыңыз, біз билейік» деп қолқа салады. Сейтек бұл кезде қалмақ жұртының музыкасымен недәуір танысып қалған еді. Сол жерде би ырғағына келтіріп бір күйді тарта жөнеледі. «Бұл қандай музыка?» деп қалмақ қыздары таңқалады. Сонда Сейтек бұл күйді сендерге арнағаным болсын, аты «Бес қыз» деп жауап айтады.

323. «Бес қыз»

(II нұсқа)

...Сейтек нағашысы Дәулетиярдың сыйға берген іңгеншесіне мініп ауылына қайтқанда, жолшыбай жанында бір топ шабармандары бар Арсыланкерей кездесіп, Сейтектің астындағы іңгеншені тартып алады. Соны кек сақтап қалған Сейтек жанына Сахаманды ертіп барымтаға аттанады. Төре Арсыланкерейдің жайылыста жүрген бір үйір жылқысынан екі семіз атты алып келеді де, іңгеншенің құны үшін деп кедейлерге сойып береді. Осыны сылтау еткен төрелер енді Сейтектің соңына шырақ алып түседі.

«Аңдушыны алушы жеңеді» деп халық айтқандай, ізге түскен төрелер ақыры қалмай жүріп, Сейтекті қапылыста ұстап, Орданың түрмесіне жабады. Бірақ Сейтек түрмеде көп жатпай қашып шығады... Осы бетімен үйіне соқпастан Нарын құмына кетеді. Еділ бойын, Қалмақ қырын түгел аралайды, делінген еді.

Сейтек қалмақ жерінде жүргенде бір үйге келсе, үйде бес қыз іс тігіп отыр екен. Бірақ Сейтек бұларға шөлдеп, сусын ішуге келгенін айтады. Сол кезде, отырған қыздардың біреуі орнынан тұрып, шалап бермекші болып жүре бергенде Сейтектің қолындағы домбырасын көріп: «Сіз бізге саз тартып

бермесеңіз, үйден шығармаймыз», — деп қалжыңдайды. Мұндай қалжыңның талайын көрген Сейтек, сусынға қанып алғаннан кейін, тамағын кенеп: «Егер сендер билейтін болсаңдар, мен саз тартайын», — дейді.

Осыны естуі-ақ мұң екен, қыздар орындарынан ұшып тұрып, билеуге дайындалады. Бұл жағдайды көрген Сейтек, киіз қаптан домбыраны шығарып алып, бір күйді тартып жібереді. Күйдің әсем сазына бес қыз ұршықтай үйіріліп билей жөнеледі. Күйдің музыкалық үнінде қалмақ сазына жақын келетін элементтер мол болғандықта ба, әйтеуір, осы бір күйдің сазы қыздарға қатты ұнап қалады. Сейтек домбырасын құйқылжытып, біраз тартып-тартып тоқтаған кезде қыздар Сейтекті ортаға алып: «Бұл не деген күй, аты қалай?» — деп сұрайды. Аяқ астынан қойылған мұндай сауалға бірден не дерін білмей қалған Сейтек, сәл кідіреді де: «Осы отырған бесеуіңе арнаған «Бес қыз» атты күйім болсын», — деп үйден шығып кетеді...

324. «Шәрипа»

Қанша қиындық көріп, тауқымет тартса да, Сейтек салы суға кететін жан емес-тін. Жасы алпысқа таянса да бойында күші мол, қайратты, әжуалағысы келгендерге ақысын жібере қоймайтын. Осы сөзімді тірілтейік. Бір күндері Сейтектің аулына аузында бейпіл сөз, қолында жалаңдаған пышағы бар, елді үркітіп, қорқытып бір есерсоқ жас жігіт келе қалады. Сейтек бір досының үйінде шай ішіп отырған. Бабымен шай ішіп, балқып отырғанда біреу-міреу келіп мазасын алса, ондай адамның сыбағасын беретін. Әлгі жігіт те үйге дәл осындай сәтте баса көктеп кіріп келіп еді. Көзінің еті өскен көргенсіз, келе «алжыған қақбас» деп Сейтекті жерден алып, жерге салды. Сейтек әуелі үндемей, жайбарақат шайын ұрттап отыра берген. Жігіттің одан сайын жыны келеді. Енді үйдегілерді түгел сыпыртып шығып, шай құйып отырған осы үйдің келіні Шәрипаға тиісе бергенде, Сейтек ақырын ғана оған: «Қарағым, шайыңды іш, суып қалды. Шамасы жоқ шалдар мен әлжуаз әйелдерге ұрынып не қыласың, өзің қайратты бала көрінесің, шырағым», — дейді. Ұр да жық, алаңғасар жігіт сөз астарын түсіне ме, орнынан атып тұрып, «ә, сайтан шал, сен маған ақыл үйретпекшімісің?!» деп атасындай Сейтекке дүрсе қоя

беріп, пышақ ала ұмтылған. Сейтек көз ілеспес шапшаңдықпен пышақ ұстаған қолын шап беріп, қайырып жібереді де, пышағын жұлып алады. Сосын әкіреңдеген немені аяғының астына басып отырып, асықпай шайын іше береді. Шайын ішіп болған соң Сейтек әлгі жігітті тұрғызып, бір нұқып қалып еді, қаңбақтай ұшып барып есіктің аржағына топ ете түсті. Сол жатқаннан ол тырп етпей біраз жатты. Жүрген жерінде жұрттың берекесін қашырып, зәресін ұшыратын жетесіздің бұл үйге де кіріп келіп сойқан салмақ болған түрін көргенде жүрегі тас төбесіне шыққан Шәрипа оның ақ сайтанын қағып алған Сейтектің ерлігіне қайран қап, алғысын білдіреді. Өйтсе де, «дастарханның шырқы бұзылмасын, тентек те болса қонақ қой, шай ішсін, рұқсат етіңіз», — деп келіншек Сейтекке қиыла тілек айтты. Шәрипаның мына ақылдығы мен қайырымдылығына риза болған күйші сол жерде Шәрипаға арнап бір күй тартады. Ел арасына да сол атпен тарап кеткен.

325. «Сексен ер»

Ордада құралған атты әскер полкінің қатары күн санап көбейе берді. Полкке жаңа келген қазақ жастарынан құралған жүз отыз адамнан тұратын бөлімшені Бейсен Жәнекешев басқарған болатын. Осы бөлімше 1919 жылы 15 желтоқсанда Ордаға келіп аялдайды. Ал бұл кезде ішкі жаулар мен бандылардың жасырын әрекеттері әлі де тоқталмаған кезі еді. Қолдарында қаруы жетіспеген, әрі әскери тәжірибесі жоқ, жаңадан ұйымдасқан осы бөлімшенің Ордаға келгенін елін сатқан жексұрын Мылқайдар деген біліп қойып, Анохиннің бастауындағы бандыларға хабарлайды. Түн ортасы ауа Анохиннің бандылары бейқам жатқан жүз отыз жігітті қоршап алады. Тірідей жау қолына түсуді ар көрген қызыл әскерлер қарулы жаумен арпалысады. Осы соғыста елу адам тірі қалады да, сексен жігіт қаза болады.

Осындай халықтың азаттығы мен бостандығы жолында құрбан болған сексен жігіттің өліміне Бейсен Жәнекешев:

Аттанып Нарынқұмға баралық та,
Қылышты қызыл қанға малалық та.
Кешегі құрбан болған сексен жігіт
Жолына Мылқайдарды шалалық та! —

деп, қалған сарбаздарын ертіп Нарын құмына аттанады. Құмдағы шағыл арасында жасырынып, қашып жүрген Мылқайдардың басын кесіп алады.

Сексен жігіттің өліміне қатты қайғырған Сейтек:

«Қайран, қапыда кеткен ерлерім-ай!» — деп, «Сексен ер» атты күйін тебірене отырып шығарды.

КӘДІРӘЛІ ЕРЖАНОВ/1885-1968/

326. «Қасқа-ау, ана арада—қасқа-ау, мына арада»

Кәдірәлінің ұстазы атақты күйші Қазанғап қасына ерген шәкірттеріне тек күй үйретіп қана қоймайды, оларды басқа ауылдың домбырашыларымен тартысқа шығарып, қандай жағдайларда қарсыласын жеңуге болатынын айтып, үнемі баулып отырады. Бір жылы Кәдірәлі Қазанғаптың қасында жүргенде Табын руының Тасыбай, Қонақбай сияқты белгілі домбырашыларымен тартысып оларды жеңеді. Кәдірәлінің оларды жеңу себептері былай болыпты: Тасыбай мен Қонақбай ауылындағы жасы жетпістер шамасындағы бір бай төрт әйелдің үстіне бесінші етіп, көрші ауылдағы бір кедейдің жас қызын малға сатып алыпты. Қыз байдың үйінде бір жұма болғанда, елде қалған сүйген жігіті артынан іздеп келіп, бір түнде алып қашып кетеді. Түн ортасында бай жас «жұбайын» іздеп, шырт ұйқыда жатқан ауылды бөрліктіріп оятады.

Қыздың қашуына көмектескен сол ауылдың қу жігіттері байды мазақтап, қыз бен жігіт ауылдан ұзағанша оны алдарқатып ауыл маңындағы қарабарақтың арасынан іздеген болып, «ана арада, мына арада» деп, түн ішінде қарауытып көрінген қарабарақтың арасын байға аралатып, әбден сілесін қатырыпты. Осы оқиғаны естіген Кәдірәлі Тасыбай, Қонақбай ауылының байларын мазақтап, «Қасқа-ау, ана арада—қасқа-ау, мына арада» деп күй шығарғанда, Тасыбай мен Қонақбай: «Сараң байдың қырсығы бүкіл елге, ел намысына тиді», — деп, өздерінің жеңілгендіктерін мойындапты. Сөйтіп, Кәдірәлінің «Қасқа-ау, ана арада—қасқа-ау, мына арада» деген күйі, осы оқиғаға байланысты шыққан екен.

МҮКЕЙ ӘБІЛҚАЙЫРҰЛЫ /1884-1916/**327. «Қосбасқан»***(II нұсқа)*

Мүкей мен Жайыр жортуылда жүріп бір байдың қыз ұзату тойына қатынасып қалады. Олар өздерінің атын-жөнін құпия сақтап, отау үйінде болып жатқан жастардың сауығына кіреді.

Олар жастар арасында біреулердің Мүкейдің «Телқоңыр» күйін бұзып шертіп отырғанын көреді де, оның домбырасын сұрап алып, «бұл күй менің білуімде былай еді», — деп шертіп береді. Құрбыларының қалауынша күйші жалғасты бір қауым күйлерді орындайды. Қыза түскен домбыра сауығының бұл салты үлкендердің де құлағына шалынып, той иесі оларды ауыл ақсақалдары отырған шаңыраққа шақыртып күй шерткізеді.

Топ арасында отырған орта жастардан асқан бір тақыс саудагер сауда істеп жүріп Мүкей ауылдарына қонып кеткені есіне түсіп, Мүкейді таниды да:

— Ой, інім, сен әлгі жортуылшы, күйші Мүкей екенсің ғой! Ауыл-аймағың аман ба? — деп суырыла амандасады. Мүкей шарасыздан саудагердің тануын мойындайды. Той иесі Мүкейді құрметтеп қонақ етеді. Ертеңінде аттанар алдында Мүкейге ел ақсақалдары ақыл айтып:

— Алаштың өнерлі азаматы екенсің, мұныға жұрт риза. Атыңды сырттай естушы едік, бүгін көзімізбен көрдік. Ал жортып жүріп жылқы қуатын өнерің де бар екен, мұныға жанымыз қас. Екі аяғыңды егіз баспа, алдыңғы өнеріңді алға сүйре, соңғыңды су түбіне таста, — деп шапан кигізіп, ақ тілекпен аттандырыпты. Мүкей осыдан соң ел тілегін жөн көріп, жортуылын да қойыпты. Еліне оралғаннан кейін «Қос басқан» күйін жасапты.

328. «Терісқақпай»

Айсыз түн, қызыл іңір. Үштас жайлауының төрінде отырған Қара Оспан бидің сегіз қанат ордасының жанынан жалғыз өтіп бара жатқан Мүкей, үй ішінде шертіліп жатқан күйді құлағы шалады да, атын қалтарысқа бекітіп қойып, үй іргесіне таяу келіп күй тыңдайды. Оны сай тазанына ат қойып келе жатқан екі жігіт шалып қалады да, «баспалап жүрген ұры», — деп ұстап алып, Қара Оспанның алдына апарады. Өзінің үй іргесіне не

үшін келгендігін сендіре алмаған Мүкей Қара Оспанды мойындату үшін, өнерін паш етіп күй шертеді. Қара Оспан да күмәннен айығып, оның күйшілік өнерін қадір тұтады. Қара Оспанның өзі де Мүкеймен күй шертиседі, қонақ етеді. Ертеңінде Мүкей мал дауымен Қара Оспанға келген екі адамның әңгімесін тыңдайды. Оның біреуі жоқ-жітік еді. Бұл дауға Қара Оспанның дұрыс қазылық етпей, бардамға жан басып, кедейді айыпты еткенін көреді де, бидің әділетсіздігіне төзе алмаған Мүкей, Қара Оспанның үйінде отырып қолма-қол «Теріс қақпай» күйін шығарып шертеді. Күйдің сол кездегі аты «Қақпай» болып, кейін «Теріс қақпай» деп аталып кеткен.

329. «Күзетші қыз»

Көгілдір ай сәулесі түсіп тұр. Жайлаудың жалпақ беткейіндегі ұйқыға батқан ауылдың солтүстік астырты теріскейлі бүргені қалың болып, осы шытырманның арасын жарып өткен жан жолмен екі жүргінші келе жатты. Олар күзеттегі қыздардың «Екі-ай жирен» әнін құмарта тыңдап, Шоқпар тас түбегіндегі самырсынға аттарын бекітті де, ойға алып келген байекеңнің ақбоз жүйрігін алып кетуді ойлайды. Күзетші қыздар бір мезет айтқан әндерін тоқтатып, күй шертеді. Бұл күй Мүкейдің «Жетім торы ат» күйі еді. Қыздардың күйдің ырғағын толық түсіре алмай отырғанын аңғарған Мүкей, қасындағы жолдасына: «Мен жолаушы бейнесімен қыздарға барып, күй шертіп айналдыра тұрайын, сен осы орайда ақбоз жүйрікті алып кет», — дейді.

Кәперсіз аттан түсіп жатқан жігітті көрген қыздар үркердей боп орындарынан тұрды. Олар жігіттің аман-сәлемін қымсына алғандай болды. Мүкей қыздарға:

— Жолаушы едім, шерткен күйлеріңізді тыңдап сауық бар екен деп әдейі бұрылдым. Мен де өздеріңіз сияқты күйқұмар жан едім. Қане шертіңіздер, күйлеріңізді тыңдап көрелік, — дейді. Үш қыздың екеуі бұйығылау болса керек, бірін-бірі құшақтап, сұңғақтау, ересек қыздың артын ала ығыстап тұр.

Үкілі құндыз бөрік, қос етек көйлек, шынтақ жең камзол киген қыз тіл қатты:

— Ағай, біз сізден «қараңғыда не қылған кісі?» деп қорқып қалсақ, онда жақсы болды ғой. Келіңіз, отырыңыз, — деп үстіне

алаша жабылып, ішіне сырмақ төселген күркені нұсқады. Өлгі сұңғақтау қыз наздана сөйлеп:

— Ағай, сіз Мүкей деген күйшінің «Жетім торы ат» деген күйін білесіз бе? — деді. Тұнық құлын даусына күміс шолпысы да үн қосқандай сыңғыр етті. Оның ай нұрына шағылған ақша бетінен еркелік пен өткірліктің, талап пен талғамның таңғы самалы есіп тұрғандай. Қыздың қылықты сипатына жүрегі жылыған жігіт:

— Қарындас Мүкей дегеніңізді танымасам да, «Жетім торы ат» деген күйінен хабарым бар еді. Домбыраңызды беріңіз, шертіп көрейін, — деп еді, қыз домбыраны ұсынды. Майысқан, күміс сақиналы, сүйрік саусақтардың салалы уысынан сүйкімді қыздың үкілі домбырасын алды да, Мүкей «Жетім торы ат» күйін бебеулетіп жіберді. Жалынды күйшінің саусағынан күй сезімінің саф алтыны төгілгендей болып, балауса қыздың балғын көңілін балбыратып бара жатқан сияқты.

— Бәсе, осылай шертілетін сияқты еді, — деп қайта-қайта шерткізіп тыңдай береді.

Ақшарбы бұлттардың арасынан ақ сәулесін шашыратып, сұлу Шолпан да сығалай бастады. Жігіт күйді тоқтатып, аттануға ыңғайланып еді, күзетші қыз қиыла сөйлеп:

— Ағай, сізге рахмет! Біз үшін жолыңыздан бөгелдіңіз. Ауылыңыз шалғай болмаса, бұдан кейін де өнеріңізге ортақ болғым келеді, — деп қимас досынан айырылғандай мұңайып орнынан тұрды.

— Ақжарқын қарындас, сіз де сау болыңыз! Өнер құмар жаныңыздан айналдым! Тәлейым болса, тағы да көрісерміз...

Жігітті қолтықтап аттандырған қыздың қызулы алақаны, оның жүрегіне сөнбестей от ұшқынын тұтатып жібергендей еді. «Осындай бір кінәдан пәк періштені қалайша алдауға қидым» дейтін өкінішті ой жігіт жүрегінде кете берді...

Сәресіден тұрған байекең жүйрікті жоқтайды. Күзетші қыздар ешкімді көрмегенін айтып, болған істі жасырып қалады. Ұл орнына ұл, қыз орнына қыз болып жүрген жалғыз еркесінің сырын білетін байекең онан ары қузап айттыруға бата алмайды. Күндер өтіп жатты... Қыз үйінен ұрланып, қалың қарағайдың арасында домбыра шертіп отырған жерінде әкесі абайсыздан үстінен түсіп қалады. Қыздың шертіп отырғаны Мүкейдің «Жетім торы ат» күйі еді. «Қалқам-ау, сол жоғалған

хайуан сенің үйренген өнеріңнен садаға, Мүкейдің күйін үйреніпсің ғой», — деп әкесі қызының маңдайынан искейді. Аттың жоғалуы Мүкейден екендігі деректен еді. Қызы да болған істі жасырмай айта салады.

Бірнеше жылдан соң, ат иесі бір үлкен аста күй шертіп отырған Мүкейге кезігіп: «Менің жүйрік көгімді алғандығың шүбәсіз. Бірақ қайтармай-ақ қой, сен оның бодауына, менің балама «Жетім торынды» ерттеп мінгізіп кетіпсің. Менің ақ-бозым сол «Жетім торынның» ауыздығына байлаған баламның тілашары болсын», — деп кешіріпті. Күйші аталы сөз алдында басын иіп, сол ас үстінде «сіздің балаңызға арнауым» деп «Күзетші қыз» күйін шығарыпты.

330. «Телқоңыр»

(IV нұсқа)

Мүкей бас болған он бес жортуылшы солтүстік Алтай сілемдерін мекендейтін дөртуыл елінен 300 жылқы айдап келіп, Қаба ауданының батысындағы Қара жиде, Бүркеу дейтін жерде жылқыны бөліске салады. Мүкей жолдастарына талап қойып:

— Маған осы жылқыдан көп бөлістің керегі жоқ, небары ойға алған үш жылқым бар, соны беріңдер? — депті. Ондағысы екі қара биені тел еміп келе жатқан қоңыр құнаншығарға көзі түседі. Оның қолмен жасап қойғандай жұп-жұмыр сүйек бітімі, су төгілмес майталман жорғасы мен ат шаптыратын желісі ерекше көзге түседі. Қоңыр құнан екі енесінің белінен елікше секіріп түсіп ойнайды екен. жолдастары сұрағанын беріп, Мүкей арманына жетеді. Қоңыр құнан екі енені кезек-кезек тел еміп келгендігінен «Телқоңыр» деп аталады. Ол не үшін екі енені емгендігін жылқының түпкі иесі болмаса, кім білсін? Мүкей қоңыр құнанды дөненінде үйретіп қолға бағады. Оны ат ағашқа байласа, жұлып тоқтатпайды. Үйге байласа, төбеге шапшиды. Сондықтан ұзын шылбыр тағып, түскен жерінде бос қойып үйретеді екен. Жануар шылбырды тартып, түлкі құсап бұлаңдап ойнап тұрады екен. Телқоңыр құса, құсты тістеп жететін, қашса, шаңын да көрсетпей құтылатын «айтақалсын» ат болыпты.

Телқоңырдың екі енесі екі жылдан соң, мекеніне қашып кетіпті. Бір күні Мүкей мал көздеме боп, биік құмның басы-

на шығып, екінті намазын оқып жатады. Жанында дағдысы бойынша бос тұрған Телқоңыр тегі енесі есіне түсті ме екен, кенет кісінеп, ішін тартып аунайды да, сілкініп ап, бұрынғы келген жағын бетке алып қаша жөнеледі. Намаздың қаза болмауына әрең шыдаған ат иесі қара тер боп түтігіп жақын маңдағы ауылдарға барып аттан сап, адам топтап, үш күн, үш түн қуса да, телқоңыр жеткізбей, қарасын үзеді. Сөйтіп, орны толмас өкінішке батқан Мүкей «Телқоңыр» күйін жасайды.

331. «Бұлбұл торғай»

(II нұсқа)

Тамылжыған көктемнің май айы еді. Құлын жарғақпен қапталған домбырасын мойнына асып алған Мүкей, Білезік өзенін құлдап, Кеңтөренің ауылын бетке алып бара жатты. Жыландай жосылып аққан Білезік өзенінің бойы бүрлеген орман. Күйші көңілін табиғат дүниесінің осы бір көрікті шағы баурайды. Оның құлағына қайыңның бұтағына қонып сайраған бұлбұлдың әсем сазы шалынады. Мүкей атынан түсіп, байыздап әлгі сайраған бұлбұл құстың өнін қызыға тыңдайды. Секемшіл, сезімшіл әнші бұлбұл бұтақтан-бұтаққа қонып құйқылжиды, тамылжыған сыр шертеді....

Күйші домбыра тілімен бұлбұл торғайдың артынан еріп жүріп әуеніне әуен қосып, жол бойында ет асым ерулеп «Бұлбұл торғай» күйін жасап шығады да, қоналқыда Кеңтөренің үйіне келеді. Күй ырғағын ұмытып қалмау үшін шай соңынан кейін қайталай шертіп отырады.

Қазақ тұрмысы мен өнеріне қанық Кеңтөре:

— Мынау күйіңізді бұрын-соңды естімеген екем, аты не? — деп сұрайды. Мүкей күйдің бүгін жол бойында шығарылғандығын айта келіп, күйдің аты «Бұлбұл торғай» деп еді, Кеңтөре:

— Онда сенің ұстап алғаның менің түбегімнің бұлбұл торғайы болды ғой, — деп қағытпалы қалжың айтады. Мүкей:

— Оныңыз рас төрем, Қабаның елі де, жері де сенікі ғой, «төресіз ел, төбесіз жер жоқ». Төреміз жарлық берсе, немізді аяйық... Өзіңізге бір арызым болып шыққан бетім еді, көктемнің жаршысы тіл қатты. Жолым болар деп ойладым, — дейді. Кеңтөре мақтаныңқырап, қарқылдап күледі де:

— Арызыңды айт, — дейді.

— Тақсыр, бірнеше жылдың алдында немере қарындасым Нұрғайшаны Сауыр тауының арғы бетіндегі Жайыр дейтін өнерлі азаматқа қалыңсыз үйлендірген едім. Жайыр өткен қыста «қалыңсыз қыз болса да, кәдесіз қыз болмайды» деген ауыл кәрілерінің пікірі бойынша екі ат, екі бие әкеп беріп кеткен. Жуықта осы малдың артынан торғауыттан екі жоқшы келіп екі атының көзін танып қайтарып алды. Қалған екі бие-сіне екі құнажын байтал қайтарсам, олар: «сендер биелерімді құлындатып, тығыш отырсыңдар, малымның көзін аламын», — деп жанжал тудырып отыр. Оның биесін қыста соғымға жығып алған едік, осыны бітім қып берсеңіз, — дейді. Кетөре:

— Жегенің рас болса, айып тоғызсыз-ақ екі байталды орнына салып бітіруге болар. Ертең даугерді маған алып кел, — деп кесімді жауап айтады. Риза болған Мүкей тағы да күйін шерттіп отырады да:

— Жолым болды, күй сіздікі болсын, — деп аттанып кетеді. Сөйтіп, «Бұлбұл торғай» күйі «Кетөренің бұлбұл торғайы» деп те жұрт арасына тараған екен.

332. «Ой, дүние-ай!»

(II нұсқа)

Қыраулы күз. Өн салып, қош айтып жыл құстары да қайтып жатты.

...Қазалы болғандарды жаназаласып, жерлескен Мүкей Шұңқыршидегі киіз үйімен отырған семьясына келіп салғырттау атан түсті. Оның денесі жер тартып, желке жүйесі шаққылап, көңілі айнып ауырғанына бірнеше күн болған. Ол бір сәт төр алдында шынтақтай жатып, қоңырқай киіз үйдің жартылай ашылған шаңырағынан алыс биікке көз тігіп, аспан әлеміне үңіліп еді, бір топ тізбекті тырналар тыраулап төбесінен бір айналып ұшқандай болды да, аздан соң көзден қарасы үзіліп, құлақтан даусы тынды. Көктен естілген осы бір тырналар әні оның құлағынан көпке шейін кетпеді...

Күйші ауыр күрсінді де басын көтерді. Кешкі шай қамымен жүрген соңғы — жас жұбайы Көкежанға қарап:

— Ажалдың жер қармағы маған да ілінгелі тұрған сияқты. Халыққа келген зобалаңнан кім қашып құтылар дейсің! Кімнен артықпын! Бірақ амал не, ұрпақсыз кеткеніме өкінем! Көке-

жан, домбырамды әперші? — деді. Көптен бері қазалы болғандардың батақор қайғысымен қам көңілді жүрген Көкежанның әжімсіз сары қызыл жүзіне алауы өшкен әлдебір күңгірт көлеңке қонақтаған сияқты. Жарының әлгі айтқан сөзінен оның жүрегі зу етіп төбесіне шыққандай болды.

Көкежан көзіне жас іркіп, үлкен абдыраның қақпағын ашып, домбырасын алып берді де:

— Қайдағыны айтпаңызшы, қорқам, «жақсы лепес — жарым ырыс» қой! Кеңшілігі бар Құдайым сақтар өзі, — деді кейісті үнмен тіл қатып.

Мүкей домбырасының құлақ күйін теңшеп алды да, бір сазды ырғақты қоңыраулата қағып келіп, сәл тыныстағандай күбірлеп:

— Ой, дүние-ай десеңші! Қайран өмір зымырап өттің ғой!... Сайранды шағым — ұстаспас сағым, — деп ауыр күрсінді. Оның жын бұған бақсыдай дірілдеп, қалтырап тұрған тұла бойын өз еркінен тыс бір қысым күш кернеп тұрған тәрізді. Соңғы сазды ырғақты қайталап шерте береді. Бұл осы бір тұңғиық түннің соңғы толғанысынан туған күй — «Ой, дүние-ай» еді. Жарық дүниені — тіршілік күресін қимастықтан туған асқақ армандарға толы күйші жүрегі осылайша ақырғы рет өмірімен қош айтысты. Күйші өмірден кетті. Онан ұрпақ қалмады. Бірақ оның артында өлмейтін күй мұрасы қалды.

333. «Үш күйдің аңызы»

Алқабекте деген бір бай болған екен. Байдың мәпелеп баққан екі енеге телі бір қоңыр құлыны болыпты. Оның жүрісі жайлы, жалы майда, өзі суреттей көркем екен. Байдың осындай әдемі тағы да бір аты бар екен. Бай аттарды ұрыдан қорқып түнде киіз үйде бағатын бопты. Бұл аттарды байдың Сәулем деген қызы күзетеді екен. Сәулем домбырашы әрі әнші болыпты да, домбыра мен әнге қатты құмар екен.

Күндердің бірінде Боғданың Қаратауын мекендеген Мүкей деген ұры байдың аттарын торып, жанына екі адамды ертіп, осы ауылға келеді. Бірақ олар қанша торыуылдаса да, лажын таба алмай бірнеше күн өтеді. Ақыры маңайдағы елден аттарды түнде байдың қызы күзететінін, Сәулемнің домбырашы әрі әнші екенін, домбыра шертілсе, құлақ түріп қалатынын естиді. Сонымен қыздың қапысын таптым деп есептеген Мүкей жолдастарына:

— Қызды мен домбыра шертіп айналдырам, сендер сол орайда аттарды қайтсеңдер де алып шығыңдар! — дейді де, кеште қыз отырған киіз үйге барып:

— Бикеш, күйінді шерт, естиін деп келдім, — дейді. Бұл ұсынысты қабылдаған қыз домбырасын шертеді. Бірақ бейтаныс кісіден тартынып, шабыттанып шерте алмайды. Сонда Мүкей қыздың домбырасын сұрап алып, «Қос қағу» деген күйді безілдетіп ала жөнеледі. Ершіммен еркін шертілген күй сазы қызды бірден баурап, өзінің ат күзетіп отырғаны мүлде есінен шығып кетеді. Күйді бір ауық шертіп серіктері аттарды шығарып болды-ау дегенде, Мүкей қызға қош айтып жөніне кете береді. Қыз күйші жігіттің аты-жөнін сұрап қалмағанына өкініп қалыпты. Бір кезде аттың жоғалғанын білген қыз, ата-анасына айтудан қорқып, қасындағы қыздарға да: «Адам келді деп айтпайық, ұйықтап қалыппыз деңдер», — деп үйретіп қояды. Көр заман жер-көкті шарлап таба алмай күдерін үзген бай торығып отырғанда, қыз баяғыда жігіт шерткен күйді шертеді екен. Әкесі бұрын қызының мұндай күйді шерткенін естіп көрмегендіктен таңырқап: «Мұны қайдан үйрендің?» деп құзай бастайды. Қыз шынын айтады. Сонда бай:

— Балам-ау, бұрын неге айтпайсың, аттар табылды емес пе?! — дейді қуанып. Сонан ол Ертісті өрлей біткен домбырашыны іздепті. Күйін тыңдайды. Бір күні Шақабай Мақатжан дегеннің үйінен әлгі қызы шерткен күйді естиді. Бай бұл күйдің жайын сұрағанда, ол:

— Қаратаудағы Мүкей дегеннің «Қос қағуы» осы, — депті. Сонан бай Мүкейді іздеп Еренқабырғаға барса, екі аты кермесінде байлаулы тұр екен. келген адамның бұйымтайын сезген Мүкей алдынан шығып қарсы алып, қонақ қылыпты, қонақ әбден тыныққан соң, Мүкей домбырасын алып:

Телқоңырыңызды міндім, жүрісі мынау екен, Майдажалыңызды міндім, жүрісі мынау екен, сізді осында алып келген қос қағуым мынау, — деп үш күйді шертіп берген екен.

334. «Өттең, жалған, түл дүние»

Қараңғылық пен надандық жайлаған өткен заманда күн сайын үдеген сары ауру, елді өрттей шарпып, өлім көбейіп, ауыл адамдары көмуге үлгермей қарбаластаныпты. Бұл дерт

Мүкейдің де бауырын жалап, үрім-бұтағын жалмапты. Сонда қасіретті күйші, дауылды күні зәр күйіне келген қыран құстай шарқ ұрып, «өттең, жалған, тұл дүние-ай» деп домбырада күй төгіпті.

ӘШІМ ДҮҢШЕҰЛЫ /1896-1962/

335. «Ақ ерке, Ақ толқын, Жай толқын»

Халық ішінде мынадай бір аңыз бар екен: ертеде атақты бір домбырашы жігіт жолдастарымен жолаушылап келе жатып, сусындап алу үшін жол-жөнекей бір үйге түседі. Бұлардың алдынан бір қабаған ит шығып үйге кіргізбейді. Сонда үйден бір бойжеткен қыз шығады. Жігіт қасындағы жолдасына: «Мынау неткен көргенсіз еді, келген қонақтың атын байламақ түгіл, итті де қорымады-ау!» дейді. Жігіттер үйге кірсе, қыз оларға көз салмай, төсек үстінде кесте тігіп отырады. Домбырашы жігіт төсектің бас жағында тұрған күмістеулі домбыраны алып, шертпекші бола бергенде қыз:

— Домбыраны бері әкеліңіз, бұзып қоясыз, — дейді. Жігіт ашумен домбыраны қызға лақтырады. Қыз домбыраның құлақ күйін бұзып тастап:

— Шерткіш болсаңыз, енді шертіңіз, — деп жігітке қайта береді. Жігіт құлақ күйі бұзылған домбырамен ұзақ бір күй шерте бастайды. Жігіт күйі қыздың көңіл-күйін тебірентіп жібереді.

Қыз кергішті сүйеп қойып, жігітке қарай жылжи түседі. Жігіт:

— Ауылымызға айта барайық, сізде бір күй шертіп беріңіз, — деп домбыраны қызға береді. Қыз да бір күй шертіп, домбыраны жігітке қайта ұсынады. Жігіт тағы ағытылып бір күй шерте жөнеледі. Жігіттің өнеріне риза болған қыз қымыз құюға ыңғайлана бергенде, қолында саумал құйған көнегі бар шешесі үйге кіріп:

— Бұларың кім, иен үйде дүрілдеген? — деп ашуланады. Қыз:

— Апа, жолаушы екен, сусын ішкелі келіпті, — деп ана ашуына басу айтып, қымыз құя бастайды. Қыз домбырашы жігітке бір кесе қымыз ұсынып: «Күйіңіздің аты не?» — деп сұрайды. Сонда жігіт: Бұл — «Ақ ерке» деген күй, ал мынау «Ақ

толқын», мынау «Жай толқын», — деп оған қоса тағы екі күй шерткен екен.

Әшім осы әңгімені естігеннен кейін, бұл күйдің дерегін көп іздеп таба алмайды, ақыры сол әңгіме желісі бойынша өз алдына қызға арнап, «Ақ ерке», «Ақ толқын» деген екі күй, кешігіп ойланатын шешесіне арнап, «Жай толқын» деп бір күй шертеді.

336. «Қазақ-қырғыз достығы»

Бір жолы Әшімнің Құлжадағы қазақ-қырғыз ұйымшасында тұрған кезі екен. Әшімнің жақын досы, қырғыздың атақты күйшісі Асанәлі екеуі бір қырғыз семьясында қонақ болса керек. Бозаға қызған соң Әшім мен Асанәлі жұрт тілегі бойынша күй шертеді. Сонда Әшім өзіне деген қырғыз халқының дос пейілін бейнелеп осы күйді шертеді. Жұрт: «Бұл не күй?» — деп сұрағанда, Әшім: «Бұл — «Қазақ-қырғыз достығы» деген күй» дейді.

337. «Бөктергі»

Ел ішінде мынадай аңыз бар: тегінде бөктергі деген аса қыран құс болыпты. Ол көзіне көрінген құстың бәрін алып жей беріп, құс тұқымы азайып кетіпті. Құстар жиналып құс патшасына арыз қылыпты. Құс патшасы да бөктергіге шара таба алмай, барлық құсты жиып, оған қарғыс жаудырыпты. Бөктергіге қарғыс тиіп, күніне жүзді қағып, бірді ілетін болып қалыпты. Әшім осы аңыз бойынша «Бөктергі» күйін шығарған.

338. «Самұрықтың зары»

Ертеде самұрық атты құс болыпты. Оның жан-жануар біткенге қастығы жоқ екен. Бұл өңірге жазда келіп балапандап, балапанын ұшырғаннан кейін, басқа бір өңірге қыстап келуге кетіп қалады екен. Зәулім ағаш басына немесе жақпар тасқа ұялап, әр жылы екі жұмыртқа табады екен. Ол бір жылы шыңырау құздың басына ұя салып екі жұмыртқа басып, онысы балапан болады. Бір күні ұрғашысы да, еркегі де жем іздеп шығып кетіп қайтып келсе, жыртқыш құстың бір балапанын өлтіріп шоқып жеп отырғанын көреді. «Өттеген-ай, уағында жем әкеліп бере алмағанымыздан болды-ау!» — деп қайғыланған самұрық енді

жалғызының тілеуін тілеп, оны бағып-қағып ұшатын күйге жеткізеді. Бір күні балапанын ұядан ұшырып шықса, балапаны шыңдырау құзға түсіп кетеді. «Енді жалғызым да қарамай кетті-ау!» — деп зарлап, налып мекеніне кетіп қалады. Келесі жылы және келіп ұялап, екі жұмыртқа табады. Бір күні ұрғашысы жұмыртқаны шайнап ұядан ұшып шығып, қасындағы ағаштың саясына қонақтап, ұяға қарап отырса, аспаннан бір қара құс екі аяғын салбыратып ұшып келіп ұяға түседі де, қайта тік ұшып шығып кетеді. Самұрық құс бұған таң қалып, «бұл тегін емес, мұнда бір сыр бар», деп түйеді. Сөйтсе, айтқандай, аспаннан ұшып түскен құс жыртқыш, қасықкөй құс екен. Өзінің бір жұмыртқасын әкеліп, самұрықтың бір жұмыртқасын алып кетеді екен. Мұны білген самұрық балапанына зар жылап қысқы мекеніне қайтады екен. Сол момын құстың зарына зар қосып, «Самұрықтың зары» деп шерткен күй еді.

339. «Желмаяның желісі»

Ерте заманда бір батыр болыпты, ол елі десе жанын үзеді екен. Бір күні елін ұры шауып кетіпті. Ол қасына қалың қол ертіп жауын қуалап, шауып кеткен малын қайтарып әкелуге жол тартыпты. Батыр желмаяны баптап мінеді екен. Жау ұзап кеткендіктен тізгін үшімен жүруге тура келіпті. Осы кезде қасындағылар желмаяның желісіне жете алмай кейіндеп қала беріпті. Оларға қарайын десе, жау ұзап кететін болыпты.

Сонымен батыр жалғыз өзі желмаяның бар желісімен ағытылып келе жатса, Іле өзені сияқты өзеннің Жаманты сияқты бір білек жеріне кез болыпты. Батыр желмаяның екпінімен келіп іркілмей өзеннен аттағанда, желмаяның артқы аяғының өкшесі суды шалып еткізіп қалыпты. Сонда әлгі батыр «бізден кейінгі балалар ойлай-ойлай өтетін бұлақ екен», — деп артына бұрылып бір қарап қойып, желмаяға қамшы басып жүріп кеткен екен.

Ертеден қалған осы әңгімеде жүйрікті таңғаларлық етіп суреттеумен бірге, үлкен өзеннен өткеннен кейінгі батырдың сөзі, кейінгілер үшін бірер іске кезіккенде алдымен ойлану жөн екенін ескертеді. Желмая сияқты жүйріктің желісінен шабыт ала отырып, Әшім «Желмаяның желісі», «Сұр толғау», «Өрелі шабдар» т.б. күйлерді шерткен екен.

340. «Таң бұлбұлы»

Күй қуалап, ізденіп жүрген жас Әшім, бір жылы Көкқамыр баурайын аралай келіп Қайшы, Шірке жайлауында болады. Барған жегжатының Әшіммен шамалас бір ұлы бар екен. Екеуі кешқұрым сауындағы биені өрістетіп жіберіп, кешкі айтыс өлеңге барып, таңға жақын қайтады да, өрістегі жылқының маңына, бұлақ бойындағы бітік бозтал арасына келіп көз шырымын алады. Таң рауандап келе жатқанда Әшім ояна кетеді. Тал арасынан бір бұлбұлдың сайрап тұрған үні құлағына шалынады. Әшім сан әуенді бұлбұл үніне қатты қызығып ұйып тыңдайды. Бұлбұл үні тоқтаған кезде Әшім домбырасын қолына ала салып, әсем саз шығарып, бұлбұлға дыбыс береді де, қайтадан тоқтата қояды. Бұлбұл қайта сайрай жөнеледі. Бұл тұста Әшім домбыра үнін көтеріп әсем күйге басады. Мұны естіген бұлбұл сайрауын тоқтата қояды. Жайлаудың жайлы таңы, табиғаттың ерке, шешен құсы мен өнер құған жас домбырашы Әшім әрі өнер жарысында отырғандай әрі тәтті әуенмен сырласқандай болады.

— Мен бұл іске қатты таңырқадым, — деуші еді Әшім, осы жайлы сөйлегенде, — бұлбұлдың сайрағанына назар аударғаным да сол екен. Бұлбұл ұшып жақындап келеді де, тағы сайрайды. Бұлбұлдың әсем әніне берілгендігімнен қасымдағы жігітті де оятпаппын, күн қыза келе бұлбұл ғайып болды, қалың бозтал ішінен оның бойын да көре алмадым. Табиғаттың осы бір еркесімен «сырласып» отырып, биені де кеш жиып қайттық. Адам сезіміне осындай ерекше ықпал жасалмаса, шабыт қайдан келсін! Мен «Таң бұлбұлы» деген күйді осылай шығардым.

ҮСЕН ТӨРЕ /шамамен XIX-XX ғғ./

341. «Шамшырақ тас»

Ол заманда, жазда, қазақ ауылдары мал жайылымын өзгертіп, бір жерден екінші жерге көшіп-қонып отырған. Сондай бір көште Тананың әкесі Тілеміс би үлкен ұлы Тананың киіз үйін ең алдымен көшіріп, жайлауға апарып қондырып қояды. Қалған ауылдар біртіндеп, өз кезегімен соңынан көшетін болады. Тананың отауы тігілген жасыл жайлау Ертіс өзенінің дәл жағасына таяу екен. Тана мырза күндіз киіз үйдің ішінде дем

алып ұйықтап жатса керек. Өлден уақыттан соң бір нәрсенің ыңылдаған дауысынан оянып кетіп, көзін ашып қараса, киіз үйдің ішінде есіктен төрге дейін қаптап, толып отырған бір түрлі мақұлықтарды көреді, не екенін біле алмайды. Бұрын мұндайды көрмеген жас жігіт есікті сырттан жауып, далаға шығып, біреуді «келесі ауылдағы Ертісбай қарияны тез ертіп әкел» деп аттандырып жібереді.

Ертісбай қария Ертіс өзені бойында туып-өскен кемеңгер қарт болса керек. Қария келіп ғажапты көзімен көреді.

— Бұл дарияны мекендейтін терісі аса қымбат ақ бас құндыздар. Бұлардың сенің үйіңе өздерінің келіп кіруі ғажап, өте сирек кездесетін құбылыс. Шырағым, саған Алла рахым етіп бақ-дәулет қонады екен, — депті Ертісбай. Жас жігіт Тана:

— Бұларды енді қайтеміз? — деп сұрапты қариядан.

Бұлар дарияның жоғарғы ағысына қарай серуендеп кетіп бара жатыр екен. Күн ыстықта көлеңкелеп, сенің үйіңе келіп кірген көрінеді. Бұлар да даланың аңдары, сойып, терілерін сыпырып алу керек. Бұл ақ бас құндыздардың терісі аса қымбат саналады. Бір ғана жаға болатын төрт елі құндыз терісінің құны қос ат тұрады немесе екі ту бие болады. Сонда бұлар қанша байлық екенін өздерің ойлап көріңдер. Ала жаздай дарияны кезген балықшы осының біреуін ұстап алса, үлкен олжа көреді, — деп Ертісбай қария төрде отырған үлкен құндызды өзі соғып өлтіріп, Тана мырзадан рұқсат сұрап, осының ұртындағы нәрсені мен алсам депті. Оның не нәрсе екенін Ертісбай өзі айтқан соң ғана басқалары біліпті. Ол — «Шамшырақ тас» екен. Құндыздар тобын басқарушы қараңғы түнде шамшырақты тісіне тістеп алып, маңайын жарқыратып басқаларына жол көрсетеді екен. Сол тасты түнде қағаздың үстіне қойса, соның жарығымен қағазды оқуға да, оған жазуға да болады. Кейіннен ел біліпті: Ертісбай сұрап алған сол шамшырақ тастың құны он екі атқа бағаланыпты дейді.

ТҮРКЕШ

342. «Қоңыр ала»

Түркештің тұсында Жолдыбай деген кедей болыпты. Жолдыбайдың мал дегенде, маңдайына біткен жалғыз қоңыр

ала аты бар екен. Ол шапса, алдына қара салмайтын жүйрік болса керек. Талай ат шабыс бөйгісінің жүлдесін жеңіп алыпты. Бұған іштері күйген байлар мен билер, қалай да осы атты өздерінің қолдарына түсіруге, тіпті болмаған күнде Қоңыр аланың көзін құртуға тырысады. Жолдыбайдан қолқа салып Қоңыр аланы сұрайды. Бірақ Жолдыбай оған көнбейді. Ақыры болмайтынын білген соң, би өзінің шабармандарына:

— Қоңыр аланы ұстап алып келіңдер! — деп бұйырады. Шабармандар жайылыста жүрген Қоңыр аланы жан-жақтан қоршап ұстамақшы болады. Бұл келгендердің бөтен адамдар екенін сезген Қоңыр ала қоршаудың бір шетінен бұзып өтіп, ауылға қарай қашады...

Құғанмен ұстатпайтынын сезген шабармандар Қоңыр аланы атып мерткітіреді. Жануар жаралы жанын қинай-қинай қуғыншылардың қолына түспей, үйіне жетеді. Атының аянышты халін көрген Жолдыбай маңдайына біткен қимас жалғыз атының мерт болғанына қатты қайғырады. Өзіне қастандық ойлаған билерге лағынет айтады.

Жолдыбайдың осы жағдайын көрген Түркеш «Қапыда кеткен қайран, қоңырым-ай» деп, «Қоңыр ала» атты күй шығарады.

ХАНЫМ

343. «Айнам қалды»

(II нұсқа)

Өткен ғасырда, Батыс Қазақстандағы төрелердің ауылында елге қадірлі, шебер домбырашы атанған Ханым деген қыз болыпты. Сол ауылда Ханымның жасынан сүйген Оспан атты жігіті бар екен. Оспан сіңірі шыққан кедей болады.

Бір ауылда жүрсе де, бұл екі жас ата заңынан аттап, бір-біріне қосыла алмайды. Сөйтіп жүргенде Ханымды бір байдың баласына ұзатады. Оспан болса, елдегі бір кедейдің қызына үйленеді. Жалшылықта жүрген Оспан Орынбор, Ойыл жәрмеңкелеріне байдың малын айдап жиі барады екен. Сондай сапарларының бірінде Оспан Орынбордан Ханымға арнап ескерткіш ретінде бір әдемі айна әкеліп, көзімдей көріп жүр деп сыйға тартыпты. Арада бірнеше жыл өтіп, Ханым елде қалған Оспанды ойлап, есіне түсіру үшін айнаға қарайын десе, айна жоқ болып

шығады. Сонда Ханым домбырасын алып, «Көшкен жұртта айнам қалды» деп күй тартыпты. Сөйтіп, халық арасында Ханымның бұл күйі «Айнам қалды» атанып кеткен.

БАЛБИКЕ

344. «Бал бұрауың»

Ертеде Маңғыстау түбегінде бір байдың Балбике деген әйелі болыпты. Балбике — әрі ақылды, әрі ел-жұртына беделді болған екен. Бірақ ол бала көтермей, бай Балбикенің үстіне жас әйел алыпты. Екінші әйелден бір бала болып, байдың көңілі жас әйелі мен балаға ауады. Баланың жоқтығы Балбикенің жанына қатты батады. Ол қамығып, қайғырып домбырасын алып күй тартып өзін-өзі жұбатады.

Бір күні ауылда той болып, тойда Балбике домбыра тартды. Ол тартқан күйлерді халық құмарта тыңдайды. Әсіресе, Балбикенің соңғы тартқан күйіндегі мұңды сазды сезген бір қарт:

— Е, шырағым-ай! Он саусақтан шыққан екі шекті бал бұрауың, болып тұр ғой сайраған мұңды жырауың, — деп күрсініпті. Сол жерде отырған басқа тыңдаушылар да:

— Я, бұл жәй бұрау емес, бал бұраудан шыққан зарлы күй болды, — десіпті. Сөйтіп, Балбике тартқан осы күй ел арасында «Бал бұрауың» аталып кетіпті.

ЖАҢҒАРА

345. «Жанғара күйші»

Бір күні мастанған бай атақты Жанғара күйшіні шақырып алып:

— Менің кіші тоқалымды күйіңмен ұйытып, ісінен жаңылдырсаң, астыңа ат мінгіземін, жетегіңе түйе беремін. Бұл шартымды орындай алмасаң, бұдан былай домбыраны қолыңа ұстауды қоясың, — дейді.

— Мақұл, — дейді күйші.

— Ендеше, қазір ол үйге келіп қамыр илейді. Сол кезде күйіңді бастайсың.

Сөйтіп, келіншек қамыр илеуге кірісе бергенде, Жаңғара да бір күйді тарта жөнеледі. Бір күйден соң екінші күйге басады. Бір кезде күйге ұйыған келіншектің қолы керсеннен шығып кетіп, жер сипап отырғанын байқайды. Қараса, байдың қабағы түсіп кетіпті. Жаңғара домбыраны қасына сүйеп қойып:

— Байеке, енді кезек сіздікі, — дейді.

Бай лажсыздан орнынан тұрып, әлгі айтқан уәдесін орындау үшін, етегін бір қағып, тысқа шығып кетеді.

346. «Аллам жар»

Аспантайда ұрпақ болмаған екен. Әулие-әмбиелердің басына қонып, ел аралап, Алла Тағаладан нәресте тілейді. «Ұрпақсыз қаламын ба?» деп қатты қиналады. Бір күні Аспантай биік төбеге барып түнейді. Түсінде ақ киімді ақсақал: «Алла Тағала ниетіңізді қабыл етті, көп ұзамай нәрестелі боласыз, атағы жер тарапқа тарайды», — дейді. Көп ұзамай дүниеге ұл бала келеді. Алладан тілеп алған баласына Тілеп деген есім беріледі. Бала жыламай, емшек ембей, денесінде құр жаны бар болып ерекше туылады. «Иә, Алла, тілеуімізді бердің, бірақ баламыз аштан өледі ғой» деп зарлап отырған кезде, Марал Ишан деген көріпкел-бақсы баласына дем салып: «Балаларың бұл өмірге әулие болып туылған, бесігінде Алланың жіберген көмекшілері жанашыр болады», — дейді.

ЫБЫРАЙ

347. «Делдал күйі»

Өткен ғасырда арғы бет керейдегі төрт тайжының бірі — Жайырдың асы болып, асқа сауыр Сайқан, Қаба, Алтайдан, бұл жағы Еренқабырға, Боғдадан адам шақырылады. Аты жер жарған асқа игі жақсылар, өз елінің небір өнер иесі болған әнші-күйшілерін, атан жілік арыс азаматтарын алып келеді.

Біріне-бірі жалғанып айтылып жатқан ән, жығысып жатқан палуан, шертіліп жатқан күй ішінде жалпақ жұрттың жүрек пернесін басқан «Делдал» күйі болады.

Он саусағынан өнер тамған қарт Ыбырай қолына домбырасын алысымен өзінің күй орындау өнерінің ерекшелігін

танытып, бірінің артынан бірін шерте отырып, әлден уақытта белгісіз бір күйді мың түрлендіре жөнелгенде, көзінің жасы салалы сақалынан сорғалайды. Бұған отырған елдің де сай сүйегі сырқырайды. Қарт бұл күйін өзінің үлкен келіні қаза болғанда «Делдал» атты күйі екенін айтады. Әңгіме былай екен:

Ұлы Наумел жайлауға көшерде қалыңдығының сырқат қалғанын көріп, ел жайлауға барған соң көңілі орнықпай делсал жүреді. Жайын біліп келейін десе, қырық көш төр жайлаудан ойға түсу оңай болмай, күндері өте береді. Ұлының бұл халін ұғып, түсінген Ыбырай, ақыры ұлын барып хабарласуға жөнелтеді.

Наумел күн жүріп, түн жүріп қайын жұртына таяғанда тобыр адамның зиратқа беттеп бара жатқанын көріп, жүрегі аласатып, ат басын тарта қалады. Жігіт ең соңында кетіп бара жатқан жалғыз адамнан жай ұғысса, жерлегелі әкетіп бара жатқан өз қалыңдығы болып шығады. Сонда Наумел төбесінен жасыл түскендей аттан құлап қалады. Ел де күйеу баланы таниды, ес жидырып топырақ салуын айтады. Көз жасын көл еткен Наумел күзде алғалы отырған қалыңдығын жерге көміп, сүлдерсіз жайлаудағы үйіне оралады. Неше күн нәр татпай, әкесінің ақылымен әрең есін жияды. Ақыры әкесі: «Ал, балам, өтер адам өтті ғой, сонда осы өлімде саған қатты батқаны қандай іс болды, айтшы?!» — дегенде, Наумел: «Маған бәрінен батқаны — зиратқа беттеп бара жатқан адамдарды көргенде, алуан түрлі оймен, делдал күйге түскенім» дейді. Әкесі Ыбырай осы бір аянышты халден тудырып, «Делдал» күйін жаратқан екен.

Күйді тыңдаған тамам жұрт: «Ойпырым-ай, нағыз өнер ғой, осындай өнерлі қолдар да көртейіп, бір күні топырақ астында саудырап қалады-ау», — деп қимастық аңғартқан екен.

САЙМАҚ

348. «Сары өзен»

(II нұсқа)

Ертеде, қалмақтардың жаугершілік заманында, қалмақтар қазақ ауылдарына шабуыл жасап, адамдарын тұтқындап, малдарын айдап кетіпті. Сол тұтқынның ішінде жылқышы Саймақ

та бар екен. Қалмақ елінде Саймақ үш жыл тұтқында болып, олардың малын бағады.

Бір күні қалмақтың ханы үлкен той жасап, елдегі барлық өнерпаздарды жинайды. Той қызып, әншілер, күйшілер, жыршылар өз білгендерін сыншыға сынатып алдынан өтіп жатқанда, орда сыртынан сайраған сыбызғының үні естіледі. Хан да, сыншылар да, халық та елең етіп, бәрі де мына бір тосыннан естілген сыбызғы үніне таңырқай құлақтарын түре қалады. Сыбызғышы бір сазын аяқтап, жаңа күйге көшкен кезде, хан уәзірлерінің бірін шақырып:

— Бұл кім болды екен? Барып біл де, осында алып кел! — дейді. Ханның айтқанын екі етпейтін уәзір ордадан шығып айнала іздеп жүрсе, бір үйдің көлеңкесінде екі көзін тас жұмып, сыбызғының сазына әбден беріле тартып отырған, өздерінде тұтқында жүрген Саймақты көреді. Уәзір Саймақтың қасына келіп:

— Жүр, соңымнен ер! — деп, ханның алдына алып келеді. Хан Саймақты қарсы алдына отырғызып:

— Сенің мұндай өнерің бар ма еді? Мына тойға неге келмедің? — дейді. Сонда Саймақ қолын кеудесіне апарып:

— Тақсыр! Ел-жұртынан айырылып, қаңғып жүрген менде той тойлайтын не көңіл бар, оған қоса мені ешкім тойға шақырған жоқ, — депті. Саймақтың бұл сөзін естіген хан:

— Жә! Арызыңды кейін айтарсың! Көзір өнеріңді көрсет! — дейді.

Саймақ сыбызғысымен бір күйді күңіреніп тартқанда халық ұйып тыңдайды. Ол сыбызғысын той біткенше тартады. Халық Саймаққа дән разы болып, алғысын айтыпты. Хан да Саймақтың өнеріне бас иіп:

— Сен өнерің бар адам екенсің, мұнан былай менің құлшылығымда жүрмей-ақ қой, еліңе барып өнеріңді шыңда, рұқсат етемін, — депті.

Бұл сөзге Саймақ қуанып, ауылына қайтуға әзірленіп жатқанда қасында уәзірлері бар хан келіп:

Ат үйірін сағынса,
Артқы аяғын тебінер.
Ер ел-жұртын сағынса,
Ер-тұрманын тағынар, —

дегендей, елге жүруге даярланып жатыр екенсің, жаяу қайтпа, анау жылқыдан өзіңе ұнаған бір атты ұстап мін, — депті. Хан ат мінуге рұқсат берген соң Саймақтың есіне — өзінің құлынынан үйретіп өсірген Саржорға аты түседі. Осыдан үш жыл бұрын Саржорғаны Саймақтан қалмақтар тартып алған екен, енді топ жылқының ішінен Саймақ Саржорғаны ұстап мініп, еліне тартады. Ауылға жақындағанда Сары өзеннен өтіп, ат шалдырып, біраз тынығып, туған жердің топырағына бір аунап алуды армандаған Саймақ өзеннен өткенде астындағы Саржорға аты, алдыңғы аяғын тарпып, оқыранып, кісінеп қоя береді. Мұны көрген Саймақ:

— Шіркін, жануарым-ай! Елін, жерін, суын бұл да сағынған екен ғой. Пысқырынып амандасып жатқанын қарашы, — деп, біраз айналаға қарап тұрды да, «қой, жануар ат та өз жеріне келгенін білдіріп, қуанышты үнін шығарғанда, менің үнсіз қалғаным жарамас», — деп сыбызғыдан бір күйді тебіреніп тарта беріпті. Күйін ойнап біткен соң, аман-есен ауылына келіпті. Ел-жұрты Саймақты көріп қуанып, оны ортаға алып, көрген-білгендерін сұрайды. Саймақ қалмақ ханының құлшылығында болғанын, одан сыбызғы тартып босағанын, елге жақындағанда Саржорғаның пысқырғанын айта келіп: «Сары өзеннен өткенде мен де сыбызғыдан бір күй шығарып едім, енді сол сазымды домбыраға салып тартайын, оның аты «Сары өзен» болсын», — деген екен.

НАУМЕЛ

349. «Төрт жаяу күйі»

Кешегі үкіметтен зорлық, жаулық көрген аласапыран заманда Алтайдан ауып босқан ел қайда тыныштық, қайда бостандық бар деп, Мори, Баркөл, Гансуға ағылған. Осындай босқан елдің соңынан қуған үкімет әскері жазықсыз елді қырғындап, қазақ көшінің соңын мал мен адамның сүйегіне толтырады.

Осындай астаң-кестеңде он бір жігіт елден бөлініп кетіп, жаудан қуғын көреді. Басы ауған жаққа қашқан жігіттер, өздерінің елсіз құмды далаға шығып кеткенін бір-ақ біліп, аштық пен шөлден астындағы аттарын сойып жеп жаяу қалады. Ақыры күн сайын қатары азайып, Баркөл маңында

отырған елдің үстіне төрт жігіт қана келеді. Төрттің бірі Ыбырайұлы Наумел екен, неше күн ел-жұртпен амандасып, сағыныш мауқын басқан соң, Наумел ертелі-кеш белгісіз әуенмен, қолына домбыра алып толғанып, ақыры «Төрт жаяу» күйін шығарған екен.

ЖАНЖІГІТ

350. «Салкүрең»

Ертеде өнері елге таңсық, өлеңіне қауым ғашық, күйімен ессізге ес бітіріп, естінің делебесін қоздыратын атақты Жанжігіт дейтін сал болған екен.

Жанжігіттің бір күрең, бір қоңыр аты болған екен. Осы күреңнің жүрісі, жорғасы, шабысы, сұлу тұлғасы Жанжігіт салға жарасымды болғандықтан «Салкүрең» десе, қоңыр аттың сүйек бітімінің ірілігіне қарап «Молқоңыр» дейді екен. Осы екі атының жүрісін Жанжігіт домбыраға салып күй ғып шертеді екен. Бара-бара ол «Салкүрең», «Молқоңыр» деген халық күйіне айналыпты.

РАҚЫМ

351. «Рақымның өмір толғауы»

Еренқабырға өңірінде он саусағы түгел өнер Рақым деген шебер өткен. Ол қазақ халқының мәдени өмірі мен заттық тұрмысына қажетті бұйымдарды өнер өресіне көтерген, өнермен қалың қауымға танылған шебер еді. Рақым тіккен саптама етікті, көксауыр кебісті, ою басқан мәсі мен күміс белбеуді жұрт қадыр тұтқан. Рақымның таутекенің мүйізінен жезбен оюлап жасаған сары ала шақшасы, сол заманның қолы жеткендері мақтанышпен алып жүретін зіннат бұйымы болған, десе де Рақымның шеберлігін елге айырықша танытқан өнері — оның жасаған домбырасының көркемдігі мен шешендігі екен. Рақым шеберлік өнерінің сыртында, асқан домбырашы да болған кісі. Оның мұндай қасиетіне өз қолымен жасаған домбырасының ойдағыдай шешен де, көркем болуы негіз болатын. Сондықтан ол домбыраның

құлағынан тиегіне дейін өзі орналастырып, әрбір пернені орнын тауып байлап қолынан бір-ақ шығарған. Домбыра алуға келгендерге Рақым алдымен өз күйі «Өмір толғауын» тартады екен. «Өзір аттанамын» деп отырған жүргіншілер Рақымның күйін қимай, ақыры атының ерін алуға мәжбүр болады екен. Міне, осылай «Өмір толғауы» жұрттың жүрек қылын тербететін күйге айналған. Рақымның көптеген шәкірті, немесе Рақым қолынан шыққан домбыраны ұстайтын домбырашылар қашан, қай жерде болсын өздерінің күйін Рақымның «Өмір толғауымен» бастайтын болған.

ӘМІРЕ

352. «Өміренің арманы»

Әміре — Алтайда туып, кейінірек Еренқабырғаға көшіп келіп мекендеген. Күйші, қолөнершілікпен жан бағып, етікші, ағашшы, темірші болған. Жас ортасында әйелі қайтыс болып, жалғыз ұлынан басқасын ауру жалмап кетеді. Бұл соққы оған қатты батады. Уайым-қайғы бұлты басынан айналып шықпайды. Жалғыз ұлы азамат болып қалса да, аяғын қол қысқалықтан шырмай алмайды. Өстіп жүргенде сол жалғыз да өліп, қу басы ғана қалады. Жалғызының қызығын көре алмай, одан айырылып қалғанына қатты назаланып, есінен тана жаздайды. Халық жиылып, қабір басынан қайта оралғаннан кейін, ел ішіндегі тілді, жақты адамдар Әміренің көңілін аулап жақсы сөздерін айтып оны жұбатады.

Осы кезде домбырашы Әміре, ашада ілулі домбырасын қолына алып, бір мұңлы күйді:

Ой, жалған, жалған ай!

Жалғаннан көңіл қалған ай!

Жалбарынып өткен Алламның,

Жалғызымды да алғаны-ай!

Көкірегіме шер боп байланды,

Таусылмайтын мына арман-ай!—деп күңіреніп шерте жөнелген екен. Содан бастап қалған өмірінің әр күні намазын өтегеннен кейін қолына домбырасын алып, баласының өліміне арнаған осы «Арман» күйін шертіп өткізген екен.

АҚЫМЖАН

353. «Ақымжанның қоңыр күйі»

Ақымжан — Алтай өңірінде жасаған атақты күйші, сыбызғышы өнерімен елге танылған адам екен. Сол тұста оның өнеріне таңдай қаққан үкірдай, билер қайда барса да, Ақымжанды қастарынан тастамай ертіп жүріп, сыбызғы тарттырып қызықтайтын болған. Ақымжанның «Қоңыр күйі» сол кезде Еренқабырғаға дейін кең таралған күй басы еді. Ақымжан сыбызғы тартқанда басындағы кепеші бірде желкесіне кетсе, бірде маңайына келіп жүріп тұрады екен. Күйші өзі жылқы бағуды ұнатты, Естіген құлаққа қарағанда, Ақымжан жылқыны сыбызғымен жусатады екен. Ол сыбызғы тартқанда, жылқы құлағын қайшылап, еріні жыбырлап, мүлігіп тыңдап қалады екен. Бірде бір байдың жылқысын жортуылшылар қуа қашып бара жатқанда, Ақымжан сыбызғы тартқан екен. Сонда айдаудағы жылқы тоқтап, қайта желісіне оралыпты.

Қазақтың көптеген сыбызғы күйін Ақымжан ақсақал кейінгі ұрпаққа жалғастырып, танытып, мұра етіп қалдырып кеткен. Қай жерде ойын-сауық, топ болса, той басын «Ақымжанның қоңыр күйімен» бастау әдетке айналған.

ОРАЗБАЙ

354. «Оразбайдың ақ белбеу аты»

Еренқабырғада аты шыққан атақты сыбызғышы Құрыш деген адам өткен. Оның «Оразбайдың ақ белбеуі аты» деген өз туындысын көп тартып, халық күйі етіп қалдырған. Ақ белбеу бір кедейдің жүйріктігімен, жорғасы мен аяңына ат желіп ілесе алмайтын, топпен жүргенде қырындай ойнақтап, әсем басатын көркімен елді таңқалтқан ат болыпты. Сондықтан өнерпаздар оны күй етіп, аттың әсем жүрісін күй тілі арқылы бейнелеген. Қысы-жазы арқасынан ер кетпейтін кедейдің жалғыз керігі болғандықтан, ат айыл қиып, ақ айыл болып қалады. Сондықтан ел оны ақ белбеу ат деп атап кеткен.

МҰХИТ БИТЕНОВ

355. «Үш балам»

Мұхит Битеновтың күйі. «Үш балам» күйін 1962 жылы автордың өзі орындап, оның шығу тарихын да айтып берді.

1941 жылы Битенов Мұхит Отан соғысына аттанғанда оның үйінде Марат, Мар, Майдан деген үш ұл баласы қалған еді. 1945 жылы Совет Армиясы фашистерді өз жерінде талқандады. Жеңіспен елге оралған Мұхит үйіне оралғанда алдынан шығатын үш баласының бірі де болмай, бөрінің де қайтыс болғанын естіп, қатты қайғырады. Ол өзіне жұбаныш болар ештеңе таппай, төрде ілулі тұрған домбырасын алып көзден жасын ағыза, толғана, тебірене отырып бір күй тартады. Күйді тыңдап отырғандардың бірі:

— Мұхит, мына тартқаныңыз бұрын естілмеген саз ғой, аты қалай? — дегенде:

— Я, дұрыс айтасыз! Бұл үш баланың қайғысына арнаған «Үш балам» атты күйім, — депті әрі күйші, әрі жауынгер Мұхит Битенов.

МЕРУЕРТ МЕРХАДИН

356. «Аққу»

(*V нұсқа*)

Меруерт Мерхадиннің күйі. Бұл күйді 1962 жылы Меруерт өзі орындап, шығу тарихын да әңгімелеп берген еді.

1930 жылы жаздың бір шуақ күнінде Меруерт Сарытау етегіндегі көлге құс аулауға барыпты. Көлдің ортасындағы шағын аралды айналып төрт аққудың жүзіп жүргенін көреді. Толқыны тербеліп, жартасқа соғып жатқан судың жағасына киімдерін тастап, мылтығын алып, Меруерт әлгі аралға малтып өтеді. Онда аққулардың ұясы бар екен. Ұядағы сегіз жұмыртаның алтауын алып, екеуін қалдырады. Меруерттен бір пәленің келгенін сезген аққулар, судан көтеріліп, ұясының үстінен айналып шығады да, жағада тұрған Меруертке қарай жалынышты үнмен сұңқылдап ұшады. Мұны көрген Меруерт:

— Осы жерден алып кете алар ма екен, соны көрейінші, — деп, әкелген жұмыртқаларын жағаға қойып, өзі бұғып, тасадан

қарап отырады. Аққулар жұмыртқаға әлденеше рет жақындап, қанатымен қағып, аяғымен іліп кетпекші болды да, ала алмай төрт-бес дүркін айналып ұшып, мұңды үнмен көлді жаңғыртып кетіп қалады. Меруерт сол аққулардың жұмыртқасын іздеп ұшқанын көріп, олардың жалынышты үнмен сыңқылдағанын естиді...

Үйіне келген соң далада көрген оқиғасын, табиғат көріністерін көз алдына елестетіп, аққулардың сыңқылдаған дыбысын домбыраға салып, Меруерт «Аққу» деп күй шығарады.



ҒЫЛЫМИ
ҚОСЫМШАЛАР



ТОМҒА ЕНГЕН МӘТІНДЕРГЕ ТҮСІНІКТЕМЕ

Қазақтың халық аңыздары — ұлттық фольклорымыздың ең бір көне де көлемді жанрларының бірі. Жалпы, аңыздардың тақырып аясы өте кең, сюжеті де сан алуан болғанмен, фольклортанушы ғалымдар оларды екі тақырыптық түрге бөледі. Алғашқы топқа тарихи аңыздар, ал екіншісіне мекендік (топонимдік) аңыздар жатқызылады. Қазақ аңыздарын алғаш сөз етуші ғалымдар қатарында Ш.Уәлиханов, Г.Н.Потаниндердің есімі аталады. М.Әуезов, М.Ғабдуллин, Б.Адамбаев сынды ғалымдардың Кеңес дәуіріндегі еңбектерінде аңыз жанрының табиғаты туралы бағалы пікірлер кездеседі. Шынтуайтында, қазақтың күй аңыздарына терең мән беріп, маңызды мәселе көтерген академик-жазушы М.О.Әуезов болды. «Бірінші топқа жататындар, — деп жазады Мұқаң, — Қорқыт, Асан, Алдар көсе сияқты тарихи адамдар жайындағы аңыздар және Қожанасыр жайындағы аңыз-анекдоттардың қазақша нұсқалары. Екінші топқа күй аңыздары жатады. Домбыра мен қобызда, сыбызғыда тартылған күйлер арқылы әр аңыздың мазмұны баяндалады. Қазақта күй жүздеп саналады. Солардың әрқайсысының да ауызша айтылатын кіріспесі болады»¹.

Қазақтың халық прозасын арнайы зерттеуші академик С.А.Қасқабасов күй аңыздарының синкретті сипаттарына назар аудара келе, былайша тұжырымдайды: «Ал, күй аңызына келсек, онда әртүрлі жанр тоғысқан: миф, аңыз, әпсана-хикаят, ертегі, жыр. Күй түрінде орындалатын аңызды айтар болсақ, олардың басым көпшілігі тарихи оқиғаларға байланысты болып келеді»². Расында да, күй аңыздары фольклордың өзге

¹ Әуезов М. Уақыт және әдебиет. — А. 1962. — 55-б.

² Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. — А., 1984. — 131-б.

жанрларымен де, өзімен тектес, өзектес мекендік немесе тарихи аңыздармен де тақырыптық, сюжеттік сарындар жағынан сабақтасып жатады. Зерттеуші сондай шығармалардың қатарында «Сарыөзен» күйін атайды³. Бұдан күй өнерінің ғана емес, күй аңыздарының да синкретті табиғатын, алуан тақырыптылығын айқын аңғарамыз.

Қазақтың күй аңыздары туралы зерттеу жұмыстары кешірек қолға алынғанымен, бірқатар құнды еңбектер жарық көрді. Солардың арасында белгілі этнограф-ғалым А.Сейдімбектің «Күй шежіре» атты кітабы айрықша атауға лайық. Ғалымның жазуынша, күй тартылмас бұрын білікті домбырашы сол күйдің шығарушысы, шығу себебі, күйдің тартылу ерекшелігі, күйді кімдердің жеткізгені және қазіргі тағдыры жайында мағлұмат беретін әңгімесін айтып алатын болған... Яғни, осы күймен қосарлана айтылатын әңгімені халқымыз «күй аңызы» деп атайды.⁴ Зерттеуші күй аңыздарының туу себептері жайында сөз қозғай келе төмендегідей пікір сабақтайды: «Қазақта неше мың күй болса, оның қосарлана айтылатын сонша аңыз-әңгімесі бар. Қобыз, домбыра, сыбызғы, жетіген, шаңқобыз, сазсырнай сияқты музыкалық аспаптарымызда тартылатын мың сан күйдің бірде-бірі себепсіз шықпаған. Бұл аңыз әңгімелер тартылатын күйдің музыкалық мән-мағынасын, әуендік ерекшелігін, иірім қағыстарын дұрыс түсінуге себепші болумен бірге халқымыздың тарихи-әлеуметтік өмірінен мол мағлұмат береді. Күй аңыздары өзінің нақтылығымен, шынайы өмірді арқау етуімен халық тарихының ең бір жанды шежіресі болып табылады»⁵.

Әрине, күй аңыздарының ұлттық фольклорымыздың осы жанрындағы өзге екі түрінен елеулі айырмашылықтары бары күмәнсіз. Бұл құбылысты зерттеушілердің өздері де түрліше түсіндіреді. Мәселен, күйдің тарихы, жеткізушілер туралы мәліметтер, мұрағаттық яки кітаби деректер, күйдің музыкалық табиғаты мен семантикасы, таралу аймағы мен варианттары сияқты толып жатқан кәсіби сипаттары да күй аңыздарының өзіне хас жанрлық ерекшелігін аңғартады. Алайда таза фольклорлық, иә болмаса, халықтық туындыларға қойылатын

³ Сонда. — 149-б.

⁴ Тарақты Ақселеу. Күй шежіре. — А., 1992. — 24-б.

⁵ Сонда. — 26-б.

шарт бұдан өзгереді. Өйткені фольклоршы үшін күйдің қалай тартылуы, саздық сипаттары немесе күйшінің шәкірттері туралы кәсіби нақты деректерден гөрі, сол күйдің шығу тарихы, халық аузында айтылатын сюжеттік сарыны қамтылатын ілкі аңыздаулар бағалырақ болып саналады. Өкінішке қарай, күй аңыздарының басым көпшілігі кезінде хатқа түспегендіктен, мамандардың аздығынан және қарапайым салғырттықтың кесірінен мәтіндік, мазмұндық тұрғыда көп өзгеріске ұшыраған. Айталық, күй аңыздарын алғаш ел арасынан жазып алушылардың бірі академик А.Жұбанов та, одан соңғы күй табиғатын зерттеуші ғалымдар да, ең алдымен, оларға фольклор мұрасы ретінде емес, музыкалық шығарма деп қарағандығы ешкімді таң қалдырмаса керек-ті. Оның үстіне көптеген күйлер жеке орындаушылардан жазылып алынып, нотаға түсірілумен шектелді. Сол сияқты ертеректе А.В. Затаевич секілді талай музыка зерттеушілері жинаған, түрлі мұрағат қорларында сақталған күйтаспалар жөнінде де осыны айтуға болады. Бұдан бөрі болмаса да, бірқатар күй аңыздарының жасанды жолмен — тақырыптық, сюжеттік мазмұнына қарап, енді біресе күүді тыңдап отырып сипаттау негізінде кейінгі музыка мамандарының қолымен жазылғанын аңғару қиын емес. Десек те, күй аңыздарын жинау, зерттеу, жариялау бағытында қазақ зерттеушілерінің атқарған қызметі аз емес. Әсіресе қазақ музыкатану ғылымының атасы академик А.Қ.Жұбановтың сонау өткен ғасырдың отызыншы жылдарынан бастап жазған зерделі зерттеулері, Құрманғазы, Дәулеткерей, Боғда, Түркеш, Абыл, Дина т.б. атақты күйшілер жайындағы іргелі еңбектері өз алдына бір төбе. Ғалымның ұзақ жылғы ізденістерінен соң жазылған «Ғасырлар пернесі» атты көлемді кітабы күй аңыздары мен олардың жанрлық табиғатын бағамдау бағытында сара жол ашқан алғашқы құнды еңбек болды⁶. Осы кітапта «Қазақтың күй аңыздары қалай туған?» дейтін маңызды сауалдарға салиқалы жауап беріліп, салмақты деректер, ойлы тұжырымдар келтіріледі. «Қазақтың домбырашы-күйшілері шаршы топ алдында шығып, күй орындамастан бұрын, шығарманың мазмұны мен тарихын ауызша айта кететін-ді. Домбырашылар күүдің мән-жайын өз сөздерімен айта отырып,

⁶ Жұбанов А. Ғасырлар пернесі. (Қазақтың халық композиторларының өмірі мен творчествосы туралы очерктер). — А., 1975.

мұндай әдісті кейде тыңдаушыларға өз ойын ұқтыру үшін қолданатын. Көптеген халық күйшілері ащыны да, тұщыны да өз жұртымен бірге көріп жүрген соң, күй тарихына орай, әңгіме-хикаялары көптің көкейіндегі арман-мұңына дөп түсіп, қарайлас жататын»⁷, — дейді зерттеуші. Ғалымның «Халықтың өнерге құштар махаббаты мен құрметін кей аңыздардан аңғару қиын емес, оларда музыканың елдің сана-сезіміне, тіршілігіне, табиғат-болмысына тигізетін елеулі әсері сөз етіледі»⁸ деген пікірі де күй аңыздарының мәдени, этнопсихологиялық әрі әлеуметтік маңызының тереңдігіне дәлел.

Күй аңыздары этнограф-ғалым А. Сейдімбек еңбектерінде де жан-жақты талданғаны мәлім. Зерттеуші академик А.Жұбановтың жұртшылыққа мәлім келелі ой-пікірлеріне сүйене отырып, күй аңыздарын былайша жіктеуді ұсынады:

1. Тарихи оқиғаларға арналған күй аңыздары.
2. Күйші-композиторлар өміріне қатысты күй аңыздары.
3. Қоршаған орта, табиғат туралы күй аңыздары.
4. Тұрмыс-салтқа байланысты туған күй-аңыздары.
5. Арнау-күйлерінің аңыз-әңгімелері.
6. Жан-жануарлар туралы күй-аңыздары.⁹

Сондай-ақ музыка зерттеушісі Ә.Мұхамбетова күй мен күй аңызының арасындағы сюжетті және синкретті тұтастықты аңғартатын төрт түрлі сипатын атап көрсеткен. Оның біріншісі — аңыз аясындағы күй. Екіншісі — аңызға айналған күй. Үшіншісі — төл аңызы бар күй болса, төртіншісі — күй мен аңыз¹⁰.

Қазақтың күй аңыздары жайында музыка зерттеушісі Т. Мерғалиевтің арнайы еңбегінде жақсы қамтылған. Бір ерекшелігі — онда А. Жұбанов еңбегіндегідей күйшілердің шығармашылық өмірбаянына емес, күйлердің нотасын кескіндеуге көп тер төккен. Зерттеуші қазақ күйлерін: аңыз күйлер, тартыс күйлер, тарихи күйлер, арнау күйлер, жануарларға арналған күйлер, лирикалық күйлер деп тақырыптық-сюжеттік мазмұнына қарай жүйелей отырып, кітаптың соңында күйлердің тарихы, олардың авторы мен орындаушылары ту-

⁷ Жұбанов А. Ғасырлар пернесі. — А., 2002. — 15-16-бб.

⁸ Сонда. — 17-б.

⁹ Тарақты Ақселеу. Күй шежіре. — А., 1992. — 29-б.

¹⁰ Сонда. — 30-б.

ралы мәліметтер келтіреді. Осы қосымша тарауда автор Асан қайғы, Боғда, Құрманғазы, Түркеш, Есбай, Саймақ, Есжан, Құлшар, Ақбикеш, Сейтек, Балбике, Дайрабай, Қазанғап, Дина т.б. белгілі күйшілердің туындыларының шығу тарихы туралы кейбір аңыздық деректерді көпшілік назарына ұсынған. «Бабалар сөзі» жүз томдық басылымының кезекті томын әзірлеу барысында бірқатар күй аңыздары жоғарыда айтылған кітаптан алынды¹¹.

Күй аңыздарының мәтіндері музыка мамандары — А.Райымбергенов пен С.Аманова әзірлеген «Күй қайнары» (1990) атты жинаққа да енгізілген. Аталған кітапта авторлар әр күйдің нотасымен бірге олардың орыс және қазақ тілдеріндегі аңыз мәтіндерін де қатар жариялаған. Онда күйлердің өзі аспапта орындалу ерекшеліктеріне қарай топтастырылып, қобыз, домбыра, сыбызғы күйлерінің тарихы кезең-кезеңімен және халық аңыздарының негізінде жүйелі баяндалады¹². Жинаққа енген халық күйлерінің («Хан жұбату», «Тепеңкөк»; «Жүндібайдың сазы», «Жорға аю», «Ақсақ құлан», «Нар идірген», «Ел айырылған», «Ноғайлының зары» т.б.) аңыз әңгімелері өзінің шынайылығымен әрі нақтылығымен ерекшеленеді.

Күй аңыздарын жинап, жүйелеуде А.Есенұлы мен Г. Елеусізқызы дайындаған «Күй керуені» деген кітапқа енген мәтіндер де назарға алынды. Атап өтер жайт — осы кітапта халық күйлеріне баса көңіл бөлінген және Құлшар, Тәттімбет, Сүгір, Боғда, Тоқа т.б. дәулескер күйшілердің күрделі күйлеріне орын берілген¹³. Күйлердің көп варианттылығы, соған сәйкес сан алуан күй аңыздарының нұсқалары пайда болуы күмәнсіз. Мысалы, осы жинақта «Ақсақ құлан» күйінің — 6, «Кеңес» күйінің — 4, «Қосбасардың» — 6 нұсқасы берілген.

Сондай-ақ күй аңыздарын қарастыруда музыка және фольклор маманы Б.Жүсіповтың зерттеу еңбектері де қаперге алынды. Автордың Сыр бойы күйшілік мектебі дарынды өкілдерінің шығармашылық мұрасын арнайы сөз еткен кітабында Құрманай, Төремұрат, Домақ Тәппет, Құрақ Досжан, Үсен төре, Қазанғап, Шал Мырза, бастаған бірқатар халық күйшілерінің

¹¹ Мерғалиев Т. Домбыра сазы. (Музыкалық — этнографиялық жинақ). — А., 1972. — 288-313-66.

¹² Раймыбергенов А., Аманова С. Күй қайнары.

¹³ Есенұлы А., Елеусізқызы Г. Күй керуені. — А., 1997. — 160-б.

өмірі мен өнеріне қатысты аңыздық тұрпаттағы көнелік әңгімелер қамтылады¹⁴. Біз бұл материалдарды қажетіне қарай пайдаланып, кейбір халық аңыздарын осы томға ұсынып отырмыз. Соңғы кездері Қытайда тұратын қазақ фольклоршылары да күй аңыздарының екі томын баспадан шығарды¹⁵. Бұл бағалы басылымның алғашқы томына халық күйлері енгізілсе, екінші том халық күйшілері шығармашылығына арналған. «Бабалар сөзі» сериясының осы томына енген күй аңыздарының бірқатары аталған қос томдық бойынша әзірленді.

Күй аңыздарын жинақтау барысында музыка зерттеушісі У.Бекеновтың еңбектері кеңінен пайдаланылды.¹⁶ Автордың шертпе күй шеберлеріне, олардың өмірі мен күй мұрасына байланысты жариялаған бірнеше аңыздары да қаперге алынды. Сондай-ақ бірен-саран күй аңыздарының мәтіндері жекелеген ауыз әдебиеті және көпшілікке арналған ғылыми-танымдық басылымдардан алынғанын атап өту парыз¹⁷. Бірсыпыра фольклорлық аңыздар М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының музыкатану бөлімі қызметкерлері дайындаған 5 томдық қазақ музыкасының антологиясынан алынды¹⁸. Олардың арасында кейбір күй аңыздарының бұрын жарияланбаған нұсқалары да ұшырасады.

Әрине, жоғарыда аталған кітаптарға енген күй аңыздарының көпшілігі ішінара өңделіп, кейінгі кезеңдегі саяси-қоғамдық идеология аясында мазмұндық, мәтіндік өзгерістерге ұшырағаны байқалады. Мәтіндерді жүйелеу барысында күй аңыздарының нұсқалары мұқият салыстырылып, олардың халықтық, фольклорлық сипаттарына баса назар аударылды. Бұл орайда ҚР БҒМ М.О. Әуезов атындағы ӘӨИ сирек қорында сақталған күй аңыздарының қолжазба материалдары да (*ӘӨИ, ҚҚ: № 241, 296, 1066-бумалар*) кеңінен қамтылды. Қысқаша айтқанда, «Бабалар сөзі» 100 томдық топтамасының кезекті 84-томына ұсынылған қазақ күй аңыздарының мәтіндері аталған серияның ұстанымдарын және фольклорлық жинақтарға

¹⁴ Жүсіпов Б. Жиделі Байсын күйлері. — А., 2000. — 288-б.

¹⁵ Күй аңыздары (құрастырған: Г. Қуанбекқызы). 1, 2 — кітаптар. — Үрімжі: Шинжаң халық баспасы, 2009. — 261-б.

¹⁶ Бекенов У. Шертпе күй шеберлері. — Алматы: «Жалын», 1977. — 92-б.

¹⁷ Шарапат (Құрастырған: М. Сатыбалдиев). — Алматы, 1973. — 208-б; Өлген қазан: Аңыздар (Құрастырған: К. Сейдеханов). — Алматы, 1973. — 336-б.

¹⁸ Қазақ музыкасы. Антология: 5 томдық. 1-5 томдар. — Алматы, 2005-2006.

қойылатын ғылыми талаптарды толықтай сақтай отырып дайындалды. Жоғарыда аталған әртүрлі жинақтар мен қолжазба қорынан алынған күй аңыздары мәтіндерінің 84-томдағы орналасу тәртібі мен реттік саны төмендегідей:

Күй шежіре: 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 25, 26, 155, 156, 157, 159, 160, 162, 163, 164, 165, 166, 167, 171, 172, 174, 175, 176, 178, 179, 202, 240, 256, 257, 259, 260, 268, 269, 270, 271, 272, 274, 275, 276, 277, 278, 289, 290, 292, 297, 298, 299, 300, 301, 308, 317.

Домбыра сазы (Музыкалы-этнографиялық жинақ): 27, 28, 29, 30, 32, 34, 39, 44, 94, 116, 117, 235, 236, 237, 238, 267, 293, 302, 318, 319, 323, 325, 342, 343, 344, 345, 348, 355, 356.

Күй аңыздары. 1-том: 31, 43, 69, 70, 71, 72, 73, 74, 75, 76, 77, 78, 82, 83, 85, 86, 87, 88, 89, 90, 93, 95, 96, 97, 98, 99, 100, 101, 102, 103, 104, 105, 106, 107, 108, 109, 110, 120, 208, 321, 333, 334, 347, 349, 350, 351, 352, 353, 354.

Қазақ күйлерінің тарихы: 40, 91, 92, 118, 119, 121, 122, 123, 173, 184, 185, 294, 311, 326.

Күй аңыздары. 2-том: 158, 181, 186, 187, 188, 189, 190, 191, 192, 193, 194, 195, 196, 197, 198, 199, 200, 201, 203, 205, 207, 209, 210, 211, 212, 213, 214, 215, 216, 217, 218, 219, 220, 221, 222, 223, 224, 225, 226, 227, 228, 229, 230, 231, 239, 245, 246, 250, 251, 252, 253, 254, 255, 304, 305, 306, 307, 327, 328, 329, 330, 331, 332, 335, 336, 337, 338, 339, 340.

Ғасырлар пернесі: 36, 38, 42, 45, 46, 47, 50, 51, 52, 168, 169, 170, 232, 233, 234, 241, 242, 243, 244, 261, 263, 273, 281, 309, 310, 320, 322, 324.

Қазақ музыкасы. Антология: Бес томдық. 1-том: 41, 147, 148, 149, 79, 80, 81, 84, 128, 129, 130, 131, 132, 133, 136, 138, 139, 140, 141, 142, 143, 145, 146, 151, 152, 137, 144, 161, 279, 280, 150, 153.

Қазақ музыкасы. Антология: Бес томдық. 3-том: 126, 127, 183, 346.

Қазақ музыкасы. Антология: Бес томдық. 4-том: 296.

Қазақ музыкасы. Антология: Бес томдық. 5-том: 204, 258.

Жетісудың күйлері: 48, 49, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 62, 63, 64, 65, 66, 67, 68, 180, 247, 248, 249, 262, 282, 313, 314, 315, 316.

Күй табиғаты: 35, 37.

Күй қайнары. Голоса народных муз: 111, 134, 135, 177, 182, 206, 291.

Күй тәңірдің күмбірі: 112, 113, 114, 115, 264, 265, 266.

Жиделі Байсын күйлері: 283, 284, 285, 286, 287, 288, 341.

Өлген қазан. Аңыздар: 295.

Шарапат: 154.

ӘӨИ. №1066-бума: 33.

ӘӨИ. №296-бума: 124, 303.

ӘӨИ. №241-бума: 125.

ӘӨИ. №1058-бума: 312.

МӘТІНДЕРДЕ КЕЗДЕСЕТІН ТАРИХИ ЖӘНЕ ДІНИ ЕСІМДЕР

Алла (Allah)— ислам дінінде бүкіл ғарышты, тіршілік дүниесін және қиямет қайымды жаратушы, баршаға бірдей, жалғыз және құдіреті күшті Құдай есімі.

Құран Кәрімде айтылғандай: «Ол Алла біреу-ақ, Алла мұңсыз (әр нәрсе Оған мұқтаж). Ол тумады да, туылмады. Әрі Оған ешкім тең емес».

Алла Тағала әлемді, жерді, өсімдіктерді, жануарларды және адамды жаратты. Ол адамдардың тағдыры — жазмышты белгілейді. Қияметте Алла барлық өлгендерді тірілтеді де, пәнидегі істерін таразылап, біреулерін жұмаққа, енді біреулерін тозаққа жібереді. Адамдарды дұрыс жолға түсіру үшін, Алла Тағала оларға мезгіл-мезгіл пайғамбарларды жіберіп тұрған. Мұхаммед [с.а.с.]— Алланың адамдарға жіберген соңғы Елшісі. Оған Алланың Құраны Жәбірейіл періштенің дәнекерлігімен жиырма үш жылда толық түсті.

Алланың нақты бейнесі жоқ және ол бейнеленуге тиіс те емес. Намаз оқып, сәждеге бас қою арқылы ғана оған берілгендікті білдіруге болады.

Алла Тағаланың құдіреттілігін, әділеттілігін, қайырымдылығын т.б.с.с. өзіне ғана тән қасиеттерін оның тоқсан тоғыз есімі көрсетеді. Мысалы: Акбар (ең ұлық), Тағала (ең жоғары), Кәрім (жомарт), Рахман (мейірімді), Рахым (рақымды), Халық (жаратушы), Шариф (қасиетті), Ахад (жалғыз), Самад (мәңгі), Жаппар (құдіретті), Ғафұр (кешірімді) т.б.

Мұхаммед пайғамбар — ең соңғы пайғамбар, Ислам дінінің негізін салушы. Мұхаммед (с.а.с.) 570 жылы Мекке қаласында дүниеге келген. Пайғамбардың әкесі Абдулла Мұхаммед өмірге келместен екі ай бұрын қайтыс болған. Ал анасы Әмина

Мұхаммед алты жасқа толғанда дүниеден өтеді. Мұхаммед Мұстафа (с.а.с.) алғашында сүт анасы Халиманың, онан соң атасы Ғабдулмүтәліптің, ол қайтыс болған соң ағасы Әбутәліптің тәрбиесінде болған. Алғашқы уахи хазірет Мұхаммед Меккеден үш шақырым жердегі Хира үңгірінде ғибадат етіп отырған түні таң алдында рамазан айында түсті. Мұхаммед 610 жылдары 40 жасында Алланы, яғни бір Құдайға табынатын дін — Исламды уағыздай бастайды. Мұхаммед (с.а.с.) Ислам дінін жария еткенде арабтардың басым көпшілігі пұтқа табынатын. Олар Ислам дініне қарсылық білдіріп, түрлі қастандық жасады. Сондықтан б.д. 622 жылы Мұхаммед (с.а.с.) өзінің жақтастарымен бірге Меккеден Мәдина қаласына қоныс аударады. Бұл жыл Ислам жыл санауының басы деп есептеледі. Оның арабша атауы — «хижра», яғни «қоныс аудару» деген сөз. Мұхаммед Мұстафа (с.а.с.) бин Абдулла 633 жылы Мәдина қаласында қайтыс болды. Мұхаммед пайғамбардың «Мұстафа» (таза, нұрлы, сипатты), «Расул» (елші), «Хабибулла» (Алланың сүйіктісі), «Сағидулла» (Алланың көмекшісі) т.б. эпитет есімдері бар.

Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы — қазақ халқының ұлы ақыны, философ, ағартушы, композитор. 1845 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданы, Қасқабұлақ жайлауында дүниеге келіп, 1904 жылы Шыңғыстауда қайтыс болған. Бейіті Жидебай қыстауында. Қазақ жазба әдебиетінің негізін салушы.

Абақ — керей тайпасының бір тармағы. Керейдің «Төр шежіресі» керей этнонимінің Абақ (Әппақ) деген әйелімен байланыстырып, Абақ керей сол ананың ұрпағы дейді. Ел ішінде «Абақ — үйсін Сармырзаның қызы. Күйеуі қайтыс болған соң Шымыр деген ұлын алып, төркініне кеткен. Нағашысы әлгі баланы кішкентайынан ашамайға мінгізіп «менің ашамайлы керейім» деп ертіп жүреді екен» деген аңыз сақталған. Абақ соңғы күйеуінен Құттықожа деген ұл туады. Одан Майқы (би Майқы емес), Майқыдан: Ермен-Изен, Жусан туады. Абақ керейдің қазіргі 12 атасы осыдан өрбиді. Абақ керей руы XVIII ғасырдың соңына қарай өздерінің атамекендері Қара Ертіс алқабына, Алтайға оралады.

Абыл Тарақұлы /1820-1892/ — халық күйшісі. Маңғыстау өңірінде туып-өскен. Шын аты Абылай. Абыл бала кезінде еркелетіп атаған есімі. Жасынан ән мен күйді серік етіп, Боғда, Қошқар сынды күйшілерді ұстаз тұтқан. Олардың күй-

лерін үйреніп қана қоймай, бергін келе өзі де күй шығарып, орындаушылық, күйшілік өнерімен танылған. Қазақстанның батыс аймағын, Түркіменстан, Қарақалпақстан, Хиуа аймағын аралап, сан рет күйшілер өнерінің сайысына түсті. Абылдың «Абыл», «Ақжелең» (Абыл нұсқасы), «Нар ату», «Ақсақ құлан», «Кеңес», «Аранжанның шалқымасы» аталатын күйлері сақталған. Есбай (Тазбала), Алтынай, Сәулебай, Өскенбай, Арал, Құлшар, Қауен, Есір т.б. күйшілер өздерін Абылдың шәкірті санаған, әрі оның күйшілік өнерін, орындаушылық дәстүрін жалғастырып, кейінгі ұрпаққа жеткізген.

Абылай хан /1711-1781/ — қазақтың ұлы ханы, мемлекет қайраткері, қолбасшы және дипломаты. Арғы тегі Жошы хан, бергі бабалары Қазақ ордасының негізін салған өз-Жәнібек, кейін ер Есім хан, Жәңгір хан. Абылай — Жәңгір ханның бесінші ұрпағы. Жәңгірдің екі әйелі болған: қазақтан Уәлибақы, қалмақтан Тәуке хан туады. Уәлибақыдан Абылай. Ал енді Шәді Жәңгірұлы таратқан шежіре бойынша, Абылай Жошы — Тоқайтемір әулетінің өзге бір бұтағынан тарайды және аштарханид Әбілфайыз ханның (Бұхара ханы) баласы деп саналады. Абылай жекпе-жекке шыққанда жауы шақ келмейтін батыр болған. Тұтқындарды аямай жазалағандықтан «қанішер Абылай» атанған. Абылайдан Көркем Уәли, одан Абылай (Әбілмансұр) туады. Аңыз бойынша, Абылай жетім қалып, үйсін Төле бидің қолында тәрбиеленеді. Абылай қаһарлы хан болуымен қатар, қазақ халқының рухани мұрасынан еркін сусындаған дарынды күйші ретінде де белгілі. Оның «Ақ толқын», «Алабайрақ», «Шаңды жорық» т.б. күйлері сақталған. Жетпіс жасында жорықтан келе жатып, Арыс өзенінің жағасында қайтыс болған. Сүйегі Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде жерленген.

Адай — Кіші жүздің он екі ата Байұлы бірлестігіне енетін басты рулардың бірі. Қыдырғожа әулетінен тарайтын Байұлында: Есентемір, Адай, Беріш — үш ру бөлек аталып, өзінше бір топ құрайды. Ел аузында «Есентемір, Адайсың, Берішпен қалайсың» деген сөз де бар. Адай руы Байұлы ішінде халқының саны жағынан да алдыңғы орындардың бірін алады. XIX ғасырдың орта шеніндегі есеп бойынша, Адайлар қырық мың түтін болған. Осы Адайлар негізінен үлкен екі атадан — Құдайке мен Келімбердіден тарайды.

Албан — қазақ халқын құрайтын ежелгі ірі тайпалардың бірі. Шежіре бойынша, Ұлы жүз құрамына кіреді. Албан атауы көне жазба тарихи деректерде кездеседі. V-VI ғасырларда Жетісу өңіріндегі Үрбі (Юебань) қауымдастығында чубань тайпасы аталып, дулу одағында болған. Шежіре деректері бойынша, Домалақ енеден (Нұрила) жалғыз ұл болған. Оның атын Тілеуберді қойып, Жарықшақ атандырған себебі — бала туғанда жарық шеке болып дүниеге келген. Содан оны алғашында «Жарықшеке», кейіннен «Жарықшақ» атап кеткен. Сол Жарықшақтан үш ұл: Албан, Суан, Дулат тарайды. Үшеуі өсе келе үш рулы елге айналады. Үлкені — албан, ортаншысы — суан, ең кенжесі дулат болып бөлінеді. Қазіргі кезде албандар Алматы төңірегі, Нарынқол, Шонжы, Кеген аудандарымен қатар, Қытайдағы қазақ автономиясының Құлжа, Текес, Нылқы, Мұңғылкүре, Шапшал т.б. аудандарында қоныс тепкен.

Арғын — қазақ халқын құраған көне тайпалардың бірі. Шежіре бойынша, Орта жүздің құрамына енеді. Ежелгі қонысы — Ертіс, Нұра, Есіл, Торғай өзендерінің бойлары мен Балқаш көлінің солтүстігіндегі шөлейт өлке. Бұл тайпаның ежелден келе жатқанын Орхон жазба ескерткіштеріндегі, Қытай жазбаларындағы мәліметтер мен М.Қашғари, орыс зерттеушісі Н.Аристовтардың еңбектері айғақтай алады. Қазақ шежіресінде арғындар: бәйбіше арғын, тоқал арғын болып екіге бөлінеді. Бәйбішеден тарағандар «бес мейрам» аталып: қуандық, сүйіндік, бегендік (қозған), шегендік (қақсал), қаракесек деген аталарға бөлінсе, тоқалдан тарағандар «жеті момын» аталып: қанжығалы, тобықты, бәсентиін, қарауыл, атығай, сарыжетім, шақшақ болып жіктеледі.

Арқалық батыр /XVIII ғ. соңы — XIX ғ. басы/ — сыртқы жауларға қарсы соғыста даңқы шыққан батыр. Абақ-керей төресі Әжі Көгедайұлына наразы топты бастаған. Бұл күресте оған қалмақтың Қарамерген, Қоңқа деген батырлары қосылған. Арқалық батыр туралы ел аузында аңыз, әңгімелер, жырлар көп сақталған.

Асан қайғы Сәбитұлы /XIV ғасырдың соңы — XV ғасырдың басы/ — мемлекет қайраткері, ақын, жырау, би, философ. Керей мен Жәнібек хандардың ақылшысы болған.

Асан қайғы заманында Алтын Орда ыдырап, оның орнына Қырым, Қазан, Өзбек хандықтары пайда болды. Ноғай ор-

дасының тарап, Қазақ хандығының тарих сахнасына шығуы хандықтар арасындағы қым-қиғаш талас-тартысты аласапыран кезеңдермен тұспа-тұс келді. Асан қайғы қазақ халқының ұсақ хандарының басын біріктіріп, іргелі ел етпек болған Керей, Жәнібек сұлтандарды жақтады. Шу мен Арал аралығында Қазақ ордасы құрылған кезде Асан қайғы жаңа мемлекеттің ұраншысына айналды.

Ол іздеген «Жерұйық» шұрайлы қоныс қана емес, елін, жұртын сыртқы жаулардан қорғайтын жол, жаңа қоғамның үлгісі, қазақ халқын тарих сахнасында сақтап қалу бағдарламасы еді. Елі мен жұртының болашағы туралы қатты қайғырып, толғанған абызды халық «Асан қайғы» деп атаған. Жаңа хандыққа үлкен үміт артып, қазақ халқының бақытты болашаққа жетуін көздеген. Осы мақсатты көздеп, ол осы хандыққа қазақ руларының түгелдей енуіне күш-жігерін жұмсаған.

Әбілқайыр хан /1693—12.08.1748/— қазақ ханы, қолбасшы. Шыңғыс хан әулетінің кіші буыны— Өсектің ұрпағы, Қажы сұлтанның ұлы. Тарихи жырларда өз-Тәукенің баласы деп көрсетілген. Соғыстарда батырлығымен, айлакерлігімен, шабуылдарды ұйымдастыра білуімен аты шығып, Кіші жүздің ханы болған. Қазақ-қалмақ қарым-қатынасы шиеленісіп кеткендіктен Ресей империясынан көмек сұрап Сібір губернаторы М.П.Гагаринге хат жазған. 1726 жылғы Ордабасыдағы Құрылтайда қазақ жасақтарының қолбасшысы болып сайланады. Қазақ хандары мен сұлтандары арасында алауыздық өршіп, сыртқы жаулардың қаупі артқан кезде Әбілқайыр орыс билеушілеріне арқа сүйеуді ойлап, 1731 жылы қазан айында Ресей империясының қарамағына кіргендігі жөнінде ант береді. 1748 жылы Ор бекінісінен қайтып келе жатқан Әбілқайыр ханды Орта жүздің сұлтаны Барақ өлтіреді. Сүйегі Қабырға өзенінің Өлкейекке құятын тұсында жерленген.

Әйтеке би Байбекұлы /1644-1700/— қазақтың атақты үш биінің бірі. Кіші жүз Әлім тайпасының төртқара руынан шыққан. Атақты Жалаңтөс батырдың немере туысы. Тәуке хан құрған «Хан кеңесіне» Кіші жүз жұртының атынан мүше болып сайланған, «Жеті жарғының» өмірге келуіне айрықша еңбек сіңірді. Халық биді «Айыр тілді Әйтеке» деп те атаған.

Әлімұлы— қазақ халқын құраған тайпалардың бірі. Шежіре бойынша, Кіші жүз құрамына енеді. Әлімнің атасы—

Қаракесек. Өлімнің алты тармағы болғанына қарай, ел ішінде «Алты ата Өлім» деп те аталғаны мәлім. Белгілі ақын Көлдейбекұлы Ерiмбет (1850-1911) шежіресінде Өлімұлына жаманақты (шекті), қарамашақты (төртқара), айнықты (қарасақал), ұланақты (қаракесек), тегiнболатты (қарасақал), тойқожаны (ақ кете) жатқызады. Мұны тарихшылар С.Толыбеков, Х.Маданов, зерттеуші Қ.Салғараұлы, шежіреші Ө.Ахметов те қостайды. Өлімнің тармағы алтау болғанымен, ұранға шыққаны — төртеу. Олар: жаманақ, ұланақ, қарамашақ, айнық.

Әшiм Дүңшеұлы /1896-1962/ — күйші. ҚХР, Iле Қазақ облысының Күнес ауданында өмірге келген. Әкесі Дүңше ағаштан түйін түйген шебер болған, домбыра да шерткен. Әшiм домбыра тартуды жас кезiнен үйренеді. Шығыс Түркістанға аты әйгiлi күйші атанады. Шыңжаңның көп жерiн, Қытайдың iшкi өлкелерiн аралап, өнер көрсетеді. Өзі де «Ақ ерке», «Ақ толқын», «Таң бұлбұлы», «Сыбызғы үнi», «Аққу келдi», «Күй қайтарма», «Арман-ай» т.б. күйлерiн шығарған.

Байбақты — қазақ халқының құрамындағы ру. Шежіре бойынша, байұлынан таратылады. Байжиен, Батақ аталарына бөлінеді. Ертеде Еділ мен Жайық өзендерінің аралығын қоныстаған. Байбақты руынан атақты Жауғашты, Мөлке, Күшпен, Дәуімшар, Жомарт, Шолан, Сырым т.б. билер мен батырлар шыққан. Ұраны — Дәуқара, таңбасы — бақан.

Байғозы Наймантайұлы /1705-1803/ — батыр. Руы — таракты. Қарағанды облысы, Шет ауданы, Көктің көлі ауылында туылған. Әкесі Наймантай Тәуке ханның бас батырларының бірі болған. Әкелі-балалы батырлар есімі жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық күресте қатар шыққан. Байғозы жоңғармен арада болған Қарасире, Аңырақай, Хан тауы, Қызылтау, Ыстықкөл, Ерейментау, Түркістан, Қарқаралы төңірегіндегі шайқастарда ерлік көрсеткен. Байғозының қызы Қойсанадан Шұбыртпалы Ағыбай батыр, немере қызы Шәкіден әйгілі күйші Ықылас Дүкенұлы туған.

Байжігіт /1705-1795/ — күйші, композитор, бостандық жолындағы күрескер. Сары Нияз төренің шәкірті. Байжігіт өмірі ат үстінде, қалмақ басқыншыларына қарсы ұлт-азаттық күрес кезеңінде өткен. Сол жорықтар әсерімен «Нарын», «Қылау батыр», «Алмажай» сияқты күйлерін шығарған. Эпикалық сарында тартылатын күйлерінде ел қорғаны болған жаужүрек

батырлардың бітім-келбеті музыканың тілімен өрнектелген. Оның «Секіртпе», «Бұлғын-Сусар», «Тоғыз тоты», «Қос оба», «Ақтабан», «Аңшының зары», «Беласар», «Қашқан қалмақ» т.б. күйлері бар.

Байсерке Құлышұлы /1841-1906/ — күйші, домбырашы, Жетісу күйшілік мектебін салушылардың бірі. Жамбыл облысының Шу өзені бойында өмірге келген. Байсерке Ұлы жүз ішінде дулат. Атақты мүйізді Өтеген батырдың тікелей ұрпағы болып келеді. Байсеркенің әкесі Құлыш он саусағынан өнері төгілген ісмәр, халық музыкасының парқын білетін сергек жан болған. Байсерке домбыраны бала жасынан меңгеріп, Жетісу алабы мен көрші қырғыз елінің күйлерін 16-17 жасында-ақ меңгерген. Алқалы бас қосуларда дәулескер күйшілермен домбыра тартысып, алыс-жақынға таныла бастаған. Оның алғашқы күйлері «Ат ойны», «Жекпе-жек» күйлерімен қатар, «Келіншек», сондай-ақ баласы өлгендегі «Солқылдақ», қазақ даласындағы жұтқа арналған «Төрт қарға», Ресей отаршылдығына қарсы «Ұранкүй» т.б. күйлері бар.

Байұлы — қазақ халқын құрған тайпалардың бірі. Шежіре бойынша, Кіші жүз құрамына енеді. Байұлына байланысты ежелгі Қытай деректері мен кейінгі жазба деректерде бірқатар мәліметтер ұшырасады. Мәселен, Орхон-Енесей жазбаларында Байырқу, ал Таң империясының жылнамасында Байегу делінеді. Байұлы алғашында Теле бірлестігінің құрамында болған. Түркі қағандығы оларды бағындырған соң, әуелі Шығыс Түркі қағандығының, кейіннен Батыс Түркі қағандығының құрамына енеді. Қытай деректері олардың Канганьхэ өзенінің бойын мекендегенін айта келіп: «Бәрі де ауқатты, 60 мың адамдары бар, 10 000 әскер шығара алады» деп жазды. Билеушілерін «Елтебер» деп атаған.

Барақ Сатыбалдыұлы /1743-1840/ — батыр, Кіші жүз қазақтарының ұлт-азаттық қозғалысы басшыларының бірі. Барақтың батыр атағы 18 жасында торғауыт батыры Алақөбекті жекпе-жекте жеңгеннен кейін шықты. 18 ғасырдың 70 жылдарына дейін шөмішті-табын қолын бастап, Еділ мен Жайық арасында қалмақтармен соғысты. 1785-1792 жылдары Сырым Датұлы бастаған Ресей отаршылдығына қарсы күрес басшыларының қатарында болды. Батырдың тегеурінді қарсылық әрекеттері орыс отаршыларының зорлық-зом-

былығын шектеп, Жайықтың оң жағалауындағы қазақ жерлерін сақтап қалуға септігін тигізді. Батыс Қазақстанның отарлануын тежеді, әскери бекіністердің көптеп салынуына жол бермеді.

Бейсенбі Дөненбайұлы /1803-1872/ — күйші. Қазіргі ҚХР, Шыңжаң өлкесінің Алтай аймағына қарасты Буыршын ауданында туып-өскен. Әділ билігімен, дәулескер күйшілігімен танылған Бейсенбіні халық қастерлеп, «Бежең» атаған. Әкесі Дөненбай Бейсенбінің 14 жасында қаза тауып, осы оқиғаның әсерінен «Жеке батыр» күйін шығарған, туысы Маман бидің тәрбиесінде өскен. Жас та болса зерделі баланы Маман би ел ішінің жай-жапсарына көз қанықтырсын, байламды билік айтудың жөн-жобасын үйренсін деп ертіп жүреді. Маман биге атқосшы болып керей, найман, уақ рулары бас қосқан жиынға барғанында аға сұлтан Құнанбайдың батасын алып, жиынның төбе биі ретінде билік айтқан. 1840 жылы Үштас жайлауында Ажы төре басқарған жиында төрт бидің бірі болып сайланған. Алтай, Тарбағатай, Баян өлгий аймағындағы қазақтардың саяси-әлеуметтік тағдырын шешкен келелі істердің басы-қасында болған. Бейсенбінің «Ажар», «Ақ жол, Кәрі боз», «Ала күзен», «Арман», «Бейсенбі-Көкен», «Қара ала ат», «Құс қашқан», «Көк шұбар ат», «Майда қоңыр», «Төрт бидің кеңесі» т.б. күйлері болған.

Беріш — қазақ халқын құрған тайпалардың бірі. Шежіре бойынша, Кіші жүздегі байұлы бірлестігі құрамына енеді. Есенқұл, Қаратоқай, Жайық, Жаңбыршы, Себек, Бегіс, Есен аталарына таратылады. Беріш тайпалық бірлестігінің тарихы тым ертеден бастау алатыны тарихи деректерде айтылады. Исатай, Махамбет...

Берке хан /1209-1226/ — 1255-1266 жылдары билік құрған Алтын Орда ханы. Жошының үшінші ұлы, Батудың інісі. Әкесі тірі кезінде-ақ Дешті Қыпшақ пен Түркістанның әміршісі болып тағайындалған. Хан боп сайланғаннан кейін, исламды қабылдап, Алтын Орданың ресми діні ретінде бекітеді. Ахтубада Сарай-Берке қаласын салдырып, мемлекет астанасы етті. Мысырдағы мәмлүк сұлтандарымен одақтасып, Византия мен Хулагу иеліктеріне қарсы шығады. 1266 жылы Кавказға жасаған жорығы кезінде қайтыс болып, өзі салдырған Сарай-Беркеге жерленеді.

Боғда /лақап аты, шамамен 1765-1845/ — күйші, композитор. Абылдың күйшілік дәстүрін жалғастырушы. Оның күйлері Ақтөбе, Орал, Маңғыстау өңіріне кеңінен таралған. Боғда Абыл, Соқыр Есжанның күйлерін шебер орындаумен қатар, «Алпыс екі Ақжелеңді» түгел тарта білген күйші. Ол Исатай бастаған шаруалар көтерілісін қолдап, Махамбетпен жақсы қарым-қатынаста болған. Боғданың кең тараған «Боз төбе», «Жем суының тасқыны», «Екіндіде ел іздеген», «Боғда», «Қара жаяу» күйлері — терең философиялық ойға толы лирикалық толғаулар.

Бөгенбай /шамамен 1680-1778/ — атақты қазақ батыры. Батыс Сібірдегі Шетқурай деген жерде дүниеге келген. Орта жүз — арғынның қанжығалы руынан шыққан. Өз-Тәуке заманында қазақ, қарақалпақ, ноғайдың біріккен әскерлерін басқарып, 1668 жылы ордабасы сайланған. Бөгенбай қазақ жерін жоңғар басқыншыларынан азат ету жолындағы бірқатар шайқастарды басынан кешіріп, Сібір татарларын Еділ бойы қалмақтарының шапқыншылығынан қорғауда үлкен үлес қосқан. 1688 жылы қалмақтардың шабуылына тойтарыс беріп, өзі осы соғыста жараланады. Батыр алғырлығымен, жеңімпаздығымен көзге түскенде Абылай хан оған «хан» атағын да береді. Қазақ әскерінің тарихындағы даңқты қолбасшылардың бірі.

Бөрте /1154-1230/31/ — Шыңғыс ханның жұбайы. Қоңырат тайпасының көсемі Дай (Тай) мырзаның қызы. Қият ішіндегі боржіген (бөрітегін) руының батыры Есугей 9 жасар ұлы Теміршіні (болашақ Шыңғыс хан) қоңырат еліне ертіп барып, ежелгі түркілер дәстүрі бойынша Бөртеге құда түсіп қайтады. Көп ұзамай Есугей қайтыс болып, Темірші жетім қалып, көптеген қиыншылықтарды бастан өткізеді. Тек ержеткеннен кейін ғана, шамамен 1178 жылы Бөртеңі іздеп барып, алып қайтады. Осы кезде Теміршінің ауылына меркіттер шабуыл жасап, Бөртеңі тұтқын ретінде алып кетеді. Темірші әкесінің андасы керей хандығының ханы Тұғырыл (Уән хан) мен жажират руының нояны, өз андасы Жамұқаның көмегімен Бөртеңі босатып алады. Шыңғыс ханның бірнеше әйелінен көптеген бала тараған. Дегенмен Шыңғыс хан Бөртеден туған төрт ұлын өз мұрагерлері ретінде таныған.

Бұқар жырау /1693-1787/ — әйгілі қазақ жырауы, Абылай ханның ақылшы биі, абыз. Жұрт оны «Көмекей әулие»

деп те атаған. Абылай ханды сынап отырып, оның көргендігі мен даналығын, ауыр кезең, қиын сәттерде ел ұйытқысы бола білгенін тебірене жырлайды. Бұқар жыраудың Абылай ханға, Бөгенбай, Қабанбай, Олжабай батырларға шығарған арнаулары, насихат жырлары ел есінде сақталып қалған.

Дайрабай Ерназарұлы /1860-1937/ — күйші. Туып-өскен жері Қарағанды обылысының Атасу өзенінің бойы. Әкесі Ерназар орташа дәулеті бар саятшы, атбегі, қыран құс пен жүйрік атқа құмар сері адам болған. Дайрабайдың бойындағы сал-серіге тән мінез-құлық, әншілік-күйшілік қасиет ата-анасынан дарыған. Дайрабайдың есімі Ақмола, Қараөткел, Қорғалжын төңірегіне жақсы таныс болып, осы өңірдегі Жарылғапберді, Ғазиз, Иманжүсіп, Үкілі Ыбырай, Төлебай сал сияқты әйгілі адамдармен дәмдес-тұздас, қадірлес дос-жар болған. Олардың өнерінен тәлім ала жүріп, өзі де «Шұбар тау», «Қараторғай», «Келіншек» деген әндер шығарса, «Дайрабай», «Қоштасу», «Қыр», «Сыр», «Сырдың суы» т.б. күйлері оны қазақ жұртына әйгілегені дау тудырмайды.

Дәулеткерей Шығайұлы /1820-1887/ — күйші, домбырашы, композитор, қазақтың күй өнеріндегі лирикалық бағыттың негізін салушы. Бөкей Ордасының сұлтаны болған әкесі Шығай орыс тілін жақсы біліп, орыс мәдениетіне ден қойған. Болашақ күйшінің өмірге көзқарасын қалыптастыруда Исатай-Махамбет бастаған көтерілістің әсері зор болды. 1869 жылғы қазақтың ұлы күйшісі Құрманғазымен кездесуі Дәулеткерейдің өміріндегі маңызды кезең. Дәулеткерейдің күйлері халық арасында кең тараған. Оның «Желдірме», «Тартыс», «Ысқырма», «Қос алқа», «Қыз Ақжелең» т.б. күйлері бар.

Дәуітбай Тауданбекұлы /1873-1937/ — күйші, композитор, ақын. Туып-өскен жері Шығыс Қазақстан облысының Бұқтырма өзенінің бойы. Орта жүз құрамындағы найман тайпасының Байсары бұтағынан шыққан. Дәуітбайдың әкесі Тауданбек Моңғолия қазақтарына танымал ақын, ел ісіне ерте араласқан шешен адам болған. Осындай ортада өскен Дәуітбай бала кезінен домбыра мен сыбызғыны тең ұстап, бозбала шағында-ақ құрбы-құрдастарына, жеңгелеріне арнап күй шығара бастайды. Оның артында «Ертіс толқыны», «Жалама айдаған», «Арна», «Қайран Бежең», «Тартау» т.б. күйлері қалған.

Дина Нұрпейісова (Дина Кенжеқызы Нұрпейіс келіні) /1861-1955/ — домбырашы, күйші, композитор, Қазақстанның халық артисі, қазақ мәдениетінің көрнекті қайраткері. Әкесі белгілі домбырашы болған. Дина домбыра тартуды 8-9 жасында үйренеді. Оның Құрманғазымен кездесуі болашақ өнер жолында шешуші рөл атқарған. Құрманғазы Динаның дарынына тәнті болып, одан үлкен үміт күтеді. Ақыл-кеңес беріп, күй үйретеді, оны өзіне шәкірт тұтады. Дина ұстазының күйлерін орындап қана қоймай, оның күйшілік, орындаушылық өнеріндегі ерекшеліктерін, стилін, дәстүрін жалғастырды. Құрманғазының мектебінен өту Динаның домбырашылық өнерін шыңдай түсті. Динаның «Бұлбұл», «Байжұма», «Көгентүн» атты күйлерінде халықтың күйшілік дәстүрі айқын сезіледі.

Дулат — қазақ халқын құраған ежелгі түркі тайпаларының бірі. Қазақ шежіресі бойынша, Дулат — ұлы жүз құрамына кіретін ірі тайпалардың бірі. Н.А.Аристов жазып алған Диханбай батыр шежіресі бойынша, Үйсін Бәйдібектің кіші әйелі Домалақ енеден (Нұрила) туған Жарықшақтан Албан, Суан, Дулат тарайды. Дулат өз ішінде Сиқым, Жаныс, Ботбай, Шымыр болып бөлінеді.

Едіге — XIV ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген тарихи тұлға. Ерекше шешендігімен қоса, батыр әрі қолбасшы болған. Ол Алтын Орда мемлекетінің бірнеше хандары тұсында тәуелсіз билік құрумен бірге, ел басқару істеріне белсене араласты. Дешті Қыпшақтың ханы Тоқтамыс кезінде өз билеушісі мен Ақсақ Темір арасындағы текетіресті өз пайдасына шешуге ұмтылыс жасады. Сол дәуірде көршілес Ресей жеріне бірнеше рет баса көктеп кірді. 1396-1419 жылдары Ұлы Ноғай Ордасын құрып, оның басты бегі болды. Қара халық арасынан шығып, көшпелі ноғай-қыпшақ ұлыстарының намысын қорғағандықтан, қазақ халқының тарихи жадында «Ел қамын жеген Едіге» деген атпен өшпестей жазылған. Оның бейнесі мен есімі бірқатар қазақ эпостарына арқау болды. Кейбір деректер бойынша, Едіге мырзаның бейіті қазақ жерінде — Ұлытауда жатыр.

Мергенбай Ерденеұлы /1843-1929/ — ел аузында батырлығы да, күйшілігі де ерекше танылған дара тұлға. Әкесі Ердене Байғозыұлы бес ағайынды болған. Ең үлкені Ердене байлығымен де, әділ билігімен де көзге түскен. Ұлы жүздің Ресей құрамына кіруі жөніндегі құжатқа қол қойғандардың бірі. Ерденнің

Мергенбай, Дайырбай, Көдек, Тұрғанбек, Татамбай, Жанбота деген алты ұлы болған. Ал Мергенбайдың өзі тоғыз әйел алыпты. Соңғы екеуінен бала жоқ екен. Басқаларынан отыз ұл, отыз қыз көріпті. Солардың он төртінен ұрпақ тараған. Бәрі де өз ортасында беделді, өнерпаз, батыр-палуан болып өседі.

Жетісу өңіріндегі күйшілік өнердің өрнегі бөлек тағы бір мектебі, осы Мергенбай атымен тікелей байланысты. Арғы аталары Байғозы, Шыңғысбай, өз әкесі Ерденеден қалған күйшілік-домбырашылық өнерді ұрпағына аманат еткен Мергенбай көптеген күйлер шығарған адам. Оның шаңырағына «Дәуіт пайғамбар қонған» деген тәмсіл әлі күнге дейін айтылады.

Жантай батыр — қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық қозғалысына белсене қатысқан батыр. Орта жүз — арғын тайпасының қанжығалы руынан шыққан. Абылай хан 1771 жылы Ресейден Қытайға қарсы ығысқан қалмақ әскерін барлауға әрқайсысына 500 әскерден беріп, Бөгембай мен Жантайды жіберген. Жантай батыр қолға түсіп қалған інісі Арқандарды құтқармақ болып, 10 мыңдық жау шебіне басып кіріп, осы соғыста ерлікпен қаза табады. Батырдың сүйегі Есіл өзенінің бойындағы Жантай ауылының жанында жерленген.

Жантөре Айшуақұлы /1759-1809/ — мемлекет қайраткері, дипломат, Кіші жүз ханы (шамамен 1805-1809). Ол Ресейдің қазақ жеріне ықпалын тежеу саясатын ұстанды. Хан сайланған алғашқы айлардан бастап-ақ билікке таласқан бөсекелестерінің қарсылығына тап болды. Әсіресе өзінің нағашысы Қаратай сұлтанның оны хан ретінде танудан бас тартуы Кіші жүздегі саяси ахуалды шиеленістіріп жіберді. Жантөре осындай қарсылық жағдайында жетіру бірлестігіне арқа сүйеп, шебер дипломатиялық саясатымен қарсыластарының арасына іріткі салды. Байұлының бір бөлегі Жантөреге қолдау көрсетті. Сондай-ақ ол кіші жүз арқылы өтетін Ресей мен Бұқар, Хиуа хандықтары арасындағы керуен саудасының қазақтар үшін пайдалы екенін түсініп, оны қолдады және үстемелеп баж салығын алып, хандық қазынаны молайтты, керуен тонаушыларды қатаң жазалап отырды.

Жарылғап батыр /1733-ө.ж.б./ — батыр, би, шешен. Бұқар жырау «Қарашорда Сәңкібай, Алтекеде — Жидебай, Тобықтыда — Қараменде, Кернейде — Жарылғап» деп Жарылғап

батырды жоңғарларға қарсы шайқастарда ту ұстаған батырлар қатарында мадақтайды. Жарылғап батырдың әкесі Түйте 18 ғасырдың басында Ресей отаршыларына қарсы күрескен. Жарылғап батыр 16 жасында Қаз дауысты Қазыбек биден бата алып, жорыққа аттанған. 1748 жылы Қалба-Шаған шайқасында Кебін қалмақты жеңіп, ерлігімен көзге түскен. Сонымен бірге, Абылай ханмен, Қаз дауысты Қазыбек бимен, Бөгенбай батырмен сөз қағыстырып, артына тағылымды шешендік сөздер қалдырған.

Жәнібек хан, Әбу Сайд /XV ғасырдың басы-1470/ — Қазақ хандығының негізін қалаған хандардың бірі, Орыс ханның ұрпағы, Барақ ханның кіші ұлы. Туысы Керей ханмен бірлесе отырып, Қазақ хандығының негізін қалаған. Сондықтан тарихи жазба деректерде болсын, «Хандар шежіресінде» болсын Жәнібек хан есімі Қазақ хандығының құрылуына байланысты кездеседі. 1465-66 жылы Керей хан қайтыс болғаннан кейін, Жәнібек хандық билікке келеді. Бұрындық ханның билік құрған жылдарын есептемегенде, Қазақ хандығының билігі осы кезден бастап Жәнібек ханның ұрпақтарына толық көшеді.

Жәңгір /1801-1845/ — Бөкей ордасының ханы (1821/23-1845), Бөкей ханның баласы. Бөкей қайтыс болғаннан кейін хан тағы мұрагерлік жолымен Жәңгірге берілген. Алайда Жәңгір жас болғандықтан, ол ержеткенге дейінгі ордадағы билік Бөкей ханның інісі Шығай сұлтанға тапсырылады. Жәңгір 1823 жылға дейін Астрахан губернаторы Андреевскийдің үйінде тәрбиеленіп, еуропаша білім алып, хандықты әкімшілік жағынан басқаруды үйренеді. Жәңгір орыс, татар, неміс тілдерін білген. Жәңгір билік еткен тұста Бөкей ордасында сауда жәрмеңкесі (хан жәрмеңкесі) ұйымдастырылып, дәрігерлік бөлімше, дәріхана, архив ашылды, хандықтың алғашқы картасы жасалды. Сондай-ақ Жәңгір хан өз қаражатымен мектеп ашып, М.С.Бабажанов, М.Бекмұхамедов, Қ.Шығаев т.б. білім алған.

Жиренше шешен — Қазақ хандығын құрған Жәнібек хан (XV-XVI ғғ.) тұсында өмір сүрген атақты шешен. Жиренше шешен есімі ақыл-парасаттың үлгісі ретінде қазақ ауыз әдебиетінен берік орын алған. Халық аңыздары бойынша, Жиренше шешен кедей адам болған. Ол дербес Қазақ хандығын құруда ханға көмектескен, оған пайдалы кеңестер айтып, халық бұқарасының атынан сөйлеген. Оның атынан айтылып, халық

жадында сақталған шешендік сөздер мен аңыз-әңгімелер көп. Жиренше шешен туралы аңыз-әңгімелер түркі тектес басқа халықтарда да кездеседі. Мысалы, қарақалпақта Жиренше шешен, қырғыздарда Жэеренче чээчэн, түркіменде ақылды да, тапқыр Ййкренче туралы аңыздар бар.

Жошы /1187-1227/ — Шыңғыс ханның үлкен ұлы. Жошы ұлысының негізін салушы, қазақ хандарының атасы. Жас кезінен бастап аса көрнекті әскери қолбасшы ретінде көзге түсіп, Шыңғыс хан жүргізген барлық жорықтарға белсене араласты. 1223 жылғы құрылтайда Ертістен Оралға дейінгі және онан әрі Батысқа қарай бағынған жерлердің бәрі Жошының иелігіне өтті. Ордасы Ертіс өзені бойына орналасты. Жошы әкесінен алты ай бұрын қазаға ұшыраған. Оның өлімі жөнінде халық арасында әртүрлі аңыз әңгімелер бар. Оны бірде «аң аулап жүргенде құланның айғыры шайнап өлтірген» десе, кейбір деректерде «өзіне қарсы келуі мүмкін» деп, құпия түрде әкесі Шыңғыс хан өлтірткен. Мазары Жезқазған қаласынан 45 шақырым жердегі Кеңгір өзенінің сол жағалауында орналасқан.

Жібек, Төлеген — қазақтың «Қыз Жібек» эпосының бас кейіпкерлері. Жібек пен Төлеген қазақ халқында шын ғашықтар символы ретінде құрметпен аталады.

Исатай Тайманұлы /1791-1838/ — Бөкей ордасы мен Кіші жүздің батыс бөлегінде 1836-1837 жылдарда болған азаттық көтерілістің басшысы. Кіші жүз құрамындағы байұлы тайпасының беріш руынан шыққан. Жоңғар шапқыншылығы кезінде атағы шыққан Ағатай батырдың ұрпағы.

Керей — қазақ халқын құрған ежелгі түркі тайпаларының бірі. Шежіре бойынша, Орта жүз құрамына енеді. IX-XII ғасырларда керей тайпасы Керей хандығы аталған мемлекет құрып, Завхан, Тула, Сэлэнгэден Шығыс Моңғол құмына дейінгі сайын даланы қоныс етіп, батысы Найман хандығы, солтүстігінде меркіттер, оңтүстігінде татарлар, шығысында Ся мемлекетімен іргелес жатты. Ол кезде Керей хандығы керейт, жиркин, қонхойт, сақайт, тумаут, албат, тункайт-киркун деп аталатын тайпалардан құралатын. Аталған тайпалардың ең ірісі керейлер болғандығы мәлім.

Кемпірбай Бөгембайұлы /1834-1895/ — айтыс ақыны. Өз өмірінде талай саңлақ ақындармен сөз додасына түсіп, жеңген де, жеңілген де тұстары аз болмаған. Сол айтыстарының мән-

жайына қарағанда, ақынның үнемі әділдік пен шындықты айтқанда, аталы уәжге тоқтауды жөн санағанын байқауға болады. Айтыстарының ішінде ең ұтымды да көркемі атақты ақын Шөжемен айтысы деуге болады. Ақынның: «Кеудемнен көк ала үйрек қош деп ұшты, шіркін, сол көрі жолдас өлең білем» деуіне қарағанда, бойындағы дарынның өзіне қонған киелі қасиет екенін айтып сыр шертеді.

Кенесары Қасымұлы /1802-1847/ — қазақ жеріндегі 1837-47 жылдар аралығындағы ұлт-азаттық көтерілісінің қолбасшысы, қазақтың соңғы ханы. Абылай ханның немересі Кенесарының негізгі мақсаты — Абылай хан тұсындағы Қазақ хандығының территориялық тұтастығын қалпына келтіру еді. 1841 жылы үш жүздің өкілдерінің мақұлдауымен қазақ ханы болып сайланады. Кенесары бастаған әскери қимылдар 1838 жылы Ақмола бекінісін басып алып, өртеп жіберуден басталады. Сондай-ақ Созақ, Жаңақорған, Ақмешіт қамалдарын алады. Ресей жағында күресуші қазақ сұлтандарын бірнеше рет ойсырата жеңеді. Ресей империясы Кенесары ханның басы үшін қомақты бөйге тігеді. 1847 жылы қырғыздармен болған шайқаста қаза табады.

Кетбұға /шамамен 1150-1225/ — жырау, күйші, аңыз кейіпкері. Орта жүз құрамындағы найман тайпасының бағаналы тармағынан шыққан. 14 ғасырда жазылған «Шаджарат әл-атрак» («Түрік шежіресі») кітаптағы деректер мен ел аузындағы аңыздар бойынша, «Жошы хан аң аулап жүріп қаза тапқанда, Шыңғыс ханға қаралы хабарды жеткізуге ешкім батпайды. Сонда Кетбұға бас кетер ауыр міндетті өз мойнына алып, баласы Жошының қаралы хабарын күй тілімен жеткізеді. «Ақсақ құлан» күйі осылай туыпты-мыс». Бүгінге Кетбұғаның осы күйі және күй шығарар алдындағы айтқан бірнеше жол өлеңі ғана жетті.

Көтібар Бәсенұлы /1757-1833/ — батыр. Кіші жүз құрамындағы шекті руынан шыққан. Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысы кезінде сарбаз жинап, Ресей үкіметінің отарлауына қарсы күрескен. Жайық бойындағы бекіністерге бірнеше рет шабуыл жасаған. Көтібардың жеті баласы болған, үлкені атақты — Есет батыр тарихи тұлға. Көтібар — «Айман — Шолпан» дастанының, М.Әуезовтің осы дастан желісімен жазылған пьесасының кейіпкері.

Қазанған Тілепбергенұлы /1854-1921/ — күйші-композитор. Арал аймағындағы Құланды түбегінің тумасы. Шығармалары Батыс Қазақстан аймағындағы төкпе күй дәстүрінде көрінген. Бірақ күйшінің өзіне ғана тән көркемдік-образдық, музыкалық суреткерлік өрнектері де айқын. Оның сексеннен астам күйі болған. Олардың алды ноғайлы дәуірінің оқиғаларын толғаса, енді бір тобы «Ақжелең» (I-II түрі), «Күй шақырған Ақжелең», «Домалатпай Ақжелең», «Орынбай-Ақжелең», «Тентек Ақжелең», «Бұраң бел Ақжелең» (I-II түрлері), «Кербез Ақжелең», «Серпер Ақжелең», «Бұлбұл Ақжелең» болып келеді. Бұл Ақжелеңдер — Батыс Қазақстан аймағындағы күйшілік өнерге тән образдық әлем. Қазанғаптың басқа да «Көкіл», «Бісқырма», «Қиту-қиту», «Қайт-қайт», «Торы жорғаның бөгелек қақпайы», Шымырауыл құс» т.б. күйлері ел ішіне кең тараған.

Қазтуған Сүйінішұлы /XV ғ./ — даңқты ноғай-қазақ жырауы. Көшпелі Ноғай Ордасының биі һәм батыры ретінде танылатын оның бірнеше айшықты тұлғалары ел жадында сақталып, бүгінгі ұрпаққа жетті. Жырау шығармашылығы туралы М.Мағауин, Қ.Сыдықұлы тәрізді қазақ ғалымдарының зерттеулерінде жан-жақты сөз болып, есімі әдебиет тарихынан лайықты орын алды. Қарға бойлы Қазтуған — «Қырымның қырық батыры» желілі жырларының жеке қаһарманы.

Қазтуған шығармаларынан қазіргі кезге «Бұдырайған екі шекелі», «Алаң да алаң, алаң жұрт», «Белгілі биік көк сеңгір» деп аталатын үш толғау ғана жеткен. Бұл аталған жырлар қазақ әдебиетінде өзінің мазмұны мен көркемдік сипаттары жағынан ғана емес, сыртқы түзілім, құрылыс тұрғысынан да ерекше дараланады.

Қазыбек би Келдібекұлы /1667-1764/ — қазақ халқының бірлігін нығайтуға үлкен үлес қосқан атақты үш бидің бірі, мемлекет қайраткері. Орта жүздегі арғын тайпасының қаракесек тармағынан. Тәуке хан «Жеті жарғыны» шығарарда Төле би, Әйтеке билермен бірге ханға ақыл-кеңесші болды. Жасы ұлғайып, көз жұмған бидің сүйегі 1710-1711 жылдары Жоңғар хандығына үш рет елшілікке барған. Бидің мүрдесі Қожа Ахмет Иасауи кесенесіне қойылды. Халық арасына «Қаз дауысты Қазыбек» есімі кең тараған.

Қанжығалы — шежіре бойынша, Орта жүз — арғын тайпасынан тарайтын белгілі рулардың бірі.

Қаракесек — Орта жүз — арғын тайпасының бір руы. Шешіре деректеріне қарағанда, Қаракесек Арғын тайпасының «Бес мейрам» атанатын рулар бірлестігіне кіреді, яғни Мейрам сопының кіші әйелі Қарқабаттан туған Болатқожа деген баласынан тарайтын ру. Қаракесектен Майқы, Бошан, Танас тарайды. Қаракесектің рулық ұраны мен таңбасы Арғын тайпасымен бірдей болғанымен, өздері Арғын ішінде Болатқожаның шешесі — Қарқабат атын ұран еткен.

Қарашаш — қазақтың Жиренше шешенге байланысты аңыздарының кейіпкері. Жиреншенің әйелі Қарашаш туралы ертегілердің сюжеттері, көбінесе, шешендік жұмбақтар сарыны негізінде құрылған. Қазақ фольклорында «Қарашаш» деген атпен әйгілі болған тиіптік бейненің қалыптасу тарихы өте ұзақ. Ол шешендік, тапқырлық, даналық туралы ертегі, аңыздардың пайда болу, қалыптасу, даму тарихымен тығыз байланысты.

Қожеке Назарұлы /1828-1881/ — күйші, сазгер. Қазіргі Алматы облысы, Райымбек ауданы, Қарқара ауылында туылып, ҚХР, Іле Қазақ автономиялы облысы, Қызылкүрке деген жерде қайтыс болған. Қожеке Арқа, Атырау, Жетісу күй өнері мектептерінің үлгісін жарасымды үйлестіріп, өрнегі өзгеше шығармалар тудырған. Оның туындыларында төкпе, шертпе, терме күйлердің белгілері араласып, айырықша мәнермен тартылады. Ерекше күш-қайратты танытатын, жігерлі күйлер жүрек қылын шертетін нәзік те, сырлы сазға ұласып отырады. 1860 жылы Ресей отаршылдары Жетісудың Сарыжаз, Текес, Қарқара сияқты жайлауларын зорлықпен тартып алғанын көрген Қожеке, қазақ би-болыстарының отаршылдық озбырлығына көнбіс, тоқмейіл, жігерсіздігін әшкерлеп, «Шалқайма» күйін шығарған. Осы күйі үшін патша әкімдерінен теперіш көріп, ақыры өзіне қарасты 25 үймен Шығыс Түркістанға қоныс аударған. Бірақ мұнда да жергілікті билеушілер жағынан құғынға ұшырап, тұтқынға алынып, түрмеге жабылады да, азаптап өлтіріледі. Оның «Қамбар хан», «Жиренше», «Стамбұл», «Мұңлық», «Біржан мен Сара», «Көрұғылы сұлтан» т.б. күйлерін атауға болады.

Қозы Көрпеш — Баян сұлу — осы аттас дастанның бас кейіпкерлері. Қазақ арасына мол тараған аңыз бойынша, Қозы мен Баян бір кезде өмір сүріп, кейін олардың моласы да сақталған тәрізді, яғни халық оларды өмірде болған адамдар деп сенеді.

Орыс-қазақ зерттеушілерінің мәліметтеріне қарағанда, бұл мола және олардың басына орнатылған ескерткіш қазіргі Шығыс Қазақстан облысы, Аягөз ауданы, Таңсық ауылына таяу — Аягөз өзенінің оң жағалауында орналасқан.

Қорқыт /VIII-IX ғғ./ — жырау, композитор, әнші, күйші, қобызшы, өз дәуірінің ойшылы болған адам. Тарихи жазба мәліметтер мен аңыздар, халық шежірелері бойынша, Қарақожа ұлы Қорқыт Ата қазіргі Қызылорда облысы, Қармақшы ауданына қарасты Сырдария өзенінің төменгі жағасында, Жаңкент қаласында өмір сүрген.

Қоңырат — Орта жүз құрамындағы тайпа. Түркі халықтарының, соның ішінде қазақтардың этникалық тарихында қоңырат тайпасының өзіндік орны бар. Көбінесе Жиделібайсын, Сыр бойы мен Орта Азия далаларын мекендеген. Өзбекстанда Қоңырат қаласы бар. Алпамыс батыр осы қоңырат руынан шыққан делінеді.

Құнанбай Өскенбайұлы /1804-1886/ — би, аға сұлтан, Абайдың әкесі, көрнекті қайраткер. Бұрынғы Семей облысы, Шыңғыстау, Ақшоқы қыстауында туған. Құнанбай жасынан палуан, найзагер болды, қатал да әділдігімен ерекшеленіп, әкесі Өскенбайдың тәрбиесінде ел билігіне араласты. 1846 ж. генерал Вишневскийдің Ұлы жүз қазақтарын Ресейдің боданы ету мақсатында жүргізген арнайы экспедициясына қатысты. Экспедиция құрамында болған поляктың саяси қайраткері А.Янушкевич сапарнамалық күнделігінде Құнанбайдың қайраткерлік тұлғасы туралы: «Құнанбай өңірге аты жайылған адам, қарапайым қазақтың баласы. Ғажайып ақыл-ес және жүйрік тілдің иесі. Іскер, аталастарының игілігі туралы қам жейді, дала заңдары мен Құран қағидаларының жетік білгірі, қазақтарға қатысты ресейлік жарғыларды бес саусағындай біледі, қара қылды қақ жарған би және өнегелі мұсылман. Жұрт пайғамбардай сыйлайды. Одан ақыл сұрауға жас та, көрі де, кедей де, бай да шалғай ауылдардан келіп жатады. Тобықты руының сеніміне ие болып, болыстыққа сайланған..., әділетсіздік пен дәулеттілердің зорлығына қарсы қалқан болған» — деп сипаттайды («Қазақ даласына жасалған саяхат туралы жазбалар». А., 1979). Кей деректерде Құнанбай қажыға 1874 жылы барды делінеді. Меккеде 2 жылдан астам уақыт тұрып, Құдайға құлшылық етушілерге арнап төкие

(қонақүй әрі медресе қызметін атқарған үй) салдырады. Ол би, болыс, аға сұлтан кезінде биліктің үш тұтқасын — қазақтың дәстүрлі заңын, патша өкіметінің «Сібір қазақтарына арналған низамын», шариат жолын қатар ұстанды. Қазақ дәстүрінің негізіне сүйене отырып, оңтайлы шешімдерді жүзеге асырды. Барымтаға, ұрлыққа, дінбұзарлыққа, зинақорлыққа қатаң тыйым салды. Заманның ауқымын аңдап, ертеңін болжай білді. Балаларын орысша оқыта отырып, мұсылмандықты уағыздады. Құнанбайдың өмірі мен қайраткерлігі туралы деректерді жинап, бір ізге түсірген — М.Әуезов. Оның «Абай жолы» эпопеясында Құнанбай бейнесі кеңестік идеология ықпалына сай бұрмаланғанымен, жан-жақты сипатталып, шебер сомдалған.

Құрманғазы Сағырбайұлы /1823-1889/ — күйші, композитор, дүлдүл домбырашы. Оның күйлеріне тарихи мазмұнмен қатар, терең ойларға жетелейтін саздылық тән. Кең тынысты, буырқанған шығармалар мен баяу, терең мәнді туындылар Құрманғазы шығармашылығының жанды буыны. Құрманғазының күйлерінің бірсыпырасы қазақ халқының поэзиялық өлең өрнектерімен сабақтас. Мысалы, «Аман бол шешем, аман бол!» деген шығармасы 8 буынды поэзиялық өлшемнің көрінісі. Құрманғазы 70-тен аса күй қалдырды. Қазақ мәдениеті және музыкатану ғылымы үшін Құрманғазы күйлерінің фольклорлық келбеті — көп нұсқалылығын; музыка тілінің даму ерекшеліктері — стадиялылығын; жалпы күй өнеріне тән белгілері — типологиясын т.б. анықтаудың маңызы зор. Құрманғазының «Ақбай», «Қайран шешем», «Кісен ашқан», «Түрмеден қашқан», «Төремұрат», «Байжұма», «Назым», «Қызыл қайың», «Кішкентай», «Көбік шашқан», «Сарыарқа» т.б. көптеген күйлері бар.

Қыпшақ — қазақ халқының, басқа да бірқатар түркі халықтарының негізін құрған ежелгі тайпа, орта ғасырларда Орта Азия мен Шығыс Еуропаны мекендеген аса ірі ұлыстардың бірі. Қыпшақ атауы алғаш ежелгі түркінің Шина Усу ескерткішінде кездеседі. Махмұт Қашқари еңбегі бойынша IX ғасырдағы қыпшақтардың құрамына қимақ, субар, қаңлы, қарабөрікті, тоқсаба, жете, бөрлі т.б. рулар мен тайпалар енген. Қыпшақтар түрік қағанаты ыдырағаннан кейін алғашында қимақ қағандығының құрамында болып, XI ға-

сырда бөлініп шықты. Шыңғысхан империясының батыс бөлігіндегі Жошы ұлысын (Алтын Орда) тарихшылар Дешті қыпшақ деп атаған.

Махамбет Өтемісұлы /1803-1846/ — батыр, ақын, күйші. Исатай Тайманов бастаған көтерілістің көсемі әрі жалынды жыршысы. Бала кезінен мұсылманша, аздап орысша оқыған. Әкесі Өтеміс елге ықпалды би болған. 1824-1828 жылдар Орынбор қаласында Жәңгір ханның ұлы Зұлқарнайынның қасында болды. 1834 жылдан бастап Исатай батырмен бірікті. Жәңгір хан Махамбетті өз жағына тартып старшын лауазымын ұсынып та көрді. Бірақ орыс империясының қазақ хандығын жою мақсатындағы іс-әрекеті, жердің тарылуы, әсіресе, Жәңгір ханның жерді туған-туыстарына бөліп беруі мен қайын атасы Қарауылқожаға үстемдік беруі бүліншіліктің туылуына себепші болды. Ол жыраулық поэзияның көркемдік әлемін байытып, шығармаларында ұлт-азаттық идеяларын көтерді, елдікті сақтап қалуға шақырды. Оның «Мұнар күн», «Ереуіл атқа ер салмай», «Әй, қызғыш құс, қызғыш құс», «Ұлы арман», «Жайықтың бойы көк шалғын», «Атадан туған ардақты ер», «Арғымақтың баласы», «Азамат ердің баласы» т.б. көптеген жырлары бар. Махамбет тек қана ақындығымен емес, күйшілік өнерімен де әйгілі. Мысалы, «Қайран Нарын», «Жұмыр қылыш», «Шілтерлі терезе», «Жайық асу», «Қиыл қырғыны» қатарлы бірнеше күйлері бар.

Мәмен Ергалыұлы /1868-1931/ — күйші, композитор. Батыс Қазақстан облысы, Жаңақала ауданынан. Құрманғазыдан тағылым алып, халық арасында оның күйлерін («Адай», «Байжұма», «Төремұрат», «Теріс қақпай» т.б.) нәсихатады. Ұстазының орындаушылық нақышын терең меңгерген Мәмен өз жанынан «Ақ шолпан», «Қайғылы қара», «Қаражан ханым», «Кербез Ақжелең» т.б. күйлер шығарған. 20-ғасырдың басында қазақ даласында болған аласапыранды кезеңді меңзейтін «1916 жыл», «1917 жыл» атты күйлері бар.

Орда Ежен /т.ж.б.-1253/ — Ақ Орда мемлекетінің негізін қалаған хан. Шыңғыс ханның немересі, Жошы ханның үлкен ұлы. Қазақ хандарының арғы атасы. Орда Ежен 1236-1242 жылдардағы моңғолдардың батысқа жасаған барлық жорықтарына белсене қатысты. Жошы ұлысы екі қанатқа бөлінгенде сол қанатын Орда Ежен, оң қанатын Бату басқарған.

Осының негізінде 13 ғасырдың ортасында әскери-саяси иеліктер қалыптасып, соңынан олар дербес мемлекеттерге айналды.

Рүстем төре, Рүстем, Тентек төре — қазақ сұлтаны. 1821 жылғы Қоқан хандығының езгісіне қарсы Түркістан, Әулиеата, Шымкент және Сайрам қалаларының аумағын қамтыған көтеріліске жетекшілік етті. Ол қақандықтармен болған ұрыста күштің тең болмауы себепті жеңіліп, қоқандықтармен ымыраға келеді, алайда Саржан төре бастаған ұлт-азаттық көтеріліске қолдау білдірді. Рүстем төре Ұлы жүз қазақтарының арасына көшіп келіп, Түрген өзені бойынан бекініс салдырады. Осы жылы өзіне қарасты билермен бірге Құдайберді дуанбегі жіберген, қоқандықтардың 56 зекетшісін қырып салғаннан кейін Қарқара жаққа өтіп кетті. Шоқан Уәлихановтың көрсетуінше, ол Құлжа маңын қыстаған. Кенесары Қасымұлының Жетісуға келгенін қолдағанымен, қырғыздармен болған соғысын құптамады.

Салжұқ — түркі-оғыз тайпасының бір тармағы. Құрамына қынық тайпасы басшылығындағы әртүрлі оғыз тайпалары кіріп, қынықтардың тайпа көсемі Салжұқ бектің атымен аталған. Салжұқ әулетіне бағынды және саяси тарихы Салжұқ сұлтандығымен тығыз байланысты болды. Салжұқтар қазіргі түрік, түрімен, әзербайжан т.б. түркі халықтарының ұлт ретінде қалыптасуында үлкен рөл атқарды.

Саржан Қасымұлы /т.ж.б. — 1836/ — қазақ халқының 1825-1836 жылдардағы ұлт-азаттық көтерілісі басшыларының бірі, Абылай ханның немересі. Орта жүзде хандық биліктің жойылуына тақ мұрагері Ғұбайдолла Уәлиұлы және әкесі Қасым сұлтанмен бірге қарсылық танытып, Ресей өкіметі жағынан ашылған округтерді жойып, хандық билікті қалпына келтіруді талап етті. Оның осы мақсаттағы көтерілісі он жылға созылды. 1836 жылдың жазында Қоқан билеушілері Саржанды зұлымдықпен өлтірді. Оның бастаған ісін інісі Кенесары жалғастырды.

Саурық Ыстамбекұлы /1814-1854/ — батыр, би. Ұлы жүз — шапырашты тайпасының есқожа руынан шыққан. Қарасай батырдың алтыншы ұрпағы. Немере ағасы Сұраншы батырмен бірге Жетісуді Ілеге дейін билеген Қоқан хандығының езгісіне қарсы шығып, жергілікті халықтан жасақ құрды. 1853 жылғы Сарыкемерде Тілеуқабыл руларын шапқан қоқандықтарға

қарсы ұрысқа Саурық батыр да белсене қатысқан. Ол Ресейдің Жетісуді жаулап алу саясатына наразылық танытушылардың да алдыңғы қатарында тұрып, орыс әскерлерінің Тойшыбек бекінісіне шабуылына ашық қарсылық білдірді. Саурық қырғыздармен соғыс кезінде қаза тапқан. Саурық туралы Сүйінбай, Жамбыл жыр толғаған.

Сейтек Оразалыұлы /1861-1933/ — күйші, композитор. Батыс Қазақстан Бөкей ордасы ауданында туылған. Жасынан домбыраға құмар Сейтек 12 жасында күйшілік шеберлігін танытқан. Алғашқы домбыра тартуды ағасы Сұлтанғалидан үйренген. 17 жасында Салауаткерей, Әлікей сынды домбырашылармен жүздесіп, олардың «Көркем-ханым», «Алтын паш», «Әсем» т.б. күйлерімен репертуарын толықтырады. Сейтек шығармаларының негізгі тақырыбы халықтың тұрмыс-тіршілігі, өзі өмір сүрген ортаның әлеуметтік теңсіздігі, озбырлығы болса, осы ойын күйлері арқылы жеткізген Сейтек талай мәрте абақтыға да жабылады. Кейін Сейтек Сібірге айдалғанда ел-жұртына деген сағынышы, оның тұрмыс жайына деген күйзелісі «Айдау», «Түңілдім», «Арман», «Замана» сияқты күйлері арқылы өрнектелді. Сондай-ақ Сейтек осы замана шындығын күй тілімен жеткізсе, оның тағы лирикалық толғанысты арнау күйлері болғаны мәлім.

Сиқым — Ұлы жүз дулат тайпасына кіретін рулардың бірі. Шежіре деректері бойынша, дулаттан сиқым, жаныс, ботбай, шымыр тарайды. Сиқымнан — аққойлы, қарақойлы, қусирақ, шуылдақ, әлсейіт, жансейіт тараған.

Сыпатай Саурықұлы /1837-1899/ — Қоқан хандығы басқыншылығына қарсы күрескен батыр. Ұлы жүз — шапырашты руының есқожа тармағынан шыққан. 1857 жылы Ш. Уәлихановтың Жетісуға сапарында оны Іле өткелінде Діқанбай батырмен бірге қарсы алып, жергілікті халықтың кәсібі, әдет-ғұрпы жөнінде көптеген мәліметтер берген. Сыпатай батырдың ерлігі, елін қорғаудағы жауынгерлік жорықтары Жамбыл мен Құланаян Құлмамбет, Жамбыл мен Сарбастың айтыстарында, Сүйінбай жырларында айтылған.

Сырым Датұлы /1723-1802/ — батыр. Азан шақырып қойған есімі Шынтемір екен. Батыс Қазақстан облысының Сырым ауданындағы Сарыой аулында дүниеге келіп, Хиуа хандығы жерінде қаскөйлердің қолынан қаза тапқан. Тегі — Он екі ата

Байұлына жататын Байбақты руының Шолан (Әйтімбет) ата-сынан. Халықтық шежіре бойынша, Шоланнан — Дат, Есенбай, Байторы; Даттан — Адамбай, Шынтемір (кейін оны еркелетіп «Сырым» атандырған), Атымтай, Жомарт, Базарбай, Барлыбай, Жандыбай, Дүйімбай, Қорлыбай, Қалдыбай және жастай өлген Шыбынтай деген он бір ұл туады. Патшалық Ресейдің далалық өлкеде әкімшілік-саяси реформа жүргізіп, хандық билікке дәстүрлі шектен асыра артықшылық беруі арқылы қалың бұқараның табиғи-өзіндік құқыларын шектеуі (атақоныстан ажыратып, бағзылы иеліктегі өзен, көл жағалауларын, өріс, жайылымдарын пайдалануға тыйым салуы т.б.), алым-салымды көбейтуі Сырымды және оның тұтастарын қатты ашындырады. Олар қолдарына қару алып, қалыптасқан саяси жүйеге — отарлаушы орыс үкіметінің жергілікті әкімшіліктеріне, «орыс тағайындаған» хан, сұлтандарға қарсы көтеріледі. Бұл — дәстүрлі қазақ қоғамының қалың бұқарасын, оның әр алуан әлеуметтік топтарын (қарасын да, төресін де, шаруасын да, байбағыланын да, би-ақсақалын да, батыр-баһадүрін де) қамтыған, Ресейдің отарлау әрекетіне қарсы бағытталған ұлт азаттығы жолындағы көтеріліс-тұғын

Сұраншы батыр Ақынбекұлы /1815-1864/ — қазақ батыры, Саурық батырдың немере інісі. Ұлы жүздегі шапырашты тайпасының есқожа руынан шыққан. Аталары Қарасай батыр, Түрікпен, Мырзабек, Кәшке ел арасында атағы шыққан шешен, батыр болған адамдар. Сұраншы батыр Ресей үкіметіне Верный (Алматы) бекінісін салуға көмектеседі. Орыс әскерлерімен бірге Тойшыбек бекінісі жанында Қоқан хандығының 3 мың әскерімен соғысып, жеңіске жеткен. Осы сияқты орыс әскерлерімен бірігіп Қоқан басқыншыларының езгісіне қарсы сан рет соғысқа шыққан. Сұраншы батыр бейнесі Жамбылдың «Сұраншы батыр» поэмасында, Сүйінбайдың «Сұраншы», «Ту алып жауға шықсаң сен» толғауларында жырланады.

Тама — қазақ халқының құрамындағы тайпа. Шежіре бойынша, Кіші жүз құрамына кіретін жетірудың ішіндегі белгілі атаның бірі. Кейбір деректер бойынша, тама XI-XII ғасырларда Қаратау бөктерін, Созақ қаласын, Қазалы өңіріне қоныстанған. Тама Қарадөң батыр ұрпақтары Мұрын жыраудың айтуынша, былай өрбиді: Қарадөң батыр — Жұбаныш — Сүйініш — Ер Бегіс — Ер Көгіс — Тама. Ел аузындағы шежіреде

және М.Тынышбаевтың пайымдауы бойынша, Тамадан — Қарабура, одан — Нәрік, Нәріктен — Шора батыр, Шорадан — Шотқара, ал Шотқарадан — Есенгелді, Жәгі, Жабал өрбиді.

Тарақты — Орта жүз құрамындағы тайпа. Тарақты ежелгі одақтар мен мемлекеттердің құрамына енуі жайында әдебиетте деректер кездеспейді. Оның шығу тегі жөнінде қазақ шежіресінде бірізділік жоқ. Шежіре деректері бойынша, ақжолдан қыпшақ, арғын, найман, қоңырат, керей, тарақты, уақ, тарақтыдан апай, тоқтауыл, қыдыр, жәші (жасши), әлі, сары, әйтей, қосанақ, алакөз, шәуке, әлеуке, көгедей болып он екі арыс ел тарайды. Басқа шежіре деректерінде Тарақтыны арғын тайпасына жатқызады. Тарақты Қазан төңкерісіне дейін Орталық Қазақстанның Ақтау, Қызылтау, Ортау мекендерін, Жоғарғы Сарысу, Көктің көлі, Есіл, Нұра өзендерінің бойын мекендеген. Жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте Тарақтының Наймантай, Байғозы батырларының есімдері аңызға айналған. Бетпақдаланың Арқа жақ шетінде, Шажағай өзенінің бойында Тарақты Алтыбай батырға ескерткіш-күмбез соғылған. Ұраны — Жауғашар, Байғозы, тарақ таңбалы.

Тәттімбет Қазанғалұлы /1815-1862/ — күйші, композитор, домбырашы, шертпе күй орындаушылық мектебінің негізін салушылардың бірі. Домбырашылық өнер арғы ата-тегінен дарыған. Алғаш домбыра тартуды әкесі Қазанғалтың інісі Әлиден үйреніп, анасы Ақбөпеден тәрбие алған. Тәттімбеттің түрлі тақырыпты қамтитын 40 тан аса күйлері бар. Оның «Қос басар», «Сары жайлау», «Сары өзен», «Терісқақпай», «Сылқылдақ», «Бес төре», «Азамат», «Алшағыр», «Азына», «Көкейтесті», «Бозторғай», «Қорамжан», «Бозайғыр», «Ерке атан», «Ноғай-қазақ», «Кер киік», «Қашқан қалмақ», «Қара жорға», «Балбырауын», «Жетім қыз», «Сал қоңыр», «Көш жанаған», «Сары қамыс», «Шәйір қалды» т.б. күйлері өмірді терең түсінген, ойшыл, қиялшыл жанның сыры мен сезімін аңғартады.

Тойшыбек Қасаболатұлы /1783-1860/ — би, батыр. Ұлы жүз — дулат тайпасының ботбай руынан. Кенесары Қасымұлы бастаған қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысына қолдау танытқан. 1849 жылы Алматы қаласына таяу маңда, Ақсай және Қарасу өзендерінің түйіскен тұсында бекініс салдырған. Тойшыбек батыр өз өмірінде Ресейдің отарлау саясатына қарсы

қол бастаған. Талай рет Қоқан, Қырғыздармен бірлесіп Іле өңіріндегі бекіністерге шабуыл жасап, орыс әскерлерін көп шығынға ұшыратқан.

Төле, Толу — түркі-монғол ханзадасы. Шыңғыс ханның төртінші ұлы. Шешесі Бөрте Қоңырат қоңырат тайпасынан шыққан. Төле жас кезінен бастап үнемі әкесінің қасында болып, монғолдардың негізгі жорықтарының бәріне дерлік қатысқан. Кейін Шыңғыс хан өзі билеген аймақтарды Бөртеден туған төрт ұлына бөліп бергенде, Төлеге қарашаңырақ иесі — кенже бала ретінде монғол үстірті мен түркі-монғолдардың негізгі әскер күші мұраға қалдырылған. Негізгі әскер күшін өз қолына шоғырландырған ол монғолдардың 1235-1242 жылдар Қытайға, Шығыс Еуропаға, Иранға жасаған жорықтарына белсене араласып, көмекке балаларын жіберіп отырды. Жазба деректерге қарағанда, ағасы Шағатай мен Үгедейден бұрын қайтыс болған.

Төле би Әлібекұлы /1663-1756/ — қазақтың атақты үш биінің бірі. Қазіргі Жамбыл облысының жерінде, Шу өзенінің бойындағы Жайсаң жайлауы деген жерде дүниеге келген. Ұзақ өмір сүріп, 1756 жылы қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы, Төле би ауданына қарасты Ақбұрхан-Орда деген жерде қайтыс болған. Сүйегі Тәшкен қаласындағы Жүніс ханның қабырының қасына жерленген. Дулат ішіндегі Жаным. Жаным — Жайылмас — Қожамберді — Құдайберді — Әлібек. Орта жүздің биі Қазыбек Келдібекұлы мен кіші жүздің аға биі Әйтеке Бәйбекұлы үшеуі Әз-Тәуке ханның басты кеңесшісі болып, қазақ халқының заңы ретінде «Жеті жарғының» дүниеге келуіне ат салысады. Тәукеге Түркістан қаласын орталық етіп, үш жүзді бір жерден басқаруға, сөйтіп, бір тұтас қазақ хандығын нығайтуға көмектеседі.

Төрмұрат Тайлыбекұлы /1821-1823/ — белгілі батыр. Кіші жүздің таз руының жастабан тармағынан шыққан. Өтен, Нарынбай батырлардың үзеңгілес серігі болып, Ресей отаршыларына, түрікпен аламандарына қарсы соғыстарда ержүректілігімен аты шыққан. Қаһармандығы үшін таз руының ұранына айналған. Палуан, мерген, домбырашы ретінде де қадірленген. Түрмеден қашып шыққан ұлы күйші Құрманғазыны паналатып, қамқорлық көрсетеді. Біреуге айттырылып қойған, сүйген қызы Данай сұлуға үйленгендігі үшін елден қудаланып, Хиуа

жұртына кетуге мәжбүр болған. Түрікпен аламандарымен соғысып, Күйкен тауы маңында қаза тапқан.

Уақ — Орта жүз құрамына кіретін тайпа. Шежіре деректерінде уақ аталарының бірі ретінде әйгілі Ер Көкше батыр мен оның ұлы Ер Қосай батырдың есімдері аталған. Уақтың шығу тегі туралы пікірлер де әртүрлі. Тарихшылар Ә.Марғұлан мен Н.Мыңжани IX-XIII ғасырларда моңғол үстіртін мекендеген онгуттарды уақ деп есептеген. Ш.Құдайбердіұлы мен А.Левшин оларды қазақ хандығына XVI-XVII ғасырларда ғана қосылды деп санаған. Ал Ш.Уәлиханов Ер Көкше, Ер Қосай батырлар арқылы уақтар Алтын Орда ыдыраған кезден бастап көріне бастады дейді. Қазақ арасына кең тараған аңыз бойынша, уақ керей тайпасымен туыстас. Уақтың алғашқы атамекені Қазақстанның оңтүстік-шығысы мен Моңғолияның батысы болса керек.

Шағатай /1183/85-1241/ — Шыңғыс ханның Бөртеден туған екінші ұлы. Аса ержүрек батыр және қайсар мінезді адам болған. 1211-1216 жылдары әкесінің Солтүстік Қытайға қарсы жасаған жорығына ағасы Жошы, інісі Үгедеймен бірге аттанды. Хорезм жорығына аттанар алдында келешек мұрагер туралы сөз болып, Шыңғыс хан Жошы туралы пікірін сұрағанда дәрекі жауап беріп, ағасы мен ата-анасының көңіліне қаяу салады. Осы оқиғадан кейін Жошы мен Шағатай, кейіннен екеуінің ұрпақтары арасында бітіспес алауыздық пайда болады. Үгедейдің билігі тұсында империя өмірінде Шағатайдың рөлі күшті болды. Інісі онымен үнемі ақылдасып отырды. 1235 жылы Қарақорымдағы ұлы құрылтайда Батысқа жорық жасауды қолдап, Батудың Рус пен Шығыс Еуропаға жасаған жорығына ұлы Байдар мен немересі Бүриді аттандырады. Шағатай қоңыраттың қызы Есенунды, кейіннен оның сіңілісі Турьханды әйелдікке алды. Шағатай өз ажалынан қайтыс болып, Әмудария бойына жерленген.

Шеруші — шежіре бойынша, Орта жүздегі абақ керейден тарайтын он екі атаның бірі.

Шоқан Уәлиханов /Мұхамед-ханафия/ Шыңғысұлы /1835-1865/ — қазақтың ұлы ғалымы, ағартушы, шығыстанушы, тарихшы, этнолог, географ, фольклортанушы, суретші. Омбы кадет корпусын бітірген (1853). Петербург университетінің тарих-филология факультетінде лекция тыңдаған. Арғы аталары — Абылай, Уәли хандар. Әжесі Айғанымның тәрбиесін

көрген ол жастайынан оқу-білімге әуестеніп, Құсмұрындағы мұсылман мектебінде бастауыш білім алады. Шоқан осы мектепте оқып жүріп өлең, жыр, аңыз, әңгімелерді оқуға және хатқа түсіруге машықтанады. Халық мұрасын жинауды қолға алған әкесіне көмектесе жүріп, «Қозы Көрпеш — Баян сұлу», «Едіге» жырларының нұсқаларын хатқа түсірді. Шоқан жасынан араб, шағатай тілдерін, кейінірек Орта Азиядағы түркі тілдерін меңгерді. Шоқан Уәлиханов аз ғұмырында артына ұшан-теңіз мұра қалдырған көрнекті тұлға.

Шора батыр — 1. Шора Нәрікұлы батыр, тарихи тұлға. Кіші жүздің Жетіру тайпалық бірлестігінің Тама руынан шыққан. 2. Шора ХІХ ғасырдың алғашқы жартысында өмір сүрген аты әйгілі құсбегі. Жалайыр руынан шыққан. Ауыз әдебиеті жанрында батырлар, тарихи тұлғалар жайлы қайталау, алмасу көп болғандықтан, жырдағы Шора есімі анық емес. Дегенмен бұл жырда дулаттар мен жалайыр руы көп сөз болғандықтан, Шора батырды осы жалайыр Шорамен байланыстыруға болады.

Шыңғыс Уәлиханов /1811-1895/ — аға сұлтан, полковник, қоғам қайраткері. Ұлы ғалым Шоқан Уәлихановтың әкесі. Уәли ханның кіші әйелі Айғанымнан туған. Жастайынан билікке араласып, алдымен Аманқарағай (Құсмұрын), кейіннен Көкшетау округтерінің аға сұлтаны болып сайланды. Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілісті қолдады, бірақ белсене қатыспады. Заман ағымын терең түсініп, оқу-білімді, экономикадағы өзгерістерді жоғары бағалады.

Шыңғыс хан — моңғол ханы. ХІІІ ғасырдың басында Қазақстан, Орта Азия елдеріне шапқыншылық соғысын бастайды. Жолында кездескен ұлыстар мен ру-тайпаларды жаулап алып, өз әскерлерінің қатарын толықтыра отырып, оларды кезекті жорығына пайдаланады. Ғалымдардың зерттеулері Шыңғыс әскерінің басым көпшілігі осы түркі тектес ру-тайпалардан құралғанын көрсетті. Тіпті, ол Орта Азияны жаулап алып, енді Солтүстік Африкаға қол сұға бастайды, осы кезеңде Мысыр елін (Египет) басқарып отырған Бейбарыс сұлтан Шыңғыс хан жорығының бетін қайтарып, Мысыр еліне аяқ бастырмай қояды. Шыңғыс хан жаулап алған жерлерін төрт ұлына (Жошы, Төле, Шағатай, Үгедей) бөліп беріп, олар өздері жаулап алған елдерде хандық құрады.

Үгедей, Өгедей /1186-1241/ — Шыңғыс ханның үшінші ұлы, әрі мирасқоры. Жас кезінен бастап әкесінің жорықтарына қатысқан. Шыңғыс хан империясының 1229-1241 жылдар аралығындағы «Ұлы ханы» болған. Ағалары Жошы мен Шағатай арасында үнемі дау туа бергендіктен Шыңғыс хан Үгедейді алға шығарып, екі ағасын оған бағынуға міндеттеді. Үгедей білімді әрі ақылды адам болған. Мемлекет іргесін нығайту мақсатында ел астанасы Қарақорымды салып, халық санағын жүргізді. Жылдам хабар алу үшін пошта қызметі ұйымдастырылды.

Ықылас Дүкенұлы /1843-1916/ — күйші, қобызшы, композитор. Ықыластың атасы Алтынбек айтулы зергер, ұста болған адам, ағаштан қобыз, домбыра жасап, өзі сол аспаптарды жақсы тарта білген. Ықыластың күйшілік дарыны ерте ашылып, 7-8 жасынан бастап-ақ қобыз ұстап, әкесі тартқан күйлерді тез игеріп алған. Оның күйлерінің ырғағы өзінен бұрынғы күйшілерге ұқсамай, адам көңілінің тоқсан толғаулы сырын жыр етті, уақытты, замана тынысын, өмір шындығын шертті. Оның «Қорқыт», «Кертолғау», «Қоңыр», «Ықылас», «Қазан», «Қамбар — Назым», «Жезкиік», «Шыңырау», «Аққу», «Ерден», «Жарым патша», «Бес төре», «Жалғыз аяқ» т.б. толғау күйлері бар.

СӨЗДІК

Аждаһа—аздаһа, айдаһар, алып жылан

Антектік, әнтектік /ж.с./ — қателік, кемшілік

Аңқа /к.с./ — кеңсірік, тамақ қуысы

Әбжылан [әб /п/ — су] — фольклорлық шығармаларда суды мекендейтін улы жылан

Әйдіңгер /ж.с./ — атақты, үлкен, әйгілі деген мағынада қолданылады

Әләй /ж.с./ — 1. жол; 2. дүлей

Әмеңгер /к.с./ — қазақ дәстүрі бойынша, жесір әйелдің күйеуінің орнын басуға құқылы қайын не қайынағасы

Әндігер /ж.с./ — қадірлі, құрметті

Базына — өзім деген адамға айтылатын наз, өкпе, тілек.

Бақастық /ж.с./ — көре алмастық, қызғаншақтық, күншілдік

Бақшы /т/ — ақын, жырау, бақсы

Бардам /с.е./ — Күйлі, әл-ауқатты

Бек /з.б./ — таулы жерде өсетін айыр жапырақты, тамыры жеуге жарамды өсімдік

Ботташық — сөбізге ұқсас, көпжылдық шөптесін өсімдік

Бөблік, боплік — мәтінде құлақтандыру, хабарландыру мағынасында

Бөгенай /ж.с./ — түр, тұлға, дене бітімі деген мағынада

Бөктергі — ұсақ жәндіктерді аулайтын ақсары жүнді жыртқыш құс

Бұла — еркін, ерке, қағусыз өскен, еш бейнет көрмеген (адам, мал)

Дәулескер — майталман, шебер. Мыс: дәулескер күйші

Дерітіп (дерту) — 1. ісіну, сыздау; 2. Пісіп жетілу, толысу

Дилы — күйлі, қуатты

Дутар — өзбек, ұйғыр, түрікмен, тәжік халықтарының қос ішекті музыкалық аспабы

Ексе /с.к./ — Ересек, мосқал

Жәрмеңке — үлкен базар, көшпелі немесе маусымдық сауда орны

Жойдасыз /ж.с./ — үлкен, жойқын, ерекше деген мағынада

Зәңгі — 1. Жергілікті әкімдердің ең кішісі, старшина; Қытай қазақтары арасында қолданылған ең төменгі әкімшілік лауазымы. 2. Қара нәсілді адам, негр. 3. Қызметші, құл. 4. Саты, басқыш.

Зәрезан — мезі болу, шошыну, жалығу, запы болу

Зоң /з.з./ — қарғаның түрі

Зүбәржат /а/ — жасылдау түсті, жылтыр, асыл тас

Ибадат — инабат

Кебенек /к.с./ — малшылар аязда, жауын-шашында киетін жұқа киізден тігілген сырт киім.

Күбі — айран, іркіт, қымыз пісуге қаймақтан май түсіруге арналған ағаштан жасалған, ауыз жағы тарлау келетін піспегі бар ыдыс.

Қарқара — 1. құстың бір түрі; 2. мәртебе, мерей; 3. қауырсын

Қаукерік — аңқау, аңғал, әңгүдік

Қоғамдау — топтау, жиыстыру, басын біріктіру, шоғырлау

Қормал /с.ж./ — жанашыр, қамқор адам

Қузау — қуза етістігінің қимыл атауы. 1. Бір нәрсені қозғау, қаузау. 2. /ауыс./ Мәселе көтеру, қозғау салу

Қылшан — /к.с./ — ертедегі батырлардың жебе салып жүруі үшін жылқының қылынан істелген оқ қабы, қорамсақ

Қысырақ — үйірге қосылмағандықтан қысыр қалып құлын-дамаған байтал, бие

Ләббай /а/ — құп; құзырыңа әзірмін

Лепес /ар./ — айтылған сөз, лебіз

Летаргілік — мәтінде бірнеше тәулік ұйқы мағынасында

Мағұрланып /ж.с./ — маңғазданып, бойына тоғытпай деген мағынада қолданылады

Мәзһап /а/ — жол; діни мектеп; ағым; бағыт

Мосыағаш — /к.с./ — ілгегіне шелек, шәугім іліп тамақ пісіретін үш тағанды темір құрал

Мүсе /ж.с./ — місе

Нәнталап /ж.с./ — үлкен талапты, талапшыл деген мағынада

Нәркүмән /ж.с./ — күмәнді, сенімсіз деген мағынада

Нәубет /а/ — 1. ырызық, ырыс, бақ, дәулет; 2. апат, кесепат, ауыртпалық; 3. кезек

Нәуетек /ж.с./ — еңбек істеуге қыры жоқ, бос

Нөпір — қалың, қаптаған, көп

Перен /ж.с./ — ақ берен. «Берен» сөзі парсы тілінен енген, қазақ тілінде бірнеше мағына береді. Бұл жерде берік металдан соғылған мылтық дегенді білдіріп тұр

Пұшайман /п/ — бейшара, сорлы, қайғы, өкініш

Пылан /о/ — жоспар

Рапорт /о/ — рапорт, мәлімдеме

Сабат — шөбі шүйгін, салқын жер, көгал

Сықырлауық — киіз үйдің ши есігінің ішкі жағынан жабылатын, оюлап жасалған, жарма ағаш есік

Сіргежияр — күзде бие ағытарда ең соңғы қымызға көрші-қолаңды шақыру кәдесі

Түнкелі — Шөбі шүйгін, шұрайлы, тың жер

Түсел /ж.с./ — түсетін, қонатын үй, қоналқы

Уәж — тапқыр сөз, сылтау, ұтымды жауап

Уызқағанақ — қойдың уыз сүтін бүйенге құйып, аузын буып, бумен пісіретін тағам.

Ұйқыашар — наурыз мерекесі кездерінде, сақпан кезінде қыздардың жігіттерге арнап пісіретін тағамының атауы

Шалғай — 1. алыс, қашық, қиыр шет. 2. Киім етегінің екі аралығы

Шашыратқы — 1. өсімдік; 2. күйек түсер кезде істелетін ырым, той

Шәйт, (Шаһид, шейіт) /а/ — 1. ислам діні жолында қасиетті соғыстарда қаза болған адамдарды шаһид, яғни шейіт деп атайды; 2. әділет жолында қайтыс болған адам

Шерік /з.к./ — 1. Жыын; 2. Сарбаз, жауынгер, қарулы әскер

Шыбар /с.с./ — шұбар

Шікірә /ж.с./ — дөргер, пана, ұлық

ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ

Азау (Азов теңізі) — Ресейдің Еуропалық бөлігінің оңтүстігіне орналасқан теңіз. Керч бұғазы арқылы Қара теңізбен байланысады.

Ақмола — Есіл өзенінің бойында ескі керуен жолы өтетін Қараөткелде орналасқан, аққайрақ тастан әдемілеп жасалған ескерткіш белгілері; Қазақстанның бас қаласы Астананың бұрынғы атауы.

Алатау — басы Хантөңірінен басталып, Ташкент қаласының маңына барып аяқталатын биік шыңдарын мәңгілік мұздықтар мен қар басып жататын алып таулар тізбегі. Олар Жоңғар Алатауы, Іле Алатауы, Қырғыз Алатауы т.б. деп аталып, Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстары мен Қырғызстан Республикасының біраз аумақтарын алып жатыр.

Алматы — республикалық мәртебесі бар қала. Қазақстанның оңтүстік шығысында Іле Алатауының солтүстік баурайында орналасқан. 1927 жылдан 1997 жылға дейін Қазақстанның астанасы болды. Қазір 1,5 миллионнан астам тұрғыны бар ірі қала.

Алтай — тау жотасы, аймақ. Түркілердің атамекені болған Алтай тауы қазір орыс Алтайы, Монғол Алтайы, Қазақ Алтайы деп бөлінеді. Оның үштен бірі Қазақстанның үлесінде. Қазақ Алтайы өз ішінде Өр Алтай, Кеңді Алтай болып, Ертіс өзені арқылы екіге бөлінеді. Оларды Қалба жотасы жалғастырып тұр. Алтай тауы батыстан шығысқа қарай, яғни ең биік нүктесі Мұзтауға қарай биіктей береді. Алтайдың осы аймағын қазақтар Өр Алтай деп, Катонқарағай мен Марқакөлдің арасындағы тау жотасын белгілеп жүр. Қазақ ішінде ол таулар Тарбағатай, Алтай жайлаулары делінеді.

Алтын Орда — орта ғасырларда Шыңғыс хан империясының құрамында Дешті Қыпшақта құрылған түркі мемлекеті. Алтын Орда құрамына Ертістің шығыс жағалауынан Балтық теңізіне дейінгі, Сібірден Хорезмге шейінгі ұлан ғайыр аумақ енді. Бату хан тұсында мемлекет астанасы Еділ бойындағы Сарай қаласы болып, кейін Берке хан кезінде Сарай-Беркеге көшірілді. Алтын Орда Анадолымен, Сириямен, Мысырмен, Византиямен және Шығыс елдерімен сауда қатынасын орнатып, елшіліктер алмасты. Ұлы Жібек жолының маңызды бір тармағына бақылау жүргізді. Әмір Темірдің жойқын әскері жасаған үш жорығынан кейін Алтын Орда әлсіреп, 1502 ж. соңғы билеуші Шейх Ахмед ханның өлімінен соң мемлекет жойылды. Алтын Орда жерінде Қазақ, Ноғай, Қырым, Қазан, Қасым, Астрахан, Сібір, Башқұрт хандықтары пайда болды.

Амудария (Ежелгі атаулары — Әму, Окс, Балх, Жәйхун) — Орталық Азиядағы ең ірі және суы мол өзен. Амудария жағалауында Тәжікстан, Өзбекстан, Ауғанстан, Түркіменстан орналасқан. Осы мемлекеттер өзенді ауыл шаруашылығына, егін шаруашылығына пайдаланады.

Арқа — Қазақстандағы аса ірі географиялық нысан. Бұл Сарыарқа деп те аталып, тұтас алғанда Орталық Қазақстанды білдіреді. Шындығында, қазір Арқа — Орталық, Шығыс, Солтүстік Қазақстанды және Ақтөбе облысының бір бөлігін қамтитын үлкен аймақ. Арқа туралы тарихшы Құрбанғали Халидтің «Тауарих-и Хамса-и шархи» атты еңбегінде көп деректер бар. Әбілғазы Бахадүр «Түрікмен шежіресі» атты еңбегінде Арқа мен Дешті-Қыпшақты бір топонимдік атау ретінде пайдаланған.

Арыс — Оңтүстік Қазақстан облысындағы өзен.

Астрахан (Қажы-Тархан) — қала, Ресей Федерациясының облыс орталығы. Еділ өзенінің екі жағалауын ала Каспий теңізінен 150 шақырым қашықтықта орналасқан. III ғасырда Астраханның орнында хазарлардың ежелгі астанасы Итиль, VI ғасырдың аяғында Балангир қаласы болды. XIII ғасырда Шыңғысхан ұрпақтары ескі қаланың орнына Хажытархан қаласын салды да, XIV ғасырда хандықтың астанасы етті. 1459-1556 жылдары Астрахан хандығының басты қаласы болды.

Аягөз — Алматы, Шығыс Қазақстан облысы аумағы арқылы ағатын өзен. Тарбағатай жотасының солтүстік сілемдерінен бастау алады. Балқаш көлінің солтүстік шығыс бөлігіне құяды.

Бағдат — көне қала, (кейбір жорамалдар бойынша, ежелгі парсы тіліндегі «бага» — Құдай, «дад» — берген, яғни «Құдайдың сыйы» деген ұғымды білдіреді). Ирак мемлекетінің астанасы. Тигр өзенінің екі жағалауында орналасқан шаһарды «Мәдинат ас-салам», яғни «Бейбітшілік қаласы» деген атпен Халиф Мәнсүр 762 жылы тұрғызған.

Балқан тау — Каспий теңізінің оңтүстік шығысында, Түркіменстан Республикасы жеріндегі тау жоталарының тізбегі. Оқ Балқан, Кіші Балқан сияқты атауларымен де мәлім. «Барар жерің Балқан тау, ол да біздің барған тау» деген қазақ мәтелі осы араны меңзеген.

Балқаш көлі — Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы тұйық көл. Аумағы жөнінен Каспий, Арал теңізінен кейінгі ірі су қоймасы. Балқаштың батыс бөлігіне Іле, шығыс бөлігіне Қаратал, Ақсу, Лепсі және Аягөз өзендері құяды.

Бетпақ шөлі, Бетпақдала — Қазақстанның орталық бөлігіндегі кең байтақ аймақты алып жатқан шөлді өңір. Қарағанды, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстары аумағында орналасқан. Батысында Сарысу өзенінің төменгі ағысымен, шығысында Балқаш көлімен, оңтүстігінде Шу өзені аңғарымен, солтүстігінде Сарыарқамен шектеседі.

Бұқтырма өзені — өзен, Ертістің оң саласы. Шығыс Қазақстан облысы, Қатонқарағай, Зырян аудандарының жерімен ағып өтеді. Ағысының күштілігіне байланысты «Бұқтырма» атанған.

Бұхара (санскритше вихара — монастырь) — б.д. I ғасырында іргесі қаланған, Зарафшан өзенінің төменгі ағысында орналасқан, Орта Азиядағы көне қалалардың бірі. Қазірде Өзбекстан Республикасының осы аттас облысының орталығы.

Еділ (Волга) — Еуропадағы ең үлкен өзен. Еділ бастауын Валдай қыратынан алып, Каспий теңізіне құяды. Еділге 200-ден астам сала құяды. Еділ өзенінің әдеби — тарихи деректердегі орны ерекше. Оны барша түркі халықтарының ақын-жыраулары құрметпен атап, өз шығармаларына арқау еткен.

Ерейментау — Сарыарқаның солтүстігіндегі таулы алқап. Ақмола, Қарағанды облыстарында орналасқан. Ол Өлеңті және Шідерті өзендерінің су айрығы болып табылады. Осы өзендердің салалары — Жарық, Қарасу, Олжабай, Тұрғынбай өзендері тау беткейлерінен басталады.

Ертіс — Батыс Сібір мен Қазақстан жеріндегі өзен. Обьтың сол саласы. Монғол Алтайының оңтүстік-батыс беткейіндегі

мұздықтардан бастау алып, Шығыс Қазақстан, Павлодар, Қарағанды облыстарының аумағын басып өтеді.

Жайық — Каспий алабындағы өзен. Оңтүстік Орал тауы және Каспий ойпаты, Ресей Федерациясының Башқұртстан Республикасы, Челябині, Орынбор және Қазақстанның Батыс Қазақстан, Атырау облыстарының жерінен ағып, Атырау қаласы тұсында Каспий теңізіне құяды. Жайық өзені бойымен Еуропа мен Азияның шартты шекарасы өтеді.

Жаңкент (Жаңакент) — орта ғасырлардан сақталған көне қала орны. Сырдарияның Арал теңізіне құяр тұсында орналасқан. Жувейнидің, Несевидің және Омаридің тарихи еңбектерінде айтылады. Жаңкент X-XI ғасырларда Оғыз бірлестігі билеушілерінің қысқы ордасы, мұсылмандар қонысы, сауда жолы болды. Қала Шыңғыс хан шапқыншылығына дейін X-XII ғасырлар аралығында өркендеген.

Жем — Каспий алабындағы өзен. Ақтөбе және Атырау облыстарымен ағып өтеді.

Зайсан — Шығыс Қазақстан облысының аумағында орналасқан көл. Солтүстігінен Нарым мен Күршім, Оңтүстігінен Сауыр-Тарбағатай жоталарының сілемдерімен қоршалған қазаншұңқырда жатыр. Зайсанға Қара Ертіс өзені құяды да, Ертістің (Ақ Ертіс) бір саласы ағып шығады.

Қазалы — Қызылорда облысы, Қазалы ауданындағы қала (1867 жылдан). Аудан орталығы — Әйтеке би кентінен оңтүстікке қарай, Сырдарияның оң жақ жағалауына орналасқан. Кейбір деректер бойынша, елді мекен аты «Қаза» деп аталатын балық аулау жабдығынан шыққан болса, басқа деректерде мұнда әділ қазылығымен аты шыққан халыққа жаққан бір адамға байланысты «Қазы» атанып кейін «Қазалы» болып өзгерген дейді.

Қазығұрт — Шымкентке жақын жердегі тау. Қазақ аңыздарында «Нұх пайғамбардың кемесі осы Қазығұртқа келіп тоқтаған» делінеді.

Қанас — Қытайдың Шыңжаң өлкесінде орналасқан тау арасындағы ірі көлдердің бірі.

Қара теңіз — Атлант мұхитының жерорталық теңізі. Жағалаулары Ресей, Румыния, Болгария, Түркия елдеріне ортақ.

Қарқара — Алматы облысының Райымбек ауданындағы өзен, тау, жайлау, ауыл атауы. Биік тау етегінен Шырғанақты

өзеніне дейін созылып жатқан кең алқапты және сол өзен жағасындағы ауыл атын жергілікті халық Қарқара атайды. Осы жер 1916 жылы Жетісудағы ұлт-азаттық көтерілістің ошағының бірі болғаны тарихтан белгілі.

Қиыл өзені — Ойыл алабындағы өзен. Ақтөбе облысы, Ойыл, Қобда аудандары жерімен ағады. Қиылдың салалары — Аққұдықсай, Қоңырсай өзендері Доңызтаудан басталып, Саралжын аралы тұсында Ойылға құяды.

Қобда — Ақтөбе облысындағы аудан орталығы. Елек алабындағы өзен. Ақтөбе облысының Алға, Қобда ауданы жерлерімен ағады.

Қордай — тау, асу аты. Жамбыл облысындағы аудан орталығы. Шу-Іле тауларының оңтүстік-шығысындағы Кіндіктас және Жетіжол жоталары аралығындағы асу.

Қырым — Еуропаның оңтүстігіндегі түбек. Қара теңіз, Азов теңіздерімен Перекоп мойнағы арқылы шығыс Еуропа жазығымен ұштасады. Солтүстік бөлігі-жазық даламен, Оңтүстік жағы Қырым тауларымен ұласады.

Маңғыстау — облыс, тарихи аймақ. Қазақстанның оңтүстік-батысында орналасқан. Ел аузында Маңғыстаудың ойында 360 әулие өмір сүргендігі айтылады.

Марқакөл — Шығыс Қазақстан облысындағы көл. Халық аузындағы бір аңызда: «Көл орнындағы бір аңғарға қап-қара марқа қозы түсіп кетіп, соны шығарып алғаннан кейін орнында аяқ астынан үлкен көл пайда болыпты» деген мәлімет кездеседі. Сондай-ақ көл атының осылай аталуын жалайыр тайпасының марқа руымен байланыстыру да бар. Тарихи деректерде XIII-XV ғасырларда Алтай тауының Күршім ауданында жалайырлардың тұруы бұған дәлел. Ғылыми этимология бойынша, Алтай тауында қарсуынан жиналатын көптеген көлдердің «үлкені, марқасы» деген мағына береді. Марқакөл — «үлкен көл» деген атау. Ел аузында осы көлде ақмарқа деген жануардың тіршілік ететіні де айтылады. Ақмарқа — балық атауы. Бұл да мағынасы жағынан жақын байланысады.

Мысыр — араб елінің африкалық бөлігіндегі көне шаһар әрі ел атауы. Жергілікті арабтар Египетті де, оның астанасы Қаһираны (Қайыр) да Мысыр деп атайды. Қазақ фольклорында, сондай-ақ көптеген шығыс халықтарының ауыз әдебиеті шығармаларында Мысыр шәрі деген атау жиі ұшырасады.

Нарынқол — Алматы облысының Райымбек ауданына қарасты елді мекеннің аты.

Нарын құм — Батыс Қазақстан аймағындағы үлкен құм. XIX ғасырдың соңына дейін мұнда Жәңгір хан мен оның мұрагерлерінің ордалы қонысы орналасқан.

Өлеңті — Жайық алабындағы өзен. Батыс Қазақстан облысының Сырым және Ақжайық жерлерімен ағады. Қазақ эпостарында жиі аталатын, тарихи-мәдени маңызы зор көне эпос-нимдердің бірі.

Сағыз — Каспий алабындағы өзен. Ақтөбе, Атырау облыстарының жерімен ағады. Қазақтың батырлық эпостарында, Асан қайғы, Махамбет, Мұрат жырларында жиі аталатын тарихи-эпикалық гидроним.

Сайрам — Оңтүстік Қазақстан аумағындағы орта ғасырлық ірі қалалардың бірі. Бұрынғы аты — Исфиджаб. Орналасқан жері қазіргі Сайрам кентінің Оңтүстік батысында, Шымкент қаласынан 12 шақырым жерде. Сайрам жайлы алғашқы дерек Махмұт Қашқаридің «Диуани лұғати-т-түрк» атты еңбегінде кездеседі. Моңғол шапқыншылығынан кейін Сайрам маңызды орталықтардың біріне айналған. XV-VIII ғасырларда қазақ хандықтары кезінде ірі сауда, діни және мәдениет ошағы болған.

Самарқан — IV ғасырда Марақанда деген атпен белгілі болған, Зеравшан өзенінің аңғарына жақын орналасқан Орта Азиядағы көне қалалардың бірі. Қазір Өзбекстан Республикасының осы аттас облыс орталығы.

Сарай — Алтын Орданың астанасы. Осы аттас екі қала болған. Олардың бірі Батудың сарайы, екіншісі, Беркенің Сарайы деп аталған.

Семей — Ертіс өзенінің жағасында орналасқан қала. Іргесі XVI ғасырда қаланған қаланың алғашқы атауы — Жетішатыр.

Сыр — Сырдария өзені. Орта Азиядағы ірі өзен. Қарадария мен Нарын өзендерінің Ферғана қазан шұңқырының шығыс бөлігіндегі қосылған жерінен бастап Сырдария аталынып, Арал теңізіне құяды.

Сібір — Азияның Орал таулары мен Тынық мұхит жағалауының және Солтүстік Мұзды мұхит жағалауы мен Моңғолия шекарасы, Сарыарқа етегі аралығындағы бөлігі.

Тайсойған — Атырау облысының Қызылқоға ауданындағы құм. Ойыл өзенінің төменгі бөлігінің сол жағалауымен жарып шыққан өзенді бойлай созылып жатыр.

Тарбағатай — Зайсан және Балқаш — Алакөл арасындағы су айырық тау қыраты. Семей, Шығыс Қазақстан облыстарының жерінде орналасқан. Тау ендік бағытта батыстан шығысқа қарай созылып жатыр. Аягөз ауданында Тарбағатай ауылы бар.

Тәшкен (Ташкент) [/т.,п./ — тас қала] — көне тарихи қала. Өзбекстан Республикасының астанасы. Қазақ халқының ауыз әдебиеті мен фольклорында жиі ұшырайды.

Текес — Алматы облысының Райымбек ауданына қарасты ауыл және өзен атауы.

Түркістан — тарихи қала. Қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысындағы Түркістан ауданының орталығы. Сырдарияның оң жақ аңғарында орналасқан. 2000 жылы көне қаланың 1500 жылдығы аталып өтті. Арабтардың географиялық жазбаларына қарағанда, IV-X ғасырларда бұл қаланың орнында Шаугар (арабша Шауағар) мекені болған, бірақ бұдан із қалмаған. XII-XIV ғасырларда Түркістан Яссы деген атаумен белгілі болды. Қожа Ахмет Яссауидің кесенесі салынған соң, түркі халықтарының діни-рухани орталығына айналды.

Ұлытау — Сарыарқаның оңтүстік-батыс шетіндегі ұсақ шоқылы, таулы өлке. Ұлытауда атақты Жошы хан мазары сақталған. Бұл арада өткен ғасырларда үш жүздің бас қосып, ел тағдырына қатысты алқалы жиындар өткізіп тұрған.

Үрым (Үрім, Рум) — Византия. Шығыс халықтары оны орта ғасырларда осылай атаған. Сол халықтардың фольклоры мен әдебиетінде Рұм атауы өте алыс, ғажайып өлкенің символы ретінде қолданылған.

Үнді (Үндістан) — Үнді мұхиты жағалауында, Оңтүстік Азияда орналасқан мемлекет. Гималай тауларынан оңтүстікке қарай оңтүстігі, Оңтүстік-Батыс Азия елдерін Еуропа және Африкамен байланыстыратын маңызды теңіз және әуе жолдарының торабында жатыр. Батыс жағалаулары Арабия теңізінің, Шығыс жағалаулары Бенгал шығанағының суларымен қоршалған.

Үргеніш — ежелгі қала, ортағасырлық Хорезм мемлекетінің астанасы. Орны қазіргі Түркменстан Республикасы, Ташауыз уәлаятындағы Көне Үргеніш елді мекенінің жанында. Үргеніштің гүлдену кезеңі XII-XIII ғасырлардағы хорезмшахтар билік еткен кезеңге тура келеді. XIII ғасырдың ортасынан бастап Алтын Орданың құрамында болып, сауда, қолөнер, әкімші-

лік орталық ретінде өз маңызын жойған жоқ. XIV ғасырдың ортасына қарай Хорезм Алтын Ордадан бөлінген кезде Үргеніш қайтадан оның астанасына айналды. XVII ғасырда қала тіршілігі құлдырап, кері кетті.

Хорасан — Орта Шығыстағы тарихи аймақ. Хорасанның құрамына қазіргі Иран Ислам Республикасының солтүстік-шығыс бөлігі, Мерв шұраты, қазіргі Түркменстан Республикасының оңтүстігіндегі шұраттар, қазіргі Ауғанстанның солтүстігі және солтүстік-батыс бөліктері кіреді. Хорасан атауы Сасани әулеті кезінен белгілі. VII ғасырдың ортасында Хорасанды арабтар жаулап алды. Араб халифаты ыдырағаннан кейін, IX ғасырдан XVI ғасырдың бас кезіне дейін Тахири, Саффари, Самани, Ғазнауи, Салжұқтар әулеттерінің, Хорезмшаһтар т.б. мемлекеттердің құрамында болып, Орта Шығыстың экономикалық жағынан неғұрлым дамыған облыстарының бірі болды.

Шымкент — ежелгі қала, Оңтүстік Қазақстан облысының орталығы.

Шын-Машын — Орта Азия, иран, араб елдері орта ғасырда Қытайды «Чин» деп атаған. Бұл біздің дәуірімізге дейінгі 221-жылдан бастап Қытай елін билеген Цинь династиясының өзгертілген атауы.

Шыңғырлау — Жайық өзенінің сол саласы. Батыс Қазақстан жерімен ағады. Орал тауларынан бастау алып, Жайық өзеніне келіп қосылады. Осы аттас аудан да, жер аты да бар.

Шу — Қырғызстан мен Қазақстан жеріндегі өзен. Теріскей Алатау мен Қырғыз Алатауынан бастау алатын Жуанарық және Қошқар өзендерінің қосылған жерінен бастап Шу аталады. Ірілі-ұсақты 80 саласы бар, ірілері Қазақстанда. Қорағаты, Мерке, Қарабалта, Ақсу т.б.

Шідерті — Батыс Қазақстанның Сырым ауданындағы өзен, Өлеңті алабында. Эпостық туындыларда екеуі қатар аталады.

Іле — Қазақстан мен Қытай жеріндегі өзен. Алматы облысының Райымбек ауданынан бастау алып, Қытай жері арқылы елімізге оралып, Балқаш көліне құяды. Шекарадан бері аталған облыстық Ұйғыр, Іле, Балқаш аудандарының жерлерін басып өтеді.

Ірбіт, Үркіт — Бұрын қазақтардың ауызекі тілінде Сібірдің қалалары осылай атала берген. Қазіргі Иркутск қаласы.

ТОМҒА ЕНГЕН АҢЫЗДАРДЫ АЙТУШЫ ҺӘМ ЖИНАУШЫЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

Ақынбайұлы Дәулет /1924-?/ — қобызшы. Қобыз күйлерінің аңыз-әңгімесін жақсы біледі. Жамбыл облысына қарасты Сарысу ауданындағы «Жайлаукөл» совхозының тұрғыны.

Дәулет — белгілі қобызшы, күйшісі Ықылас Дүкенұлының туған немересі. Ықыластың Дүйсенбай, Түсіпбек, Ақынбай атты үш ұлы болған. Ақынбайдың баласы Дәулет. Ықыластың қара қобызы осы Дәулеттің қолында сақталған көрінеді.

Ауғанбаев Шанақ /1912-?/ — сыбызғышы. Шығыс Қазақстан облысына қарасты Қатонқарағай ауданының Тайпақ селосындағы Топқайың деген жерде туған. Ол кезде бұл жер Таңба ауылы деп аталған. Шанақ сыбызғы тарту өнерін әкесінің ағасы Төти, нағашы ағасы Сүлеймен деген кісілерден үйренген.

Шанақ сыбызғы тартудың тамаша шебері болумен бірге, сыбызғыда тартылатын көптеген халық күйлерін бүгінгі күнімізге жеткізген адам. Оның репертуарында «Ертіс толқыны», «Жамал-ай», «Жесір әйел», «Жетім қыз», «Телқоңыр», «Бозінген», «Қалмақтың күйі», «Балжыңгер», «Жорға аю», «Көк бұға» сияқты ондаған күй бар. Қазақтың көптеген музыка зерттеушілері Шанақтың тартуында көптеген сыбызғы күйлерін алғаш рет нотаға түсірді.

Ахмедияров Қаршыға (Қаршымбай) /1946-2010/ — дәулескер домбырашы. Бұрынғы Гурьев облысының Махамбет ауданына қарасты Таңдай селосында туылған. Қаршымбай Алматы консерваторясын Қ.Мұхитовтың класы бойынша 1972 жылы бітірді. 1967 жылдан бастап-ақ Құрманғазы атындағы халық аспаптары оркестрінде жетекші домбырашылардың бірі болып еңбек етті. Қазақтың күй өнерін насихаттаудағы толымды еңбегі үшін және сирек кездесетін дәулескер домбырашылығы үшін 1982 жылы ҚР Мемлекеттік сыйлығына ие болды.

Ахмерұлы Қабыкей /1924/ — музыкалық фольклор жинаушы белгілі маман. Баян-Өлгий аймағындағы Бұлғын сұмының Сөңкіл деген жерінде туған. 1975 жылы Өлгийде қазақтың ұлт аспаптар оркестрін ұйымдастырушы қызметін атқарған, МХР-дың еңбек сіңірген артисі.

Қабыкейдің өскен ортасына ән мен күй дарыған. Әкесі Ахмер, ағасы Қызыл, әпкесі Жұқа өнерпаз адамдар болған. Қабыкейді ән-күйге баулыған. Сол ортадағы Н.Қытайбай, Ж.Қасихан домбырашылар, М.Ыбырай сыбызғышы Қабыкейге халықтың ұшан-теңіз күй өнерін үйреткен.

Қабыкей 1958-1959 жылдары Қазақстанда болып, Тілендиев Нұрғиса, Оспанов Тұрғыт, Қажығалиев Шамғон, Есқалиев Әзидолла сияқты белгілі композиторлардан, музыка мамандарынан, домбырашылардан тәлім алады.

Қабыкейдің халқымыздың ән-күйін жинап, нотаға түсіріп, жариялауда сіңірген еңбегі зор. Ол жинаған ұшан-теңіз музыкалық мұралар «Монғолия қазақтарының халық әндері» /1965/, «Ән» /1927/, «Баян-Өлгий қазақтарының домбыра және сыбызғы күйлері» /1976/, «Қазақ әндері» /1984/ деп аталатын кітаптарда жарияланды.

Қабыкейдің өзі шығарған ән-күйлері де ел арасына жақсы таныс.

Әбіқиев Ахметжан /1903-1986/ — Торғай өңірінің белгілі халық ақыны, жезтаңдай әнші, дәулескер күйші. Торғай облысы, Жангелдин ауданы, «Шилі» совхозында дүниеге келген. Әкесі Әбіқай да төңірегіне ақындығымен танылған. Ахметжан белгілі халық ақыны Ахметбеков Нұрқан сияқты ел ішінің шежіре-сырына жүйрік адамдармен дәмдес, дос болған. Иісі қазақтың шежіре сөзі мен өнегелі әңгімесін Ахметжан мейлінше мол білген, ғалым-зерттеушілеріміз бен ақын-жазушыларымызға көп дерек берген.

1937 жылы Алматыда өткен көркемөнерпаздардың республикалық байқауында Дина Нұрпейісова бірінші орынға, Ахметжан екінші орынға ие болды.

Әбілтаев Шәміл /1948/ — белгілі күйші-композитор, Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты. Құрманғазы, Дәулеткерей, Дина күйлерін жеріне жеткізе тартумен бірге, өзі шығарған әндері мен күйлері де жұртшылыққа жақсы таныс.

Әлпекұлы Ахметбек /1938/ — күй аңызын айтушы. МХР, Баян-Өлгий аймағының Ұланхұсын сұмынында туылған. 1972 жылы Құрманғазы атындағы Алматы консерваториясын Ш.Қажығалиевтың класында бітірген. Қазір Баян-Өлгийдің музыкалық драма театрындағы Қазақтың халық аспаптар оркестрінің дирижері болып еңбек етеді.

Әлімғазиев Закария /1915-1977/ — домбырашы. Семей облысына қарасты Мақаншы ауданының Фрунзе атындағы колхозында туып-өскен. Халық күйлерінің аңызын мол білген, сонымен бірге күйді де нәшіне келтіре тартқан адам. Үлгі тұтып, тәрбие алған ұстаздары Бәдіғұл, Жасболат, Нұрбек деген төңірегіне белгілі домбырашылар. Закария «Шанды шабуыл», «Қапты қақ», «Барақ батыр» сияқты ондаған халық күйлерін тартқан.

Жасынан жүйрік ат, қыран бүркіт, құмай тазы ұстап, саятшылық құрған Закария өзінің сергек болмысымен төңірегінде сері атанған. Дәулескер домбырашының бұл қасиеті республика киношылары түсірген «Ақиық» атты деректі фильмде жарқын көрініс тапқан.

Әрінұлы Башар /1889-1872/ — қазақ шежіресін мейлінше көп білген адам. Жезқазған облысының Жаңаарқа ауданындағы С.Сейфуллин атындағы совхозда ғұмыр кешкен. Башекең Шоңманұлы Тоқа, Дүкенұлы Ықылас сияқты әйгілі күйшілердің көзін көрген адам. Шоңманұлы Тоқа дүниеден қайтқанда топырақ салған.

Белгілі жазушы Мұқанов Сәбит кезінде Башар ақсақалды арнайы іздеп келіп, көп сұхбаттасып, «Шерім бір тарқады-ау!» деп аттанған екен.

Әсемқұлов Талас /1956/ — домбырашы, белгілі жазушы. Семей облысының Шұбартау ауданынан. Әйгілі күйші Байжігіттің мұрасын тұңғыш жеткізіп, нотаға түсуіне, күйтабаққа жазылуына себепші болған.

Ұрпақтан ұрпаққа үзілмей жалғасқан Байжігіттің мол мұрасын нәшіне келтіре тартқан соңғы тұяқтардың бірі Жүнісбай домбырашы болған. Жүнісбай өз кезегінде бойындағы асыл өнерді жиені Таласқа үйреткен.

Әубәкіров Ілияс /1895-1967/ — белгілі домбырашы. Қарағанды облысының Теңіз ауданында туылған. Кезінде Үкілі Ыбырай, Балуан Шолақ сияқты өнерпаздардың жанына еріп,

серілік құрған. Балуан Шолақтың «Ғалия» әні арналатын ару Ғалияның қолынан қымыз ішкен. Жастық желікпен барымтасырымта жасап, Сібірге жер ауған.

Кеңес заманында Ілияс өз бойындағы күйшілік, әншілік, жыршылық қасиеттерін жарқырата көрсетті. 1934 жылы өткен халық дарындарының Бүкілқазақстандық байқауында Әубәкіров Ілияс күй тартуда екінші орынды жеңіп алды. Ілиястың репертуарында «Орақ зары» сияқты халық күйі, Абылай ханның «Садақ қақпай» деп аталатын күйі болған. Сонымен бірге өз жанынан «Толқыма» деген күй де шығарған.

Әшімов Шәміртаза /1908-?/ — белгілі домбырашы. Жезқазған облысының Балқаш қаласында туылған. Жеті атасынан бері қарай әншілік, күйшілік дәстүрі үзілмей келе жатқан әулеттің ұрпағы. Домбыра тартуды ағасы Шыраттан үйренген.

1935 жылы М.Калининнің Қазақстанға келуіне байланысты қойылған салтанатты концертке А.Жұбановтың шақыруы бойынша Шәміртаза да қатысып, толымды өнері үшін бағалы сыйлық пен мақтау грамотасын алған.

Әшімов Шәміртаза халық күйлерін нәшіне келтіріп тартумен бірге, өз жанынан ән-күй де шығарады. Оның «Жас дәурен» әнін өз төңірегі қызыға айтады.

Байсейітов Мақсұт /1927-1972/ — ақын, халық мұрасын жинаушы. Қарағанды облысының Тельман ауданындағы Сарытау деген жерде туған. «Өмір оты» /1953/, «Қарқаралы басында» /1977/ атты өлең кітаптардың авторы.

Мақсұттың әкесі Байсейітов Ыбырай кезінде республика жұртшылығына танымал домбырашы болған. Алғаш рет Тоқаның, Дайрабайдың, Қыздарбектің, Әбдидің күйлерін астана тыңдаушыларының алдында тартқан кісі осы Ыбырай. Ол кісінің өзі шығарған «Нарқызыл» атты күйі де бар.

Балмағамбетов Садуақас /1941-1999/ — әйгілі күйші, Қазанғаптың мол мұрасын жеткізген санаулы домбырашылардың бірі. Ақтөбе облысының Шалқар ауданына қарасты «Сарбұлақ» совхозында туған. 1974 жылы Алматы консерваториясын Қ.Тастановтың класында бітірген. Кейін осы консерваторияда аға оқытушы болып қызмет істеген. Оның қолында Қазанғаптың алпысқа тарта /варианттары мен жүз қаралы/ күйі бар. Садуақастың әкесі Балмағамбет дәулескер күйші болған адам. Бекет пен Ерназар батырларға арнап «Қос

қыран» атты күй де шығарған. Балмағамбет ертерек дүние салып /1941/, Садуақас домбыра тартуды нағашысы Қуантайұлы Матайдан үйренеді. Кейін Қазанғаптың көзін көрген Ержанов Қадыралы /1905-1987/, Байғанин Момын /Нұрпейіс жыраудың баласы/, Айпақов Жәлекеш, Сартов Шүрен сияқты домбырашылардан көп өнеге, дерек алған. Қазанғап күйлерін өзіндік өрнек-сазымен тартатын бірден-бір домбырашы осы — Садуақас.

Басығараев Бақыт /1928-2001/ — белгілі домбырашы, күйші, Қазанғаптың күйшілік мектебін жалғастырушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері. Қызылорда облысының Арал ауданына қарасты Құланды деген жерінде туған. Қазір Ақтөбе облысының Шалқар ауданына қарасты Айшуақ ауылындағы музыка мектебінде домбырадан сабақ берген.

Бақыт ел ішінде жүріп, халықтың күйшілік өнеріне жастайынан ден қойған, көкірегіне мол дерек жинақтаған дарынды домбырашы. Оның репертуарында Қазанғап күйлері айрықша мол. Себебі Қазанғаптың көзін көрген төл шәкірттерінің бірі Есжанов Қадыралы /1905-1987/ Бақыттың туған нағашы ағасы. Бақыттың шешесі Балсұлу Қадыралының туған қарындасы. Қадыралы Бақытқа домбырашылықтың қыр-сырын үйретумен бірге, Қазанғаптың қыруар күйін мұра еткен. Қазанғаптың көзін көріп, күйін өз қолынан үйренген Әлім руының Төртқарасынан шыққан Жұмәлі, Жанқылышынан шыққан Әбдіғали сияқты домбырашылар да Бақытқа көп үлгі-өнеге берген.

Бақыттың өз жанынан шығарған «Толқын», «Аманғосым, аман бол» атты күйлері бар.

Бәдігұлов Нүкеш /1936-1999/ — белгілі ақын. ҚХР, Шыңжаң өлкесіне қарасты Дәрбілжін ауданының Ақсу аулында туған. «Бәйтерек» /1974/, «Нұрлы жұлдыздар» /1976/, «Күлімде шуақ» /1979/, «Жарық сәуле» /1982/, «Сырлы ағыс» /1984/ сияқты кітаптары жарық көрген. Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық университеттің филология факультетін бітірді. Қазір Қазақстан Жазушылар одағында әдеби кеңесші.

Бегалин Сапарғали /1895-1982/ — белгілі жазушы. Семей облысының Абай ауданында туған. Сапекең өзінің тырнақ алды өлеңін 1914 жылы «Айқап» журналына жарияланғаннан бастап, өмірінің соңына дейін қаламын қолынан түсірмей өндіре жазған қаламгер.

С.Бегалин шығармашылығының елеулі бір арнасы халық ақындарының, әнші-күйшілерінің өмірі мен өнеріне арналған. Өмірден көрген-түйгені мол Сапекең бұл тақырыпта да тарихымыз бен мәдениетімізді нұрландыра қыруар дерек қалдыра білді.

Бекмұратов Шамұрат /1925-?/ — қобызшы, қобызға дауыс қосып жыр-терме, қыса-дастан айтатын байырғы дәстүрдің соңғы өкілдерінің бірі. Туып-өскен жері Қарақалпақстанның Қоңырат ауданы. Қазір Нүкіс қаласында тұрады. Қобыз шалуды нағашы ағасы Ақназаров Жанғазардан үйренген.

Ш.Бекмұратов Ұлы Отан соғысына қатысқан. Оның қобызға дауысын қосып айтуында «Қобыланды» эпосы күйтабаққа жазылған. Әйгілі сыбызғы күйшісі Сармалай күйлерін Шамұрат қобызға салып тартады.

Бекмұханбетұлы Омархан /1915-1986/ — Мергенбай күйшінің екінші ұлы Бекмұханбеттің кіндігінен шыққан дарынды күйші, домбырашы. Алматы облысының Шөлкөде жайлауында өмірге келген. 1930 жылдары голощекиндік солақай саясаттың кесірінен туыстарымен бірге Қытай жеріне өтеді. Онда мектеп директоры, аудандық оқу ағарту ісінің бастығы болып қызмет атқарады. Көзі ашық, көкірегі ояу, ішкі мәдениеті жоғары Омархан атадан қалған күйшілік өнерді де тастамай, одан әрі жалғастыра береді.

Аталары Байғозы, Ердене, Мергенбай, Нұрмұханбет және Қожеке, Шалтабай, Абылай күйлерін, басқа да халық күйлерін нәшіне келтіре тартқан арқалы домбырашы, өзі де күй шығарған күйші болған. Өкінішке қарай, Кеңес өкіметінің сыңарзақ саясатының кесірінен Омарханның өнері көзі тірісінде ресми орындар тарапынан ескерілмеді, еленбеді.

Витенов Мұхит /1912-1983/ — домбырашы. Орал облысының Жәнібек ауданындағы Қамысты аулында туды. Домбыраны бала кезінен тартқан. Оның домбырашылық өнерінің шыңдалуына туысқаны — дарынды күйші Дүйсенғалидың ықпалы көп болды.

Мұхит 1941 жылы Ұлы Отан соғысына аттанып, 1945 жылы оралғанда үш баласының бірдей қайтыс болғанын естіп, қатты қайғырып «Үш балам» атты жоқтау күйін шығарды. Соғыстан кейін Қарағанды облысының Жаңаарқа ауданындағы «Ортау» совхозында тұрды.

Мұхиттың репертуары өте бай болған. Ол көптеген халық күйлерін орындаумен қатар, Құрманғазы, Соқыр Есжан, Түркеш, Өкібас, Ыбырай т.б. күйші-композиторлардың күйлерін жақсы тартатын. Орындаушылық өнерімен қатар, Мұхит өз жанынан да көптеген күйлер шығарған.

Бөкеев Оралхан /1943-1993/ — белгілі қаламгер. Шығыс Қазақстан облысының Қатонқарағай ауданына қарасты Шыңғыстай ауылында туған. 1969 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетін бітірді. Республикалық «Лениншіл жас», «Жұлдыз», «Қазақ әдебиеті» сияқты газет-журналдарында қызмет атқарды.

Ол Н.Островский атындағы Бүкілодақтық әдеби сыйлықтың, Қазақстан Жастар одағы сыйлығының, «Молодая гвардия», «Жалын» баспаларының сыйлықтарының және ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері. Шығармалары ағылшын, неміс, чех, болгар, венгр, араб, жапон тілдеріне, сондай-ақ туысқан республикалар халықтарының тілдеріне аударылған.

О.Бөкеев тамаша қаламгерлігіне қоса, Қазақстанның шығыс өңірінде айтылатын аңыз әңгімелердің, этнографиялық мысалдардың білгірі.

Бөкейханов Науша /1870-1944/ — күйші. Бөкей хандығына қарасты Шоңай көлі (қазіргі Орал облысының Жәнібек ауданы) деген жерде туды. Ол — Бапастың (Дәулеткерейдің) жиені. Науша Бөкей ордасының атақты домбырашыларының ортасында өсті. Оған Салауат, Мақар, Тұрып сынды дарынды күйшілер ұстаздық етті. Науша Дәулеткерей күйлерін оның ұлы Салауаттың өзінен үйренді. Сондықтан болар, Наушаның репертуарында Дәулеткерейдің 50-ден астам күйлері болған.

Ол 1935 жылы Алматыға келіп, сол кезде құрылып жатқан халық аспаптары оркестрінің іргетасын қалаушылардың бірі болды. Наушаның репертуарында тоқсаннан аса күй болатын. Оның репертуарынан алынған отыз күй Құрманғазы атындағы халық аспаптары оркестрінің алтын қорына айналды.

Финаятұлы Бабағұмар /1967/ — ел ішінің шежіре әңгімелерді жинап жүретін зерделі жас. Моңғол Халық Республикасының Баян-Өлгий аймағында туған. Венгрияның ауыл шарушылығы институтында екі курс оқып, қазір Ұлан-Батор Ауыл шаруашылығы институтын аяқтаған.

Дүйсеков Бейсен /1877-1962/ — шежіреші, халық мұраларын жинаушы. Семей облысының Жарма ауданына қарасты

«Рассвет» совхозындағы Бүрліағаш бөлімшесінде туып-өскен. Жас кезінен Сарыарқаны, Алтай мен Тарбағатайды, Моңғолиядағы Қобда аймағын көп аралаған. Қалмақ, қытай тілдерінде еркін сөйлеген.

Ол әсіресе Қазақстанның орталық, шығыс өңіріне қатысты ру шежіресін, жер жайын, топонимдік аңыз-әңгімені мейлінше көп білген адам.

Жақанов Илья /1936/ — жазушы, композитор. Жамбыл облысының Сарысу ауданына қарасты «Жаңатас» (бұрынғы «Ілгерібас» колхозы) совхозында туған. Әйгілі қобыз күйшісі Дүкенұлы Ықыластың аталас ұрпағы. 1963-1984 жылдары Қазақ радиосының музыка редакциясында еңбек етіп, қазақ музыкасын насихаттауда елеулі еңбек еткен.

И.Жақанов қазақ музыкасы мен қазақ өнерінің майталмандарына арналған «Қайта оралған ән» /1968/, «Хош бол вальс» /1968/, «Екі жирен» /1971/, «Махаббат вальсі» /1983/, «Аққулар қонған айдын көл» /1988/ сияқты кітаптардың және көптеген радиопьесалардың авторы. Оның «Нені ойладың», «Даниярдың әні», «Әсел», «Жайлаукөл кештері», «Түнгі сыр», «Толағай», «Балқан тау» сияқты ондаған әндері жұртшылыққа кеңінен танымал.

Жалмышев Сағын /1936/ — домбырашы. Туып-өскен жері — Атырау облысы. Сағын домбыра тартуды жеті жасынан бастаған. 1958 жылы әскери міндетін өтеп қайтқан соң, Атырау қаласында ҚР-нің еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, күйші Құсайынов Сейілхан ұйымдастырған Нұрпейісова Дина атындағы ұлт аспаптар оркестріне қатысады. Мұның өзі Сағынның домбырашылыққа біржолата ден қоюына себепші болады. Бұл жолда оған ұстаздық етіп, көп тағылым берген адамдар: күйші-композитор Тілендиев Нұрғиса, домбырашылар Өскенбаев Мұрат, Сұлтанов Фазыл, Есқалиев Әзилдолла.

С. Жалмышев Құрманғазы, Дәулеткерей, Боғда, Сейтек, Қазанғап сияқты дәулескер күйшілердің жүзге тарта күйін орындайды. Оның тартқан күйлері күйтабақ болып шыққан. Қазақ радиосының теледидардың, ҚР Ғылым академиясы Әдебиет және өнер институтының қорында Сағын тартқан көптеген күйдің үнтаспасы сақталуда.

Жаманғараев Совет /1929/ — күйші. Өзбекстандағы Бұхара облысына қарасты Тамды ауданында туған. Әкесі Сүгірбаев

Жаманғараның күйлерін тартып, аңыз әңгімелерін жеткізуші, «Жас дәурен» /1960/, «Өлеңдер» /1965/, «Құрдастар» /1966/ деп аталатын өлең кітаптары жарық көрген.

Жантайлақұлы Қасихан /1914-?/ — домбырашы, халық күйлерін насихаттаушы. МХР, Баян-Өлгий аймағының Бұлғын сұмынында туылған. Оның әкесі Жантайлақ — әйгілі Көбеш батырдың нересі.

Жантілеуов Қали /1902-1970/ — ҚР-нің халық артисі /1954/, белгілі күйші-домбырашы. Орал облысының Жаңа-қала ауданында дүниеге келген. Ұстазы — әйгілі халық күйшісі Ерғалиұлы Мәмен /1858-1931/. Мәмен өз кезінде Құрманғазыға шәкірт болған. Қ. Жантілеуов 1934 жылы Қазақстан өнерпаздарының тұңғыш рет өткен слетіне қатысып, бірінші орын алған. Көп жылдар бойы Құрманғазы атындағы Мемлекеттік халық аспаптары оркестрінің домбырашысы болды. Құрманғазы атындағы мемлекеттік консерваторияның халық аспаптары кафедрасында /1945-1955/, Қазақтың Жамбыл атындағы мемлекеттік филармониясында /1955-1968/ еңбек етті.

Қ.Жантілеуов Қазақстанның батыс өңіріндегі күйшілік өнердің майталман білгірі, күйдің әрін тайдырмай халықтық дәстүрде орындаудың буынсыз шебері. Ол кісіден тағылым алған күйші-композиторлар, домбырашылар: Ү.Омаров, Х.Тас-танов, Қ.Мұхитов, Н.Тілендиев, Ә.Есқалиев, Қ.Ақмедияров, Ш.Әбілтаев, С.Балмағамбетов т.б.

Жәлімбетов Нәби /1907-1989/ — белгілі домбырашы. Қызылорда облысының Қазалы ауданына қарасты Ақсиық деген жерде туылған. Халықтың байырғы күйлерін көп білген, ол білгенін келістіре тартқан дәулескер домбырашы. Сыр бойындағы Мырза, Айсүгір, Жалдыбай сияқты әйгілі күйшілердің дәстүрін жалғастырған соңғы өкілдерінің бірі.

Нәби 1940 жылға дейін Қазалы темір жолында еңбек етіп, кейін Қызылорда облыстық филармониясында домбырашылық қызмет атқарған. «Нар идірген», «Ақсақ құлан», «Құлан жорға», «Баулы ешкі» сияқты байырғы күйлерді белгілі домбырашы, музыка маманы Райымбергенов Абдулхамит нотаға түсірген.

Жұбанышұлы Сандуғаш /1959-1998/ — домбырашы. Монғол Халық Республикасының Баян-Өлгий аймағындағы Делуін сұмынында туған.

Сандуғаш еңбек жолын машина жүргізуші болып бастап, Өлгийдің музыкалық драма театрындағы оркестрде біраз уақыт домбырашы болды. Қазір Қазақтың ауыл шаруашылығы институтының мал дәрігерлік факультетінде оқиды. Сандуғаш халқының рухани мұрасына қатысты шежіре сөзді көп біледі.

Жылқыбаев Қойбағар /1900-1981/ — күйші. Жезқазған облысының Жаңаарқа ауданында туып-өскен. Әртүрлі жұмыстар атқарған еңбек адамы. Әйгілі күйші Шоңманұлы Тоқаның көзін көріп, көптеген күйлерін, өмір деректерін білген.

1960 жылдары республикалық халық шығармашылығы Үйі мен республикалық радиоға Тоқа Шоңманұлының «Жалғыз шырақ», Бәйшеттің Қыздарбегінің «Жетім қыз» сияқты күйлерін бас етіп, бірнеше күй жаздырған.

Кәбішев Өзбек /1921-1981/ — күй аңызын айтушы. Қарағанды облысының Егіндібұлақ ауданында туған. Өзбек — Тәттімбеттің туған шөбересі. Тәттімбеттен Қыстай, одан Кәбіш /1880-1934/, одан Өзбек туады. Күйші бабасының тұтынған заттары, суреті, медальдары мен грамоталары осы Өзбектің үйінде сақталып келді. Өкінішке орай, 1928 жылы Тәттімбеттің немересі Шайқы бай-болыстың тұқымы ретінде көмпескеленіп, тұтқындалған кезде, басқа туыстары күйші бабасына қатысты заттардың бәрін құртып жіберуге мәжбүр болған.

Семей музейіндегі Қазанғап пен Тәттімбеттің медальдарын жазушы Сатаев Амантай осы Өзбектен алып, табыс еткен.

Керімқұлов Омархан /1935/ — күйші. Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданындағы Сөгеті ауылында тұрады.

1954 жылы Құлжа қаласында күйші-домбырашылардың күй сайысы өтеді. 19 жасар Омархан сонда 120 күйді мүлтіксіз орындап, жеңімпаз атанады.

Күйшілікке Қожекенің баласы Рақыш, Шіде секілді өнер иелері баулыған. Заман ағымы, тұрмыс тауқыметі Омарханға көп жылға дейін домбыра ұстатпады. Оның күйшілік-домбырашылық өнерінің қайта түлеуі еліміздің тәуелсіздік алуымен байланысты. Ол туралы газеттерде, теледидарда бағалы пікірлер айтылып, Жетісу өлкесіндегі күйшілік мектебінің есігі қайта ашылғандай болды. Омарханның өзі де күй шығарумен айналысады.

Қазыбеков Нұрқасым /1936/ — белгілі жазушы. Туған жері — ҚХР, Іле қазақ автономиялы облысына қарасты Текес ау-

даны. «Тұсаукесер» /1974/, «Шалғайдағы мектеп» /1974/, «Бейтаныс» /1978/, «Ағайын» /1982/ сияқты кітаптары жарық көрген. Құлжадағы А.Хасыми атындағы педагогикалық училищені /1957/, ҚазМУ-дің филология факультетін /1968/ бітірген.

Қаймолдин Омар /1910-2011/ — күйші. Қазіргі Семей облысының Шұбартау ауданында туған. Домбыра тартуды мамандық етпесе де, жан азығы еткен. Репертуарында қалың көпшілікке белгісіз күйлер көп. Әсіресе Байжігіт күйлерін көп тартады. Алғашқы ұстазы — әкесі Қаймолда. Үлкен атасы Шонтай да белгілі күйші болған. Әкесінен күйлер үйренумен қатар, Рәмилә, Рақыш, Ысқақ, Оразай сияқты ел ішіндегі белгілі күйшілерден шеберлігін толыстырған.

Қалбасұлы Сыбанқұл /1865-1945/ — күйші. Қазіргі Ұйғыр ауданына қарасты Кетпен тауының баурайында дүниеге келген.

Сыбанқұл жастайынан қолына домбыра алып, еліне күйші бала атана бастаған шағында ауыл-ауылды аралап, ел ішіндегі күйшілерден күй, ән-жыр, аңыздар үйреніп, бойына сіңіреді. Сонымен бірге өзі де күй шығара бастайды. Ол өмірде қиыншылық көп көрген. Бір жағынан кедейшілігі қолын байласа, екінші жағынан жалпы елдің басына төнген аласапыран аумалы-төкпелі заман да оның еңсесін басады. Сондықтан да күйлерінің көбінің сарыны мұңды-зарлы келеді.

Қатшаұлы Шабдарбай /1936/ — жазушы, музыка тарихын зерттеуші. Монголиядағы Баян-Өлгий аймағында туған. 1963 жылы Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық университетін бітірді. «Көрімдік», «Күн ашық», «Қалқатай», «Алтай суреті» деп аталатын өлең кітаптарының, «Керім-ау айдай» атты пьесалар жинағының, «Өрлеу», «Өз қолымен», «Бақталас», «Түтін иісі» романдарының авторы.

Белгілі музыка зерттеушісі Ахмерұлы Қабыкеймен бірлесіп қазақ ән-күйлерін, аңыз-әңгімелерін жинасуға атсалысқан.

Қожаханов Кэрмен — күйші. Семей облысында туып-өскен. Өзге дерек жоқ.

Құдайбергенов Бұралқы /1878-1962/ — халық ақыны, шежіреші. Жезқазған облысындағы Жаңаарқа ауданына қарасты «Жеңіс» совхозында туған. Жиырмамыншы жылдары коллективтендіру жұмысына қатысып, үгіт-насихат өлеңдер

шығарған. Ұлы Отан соғысы жылдарында үгіт-концерт бригадасына жетекшілік етті.

Б.Құдайбергенов Жапақов Маясар, Нұрмағамбетов Жолдекей сияқты халық ақындарымен айтысқан. Бұралқының Орал қызбен айтысы ел ішінде кең тараған.

Құдайбергенов Бұралқыдан қалған мұралар ҚР ҒА Орталық ғылыми кітапханасының (250, 730, 1457-бумалар) және М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында (749-бума) сақтаулы тұр.

Құмақайұлы Кәлек /1930/ — сыбызғышы. МХР, Баян-Өлгий аймағындағы Тұлба сұмынында туған. Сыбызғы тарту өнерін және сыбызғыда тартылатын көптеген күйлерді әкесі Құмақайдан үйренген. Қазір Баян-Өлгийдің музыкалық драма театрындағы Қазақтың халық аспаптары оркестрінде еңбек етеді.

1976 жылы Өлгийде жарық көрген «Баян-Өлгий қазақтарының домбыра және сыбызғы күйлері» атты кітапта Қ.Құмақайұлының тартуында бірнеше күй берілген.

Құсайынов Мұқас /1927-?/ — домбырашы. Орал облысының Тайпақ ауданындағы Краснояр ауыл советіне қарасты Масат деген жерде туған. Домбырашылық әулетіне дарыған. Мұқас та домбыраны өз бетінше үйреніп, репертуарындағы Баламайсаң, Түркеш, Құрманғазы сияқты күйшілердің шығармаларын ел ішінен құлағына сіңірген.

Құсайынұлы Мұсайып /1941/ — күйші. МХР, Баян-Өлгий аймағының Алтынсөг сұмынында туылған. 1967 жылы Құрманғазы атындағы Алматы консерваториясын Қ.Тастановтың класы бойынша бітірген. Қазір Баян-Өлгийдің музыкалық драма театрында еңбек етеді.

Қылыбайұлы Риян /1932-1986/ — күйшілер туралы және олардың аңыздарын жеткізуші. МХР, Баян-Өлгий аймағының Ұланқұс сұмынында туған. Ол Өсерханнан тәлім алған. «Бөйге», «Қайран төтем», «Намыс», «Құлагер» қатарлы он күй шығарған.

Марғұлан Әлкей /1904-1986/ — аса көрнекті қазақ ғалымы, бұрынғы Бүкілодақтық География қоғамының толық мүшесі /1933/, филология ғылымының докторы /1946/, ҚР Ғылым академиясының академигі /1958/, Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері /1961/, профессор /1960/, Қазақ КСР

Мемлекеттік сыйлығының лауреаты /1966/. Қазақстандағы тарих, архелология, этнография, әдебиет пен өнер саласындағы ғылыми ойдың дамуы Ә.Марғұланның есімімен тікелей байланысты. Ол кісінің 300-ден астам ғылыми зерттеу еңбектері Орта Азия мен Қазақстан мәдениетінің тарихи тегін тануда сүбелі мұра болып табылады.

Мергенбайұлы Нұрмұханбет /1886-1944/—Жетісу өлкесіне аты әйгілі күйші, әрі домбырашы болған адам. Мергенбай күйшінің үлкен ұлы. Сан рет күй тартысына қатысқан. Домбырасының ішегі ұстараның жүзімен сипай тартқан майдақоңыр күйлерін ешкім қайталай алмаған. Кейде аяғының саусақтарымен де тартқан екен. Ақбайдың Нұрғожасымен күй тартысады. Нұрғожа пышақтың жүзімен тартады. Есесіне Нұрмұханбет ұстараның жүзімен тартып жеңеді.

Репертуарында аңыз күйлер, тарихи күйлер, табиғат суреттеріне, адам тағдырына арналған күйлер мол болған.

Домбыраны таңды-таңға ұластырып тартқанда еш шаршамаған, тыңдаушысын да жалықтырмаған. Тәрде отырса, күй ырғағымен бірге жорғалап босағаға барып, босағадан төрге өтіп кеткенін өзі де байқамайтын болған. Нұрмұханбет оң қол саусақтарын шанаққа тигізбей тартуды шеберліктің шыңы деп бағалаған да, шәкірттерінен соны талап еткен.

Мерғалиев Тмат /1936-2009/—музыка зерттеуші. 1964 жылы көркемөнерпаздар үйірмесінің жетекшісі болып қызмет атқарып жүрген Құсайынов Мұқастан Асанқайғының «Ел айырылған» күйін жазып алып, нотаға түсірген.

Мүсәпіров Әшірбек /1904-1982/—белгілі домбырашы. Жезқазған облысының Балқаш қаласында туған. Төңірегіне әнші-күйшілігімен танымал болған өнерпаз адам. 1935 жылы М.И.Калининнің Қазақстанға келуіне байланысты қойылған салтанатты концертте күй тартып, шебер домбырашы ретінде көзге түскен. Кейін Құрманғазы атындағы халық аспаптары оркестрінде біраз жыл қызмет атқарады.

1939 жылдан бастап денсаулығына байланысты Балқаш қаласына қайтып оралған Әшекең Қоңырат руднигіндегі көркемөнерпаздар үйірмесінде халық аспаптары оркестрін басқарды.

Ә.Мүсәпіровтың өзі шығарған көптеген ән-күйлері Балқаш өңіріне кеңінен мәлім.

Мықтыбаев Дәулет /1904-1976/ — әйгілі қобызшы. Ықылас күйлерін жеткізіп, аңызын айтқан санаулы қобызшылардың бірі. Ақмола облысының Қорғалжын ауданында туған.

Дәулет Ықыластың төл шәкірті Тоқтамышұлы Әбікейден, Ықыластың баласы Түсіпбектен қобыз тарту өнерін үйреніп, тағылым алған. Кейін Д.Мықтыбаев Құрманғазы атындағы консерватория студенттеріне ұстаздың етті. Бүгінгі күнімізге белгілі қобыз күйлерінің басым көпшілігін жеткізген Мықтыбаев Дәулет.

Мырзабеков Алдаберген /1930/ — Қазақ КСР-інің халық артисі. Жамбыл облысының Сарысу ауданына қарасты Байқадам селосында дүниеге келген. 1955 жылы Алматы консерваториясының халық аспаптары факультетін Л.М.Шаргородскийдің класы бойынша бітірген. Сол жылдан бастап бүкіл шығармашылық өмірі халық аспаптары оркестрімен тығыз байланысты. 1960 жылдан бастап Қазақтың Құрманғазы атындағы мемлекеттік халық аспаптары оркестрінің дирижері, сонан соң, бас дирижері, әрі көркемдік жетекшісі болды. 1964 жылдан Алматы консерваториясында педагогтық қызметпен қатар айналысып келеді. Консерватория студенттерінен құрылған халық аспаптары оркестрінің бас дирижері, әрі көркемдік жетекшісі болған. 1988 жылы профессор атағын алған.

Оңғаров Мүйімсат /1912-?/ — белгілі сыбызғышы. Маңғыстау облысының Маңғыстау ауданына қарасты «Ақшымырау» совхозында туған. Жеті атасынан бері қарай сыбызға тартқан әулеттің соңғы ұрпағы /Дәулеті — Құлбарақ — Ахмет — Қажыр — Байнияз — Оңғар — Мүйімсат/. Содан да болар, Мүйімсат репертуарында сыбызғы күйлерінің сирек кездесетін нұсқалары бар. Сыбызғышылық өнерінің шырдалуына ағасы Бауыржан көп ықпал еткен.

Мүйімсат — еңбек адамы. Жастайынан балықшылық кәсібінде, Таушықтағы көмір шахтасында еңбек етті. Ұлы Отан соғысына қатысты. Кейін қой шаруашылығында болып, 1975 жылы еңбек демалысына шықты. Қазір Маңғыстау ауданына қарасты «Шетпе» ауылында дүниеден озды.

Белгілі домбырашы, музыка маманы Райымбергенов Абдулхамит Мүйімсат ақсақалдың тартуында көптеген сыбызғы күйлерін алғаш рет нотаға түсірді.

Оразалиев Класбек /1933/ — домбырашы, күй аңыздарының білгірі. Өзбекстан, Науаи облысы, Үшқұдық ауданында дүниеге келген. Репертуарында жүзден астам күй бар. Өсіресе Сыр байындағы, Үстірт, Маңғыстау атырабындағы жыр-термелер мен толғаулардың сарынын күйге айналдырып тарту дәстүрін терең меңгерген. Тосын тыңдаушы тап басып тани бермейтін, тіптен құлақ қанықпаса, бір сарын болып естілетін осынау мейлінше қызықты күйшілік мектептің ел ішіндегі ең жарқын өкілдерінің бірі деп Класбекті айтуға болады. Балқы Базар, Көшкінбай жырау, Бала жырау, Дүр Оңғар, Шораяқтың Омары, Кете Жүсіп, Әкімкерей, Кетенің қос жүйрігі атанған Сүйкімбай мен Сүйіндік сияқты жыршы-жыраулардың сарын-саздарын, әндерін Класбек бас-аяғы бүтін күй деңгейінде тартады.

Класбектің ұстазы белгілі домбырашы Жайықбаев Жүсіп болған. Ал Жүсіп өз тұсында республикамызға танымал күйші ретінде 1936 жылы Москвада өткен Қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігіне қатысқан.

Орымбеков Бегімсал /1911-1985/ — күйші, домбырашы. Жезқазған облысының Босаға теміржол станциясында туып-өскен. Тоқа, Қыздарбек, Ықылас, Әбди, Әбікен сияқты белгілі күйшілердің көзін көрген, негізінен, сол күйшілердің күйлерін мейлінше нәшіне келтіріп тартқан.

Бегімсалдың «Бес перне», «Мырза шертпек» атты күйлерін Қарағанды, Жезқазған облысындағы домбырашылар жақсы біледі.

Орынтаев Оспанбай /1909-1981/ — журналист, халық мұраларын жинаушы. Семей облысының Үржар ауданындағы Ақжар селосында туған. Көп жылдар бойы Қарағанды облыстық «Орталық Қазақстан» гезетінде еңбек еткен. Республикамызға аты мәлім халық ақындары мен әнші-күйшілер туралы мағлұматы мол естеліктерді, зерттеу мақалаларды жиі-жиі жазып тұрған.

Оспанов Зарлық /1898-1971/ — домбырашы. Қостанай облысының Аманкелді ауданына қарасты «Родник» совхозында дүниеге келген. Арқа мен Атыраудың домбырашылық дәстүрін тел игерген, шежіре сөздің білгірі.

Өскенбаев Мұрат /1904-1979/ — белгілі күйші, домбырашы. Қазіргі Маңғыстау облысына қарасты Ералиев ауданында дүниеге келген. Домбыраны өз әкесі, белгілі күйші, домбырашы әрі ақын, саятшы, серілігімен танылған Өскенбайдан

үйренген. Мұрат та, әкесі Өскенбай да сол өңірдегі әйгілі Боғда, Еспай сияқты дәулескер күйшілердің дәстүрін жалғастырушы ірі домбырашылар.

Сондай-ақ Мұрат Өскенбаев Тазбала, Абыл, Сәулебай, өз әкесі Өскенбай күйлерін толық меңгеріп, бүгінгі күнімізге жеткізген адам. Мұрат репертуарында 300-ден астам күйдің болуы, бұл кісінің қазақ музыка мәдениетіне қаншалықты өлшеусіз үлес қосқан танытса керек.

Өтебаев Рахмадия /1902-1989/ — халық ақыны, шежіреші. Қарағанды облысының Қарқаралы ауданында туып-өскен. Әдеби мұрасы Қазақ ССР Ғылым академиясының М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтындағы қолжазбалар қорында /502/ сақтаулы.

Райымбергенов Абдулхамит /1957/ — белгілі күйші, ұстаз. Ақтөбе қаласында туған. 1972 жылы орта мектепті бітірген соң, Ақтөбе қаласындағы музыка училищесіне түседі. Оны ойдағыдай бітірген соң Құрманғазы атындағы Мемлекеттік Алматы консерваториясына түсіп, Тастанов Хабидолла мен Мұхитов Құбыштың класы бойынша 1981 жылы бітіріп шығады.

Абдулхамит 1984-1985 жылдары консерватория қабырғасында құрылған «Мұрагер» ансамблін ұйымдастырушылардың бірі. Осы ансамбльдегі жемісті еңбегі үшін Абдулхамитке 1990 жылы Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты атағы берілді.

Абдулхамит әйгілі Қазанғап күйшінің шығармаларын жинап, насихаттауға елеулі еңбек сіңіріп жүр. Қазанғаптың «Ақжелең» атты күй кітабының /1984/ жарыққа шығуына мұрындық болып, күйлерін жинап, нотаға түсіруде Абдулхамит халық мұрасының жанашыры ретінде тамаша өнеге көрсетті.

Садуақасұлы Кәдіркей /1898-1981/ — домбырашы, шежіре сөздің білгірі. Жезқазған облысының Жаңаарқа ауданы С.Сейфуллин атындағы совхозда туып-өскен. Белгілі күйші Шоңманұлы Тоқаның көзін көрген. Тоқа күйлерін бүгінгі күнімізге жеткізушілердің бірі. Кәдекеңнің шәкірті — белгілі домбырашы Тілеуханов Мұхаметжан.

Сағынғанұлы Құмар /1909-1987/ — күйші және олардың аңыздарын жеткізуші. МХР, Баян-Өлгий аймағының Ұланқұс сұмынында дүниеге келген. «Қүдіретторғай» және әкесі Сағынғанның «Делдал» деген күйлерін орындаған.

Сартқожаұлы Қаржаубай /1949/ — белгілі түркітанушы, тарихшы. МХР, Баян-Өлгий аймағында туған. Ұлан-Батор университетінің филология факультетін бітірген және Ленинград университетінің аспирантурасында оқыған. Қ.Сартқожаұлының белгілі кеңес түркологы С.Г.Кляшторныймен бірге жүргізген зерттеулерінің нәтижесінде бірігіп жазған ғылыми еңбектері ғылыми ортаға жақсы таныс. Қаржаубай көркем проза жазумен де айналысады. «Аялдамалар» /Өлгий, 1983/ атты әңгіме-повестер жинағы жарық көрген.

Сәлбенбекұлы Мұсайбай /1910-?/ — күйші. Қожеке бастаған күйшілер ауылында өскен. Күй шертуді Рақыштан, Шаңиядан, Шідеден үйренген. Репертуарында Қожеке мектебінің жүзге жуық күйі сақталған. Әр күйдің шығу себебін, аңыз-әңгімесін жатқа білумен қатар, ел тарихын да көкейінде деректерді де өте көп біледі. Өзі де күй шығарған. Ақындығы, термешілігі де бар.

Сүйінбеков Оразғали /1889-1964/ — күйші, күй аңызын айтушы. Батыс Қазақстан облысы, Тайпақ ауданында туған. Әкесі Сүйінбек өз еліндегі белгілі домбырашылардың бірі болған. Оразғали домбыраны алғаш әкесінен үйреніп, бертін келе ауылдағы домбырашылардың тартқан күйлерін мұқият тыңдап, репертуарын молайтады. Сөйтіп, ел ішінде әнші-күйші Оразғали атанады. Ол домбыраны Абыл, Есбай, Кәуен, Арыстан, Боғданың дәстүрінде тартады. Оразғалидың өзі шығарған, кеңес заманының тақырыбына арнаған күйлері де бар. Ол халық композиторларының күйлерін орындаған және олардың шығу тарихын жақсы білген.

Таласбай Елемес /1926/ — күйші. Алматы облысының Райымбек ауданындағы Кеген ауылында дүниеге келген. Сталиндік-голощекиндік асыра сілтеу заманында балдырған кезінде ата-ана, туған-туыстарының құшағында Қытай жеріне ауады. Арғы аталары Еспембет бақсылығымен әулие атанған, әрі асқан күйші болған екен. Еспембеттен Қожабек, Таласбай деген екі ұл туады. Таласбай да аймағына әйгілі күйші болған.

Елемес Таласбай «Мүйізбай», «Қарайт пен Сарайттың күйі», «Мұңлық-Зарлық», «Кенесеры-Наурызбай», «Аққу», «Бұлғын-сусар», «Бозінген», «Сұр теке» секілді халық күйлерін, Қожекенің, Бөлтіріктің т.б. композиторлардың күйлерін жеткізуші. Өзі де күй шығарады.

Тоқтаганов Айтжан /1948/ — белгілі домбырашы. Орал облысының Орда ауданында туған. Алматы консерваториясын дәулескер домбырашы Қарабалина Бақыттың класы бойынша бітірген. Айтжан біраз жыл Құрманғазы атындағы халық аспаптары оркестрінде еңбек етті.

Айтжан — қазақтың күйшілік мектептерін жақсы меңгерген санаулы домбырашылардың бірі. Оның домбырашылығы күйдің нәзік те сезімтал сырларын таныта тартуымен ерекшеленеді.

Тұрсынбеков Түсіпбек /1943/ — домбырашы. Қарағанды облысының Егіндібұлақ ауданында туылған. Тәттімбеттің атадан балаға жалғасқан мұрасын көкірегіне түйіп, тынымсыз насихаттап жүрген ұрпақтарының бірі. Түсіпбек әйгілі күйші, бабасының немересі Шайқының, шөбересі Өзбектің көзін көріп, нақтылы өмірбаяндық деректер жинақтаған. Тәттімбеттің «Азына», «Секіртпе», «Кенжетай», «Манабай», «Балқантау», «Майдасары», «Көш жанаған», «Сары қамыс» сияқты сирек тартылатын күйлерін жеткізуші де осы Түсіпбек.

Тұтқабеков Фазыл /1942/ — домбырашы. Жезқазған облысының Жаңаарқа ауданына қарасты Талдыбұлақ ауылдық советіндегі Талдыбұлақ деген жерде туған. Әкесі Қасым Арқаның Тәттімбет, Тоқа, Дайрабай, Ықылас, Қыздарбек, Әбди сияқты күйшілерінің алдын көрген арқалы домбырашылардан күй тартуды үйренген. Өзінің баласы Фазылды да алты жасынан бастап домбыра тартуға баулыған.

Фазыл мал шаруашылығының маманы болғандығына қарамастан, домбырашылыққа жан-тәнімен берілген адам. Тәттімбет, Тоқа сияқты дәулескер күйшілердің дәстүріне шаң жуытпай, әрін тайдырмай еңбектеніп жүрген ел ішіндегі білікті өнерпаздардың бірі.

Түсіпбеков Тұрсынбек — домбырашы. Қарағанды облысының Егіндібұлақ ауданында туылған.

Тілеуханов Мұхаметжан /1946/ — домбырашы. Жезқазған облысының Жаңаарқа ауданында туып-өскен. Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген мәдениет қызметкері. Тоқа күйлерін күйлерін республика жұртшылығына алғаш таныстырушылардың бірі. Мұхаметжанның тартқан күйлері күйтабаққа жазылған.

Тілегенов Тай /1900-1985/ — тарихи аңыз-әңгіменің білгірі, шежіреші, төрт түліктің сыншысы. Жезқазған облысы, Ұлытау төңірегіндегі Жезді ауданында туып өскен. Әсіресе

сол өлке тарихына жүйрік адам. Сәтпаев Қаныш, Марғұлан Өлкей сияқты ғалымдарға мол дерек берген. Ұлытаудың Алтыншоқы деген биігіндегі Ақсақ Темір қалдырған жазулы тасты тұңғыш рет /1922 ж./ ғылыми ортаға Тай Тілегенов хабарлаған. 1923 жылы Ленинград Эрмитажынан Семенов деген кісі келіп, Тай бастаған жеті адамға Алтыншоқыдағы жазулы тасты алдыртқан. Сөйтіп, Ленинградқа Жосалы темір жол станциясы арқылы алып кеткен. Бұл таста тарихи құнды айғақ-жазудың бар екенін кейін профессор Поппэ мен академик Ә.Марғұлан анықтады.

Уатханұлы Кәбетай — сыбызғышы. МХР, Баян-Өлгий аймағы, Тұлба сұмынында туған.

Уәлиев Ысқақ /1908-1944/ — дәулескер сыбызғышы. Орал облысының Казталовка ауданында туып-өскен. Ысқақтың әкесі Уәли төңірегіне танымал сыбызғышы әрі аңшы, сері болған. Құрманғазы, Дина сияқты әйгілі күйшілердің көзін көріп, дәм-тұзы жарасқан. Ысқақ сыбызғышылық өнерді алдымен өз әкесінен үйренген.

1934 жылдан бастап Уәлиев Ысқақ өнерін республика жұртшылығы тани бастаған. КазЦИК атындағы оркестрде сыбызғышы бола жүріп, Қазақтың Жамбыл атындағы филармониясының өнерпаздар тобымен бірге ел ішіне жиі-жиі шығып тұрған. Сол жылдары халық аспаптарында ойнаушылардың Бүкілодақтық конкурсына қатысып, жүлделі орынға ие болады. «Амангелді» кинофильмін дыбыстауға қатысады.

Әйгілі Сармалай күйшінің мұрасын бүгінгі ұрпаққа тұңғыш жеткізген осы Уәлиев Ысқақ. Ысқақтан алғаш рет жазып алған академик Жұбанов Ахмет.

Уәлиев Ысқақ Ұлы Отан соғысында ерлікпен қаза тапқан.

Үмбетбаев Сматай — қобызшы. Жезқазған облысының Жаңаарқа ауданына қарасты «Жеңіс» совхозында туған. Қобыз тартуды өз бетінше үйренген. Әкесінің айтуынша, Сматай 6-7 жасында қобыз сұрап, кешікпей-ақ көне аспапты тартуды игеріп кеткен. Сматай әйгілі күйші Дүкенұлы Ықыластың рулас /Тама руының ішіндегі Шақа бұтағы/ ұрпағы. Сондықтан да ол өскен ортасында жүйрік қобызшыларды көп тыңдап, халық өнерінің дәстүрлі үлгілерін көкірегіне қонақтата білген. Кейін Сматай өзінің туа біткен дарынын Құрманғазы атындағы консерваторяның қабырғасында шыңдап, Ж.Қаламбаев

пен Д.Мықтыбаев сияқты дәулескер қобызшылардан тағылым алған. Ол өз репертуарында бүгінгі күнімізге жеткен қобыз күйлерін түгелге жуық игерген.

Үрістемұлы Көпжасар /1957/ — домбырашы. МХР, Өлгий қаласында дүниеге келген. Баян-Өлгий аймағы музыкалық мәдениетінің білгірі. 1990 жылы Құрманғазы атындағы Алматы консерваториясын белгілі домбырашы Жайымов Айтқалидың класында оқып бітірді. Көпжасар домбыра тарту өнерін Баян-Өлгий аймағына аты жайылған дәулескер домбырашы Дәуітбайұлы Сәнияздан үйренген. Ал Сәнияздың әкесі Дәуітбай /1968-1937/ болса шығыс өңірімізге есімі әйгілі күйші-композитор.

Көпжасар Үрістемұлы Қазақстанның шығыс өңіріндегі, әсіресе Баян-Өлгий аймағындағы күйлерді нәшіне келтіре тартып, аңыз әңгімесін тарата айтатын зерделі домбырашы.

Хасенов Әбікен /1897-1958/ — қазақтың күйші-домбырашысы, шертпе күйдің шебері, актер, Қазақстанның еңбегі сіңген артисі (1945). Қазіргі Қарағанды облысы, Шет ауданында туылған. Домбырашылық өнерге баулыған әкесі Хасен, немере ағасы Мақаш Садуақасұлы және Ақмолда Дүйсенұлы болды. Кейіннен ол белгілі күйші-домбырашылар Баубекпен Қыздарбектен Тәттімбеттің күйлерін үйренеді. 1934 жылдан қазіргі Қазақ академиялық драма театрында қызмет етті. Сонымен қатар ол Тәттімбеттің «Сарыжайлау», «Көкейкесті», «Сылқылдақ», «Бес төре», «Азамат», «Қос-басар» (бірнеше түрі) т.б. туындылары күйтабаққа түсірілді. Оның өзі шығарған «Қоңыр» атты күйі бар.

Хасенов Әбікен /1897-1958/ — домбырашы. Қарағанды облысының Шет ауданындағы Ақсу-Аюлы деген жерде дүниеге келді. Домбыраны 7-8 жасынан ойнай бастады. Оның алғашқы ұстаздары — туыстары, домбырашылар Мақаш пен Ақмолда өздерімен ілестіріп жүріп, өнерге баулыды. Әбікен Арқада аты шыққан Әбді, Баубек, Қыздарбек күйшілермен кездесіп, күй үйренді, олардан бата алды. 1934 жылы Сәкен Сейфуллиннің айтуымен Алматыға шақырылып, қазақ драма театрына орналасты. Ол өмірінің соңына дейін осы театрда актерлік қызмет атқарды.

Әбікен — Арқа күйлерін өте шебер орындайтын күйшілердің бірі болды. Ол орындаған шертпе күйлер мәдениетіміздің алтын

қорына айналып, көпшілігі халық аспаптары оркестрі мен жеке орындаушылардың негізгі репертуарына енді.

Хатшанұлы Шабдарбай — күй аңыздарын жеткізуші. МХР, Өлгий қаласында туылған.

Ықылас келіні Рәзия /1886-1976/ — күйші. Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, «Жайлаукөл» совхозында дүниеге келген.

Әйгілі қобызшы Дүкенұлы Ықыластың шаңырағына Рәзия он бес жасында келін болып түскен. Алғашқы кезде Рәзия өз әке-шешесін сағынып, мұңайған сәттерде Ықылас еркелегіп алдына отырғызып, қобыз тартады екен. Мұндайда Рәзия қобыз үніне ұйып, атасының алдында бұйығып отырып ұйықтап қалатын көрінеді. Сонда Ықылас: «Ал, шырағым, тұра ғой, әкең де бүйтіп еркелеткен жоқ шығар, орныңа жата ғой», — дейді екен.

1932 жылғы ел басына түскен апштық нәубеті кезінде Рәзия мен күйеуі Ақынбай, қолдарында бір жасар баласы бар, қоржынында Ықыластың киелі қара қобызы бар, Арқадан оңтүстікке қарай жаяу шыққан. Осы сапар Бетпақтың шөліне бір жасар баласын жерлеп, қолдарында жалғыз қара қобыз бар, Шу бойына өліп-талып жеткен.

Ықылас туралы қазіргі ғылыми айналымда жүрген деректің көбі осы Рәзия келіні арқылы жеткен.

Ісмағұлов Мұстафа /1914-1988/ — өнер тарихын зерттеп, музыкалық фольклорды жинаумен айналысқан адам. Орал облысының Жәнібек ауданына қарасты Свердлов атындағы кеңшарда туған. Жастайынан еңбекке араласып, Еділ бойы, Ташкент, Қызылорда, Балхаш, Владивосток, Қарағанды, Алматы сияқты жерлерде әртүрлі қызмет атқарғанына қарамастан, туған өлке тарихын зерттеп-тануға ұдайы көңіл бөліп отырған.

Шәменұлы Ысмайыл (лақап аты — Нышан) /1883-1979/ — дәулескер қобызшы. Туып-өскен, ғұмырын өткерген мекені — Сыр бойы, Қызылорда (Ақмешіт қаласы). Нышан — Сыр бойындағы ұрпақтан ұрпаққа үзілмей жалғасқан Қорқыттың қобызшылық дәстүрін бүгінгі күнімізге жеткізген соңғы тұяқ. С.Сейфуллин, Ә.Жангелдин, Ә.Марғұлан сияқты өнер парқын тап басып түсінетін халқымыздың зерделі азаматтары Нышанның көшелі қобызшылығына 20-30 жылдардың өзінде-ақ назар аударған.

Өкінішке орай, Нышан өнерін магнитофон таспасына жазып, хатқа түсіру ісіне музыка зерттеушілеріміз тым кеш кі-

рісті. Әйгілі қобызшыға жасы тоқсаннан асып, қолынан қуат, бойынан шабыт қайтқанда ғана назар аударылды. Сөйтіп, оның теңіздей шалқыған өнерінен тамшыдай күй мұрасы жазылып алынады. Бүгінгі күндері әйгілі Қорқыттың жиырмаға тарта күйі сақталып жетті десек, соның тоғызы Нышан ақсақалдың орындауында нотаға түскен.

ШАРТТЫ ҚЫСҚАРТУЛАР

ӘӨИ — М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

ҚҚ — Қолжазба қоры

ОҒК — Орталық Ғылыми кітапхана

Ш — шифр

ҚазМУ — Қазақ Мемлекеттік Университеті

дәп. — дәптер

А. — Алматы

/а/ — араб

/ир/ — иран

/моңғ./ — моңғол

/о/ — орыс

/п/ — парсы

/с.а.с./ — Салла Аллаһу алейһи ас-салам

/тат./ — татар

/т/ — түркі

/к.с./ — көнерген сөз

/қалм./ — қалмақ

/қыт./ — қытай

/ж.с./ — жергілікті сөз

/солт./ — солтүстік

/оңт./ — оңтүстік

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Ахмадияров А.Ғ.* Сержан күмбірлеткен күйлер. — Алматы, 1997.
2. *Әбеуұлы Асан.* Қазақ ауыз әдебиетінің өнерпаздары. — Шинжаң халық баспасы, 1996.
3. *Әбілтаев Ш.* Ұлытау (күйлер жинағы). — Алматы, 1979.
4. *Әсемқұлов Т.* Домбыраға тіл бітсе. — Жұлдыз, 1989, №5.
5. Бейсенбі күйлері. Құраст.: *Қабылалды Абдоллаұлы.* — Шинжаң халық баспасы, 2006.
6. *Бекенов Уәли.* Күй табиғаты. — Алматы: Өнер, 1980.
7. *Бекенов Уәли.* Шертпе күй шеберлері. — Алматы: Жалын, 1977. — 92-бет.
8. *Бекхожина Т.* Даламның назды саздары. — Алматы: Өнер, 1996.
9. *Жақанов І.* Аққулар қонған айдын көл. — Алматы: Жазушы, 1988.
10. *Жұбанов А.* Ән-күй сапары. — Алматы, 1975.
11. *Жұбанов А.* Ғасырлар пернесі (Қазақтың халық композиторларының өмірі мен творчествосы туралы очерктер). Баспаға дайындаған — Бисенғали Ғизатов. — Алматы: Жазушы, 1975.
12. *Жұбанов А.* Дәулеткерей. — Алматы, 1961.
13. *Жұбанов А.* Замана бұлбұлдары. — Алматы, 1975.
14. *Жұбанов А.* Қазақтың халық композиторлары, 1962.
15. *Жұбанов А.* Құрманғазы. — Алматы, 1978.
16. *Жұбанов Қ.* Қазақ музыкасында күй жанрының пайда болуы жөнінен. — Алматы, 1960.
17. *Жүзбасов Қ.* Қазақ халқының музыкалық аспабы — домбыра // Қазақ ССР ҒА-н хабаршысы, 1972, №2.
18. *Жүсіпов Б.* Жиделі Байсын күйлері: Оқу құралы. — Алматы: Ғылым, 2000.

19. *Затаевич А.В.* 500 казахских песен и кюев. — Алматы, 1931.
20. *Затаевич А.В.* 1000 песен казахского народа. — Алматы, 1960.
21. *Есенұлы Айтжан.* Күй—Төңірдің күбірі. — Алматы: ТОО «Дайк-Пресс», 1996.
22. Күй аңыздары. Қазақ халық ауыз әдебиетінің қазынасы. // Құраст.: *Г. Қуанбекқызы.* 1-кітап. — Үрімжі: Шинжаң халық баспасы, 2009.
23. Күй аңыздары. Қазақ халық ауыз әдебиетінің қазынасы. // Құраст.: *Қ. Баймұратұлы, Г. Қуанбекқызы.* 2-кітап. — Үрімжі: Шинжаң халық баспасы, 2009.
24. Күй қайнары. — Іле халық баспасы, 1985.
25. Қазақтың музыкалық фольклоры // Қазақ ССР ҒА хабаршысы. Әдебиет және өнер институты. — Алматы, 1982.
26. Қазақ музыкасы. Антология: Бес томдық. 1-том. Көне музыкалық фольклор. — Алматы: Қазақпарат, 2005.
27. Қазақ музыкасы. Антология: Бес томдық. 3-том. Алғашқы авторлық музыка. — Алматы: Қазақпарат, 2006.
28. Қазақ музыкасы. Антология: Бес томдық. 4-том. Кәсіби халық композиторларының шығармашылығы (XIX ғасырдың екінші жартысы — XX ғасырдың басы). — Алматы: Қазақпарат, 2006.
29. Қазақ музыкасы. Антология: Бес томдық. 5-том. Кәсіби халық композиторларының шығармашылығы. (XIX ғасырдың екінші жартысы — XX ғасырдың басы) — Алматы: Қазақпарат, 2006.
30. *Қыдырбайұлы Х.* Күйшілер мен күйлер. — Ақтөбе, 1994.
31. Қорқыт. Елім-ай. Құраст.: *М. Жарқынбеков.* — Алматы, 1987.
32. *Мағауин М.* Қазақ тарихының әліпшесі // Жұлдыз, 1993, №12.
33. *Мағауин М.* Алғысөз // Бес ғасыр жырлайды. — Алматы, 1984.
34. *Мақайұлы Камал.* Күй күмбірі. — Шинжаң халық баспасы, 1989.
35. *Мақайұлы Камал.* Күй пірі. — Шинжаң халық баспасы, 2008.
36. *Мерғалиев Т.* Домбыра сазы (Музыкалы-этнографиялық жинақ). — Алматы: Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасы, 1972.

37. *Мерғалиев Тмат, Бүркіт Сәрсенбай, Дүйсен Орынбай.* Қазақ күйлерінің тарихы. — Алматы, 2000.

38. *Мұхамбетова Ә.* Қағажу көрген қазақ музыкасы // Жұлдыз. — 1991, №5.

39. *Мухамбетова А.* Национальное и интернациональное в музыке советского Казахстана // Вопросы теории и эстетики музыки. — Вып. 7. — Л., 1972.

40. *Мухамбетова А.* О програмности казахской народной инструментальной музыки. — Москва, 1973.

41. *Мұптекеев Б., Медеубекұлы С.* Жетісу күйлері. — Алматы: Өнер, 1998. — 352 бет.

42. Мұра. — Алматы: Жазушы, 1990.

43. *Мұхитов Қ.* Домбыраға арналған пьесалар. — Алматы, 1990.

44. *Райымбергенов А.* Ақжелең (күйлер жинағы). — Алматы, 1986.

45. *Райымбергенов Абдулхамит, Аманова Сайра.* Күй қайнары. Голоса народных муз. — Алматы: Өнер, 1990.

46. *Сарыбаев Б.* Күй нотаға толық түссін // Жалын. — 1981, №1.

47. *Сарыбаев Б.* Қазақтың музыка аспаптары. — Өнер, 1981.

48. *Сатаев А.* Тәттімбет жайлы мақала // Жұлдыз. — 1965, №5.

49. *Сейдімбеков А.* Күй және көшпелілер мәдениеті // Жұлдыз. — 1991, №№ 2,3.

50. Сыр саңлақтары. — Алматы: Өнер, 1985.

51. *Тарақты Ақселеу.* Күй шежіре. — Алматы: КРАМДС-Яссауи, 1992.

52. *Тарақты Ақселеу.* Қазақтың әйгілі күйшілері. — Ұлттар баспасы, 2003.

53. Тәттімбет. Сары жайлау. Құрастырған: *Е. Үсенов.* — Алматы, 1988.

54. *Тоқтаганов А.* Қазақ күйлерінің этимологиясы // Астана дауысы, 1993.

55. *Тоқтаганов А.* Күй мәдениетіндегі кейбір жұмбақ сырлар // Астана дауысы, 1993.

56. *Толыбаев Құрманбай.* Нар идірген. — Алматы, 1993.

57. Өлген қазан. Аңыздар. Құрастырған: *Көбей Сейдаханов.* — Алматы: Жалын, 1985.

58. Шарапат. Құраст.: *М. Сатыбалдиев.* — Алматы: Қазақстан, 1973.

59. *Шегебаев П.* Домбровые кюи Западного Казахстана. Традиционная форма и индивидуальный стиль. Автореферат дис... кандидата искусствоведения. — Л., 1987.

60. *Ысқақова Г.* Ой шақыру. — Қызылорда, 1994.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН БУМАЛАР

1. ӘӨИ: ҚҚ, Ш.241, 2-дәптер. Айтушысы: *Айнабеков Қайып*, жазып алған — *Сәйділ Талжанов*.

2. ӘӨИ: ҚҚ, Ш.296, 1-дәптер. Қазақ күйлері туралы аңыз-өңгімелер жинағы. Жинаушысы — *Ахат Құдайбердиев*.

3. ӘӨИ: ҚҚ, Ш.1058. *Бейсенғалиқызы Айсұлу*. Құрманғазы, Дина өңгімелері.

4. ӘӨИ: ҚҚ, Ш.1066, 13, 25, 38-дәптерлер. *Жақыпбаев Бозтай* жинаған өн мен күй жинағы.

РЕЗЮМЕ

Институт литературы и искусства им. М.О. Ауэзова продолжает работу над изданием стотомной серии книг «Бабалар сөзі» в рамках Стратегического национального проекта «Мәдени мұра».

Предыдущие, вышедшие из печати, 83 тома серии были посвящены публикации многочисленных жанров казахского фольклора, выдающихся в художественном отношении образцов и таких крупных по объему текстов, как эпосы, исторические сказания, дастаны, а также множества малых жанров — песен, загадок, пословиц и поговорок. До настоящего времени из печати вышли одиннадцать томов «Романических сказаний», семь томов «Религиозных сказаний», тринадцать томов «Лирических сказаний», один том «Генеалогических сказаний», одиннадцать томов «Исторических песен», двадцать томов «Героического эпоса», сборник загадок — один том, пять томов «Пословиц и поговорок», двухтомник «Народные песни», однотомник «Детский фольклор», пятитомник «Сказки»; двенадцать томов серии составляет фольклорное наследие казахов Китая, опубликован однотомник «Казахские мифы»; вышел из печати один том книги «Фольклор казахов Монголии», опубликован однотомник «Топонимические легенды» и четырехтомник «Родословные сказания и предания».

Предлагаемый читателям очередной, 84-й том серии посвящен «Родословным сказаниям и преданиям» — одному из древнейших жанров казахской народной литературы, дошедшему до нашего времени в своем первоизданном виде и сохранившему свои исключительные художественные черты и особенности.

Как отмечено выше, данный том представляет собой по счету 4-й том, посвященный указанному жанру.

Музыкальные предания, корни которых уходят в глубину веков, занимают особое место в культурном наследии народа и представляют собой ценнейший пласт казахской духовной культуры.

Эти древнейшие традиции жанра берут свое начало от знаменитого Коркут-ата и, передаваясь из поколения в поколение, дошли до нашего времени, о чем и свидетельствуют образцы преданий, бытующие и ныне в народе.

Следует всегда помнить, что существует незыблемая взаимосвязь между преданием и его исполнителем, между историей кюя и его интерпретатором.

Исследователь этого жанра казахского фольклора профессор А. Сейдимбеков подразделяет историю их происхождения на пять этапов. Первый этап охватывает период с VIII-V вв. до н.э. — до VI в. нашей эры. Это доисламский период развития жанра, характеризующийся преимущественно тематикой волшебных преданий: о военных походах, великих предводителях, женщинах-героях, крылатых конях, волшебных животных («Қос мүйізді Ескендір», «Көк бөрі», «Аққу», «Сарын» и др.). Второй этап охватывает огузо-кипчакский период (VI-XII вв.), включающий предания Коркут-ата, в том числе «Абыз толғауы», «Саймақтың Сарыөзені», «Балжынгер». Третий, ногайлинский этап (XII-XVII вв.) включает предания-кюи. К их числу относятся народные предания: «Жошы ханның жортуылы», «Ақсақ темір», «Қамбар күйі», а также широко известные предания «Ақсақ құлан», «Ел айрылған» Асанкайгы, «Сағыныш» Казтугана. К четвертому этапу, охватывающему период джунгарских набегов (XVII-XVIII вв.), относятся предания, в которых превалирует историческая правда: «Қаратаудың шертпесі», «Абылай ханның Майдақоңыры», «Қалмақ биі», «Қалмақтың қаражорғасы» и др. Пятый этап характеризуется появлением в народе преданий, созданных по мотивам или об истории произведений известных казахских авторов XVIII-XIX вв. — начала XX в. Эти произведения отличаются как своими объемами, так и художественными характеристиками.

В 84-й том серии включены рукописи Б.Жакыпбаева, К.Айнабекова, А.Кудайбердиева, А.Бейсенгалиевой, сохранив-

шиеся в рукописных фондах Института литературы и искусства им. М.О. Ауэзова и ЦНБ МОН РК, а также опубликованные в различных сборниках произведения: «Ғасырлар пернесі» А.Жубанова (1975), «Күй шежіре» А.Сейдимбекова (1992), «Күй табиғаты» У.Бекенова (1981), «Домбыра сазы» Т.Мерғалиева (1972), «Шарапат» М.Сатыбалдиева (1973), «Жетісу күйлері» Б.Мұптекеева и С.Медеубекова (1998), «Қазақ күйлерінің тарихы» Т.Мерғалиева, С.Буркит и О.Дуйсенова (2000), «Өлген қазан» К.Сейдеханова (1985), из пятитомной антологии «Қазақ музыкасы» (2005, 2006); «Жиделі Байсын күйлері» Б.Жусипова (2000), «Күй қайнары. Голоса народных муз» А.Райымбергенова и С.Амановой (1990), а также из изданного в Китае 2-томника преданий китайских казахов «Күй аңыздары» (2009).

В первой части книги «Народные предания о кюях» помещены произведения неизвестных авторов; во вторую часть включены предания о кюях, созданных сказителями начиная со времени Коркыт-ата, которая называется «Предания о кюях и их исполнителях». В процессе подготовки данного тома преимущественно использован принцип классификации, предложенный в свое время профессором А. Сейдимбековым.

В соответствии с принципами научной подготовки данной серии, приведенные тексты пронумерованы и снабжены приложениями.

Научные приложения тома состоят из сведений о собирателях (записей) текстов, их составителях, об изданиях; научного комментария к публикуемым текстам, словаря, указателя географических названий, комментариев об исторических и религиозных личностях, встречающихся в текстах, о названиях этнических групп и племен, сведений о сказителях и собирателях, списка использованной литературы, а также резюме на русском и английском языках.

Общий объем тома — 27,0 п.л.

SUMMARY

Institute of Literature and Art named after M.O. Auezov continues publishing of a hundred volume series of the book «Babalar sozi» in the frame of the Strategic National Project «Madeni Mura».

Previous 83 volumes of the series were devoted to the publication of numerous genres of Kazakh folklore, remarkable in terms of their artistic designs and such large volume texts as epics, historical tales, dastans, as well as many smaller genres — songs, riddles, proverbs and sayings. So far, the following volumes have been published: eleven volumes of «Romantic stories», seven volumes of «Religious legends», thirteen volumes of «Lyrical Legends», one volume of «Genealogical stories», eleven volumes of «Historical Songs», twenty volumes of «Heroic epic», a collection of puzzles — one volume, five volumes of «Proverbs and sayings», two volumes of «Folk Songs», one volume of «Children's Folklore», five-volume edition of «Tales», twelve volumes of folk heritage of the Kazakhs of China, one-volume of «Kazakh myths»; one volume book «Folklore of the Kazakhs of Mongolia», one-volume «Toponymic legends» and four-volume «Genealogical stories tales and legends».

The proposed to the readers volume 84 of the series is devoted to «Genealogical stories and legends» — one of the oldest genres of Kazakh folk literature, which have reached nowadays in its original form, and retained the exceptional artistic features and characteristics.

As it was mentioned above, this volume is the 4th volume devoted to the specified genre.

Musical legends which originated many centuries ago, occupy a special place in the cultural heritage of the people, and represent a valuable layer of spiritual culture of the Kazakh people.

These ancient genre traditions have originated from the famous Korkut-Ata, were transferred from one generation to another and reached nowadays, as evidenced by the legends, which currently exist among the people.

We should always remember that there is a strong relationship between the legend and the performer, between the kuy story and the interpreter.

The researcher of this genre of Kazakh folklore professor A.Seydimbekov divides the history of their origin into five stages. The first phase covers the period from VIII-V c. BC — up to VI c. AD. This is a pre-Islamic period in the development of the genre, which is mainly characterized by the theme of magic-legends: about military campaigns, great leaders, women-heroes, winged horses, magic animals («Kos myuizdi Eskendir», «Kok bori», «Akku», «Saryn», etc.). The second phase covers the Oguz-Kipchak period (VI-XII c.), which includes legends of Korkut-Ata, including «Abyz tolgauyi», «Saimaktin Saryozeni», «Balzhynger». The third stage - Nogayli (XII-XVII c.) includes legends-kuis. Among them are folk legends: «Zhoshy hannyn zhortuyly», «Aksak Temir», «Қambar kyı», as well as the well-known legends «Aksak kulan», «El ayrylgan» by Asankaigy, «Sagynysh» by Kaztugan. The fourth stage, covering the period of Jungar raids (XVII-XVIII c.) includes legends which tell about the historical truth: «Karataudin shertpesi», «Abylai hannin Maidakoniri», «Kalmak bii», «Kalmaktin karazhorgasy», etc. The fifth stage is characterized by the appearance of the legends that were created based on the history or the works of renowned Kazakh writers of XVIII-XIX century — the beginning of the XXth century. These works are distinguished by both the volume and artistic characteristics.

The 84th volume of the series includes the manuscripts of B.Zhakyypbaev, K.Ainabekov, A.Kudayberdiev, A.Beisengalieva which are preserved in the manuscript collections of the Institute of Literature and Art named after M.O. Auezov and CSL of RK, and the works published in various collections: «Gasyrlar pernesi» by A. Zhubanov (1975), «Kuy shezhire» by A.Seydimbekov (1992), «Kyy tabgaty» by U.Bekenov (1981), «Dombyra saz» by T.Mergaliev

(1972), «Sharapat» by M.Satybaldiev (1973), «Zhetysu kuyleri» by B.Muptekeev and S.Medeubekov (1998), «Kazakh kuylerinin tarihi» by T.Mergaliev, S.Burkit and O.Duysenov (2000), «Olgen kazan» by K.Seydekhanov (1985), in a five-volume anthology «Kazakh muzykasy» (2005, 2006), «Zhideli Baisyn kuyleri» by B.Zhusipov (2000), «Kuy kaynary. Voices of people's music» by A.Rayimbergenov and S.Amanova (1990), and 2-volume edition of the legends of Chinese Kazakhs «Kuy anyzdary» published in China (2009).

The first part of the book «Folk legends about kuy» includes the works of unknown authors; the second part contains stories about kuys created by storytellers since the time of Korkyt-ata, which is called «Legends about kuys and the performers». In preparing this volume, the principle of classification proposed by professor A. Seydimbekov was used.

According to the principles of scientific preparation of this series, the included texts are numbered and supplied with annexes.

Scientific annexes of the volume consist of the following: information about collectors (records) of the texts, their publishers, editions; scientific comments to the published texts, dictionary, index of geographical names, comments on historical and religious persons, mentioned in the texts, names of the Kazakh clans and tribes, information about the storytellers and collectors, list of references and summaries in Russian and English languages.

The total volume is 27,0 pp.

МАЗМҰНЫ

Құрастырушылардан	5
-------------------------	---

МӘТІНДЕР

Халық күйлерінің аңыздары

1. «Шақыру» (I нұсқа).....	11
2. «Таукүдірет»	12
3. «Шұбар киік» (I нұсқа)	13
4. «Шұбар киік» (II нұсқа)	14
5. «Жорға аю» (I нұсқа)	15
6. «Қызылқан» (I нұсқа)	15
7. «Балжыңгер» (I нұсқа).....	16
8. «Нар идірген» (I нұсқа)	19
9. «Қос мүйізді Ескендір»	22
10. «Бегім бер» (I нұсқа)	23
11. «Бегім бер» (II нұсқа).....	25
12. «Жетім бала»	25
13. «Ақсақ қаз» (I нұсқа)	30
14. «Сау қаз»	32
15. «Бөкен жарғақ» (I нұсқа).....	32
16. «Жамал-ай!»	34
17. «Тепеңкөк» (I нұсқа).....	34
18. «Хан жұбату»	35
19. «Кербез қыз» (I нұсқа).....	36
20. «Кербез қыз» (II нұсқа)	37
21. «Кербез қыз» (III нұсқа).....	38
22. «Сал жігіт»	39
23. «Қос келіншек» (I нұсқа)	40
24. «Кәрібоз бен Салторы»	41
25. «Ақ Ертіс»	43
26. «Қара атты мен торы атты»	44
27. «Аңшының зары»	45

28. «Қорамжан» (I нұсқа).....	46
29. «Қорамжан күйі» (II нұсқа).....	46
30. «Бозайғыр» (I нұсқа)	47
31. «Бозайғыр» (II нұсқа).....	47
32. «Бозайғыр» (III нұсқа).....	48
33. «Бозайғыр» (IV нұсқа).....	50
34. «Бел асар»	50
35. «Ақсақ құлан» (I нұсқа).....	50
36. «Ақсақ құлан» (II нұсқа).....	51
37. «Айрауықтың ащы күйі»	53
38. «Тепеңкөк» (II нұсқа)	53
39. «Тепеңкөк» (III нұсқа)	54
40. «Тепеңкөк» (IV нұсқа)	54
41. «Тепеңкөк» (V нұсқа)	55
42. «Нар идірген» (II нұсқа).....	55
43. «Нар идірген» (III нұсқа).....	56
44. «Нар идірген» (IV нұсқа).....	57
45. «Аққабынның толқыны» (I нұсқа).....	58
46. «Аққабынның толқыны» (II нұсқа)	59
47. «Аққу» (I нұсқа)	59
48. «Аққу» (II нұсқа)	61
49. «Аққудың зары»	61
50. «Қоңыр бұқа»	62
51. «Шал бүркіт»	62
52. «Жетім қыз» (I нұсқа)	63
53. «Жетім қыз» (II нұсқа)	63
54. «Бұлғын — Сусар»	64
55. «Жеті атан — Ерке атан»	64
56. «Жаңылтпаш сайқал» (бөдік күй)	65
57. «Сұр теке»	65
58. «Мұңлық — Зарлық»	65
59. «Сал күрең»	67
60. «Жиренше шешен» (I нұсқа)	67
61. «Жиренше шешен» (II нұсқа)	68
62. «Батырдың арман күйі»	68
63. «Алып қара құс»	68
64. «Кенесары — Наурызбай»	70
65. «Бесік күй»	71
66. «Сарбарпы бұлбұл» (I нұсқа).....	71

66. «Сарбарпы бұлбұл» (II нұсқа)	71
67. «Нұрғазарын бұлбұл»	72
68. «Жалғыз көзді әулие»	74
69. «Бөкен жарғақ» (II нұсқа)	75
70. «Жалғыз жігіт» (I нұсқа)	76
71. «Жалғыз жігіт» (II нұсқа)	77
72. «Көк төбет» (I нұсқа)	77
73. «Көк төбет» (II нұсқа)	78
74. «Ыңыршақты боз»	78
75. «Алшаң қоңыр»	79
76. «Көк дөнен»	79
77. «Ала айғыр»	80
78. «Мұңлы қыз» (I нұсқа)	81
79. «Мұңлы қыз» (II нұсқа)	82
80. «Мұңлы қыз» (III нұсқа)	82
81. «Мұңлы қыз» (IV нұсқа)	83
82. «Беген»	83
83. «Сары бел» (I нұсқа)	85
84. «Сары бел» (II нұсқа)	85
85. «Көк бұқа»	86
86. «Балжыңгер» (II нұсқа)	87
87. «Балжыңгер» (III нұсқа)	87
88. «Майдажал — Телқоңыр»	88
89. «Бұлдыр тау»	88
90. «Бозінген» (I нұсқа)	89
91. «Бозінген» (II нұсқа)	89
92. «Бозінген күйі» (III нұсқа)	90
93. «Алакөз аттың жүрісі»	90
94. «Шыңырау» (I нұсқа)	91
95. «Шыңырау» (II нұсқа)	91
96. «Шыңырау» (III нұсқа)	94
97. «Шыңырау» (IV нұсқа)	94
98. «Шыңырау» (V нұсқа)	95
99. «Шыңырау» (VI нұсқа)	95
100. «Шыңырау» (VII нұсқа)	95
101. «Шыңырау» (VIII нұсқа)	95
102. «Тайшынның тарғыл бұқасы»	96
103. «Қозыкүрең»	96
104. «Байшыбырдың күйі — арман»	97

105. «Бүркіттің күйі»	97
106. «Құр ойнақ»	101
107. «Арман» (I нұсқа).....	101
108. «Сырым сазы»	103
109. «Қазақ пен қалмақтың күйі»	104
110. «Қағытпа»	104
111. «Ноғайлының зары»	106
112. «Бұлды құс»	106
113. «Бегім салы»	106
114. «Жетіген»	107
115. «Қос ішек»	108
116. «Ақсақ құла» (I нұсқа).....	109
117. «Шұбар ат»	109
118. «Сары өзен» (I нұсқа).....	111
119. «Ертіс толқыны»	112
120. «Телқоңыр» (I нұсқа).....	113
121. «Телқоңыр» (II нұсқа).....	116
122. «Кербез қыз» (IV нұсқа)	118
123. «Кербез қыз» (V нұсқа)	119
124. «Бұланжігіт».....	120
125. «Ақсақ Темір мен домбырашы».....	121
126. «Жалғыз жігіт» (III нұсқа)	122
127. «Майдажал»	122
128. «Қыз алып қашқан»	123
129. «Қалажан қашқан»	124
130. «Арбиян-қоңыр»	125
131. «Ойбай, бегім бер!»	125
132. «Тоқта баяу»	126
133. «Қос келіншек» (II нұсқа).....	126
134. «Жорға аю» (II нұсқа)	127
135. «Қызылқан» (II нұсқа).....	127
136. «Жаралы ақ бөкен»	128
137. «Өрелі көк»	128
138. «Өрелі кер» (I нұсқа).....	128
139. «Өрелі кер» (II нұсқа).....	130
140. «Өрелі кер» (III нұсқа)	130
141. «Бейжін сары».....	130
142. «Ат келді».....	131
143. «Жеті атым»	131

144. «Күй сандық»	132
145. «Жаяу дел-дал»	132
146. «Ақсақ қаз» (II нұсқа).....	133
147. «Ақсақ қаз» (III нұсқа).....	134
148. «Еркеатан күйі» (I нұсқа).....	134
149. «Еркеатан» (II нұсқа).....	135
150. «Ортеке»	135
151. «Кәрібоз»	136
152. «Майдажал».....	137
153. «Жалқы жігіт»	138
154. «Жетігеннің жетеуі»	138

Күй және күйшілер туралы аңыздар

ҚОРҚЫТ /IX ғасыр/

155. «Қорқыт» (I нұсқа)	140
156. «Қорқыт» (II нұсқа).....	141
157. «Қорқыт» (III нұсқа).....	142
158. «Қорқыт» (IV нұсқа).....	142
159. «Аққу» (III нұсқа)	146
160. «Желмая» (I нұсқа)	146
161. «Желмая» (II нұсқа)	147
162. «Елім-ай, халқым-ай!»	147
163. «Сарын» (I нұсқа).....	148
164. «Сарын» (II нұсқа).....	149
165. «Тарғыл тана»	150
166. «Ұшардың ұлуы»	151
167. «Әушпай» (I нұсқа)	152
168. «Әушпай» (II нұсқа)	152
169. «Башпай»	152
170. «Байлаулы киіктің зары»	154

КЕТБҰҒА /XIII ғасыр/

171. «Ақсақ құлан» (III нұсқа).....	154
172. «Ақсақ құлан» (IV нұсқа).....	160
173. «Ақсақ құлан — Жошы хан» (V нұсқа)	163

БАЙЖІГІТ /XVI-XVII ғғ./

174. «Қайың сауған»	165
175. «Көкбалақ»	169
176. «Қоңыр қаз»	169
177. «Қосбасқан»	171

УӘЛИҰЛЫ АБЫЛАЙ ХАН /1711-1780/

178. «Жетім торы»171
 179. «Дүние қалды»174
 180. «Абылай ханның Майдақоңыры»177
 181. «Сары бура»177

БОҒДА /шамамен 1765-1845 жж./

182. «Жем суының тасқыны»177
 183. «Бозтөбе»178

ЖАНТӨРЕ /XVIII-XIX ғғ./

184. «Шалқыма»178

САРША /XVIII-XIX/

185. «Бозінген» (IV нұсқа).....180

БЕЙСЕНБІ ДӨНЕНБАЙҰЛЫ /1803-1872/

186. «Жеке батыр»180
 187. «Кербез сылқым»181
 188. «Арман» (II нұсқа).....181
 189. «Қара құлақ ат»182
 190. «Көк шыбар ат»183
 191. «Майдақоңыр»184
 192. «Телқоңыр» (III нұсқа).....185
 193. «Көк иірім кеңес»186
 194. «Танысаңшы»187
 195. «Ой, дүние-ай!» (I нұсқа)187
 196. «Ерке бұлан»188
 197. «Құс қашқан»188
 198. «Әйми»188
 199. «Көш келді»189
 200. «Екеуім-екеуім»190
 201. «Бодау кеңес»191

ҚАЗАНҚАПҰЛЫ ТӘТТІМБЕТ /1815-1860/

202. «Нар шөккен»193
 203. «Көкейкесті» (I нұсқа)195
 204. «Көкейкесті» (II нұсқа)195
 205. «Бес төре» (I нұсқа)196
 206. «Бес төре» (II нұсқа)196
 207. «Былқылдақ»197
 208. «Жылқыда»197

ҚҰРМАНҒАЗЫ САҒЫРБАЙҰЛЫ /1818-1889/

209. «От жалын»	197
210. «Маната»	198
211. «Қайран шешем»	198
212. «Түрмеден қашқан»	200
213. «Лауішкен»	201
214. «Ақбай»	202
215. «Аман бол, шешем, аман бол»	203
216. «Қыз Данайдың қырғыны»	204
217. «Алқа»	205
218. «Бұқтым-бұқтым»	206
219. «Бұлбұлдың құрғыры»	207
220. «Айда бұлбұл, Айжан-ай»	207
221. «Назым»	208
222. «Бозшолақ»	210
223. «Терезеден-есіктен»	211
224. «Қазижан»	212
225. «Павескі»	213
226. «Саранжап»	213
227. «Төремұрат — Нарынбай»	214
228. «Амандасар»	215
229. «Боз қаңғыр»	215
230. «Арба соққан»	216
231. «Қызыл қайың машина»	217
232. «Адай»	217
233. «Ақсақ киік»	218
234. «Балқаймақ»	219
235. «Кедей зары»	219
236. «Көбік шашқан»	220
237. «Құрманғазы»	221
238. «Қашқындық жолы»	221

АБЫЛ ТАРАҚҰЛЫ /1820-1892/

239. «Абыл»	223
-------------------	-----

ШЫҒАЙҰЛЫ ДӘУЛЕТКЕРЕЙ /1820-1887/

240. «Бұлбұл» (I нұсқа).....	226
241. «Ақжелең»	227
242. «Ысқырма»	227

243. «Жұмабике»	228
244. «Топан»	228
245. «Көрұғлы» (I нұсқа).....	228
246. «Көрұғлы» (II нұсқа)	229
ҚОЖЕКЕ НАЗАРҰЛЫ /1823-1881/	
247. «Бұлбұл торғай» (I нұсқа).....	229
248. «Қамбархан»	230
249. «Шалқайма»	230
250. «Кертолғау»	231
ҚАЙРАҚБАЙ ШӘЛЕКЕНҰЛЫ /1828-1877/	
251. «Еміл толқыны»	233
252. «Қоңыр жел»	233
253. «Молқоңыр және Майдақоңыр»	234
254. «Бұтабайға арналған кеңес»	234
255. «Ой толқыны»	234
ШОҢМАНҰЛЫ ТОҚА /1830-1914/	
256. «Саржайлау»	234
257. «Төрт толғау» (I нұсқа).....	235
258. «Төрт толғау» (II нұсқа)	237
САРЫМАЛАЙ /1835-1885/	
259. «Сансызбай»	239
260. «Ақсақ құла» (II нұсқа).....	240
261. «Жорға аю» (III нұсқа)	240
БАЙСЕРКЕ ҚҰЛЫШҰЛЫ /1841-1906/	
262. «Жекпе-жек»	241
263. «Төрт қарға»	241
ЕСБАЙ /1842-қ.ж.б./	
264. «Айда бұлбұл, сайра бұлбұл»	242
265. «Үш атаның тартысы» (I нұсқа).....	243
266. «Үш ананың айтысы» (II нұсқа)	244
267. «Жалды қара»	248
ДҮКЕНҰЛЫ БЫҚЫЛАС /1843-1916/	
268. «Айрауық»	248
269. «Бозторғай»	249
270. «Жалғыз аяқ»	251
271. «Жезкиік»	252
272. «Ерден» (I нұсқа).....	254
273. «Ерден күйі» (II нұсқа).....	258

274. «Қазан»	259
275. «Ханшайым»	260
276. «Қасқыр»	261
277. «Саржан төре»	262
278. «Шыңырау» (IX нұсқа)	264
279. «Шыңырау» (X нұсқа)	266
280. «Шыңырау» (XI нұсқа)	267
281. «Шыңдау күйі»	267
МЕРГЕНБАЙ ЕРДЕНЕҰЛЫ /1843-1929/	
282. «Арман» (III нұсқа)	268
ШАЛ МЫРЗА /1850-1934/	
283. «Жалтаң қарға»	269
284. «Мұңлы қыз» (III нұсқа)	270
285. «Тәнтән қыз»	270
286. «Раздасу»	271
287. «Ташауыз»	271
288. «Қара жорға»	272
ТІЛЕПБЕРГЕНҰЛЫ ҚАЗАНҒАП /1854-1927/	
289. «Балжан қыз»	273
290. «Көкіл» (I нұсқа)	275
291. «Көкіл» (Көкейге түскен Көкілжан) (II нұсқа)	276
292. «Торы жорғаның бөгелек қақпайы»	276
293. «Домалатпай»	277
294. «Бұраңдама, келіншек!»	278
295. Қыз Ақжелең мен Қазанғап	281
296. «Кіші Қаратөс»	282
ЕРАЛЫҰЛЫ МӘМЕН /1859-1931/	
297. «Ақшолпан» (I нұсқа)	283
298. «Ақшолпан» (II нұсқа)	284
ЕРНАЗАРҰЛЫ ДАЙРАБАЙ /1860-1937/	
299. «Дайрабай» (I нұсқа)	285
300. «Дайрабай» (II нұсқа)	286
301. «Дайрабай» (III нұсқа)	288
302. «Дайрабай» (IV нұсқа)	289
303. «Дайрабай» (V нұсқа)	291
ӨСКЕНБАЙ ҚАЛМАМБЕТҰЛЫ /1860-1925/	
304. «Жаңылтпаш»	291

БӘЗҒАЛАМ /1860-1932/

305. «Молқоңыр»293
 306. «Жолаушы»294
 307. «Сабазым-ай»295

НҮРПЕЙІС КЕЛІНІ ДИНА /1861-1955/

308. «Бұлбұл» (II нұсқа).....296
 309. «Кербез»297
 310. «Көгентүн»298
 311. «Қара қасқа ат»298
 312. Композитор Дина мен өнерпаздар.....299

СЫБАНҚҰЛ ҚАЛБАСҰЛЫ /1865-1945/

313. «Аққу» (IV нұсқа)299
 314. «Қос келіншек» (III нұсқа)300
 315. «Тәжінің Бозайғыры»300
 316. «Саңдық ашты Сарыөзен»301

ТАУДАНБЕКҰЛЫ ДӘУІТБАЙ /1873-1937/

317. «Арна»301

СОҚЫР ЕСЖАН /XIX ғ. II жартысы/

318. «Соқыр Есжан»302
 319. «Айнама қалды»304

СЕЙТЕК /XIX ғ. II жартысы/

320. «Бұлбұл Айша» (I нұсқа).....305
 321. «Бұлбұл Айша» (II нұсқа).....306
 322. «Бес қыз» (I нұсқа)307
 323. «Бес қыз» (II нұсқа).....307
 324. «Шәрипа»308
 325. «Сексен ер»309

КӘДІРӘЛІ ЕРЖАНОВ/1885-1968/

326. «Қасқа-ау, ана арада — қасқа-ау, мына арада»310

МҮКЕЙ ӘБІЛҚАЙЫРҰЛЫ /1884-1916/

327. «Қосбасқан» (II нұсқа)311
 328. «Терісқақпай»311
 329. «Күзетші қыз»312
 330. «Телқоңыр» (IV нұсқа).....314
 331. «Бұлбұл торғай» (II нұсқа).....315
 332. «Ой, дүние-ай!» (II нұсқа)316
 333. «Үш күйдің аңызы»317
 334. «Өттең, жалған, тұл дүние»318

ӘШІМ ДҮҢШЕҰЛЫ /1896-1962/

335. «Ақ ерке, Ақ толқын, Жай толқын»319

336. «Қазақ-қырғыз достығы»320

337. «Бөктергі»320

338. «Самұрықтың зары»320

339. «Желмаяның желісі»321

340. «Таң бұлбұлы»322

ҮСЕН ТӨРЕ /шамамен ХІХ-ХХ ғғ./

341. «Шамшырақ тас»322

ТҮРКЕШ

342. «Қоңыр ала»323

ХАНЫМ

343. «Айнама қалды» (II нұсқа).....324

БАЛБИКЕ

344. «Бал бұрауың»325

ЖАҢҒАРА

345. «Жанғара күйші»325

346. «Аллам жар»326

ЫБЫРАЙ

347. «Делдал күйі»326

САЙМАҚ

348. «Сары өзен» (II нұсқа).....327

НАУМЕЛ

349. «Төрт жаяу күйі»329

ЖАНЖІГІТ

350. «Салкүрең»330

РАҚЫМ

351. «Рақымның өмір толғауы»330

ӘМІРЕ

352. «Әміренің арманы»331

АҚЫМЖАН

353. «Ақымжанның қоңыр күйі»332

ОРАЗБАЙ

354. «Оразбайдың ақ белбеу аты»332

МҰХИТ БИТЕНОВ

355. «Үш балам»333

МЕРУЕРТ МЕРХАДИН

356. «Аққу» (V нұсқа).....333

ҒЫЛЫМИ ҚОСЫМШАЛАР

Томға енген мәтіндерге түсініктеме	337
Мәтіндерде кездесетін тарихи және діни есімдер	345
Сөздік	373
Жер-су атаулары	376
Томға енген аңыздарды айтушы һәм жинаушылар туралы мәлімет.....	384
Шартты қысқартулар	406
Пайдаланылған әдебиеттер	407
Пайдаланылған бумалар	410
Резюме	411
Summary.....	414

Научное издание

БАБАЛАР СӨЗІ

84 том

КҮОИ-ЛЕГЕНДЫ

(на казахском языке)

Утверждено к печати Ученым советом Института литературы и искусства
им. М.О. Ауэзова
Министерства образования и науки Республики Казахстан

Шығаруға жауапты: *Р.Қ. Тұрлынова*
Редакторы: *Ү.С. Тілегенова*
Техникалық редакторы: *Ә.З. Заманбек*
Компьютерге терген: *Б. А. Әділханқызы*
Компьютерде беттеген: *М.О. Ноғайбаева*

Дизайнын өзірлеген «Бауыр» баспасы
ИБ № 2607

Теруге 27.04.12 жіберілді. Басуға 25.05.12 қол қойылды. Пішіні 60x90¹/₁₆.
Қаріп түрі «Мектептік». Офсеттік қағаз. Офсеттік басылыс.
Шартты баспа табағы 27,0. Таралымы 2000 дана. Тапсырыс №136.

«Фолиант» баспасы
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов көшесі, 13

«Фолиант» баспасының баспаханасында басылды
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов көшесі, 13

ISBN 978-601-292-490-9



9

786012924909